

А 2015  
2226 к


ҚАЖЫҒАЛИ  
МҰХАНБЕТҚАЛИҰЛЫ



ШЫҒАРМАЛАРЫ

II ТОМ







11.01.15/11.01.15

ҚАЖЫҒАЛИ  
МҰХАНБЕТҚАЛИҰЛЫ



ШЫҒАРМАЛАРЫ

Екінші том



Алматы  
2015

ӘОЖ 821.512.122✓

КБЖ 84(5Қаз)-44

М 86

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және спорт министрлігі  
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»  
бағдарламасы бойынша шығарылды

### Мұханбетқалиұлы Қ.

М86 Шығармалары: – төрт томдық, Қажығали Мұханбетқалиұлы.  
Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2015.  
ISBN 978-601-7472-83-2  
Т. 2. – 400 бет.  
ISBN 978-601-7472-85-6

Белгілі жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қажығали Мұханбетқалиұлы ұзақ жылдар бойы әртүрлі әдеби-мәдени басылымдарда қызмет атқарып қана қоймай, күні бүгінге дейін қоғамдық өмірдің сан-салалы мәселелері туралы баспасөз беттерінде өз ой-пікірлерін үнемі ашық айтып келе жатқан қаламгерлердің бірі. Автордың бұл кітабына әр жылдары әдебиет пен өнер туралы жазған мақалалары; пікірталас кезінде сөйлеген сөздері және әріптестерімен сыр-сұхбаттары; бірқатар тарихи тұлғалар жөніндегі зерттеу еңбектері енгізіліп, бірінші рет жеке кітап болып жарық көріп отыр.

Бір қызығарлығы – жинаққа кірген кейбір еңбектердің жазылғанына бірталай уақыт өтсе, де онда сөз болған мәселелердің әлі күнге өз актуалдығын жоғалтпағандығы, автор пайымдауларының парасаттылығы – оқырманды еріксіз ойлантады.

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84(5Қаз)-44



ISBN 978-601-7472-85-6 (Т. 2)  
ISBN 978-601-7472-83-2

© Мұханбетқалиұлы Қ., 2015  
© «Қазақ энциклопедиясы», 2015

Екінші том

I бөлім

ӘДЕБИЕТ, ӘДЕБИЕТ...





## ШАҒЫН ЖАНРДЫҢ ШАЛҚАР КӨКЖИЕГІ

Осы уақытқа дейін, қазақ әдебиетінде егжей-тегжейлі сөз болмаған бір жанр болса, ол – әңгіме жанры ғой деп ойлаймын. Сондықтан да болар, біздің күнделікті практикамызда да, әдеби сынымызда да әңгімеге байланысты, «е, қанша дегенмен шағын форма ғой» деген ұғым өмір сүріп келеді. Құдды, әңгіме – өз алдына дербес жанр емес, прозалық скетч пе, бір актылы водевиль ме, реприза ма секілді... Сол «шағын» деген бір ауыз сөздегі кішірейтіп айтудың кесірі шығар, оқырмандарымыз да әлдебір жазушының әңгімелер жинағы туралы: «Ие, түгеншекеңнің брошюрасын оқығанбыз!» – деп немесе «Неге үлкен роман жазбайсыз? Құрысын, құйттай нәрселерге шашыла бергенше, бір нән кітапты лақтырып тастамайсыз ба?» – деген пікірді жиі айтады. Берері көп пе, аз ба ол туралы сөз жоқ; әйтеуір кірпіштей кітапты ғана «кітап» деп түсіну психологиясы.

Мұның бәрі нені көрсетеді? Неліктен бұлай? Әңгіме шығарма еместіктен бе, әлде қазақ жазушылары осы уақытқа дейін қатқан әңгіме жаза алмай келе жатыр ма? Бәлкім, әңгіме қазақ әдебиетінде жанр ретінде орныға алмай келе жатқан шығар? Жоқ! Әдебиетіміздің жанрлық қоржынына қарасак, бізде әңгіме бар деу аз; керек десеніз, Майлиннің, Әуезовтің, Мүсіреповтің творчестволарында оның классикалық үлгілері жасалыпты. Соларды оқымаған, іштей сүйсінбеген кім бар дейсіз. Ендеше, немене?! Бар гәп, біздіңше, бұл жанр туралы әлі күнге әдеби сынымыздың да, оқырмандарымыздың да түсінігі толық қалыптаспағандығында болып отыр. Олай дейтініміз – әңгіме туралы пікір айтушылардың ендігі бір тобының ой-тұжырымы: «Бұл (әңгіме Қ.М.) прозаның ең ұшқыр, ұрымтал тұстарды дөп басатын, барлаушы жауынгер жанры» дегенге саяды. Бұл аздап көтермелегендердің ойы; әйтсе де мұндай пікірдің де дәл еместігін ашық айта кету керек. Өйткені мұндай

пікірден шығар қорытынды: «Әңгіме – тақырыпты тап басады, қоғам өміріндегі өзгерістер мен жаңа лепті жіті аңғарып, байқағыштық танытады, сол өзгерістер мен жаңалықтарға басқа жанрлардан гөрі бұрынырақ барлау жасайды» дегеннен әрі аспайды. Ал мұның аржағында: «Қоғам өміріндегі әлгіндей құпия-қалтарыстарды қопарып жазатын – романшылар ғой» деген ұғым (айтылмаса да) айқын көрініп тұр. Сонда әңгіменің бар мүмкіндігі адам мінездері мен қоғам өміріндегі өзгерістерді жіті аңғарып, байқағыштық танытумен, соған батыл барлау жасаумен ғана шектеле ме? Жоқ! Біздіңше, бас-аяғы бүтін әрбір дербес көркем туынды сияқты, әңгіме де өз проблемасын өзі қояды, өзі түбегейлі шешеді. Солай болған да, бола береді де. Әдебиет тарихына, классиктердің тәжірибесіне қарасақ, бұл ойымызды дәлелдеу онша қиынға да түспейді. Мәселен, Лев Толстойдың «Севастополь әңгімелерін» сол бір аласапыран күндердегі оқиғаларға «көркем прозаның шағын түрінің жедел үн қатуы еді немесе шұғыл барлау жасауы ғана еді» деуге кімнің аузы барады?! Севастополь оқиғаларына байланысты қаншама повестер, романдар жазылды, бірақ солардың бірде-біреуінде тап осы әңгімелердегідей жан дүниенді дүр сілкіндірер сұмдық картиналар жасалды ма?! Осы бір ғана мысалдың өзі шағын жанрдың шалқар көкжиегін таныта алса керек; әңгіме дегеніміз – тың тақырыптарға барлау жасаушы жанр ғана емес, сөз өнерінің күллі көркемдік құралдарын пайдалана отырып, өзі қозғаған тақырыбын түбегейлі өзі игеретін жанр екеніне дәлел бола алса керек. Бір қарағанда, мұның бәрі ежелгі де ескі ақиқаттарды тәптіштеу болып көрінуі де мүмкін. Бірақ соны түсінбейтін немесе түсінгісі келмейтіндер барда қайталап айтпасқа не шара?!

Не дегенмен де, қалай қомсынғанмен де бір қуаныштысы – қазақ әдебиетінде қай елдің оқырмандарына да ұялмай ұсынатын әңгімелердің тууы тоқтап қалған жоқ, әйтеуір. Осы екі съезд аралығының өзінде әдебиетіміздің ақсақалы Ғабит Мүсіреповтен бастап, бүгінде аттары республикаға белгілі біраз жазушылар қазақ әңгімесінің абыройын көтерер, көркемдік дәрежесі жоғары дүниелерді жұртшылыққа ұсынды десек,

асырып айтқандық болмайды. Және бір жақсы үмітке жетелер жайт: соңғы жылдары әдебиетке келіп жатқан жастардың да көпшілігі шынайы шеберліктің мектебі боп саналатын – әңгіме жанрының қиын да құйтырқысы көп соқпақтарымен келгендер; сондықтан олардан да болашақта осы бір жұмбағы көп жанрдың жаңа мүмкіндіктерін танытатын туындылар күтуден дәмеліміз.

Ал енді әзірге қолда бар дүниелерге қарап отырып, қазақ әңгімелерінің қазіргі өресіне ой жүгіртсек, қандай ерекшеліктерді, соңғы жылдардағы нендей сапалық өзгерістерді атап айтуға болар еді?

Біріншіден, бұл жанрда тынымсыз тер төгіп жүрген жазушылар сонау бір кездегідей долбарлап жазудан, «тисе терекке, тимесе бұтаққа» деп жұмбаздап ұра беруден ада-күде арылғандығын, туған әдебиетіміздегі әңгіме жанрының тек қана тәуір үлгілерінен (мәселен, Әуезовтің, Майлиннің, Мүсіреповтің творчестволық лабораториясынан), сондай-ақ әлем әдебиетінің озық өнегелерінен үйрене отырып, жақсы мағынасындағы профессионализмге үздіксіз ұмтылыс үстінде екендігін қуана көрсету керек.

Бұл ұмтылыс неден көрінеді? Ең алдымен, алып отырған объектісіне қарай өз даусының мүмкіндігін есептей отырып, ә дегендегі интонациясын әңгіменің аяғына дейін, гармонияны бұзбай, алып шығудан көрінеді дер едік. Бұл профессионалдықтың басты шарттарының бірі болса керек. Өйткені көркем туындыдағы ең қиын сәт (кульминациялық момент) – адам жанының күйзелісі мен қиналысын көрсетер тұстар болса, тап осы қиын тұстарда апалақтамай, жалған сөйлемей, тынысың тарылып, алқынбай шығу – үлкен өнерді, сол өнерге төселгендікті көрсетсе керек. Әдетте, әр мамандықта да әуесқой мен профессионал бар деп жатамыз ғой (мәселен, әуесқой шофер... машинасын орнынан қозғар сәтте жұлқып қалып немесе моторын қайта-қайта сөндіріп алып, әсіресе, көше қиылысында қапалақтап қалатын сәттер жиі кездеседі. Ал профессионал шофер қаншама транспортпен қатар келе жатсын, қандай шытырман көше қиылысына тап келсін, оп-оңай өте шықпай ма), дәл осындай айырма, дәл осындай профессионалдықты қазіргі қазақ

әңгімешілері ұмтылып отырған меже десек, асырып айтқандық болмас еді.

Екіншіден, «адам жанының диалектикасын ашуда бaрынша объективті болу керек» дейтін қағида қазіргі қазақ әңгімешілерінің қанына біржола сіңгендігін бар дауыспен, еш қысылмай-қымтырылмай жария ететін шақ жетіпті. Бір кездегідей кейіпкерлерді жағымды, жағымсызға бөлу де, олардың жан дүниесін топ-тобына қарай бір түсті бояумен бейнелеу де адам танудағы әділетті көзқарас емес екені әбден мойындалып, күнбе-күн өзіміз көріп жүрген, жақсылығы мен кемшілігі бір басына жетіп-артылатын, кәдімгі тірі адамдардың тіршілігін көрсетуге ойысқан.

Үшіншіден, қазақ әңгімелерінің тәуір үлгілерінде: кім туралы, не жайлы жазылса да, сол қозғап отырған тақырыбының әлеуметтік астарына, әлеуметтік мотивировкасына шұқшия үңілетін мінез пайда болған.

Бұған енді: әңгіме жанрында әр түрлі стильдік арналардың пайда болғанын, оның тақырып аясы кеңігендігін, сондай-ақ Ғабеннің Тимка-Димка секілді елеусіз адамынан бастап, кейіпкерлеріміз мемлекеттік мәселелерді шешуге араласатындай дәрежеге жеткенін қоссақ (қандай диапазон!), соңғы жылдардағы соны леп сөз жоқ, көңілге қуаныш ұялатады. Егер біреу күні бүгін қазақ әңгімелерінің таңдамалыларын немесе антологиясын құрастырар болса, уақыт тезінен өткен Әуезовтің, Майлиннің, Мүсіреповтің, Ахтановтың, Әлімқұловтың әңгімелерімен қоса, Серәлиевтің «Шеткері үйдің түтіні», Кекілбаевтың «Тасбақаның шөбі», Мұратбековтың «Күсен-Күсеке», Мағауиннің «Мұрагер», Сәрсенбаевтың «Мәміле», Сараевтың «Демалыс айы», Жұмаділовтың «Сықымбай», Әбдіковтың «Жат перзент», Исабековтың «Ақырамаштан наурызға дейін», Нұржекеевтің «Не үшін», Нұрмағамбетовтың «Сушы» секілді әңгімелерін еш қысылмай-қымтырылмай енгізуге болар еді.

Әрине, бұдан қазақ әңгімешілері шетінен классик боп кеткен екен деген ұғым тұмауға тиіс. «Туған сайын торсық шеке ұл қайда?» деп бір шешеміз айтқандай, жазған сайын жаңалық әкеліп жатқан дүниелер көп емес, әрине. Жақсының көзі қашанда

сирек болатынын ескерсек, тәубе демеске тағы қақымыз жоқ. Өйткені қай заманда да өнерде жақсы мен жаман, шын талант пен оның көшірмесі қатар жүрген; күріштің арқасында күрмек талай су ішкен. Бұл жайт бүгінгі қазақ әңгімелерінде де қайталанып отыр. Жақсы жазылған әңгімелер осы әдебиеттікі болғанда, жаманы да – осы әдебиеттікі. Сондықтан оларға тән белгілерді де топтап, жүйелеп айта кеткен орынды секілді.

Біріншіден, өзіндік айтары жоқ, ашқан жаңалығы жоқ, әлдебір жерден оқыған, әлдебір жазушының жақсы дүниесін еске салатын «көшірме» әңгімелер көбейіп барады. Ондай әңгімелердің жазылуы да жап-жақсы, адам характерлері де ашылған секілді; бірақ жанымызды қозғамайды. Неге? Бұл сұрақтың түп-төркініне үңілсек, толғақ – әлгі әңгіме авторының өзінікі еместігінде болып шығады. Бұл аса қауіпті мін деп білу керек.

Екіншіден, қазақ әңгімелері қарадүрсіндіктен қашып – қызылсөзділікке, қызыл сөзден қашып – қарадүрсіндікке соғатыны әлі де байқалады. Ылғи есіліп сөйлеу де, ылғи езгілеп отырып алу да жақсылыққа апармаса керек.

Осы орайда тіл туралы бір-екі ауыз сөз айта кеткен орынды-ау деп ойлаймын. Сөз қолданудағы салдыр-салақтық қандай кесел болса, әсіреқызылдық, жарқыл-жұрқылға әуестік, сөзді бильярдтың шарынша қағыстырып ойнау да сондай зиянды екені әлдеқашан дәлелденген. Әйтсе де, бізде әдемі ғана емес, әсіре әдемі жазатын жазушылар шықты. Кісіні таңғалдыратын жері – әр нәрсенің шама-шарқын байқап жазудан ауылы алыс жатқан ондай шығармалар сыналудың орнына, күнделікті баспасөз беттерінде дәріптелетіні бар; кейде қазіргі әңгімелердің эталоны ретінде ұсынылуға шақ қалып жүр. Ол – ол ма, ондай шығармалардың дәріптелуі жаңадан жаза бастағандарға зиянын тигізуде. Осы заманның характерін береміз деп желпінтіп-желдіртіп, тіпті секіртіп жазу көбейіп бара жатқан сияқты. Мұндай ұнамсыз фактінің бірінші себепкері – әлгіндей жазатын авторлардың өздері болса, екінші себепкері солай жазудың қате екендігін түсіндіру орнына, мұны автордың әдебиетке әкелген өзіндік жаңалығы,

«қолтаңбасы» деп мадақтап жүргендер екенін ашық айтуымыз керек.

Үшінші, үлкен бір мін – жанр табиғатын әлі жете тани алмай жүргендік. Көптеген авторлар көлемді әңгімелерін – повесть деп, повесін роман деп жүргені өз алдына, әлгі көлемді әңгімелерін «әңгіме» деп атаған күннің өзінде де, осы жанр табиғатына сыйыспайтын басы артық линиялар мен детальдарды өте көп пайдаланады. Содан келеді де, әңгіме деп отырғаны – повестің бір тәуір үзгісі ме, әлде повесі шықпаған соң «әңгіме» деп атай салған ба – әрі-сәрі бір күйде қаласыз.

Асылы, жанрлық анықтама – шығарманы жазып болған соң қоя салатын шартты атау емес, қайта керісінше, шығарманың мазмұнынан туындайтын әрі соны дұрыс ұғуға сілтеме жасайтын көрсеткіш ұғым ретінде түсінілуі керек. Мәселен, А.С.Пушкин «Евгений Онегинді» еріккеннен «роман» деп қоя салған жоқ қой. Ең алдымен, шығармасының қоғамдық, әлеуметтік мазмұнына мән бергендіктен солай етті. Оқырман назарын да соған аударды. Лев Толстой бір шығармасына тіпті еш жанрлық атау берген жоқ. Өйткені ол шығармасының мазмұны атында-ақ тұр еді. Әйтпесе, осынша көшқұлаш атауды қайтеді: «1864 жылдың 20 январында Сібірде, Томскіге жақын маңда, Хромов дейтін көпестің мекен-жайында дүние салған Федор Кузмич қарияның артында қалған жазбалары» немесе «Не үшін?» дейтін шығармасын қараңыз. Жанрлық анықтамасын «әңгіме» дей салса болмас па еді? Жоқ! «Польша көтерілісі кезінен бір әңгіме» деп атады. Ал «Соборлықтарды» – хроника, «Жанлис ханымның рухын» – спиритикалық оқиға, «Азғын тұқымды» – бір семьяның хроникасы, «Суырып салмаларды» – «қаз-қалпында» деп атаған Н.С.Лесков ше?

Қазақ әдебиетінің тәжірибесіне қарасақ та, аға буын жазушылар өз шығармаларының жанрлық анықтамасына немқұрайды қарамағанын көрер едік. Мәселен, М.Әуезов «Кешкі дөң басында», «Қысқы түн», «Қысты күнгі дала» сияқты шығармаларын, сондай-ақ «Сыбанның моласында», «Текшенің бауырындарды» әңгіме деп атаса, оларға әңгімеге қойылар талаппен қарасақ, не болар еді?! Жанрын ақтамас еді. Мұқан да оларға

«әңгіме» деп айдар тағып отырған жоқ. Алғашқы үшеуін «Қыр суреттері», соңғы екеуін «Қыр әңгімелері» деп қана атады. Жанрлық анықтамасы дәл беріліп отырған соң, одан артықты да талап етпейсіз. Сондай-ақ Ғ.Мүсіреповтің «Этнографиялық әңгімесін» «Ескі дәптерден» деп атауында да тағлым аларлық сыр жатса керек. Не болғанда да, «ал қазір ет беріледі» деп алып, табаққа тауық салып әкелгендей, жұртты босқа дәмелендіріп, тамақ ісіргеннен түк пайда болмасын ұмытпаған лазым.

Қалай дегенде де, қазір өсу үстіндегі қазақ әңгімелері жайлы арнайы сөз қозғайтын кез туды ғой деймін. Оның үстіне, біраз сарбазы «салиқалы» жанрға ауысып кетіп жатқан бұл жанрдың өзіне лайық бағасын көтере түсу мақсатында, ойласатын басқа жайлар да баршылық секілді.

Мәселен, бір кезде орталық баспалар жылдың ең тәуір әңгімелерінен жинақ құрастырып шығарушы еді, сол дәстүрді неге жалғастырмасқа? Сондай-ақ бір жыл ішіндегі ең жақсы әңгімелер жинағының авторына (тұтас әңгіме жинағына) баспалар ма, басқа орындар ма, арнайы жүлде белгілеуге болмас па еді? Мұндай тәжірибе «Молодая гвардия» баспасында, Прибалтика республикаларында біраз жылдан бері игі нәтижелер беріп жүрген көрінеді.

Қалай болғанда да, бір роман жазған соң Мүсірепов, Әлімқұлов, Кекілбаевтардан басқа әңгімеге қайта айналып соққан қазақ қаламгерлерін көре алмай жүргенімізде, мұндай шараларға бару – бір ғанибет іс болар еді.

Біздіңше, ойласып көрер ортақ жайлар жеткілікті сияқты...

*«Қазақ әдебиеті», 12.06.1981 ж.*

## «ЕГЕР МЕН СЫНШЫ БОЛСАМ...»

Әрине, тағдыр пешенене жазбаған соң, «мен пәлен болсам... өйтер едім де бүйтер едім» деу оп-оңай. Сырттай тон пішушілердің талайын көріп жүрміз. Мәселен, өмір бойы басқа салада қызмет істеп келе жатқан кейбіреулер: «Әттең қол тимей жүр... мен жазушы болсам...» деп бастап алып, сізді оқытып кеп кеткенде, жаныңыздан безер едіңіз. Ал, енді солардың кейбірі: «Пенсияға шығып алған соң, кітап жазудан басқа, жазушылықтан басқа ермек қалған жоқ» деп, бума-бу-ма шимай-шатпағын жібергенде, баяғы «өйтер едім де бүйтер едім» дейтін өпіремдігі – құр бөспебайлықтан басқа түк емес екеніне көзіңіз әбден жетер еді.

Өнер атаулының жай-жағдайынан хабарсыз әлгіндей адамдардың ойын былай қойғанда, төркіні бір, түбі бір, туыстас салалардың өзі бүгінде дифференцияланып кеткендіктен, олардың әрқайсысы туралы сол салалардың өз мамандары ғана профессионалды пікір айта алатындығын естен шығармауымыз керек сияқты. Сондықтан да «Мен сыншы болсам...» деп сын туралы пікір айтқаннан гөрі, «Сыншыларға (сынға) бүгінгі таңда не қажет?» деген мәселені осы жанрдың өз өкілдері дәу сұрақ етіп алдарына қойғаны орынды болар еді.

Бұлай дегенде, сауалдан жалтарып кеткелі отырған жоқпын. Айтпағым: менің жауабым бәрібір бір жазушының ғана бүгінгі сын турасындағы субъективті пікірі болып қалуы мүмкін екенін ескерту еді.

...Иә, біреу туралы пікір айтпас бұрын, адам алдымен өзін соның орнына ойша қойып байқағаны жөн. Десек те кез келген адамның, оның ішінде творчество адамының, кім болуы, қандай болуы, менінше ең алдымен, алдына қойған мақсат-мұратына байланысты секілді. Біздің сыншылар бұл ретте, айдаладағы қурап қалған қу басқа қарап отырып-ақ: «Әй, жарықтық-ай, сені тұлпардың басы деп кім айтар», – деген кісінің зерделілігі мен тап басып танығыштығын үлгі етіп ұстана білсе, құба-құп болар еді.

«Әдетте, сыншы таланты – сирек талант... деп жүрміз» – делініпті анкетада. Сыншы таланты ғана сирек емес, жалпы талант атаулы сирек; сондықтан бұл тұжырымды сәл өзгертіп: «кез келген саладағы талант атаулы сирек болатыны секілді, сыншы таланты да сирек болады», – десек, дұрыстыққа біртабан жақын келеді ғой деп ойлаймыз.

Әдебиет сыншылары жайлы осындай пікірлердің бір парасы: «сыншыға талант, әдебиетті терең білу, әділдік керек» дегенге саяды. «Талант», «өз объектісін терең білу» деген – тек сыншыға ғана қажет қасиеттер емес. Өзі пікір айтушы болса, өзі әділетсіз болса – оның несі сыншы? Тіпті қарапайым адамның қарапайым ұғымы бойынша да: сейіс, – аттың сыншысы, біреудің үмітті жүйрігін есек деп бағаласа немесе әдейі ме, әлде білместіктен бе, біреудің тұғырын тұлпар деп тұрса, бәйгеге қосып кеп алғанда бәрі керісінше боп шықса, ондай адамды сыншы деуге бола ма?! Бұдан кейін де оның пікірін бірдеңе білетін кісінің пікірі деп құлақ қоюға бола ма?

Осы жерден келіп сыншы атаулының немесе кез келген қиын мәселеге төрелік берушінің адамдық та, азаматтық та келбеті айқындалуға тиіс. Азаматтығы жетпеген адамның әу бастан-ақ сынның аулынан алыс қонғаны абзал.

Сыншы қасиеттерінің ішінен алдыңғы орынға оның азаматтығын қойғанда, біз оның қоғамдағы озық ойлы адам екендігін де, белсенді тұлға екендігін де, күрескерлік қасиетін де, адалдық-әділдігін де ескеруге тиіспіз. Әрине, менің бұл ойымда тым асыра сілтеу, максимализм бар секілді көрінуі мүмкін; бірақ рухани дүниелерімізге деген көзқарасымызда осы керек-ақ секілді.

Енді бір сәт: «Әдебиетімізде сын да, сыншы да жоқ екен делік. Не өзгерер еді?» – Сырттай қарағанда, түк те өзгермес еді. Әсіресе, әдебиет үшін түк өзгермегендей болар еді. Өйткені сынсыз да, сыншысыз да жұрт өлеңін шығарған, сыншысыз да эпикалық дастандар туған; сынсыз-ақ ірі туындылар туа да береді. Бірақ бұған қарап, әдебиетке сынның қажеті не дей аламыз ба?!

Бұл жерде сәл шегініс жасауға тура келеді...

Сын дегеніміздің өзі не, әуелі? Біздіңше, сын – ең алдымен, белгілі бір құбылыс туралы қоғамдық ой-пікір. Басқаларды былай қойғанда, сыншылардың өздері сынның осы бір миссиясын ұзақ уақыт бойы әрі-сәрі ұғынып, бастарын тауға да, тасқа да ұрып келді. Содан келіп, біресе: «сын – оқырман мен жазушы арасындағы дәнекер» делінді; енді бірде: «оқырманның (яки творчестволық индивидтің) эстетикалық талғамын тәрбиелеуші» делінді; тіпті сын – әдебиеттің үздік шығармаларын насихаттаушы, түсіндіруші ретінде ғана ұғынылған кездері де жоқ емес. Осылай төмендеп-төмендеп келіп, тағы бірде сынды әдебиетке баға беруші – төбе би дәрежесіне апарып қойған сәттер де болды. Мұның қай-қайсысында да шындықтың ұштығы жоқ емес болғанмен, жеке-дара алғанда бәрі де тиянақсыз пікірлер болып шықты.

Сын – әдебиеттің үздік шығармаларын насихаттаушы, түсіндіруші дегендерге ыза болып: – «Критики объясняют» Что же они объясняют? Художник, если он настоящий художник, передал в своем произведении другим людям то чувство, которое он пережил; что же тут объяснять?.. Критиками всегда были люди, менее других способные заражаться искусством. Большею частью это люди, бойко пишущие образованные, умные, но с совершенно извращенною или с атрофированною способностью заражаться искусством» – дейді Л.Н.Толстой. («О литературе», Худ. лит. М. – 1955. 413-б.).

Сынды – әдебиетке баға беруші деп ұғатындарға: «Если в критике видеть оценку – будет бессмыслица... Суждение о достоинствах есть только аксессуар, возбуждение к удовольствию писать критику», – дейді тағы. (Л.Н.Толстой., «О литературе», 131-б.).

Мұның бәрі неден туындаған? Біздіңше, ең алдымен, сын айтушылардың пікірі де, сынның ауқымы да белгілі бір шығарма төңірегінен шыға алмағандықтан туған. Сын, егер ол шын мәніндегі әдеби-көркем сын болса, шығарма туралы ғана болмау керек, бұның үстіне, сол шығарманың тууына себеп болған қоғамдық, әлеуметтік жағдайлар туралы болуы керек. Көркем шығарманы түсіндірудің қажеті жоқ, сол шығармада айтылған

ойлардың әлеуметтік астарына мән беру керек. Сонда ғана сын белгілі бір әдеби құбылыс туралы қоғамдық ой қорытады. Сонда ғана сын өзінің жанр ретінде неге дүниеге келгенін, не үшін қажеттігін дәлелдейді. Бұлай болмаған жағдайда, әдебиетте сын да, сыншы да жоқ секілді көрінеді. Және олардың жоқтығынан ештеңе өзгермеген сияқты да болады.

Шындығында, адам баласы жер бетінде пайда болғаннан бері оның қасіреті мен қуанышын, шаттығы мен мұңын бейнелеген поэзия қатар өмір сүріп келеді. Бірақ сол поэзия күні кешеге дейін (Аристотельдің «Поэтикасы» дүниеге келгенге дейін) де сыншысыз-ақ өмір сүріп келді емес пе? Иә, өмір сүріп келді. Бірақ Адам ата, Хауа ана заманынан Аристотельге дейінгі аралықтағы ықылым замандар бойғы поэзияның дамуына қараңыз да, тарих үшін қас қағымдай ғана уақыт – Аристотельден бергі дәуірдегі поэзияның даму қарқынына қараңыз. Сонда сын да, сыншы да жоқ кездегі даму мен әдебиетке әйтеуір бір қоғамдық көзқарас пайда болғаннан кейінгі дамудың айырмасын көрер едіңіз; адам қоғамындағы сананың қаншалықты жедел ілгерілегенінің куәсі болар едіңіз.

Сондықтан сын болмаса, қоғамдық ой тоқырап қалар еді деп ойлаймын.

Әдебиетке қоғамдық пікірдің қажеттілігі бұрынғы қай кездегіден де болса, біздің заманымызда аса айқын білініп отыр. Өйткені жақсылық пен жамандық, зәбір мен зауал, мейірімділік пен қатыгездік, адалдық пен арамдық тек ғана жеке адамдарға қатысты болмай қалды. Мұндай жағдайда, әрбір қоғамдық құрылыс өзінің даму жолындағы кесел-кедергілерімен күреспей, өзінің өміршен жақтарын қолдап-көтермелемей отыра алмайды. Кесел-кедергілерімен күресетін, өзінің өміршендігін дәлелдейтін құралы не? Ол – идеология қаруы, сол қарудың ең қуаттысы – әдебиеті, өнері. Қоғам өзінің қолындағы қуатты қаруы әдебиетке немқұрайды қарай алмайды; әрқашан оған өзінің қатысын, пікірін білдірмей тұра алмайды.

Осыдан бір-екі жыл бұрын «Қазақ әдебиеті» газетінің бетінде «Сын туралы сын» деген айдармен тұтас бет берілгенде, «Сынның сіздің творчествоңызға тигізген әсері бар ма?» деген

сауалға көптеген қаламгерлер бас шайқап жауап берсе, мұның себебін сол авторлардың сын туралы түсінік-пікірлерінің нашарлығынан, яки саяздығынан деп ұқпау керек, біздің әдеби сынымыз әлі де болса жекелеген көркемдік компоненттердің жетістік-кемшілігі төңірегінен шыға алмай, әлеуметтік талдауға толық бет бұра алмай отыр деп түсіну керек. Неге біз өткен ғасырдағы орыстың ұлы сыншыларына ден қоя береміз? Өйткені олардың қай-қайсысы да жекелеген шығармаларды ғана (мейлі, олар үздік шығармалар-ақ бола қойсын!) талдап қойған жоқ, шығарманы талдау бізде де бар, – олар сол шығармаларды талдай отырып, сол кітаптардағы көтерілген мәселелердің әлеуметтік астарына, қоғамдық мәніне үңілді; сол шығармалардағы жаңа рухты – қоғамды өзгерткіштік идеяны ашып дәлелдеп, өздері де сол замандағы қоғамдық ойдың биігіне көтеріле білді.

«Егер мен сыншы болсам...»

«Егер сіз сыншы болсаңыз...» – қандай проблемаларды талдауға назар аудару керек дегенде, осы әлеуметтік талдауға (шығарма – қоғамға және қоғам мүшесі оқырманға не береді?! ) деген мәселеге көңіл бөлуі керек. Және бұл талдау ұлттық әдебиет аясында ғана қалып қоймай, одақтық, әлемдік әдебиет тәжірибесіне сабақтастырыла қарастырылса құба-құп болар еді. Сынның көркем творчествоға ықпал етер ұрымтал тұсы біздіңше, осы секілді көрінеді.

Соңғы сауалда: «Өз тәжірибеңізде сыни пікірлерге ренжіген, я риза болған кездеріңіз болды ма?» – делініпті. Бұл туралы үндемей-ақ қоюыма да болар еді, бірақ жоғарыдағы пікірлеріме сабақтастығы бар болғандықтан, бір-екі ауыз сөз қоссам деймін.

Жазушы атаулының сын туралы ренішпен сөйлейтін әдеті бар. Үрдіске айналып кеткен осы бір пәлені қайтадан қоздырмай-ақ шынымды айтқанда, маған сын айтушылардың ұнағаны да, ұнамағаны да болды.

Лайым, сын – азаматтық биіктен көріне берсін!

*«Лениншіл жас», 16.05.1984 ж.*

## ҚАРАПАЙЫМДЫЛЫҚ – ҚАРАДҮРСІНДІК ЕМЕС

Қазақ совет әдебиетінің іргетасын қаласқан кемел таланттардың озық өнегесі қазіргі прозамызда, оның ішінде повестер мен әңгімелерде де өзінің заңды мұрагерлерін, жақсы дәстүрді жалғастырушыларын тауып отыр. Тіпті, керек десеңіз, бүгінгі күн тақырыбын игеруде қазіргі қазақ повестері мен әңгімелері роман жанрынан да ілгері тұр десек, ешқандай артық айтқандық болмайды. Өздеріңіз ойлап қараңыздар; соңғы жиырма-жиырма бес жыл ішіндегі ең жақсы да, тәуір деген де романдар тек қана тарихи немесе тарихи-революциялық тақырыптарға арналған. Сондықтан да бүгінгі күн тақырыбын игерудегі бұл олқылықтардың орнын толтырып келе жатқан қазақ повестері мен әңгімелері екенін ашық айтуымыз керек. Қазақстан жазушыларының XIII съезі де бұл мәселеге орынды назар аударып, дәл бағасын берген еді. «Совет халқының жасампаздық еңбегіне лайық болайық» атты баяндамасында Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының бірінші секретары Жұбан Молдағалиев жолдас: «Жетекші эпикалық жанр қазір қала мен селода болып жатқан күрделі әлеуметтік және рухани процестерді өз мүмкіндігіне сай дәрежеде көрсете алып отырған жоқ; өмірдегі өзгерістерді, замандастарымыздың толыққанды, жаңа да жарқын бейнесін әлі де болса көрсете алмай келеді.

Қайта, біздің прозамыздың шағын формасы өзінің жетістіктерімен мақтана алса керек; өйткені ол бүгінгі күн тақырыбын игеруде біраз оралымдылық көрсетіп, біздің болмысымыздың «жанды жерін» тап басуда мергендік танытып келеді... Жалған сыпайыгершілік жасамай-ақ қояйық, расында қазақстандық шағын проза қазір уақыт талабының үдесінен шығып, барған сайын көп ұлтты совет әдебиетінің «стильдік қорына» пәрменді үлес қосып келе жатқанын айта кеткен орынды. Жанрлық-стильдік жаңалықтар да біздің әдебиетімізге осы бір оңтайлы форма арқылы енуде...

Жыл өткен сайын шағын прозаның идеялық-философиялық тереңдігі, әлеуметтік белсенділігі мен түр жағынан жетіле

түсуі артып келеді. Әсіресе, лирико-философиялық пландағы повестердің үлес салмағы артқандық байқалады», – деп атап көрсеткен болатын. Съезде шығып сөйлеушілер де бұл тұжырымдарды қолдап, қуаттағаны осы пікірдің дұрыстығын дәлелдей түссе керек.

Енді қазақ прозасының шағын жанрлары кейінгі кездерде әдебиетке не әкелді? Осы сауалға орай ой толғап көрейік.

Әрине, бәрі бірдей төрт аяғынан тең басып тұрмаса да, әсіресе, әңгіме саласында жас та, жасамыс та жазушыларымыздың жемісті еңбек еткені – тайға таңба басқандай.

Шағын прозаның тамаша үлгісін тағы да Ғабит Мүсірепов өзі бастап көрсетіп берді. Жүлде алған «Атақты әнші Майрасы» осы пікірімізге дәлел. Гәп сыйлықта емес, әңгіменің өзінде еді. «Отыз тістен от шашқан» Майрадай атақты адам болсаң да, қоршаған орта мен болмыс қатыгез болса, қандай шу асауың да басын тауға-тасқа ұрып, жан дағдарысына ұшырайтыны жайлы мұнды хикая еді. Сол жан дағдарысынан, жанып тұрған оттан суырып алатын жалғыз-ақ нәрсе – адам бойындағы өлмес өршіл рух екені жайындағы жыр болатын бұл. Қымқиғаш қайшылықтарға толы әлеуметтік, адамдық болмыстың қай қалтарысына да, тіпті, ең трагедиялық астарларына да қаймықпай қапысыз бойлап, соның бәр-бәрін қалтқысыз жеткізген шынайы шығарма-тұғын.

«Он жеті жасына дейін Майра қыз, – деді Майра. Содан кейін жыл жарым келіншек... Оның бержағы осы күнге дейін үзілмей келе жатқан жесір жүрген әйел... Апаларыңның бұл жайы қалған өміріне өзгертін емес... Домбыра ішегі тағы бір «дың!» етті. «Дың-ң!...»

Осы бір қысқа-қысқа, үзік-үзік сараң сөйлемдердің өзінде-ақ тұтас өмір жатқан жоқ па?! Астарына үңіле түссең, аһ ұрғызар ащы өксік жатқан жоқ па?! Бұл ащы өксік қалған өміріне өзгермесе, адам басында одан асқан қандай трагедиялық хал болуы мүмкін?! Біз ылғи айта беретін, шын мәніндегі «асқақ поэзия» дейтініміз де осы.

«Домбыра ішегі тағы бір «дың!» етті. «Дың-ң!...» «Естисіздер ме?!» «Дың-ң!!!» Құйттай нәрсе! Бірақ осы бір құйттай нәрсе

– бүкіл әңгімені бас-аяғына дейін уысынан шығармай ұстап тұр. Естеріңізде бар ма, «Кейін еске түсті... – дейді автор. – Өз жайын айтып отырғанда, сорлы әнші ылғи осылай домбырасын дың-ң!» еткізіп алады екен». Қандай керемет деталь! Тіпті, әңгімені басынан-аяғына дейін ұстап тұрған да, бүкіл әңгімеге қоңыр әуен беріп тұрған да сол. Аз сөзбен көп мағына беру, барынша қысқа да дәл суреттеу – әңгіменің шарты болса, сол шартты мүлтіксіз орындаудың үлгісі – тек қана детальда жататынының бір мысалы осы. Бұл ретте «Атақты әнші Майра» атты әңгімеден үйренер жайлар өте көп.

Ал Тынымбай Нұрмағамбетовтің «Екі мая шөп» және «Жаздың қысқа түндері» атты әңгімелері жазушының «Дарияның арғы беті» кітабына енді. Осы екі әңгіменің және Тынымбайдың аталмыш кітабына енген «Таңғы жауын», «Жұмаға қараған түн», «Бөрібайдың тымағын ит алып қашқан қыс» сияқты әңгімелерінің жақсылығы неде?

Ең алдымен, Нұрмағамбетовтің ешкімге ұқсамайтын өзіндік қолтанбасында, ұлттық характер мен ұлттық психологияны тап баса білетін және соны бар бояуымен көз алдыға қызылды-жасылды етіп жайып салатын даралық бар. Әдетте, жақсы нәрсе ғана жұртшылықты бейтарап қалдырмайды. Оның үстіне, өзің жақсы жазсаң, өзің өнімді жазсаң, қарама-қайшы пікірлер екі есе көбейеді. Осы ретте, Нұрмағамбетов творчествосы жайлы да жұртшылықта қилы-қилы, кереғар пікірлер бар екенін ашып айтқан жөн. Ол қандай пікірлер?

Біріншісі – Тынымбай ауылды идеализация жасайды деген көзқарас. Көптен қыр соңынан қалмай, оның кемшілігі ретінде айтылуға шақ қалып жүрген пікір бұл. Ал кәне, осы турасында сәл-пәл ойланып көрелікші...

Осы күнгі қазақ жазушыларының ішінде ауылды жазбай жүрген қайсысы бар? Бәрі де жазады, жазып та жүр. Бірақ олар туралы «ауылды идеализация жасайды» деген пікірді неге айтпайды? Өйткені олардың көпшілігінде Тынымбай творчествосындағыдай поэтикалық қуат жетіспейді. Ал, Нұрмағамбетов прозаның өзімен-ақ поэзия жасайды. Шын мәніндегі өнер туындысын дүниеге әкеледі. Онысы тұла бойынды

балқытып, жан дүниенді елжіретеді. Бұрын өзің аңдамаған, бұрын өзің мән бермеген нәрселерге айрықша ықыласпен қарайсың. Шын мәніндегі идеализация жасау мен қарапайым нәрсені поэзияға айналдырудың арасындағы айырманы пайымдап карағанда, әлгіндей пікірлерді негізсіз деп білеміз.

Негізсіз деп білетін пікірлеріміздің енді бірі – Нұрмағамбетовтің кейіпкерлері хақында. «Әдебиетті қайдағы бір (ауылдан тауып алған) сайқымазақтармен, әйлеңкес жындылармен, қызметтен түсіп қалған қағылған-соғылғандармен, ағайыннан теперіш көріп жүргендермен, кісімсінген менмендермен, өзгені көзге ілмейтін дүниеқоңыздармен, тоңмойын тоғышарлармен толтыруға құмар болудың не қажеті бар?» – деп байбалам салады бұндай пікірдің иелері. Ондай сынағыштар сонау Гоголь заманынан бері келе жатыр. «Әдебиетті мұжықтармен толтыруға құмарланудың не қажеті бар?» – дегендерге кезінде В.Г.Белинский оңды жауабын берген. Сол жауап қазір де өзінің актуальдылығын жойған жоқ. «Ондайлар жазушыны кім болса, соның айтқанын істей беретін ремесленник деп таниды», – деп жазады Белинский. – Шығармаға керекті нәрсені талғап, таңдап аларда, жазушы біреудің дегенімен де, тіпті, өзінің көңілі ұнатқанын да бетімен істей сала алмайтынын олар білмейді: себебі, искусствоның өз заңы бар, оны қадірлемейінше, жақсы жазуға болмайды. Ол заңның бірінші шарты – жазушы алдымен өз табиғатының, өз талантының, өз қиялының дегенін істеуі керек... Кім нені жақсы көріп көп көңіл бөлсе, соны жақсы біледі; жақсы білетінін жақсылап суреттейді. Бұл сыр искусстводан хабарсыз, оны ремесломен шатыстыратын адамдарды ғана қанағаттандырмайды. Жаратылыс – искусствоның мәңгілік үлгісі, ал жаратылыста ең ұлы, ең қадірлі зат – адам. Ал мұжық адам емес пе? (Таңдамалы шығармалары, бірінші кітап, Алматы, 1948, 145-б.).

Бұған қосымша, біз қазіргі уақыттың талабынан туындайтын екі сәтті еске сала кеткіміз келеді. Көркем әдебиеттің тәрбиелік күші туралы сөз қозғағанда, әдетте, оның өнегелік жағы көп сөз болады. Ал екінші жағы көбіне ескерусіз қала береді. Ол қандай жағы? Адам тәрбиелеу – тек жақсыны үлгі ету арқылы

ғана емес, жаманнан жирендіру арқылы да жүзеге асатындығы. Біз осыны естен шығарып ала береміз. Бұл – бір.

Екінші, осы заманның тоғышарларын, тоңмойындарын, дүниеқоңыздарын, бір сөзбен айтқанда, қағылған-соғылғандарын шығармаларымызға кейіпкер еткенде, соларды бір сән-салтанатпен галереяға қою үшін жасап отырғанымыз жоқ. Олардың бет-бейнесін ашу үшін, қоғамымыздың ілгері басу барысында аяққа оралғы боп жүргендермен күресу үшін жасап отырмыз. Күрес дегенде, күрестің түрі де өзгеріп кетті. Тоғышар да өлер жерін біледі; сондықтан ол да заманына қарай бейімделгіш, бет-бейнесін құбылтқыш. Оны төбесінен бір ұрып өлтіріп тастай да алмайсың. Өзі де ашық сайысқа өмірі шықпайды. Тіпті, оған «сен тоғышарсың» деп айта да алмайсың. Айтып көрші, өзіңнің басың өмірі арылмас дауға қалсын! Қашсаң да құтыла алар ма екенсің сосын... Сондықтан онымен күрестің ең тиімді жолы – қылп еткен жерінде қия бастырмай ұстап алып, жұрттың келекесіне айналдыру, ажуамысқылдың, юмордың отына қақтау.

Бұл әрине, шығармаңыздың стиліне де әжептәуір әсер етері сөзсіз. Қаламасаң да – қалжыңға барасың, көңілің соқпаса да – күлкілі ситуацияға қарай ойыса бересің. Өйткені шығарманың табиғаты сенен соны еріксіз талап етеді. Ал жеңіл әзілмен, ойнақы да оралымды интонациямен жазғанның бәрінде де – бұл жазушы ауылдың жаман жақтарының өзін көтеріңкі леппен суреттейді, идеализация жасайды деуге бола ма?! Әсте, олай емес. Осы бір қарапайым шындықты ұғатын уақыт жетті-ау деп ойлаймыз.

Қорыта айтқанда, Нұрмағамбетов талантының күшті жағы неде? Біріншіден, жоғарыда айтып өткеніміздей, ұлттық характерлер мен ұлт психологиясын керемет жақсы білуінде. Екіншіден, соны барынша көркем бере білетін байқампаздығы мен суреткерлігінде! Сөз жоқ, бұл ретте, Тынымбай – өз қатарларының алдыңғы сапында тұрған үлкен талант. Бұған біз тілге тиек етіп отырған әңгімелері де, «Дарияның арғы беті» атты кітабына енген бірнеше әңгімесі мен повесі де айқын дәлел.

«Тынымбай – үлкен талант», – дедік. Егер ол, «маған осы таланттылығым да жетеді» десе, өзі біледі; бірақ оған ендігі жерде жаңа орбиталарға көтерілу керек-ақ секілді.

Бір кезде Виссарион Григорьевич Белинский: «Гончаров мырзада таланттан басқа ештеңе де жоқ. Ол қазір басқалардың бәрінен де басым ақын-художник» – дегенде, «Кәдуілгі оқиға» романы авторының тамаша талантын бағалай отырып, мынау әдебиет дейтін әлемде «таланттан да гөрі маңыздырақ нәрселер» бар екендігіне баса назар аударып, сілтеме жасап еді. Сол «тағы бірдеңелер» Тынымбайдың да ескере жүрер нәрсесі болса, нұр үстіне нұр!

Бұрынғы машығымыздан кескіні бөлек бір шығарманы атап айтуға тиіспіз. Ол Сатыбалды Нарымбетовтың «Ассалаумағалейкум, Атлантида» кітабы. Көзіміз үйреніп, көңіліміз сеніп, дағдыланып қалған үйреншікті нәрселерге қарағанда, бұл повесть өзгешелеу. Алғаш оқи бастағанында, ой жүйесінің сорабын да таба алмай, шым-шытырық криптограмма шешіп отырғандай, басың қатары да рас. Бірақ ішіне дендеп кірген сайын, криптограмманың кілтін қолға түсіріп аласың да, ар жағын оп-оңай-ақ шешесің. Сөйтсек, бас кейіпкеріміз жаңа бір шығарма жазу үстінде қиналып жүрген жас композитор екен. Құлағында ғана емес, миы мен жүрегінде де июкию, ызы-қиқы дыбыстар... Соны бір жүйеге түсіре алмай, түсірейін десе, арқауын таба алмай, басы қатып жүр. Міне, ол өзін көптен сарсаңға салған қиын түйіннің күрмелген бір ұшығынан ұстағандай... Сөйтсе, босқа әуре боп жүрген екен; творчествоның бастауы – бала кездегі балғын әсерлерде, риясыз қуанышын мен көзің үкідей боп қорыққан сәттерінде болып шықты. Онан соң өмір шіркін, танауы парылдап бөкендей зулап кете барған... Әлі де танауы парылдап ағып барады. Араарасында тұсаулы аттай кібіртіктеген сәттері де көп болыпты. «Бірақ қау-қаулап кеп қаумалап, бермесінді сығып алатын; қау-қаулап кеп есінді шығаратын сол баяғы өмір»... Оның ащысынан да, тәттісінен де қашып құтыла алмайсың. Құтқармайды да. Өйткені құрығы ұзын. Бұл күй – сол өмір күйі екен. Көкірегінен кетпей жүрген қызыр күй, қызыр сарын екен!

Автор творчество адамының, оның ішінде композитордың жаңа шығарма жазу үстіндегі қиналысын көрсетпек болыпты. Сондықтан да повесте бас кейіпкердің өткен өмірі мен қазіргі сәтте миында болып жатқан күрделі процестер шығарма өзегіне қабат өріліп отырған. Құлаққа жат болса да, қайталап айтам: бас кейіпкердің өткен өмірі мен қазіргі сәтте миында болып жатқан күрделі процестер міне, осы екеуі шығарма өзегіне қабат өрілген! Шындығына келгенде, адамның өткен өмірі мен қазіргі сәттегі миындағы процестер қабыса, қатар өріле ме?

Стереотипке айналған өзіміздің ойлау жүйемізді бір сәтке өзгертіп, бұл мәселеге басқаша қарасак, шынында да адамның өткен өмірі мен қазіргі сәттегі миындағы процестер қабысады екен. Қандай жағдайда қабысады? Еске алғанда!!! Түйіліп отырып қатты ойланғанда қабысады!!! Қабысып қана қоймайды, ол ассоциативті түрде жаңа ойды да тірілтеді. Ал, енді қараңыз! Бұл біздің қалыпты ойлау жүйемізге жат құбылыс па?! Жоқ! «Ойды ой қозғайды ғой» дегенді шығарып жүрген кәдуілгі өзіміздің стереотипті ойлау жүйеміз емес пе?! Яки:

*Су түбінде жатқан тас,*

*Жел толқытса, шығады.*

*Ой түбінде жатқан сөз,*

*Шер толқытса, шығады,* – дегенді де айтқызған кәдуілгі өзіміздің қалыпты ойлау жүйеміз емес пе?

Ендеше, мұнда таңырқарлықтай ештеңе де жоқ. Нарымбетовтың повесі де, «жер астынан жік шыққан, екі құлағы тік шыққан» нәрсе емес, тек қана болмысты басқамыздан өзгешелеу түйсінгеннен туған шығарма. Оның үстіне, предметі де – творчество үстінде жүрген композиторлардың күллі тіршіліктің нысы – осындай формаға баруға сай келе кеткен. Нәтижесінде жап-жақсы шығарма дүниеге келіпті.

Авторға бір ғана ескертер нәрсе – әрбір жаңалық өміршең болуы үшін, ол жаңалығың бір ғана шығарманың аясында қалып қоймауы керек. Жалпы жұрт мойындайтын дәрежеге жеткенше, жұрттың ойлау жүйесін соған үйреткенше, соған қалыптастырғанша еңбек ете беру керек. Әйтпесе, бәрі бос далбаса.

Енді болашақтағы қазақ прозасы мұндай повестерге қалай қарайды? Бұл повестің қазіргі алар орны қандай? – деген мәселеге келсек, біз ұлттық көркем ойдың да, байырғы машықтардың да арасында қалып қоймай, отандық және дүниежүзілік әдебиеттің жанрлық-стильдік ізденістеріндегі жетістіктерді батыл игеруді, сөйтіп, бұрынғыдан да биік, бұрынғыдан да күрделі жаңа сапалық деңгейге көтерілуді әрқашан құптайтынымызды білдіреміз. Бірақ ондай бірен-саран шығармалар – эксперимент қана болып, ал оны жазған адамдардың ісі экспериментаторлық қана болып қалмауын қалар едік.

Асылы, ұлы ақиқаттарды қайталап айтқаннан оның мән-мағынасы кеміп қалмайды. «Кім нені жақсы көріп, көп көңіл бөлсе, соны жақсы біледі, жақсы білетінін ғана жақсылап суреттейді» ғой. Біз С.Еркебаевтың «Ауыл кештері», Р.Ниязбековтің «Қызғыш құс», С.Елубаевтың «Білте шамның жарығы» повестерін оқып шыққанымызда, ұлы сыншының әлгі бір сөздерінің ақиқаттығына тағы да көз жеткізгендей болдық. Бұлардың қай-қайсысы да прозамыздағы жаңа есім емес. Әйтсе де, бұрынғы шығармаларынан көш ілгері кеткендігінің себебі, ең алдымен, бұл авторлардың алып отырған объектілерін жақсы білгендігінен екенін баса айтуымыз керек.

Бұл үш повестің ішінде (тіпті, тек бұл үшеуінің ғана емес, биылғы біраз жинақтардың ішінде), С.Еркебаевтың «Ауыл кештері» қай жағынан алып қарасаңыз да, озық дүниелерінің бірі. Оның озық болатын себебі мынада: біріншіден, өзге шығармаларға қарағанда, Сайымжан повесінің проблематикасы бүгінгі күннің нағыз көкейкесті мәселелерімен үндесіп жатыр. Екіншіден, көтеріп отырған мәселесі қаншама маңызды болғанмен, автор тақырып бұлдап отырған жоқ (бізде мұндай да сырқат бар ғой), қайта, Еркебаев нақты характерлер мен нақты тағдырлар арқылы қоғамдық болмыс пен адамдар арасындағы күрделі қоғамдық қатынастарды көркем де шыншыл бейнелеп беріп отыр. Үшіншіден, кейіпкерлерінің ішкі жан дүниесіне терең бойлап, жазушы бұрын біз байқамаған, байқасақ та жазбаған, жаңа типті адамдарды әдебиетке әкеліп отыр.

Осы себептердің өзі аз ба? Жоқ, аз емес. Әсіресе, әдебиетке бұрын ешкім жазбаған жаңа адамдар әкелуі – повестің даусыз жетістіктерінің бірі. Қараңыздар: шалғайдағы бір соххоз мектебінің коллективінен – «самайына ақ кірген сайын ақылына да айла қосып келе жатқан» кумүйіз директорды; өз ісіне барынша адал, принципіне берік, байыпты да байсалды, кісілік қасиеті де мол – оқу ісінің меңгерушісі Шарипа апайды; бұрын аудандық комсомол комитетінің бірінші секретары болған, бірақ семья жағдайына байланысты қазір оқытушылық жұмысқа ауысып келген, әйтсе де, басшы боп қалған әдетімен орынды-орынсыз жерде мәселені бірден үзілді-кесілді шешіп тастауға құмар тұратын Гүлзияны; табиғаты таза, ақылы да өзіне жетерлік, бірақ махаббатқа келгенде, жолы болмай, мұңайып қала беретін сұрбойдақ Нұрбекті, бір жұмысшы қызды екіқабат етіп қойып, өз ісінің қате екенін білсе де, ол қызбен бәрібір бақытты бола алмайтынын түсінгендіктен, үйленгісі келмей, яғни екінші рет қателескісі келмей, оның үстіне, коллектив те оны дұрыс түсінбей, соған ызаланып, оқытушылықтан қуылса да, қикайып: «Күрекке жапа көп, ол күрек мына мен!» – деп жұртшылыққа зіл тастап кететін Жолымбетті, т.т. қаншама кейіпкерлерді бір повеспен-ақ әкелуі – автордың жетістігі болмай, шығарманың жақсылығы болмай, немене?! Әсіресе, осы кейіпкерлер арасындағы қатынасты жай, адамдық қатынастардың ғана аясында қалдырып қоймай, күрделі қоғамдық қатынастар дәрежесіне көтеруі жақсылық емей немене? Біз бұл повесті тәуір дүние дегенде, осы қасиеттеріне қарап айтамыз. Осы қасиеттеріне қарап бағалаймыз. Өйткені жұрттың көбі характер жасаумен ғана шектеліп жүр, ал Еркебаев өз кейіпкерлерін образ дәрежесіне жеткізген.

С.Елубаевтың «Білте шамның жарығы» повесі де адам және қоғам деген ұғымның байланысынан шыққан. Бірақ мұның кейіпкері – қоғамда үлкен әлеуметтік сілкініс болған кезде табаны тайғанақтаған, құйттай нәрсеге бола қателескен, әлдекімдер қателестірген адам. Қара жерден аяғы ажыраса, Антей де әлсіз; ал туған топырақтан табан аударған адам, сөз жоқ, сергелденге түседі. Бір кездегі жігіт Қайрақтың, қазіргі қария Қайрақтың

ұзақ өмір жолындағы басынан кешкен қиыншылықтары аз емес. Бұл бір – өзгеге өнеге боларлық, тағылымы мол ұзақ тарих. Әрине, біз мұны тым тұқыртып, тұжырып айтып отырмыз. Жазушының суреттеуінде небір тамаша картиналар, есте қаларлық қызық характерлер, сол кезеңнің тек өзіне ғана тән шым-шытырық оқиғалары бар. Олардың бәрі сөз жоқ, автордың активіне жатады.

Сондай-ақ «Жалын» бәйгесі жүлдегерлерінің шығармаларынан кұралған, – Т.Сәукетаевтың, Қ.Қараманұлының, Ж.Түменбаевтың, Т.Жұртбаевтың, П.Дүйсенбиннің – бес автордың «Жалғыз салт атты» дейтін ортақ жинағын да айта кету орынды. Осы бес повесте қазіргі қазақ прозасының шағын жанрындағы күллі жақсы нышандар да, аяққа оралғы боп келе жатқан ақаулар да қансонардағы іздей жосылып жатыр. Біз енді соған тоқталайық.

Жақсы нышандары қайсы десек, ең алдымен, күрделі өмір құбылыстарының ұңғыл-шұңғылын, тіпті, трагедиялық жағдайларына дейін барынша шынайы жеткізетін шыншыл реализмдері дер едік; яғни өзіміз жиі айтып жүрген – кәдуілгі профессионализмге ұмтылыстары дер едік. Бұған Ж.Түменбаевтың, Қ.Қараманұлының, Т.Сәукетаевтың повестері дәлел.

Екіншіден, адам жанының диалектикасын ашуда барынша объективті көзқарас ұстанатындықтары қуантады; күнбе-күн өзіміз көріп жүрген, жақсылығы мен жамандығы бір басына жетіп-артылатын кәдімгі тірі адамдарды көрсетуге ден қойғандары қуантады (тағы да Т.Сәукетаев пен Ж.Түменбаевтың повестеріне назар аударыңыз).

Үшіншіден, ешкімге ұқсамайтын өз қолтаңбаларын, өзіндік стильдерін іздеуі де бейтарап қалдырмайды (тағы да Т.Жұртбаевтың, Т.Сәукетаевтың, П.Дүйсенбиннің повестерін қараңыз).

Тап осы жерге келгенде шикілік басталады. Ол қандай шикілік?

Біріншіден, алып отырған объектілеріне қарай, өз дауыстарының мүмкіндігін есептей алмай қалатындық! Содан келеді де, ең қиын тұстарда тынысы жетпей қалады немесе жалғандыққа ұрынады. Мысалы, Қараманұлының «Жалғыз салт

атты» повесіндегі: Киікбайдың атын түнде әлдебір жыртқыш аң қуып кетіп, жаяу қалғанда... бұл жаяу батырың қалың құм ішінде атақты банданың, атты банданың соңынан жаяу қууын алайық. Бір жерінен жарақаттанып еді-ау; «жарақаты жанына батқан кезде бір жайлы орын тауып, солығы басылғанша сонда жата тұруы мүмкін», – деп қаншама бізді сендірмек болғанымен, ұлы құмның ішіне атпен кеткен банданың соңынан жаяу салпақтауы мүлде иландырмайды. Осы бір негізгі сәт иландырмаған соң, бұдан кейінгісіне де (повестің аяқ жағы ғана бұл) сенбейміз. Құрманғазы қайта қарағаннан ұтылмаса керек.

Сондай-ақ Т.Сәукетаевтың «Жанартау» повесінің финалындағы екі баланың төбелескенінен кейін... бас кейіпкер, яғни он бір жасар бала таяқ жеп қалады да: «Көз алдымда есепті шекілдеуікше шағып... ереже-тақпақтарды көзін жұмып жатқа соғатын, күнделігі «бестікке» сірескен үлгілі оқушы Талғат емес... қара жүрек Зұлымдықтың өзі тұрды», – деуі сендіре ме?! Автор «Зұлымдық» дегенді (жай зұлымдық емес, қара жүрек Зұлымдық) бас әріппен, курсивпен берген... Бала қиянатты, әділетсіздікті жанымен сезер, бірақ «мынау маған жасалған қара жүрек Зұлымдықтың өзі болды», – деп ешқашан да ойламайды, ойлай алмайды да! Әлбетте, оны сезе қойған күннің өзінде, нақты категория ретінде оған формулировка жасай алмайды. Бұл жерде жасатып отырған автор! Содан келеді де, бұл повестің де аяқ жағындағы әрекеттерге сенімсіздік туады.

Екінші шикілік, әйтеуір ешкімге ұқсамау керек деген принциптен туған желбуаз стиль және жұртта жоқ форма қушылық. Мұның бір мысалын осы жинақтағы Т.Жұртбаевтың «Бесқарагер» атты квинт-элегиясынан да көреміз (шүкір, автор өз шығармасына «квинт-элегия» деген атау беріпті; повесть десе бәрібір, повесть емес дер едік). Өйткені осы квинт-элегияны құрайтын бес түрлі нәрсенің басын біріктіретін бір түйін жоқ; бесеуі – бес бөлек дүние. Және бәрі де шартты нәрселер ғана.

Осы орайда бір жайтты айта кету керек. Үлкен әдебиет атаулының қай-қайсысында да шарттылық деген болады. Бірақ ылғи шарттылыққа бару, оны басты мақсатқа (самоцельге) ай-

налдыру – ешқашан абырой әперген емес, тек шарттылықтан тұратын ондай өнер туындысы болған да емес.

Үшінші шикілік, тек қана повестер мен әңгімелерге ғана тән емес, жалпы әдебиетте бар нәрсе. Ол қарадүрсіндіктен қашып – қызыл сөзге, қызыл сөзден қашып – қарадүрсіндікке ұрыну. Мына жинақтан соның екеуіне де мысал табылады. П.Дүйсенбиннің «Кішкентай генералдар» повесі қандай қарадүрсін болса, Т.Жұртбаевтың повесі – оның екінші полюсі. Жарайды, Дүйсенбин «балалар түсінбей қалар» деп қорқып, солай жазсын, Жұртбаевтың түсініктіліктен қашқаны қалай? «Ұлылықтың өзі «А, құдай!» деген сияқты қарапайым да түсінікті бір-ақ ауыз сөзден тұрады», – демеп пе еді Л.Н.Толстой.

Бұл жерде әңгіме тек осы авторда ғана емес. Гәп одан гөрі тереңіректе! Мұның түп төркіні соңғы он шақты жылдың беделінде әдеби сынымыз қате де болса қалыптастырып тастаған пікірде жатыр. Ол қандай пікір? Біз бұл жөніндегі ойымызды бұрынырақта да айтқанбыз. Енді соны тағы да нақтыламасaq болатын емес...

Біздің әдебиетте соңғы кезде әдемі ғана емес, әсіре әдемі жазатын жазушылар шықты. Кісіні таңқалдыратын жері – әр нәрсенің шама-шарқын байқап жазудан ауылы алыс жатқан ондай шығармалар сыналудың орнына, күнделікті баспасөз беттерінде дәріптеліп келді. Олар әлі күнге дейін қазіргі тәуір туындыларымыздың эталоны ретінде ұсынылуға шақ қалып жүр.

Ақиқат біреу ғана. Сөз қолданудағы салдыр-салақтық қандай кесел болса, әсіре әдемілікке, жарқыл-жұрқылға әуестік, сөзді сайқымазақтықпен шақ-шұқ қағыстырып ойнау да сондай зиян. Әйтсе де, ондай шығармалардың авторлары ылғи да талантты жазушылардың қатарында аталып, мақталатындардың тізімінен түспей келеді. Бәр-бәрін басқа ұрып атап шығу шарт емес шығар, бірақ біз әдеби сынымызда ылғи мақталып жүрген сондай авторлардың бірі деп Роллан Сейсенбаевты атар едік. Оның «Сағынтып жеткен жаз еді» кітабы да осы сөздерімізге айқын дәлел.

Өкінішке орай, әлденеше кітаптың авторы боп қалған бұл жазушының шығармалары туралы баспасөз беттерінде шыққан рецензияларда, сын мақалаларда оның творчествосындағы осы бір кемшілікті ешкім айтқан жоқ. Айтып сақтандырмағаны өз алдына, қайта, оның жарқыл-жұрқылға, әсіре әдемілікке әуестігін құп көріп, мұны автордың әдебиетке әкелген жаңалығы деп дәріптейтіндер бар. Бұл шынында да болашағынан үміт күтуге болатын, бірқатар тәуір әңгімелері де бар жазушыға пайда емес екенін былай қойғанда, біздің оқырмандарымызды, сосын жаңадан жаза бастаған жастарды адастыру болып табылады. Қазір осы заманның характерін береміз деп желпінтіп-желдіртіп, ат үсті ойнақтатып жазатындар көбейіп бара жатса, мұндай ұнамсыз фактінің бірінші себепкері – солай жазған автордың өзі де, екінші себепкері – әлгіндей жазудың қате екендігін түсіндіру орнына, мұны автордың әдебиетке әкелген «өзіндік жаңалығы», «қолтанбасы» деп, жұрттың миына сіңіріп тастағандар екенін ашық айтуымыз керек.

Бұл пікір бізден шығып отырған жоқ, одақтық баспасөзде де осындай пікірлер айтылды.

Өткен жылы «Литературная газетада» сыншы Л. Аннинскийдің рецензиясы шықты. Біздің сыншыларымыз сияқты, бұл автордың да Сейсенбаевты мақтағысы келген ниеті рецензияның «Жақсы деген немене? (Что такое хорошо?)» деген атынан да, «вот тогда... все будет хорошо» деп аяқталғанынан да сезіліп тұр. Бірақ әдебиетті түсінетін, одақтық баспасөзде аты-жөні танылған сыншымыз өтірік айтуға да бара алмаған. Роллан творчествосының басты кемшіліктері қандай дегенде: 1) «Не нравятся небрежности в языке», 2) «Что еще плоха? Романтическая экзальтация и налет сентиментальной красоты», 3) «Желание автора завязать сюжетные бантики», 4) «Пленительные сказки мне тоже не нравятся. Вообще, налет мифологизма», – деп атайды.

Сонда біз ойлаймыз: тілі нашар болса, әсіре қызыл жазуға құмар болса, басы артық сюжеттер, ертегі-аңыздар қаптап жүрсе, мұның аржағында шығармадан не қалды?! Қалайша, «тогда... все будет хорошо?...».

«Сағынтып жеткен жаз еді» кітабының алғашқы бетін ашып қалғаннан-ақ, алғашқы сөйлемдерін оқығаннан-ақ, сол баяғы Сейсенбаев алдымыздан шығады. «Сол баяғы» болмай қайтсін, әдеби сынымыз арқасынан қағып, «жақсы жазып жүр. Өзіндік қолтаңбасы бар...» – деп құптап, авторды да, оның оқырмандарын да иландырып тастаған соң. Ал оқи бастасаң, орашолоқ, не қазақша, не орысша емес сөйлемдер мен сөз тіркестері жүрегінді қырқады. Тұтас кітаптан мысал келтіріп жату мүмкін емес, біз алғашқы беттегі алғашқы сөйлемдерді, алғашқы абзацты ғана мысалға келтірейік.

«Бала әлдебір бөтен дыбыстан оянғандай еді. Жоқ, ол мүлде оянып кеткен жоқ, ұйқы мен ояу қалыптың екеуара жіктесер тұсында сырғып түсуге жақын көрпесін тартып қымтанды да, оң жағына аунап жатты». – Естір құлаққа ешқандай мүкісі жоқ емес пе? Иә, мүкісі жоқ! Бірақ зерделеп қарасақ ше? «Бөтен дыбыс» деген қандай дыбыс?! «Әлдебір деген белгісіздік есімдігі тұрған соң, «бөтен» деудің не қажеті бар? Әрі кеттік... «Ұйқы мен ояу қалып» деген қандай қалып? Оның «екеуара жіктесер тұсы» деген қай тұс? Қазақ бір-ақ ауыз сөзбен «ұйқылы-ояу» демеуші ме еді? «Тисе – терекке, тимесе – бұтаққа», – деп долбарлап жазудан автор не ұтты, оқырман не ұтты? «Сөз өнері – дертпен тең», – деген Ұлы Абай. «Әттең, тәйір, сөз таныр кісі болса...» – дегенді де осындайларды көріп айтқан-ақ шығар-ау!

Мұның бәрі неден шығып жатыр? Біздің әдебиетімізде соңғы кезде қызыл сөздің, долбарлап жазудың етек алып бара жатқанынан шығып жатыр. Ол өздігінен таралып кетпес еді, біздің әдеби сынымыз ұзақ уақыт бойы соны қолдап, қуаттап, марапаттағанынан шығып жатыр; оның зияны, тіпті, өзімен кетпей, бірқатар жастарды да солай жазуға бет бұрғызып кеткендігінен шығып жатыр. Біз де «бір көргеніңнен жазба!» дейтін догматтардың санатынан емеспіз. Бірақ ізденістің, жаңа стильдік арналар табудың өмірлік негізі болуы керек дейміз. Өйткені, ауада аяғы салбырап тұрған жаңалық деген болмайды. Ондай «жаңалық ашқыштар» бұрын да талай болған. Бірақ мынау қарапайым да ұлы өмір ондайларды ылғи сызып тастап отырған. Сызып тастай беретін де шығар!

Қазіргі қазақ повестері мен әңгімелеріндегі кейбір кемшіліктерді сөз еткенде, біз ондай кемшіліктер өмірдің, не әдебиеттің объективті заңдылықтарынан туып жатыр деп айта алмаймыз. Мұның бәрі әрқашан да болған және бола беретін өткінші нәрселер. Әдебиет – тірі процесс, сондықтан оның даму жолында әр түрлі ауытқулар, ауа жайылулар деген болмай тұрмайды. Бірақ соған қарап, «ойбай, бүлініп қалды!» – деп айқай салатын да дәнеңе жоқ. Нағыз объективті заңдылықты айтар болсақ, қайта, біздің повестеріміз бен әңгімелеріміздің даму, ілгерілеу, ізденіс бағытында екенін мойындаған жөн. Біздің әдебиет – жас әдебиет; одақтық және дүниежүзілік әдебиет биігінен қарар болсақ, қазіргі қазақ әңгімелері мен повестері әлі табыс жолынан гөрі талап жолында екенін, бірақ бойында бұла күш бар екенін күн өткен сайын сол күш біздің мынау қуатты өмірімізден нәр алып, іргесін бекітіп келе жатқанын, ең бастысы – қазақ әңгімелері мен повестері дұрыс жолын тапқанын, енді түртінектеп бір орнында ұзағырақ тұрып қалмайтынын, тек аяқты нық басып ілгерілей беретіндігін айтуымыз керек. Осы жолда әдебиеттің талантты өкілдері тек барды қанағат етпесе екен. «Қанағат қарын тойғызады», – әдебиет пен өнерге жүрмейді. Қайта, өнер атаулының басты шарты – қанағатсыздық. Шын өнердегі қанағатсыздық тоқтап, тоқырап қалмағай!

*«Уақыт және қаламгер», 1984 ж.*

## ОРТАҒА САЛАР ОЙЛАР БАР

*(Әдеби жыл қорытындысында сөйленген сөз)*

Жолдастар!

Кешегі баяндамалардың ішінде жұртшылық көкейіндегіні қозғаған, тап басып айтқан бірқатар пікірлер болды. Соның бірі – С.Қирабаев жолдастың баяндамасында айтылды. Белгілі сыншы, ғалым ағамыз, әсіресе, жыл қорытындысында бірде-бір халтураның аты, бірде-бір халтурщиктің есімі айтылмағаны

жөнінде де орынды сөз қозғады. Дұрыс! Сол кезде: «Өзіңіз де ешкімнің атын атап, түсін түстемедіңіз ғой» деген реплика естілді залдан. Бұл да – дұрыс!

Әрине, біз Қирабаев жолдастікі де дұрыс, залдан айтылған реплика да дұрыс дегенде екі жаққа бірдей жақсы көрініп, жалпақшешейлік танытқалы тұрған жоқпыз. Өздеріңізге белгілі бір анекдот бар ғой. Әлгі: «Бір күні Қожекеңе біреу келіп, «пәлен деген кісі зорлық жасады», – депті. – «Ә, сенікі дұрыс екен», – дейді Қожекең. Екінші кісіні шақырып алып: «Неге сөйттің?» дегенде, ананың жауабына да «Дұрыс!», – дейді.

Сонда әйелі: – Қожеке-ау, анау келді – дұрыс, мынау келді – дұрыс, – дейсің. Мұның қалай? – дегенде:

– Қатын, сенікі де дұрыс! – демеуші ме еді.

Сол сияқты, екі жақтікі де дұрыс болатын ситуация өмірде кездесетін болғаны ғой. Әйтпесе, Қожанасыр сияқты данышпан кісі соған сөз таба алмады дегенге адам сене ме?

Біздің де айтпағымыз – осы жыл қорытындысы секілді жиындарда айтылмағанда, біздің жақсымызбен бірге, жаманымыз да қашан айтылмақ. Сондықтан баяндамашы жолдастар барды – бардай, жоқты – жоқтай айтуы керек еді. «Жақсының жақсылығын айтып, нұрын тасытумен бірге, жаманның да жамандығын айтып – құтын қашырып» қойған әділдік болар еді.

Сол секілді, сыншы ағамыздың тағы бір орынды қозғаған мәселесі – көптеген жазушылардың тіліміздегі грамматикалық заңдылықтардың нормаларын; әсіресе, орфоэпия мен орфография заңдарын сақтамай, сөзді өз қалауларынша қолдана беретіндігі жайында болды. Бұл өзі – көптен бері бір арнайы әңгіме болуға тиіс нәрсе еді, жолдастар! Өйткені тіл заңдылығы деген – математика заңдары секілді өте тұрақты келетін құбылыс. Ал біздің көптеген жазушыларымыз өз шығармаларында осы заңдылықтарды белінен басып кете баратын жайы жиі ұшырасып жүр.

Осы қатарда арнайы сөз етуге тұрарлық тағы бір мәселе – пунктуация мәселесі. Кешегі баяндамада бұл туралы да шатқакпайлап болса да сөз қозғала кетті. Әрине, сонау қарт Аралдың бір түкпірінде, соғыстың алдындағы жылдарда ғана

мектеп бітірген бозбаланың; енді-енді ғана оқып-тоқысам ба деп жүрген кезінде кешегі қызыл қырғын соғысқа араласып кеткен майдангердің; одан келе сала, көргендері мен көңілге түйгендерін тезірек жұртқа жеткізсем бе деп роман жазуға отырған азаматтың – бүгінде белгілі жазушы болған Әбдіжәміл Нұрпейісовтың өзін-өзі ақтауға дәлелдері де бар шығар. Біз де оны түсінеміз. Бірақ кейінгі буын өкілдерінің өздерінде де осы жай – тілдің грамматикалық заңдылықтарына мұрын шүйіре қарау тенденциясы өмір сүріп отырғанда, бұл мәселе әсте де әншейін айтыла салар сөз болып қалмауға тиіс. Өйткені жазушы қаламынан шыққан әрбір сөзді эз-әулиедей көріп отырған қалың оқырман қауым бар; оның аржағында тұтас ұлт бар. Халықтың сөйлеу, жазу нормаларына, ең алдымен, жазушы қауым немкетті қарар болса, онда басқаларға не жорық. Сондықтан бұл бейтарап қалуға тіпті де болмайтын құбылыс деп танылғаны жөн.


Белгілі ғалым, сыншы әрі баяндамашы ағамыз бұл мәселені де өте орынды сөз етті деп ойлаймыз.

Сын туралы баяндаманың осындай тап басып айтылған тұстарымен бірге, біздің ойымызша, келісуге болмайтын принципалды кемшілігі де болды, жолдастар! Біз сол жайында да айта кетсек дейміз. Бұл кемшілік – баяндамашының сөз арасында ғана айтып өткен нәрсесі емес, белгілі бір мәселеге арнайы тоқтала келіп түйген ой-тұжырымы; сөзінің соңындағы теориялық пайымдауы секілді болғандықтан, елеусіз-ескерусіз қалдыруға болмайды ғой деймін.

Ол қандай ой-тұжырымы?

– Осында белгілі жазушының соңғы романы туралы ризалық пікірлерін айта келіп, білікті де білгір баяндамашы ағамыз осы романдағы жекелеген жергілікті сөздерге тоқталды. Сөйтіп, ұлан-байтақ Қазақстанның бір аймағында ғана қолданылатын сөздердің белгілі жазушының романына еніп кеткендігін құптамайтындығын; сайып келгенде, мұның өзі көркем әдебиет тілін шұбарлайтындығын тілге тиек етті. Және мұны зиянды құбылыс деп тұжырымдады.

Бұл жерде мына бір жайтты айта кету керек.



Көркем шығармаға жергілікті сөздердің енгізілуінің дұрыстығы мен бұрыстығы туралы мәселе – талайдан бері сөз болып келе жатқан, даулы нәрсе. Бір кезде бұл жайында үлкен жиындар да өткен. Талай-талай кереғар пікірлер де болған. Бірақ тірі тілдің практикасы, әдеби тілдің толассыз даму процесі – көптеген тайғанақ тұжырымдардың негізсіздігін, өзінің күн асқан сайын толығып-молығуымен дәлелдеп берді және дәлелдеп келеді де. Сондай толығып-молығудың қайнар көздерінің бірі – ұлт тілінің сөздік қорындағы барлық сөздерді сарқа пайдалануда болып отыр.

Біздің бір таңғалатынымыз – көптеген сыншыларымыз, сондай-ақ әдебиет пен тілдің байланысын тексеріп жүрген қазақ оқымыстылары: көркем шығармаға кіргізілген кейбір жергілікті сөздерді байқап қалса, құдды бір қылмыс жоқ жерден қылмыс тапқандай, яки әлдебір жаңалық ашқандай, соған жата кеп жабысатыны немесе оны үлкен кемшілік деп көрсететіні.

Шынында, осы үлкен кемшілік пе? Оны айтасыз-ау, ұлан-байтақ Қазақстанның бір аймағында қолданылатын, бірақ бұрын әдеби тілге енбей келген сөзді әлдебір жазушы өз шығармасына енгізсе, ол кемшілік бола ма, сірә?!

Айталық, қазіргі көрнекті орыс жазушылары: В.Астафьев, В.Белов, Ф.Абрамов, В.Распутин, тіпті олардан кейінгі буын: Личутин, Крупин, Скалон, т.б. Россияның Сібір аймағында ғана қолданылатын жергілікті сөздерді соңғы кездері өз шығармаларында жиі қолданып та, жиі жазып та жүр ғой. Бірақ соларды пәлен ғасырлық жазба әдебиетінің тарихы бар орыс әдебиеті жатсынып, жатырқап отыр ма? Әрине, жоқ!

Соны көріп отырғанда, жазу-сызуы, жазба әдеби тілі кешірек өркендеген қазақ әдеби тілін: әбден толығып-молығып болғандай, әбден қалыптасып болған әдебиет тіліндей, енді оған басы артық бір сөз кіргізуге болмайтындай көруімізге не жорық?

Шындығына келгенде, қазақ тілінің бар байлығы, барлық ерекшеліктері, жергілікті өзгешеліктері мен сөз қосарлары жазба әдебиетімізге түгел кіріп болды ма? Жоқ, жолдастар! *«Бір өлкесінен бір өлкесі шалғай жатқан дала қазағының тілі тек*

*социалистік революция дәуірінде ғана советтік әдебиетіміздің тілі болып, түгел тоғысып отыр. Тарихтық, мәдениеттік жағдай енді бізден қазақ халқының бар шет түкпірлеріндегі бұрын оқшаулық, өзгешелік күйде жүрген сөздік қорлардың бәрін ортаға салып, түгел туыстыра, араластыра қосып пайдалануды тілейді» – демеп пе еді М.Әуезов.*

Солай дей келіп: – «...әр облыс арасындағы сөздік айырмыстарды... қалың қазақ елдері қолданатын сөздерді «диалект» деп атау және сол сөздерді «әдебиет тіліне қолдану дұрыс емес» дейтін пікірдің барлығын біз ұшқары, орынсыз байлау деп білеміз», – демеп пе еді?!

Ол аз десеңіз: «Алатау, Сыр, Жайық, Атырау өлкесінде де ауыл емес, немесе аудан ғана емес, бұл күнге шейін, кем дегенде, бір облыс немесе бірнеше облыс қазағы қолданып келген сөздер болады екен. Ендеше, ондай көпшілік халқымыз тұтынып келген, әдебиетте қолданбай жүрген тың сөздерден жатырқап, бой тарту бір жағынан халық тіліне жасаған зорлық; екінші жағынан алғанда, бар қазақ тілін білмей, баурап алмай тұрып, бұлайша паңдық ету – қыңырлық пен астамдық», – дегені қайда?!

Осындай жайларды ескере келіп, қадірлі Мұхаң қайта: «Сыр бойының диқаншылық кәсібіне байланысты тіл өзгешеліктерін, сөздік байлықтарын өздерінің шығармаларына молынан кіргізбей, өзге жер қазағына түсініксіз болады деп тартыныптын: Асқар, Әбділда, Қалмақан сияқты жазушылардың тәжірибесін кемшілік деп бағалау керек.

Батыс Қазақстан, Каспий атырабының балық кәсібімен байланысты сөздік байлықтарын аз қолданатын: Тайыр, Қажым, Ғабдол, Әбу, Хамит сияқты жазушылардың тартыншақтықтарын да кемшілік деп білу керек.

...жазушылардың бәрі де өз туған өлкелеріндегі қазақ сөзінің байлықтары мен ерекшеліктерін молынан ортаға салып, әдеби шығармаларына енгізулері керек. Сол әр облыс жазушысы кіргізген тың сөздерді, қосымша байлықтарды, олардың өздері ғана қолданып қоймай, басқа облыстардан шыққан жазушылар да түгел пайдалануға бет қоюы керек» – деп (М.Әуезов,

Шығармалар. 12-т., 79-б.), қазір мына біздің ортамызда отырған бүгінгі әдебиеттің көзі тірі ағаларына, өзінің ізбасар інілеріне мықтап тапсырған жоқ па еді?!

Біз бүгін, осыдан отыз екі жыл бұрын Мұхтар Әуезов айтқан сол сөздердің әлі күнге актуальдылығын жоймағанының куәсі болып отырмыз. Бұл жерде гәп – Қирабаев жолдастың ой-тұжырымының даулылығында ғана емес; сонымен бірге осындай пікір – бірқатар әдебиет зерттеушілері мен тіл мамандарының, сондай-ақ әдебиет майданына араласып жүрген қазақ оқымыстыларының біразының басында барлығында болып отыр.

Оған мысалды алыстан іздемей-ақ, кешегі баяндамада айтылған жайлардан, сондай-ақ күні кешеге дейін бір сыналып, бір мақталып келген Тәкен Әлімқұловтың шығармаларындағы біраз сөздердің тағдырынан, О.Сәрсенбаев, Д.Исабеков, Д.Досжанов шығармаларындағы қолданылған сөздердің де тағдырынан анық көруге болады.

Қазір жұрттың көбі «литературщинаға» көшіп, халық тілінің қайнарынан қашықтай бастаған тұста – бұл мәселенің актуальдылығы тіпті арта түседі. Сондықтан әлгіндей пікір – жеке бір жазушының адресіне айтылған жеке адамның сөзі ғана емес, біраздан бері бір топ жазушылардың да атына айтылып келе жатқан бірқатар әдебиетшілердің ортақ пікірі болғандықтан, мұндай принципиальды мәселе жөнінде өз көзқарасымызды ортаға салмай, жұртшылық талқысына ұсынбай қала алмадық.

## **БАЯНДАМАЛАР ТУРАЛЫ СӨЗ ДЕ – ӘДЕБИЕТ ТУРАЛЫ СӨЗ БОЛМАҚ**

Жолдастар! Үш бірдей баяндамашы айтып түгесе алмаған прозаның жыл қорытындысындағы кем-кетігін мен бүтіндейін деп тұрғаным жоқ. Ол мүмкін де емес. Менің сөзім баяндамалар жайында. Ал баяндамалар туралы сөз де айналып келгенде әдебиет туралы сөз болатыны сірә, белгілі ғой.

Сонымен, биылғы жыл қорытындысына арналған баяндамалар туралы айтар болсақ, поэзияның жолы болыңқырады-ау деп ойлаймын. Романдар туралы баяндама жасаған – Рымғалидың да, повестер туралы пікір айтқан – Дулаттың да, әңгімелер хақында сөйлеген – Баянғалидың да көңіліне келмесін, қай-қайсысының да сөзінде талдаудан гөрі шолу басым болды. Әрине, баяндама болған соң, бұлары бір есептен заңды да шығар, бірақ сол шолулардың келіп тірелетін бір түйіндері де болуы керек еді. Мәселен, қазіргі прозамыздың кесек жанры – романдардағы... (айталық, Рымғалидың өзі мақтап отырған – Илияс Есенберлиннің немесе Әбіш Кекілбаевтың тарихи романдарындағы, яки Шерхан Мұртазаевтың «Қызыл жебе» тарихи-революциялық романының үшінші кітабы «Жұлдызды көпір»-дегі) жетістіктер мен кемшіліктер неде? Қазақ романистикасының, оның ішінде қазақ тарихи және тарихи-революциялық романдарының көрші республикалардағы немесе одақтық аренадағы көрініп жүрген тарихи және тарихи-революциялық романдардан айырмашылығы неде? Көркемдік ізденістерінде, шығарманың күллі арнасын «сверхзадачасына» бағындыруда, жалпы алғанда тұтас, кесек туынды жасауда тапқан жаңалықтары немесе түрлік тәсілдері бар ма? Бар болса, олар қандай жаңалықтар мен тәсілдер? Әлде, осылардың қай-қайсысы да тарихи фактілер мен деректерден аса алмай қалған ба?

Мәселенің басын ашып, нақты-нақты дәлелдермен, дәйектемелермен айтқан орынды болатын еді. Әйтпесе, «Әбіш Кекілбаев кей тұстарда тізгін тарта алмай қалған, немесе ана бір жерінде өз ойына өзі тұсау салған», – деген сөз айтуға ғана оңай. (Ал кез келген шығарма иесі өз туындысының стихиясын өзгеден гөрі өзі тәуірірек білсе керек. Әйтпесе, қазір кейбіреулерге айтқызсаңыз, мәселен, «Война и Мир»-дің тең жартысын қысқартса да, Толстой ештеңеден ұтылмас еді» деушілер бізден табылады). Немесе «Шерхан Мұртаза «Қызыл жебе» романының үшінші кітабы «Жұлдызды көпірде» бұрынғы екі кітабындағыдай еркіндіктен айрылып, фактологиялық материалдарға көбірек жүгінген. Кей тұстарда

протоколдық дәлдікпен сөйлегенмен, көркемдік жағы кемшін түсіп жататын жайлары бар», – деген пікірге келсек, біріншіден, фактологиялық материалдың немесе сол материалды берудегі протоколдық дәлдіктің кейде оқырманға «авторский вымыселден» әлдеқайда күшті әсер ететін тұстары болатынын, меніңше, Рымғали секілді білімдар әдебиетші білмейді емес. Тек, кеше осында менің Дулат досым дәл айтқандай, «нервпен» ұстап, орнымен келтірсе... Екіншіден, Тұрар Рысқұлов сияқты нақты адам туралы, партия мен мемлекетіміздің көпшілікке белгілі көрнекті қайраткері жайында шығарма жазып отырып, ойдан оқиға құрауға, ойша қақтығыстар туғызуға тағы болмайтынын да ескеру керек еді. Осыларды ескерсе, Шерхан Мұртазаевтың «бұрынғы екі кітаптағыдай еркіндіктен айрылып, фактологиялық материалдарға көбірек жүгінуі» – автордың кемшілігі емес, қайта керісінше түрлі саяси дау-таластар мен күрделі тарихи кезеңде өмір сүрген Тұрар сынды қайраткердің күрделі образын, азаматтық бейнесін сомдауда, бұл Шерхан Мұртазаевтың көп ізденгендігін көрсететін әрі үлкен азаматтық батылдығын танытатын қасиеттері боп шығар еді. Бұл жерде гәп – автордың әрекетіне қандай көзбен қарауда. Ал енді мұның бірде-біріне соқпаса, тарихи деректер мен фактілерді дұрыс пайдалана алмаса, орнымен қолданбаса оны тағы да дәлелмен, кемшіліктерін нақты мысалмен көрсету керек еді.

Қалай болғанда да, аталған шығармалар: жақсы болса – несімен жақсы; жаман болса – несімен жаман? – деген мәселе баяндамада көмескі қалды. Бұл бәлкім, жоғарыда айтқанымыздай, баяндаманың шолу сипаты басым болғандығынан шығар, бірақ Рекең талыстай-талыстай туындылар туралы бізді нақты бір пікірге, ең болмағанда өз уәжімен, тоқтатып кеткені дұрыс болатын еді.

Мен сөзімнің басында: «биылғы жыл қорытындысына арналған баяндамаларда біздің прозадан гөрі, поэзияның жолы болыңқырады-ау деп ойлаймын» деп кеттім. Сонда ойымда кеше Сәкеннің (Иманасовтың) ақтарыла, шабыттана сөйлеген сөзі тұрды. «Жаңылмайтын – жақ, сүрінбейтін тұяқ болмайды», бәлкім оның да пікірі 100 пайыз дұрыс емес шығар. Ол жайын-

да поэзияның білгіштері, қала берді мына отырған ақындар қауымы өздері айта жатар. Бірақ бір шындықты мойындамасқа болмайды: ол шындық – Иманасовтың әр пікіріне нақты дәлел келтіргендігі және дәлел келтіріп қана қоймай, соған тындаушы жұртшылықтың, мына отырған күллі қауымның көзін жеткізе білгендігі, иландыра алғандығы! Иландырып қана қоймай, әдебиетіміздің жақсысына да, жаманына да енжар қарай алмайтынын, бұл ретте ешкіммен, ешқашан ымыраға бара алмайтындығын ашық сездіргендігі болды. Мұны құптау керек, жолдастар! Қазір біразымыз салқынқанды ғана емес, салқын ойлы да болып бара жатқан мынау тұста ағынан жарыла, ақтарыла сөйлегендерді сағынатын болдық! Таяуда ғана газетке шыққан бір мақаласында жас сыншы жігіт маған: «Қажығали Мұханбетқалиев өзінің әдебиет жайындағы пікірлерінде (әсіресе эпитеттерді қолдануда) ұстамдырақ болғаны жөн болар еді», – депті. Пікіріне құлдық! Бірақ менсіз де «алайда», «дегенмен», «әйтсе де» деп күңгірт сөйлеушілер жеткілікті шығар. Жалпы, әдебиет туралы сөйлегенде, қателессең де қуанбай-шаттанбай, күйінбей-сүйінбей, бір сөзбен айтқанда, жаның ауырмай сөйлеу дегенге бір түрлі түсінбеймін; шынымды айтсам, түсінгім де келмес еді. Сәкен сөзін осы ретте қайта-қайта естеріңізге салып отырғанымның бір себебі де осы. Екіншіден, пікір атаулының қай-қайсысы болмасын, не туралы айтылса да, бір ізді болуы, ақырына дейін берік тұтынар айнымас ой қорытындың болуы – принципіальды мәселе, жолдастар.

Ұлы ақиқаттарды қайталап айтқаннан, шындықтың құны кеміп қалмайды, кеше Сәкен де бір сөзді келтіріп еді, мен де қайталап айтайын: «Платон – менің досым; бірақ ақиқат одан да қымбатырақ» демекші... Кеше осында өзінің ой түйіндеулері де, теориялық негіздеулері де, творчестволық тәжірибесінен түйіндегендері де мол екенін дәлелдеген тым жақсы баяндамасында, менің Дулат досым, мәселен, ақырына дейін принципіальды болды деп айта алмаймын.

Неге? Қалайша?

Дулат өзінің бір сөзінде Қаназов деген автордың шығармасы жайлы айта келіп, оның повесіндегі «Қайдағы бір Тоғанас

дегеннің қара жорғасында менің шаруам қанша? Оқырманның шаруасы қанша?» – деген пікір айтты. Жарайды! Қара жорғада шаруасы болмай-ақ қойсын! Жалпы, жылқы атаулыда шаруасы болмай-ақ қойсын! Онда неге «қоянкөкте» шаруасы болады?! Мен бұл жерде Қабдеш Жұмаділовтің «Сәйгүліктер» повесін жақсы-жаман дегелі тұрған жоқпын. Бұл повесть маған да ұнаған. Кітап болып шықпай тұрып, «ҚӘ» не үзіндісін де қуана-қуана басқанбыз.

Мәселе – принципте! Қайдағы бір Тоғанас дегеннің қара жорғасында шаруасы жоқ Дулаттың, өз сөзімен айтқанда, қайдағы бір Қоянкөкте неге шаруасы болады? Осы да принциптілікке жата ма? Жалпы, анада менің шаруам қанша? Мынада менің шаруам қанша? – дей берсек, бәріне де «Ну, что ж?» деген көзқараспен келер болсақ, онда қасқыр мен қаншық иттің ұйығуынан туған қайдағы бір Ақ азу деген қасқыр-итте менің қанша шаруам бар? Немесе әлем әдебиетіндегі Джек Лондонның осы «Ақ азуы» тұрғанда, Көксерек деген қасқырдың бөлтірігінде менің шаруам қанша? – Ну, что ж? – деп кете береміз бе? Бүйте берсек, бара-бара: «Өз ошағымның басы аман. Қайдағы бір Каренин деген біреудің Анна деген әйелінің өзінен жастау біреумен ойнас болып кеткенінде менің шаруам қанша?» – деп қол сілтеуге дейін баруымыз мүмкін ғой. Сонда мәселе адам түсінбес абсурдка дейін бармай ма?!

...Енді әңгімелер туралы баяндамаға мен арнайы тоқтап, бір-екі ауыз сөз айтсам ба деймін. Баянғали Әлімжанов сөзінің басында: «әңгіме – прозаның барлаушы жанры ғой»... дегенді айтты. Және жай айтып қана қойған жоқ, сөз арасы ғып, «ол солай екені даусыз ғой» дегендей, жұртқа әлдеқашаннан мәлім, көпшілік мойындаған пікірді айтып тұрғандай етіп айтты.

Жоқ, жолдастар! Бұл пікірдің дәл еместігін, мен бұрын да айтқанмын, тағы да қайталап айтам. Өйткені «барлаушы жанр» дегеннің аржағында: «Иә, әңгіме – тақырыпты тап ба-сады; қоғам өміріндегі өзгерістер мен жаңа лепті жіті аңғарып, байқағыштық танытады; сол өзгерістер мен жаңалықтарға басқа жанрлардан бұрынырақ барлау жасайды. Бірақ... Иә, бірақ түбегейлі қазбайды ғой» деген сияқты ұшқары пікір тұр.

Біздіңше, бас-аяғы бүтін әрбір дербес көркем туынды сияқты, әңгіме де өз проблемасын өзі қояды, өзі түбегейлі қазады, өзі шешеді. Солай болған да, бола береді де. Әдебиетте оған мысал жеткілікті-ақ. Мәселен, Лев Толстойдың «Севастополь әңгімелерін» сол бір аласапыран күндердегі оқиғаларға «көркем прозаның шағын түрінің шұғыл барлау жасауы ғана еді» деуге кімнің аузы барады?! Севастополь оқиғаларына байланысты қаншама повестер, романдар жазылды, бірақ солардың бірде-біреуінде тап осы әңгімелердегідей терең толғаныс, тап осы бір әңгімелердегідей жан дүниенді дүр сілкіндірер сұмдық картиналар жасалды ма? Тіпті осы әңгімелерден басқа, Севастополь оқиғалары жөнінде еске түсетін айтулы шығармалар қалды ма? Немесе творчествосының дені әңгімелерден тұратын А.П.Чеховты қайтесіз?! Ол да тек өмір бойы «барлаушы жанрда» ғана қалған жазушы бола ма?! Тағы да жоқ! Осы мысалдардың өзі-ақ шағын жанрдың шалқар көкжиегін танытса керек. Әңгіме дегеніміз – тың тақырыптарға барлау жасаушы жанр ғана емес, сөз өнерінің күллі көркемдік құралдарын пайдалана отырып, өзі қозғаған проблемасын өзі шешетін дербес жанр, жолдастар!

Біздің айтып тұрғанымыз, бір қарағанда, ежелгі де ескі ақиқаттарды тәптіштеу болып көрінуі мүмкін. Бірақ жұртқа жаңсақ пікір айтылып қалған жерде, тағы да қайталамасқа болмай тұр.

Баянғали әңгімелердің тіліндегі түйткілдер туралы жақсы айтты. Жалпы, тіл туралы мәселеге біз жиі-жиі айналып соғып отырғанымыз дұрыс. Өйткені етікшінің бізі, ұстаның балғасы мен төс темірі секілді, тіл – біздің қолымыздағы ең басты құрал. Ал басты құралдың бабында болуы – шеберлік ұштаймын деген кісіге әрқашан қажет нәрсе. Дегенмен, шығарманы талдау – тек тіл мәселесімен шектелмесе керек. Мәселен, Баянғали Әлімжанов әңгімелердің көркемдік-идеялық қасиеттеріне талдау жасаудан гөрі, бүгінгі әңгімеде не бар, не жоқ дегеннен гөрі, әңгімелердің сюжетін айтып кетуі, сол арқылы оның көркемдік қасиетін ашпақ болуы – сәтті бола қойған жоқ. Әрине, алғашқы жасаған баяндамасы, «көш жүре түзелер». Бірақ жаңсақ пікір

айтудан сақтанған жөн. Жаңсақ емес десең, өзін сеніп тұрсаң, пікірінді дәлелде! Мәселен, кеше ол ажал аузындағы адамның жан азабы мен тән азабын қатар суреттеген жерді «натурализм» деді. Несі натурализм!? Егер ажал аузындағы адамның арпалысын жазу – натурализм болса, онда Лев Толстойдың «Смерть Ивана Ильича»-сы, Стефан Цвейгтің «Закат одного сердца» да натурализм шығар. Әлде оның бірін Толстой, екіншісін Цвейг жазғандықтан натурализм емес те, «Ақырғы күнді» қазақ жазушысы жазғандықтан натурализм бе? Пікірдің принципиальдылығы дегенде, мен осындай жайларды айтпақ едім.

Иә, пікіріміз қу түлкінің құйқылжыған құйрығы емес, нақты да айқын, барынша дәл болса екен.

## **А.С.ПУШКИН ПРОЗАСЫНЫҢ АУДАРМАСЫ ЖАЙЫНДА БІРЕР ПІКІР**

Біздің қолымызға тиген, баспаға әзірленіп жатқан бұл кітап, негізінен, 1975 жылы «Жазушы» баспасы шығарған А.С.Пушкин шығармаларының қазақша екі томдығының 2-томына енген дүниелерден тұрады екен. Әрине, ол кезде де бұл аудармаға пікір айтқан, аудармашылардың жетістіктеріне талдау жасаған рецензенттер болған шығар. Бірақ олардың ой-түйіндеулерінен біз бейхабармыз. Сондықтан пікірлеріміз сәйкес келсе де, келмесе де, шама-шарқымызша өзіміздің көзқарасымызды білдіріп көрелік.

Қай халықтың әдебиет тарихына қарасақ та, аударма мәселесі үлкен орын алатын, таласы мен тартысы көп, шытырман мәселе. Аударма жөнінде қанша сын мақалалар жазылып, баяндамалар жасалып, теориялық талай толғау, топшылау айтылса да, пікір таласы, ой жарысы біткен жоқ, жуырманда бітетін түрі де көрінбейді. Сондықтан бұл тұста біз де өз пікірімізді бірден-бір дұрыс айтылған, абсолютті пікір деп есептейміз. Алайда жалпы жұрт ден қойған, бұрынғы-соңғы классиктердің бәрі

де мойындаған бір шындық бар. Ол: «Аударма бізге неғұрлым аударма болып көрінбей, өзіміздің төлтума шығармамыздай болып көрінсе, онда оның солғұрлым тамаша болғандығы», – дейтін пікір. Пушкин шығармаларының қазақша аудармасына өз көзқарасымызды білдіргенде, біз де осы қағиданы басшылыққа алғанды жөн көрдік.

Сонымен, «Иван Петрович Белкин марқұмның хикаяларын» құрайтын: «Атыс», «Боран», «Табытшы», «Бекетші», «Шаруа қызы – бикеш» әңгімелері мен «Дубровский», «Капитан қызы» повестерінің қазақшалануы қалай? – деген мәселеге келсек, алдын ала айта берелік: еш қысылып-қымтырылмай, негізінен, сәтті аударылған деп бағалауға әбден болады.

Бәлкім, баз біреулер: ешқандай дәлел келтірмей жатып, сәтті аударылған дейтіні несі? – дер. Оған жауап көп. Кітаптың кез келген бетін ашып жіберіп, кез келген абзацтан оқи жөнелсеңіз, бұған көзіңіз анық жетеді. Ал, оның бәр-бәрін мысал ғып келтіріп жату мүмкін емес – онда тұтас кітапты басынан-аяғына дейін көшіріп шықпағанмен, көшіріп шығуға жуықтап қаласыз.

Дегенмен, «Несімен сәтті?» деген сауалға сырғақсымай жауап берсек, аударманың қадір-қасиетін топтап айтқанда, ойтүйіндеулер мынадай сала-салаға келіп тірелері сөзсіз.

Біріншіден, бұл кітап жоғарыда айтқанымыздай, аударма секілді емес, кәдімгі өзіміздің төлтума шығармамыздай оқылады.

Екіншіден, аудармашылар Пушкин шығармаларының рухын түсіне, көп жағдайда текст пен подтекстке мән беріп, ұғып аударған.

Үшіншіден, түпнұсқаның көркемдігін кемітпей, ақындық шабытпен аударылған беттер кітаптың өн бойында мол кездеседі.

Төртіншіден, Пушкин прозасының интонациясы, «ішкі өмірі», образды ойлау жүйесі, негізінен, толық сақталынған.

Бесіншіден, қаншама жақсы қазақшалана тұрса да, шығарманың ұлттық өрнегі, ұлттық ерекшелігі жойылып кетпей, орыс қоғамының әртүрлі әлеуметтік топтарының бейнелері – қаймағы бұзылмастан жеткізілген.

Ең соңында айтарымыз: «Орыс тіліндегі әдебиеттің туысқан халықтарымыздың тілдеріне аударылуы – сол халықтардың да тілдерін байыта, дамыта түспекші; аударма арқылы орыс тілінің ойлау формасы, сөз мәдениеті және бүкіл әдебиеттік өнегелері біздің халықтарымыздың тілдеріне бірте-бірте сіңісіп, қалыптаса бермекші. Тек сондай жол арқылы ғана әр халық өзінің әдебиет тілін толықтырып, өркендете түседі...» – деп Мұхаң (Мұхтар Әуезов) атап көрсеткендей, бұл аударма да, Пушкин прозасының аударылуы да, біздің көркем про-замыздың сөз мәдениетін, ойлау жүйесін кеңейте түсетіні дау туғызбаса керек.

\* \* \*

Жақсы нәрсенің өте жақсы болғаны; өте жақсының мінсіздікке дейін жетуі – өнер атаулыға қойылар мәңгілік талап екенін ескерсек, Пушкин прозасының мынау әп-әсем аудармасына да айтылар тілек аз емес. Бағанадан бері «сәтті аударма» деп, соған жұрттың көзін жеткізуге қаншалықты күш жұмсасақ та, (әрине, аударманың қадір-қасиеті солай дегізген-ді), байқампаз жұрт біздің сөзіміздің арасында: «көп жағдайда», «негізінен» деген қыстырмалар бар екенін аңдаған да болу керек. Енді сол қыстырма сөздердің неге айтылғанына аз-маз тоқталғанды жөн көріп отырмыз.

Жақсы кітаптың жұрт қолына іші-тысы бірдей жақсы күйде жеткені – қашанда үлкен мұрат қой. Осы тұрғыдан келсек:

Біріншіден, аударманың әлі де дәлдеңкірейтін, қырғаңқырайтын тұстары баршылық. Мысалы, «Рассеянные жители столицы» деген тіркес – «жаңғалақ астана адамдары» (16-бет); «Бурмин, с Георгием в петлице и с интересной бледностью» деген тіркес – Георгий кресін таққан, әдеміше аққұба Бурмин...» (39-бет); «буйные его увеселения» – дархан думандары» (97-бет); «порывы пылкого своего нрава» – ұшқалақ мінезіне» (9-бет); «на своем собачьем языке» – өздерінің ит дәстүрінше» (99-бет); «Мы на свое житье, – сказал он, – благодаря бога и барина, не жалуемся...» – «біз, құдайға шүкір, байекеңнің арқасында тұрмысымыз жаман деп ешкімге шағына алмаймыз» (100-бет), – делініп үстірт, жайдақталынып аударылған.

Екіншіден, сөз қалып қойған, ағат аударылған жерлер де бар. Мысалы, «Матушка была еще мною брюхата, как уже я был записан в Семеновский полк сержантом, по милости майора гвардии князя Б, близкого нашего родственника» деген сөйлем – «Жақын туысымыз гвардия майоры, князь Б-ның жәрдемімен мен Семенов полкінің сержанты болып жазылдым» (197-бет) делініп, әлі анасының құрсағында жатқан кезде екендігі мүлде айтылмай кеткен. Осыдан келіп, 221-беттегі: «Анамның құрсағында жатып гвардия сержанты болып ем!» деген сөздің мәнісі ұғынықсыз болып қалған. Сондай-ақ: «сплеснул руками» деген тіркес – «алақанын бір соқты» (208-бет) болып; «по тогдашним ценам» деген тіркес – «сол күнгі бағамен» (209-бет) болып; «... нашивал синюю заплату на локоть зеленого мундира» деген тіркес – «көк мундирдің тозған шынашағына жасылдан жамау жапсырып...» делініп, (223-бет), (дұрысы: «жасыл мундирдің тозған шынтағына көк жамау жапсырып» болуы керек), қате аударылыпты.

Үшіншіден, баспа қызметкерлерінің салақтығынан кеткен едәуір ақаулар бар. Мысалы, 13-беттегі «кешінде карта, арак» дегеннен кейін нүкте қойылып, әскердің құпия мекен-тұрағын көрсететін үш жұлдызша сол нүктеден кейін түсуі керек. 29-беттегі «аңсары» деген сөз – «аусары», «хауыздың» деген сөз – «әуездің» (10-бет), 46-беттегі «берген» деген сөз – «бірген», 47-беттегі «Шульцтің» – «Шульцтің», «өлімтікке» – «өлікке» (50-бет), «аулақ-аулақ» (67-бет), түрмеге – түрмедегі (209-бет), «көрінбейтін» – «көрінбейтін» (214-бет), тыжырыныңқыранып – тыжырыңқыранып (215-бет), даланы – шаланы (218-бет), тыжырынғанына – тыжырына (220-бет) орнында-орнымда (225-бет) болып, (соңғылары қате) басылған.

Сондай-ақ «Атақты 1772 жыл бұларды екі айырып жіберді, княгиня Дашкованың туысы Троекуров өрге өрлеп кетті» (98-бет) деген сөйлемдегі жыл саны дұрыс көрсетілмеген. Дұрысы: 1762 жыл болуы керек. Аудармашылар қай түпнұсқаға жүгінсе де – қате. Өйткені сол түпнұсқа ретінде алған кітаптың өзінде «опечатка» болуы мүмкін. Соған жүгінгендіктен де: «1772 жыл атақты Екінші Екатеринаның таққа мінген жылы» делініп, түсініктемеде қате жіберілген.

Қате жіберген дейтін себебіміз: 1) Орыс тарихынан азмаз хабары бар адам – Екатерина II інің 1762 жылы 27 июньде таққа отырғанын анық біледі. 2) Сарай төңкерісінде жеңіп шыққандар жағында – Дашкова да болғаны тағы да тарихтан белгілі. «Княгиня Дашкованың туысы Троекуров өрге өрлеп кетті» деп А.С.Пушкин тап сол сарай төңкерісі болған жылды күлбілтелемей анық көрсетіп отыр. 3) Бұған қоса, 1963 жылы «Худ. лит» шығарған Пушкиннің проза кітабына алғы сөзінде, белгілі пушкиновед В.Сквозников: «В черновой рукописи Пушкина 1762 год прямо обозначен» деп көрсеткен. Сондықтан бұл ақау жөнделуге тиіс.

Редактордың мұқият қарауынан қағыс қалмаса, оп-оңай жөнделетін мұндай кемшіліктер түзелсе, А.С.Пушкин прозасының аудармасы қайта басып шығаруға әбден жарарлық деп білеміз.

## НЕ ЖАЗСАҚ ТА, БІЛІП ЖАЗАЙЫҚ...

(1-мақала)

Қазіргі қазақша газет-журналдарды оқып отырсаңыз, орашолақ сөз тіркестері мен сөйлемдерді былай қойғанда, мәнісін білмей орынсыз қолданылған сөздердің өзі ана жерден де, мына жерден де жиі ұшырасатын болды. Бұрындары баспасөзде бір сөз қате қолданыла қалса, соның өзіне Ғабит Мүсірепов сияқты белгілі сөз зергерлерінен бастап, Мәлік Қарағұлов секілді жөн білетін қазақтың қалам ұстаған қатардағы қарияларына дейін аттан салып жатушы еді. Бүгінде оның бірі жоқ. Бәрі қалған.

Қадірі қашқан сөз өнерінен гөрі, қарны ашқан бозөкпелерінің жайына алаң жұрт ондайға мүлде сүлесок. Сөздің «басы жарылып, көзі шығып» жатса да, селт етер емес. Ешкім үндемейді. Көрмей ме, көрсе де көрмеген бола ма, кім білсін? Дегенмен... «қателікті көріп тұрып айтпаған – күнә!» дейді пайғамбардың хадисі. Сондықтан әлдебіреулер аузын бағып үндемеген екен деп, көзіміз көргенді айтпай қалып, ертең Құдай

## Шығармалары. Екінші том

алдында күнәһар болмау үшін, сондай бір жаңсақтық жайында әріптестерге әңгіме етуді парыз санадық.

..Заман өзгергелі не көбейді – ұрлық көбейді ғой. Әсіресе, ауылдық жерде күнкөрістің жалғыз көзі – мал болса, сол малды ұрлау жаман әдетке айналғаны туралы қазақша газеттер ашына жазуда. Бәрі дұрыс, жөн-ақ.

Тек... бір айып жері бар. Мал ұрлағандар туралы айтылса болды, материалдардың тақырыбы ылғи «Барымташылар... өйтті», «Барымташылар... бүйтті» боп келеді. Керек десеңіз, «Барымташылар бас еркінен айрылды» деп багтитып тақырып қояды. Өкініштісі – біріншіден, «ұрыларды» «барымташылармен» шатыстырса, екінші қателік – дәл осылай деп тақырып қойып, баспасөзге материал беріп отырғандар заң-зәкүннен хабары жоқ әлдебіреулер емес, бірі – Алматы облыстық прокурорының аға көмекшісі де, екіншісі Алматы қалалық прокурорының аға көмекшісі, кәдуілгі кәсіби заң қызметкерлері екендігінде болып отыр.

Бұл жерде «Барымташы оққа ұшты», «Барымташы, байқа» деп тақырып қойған өзге авторлар туралы тіпті сөз қозғап та отырған жоқпыз.

Құдай-ау, бұл қайдан келген барымташылар, қай заманның барымташылары? – деп әлгі материалды оқып кеп қалсақ, барымташы деп отырғандары – кәдімгі ауыл арасының ашкөз ұрысы! Сонда бұл не? Білместік пе, әлде сөз мағынасына сүлесөк қарап, мән бермеушілік пе? Ағайындар-ау, қай заманда қазақ ұрлық пен барымтаны шатыстырып еді?! Ұрлықтың аты – ұрлық та, барымта – барымта еді ғой, «Ұзында – өшің, қысқада – кегің» болмаса, жымысқыланып барып біреудің жалғыз атын жетектеп әкеткенің де, немесе бойдағы қайраттың буы шыдатпай біреудің мың жылқысын қуып әкелгенің де – ұрлық емес пе еді?! Ал ұрлықтың аты – қашанда, қай халықта да (соның ішінде қазақта да!) ұрлық! Кісіге жасалған үлкен қиянаттың бірі. Ондай ісінді өзге түгіл өз ағайының қуаттамайды, айыптайды.

Барымта болса – оның жөні мүлде бөлек. Барымта – қазақ ұғымында, әлдекімнен жәбір көрген жеке адамның немесе

оның руластарының сол жәбірлеушіден кек қайтару үшін немесе ұрланған малдары мен көрген жәбірлерінің есесін алу үшін жасайтын әрекеті. Соның өзінде, қазақтың әдет заңы бойынша, жәбір көрген немесе шығынға ұшыраған адам (яки оның руластары) алдымен жәбірлеушіге немесе оның руластарына барып, жай-жағдайды сол елдің ақсақалдарына айтып, мал-мүлкін қайтаруды, шыққан шығынның орнын толтыруды және соның айыбын қоса төлеуді талап ететін болған. Бұндай әрекеттерінен нәтиже шықпайтынына көздері жеткенде ғана барымтаға жол берген. Ал егер жәбір көрген адам (яки оның руластары) бұл шартты сақтамай, бірден барымталаса, олардың өздері де айыпты деп есептеліп, екі жақтың талабы өзара кешіріммен аяқталуға тиіс болған.

Көріп отырсыздар: жымысқы ұры ма, желікбас ұры ма – ұрыны өзге түгілі, өзінің бауырлары мен тума-туыстары да ұры деп есептесе, «бізді ел-жұртқа маскара қылды» деп айыптаса; барымташы – намыстың құлы, аяққа басылған ардың жоқшысы болғандықтан, оны айыптамау, қылмыскер деп есептемеу былай тұрсын, күллі ағайын-аумағы соның тірегіне, сүйеушісіне, қолдаушысына айналады. Күллі қоғамдық пікір де соның жағында. Осыдан-ақ ұры мен барымташының айырмасы жер мен көктей екені көрініп тұрған жоқ па?

Қазақтың әдет заңын көп зерттеген А.Левшин, Н.Гродеков секілді орыс зерттеушілері де, Д.Андре, Л.Ф.Баллюзек сияқты патшаның офицерлері мен генерал-губернаторлары да барымтаның ұрлық еместігін, ал барымташының ұры еместігін баяғыда-ақ байқаған, солай деп жазған да. «...Для того, чтоб набег мог быть назван барантою (барымта) требуются чтобы: 1) отправились в путь днем, а не ночью, 2) открыто объявили этот набег барантою, 3) он имел целью получение удовлетворения за какой-нибудь ущерб, воровство, убийство, отнятие невесты или жены, обиду и т.д. Баранта производится еще в том случае, когда ответчик не позволяет взыскать с него присужденное бием», – дейді Н.Гродеков. (Н.И.Гродеков, «Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области», Ташкент, 1889., 1; 171-б..)

*«Побывав везде и у всех, кто может иметь малейшее влияние на вора и видя в одних нежелание содействовать, а в других действительную невозможность помочь, обиженный и пострадавший киргиз, утомленный и раздраженный бесплодными искательствами, берется наконец за единственное и последнее средство – своевольную разделку с воров посредством угона у него, или у покровительствовавших ему родовичей скота, каковой угон и называется барантою, которая, как единственный и естественный исход вышеприведенного безначалия и отсутствия всякой власти, обязанной заботиться о доставлении обиженному удовлетворения, – не возбраняется последнему обычаями...»* – деп жазады Торғай облысының әскери губернаторы, генерал-лейтенант Л.Ф.Баллюзек. (Қараңыз: «Материалы по казахскому обычному праву, опубликованные военным губернатором Тургайской области Л.Ф.Баллюзеком в 1871 г.», АН КазССР, Материалы по казахскому обычному праву Т.1, Алматы, 1948, 199-б.).

*«Барымту ни в коем случае нельзя смешивать с грабежом вообще, как это постоянно рисуется в большинстве публикуемых документов. Так же неправильно рассматривать барымту в разбираемый период в Казахстане (1783–1797 ж.ж. Сырым көтерілісінің кезеңін айтып отыр. – Қ.М.) в качестве института обычного права, так как в этот период в оболочку барымты завуалировывались как внутри-феодалные столкновения, так и нападения на казахские аулы, организуемые представителями пограничной администрации»,* – дейді М.П.Вяткин де. (Материалы по истории Казахской ССР (1785–1828 г.г.), Т. IV, 483-б.).

Өзге ұлт өкілдері осылай деп отырғанда, біздің өзіміз – қазақтар, оның ішінде көзі қаракты деген қазіргі заң қызметкерлері – ұры мен барымташының бірінен-бірінің айырмашылығы жоқ қылмыскерлер етіп көрсетуіміз қалай? Жоғарыда лауазымы көрсетілген екі заң қызметкері баяғы заманның билері болса, сөйте тұра ұрыны барымташымен, барымташыны ұрымен шатастырып отырса, соңынан ел-жұрттың бетіне қалай қарамақ?! Жә, ұрыны қалай жазаласа да, жазалай берсін-

ау, ал жәбір көріп, жаны күйгендіктен атқа қонған барымташы байғұсты ( егер ол шынында әділдік қуған, зорлыққа қарсы бас көтерген нағыз барымташы болса) бас еркінен айырып жіберсе, заң алды түгіл, Құдай алдында қарабет болмай ма? Облыстық прокурор мен қалалық прокурордың аға көмекшілері өздерінің мақалаларына ат қоярда осыны неғып ескермегеніне қайран қаласың.

Айта берсек, мұның аржағында да үлкен мән жатыр. Өйткені, күні кешеге дейін даярланып келген болашақ заң қызметкерлеріне жоғары оқу орындарында ешқашан қазақтың әдет заңдары да, мұсылман ретінде дін заңдары да, яки олардың тарихы да оқытылған емес. Сондықтан намысқа шапқан қазақты шетінен ұры, барымташы деп, жеккөрінішті етіп көрсетуге тырысқан империялық саясаттың салқыны әлі күнге сананың түкпірінде сыз болып қалған. Әйтпесе, ар-намысын аяққа таптатпаймыз деп жүріп абайсызда адам өлтіргендерді де ақтайтын бүгіндегі өркениетті елдердің заңы сияқты, бұрынғы қазақ қоғамында да (жетесіз бір жасық неме болмаса) аршыл, намысқой адамның өз адамгершілігін күш қолдану арқылы да қорғау құқығының болғандығын; оның заңды деп есептелетін де, заңсыз деп есептелетін де нысандары барлығын; соның заңдысының біріне – барымта жататынын қазіргі қазақ заңгерлері білер еді ғой. Өйткені, қазақтың әдет заңдарында мұндай жөн-жосықтың болғандығын оны зерттеген патша шенеуніктерінің өзі өткен ғасырда-ақ байқаған және пәлендей теріске шығармаған да. Мысалы, Семей облыстық статистикалық комитеті 1886 жылы жарияланған «Қазақтың әдет заңдарына қатысты материалдарда» былай делінеді: «...Обстоятельства, служащие у нас (Ресейдің заңдарын айтып отыр. – Қ.М.) основаниями для проведения различия между разными преступлениями... выделяется у киргизов в самостоятельное преступление... Зато у киргизов существует другое деление, сохранившееся лишь в незначительной степени в законодательствах западных народов, это – деление похищения на дозволенное, непреследуемое и на недозволенное. К первому относится прежде всего баранта, как самоуправное осуществление своего

Шығармалары. Екінші том

права»... (Материалы для изучения юридических обычаев киргизов, вып.1, раздел 4, 287-б.).

Қысқасы, ұрлық айыпталып, ұры жазаланатын болса, есе қайтару үшін жасалынған барымта қазақ қоғамында ешқашан қылмыс деп есептелмеген де, оған айып-жаза қолданылмаған да. Мәселен, ұры – ұрланған малды иесіне қайтарып қана қоймай, ең жеңілі – «мойнына қосақ, көтіне тіркеу» беріп, атшапан айып тартса, қылмысы ауыр болған жағдайда айбана төлеуге мәжбүр етілген.

Айбана деген – үш тоғыз (жиырма жеті) мал. Жай ғана үш тоғыз емес, оның түйе бастатқан тоғыз, ат бастатқан тоғыз, тоқал тоғыз дейтін түрлері және болған. Ал барымташы айдап келген малы шамадан тыс көп болып кеткен жағдайда ғана, құлаққа – құлақ, тұяққа – тұяқ қайтарғаны болмаса, одан артық тышқақ лақ та төлемеген. Осының өзінен-ақ ұры мен барымташы заң тұрғысынан қарағанда да мүлде бөлек тұлғалар екені анық байқалады.

Басқасын былай қойғанда, ұры атаулыға жұрт жиіркене қарап, нәлет айтуынан; ал барымташыға кез келген кісі көкірегінде оты бар, елдің намысқой азаматы деп қарауының өзінен-ақ, бұл екеуінің арасы жер мен көктей алшақ екенін, керек десеніз мүлде кереғар ұғымдар екенін түсіну қиын болмаса керек.

Ендеше, әр нәрсені өзінің атымен атамай, ұрыны «ұры» деудің орнына – «барымташы» деудің немесе намыстың құлы барымташы байғұсты нәлет ұрыға теңеудің еш қисыны жоқ. Өйтсек, сөзге ғана қиянат жасап қоймаймыз, берісі – өзінің арнамысы үшін, әрісі – есесі кеткен ағайын-қарындастың намысы үшін шауып, барымтада бастары қалған небір арлы азаматтар мен жайсаң жігіттердің аруағын тебіrentкен боламыз. Құдай оның бетін әрмен қылсын!

\* \* \*

Қазақша басылымдардағы осындай қателіктердің қырсығы онсыз да тілді шала білетіндерді одан әрі шатыстырса, тырнақ астынан кір іздеп жүргендерге тіпті таптырмайтын олжа болып отыр.

Таяуда орысша шығатын «Караван» газетінен кәдуілгі қазақша тақырыппен берілген «Барымта» деген шағын хабарды көріп, еріксіз оқуыма тура келді. Сөйтсем... Шортанды ауданының Ережепов, Жетпісов деген желікбас жылқышылары әлдеқандай фирманың жетпістен астам жылқысын бір түнде түре қуып әкетіпті де, біраз күннен соң қолға түсіпті.

«Конокрадство у казахов издавна называлось «барымта». Но какое бы название ни было у этого древнего промысла, суть остается преступной – кража чужого имущества», – деп «Караван» сайрап тұр. (Караван, 25.07., 13-б.).

Әлгілер енді заң алдында жауапқа тартылмақ екен.

... «У предков – казахов все было гораздо проще: ты мне барымту учинил, я – тебе, вот и квиты», – деп «білгішсінеді» және.

Бар-жоғы екі абзац материалда автор өзі жіберіп отырған өрескел қателеріне қарамай, басқа жұрттың атына заһарды аямай-ақ төгіпті. Кекесіні – кермектен жаман!

1)... «Конокрадство у казахов издавна называлось «Барымта» ... деп тантиды салғаннан. Жылқы ұрласа бітті – ол «барымта» боп есептеледі дегенді автор қай атасынан естіпті? Қайталап айтам, қай заманда қазақ ұрлықты барымтамен, барымтаны ұрлықпен шатастырған екен? Қайдан оқып, қайдан көріпті оны автор? Қате түсінікті ауру бастан сау басқа көшіру кімге қажет?

2)...«Но какое бы название ни было у этого древнего промысла» – деп жалғастырады және. Өзі «ұрлық» деп түсініп отырған нәрсені бүтін бір халықтың «ежелгі кәсібі» секілді етіп көрсетудің авторға не қажеті болған? Жалпы, «ежелгі кәсібі» – ұрлық болып саналатын халық жер бетінде, сірә бар ма екен?! Оны былай қойғанда, тіпті барымтаның өзі – кәсіп емес қой, құрметті автор-ау! Кісі барымтаға жетіскеннен аттанбайды. Адамдық ары мен намысы, қадір-қасиеті аяққа тапталмасын деп аттанады.

Егер біздің сөзімізге сенбесе, автор жоғарыда аттары аталған орыс оқымыстыларының; ал, оларға да сенбесе – тіпті патша үкіметі шенеуніктерінің басқа да деректерін қарасын деп, орысша үзінділерді әдейі аудармай бердік.

3) «... суть остается преступной – кража чужого имущества», – дейсіз. Біреудің мал-мүлкін ұрлау – қылмыс екені рас. Бірақ «барымтаны» ұрлық деп кім айтты? Қайта, керісінше, барымта ұрлық емес екенін патшаның шенеуніктеріне дейін мойындағанын және солай жазғанын әлгінде айтқан жоқ па едік.

Осының бәрін білмей, дұрыс-бұрыстығына көз жеткізбей тұрып, құлаққа шала тиген бірденені желпілдетіп-желкілдетіп ала жөнелуге бола ма? «Өзің білме, білгеннің тілін алма» деген – қарғыстың ең жаманы дейді біздің қазақ. Тым құрыса, білмегенді сұрап алуға болмас па!?

Оның үстіне, автор (Зәуре Жұмалиева. – Қ.М.) өзі қазақ емес, кісіге ұқсап, «У предков – казахов...» деп, құдды әлдебіреулердің ата-бабасы туралы айтып отырғандай-ақ кергіп сөйлейді. Бұл не сонда? Бір-екі ауыз орысша білдім деп, «қағынан жеріген құландай», өз халқынан іргесін аулақ салып шыға келу ме, әлде... жұрт айта беретін әлгі «мәңгүрттік» деген осы ма?!

Қалай болғанда да, мұның негізінде шалағайлық пен білместік жатқаны кәміл. Ал білмегенді – білсем деу, кемістігін түзету – кісіге қашанда кеш болмаған.

Не айтсақ та, не жазсақ та, біліп айтайық, біліп жазайық, ағайын!

*«Қазақ әдебиеті», № 42. 21.10.1997 ж.*

## **НЕ ЖАЗСАҚ ТА, БІЛІП ЖАЗАЙЫҚ, АҒАЙЫН!**

(2-мақала)

Бағзы заманнан хатқа түскен сөзді қасиетті санап, әлдебіреулердің ауызша айтқан әңгімелеріне риза болса, соның өзін «тура кітаптағыдай екен» деп мақтайтын; ал данышпандар айтқан даналық сөздерді тіпті көздері көріп, көңілдері сенген жалғыз кітаптың ішіндегі ақиқатты – «Құран» сөзіне балап, киелі нәрседей қастерлейтін халық кейінгі жылдары тасқа басылған сөзге деген сол сенімінен айрылып бара жатыр. Мұның

себебі – жұрттың бәрінің кенеттен көзі ашылып, сауатты болып кеткендіктен, яки бірінің білігі бірінен асып түсіп жатқандықтан емес; қайта керісінше, ана саланың да, мына саланың да өз басылымы болуы керек деген желеумен жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай қаптап кеткен кейбірі бүтін, кейбірі жарты-кеш газеттер мен газетсымақтардың не болса соны жазып, құла тасқынды қаптатып жібергендігінен болса керек.

Ендігі бір себебі – кейінгі кездері ана басылымның бетін ашсаң да, мына басылымның бетін ашсаң да, алдыңнан шыға келетін жаңсақтықтар мен дөрекі қателіктердің, «тисе – терекке, тимесе – бұтаққа» деп долбармен сөйлеушіліктің етек алуы десек, артық айтқандық бола қоймас. Ең жаман жері – ондай өрескел ақаулар ешкім елей қоймайтын ұсақ-түйек басылымдарда ғана емес, тіпті орталық газет-журналдар мен академиялық еңбектерде де жүр. Өкініштісі сол – ондайға мән беріп жатқан, «папыр-ай, мына бір жерде қате кетіпті-ау, түзету берейікші!» дейтін не баспасөз орындары немесе авторлар мүлде көрін-бейді. Соның салдарынан бұл дерт баспасөз орындарының жазылмас жіңішке ауруына айналып, әлі жалғасып келе жатыр. Кемшілік пен жаңсақтық, әсіресе, тарихқа қатысты материалдарда көп. Кезінде ондай қателердің неше түрін көріп, «осы жұрт өзі жете білмейтін нәрсесі туралы ұялмай-қызармай қалайша жазады екен?» деп талай күйіп-піскенбіз. Ыза болғанбыз. (Бір әттеген-айы, сол материалдардың қиындыларын сақтап қою керек екен, ыждағат етпейміз). Әйтсе де, сөзіміз жалаң болмас үшін кейбір нақты фактілерге жүгінейік.

Осыдан біраз жыл бұрын орталық басылымдардың бірінде «Алтын киімді адам қайда?» атты материал жарияланды. Мен халықтың жоғын жоқтаған автордың жан айқайын жақсы түсінемін. Ол – өз алдына мәселе! Бірақ... қаншама қасіретті нәрсе туралы айтып отырғанда да, шындықтан ауытқуға ешкімнің қақысы жоқ болса керек. Ал автор: «І Петр қалауынша қатал әкімдік жүргізген өз кезеңінде Ресейдің отар аймақтарынан, оның ішінде Орта Азия мен Қазақстан жерлерінен (?) табылған көне дәуірлік бағалы бұйымдарды Эрмитажға (?) жинақтауды арнайы жарлық (?) стіп бұйырады», – деп жазды.

Үстірт қараған кісіге мұнда тұрған пәлендей оғаштық жоқ секілді. Ал сәл ойланып көрсеңіз ше?!

Біріншіден, І Петр тұсында Орта Азияны былай қойғанда, Қазақстан Ресейдің отары ма еді? Ең ерте дегенде, орысқа бодан болу жөніндегі Әбілқайыр ханның хаты 1730 жылғы қыркүйектің 8-інде жазылса, соған байланысты орыс патшайымы Анна Иоанновнаның қазақтарды бодандыққа алу жөніндегі Грамотасы 1731 жылғы 19 ақпанда тапсырылса, 1725 жылы өліп қалған І Петр тұсындағы оқиғаны әңгімелеп отырып: «Ресейдің отар аймақтарынан, оның ішінде Орта Азия мен Қазақстан жерлерінен...» деп жазуға қандай негіз бар?!

Екіншіден, «көне дәуірлік бағалы бұйымдарды Эрмитажға жинақтауды арнайы жарлық етіп бұйырады» деп жазу үшін, әуелі сол Эрмитаж І Петр тірі кезде жер бетінде бар болуы керек қой! Ал Эрмитаж І Петр тірі кезде жер бетінде бар ма еді? – Жоқ еді! Оқырманға ескерте кетелік: Эрмитаж – Ескі Эрмитаж, Жаңа Эрмитаж, Кіші Эрмитаж, Қысқы Сарай, Эрмитаж театрынан тұрады. Эрмитаждың үш ғимаратының ішіндегі ең бірінші салынғаны – Кіші Эрмитаж; оның өзін Ж.Б.Валлен-Деламоттың жобасы бойынша 1764–67 жылдары II Екатерина салғызды. Ендеше, 1725 жылы өліп қалған І Петр өзі тірі кезінде жер бетінде жоқ Эрмитажға көне дәуірлік бағалы бұйымдарды жинақтауды қалайша арнайы жарлық беріп бұйырмақ?

Демек, үшіншіден, «...көне дәуірлік бағалы бұйымдарды Эрмитажға жинақтау...» жөнінде І Петрдің арнайы Жарлығы болғанының өзі автордың ойдан шығарған нәрсесі.

Осындай көзге көрініп тұрған қайшылықтарына қарамастан, бұл материалды кезінде республикалық басылым бірнеше санында жарияласа, бұдан кейін баспасөзге (тасқа басылған сөзге!) сеніміңіз жоғалмағанда қайтеді?!

Тасқа басылған сөзге деген құрметтің төмендеуіне, ең алдымен, нақты басылымдардың өздері кінәлі болса, екіншіден, олардың авторларының да өз материалдарына жауапкершілікпен қарамауы себеп болып отыр.

Мәселен, тағы бір автордың Сүйінбике жөніндегі «Қасіретті қоштасу» атты материалында: «Он жарым ғасырдан бері Сүйінбике тұлғасы әр қырынан зерттеліп келе жатса да, оның

уақыты мен өмірі терең зерделеніп болған жоқ әлі» деген тұжырымы өзіне де, осы мақаланы жариялаған газетке де абырой әпере қоймаса керек. Неге? Өйткені туғанына әлі бес ғасыр тола қоймаған Сүйінбикенің тұлғасы (ол 1515 ж. шамасында туған делінеді) қалайша «он жарым ғасырдан бері» әр қырынан зерттеліп келе жатпақ?!

Жақында республикалық басылымдардың бірінде «Ұлы ұйтқы» атты мақала жарияланды. Ондағы: «Алла амандық берсе, 10 маусымда бүкіл әлем қазақтың қандай ел, қандай халық екендігін танып-білетін болады. Оны әшекейлейтін (?) Қарасай бабамыздың 400 жылдығы (?), айбындылығымызды танытқан Аңырақай шайқасының 350 (?), қазақ мемлекеті құрылуының мерекелері ұлттық сана-сезімімізді аспандата түсері хақ» деген сөздеріне назар аударайық.

Мұндағы айтылып отырғаны – Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте қол бастаған батырлардың бірі. Ұлы жүз Шапырашты Қарасай, кәдімгі Жамбыл жырға қосатын Қарасай Алтынайұлы болса, ол XVII ғасырдың екінші жартысында туып, XVIII ғасырдың бірінші ширегінде дүниеден өткен секілді еді. Дәлірек айтқанда, (ҚСЭ-нің мәліметіне қарағанда) 1664 жылы туып, 1727 жылдың шамасында опат болған. Ендеше, оны 1598 жылы туған етіп көрсеткеннен автор не ұтпақ болғаны түсініксіз. Сондай-ақ Құдай қазақтың да көз жасын көріп, жоңғарларға қарсы ұрыста тарихи жеңіске қолымызды жеткізген атақты Аңырақай шайқасын күллі тарихшылар 1729 жылы болды десе, автор биыл «айбындылығымызды танытқан Аңырақай шайқасының 350 жылдық мерекесі» деп құдды бұл оқиға 1648 жылы өткен секілді баяндауына таңғалмасқа шараң жок.

Дүниеде бірдеңені нақты білмей тұрып, долбарлап сөйлегеннен жаман нәрсе жоқ. «Ұлы жобасы осылай еді ғой» деп үлкен дүрмекке ілесіп сөйлей беру – дүмшеліктің бір белгісі. Мұндайлардың қараны – ақ, ақты қара етіп көрсетуі де оп-оңай. Ондайдың мысалын, керек десеңіз, энциклопедиядан да тауып беруге болады. Мәселен, «Қазақ Совет энциклопедиясының» 10-томында Сырым туралы мақала бар. (ҚСЭ, 10-т., 497-б.). Сонда: «Орынбордың генерал-губернаторы Игельстромға жазған

бір хатында (Сырымды айтып отыр. – Қ.М.): «Сіздер түрлі әдістермен алдап, қолға түсірген ноғай, башқұрттар сияқты бізге де бұғалық салып, езбекші екендігіңіз белгілі» деп жазды», – деген дерек келтіріледі. «Білмеген кісі у ішеді» демекші, білмейтін оқырман осыны шын екен деп қалуы әбден мүмкін. Ал Сырым тарихын, оның істес болған адамдары мен замандастарын жақсы білетін кісі Датұлы Сырымның Игельстромға өмірі ондай хат жазуы мүмкін еместігін айдан-анық біледі. Өйткені генерал-поручик барон Игельстром Сырымның пікірін сыйлап, өзіне үнемі қамқорлық жасап, қолдау көрсеткен адам. (Оның көптеген себептері бар, бірақ таратып айтар жер бұл емес). Соған орай, Сырым да Игельстромның бастамаларын қолдап, оның ел басқару реформасына көмектеспек болған кездері бар. Сол сырттай сыйластық ел ішінің жағдайы қиындаған кезде «Игельстромды бізге қайтадан жіберуіңізді сұраймыз» деп, Сырымның патша әкімшілігіне хат жазуына да түрткі болған. Сондай адамға Сырым әлгіндей ауыр сөздермен хат жазды дегенге кім сенеді. Ондай хатты энциклопедиядағы мақала авторы қайдан көріпті? Қай құжаттан алған?

Ақиқатына жүгінсек, осындай мағынадағы хаттың бары рас. Бірақ бұл хат Игельстромға емес, Игельстром кеткен соң, оның орнына тағайындалған, қазақтарға аса қатыгездікпен қараған Сінбір мен Уфа наместничествосының канқұйлы генерал-губернаторы А.А.Пеутлингке жазылған. «Обманом желаете управлять народом», – деп жазды Сырым оған, – вы нас оными хотите довести так же, как нагайцев и башкирцов: поспешить обуздать и наложить службу...» (Материалы по истории Казахской ССР. Т.IV, №44 құжат. 139-б).

Егер екеуі де патшаның генералы ғой деп көзді жұмып сөйлей берсек, әрине, сандырақтай беруге болады. Бірақ обал, сауап деген, оларды былай қойғанда, ақиқат деген бар емес пе?! Ақиқатқа қиянат жасасақ, құдай алдында күнәһар болмаймыз ба?!

Мен бұл жерде орысша басылымдардың бетіндегі жансақтықтарға немесе оқымаған қарапайым жұмысшы адамдардың аузымен айтылған қателіктерге әдейі назар аудармай отырмын. Мәселен, жаңатастық жұмысшы жігіттің: «Біздің халқымыз

өз тарихында екі рет «елім-айлап» аһ ұрған: бірінші рет – он сегізінші ғасырдың аяғында (?), екіншісі – үстіміздегі ғасырдың отызыншы жылдарында» деген сөзін осындағы орысша шығатын айкайшыл газет бірінші бетке бадырайтып бергенін біраз адам көрсе керек. Мұндағы «бірінші рет» деп отырғаны, әрине. «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» заманы. Бірақ ол XVIII ғасырдың аяғы емес, басында болғанын екінің бірі біледі. Айтушының аузы жаңылысқанмен, газетте отырған сауатты адамдар түзеп жіберсе де болар еді ғой, алайда соған әлгі газет қызметкерлерінің өздерінің де білігі жетпеген болуы керек. Өйткені қазақ тарихында болған оқиғалардың қайсысы қаймана жұртқа қажет дейсің. Әйтеуір, өздерінің көздеген мақсатына сәйкес келгесін, айтылып отырған сөздің ішінара қатесі мен бұрыстығынан гөрі, газеттеріне қажеттігі артық көрінген де, долбарлап ұрып жіберген.

Мұндай жайттар өте көп. Оның бәрін көзінен тізіп түгесе алмайсыз. Ең болмаса, Президентіміз «Халықтың тұтастығы мен ұлттық тарих жылы» деп жариялаған биылғыдай жылы баспасөз орындары оқырмандарына дұрыс мағлұмат берсе екен, онсыз да күңгірт тартқан тарихи санамызға көлеңке түсіре бермесе екен дейміз ғой.

Осы орайда айта кететін бір жайт – өткен күндердің тәуір тәжірибелерін қайта жаңғыртатын кез келген сияқты. Бұрындары баспасөз беттерінде кеткен қателіктерге дер кезінде түзетулер енгізіліп, кейбір келеңсіз жайттарға, тіпті репликалар беріліп жататын; жекелеген басылымдардың ондай материалдарға арналған арнаулы айдарлары да бар еді. (Мәселен, «Литературная газетаның» «Заметки буквоеда» деген айдары әлі күнге көбіміздің есімізде). Сондай дәстүрді жандандырсақ, сөздің қадірі кашқан қазіргідей заманда, ауыз өзімдікі ғой деп сөйлей беретіндерге сәл де болса тыйым болар ма еді, кім білсін... Әйтпесе, қалам ұстаған ағайының көбі саясат соғып, белсенді болып кеткен бұл заманда, олардың негізгі шаруасы – сөз өнерінің серті ұмытылып, дерті асқынып кетпесіне кім кешіл!

*«Қазақ әдебиеті», 10.04.1998 жс.*

## ЖАҚСЫ ӨЛЕҢ ӨЗИ-АҚ СӨЙЛЕП ТҰРАДЫ

Қандайда бір жақсы өлеңді оқыған соң жаның рақаттанып отырып, енді соған неге риза болғаныңды, сені соншама толқытқан нендей нәрсе екені туралы ойлай қалсаң, ә дегенде ештеңенің де атын атап, түсін түстеп бере алмас едің. Тіпті едел-жедел бірдеңе айтпақ болған күннің өзінде де, ол әрекетің – өзі әлі жете ұғынып болмаған бір нәрсе туралы балалардың айта-тын әңгімесіндей, балдыр-батпақ әлдене боп шығар еді. Сондықтан, өлең жарықтық несімен жақсы екені туралы қасындағы кісіге (досына, жолдасына) ұзын-сонар әңгіме айтқаннан гөрі, бәлкім, сол өлеңді басынан аяғына дейін қайта оқып берсең, ол тыңдаушыңа да, өзіңе де әлдеқайда жеңіл тиетін шығар. Оның үстіне, кейде жақсы өлеңді түсіндіруге тырысу дегеннің өзі – оның қадір-қасиетін түсіруге айналып кетуі де кәдік қой.

Осы ретте, **А.А.Феттің «Мамыр түні»** атты өлеңін оқыған соң, оған Л.Н. Толстойдың жазған бір хаты менің ойыма оралып отыр: *«Сүйікті достым Афанасий Афанасьевич, – деп жазыпты ұлы жазушы, – сіздің хатыңызды мен ақ тер, көк тер күйімде, жұмыстан шаршап-шалдығып, тіпті балтам мен күрегімді әрең көтеріп келе жатқанымда, демек, жасандылық атаулыдан, соның ішінде әдебиет аталатын өзіміздің ортақ ісімізден де мың шақырым аулақта келе жатып алған едім. Аша салып, алдымен Өзіңіздің өлеңіңізді оқығам. Көңілім толқып, әлденеге көзіме ыстық жас тығылғаны. Үйге келген соң әйеліме оқып берейін десем, көңілім одан сайын босап, тіпті оқи алсамшы... Кісіге соншалық қатты әсер еткен осындай өлең де ертең әлдебір «Хабаршы» дегеннің бетінде қағазға басылады-ау; сосын ол әлгі бір Сухотин дейтіндердің талқысына түсіп: «Дегенмен, осы Феттің өзі... тәп-тәуір жазады, ә!» – десіп солардың жақаурататынын ойлағанда, ішің кәдімгідей-ақ удай ашиды екен».*

Шынында да, Лев Николаевич айтқандай, жақсы өлеңді (егер ол шын мәнінде ешкімді енжар қалдырмайтын жақсы өлең болса!) жалпы жұрт болып (Сухотиндерше) жабыла талқыға

салудың да, яки жата қалып жарыса мақтаудың да қажеті бар ма?! Одан гөрі өлеңнің ішіне үңіліп, сонда айтылған сыр мен мұңға әркім өзі ойша ортақтасқаны әлдеқайда артық емес пе?! Өйткені жақсы өлең әрқашан өзі сөйлеп тұрады ғой... Ал өзі сөйлеп тұрған өлең туралы сөйлеудің қажеті не?!

«Жүрегім жырға толы еді» дейтін сонау жас кезден бері өлең туралы ұстанып келе жатқан принциптерімнің бірі осы болған соң, мен өзім... өлеңдеріне ерекше сүйсініспен қарап, сыры мен мұнына үнсіз ортақтасып келе жатқан санаулы ақындарымның бірі – Сағаң (Сағи Жиенбаев) туралы да осы уақытқа дейін бір ауыз пікір білдіріп көрмеппін. Бәлкім, бір топырақта, керек десеңіз, тіпті бір ауылда туып-өскен соң, ақынның көзі тірісінде оның бәрін айтып, ішіндегінің бәрін ақтарып жату – Сағаңның өзінен де, былайғы жұрттан да ыңғайсыз көрінген реттері бар шығар. Солай болуы бек мүмкін! Әйтсе де, енді аңдап қарасам, соңымның өзі бекер болған секілді. Өйткені «жақсының жақсылығын айтып, нұрын тасыту» да бір ғанибет нәрсе ғой. Ал сүйінгенінді, шын сүйсінгенінді ақтарыла айтуға лайық сондай адам керек болса, ондай адамның да, ақынның да бірі – сөз жоқ, Сағи Жиенбаев еді ғой! Қайтерсің, «қолда барда алтынның қадірі жоқ, қолдан шығып кеткен соң өкіндім-ай!» дейтін қазақпыз ғой қашанғы.

Мен оның өлеңдерін бала кезімнен жақсы көріп, бірде-бірін қалдырмай оқып келемін десем, артық айтқандық бола қоймас. Әлі де ауық-ауық қайта оралып, туып-өскен елді, жерді, Сағаңның өзін сағынғанда, оның жырларын қолға алып, қайыра оқып отыратын кездерім жиі болады. Сондайда сағыныштан сыздаған жүрегіңді одан әрмен елжіретіп, ертегідей бір ғажайып әлемге іліп әкететін Сағаң жырларынан ерекше рақат тауып, артықтау доза алған апиыншыдай мәңгіріп отыратыным бар. Ал Ол болса, мені еліктіре түскісі келгендей, тап құлағымның түбіне кеп:

*«Көрдім мен қанша тауларды,*

*Сапарлап алыс жақтарға.*

*Шарладым қанша бауларды,*

*Жұлдыздар тұып жатқанда»,* – деп тағы бір

өлеңін оқи бастайды да, сол жүрген-тұрған, аралаған, көрген жерлерінің бәрінен де екеуміз туып-өскен өлкенің көзге ыстық, жанға жақындығын үздіге айтып, онсыз да сағыныштан сартап болып отырған жаныңды одан әрмен үзілдіре түседі. Мен еріксіз көзімді жұмамын. Ол өлеңін жалғайды:

*«...Көрінеді ылғи бір аймақ,  
Көлінде қазы қаптаған.  
Тұнығын ешкім лайлап,  
Аққуын ешкім атпаған.*

*Шағылып күнге күймеген,  
Шалғыны желмен ойнаған.  
Гүліне де ешкім тимеген,  
Жеріне тозаң қонбаған...*

*Жүремін соған құмартып,  
Көремін жиі түсімде, –  
Жап-жасыл болып мұнартып,  
Жатады сағым ішінде».*

Әрине, біз туған жер – боз жусанды бозаң дала екенін мен жақсы білемін ғой, бірақ... Сағаңның осынау жырларынан кейін, ол маған, шынында да «жап-жасыл боп мұнартып», жазғы сағым ішінде толқып жатқан ғажайып көркем жер болып елестейді. Нанайын ба, нанбайын ба деп ойлап қоям кейде. Иланбасыңа қоймайды! Әрі-беріден соң мен де Сағаңмен бірге сол жаққа қарай: «Ұшамын бір кез құлдырап, қалмайын деп-ақ көз жазып. Жеткізбейді ылғи... бұлдырап, көгілдір сәуле, көк жазық». Иә, «Әркімнің туған жері – өзіне Мысыр шәрі» деген осы дағы...

Жақында, «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Ғасырдың Үлкен ақыны» атты мақаласында, Сағи ағаның қадірлес қатары, қаламдас досы Тұмаған (Тұманбай Молдағалиев): «Сағимен екеуара әңгімемізде ол өзінің туған жері туралы ылғи бір әсерлі әңгімелер айтатын. «Қалай мақтасаң да, Алатауға жетер жер бар ма?!» – дейтінмін мен. «Алатау – бар қазақтың биігі ғой! Оған ешкім таласпайды. Ал енді өмір болса, менің де туған жеріме бірге барарсың. Менің көзіммен

қарасаң, «Оймауытқа» жетер жер жоқ қой, шіркін!» – деуші еді Сағи» – деп жазыпты.

Расында, Сағанның туған жерге деген махаббаты алабөтен еді. «Қалмайды менің жанымнан, Жас кезде жүрген жерлерім. Көктемгі нұрды жамылған, Балауса шалғын, белдерім. Көремін көкшіл даламды, өнімде де, ылғи түсімде»... – деуші еді Ол. Сонсоң «Бозала таңда боз кешіп, белеңнен асып жүгірген» кездерін еске алып:

*«Көп болды, бозаң белдерім,  
Өзіңнен ұзап кеткелі.  
Арамыз қазір жер менен  
Жұлдыздай сонау көктегі.*

*Әлі де таңның алдында,  
Мұнарға жүзіп тұрарсың.  
Төкті ғой нәсер жаңбырлар,  
Өзгеріп кеткен шығарсың.*

*Өзгерген жоқпын әлі мен,  
Өтсе де талай жел-құйын.  
Өзіңде қандай сәби ем,*

*Сәбимін әлі – сол күйім...»* – деп, жыр болып төгіліп

кететін.

Кісінің жанына рахман нұрын құятын осындай өлеңдер жазған Ақын, осынша іңкәрлікпен өзегі өртеніп кетпей, қалай шыдап жүреді екен, – деп ойлаушы едім кейде. Оның үстіне, өзінің де бір өлеңінде: «Шыр етіп түскен жеріме, соға алмай жүрмін қайтадан», – деп назаланатыны бар еді. Сөйтсем, кейінірек, «Іңкәр дүние» атты жыр кітабы жарыққа шыққанда, Ақын соған жанама түрде болса да, жауап берген екен:

*«Ердім бір сиқыр қаламға,  
Шығардым белге жыр көшін.  
Болғам жоқ алаң,*

*даламда,*

*Әулие қарттар жүргесін.*

*Өзге бір менде жоқ тілек,  
Өздерің көзбен баққаным.  
Жайлы жер іздеп кетті деп,  
Жазғыра көрмең,*

*қарттарым», – депті Ол. («Ауыл қарттары»).*

Жалпы, Сағи Жиенбаев өлеңдерін оқып отырсаңыз, туған жерден «жас кеткен, жалғыз кеткен» («Жас кеттім, Жарқамысым, жалғыз кеттім» деп өзі айтпақшы) ақынның бойында өзі туып-өскен өлкеге деген махаббат, перзенттік ыстық сезім, сол күйі өзгерместен, өмір бойы сақталып қалған сияқты. Ол мейлі, көгілдір Жемнің толқыны туралы жырласын; мейлі, башпайы күйген Байсарының құмын жырласын, яки Оймауыттың қырында «Аспан мен жердің арасын, бір өзі ғана толтырып», төбе басында сағымға оранып маңқиып тұрған сол жердің шалқұйрық аруанасын жырласын, соның бәрінде де бала Сағидың көзіне тұнып қалған қыр сүгіреті сол күйінде өзгерместен тұр. Сондықтан Сағи Жиенбаев творчествосының бүкіл алтын арқауы – өзінің сол бала күнгі көргендері мен көңіліне түйгендерінен; періштедей пәк жүрегі өзін қоршаған ортаны: сол тұстағы қиыншылық заман мен қилы тағдырлы адамдарды қалай қабылдаса, тап солай суреттеуден тұрады десек, тіпті де қателеспеген болар едік. Бұл қуғын-сүргін жылдарының құрбаны боп кеткен әкеге, тірі жесір боп қалған анаға арналған өлеңдерге де; сондай-ақ сұрапыл соғыс жылдарындағы жыртық иін, жадау көңіл балалық шаққа, сол бір қиын күндерде өзі куә болған кісілік пен кісәпірлікке қатысты өлеңдердің бәріне де ортақ жайт. Оған мысалды алыстан іздеудің қажеті жоқ. С.Жиенбаевтың кез келген кітабынан, кез келген өлеңін оқып көрсеңіз, бұған көзіңіз анық жетеді. Сөйте тұра, оның «Сыры» тек С.Жиенбаевтың ғана сыры деуге болмас еді; ол арман қуып, алысқа сапар шеккен оның замандастарының – анау Қадырлардың, Тұманбайлардың да сыры. Ол жырлаған туған жер – күллі қаламдас қатарларының көкірегіндегі аялаған асылы. Ол көрген қиындықтар – балалық бал дәурендері соғыс жылдарына тұстас келіп, соның өртіне қанаты шарпылған

буынға ортақ қиындықтар. Жеңіс күндері және одан кейінгі жылдарда көкіректерін жел кернеп, қуаныштан жүректері жарыла жаздаған кездері болса, бұл да сол буынның басынан өткен ең бақытты сәттері. Демек, естияр бала кезінен, ер жеткен азамат шағына дейінгі аралықта көргендері мен көңіліне түйгендерін жырға қосып өткен Сағи ақын, сол ісімен тек өзінің ғана емес, өзі өмір сүрген тұстағы тұтас бір буынның мұңы мен сырының жыршысына айналып кетті.

Бұл, бір есептен заңды да. Өйткені Ақын – өзі өмір сүрген қоғамның ғана емес, өзі ғұмыр кешкен уақыттың да титтей бір бөлшегі ғой! Сағи ақын жырларында сол **Уақыт** бедері – айқын, айшығы көркем. Сондықтан әйгілі ақын Қ.Шаңғытбаев: *«Сағидың соғыс жылдарына арналған өлеңдері қазіргі Одақ көлеміндегі поэзиямыздың үздік үлгілерінің сапында өз орнын тапты десек, мұнда ешқандай асыра сілтеу де, артық мақтау да жоқ екенінде талас болмасқа керек.*

*«Сыртта боран ұлып тұр», «Оң аяқ», «Бөрік», «Күткен күн», «Медаль», «Әйелдер», «Жеңістің тұңғыш таңы бұл...» сияқты өлеңдері – көзіңе жас, ерніңе күлкі шақыратын, өзегіңе от тастап, кеудеңді тұңғыық мерей рақатына толтыратын нағыз хрестоматиялық дүниелер», – деп жазса, бұл пікірге қосылмасқа әддің жоқ. Және... жайсаң жырларға ғана тән мұндай жақсы қасиеттер тірлігінде ешкімнен мақтау-марапат күтпей; заман, саясат ауанына қарай ауытқып-аунақшымай, өлеңде де өзі шыққан биігінен бір елі төмендеместен өткен С.Жиенбаевтың кейінгі жылдарда жазған кемел туындыларына ғана емес, күллі шығармашылығына ортақ қасиеттер еді десек, мұнымыз кейде шайқалақтап кететін әділеттілік таразысының тәйтендеген екі басын теңгеруге титтей де болса қосқан үлесіміз болар еді деп ойлаймын.*

Өйткені Сағи ақын өзінің талантты тұтастары Қадыр Мырза Әли, Тұманбай Молдағалиевтер секілді ел көзіне ерте түсіп, ерте танылған талант. Қазақ поэзиясына соны леп, айшықты ажар-көрік әкелген жас толқынға жан-жүрегімен қуанған ұлы Мұхаң (Мұхтар Әуезов) 1960 жылы ҚазМУ-да өткен жиында сөйлеген «Жыл келгендей жаңалық сеземіз» дейтін сөзінде,

ерекше атап өткен ақындарының бірі – С.Жиенбаев болатын. Оның бәрі әлі біздің есімізде. *«Сағи Жиенбаевтың бірқатар өлеңдерін сүйсініп оқыдым... оларда толып жатқан образ, көп шындық, жұртышылыққа ортақ шындық бар»*, – деген ұлы Мұханның лебізін естігенде, Сағи аға не бары 26 жаста екен. Одан кейінгі жылдардағы ондаған кітаптарында ақын Сағи өлеңнен-өлеңге өсе түспесе, өрлей түспесе, аласарған жері жок. Кемді-күн қадір-қасиетіне жете алмасақ, ол енді Ақынның кінәсі емес, біздің ғана кінәміз!

Сағи жырларын қалың оқырман қауымға сүйікті еткен және бізге оны әлі күнге дейін айнымас көңілмен ардақтатып келе жатқан нендей құдірет? – десек, екі түрлі қасиетін ерекше бөліп атауға болар еді. Бірі – әлгі сөзінде Мұхаң айтқандай, Сағидың да, әдебиетке онымен қанаттас келген *«жастардың да... біртүрлі еліктіретін, сүйсіндіретін, оқушыға бас игізетін... бетке ыстық демі сезіліп кеткендей көрінетін шынышылдығы»* болса; екіншісі – *«Алғандай сұлу жонып өрімталды»* дегізерліктей, мінсіз көркемдігі. Иә-иә, әсіресе, Сағи жырларының осы мінсіз көркемдігі, кісіні таң-тамаша қалдырып, таңдай қаққызарлық сұлулығы оның оқырмандарын сүйсіндіріп қана қоймайды, сол сүйсініс үстінде оларды сұлулыққа іңкәр жандар ретінде бір-бірімен бауырластырып, туыстастырып жібереді.

Ал бұл дегеніңіз – тек биік өнер туындыларына ғана тән қасиет. Лев Толстой өзінің *«Өнер дегеніміз не өзі?»* деп аталатын әйгілі трактатында, мұны *«христиандық өнердің басты мұраты»* деп бағалаған. Әрине, өнер құдіреті арқылы адамдарды бір-бірімен бауырластырып, туыстастырып жіберу тек *«христиандық өнердің»* ғана емес, жалпы, саф таза өнер атаулының бәрінің де ұлы мұраттарының бірі ғой!

Сол мұрат биігіне көтерілген Сағи ақынның өнері де сыры өшпей, сыны бұзылмай, ұрпақтан ұрпаққа жалғаса бермек.

*«Жас алаш», №69,  
10.06.2004 ж.*

## АЙТУЛЫ БИІК КӨКСЕҢГІР

*Тіршілігінде өзінің пайым-парасатымен, танымы да, талғамы да биік қаламгер ретінде салиқалы ой-пікірлерімен, ең бастысы ешбір оқырманын енжар қалдырмаған қуатты шығармаларымен көпшілікке кеңінен танымал болған көрнекті жазушы Тахауи Ахтановтың өмірден озғанына көп уақыт өте қоймаса да, ол қазірдің өзінде-ақ «қазақ әдебиеті» деп аталатын асқаралы биік таудың алыс-жақынға бірдей анық көрінетін, көзімізге етене таныс ірі шыңдарының бірі болып, көңіліміздің төрінде тұр.*

Асылы, өмірінің сонау бастауында, бойы енді-енді ғана өсіп, бұғанасы енді-енді қатая бастаған шағында-ақ, отқа оранған, оқ бораған майдан күндерін, сонау бір сұрапыл соғысты бастан кешірген; ал әскерден оралысымен бейбіт күндердегі мылтықсыз майданға – кәдімгі тіршілікте күн сайын кездесіп жататын жақсылық пен жамандық атаулының толас таппас мігірсіз майданына бірден араласып кеткен ол, өмірінің ақырына дейін ізгілік үшін, жақсылықтың қанат жаюы үшін күреске толы мағыналы ғұмыр кешті десек, еш артық айтқандық болмас еді. Ол – ол ма, өзінің «Қаһарлы күндер», «Боран», «Шырағың сөнбесін» сияқты айтулы шығармаларымен кешегі Кеңес одағына аты әйгілі болған Тахауи Ахтанов жазушы болмай, басқа бір мамандық иесі болса да, оның еш нәрсеге бейжай қарай алмайтын қызуқанды табиғаты өз көңіліндегіні ашық айтқызбай бәрібір оған байыз таптырмас еді. Өйткені ол өз жүрегі «ақ дегенді – ақ», «қара» дегенді – қара деп жалпақ жұртқа жария етуден ешқашан тайсақтаған адам емес және оның принципті жерде бой көтермей, үндемей қалғанын замандастарының ешқайсысы көрген де, естіген де емес. Өз көңілі ақиқат деп таныған шындықтың жолында ешкімнің бет-жүзіне қарамайтын осы турашылдық – Тахаңның өмірдегі де, өз шығармашылығындағы да басты кредосы еді десек, қателесе қоймаспыз деп ойлаймын.

Мұны жақсырақ түсінгісі келгендер ең алдымен, Ахтановтың әдебиетке келу жолын жіті зерделегені жөн болар еді. Ақиқатында, қазақ әдебиетіндегі айтулы прозаиктердің бірі Т.Ахтанов әдебиетке бірден прозашы ретінде келген жоқ, алдымен, сын мен көркем аударма саласында ұзақ уақыт жұмыс істеп барып келді. Біздің әдеби сыншыларымыз көп аса байқай қоймаған, мән бермеген Тахаң творчествосының осы қырын қаламдас інісі Шерхан Мұртаза кезінде тап басып: **«...Тауфиқты оқырмандар махаббатының бастауында «Қаһарлы күндер» романының тұрғаны рас. Бірақ оның қаламынан туған әрбір жаңа шығарманы құныға да қызыға күтетін оқырмандардың інкәр құштарлығының іргетасына Ахтановтың принципшілдікпен, мейлінше адал, шыншыл жазылған сын мақалалары негіз болғанын айта кету парыз»** деп тауып көрсеткен болатын. Расында да, Тахаңның әйгілі «Абай жолы» туралы, Бейімбет Майлин мен Ғабит Мүсірепов жөніндегі зерттеу мақалалары – қазақ әдебиетіндегі ең өнімді де жемісті ізденістердің, болашақтағы қаламгерлерге үлгі боларлық мол арналардың қайда жатқанын дәл көрсеткен дүниелер болатын. Сөзіміз жалаң болмас үшін, осыдан жарты ғасырға жуық уақыт бұрын жазылған Тахаңның сол мақалаларының тынысына сәл құлақ түріп көрсек, артық болмайды.

«... Әуезов прозасының алдымен көзге түсетін қасиеті – биік мәдениеті. Жазушы Еуропа әдебиетінің дәрежесін еркін меңгерген...».

«... Оның (М.Әуезовтің – Қ.М.) көркемдік құралдары, сөз кестесі, суреттеген өмір құбылыстары, адам бейнелері өзге халыққа ұқсамас қазақы сипатты танытқаны өз алдына, тіпті, жас Әуезовтің талант табиғатының өзі шынайы халықтық, ұлттық екені айқын көрініп тұр».

**«Әуезов өз ұлтының рухани қайта өрлеу дәуірінде туып, өмір сүріп, өз ұлтының рухани күдіретінің нұр шұғыласын күллі әлемге түсірген алапат алаудай болды».**

«Мұхтар Әуезов «бұрын цивилизациядан алшақ қалған кенже ұлттың қазыналар жасау қолынан келе қояр ма екен; олар-

дың өзгелерден үйренетін шәкірттігі тым ұзаққа созылып кетпес пе екен?!» деген әйгілі таласқа бұлтартпастай жауап берді. Ол жас жазба әдебиеттердің тек зерделі шәкірт қана емес, өнегелі ұстаз да бола алатынын дәлелдеді».

«Егер біз қазір ұлттық әдебиеттердің бір кездегі мүсіркеушіліктен құтылып, терезесі тең әдебиетке айналып, жылына талай-талай тамаша таланттар тудырып жатқанына бәріміз де ден қоятын болсақ, онда осындай өрелі өрістеу көшінің басында... Мұхтар Әуезов сияқты алыптар тұрғанын бір сәт те естен шығармауымыз керек».

«Әуезов бірден өз заманындағы озық әдебиеттің биік деңгейіне шырқап шықты да, жас әдебиетімізге күллі әлем алдында зор абырой алып берді».

Қандай дәл де, тауып айтқан пікірлер! Артық-кемі жоқ болғандықтан, еріксіз қол қоясың.

Бұл үзінділер – өзінің ұлы ұстазы Мұхаң туралы толғаныстары болса, қазақ әдебиетіндегі екінші бір өнегелі арна – Бейімбет шығармашылығы жөнінде ол былай дейді: **«Бейімбет өмірде де, шығармаларында да лепірме қызыл сөзден тіпті аулақ болған адам. Ол туралы сөз айтқанда да көпіртіп сөйлеу келіспейтін сияқты. Әйтсе де, осы жазушының туындыларын оқығанда, ол туралы ойланғанда, көбіне-ақ сүйсініп, қайран қаламын да, тіліме асқақ тенеулер орала береді»**. Осылай дейді де, мұнан әрі Тахаң, Майлин шығармашылығының ерекшелігін тамыршыдай тап басады:

«Майлин де Чехов сияқты әдебиеттің канондарын бұзды. Дәстүрлі тақырыптар мен дәстүрлі геройларға, сюжет, композиция заңдарына жаңаша қарады. Әдебиеттегі үлкен мен кіші туралы ұғымға өзгеріс енгізді».

«Майлин шығармаларының қарапайымдылығы кейбір жазушыларда болатын қарадүрсіндік, **ой мен суретке шорқақтық емес, сөз парқын білген, көркемдік табиғатын түсінген кексе шеберлік»**.

«Үлкен жазушы...(Б.Майлин – Қ.М.) сұлулықты әшекей жылтырақтан аршып, қарапайым ұлы қалпында көрсетті». (Т.Ахтанов, Таңдамалы шығ. 2 т., А., 1974, «Көш басы» атты еңбегінен).

Тахауи Ахтановты кейінгі толқын інілері ғана емес, алдындағы ағалары да, тіпті, тай-құлындай тебісіп бірге өскен қатарларының өзі «бүтін бір буынның басы», «Ұлы Отан соғысынан кейін әдебиетке келген толқынның көшбасшысы» деп бұлталақсыз мойындаса, мұның негізінде сыншы Ахтановтың сонау бір кезде-ақ риясыз көңілмен, һәм білгірлікпен ақтарыла айтқан әдебиет туралы осындай ойлары да жатқанын ешкім теріске шығара қоймас. Өйткені мұның өзі – тек жақсыны танып қою емес, сонымен бірге туған әдебиетіміздің шын жақсысына сүйіну, жүрегі тола қуанышын жұртпен бірге бөлісуі де еді. Ал өзгенің жақсысын көріп қана қоймай, оған ортақтаса білу, соған өз жетістігіндей қуана білу; қуанып қана қоймай, жалғанға жар салу – кез келгеннің пешенесіне жазыла бермейтін, ірі кісілік қасиеті еді, оның! Қазір, Тахаңның көзі жоқ кезде, оның әдебиет туралы ойларын саралап отырсаңыз немесе үлкен-үлкен жиындарда сөйлеген сөздеріне назар салсаңыз, жазушылық өнер туралы да, осы өнерді өз өмірлерінің мәні мен мағынасы деп жүрген қаламдас аға-інілері туралы да оның тек қана ағынан жарыла, ақтарыла айтқан пікірлеріне куә боласыз. Осыдан қырық жылдай бұрын жазылған «Өсу жолында» (Қазақ прозасының негізгі даму бағдары туралы) дейтін мақаласында мұның ізі сайрап жатыр. Тахаң бұл еңбегінде алдындағы ағалары туралы ғана емес, өз қатарлары Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тері», З.Қабдоловтың «Жалыны», Т.Әлімқұловтың «Ақбоз аты», Сафуан Шаймерденовтің «Қарғашы», Ө.Қанахиннің «Дәмелісі» секілді сүйекті туындылармен қатар, «қазақ прозасының елеусіз қалдыруға болмайтын жарастықты бір бұтағы» деп, сол кездегі уыздай жастар: Қ.Ысқақов, Ш.Мұртаза, Ә.Тарази, С.Мұратбеков, С.Жүнісов, А.Нұрманов, Р.Тоқтаров, Т.Жармағамбетов, Е.Домбаев, Ә.Нәбиев, Ж.Ахметов, С.Бердіқұловтардың әңгіме-повестеріне де тоқтала кеткен. Әрине, бәр-бәріне бірдей мақтау айтып, «жалпақшешейлік» жасау Тахаңа жат нәрсе. Жайшылықта аузын ашса жүрегі көрінетін, аңқылдаған Тахаң әдебиет мәселесіне келгенде аса қатал. Өйтсе де, әркімнің ба-рын – бар, жоғын – жоқ деп елеусіз-ескерусіз тастамауының

өзі – кейінгі буынды көзінен таса қалдырмаған, қамқор көңілдің белгісіндей көрінеді бүгінде. Әсіресе, кейінгі жастар ағаларының аялы алақанына зәру болып жүрген қазіргідей кезде, Тахандардың сол бір өнегесі жүрегіңді сыздатып, санаңа сағыныш лебін еріксіз құятындай. Сағындыратындай Таханды!!! Қазір, тап осы күні, бүгін Таханның бұдан қырық жылдай бұрын жазылған сол сын мақалаларын көрсеңіз, оның әдебиет туралы толғаныстары мен пайымдаулары әлі күнге мән-маңызын жоғалтпағанын (жоғалтпағанын дейміз-ау, тіпті, күні бүгін айтылғандай әсер қалдыратынын) кәміл байқайсыз. Неге? Бізді баурап алатын нендей сиқыры бар олардың?! Мұның жауабы біреу-ақ – Тахаң не айтса да, нендей шығарма туралы ой қозғаса да, тек ақиқатқа жүгініпті. Ұсақ-түйекті малданып, өзін де, өзгені де алдап, жауырды жаба тоқымапты. Ахтанов көркем прозаға келер алдында осылайша, өзіне де, өзгелерге де әлем әдебиетінің озық үлгілеріне қойылатын биік талапты қоя келген.

Атамыз қазақ: «Жығылсаң, нардан жығыл!» дейді... Ұлттың бойындағы осындай жақсы қасиет, осындай биік рухани максимализм болашақ үлкен суреткер Ахтановқа жақсы жазушы болу үшін бұдан басқа жол жоқ екенін қапысыз ұғындырғандай. Өзгеге осындай қатал талап қоя білген Таханның енді өз прозасында да сол талаптар деңгейінен төмен түсуге еш хақысы жоқ еді. Солай болды да. Ол өзінің шағын жанрдағы алғашқы әңгіме, хикаяттарынан бастап, «Қаһарлы күндер», «Боран», «Шырағың сөнбесін» сияқты романдары мен «Ант» драмасына дейін әлемдік әдебиеттің ең үздік үлгілерінен талап етілер критерийлерді ғана өзіне нысана етті.

Асылы, мұраты үлкендер ғана – үлкен, кесек шығармалар тудыра алмақ. Бұл ретте, Тахауи Ахтанов та өзі нысана етіп алған биіктен табыла білді деп айтуға толық негіз бар. Өйткені оның әлгінде біз атаған туындыларының әрқайсысы-ақ ұшар басына шәу бүркітіңнің өзі шалдығып барып әзер ілігетін Талғардың тарғыл шыңындай, қадау-қадау биіктер; әрқайсысы – қазақ әдебиетінің бір-бір кезеңдік жаңаша дамуының басы болған шығармалар.

## Шығармалары. Екінші том

Бүгінде жалпы жұрт мойындаған, оқырман қауымнан да, әдеби сыннан да белгілі бір дәрежеде өз бағасын алған ол туындылар туралы тағы да дәлел-дәйекпен сөйлей бастасак, бұл әңгіме тым ұзаққа созылып кетер еді. Оның қажеті де бола қоймас. Әйтсе де, бәріміз мойындайтын, бәріміз бас иетін бір адамның – Ұлы Мұханның (Мұхтар Әуезовтің) пікірін ескермей кетуіміз күпіршілік болар еді... Ол алыста, сонау Мәскеуде сырқаттанып жатып, арттағы толқынға көз салғанда, өзі жақында ғана оқып шыққан Тахауи Ахтановтың тілдей кітабына қатты риза болып, «базарға келе жатқан» буыннан оны (Т.Ахтановты), Ә.Нұрпейісовті, З.Қабдоловты, Т.Әлімқұловты, С.Шаймерденовті өзгелерден бөлек атай отырып, өзі үлкен үміт артқан сол топтың ішінен кейінгіге айтар сөзін Тахауи Ахтановқа арнауы тіпті де тегін болмаса керек. «Әрине, сенің үлкен еңбегің, өзіңді кең құлашыңмен, өнімді өріс-өрнегіңмен емін-еркін танытқан шығармаң – «Қаһарлы күндер»...– дей келе, «Мына шығармаларда («Махаббат мұңына» енген туындылар туралы айтып отыр. – Қ.М.) «бертін соқтың», «кемшін келдің» демекші емеспін», – деп бір қайырады да: «Сен шынайы қызығарлық соныға түскенсің. Соған мейлінше құдіретің де жетеді. Ілгері, терендей, ірілей тарта түс, тарта бер!» – деп ағалық ақ тілеуін білдіреді.

Әр сөзінің астарына шейін мән беретін ұлы жазушының бұл сөздерді тектен-тек айтып отырмағанына қазір тіпті ерекше назар аударғанымыз жөн болмақ. Біріншіден, Мұхан мұнда бір ауыз сөзбен болса да «Қаһарлы күндердің» «кең құлашты», өзгеше «өнімді өріс-өрнегі» бар шығарма екенін айтып отыр. Атағы айдай әлемге тарап, талантын сол тұста-ақ төрткүл дүние түгел мойындаған Әуезовтің бұл романға тәнті болуының себебі не, сонда?!

Әрине, ол тұста Кеңес әдебиеті соғыс сұрапылы туралы жазылған шығармаларға кенде емес болатын. Солардың бәрімен болмағанмен, басты-бастыларымен Мұханның танысып шыққанына да еш күмән болмаса керек. Сөйте тұра, Ахтанов романына М.Әуезовтің ала-бөле риза болатын себебі, оның – Т.Ахтановтың қазақ жазушысы болғандығынан емес,

ең алдымен, сол тұста соғыс туралы жазылған шығармалардың көпшілігі сол сұрапылдың сыртқы, сойқанды суреттеріне ғана баса мән беріп және отандық патриотизм идеясын желеу етіп, әдебиеттің негізгі предметі – адамның ішкі жан дүниесіне көп аса бойлай алмағандығынан. Әуезов секілді ұлы суреткер Ахтанов романынан соғыстың шытырман оқиғасы, қауіп-қатері ғана емес, сол соғыс арқылы, қауіп-қатер арқылы ашылатын адам характерлерін танып, соған тәнті болған-ды. Жалпы, бұл ретте Тахаң кейінгі жылдарда ғана сөз бола бастаған «окоп шындығы», «зая ұрпақ» туралы сөзді күллі Кеңес әдебиетінде алғаш бастағандардың бірі де, бірегейі де болатын. Біз «Тахауи Ахтановтың сүйекті туындылары – қазақ әдебиетінің бір-бір кезеңдік жанаша дамуының басы болды» дегенде, «Қаһарлы күндердің» осы қасиетін ескере отырып айтамыз.

Ал Мұхаң хатын «Қаһарлы күндер» туралы осылай бастап, одан әрі: «Сен шынайы қызығарлық соныға түскенсің» деп ойын өрбіткенде, «іні досының» (Әуезовтің өз тіркесі. – Қ.М.) біздің әдебиетімізге интеллигенция тақырыбын әкелгеніне ғана қуанып қойған жоқ (әрине, бұрын-сонды сөз бола қоймаған қазақтың жас интеллигенциясы туралы жазғанды құптағаны да, қуанғаны да сөзсіз! Мұхаңның осы хатындағы: «...интеллигенция туралы жазу, өзіңмен замандас, қанаттас қатарыңды жазу... өте орынды, өте асыл іздену. Осы адамдар жақсы, ойлы, саналы, арлы болса – халқының, қауымының да болашағы ғой...» деген өзінің сөздері де соған дәлел), бұған қоса, қуанышының ең үлкені – «Мен сенің мақалаларыңнан, үлкен романыңның да кей бояуларынан осы менімен туыстас-ау деп жүруші ем... Ал мынада («Махаббат мұңы» туралы айтып отыр. – Қ.М.) мен өзімнің сезімдерімді, сырларымды саған жаздырып, соған барынша сеніп, еліге еріп, ырза боп отырғандаймын. Әрине, әрбір шыншыл шығарма солай еліктіреді де» дегені. Яғни, қаншама тың, «соны» дегенмен, басты мәселе тіпті де тақырыпта емес (асылы, біздің біраз жазушыларымызға дерт боп жабысқан «тақырып бұлдау» ауруы деген Әуезовте атымен болған емес. Мұхаң үшін ол ешқашан проблема болған да емес!), Мұхаңның басты қуанышы – шығарманың «шыншылдығында»,

## Шығармалары. Екінші том

«шынайылығында» болса керек. Кешегі Кеңес әдебиетінде соцреализм әдісі бойынша, жағымды кейіпкер атаулының бәрі шетінен сүттен ақ, судан таза болатыны жүрегін шайып тастаған Әуезовтің өзінің іні досының мына шығармаларынан қоспасыз, боямасыз өмір шындығын тапқанына шын тебіренуі еді бұл; Ахтанов шығармаларында «соны өріс» тапқан жаңа бағытқа қол соғып, қуануы еді. Мұханның дер кезінде танып, тағылым етуі ме, әлде, Ахтанов талантының шын табиғаты солай болғандықтан ба, қалай десек те, Таханның шағын жанрдағы қол жеткен табыстары да өзінен кейінгі қазақ қаламгерлерінің өнеге тұтар өрісті арнасына айналды десек, бұл да артық айтқандық бола қоймас деп ойлаймын.

Әйтсе де, қолы жеткенді қанағат тұту – қарапайым пенделерге жарасқанмен, творчество адамына ол тіпті де өлшем болмаса керек. Керек десеңіз, бұл ретте, жазушылар бір биік шынды бағындырысымен, келесі бір... адам аяғы баспаған биікті бағындыруға асығып тұратын альпинистер секілді, тынымсыз тірлік иелері дегеніміз дұрысырақ болатын шығар.

Тахаң да өзінің «қарға жүнді қаттастары», шын талантты тұстастары секілді, «барымен базар» болып отырып қалған жоқ. Ол – ол ма, өзінің Ұлы ұстазы Мұхтар Әуезов дүниеден өткен соң, оның аманатын, ол артып кеткен үлкен жауапкершілікті Ахтанов бүкіл жан-тәнімен тіпті қатты сезінгендей. Бәлкім, оның: «... Бұл сөзіміз сырт көзге ерсі көрінуі де мүмкін. Алайда Әуезовтен кейін қазақ жазушыларына әдеби еңбек тым қиындап кеткенін жасыра алмаймыз. Ол жарық жалғанның алдында жақсы атандырып кеткен әдебиеттің биік деңгейін төмендетіп алмау қай-қайсымызға да онайға түсе қоймас. Дегенмен, біз орасан көп дос-жарандарымыздың алдында ғана емес, әрқайсымыз өз арымыздың алдында өз қадірімізді түсіріп алмау үшін, бұндай аса жауапты сыннан сүрінбей өту жолында еңбектенуіміз керек» деген ойлары сол тұста жазылған шығар деп ойлаймын.

Аманат жүгі – ауыр жүк! Әсіресе, Әуезовтей ұлы ұстазы ынты-шынтымен сеніп, өсиет етіп, тапсырып кеткен аманат жүгі тым ауыр болса керек. Тахаң сол тұста тағы да бір қатты

серпіліп, біздің қоғамымызда да, әдебиетімізде де қалыптасып қалған қасаң қағидалар мен қасаң кейіпкерлерге қарсы майдан ашқан болатын. Сөйтіп, шындыққа сусап отырған қалың оқырман жата-жастана оқыған «Боранды» дүниеге алып келді. Мұнда бұрынғы белсенді, қоғамсүйгіш, патриот еңбек адамы жоқ. Керек десеңіз, мұнда шетінен белсенді, шетінен мәселе шешкіш, шетінен қолұшын бергіш, еңбек адамы десе өліп-өшіп тұратын бұрынғы партия-совет қызметкерлері де жоқ. Оның есесіне, қойшы Қоспанның бала күннен бергі досы бола тұра, оны шын жақсы көре тұра, басына қиыншылық түскенде қорғауға жарамаған, қолұшын беруге қорқатын партия қызметкері Қасболаттың бейнесі бар. Бұл – бұрын-соңды біздің әдебиетімізде болмаған құбылыс еді. Біздің әдебиетіміз ғана емес, күллі Кеңес әдебиеті қалыптастырған партия-совет қызметкерлері туралы стереотиптің тас-талқанын шығарған шығарма болды, бұл. Сөйтіп, жеке адамға табыну дәуірін, неше түрлі қуғын-сүргін кезеңін бастан кешіріп, еңсесі езіліп, рухы жаншылып, көзі қорқып қалған сол заманның төл перзенттерінің бейнесі біздің әдебиетте осылай пайда болған еді. Тұңғыш рет көрсетілген-ді. Осылайша, Т.Ахтановтың «Бораны» да замандастар образын жасауда қазақ әдебиетінің тағы бір кезеңдік дамуының басы болып шыққанды. Әуезов «жарық жалғанның алдында жақсы аттандырып кеткен әдебиеттің» мерейі осылайша тағы бір көтеріліп қалған-ды.

Әңгімеміздің басында айтып кеткендей, Ахтанов қаламынан туған шығармалардың оқырманды енжар қалдырған ешқайсысы жоқ деген пікірімізге қайта оралар болсақ, есейген әдебиетіміздің ер жеткен оқырмандарын елең еткізген оның тағы бір туындысы – «Шырағың сөнбесін» романы екенін ерекше айта кеткеніміз жөн болмақ. Әдебиетіміздің білгірлерінің бірі, академик З.Қабдолов айтқандай, «биік реализм мен терең психологизмнің жазушысы» Т.Ахтанов «соғыс шындығын өз творчествосына тұрақты тақырып, тұрлаулы мазмұн етіп алғанымен», «Шырағың сөнбесін» – осы тақырыптағы кеңес романдарын былай қойғанда, Ахтанов қаламынан шыққан «Қаһарлы күндерге» де мүлде ұқсамайтын, пацифистік ро-

ман болып шықты. Ұлы Отан соғысы туралы күллі Кеңес әдебиетіндегі Ерлік, Жеңіс қуанышы, патриоттық деген ұғымдар мұнда мүлде жайына қалып, Адамның табиғи болмысына қиянат, кереғар әрекеттер жасау арқылы қайтадан тағыға айналып кетудің аз-ақ алдында тұрған Адамзатқа «есінді жи, ойлан!» деп, дер кезінде дабыл қаққан шығарма болды, бұл. Таптаурын нәрселерге көзі үйреніп кеткен қазақ әдеби сыны мұның мәнісін ұға алмай, әлі екіойлы болып тұрған кезде, көршілес Ресей мемлекеті қазақ әдебиетінің бітімі бөлек бұл шығармасына өздерінің халықаралық сыйлығын беріп те тастады. Сол тұста, осыдан он бес жыл бұрын «Жалын» журналының тапсырмасымен Тахаңа барып сұхбат жүргізгенімде, соғыс туралы шығармаларындағы стереотиптерді бұзуы жөнінде ол өзі былай деп еді: «Әрине, осы мәселелер жөнінде өзге біреудің, біздің әдеби сынымыздың өкілдерінің бірі айтқаны жөн болатын еді... Дегенмен, сұрап қалған соң, жауап беруге тырысып көрейін. Бұл – менің қатты қиналып жазған шығармам. Қиын роман! Қиындығы, қинағаны – қан кешкендердің ішінде өзім де болған кешегі сұрапыл соғыстың сойқанды суретін беруде емес-ті. Соғыс өтті, кетті! Арада қырық жылдан астам уақыт өткенде, мен сол соғысқа «Қаһарлы күндердегідей» емес, мүлде басқаша көзбен қарап көрдім. Атыс-шабыс, қанды қырғын, «Ура-ура!» емес, енді мені: «Осы... адамдар неге бір-біріне қол көтереді?.. Қалайша өзіндей пенденің өмірін қиюдан жасқанбайды? Осы да Адам деген атқа лайық па? Адамға, адамзаттың табиғатына тән нәрсе ме, осы? Екі жақтағылар да бүкіл болмыс-бітімімен өлгісі, яки біреуді өлтіргісі кеп тұрмаса да, өзінің күллі мән-мағынасына қарсы жабайы, жат әрекетке қалай қолы барады?» деген ойлар мазалады. Қысқасы, «Адам» және «Соғыс» дейтін бір-біріне мүлде кереғар, қабыспайтын ұғымдардың қалайша тоғысуы толғандырды мені. Солай ойлауым мұң екен, «Қаһарлы күндерден» мен мүлде кеттім. Соғыс тақырыбына жазылған шығармалардың ішінен кезінде тәуірінің бірі аталғанмен, қазір мен ондағы принциптерімнің көбімен өзім келіспес едім. Мұның себебі – кеңес әдебиетінде ондай шығармалардың тым көп болып кеткендігінен немесе «Қаһарлы күндердің» ескіріп

қалғандығынан емес (соғыс тақырыбына жазылған тәуір романдар қазір де аз!) гәп – менің «соғыс» деген мағынасыз нәрсеге көзқарасымның мүлде өзгергендігінде және осы жаңа көзқарасыммен бұрынғы пайымдауларымды түбірімен қайта қарауымда жатыр. Сөйтіп, «Соғысты» да, «Адамды» да басқа көзбен көруімде жатыр» («Жалын», №4, 1988; «Көш жүре түзеледі»).

Шынында, күллі посткеңестік әдеби кеңістікте көзге оқшау көрінетін бұл шығарманың бітіміне де, ол ұстанған концепцияларға да қазақ әдеби сыны әлі де болса қайта оралар деп ойлаймыз. Сонда бұл туынды да қазақ әдебиеті дамуының жаңа бір кезеңіндегі жаңаша үрдістің басы болғанына еш күмән қалмас деп үміт етеміз.

Шын таланттар қашанда осылайша қасаң боп қалған қағидалар мен қатып қалған қалыптарды бұзып, өзінен кейінгілерді жаңа өрістерге қарай бастауды мұрат тұтқаны әмбеге аян нәрсе ғой. Сондықтан да олардың мойны өзгелерден әрқашан озық, өзгелерден олардың шоқтығы биік тұрады. Құдайға шүкір, қазақ әдебиеті ондай күдіретті таланттарға аса бай болмағанмен, бетке ұстар беделділері, арқа тұтар асқарлары бар, дәстүрлі әдебиет екені әмбеге аян. Басқаларды былай қойғанда, Әуезов, Майлин, Мұқанов, Мүсірепов сынды алыптардың артта қалған мұрасы – кейінгі буын қаламгерлерге әлі де ұзақ жылдарға сын әрі өлшем болары сөзсіз. Өйткені бұлардың әрқайсысы бір-бір мектеп, бір-бір асу бермес асқаралы биік. Сол ұлы қаламгерлерге, Мұхаң сөзімен айтқанда, «өнерімен туыс» Тахаң да қазақ прозасының алыстан көрінер айтулы биік асуларының бірі екеніне дау жоқ.

Иә, Тахаң асуы да – бауыры жаз, басы қыс; төбесінен түйдек-түйдек көкала бұлғтар жөңкіліп көшіп жататын кәдімгі биік көксеңгір. Оны Ахтанов шығармаларын мұқият оқыған әрбір оқырман қапысыз таныса керек.

*«Жас алаш»,  
№ 128, 25.10.2003 жс.*

## КӨШ БАҒЫТЫН ТҮЗЕДІ

*Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты,  
көрнекті қаламгер Тахауи Ахтанов пен жазушы  
Қажығали Мұханбетқалиевтің сұхбаты.*

Қашан көрсең де, қай жерде ұшыратсаң да үнемі ойлы қалыпта, әлденеге қабағы салыңқы тартып келе жататын Тахаңның аман-саулық сұрасып болғанша өзі де сергіп, серігін де жадыратып үлгеретін бір қасиеті бар. Әдетте әлденеге наразы боп қабағы шытынап келе жатқан кісінің сіркесі су көтермес-ті. Мұндай жағдайда сәлем беріп кідірткенің үшін жасы үлкен кісінің алдында қипактап, тезірек құтылуға өзің де, ол да асығар еді. Ал Тахаң...

Тахаң аман-саулық сұрасып болғанша өзі де сергіп, сені де жадыратып, әңгімеге тартып үлгереді. Мұнан соң тек.. іздеп жүргенің сол болса, қыбын тауып керегінді ала бер; білмегінді сұрай бер. Бүкпесі жоқ жанарын жүзіңе анда-санда бір қадап қойып, ішкі ойының бар сүгіреті мен барша нұры бетіне ойнап шыға келіп, әлдебіреулерше жан-жағына жалтақтап-жасқаншақтамай, осы қалай ойлап қалар екен деп те қысылып-қымтырылмай, ерекше бір туралықпен тікесінен бірақ тартады. Сонда ғана «Осы кісіні жұрт неге жақсы көреді?» деген көкейінде жүрген сауалыңның жауабын әлгі мінезінен тапқандай боласың. Әрине, өмір болған соң жұрттың бәріне бірдей жақсы көріну қайда?! Кейбіреулер ұнатпай жүрсе, тіпті сескенетін болса – оның да себебін осы мінезінен іздеп кетесің.

«Сескенетін» демекші... бір көргенге Тахаң шынында түсі суық, сұсты адам. Кесек бітімі мен қабарыңқылау қарасұр өңіне, кісінің өңменінен өткізе бір қарап алатын назарын қоссаңыз, алғашқы көргеніңізде кәдімгідей қибыжықтап қаласыз. Ұнатпай отырған сияқты болады. Ал бір түсінісіп кеттіңіз бе...

Үлкен-кішілігіне де қарамайды-ау. Көрген жерде өзінің ойына ортақтастырып ала жөнеледі...

– Мына қарашы! – деді Тахан бұл жолы да сәлемімді алған бойда әңгімеге өзі тартып. – Оқып па едің мынаны...

– Ол не?

– «Огонекті» айтам. Төртінші санын. Шамасы, оқымағансың ғой. Ендеше мен қазір саған оқып берейін (ол судай жаңа журналды қолына алып, оқи жөнелді. Оқып отыр, оқып отыр!).

Бір кезде қою қоңыр үні әнтек қатайыңқырап барып:

*«... И нас хотя расстрелы не косили,  
Но жили мы, поднять не смея глаз.  
Мы тоже дети страшных лет России –  
Безвременье вливало водку в нас, –* деп тоқтады.

– Қалай?

– Жақсы екен! – дедім, соңғы «безвременье вливало водку в нас» деген оқыс ойды ғана есімде ұстап қалған мен. – Кімдікі, Таха?!

– Высоцкийдің өлеңі ғой... Владимир Высоцкийдің жарияланбаған өлеңдерінен. Өзіме әсіресе осы өлең қатты ұнады. Ой, несін айтасың!.. Осы күні жұрт «тоқырау» деп... «застой» деп жүрген кезеңнің айтатыны жоқ қой! Сол кезеңнің атын жұрт әлі де болса дәл таба алмай жүргендей көрінетін маған. Мына өлеңді оқығанда бар ғой, миыма шақ ете қалды: «Безвременье!» «Тоқырау кезеңі» деп жүргендеріңнің шын аты міне, сол – «без-вре-ме-нье!» Табаны жерге тиген тындырымды бір іс болмаса да, көпіршіген көбік сөзден шиырма тұрғызып алып, басшымыздан кешемізге дейін ой, құдай-ай, талай-талай биік мінберлерден бөсуге бір ұялған жоқпыз-ау, бір ұялған жоқпыз! Күнделікті газет-журнал беттеріне қарасаң, кілең бір өсу, кілең бір ілгерілеу. Және жай ғана өсу де емес, қарышты қадаммен өсу. Егер тірліктің барлық проблемасы ауызбайлықпен шешілетін болғанда, әлемде біздің алдымызға түсетін ел болмайтын еді. Егер сөзден сарай тұрғызумен іс бітсе, жер-жаһанда бізден бақытты жұрт болмас еді. Япырмай дейім-ау! Қаншама қаулылар қабылданды, шешімдер шықты, директивалар түсті... тындырылған іс болмаған соң, бәрінің аяғы құмға сіңген судай зым-зия жоғалды. Қараңыз: бүкіл Одақ бойынша сапа бес жылдығы жарияланды. Арты... сиырқұйымшақтанып кетті.

Россияның Қаратопырақты емес аудандарын игеру программасы жасалды – оған бөлінген 35 миллиард (!!!) сомның қарымы қайтқан жоқ. Белоруссиядағы Полесьені игеру арқылы мал өнімін арттырып, жылына миллион тонна арзан ет өндіреміз дедік – жайына қалды. Қазақстанда қой басын 50 миллионға (!!!) жеткіземіз деп күпілдесті – нақты мүмкіндік мүлде жоқ еді, өтірік уәде болып шықты.

Біреу өтірік уәде берген екен деп, өмір бір орнында тұра бере ме – уақыт ілгері жылжи түсті. Уақыт ілгері жылжи түскен сайын, өтірік уәде бергендердің жаны қысылып, жоғарыдан төмен қарай қағазды қарша боратты. Директива үстіне – директива, нұсқау үстіне – нұсқау таутөбе боп үйілді. Бірақ сапа жақсармады; ал «аяқталмаған», «пайдалануға берілмеген», «игеріліп болмаған», «сақталынбаған», «жемісі желінбегендердің» саны артқаны былай тұрсын, еселеп көбейді. «Әлі де болса... өйтпеген... бүйтпегендердің» саны кему орнына, күн сайын көбейіп бара жатқан соң, ол жылдар бойы жамала берген соң, пәленшекем мен түгеншекеңнің де биік мәртебелі мінберден кимелей сөйлеген сөздерінің «мықтылығына» жұрт әуелі күмәндана бастады; сосын кіржиетінді шығарды; ашуланып та көрді; ақыры түңіліп, сенімін жоғалтып, қолды бір сілтейтін дәрежеге жетті. Немқұрайдылық, өз ісіне салғырттық, мүмкіндігінше азырақ істеп, көбірек ақша табу, болмаса – мемлекет қалтасына қол сұғу пайда болды. «Жаман әдет – жұққыш келеді». Адамдардың құлқы өзгерді. Пара алу үшін, мансап қуу, мансапқа қол жеткізу үшін жоғарыдағыға, ол жоғарыдағы – өзінен жоғарыға жағымпаздану күшейді. Жағымпаздану – жақынгершілік іздетті, тамыр-танысты топтастырды; топ – туған-туысқанды төңірегіне тартты; ал ол «ала қойды бөле қырқуға», ағайын болмаса – тіпті жеріне, суына қарай сүйрейтін жікшілдікке әкелді. Жікшілдік, жершілдік жүрген жерде ауызбірлік қайдан болсын; жақындасу орнына адамдардың арасы алшақтай түсті. Арасы алшақтаған адамдардың не ісінде, не сөзінде әділеттілік, объективтілік болмайды. Содан келіп, кісі ұқпайтын бір кезең туды ғой. Қай кезеңде, қандай уақытта өмір сүріп отырғанын ұмытқан соң, кісі ориентирін жоғалтпай ма?!

«Тоқырау кезеңін» – «безвременье» деп, тауып айтқан екен деп отырғанымның мәнісі, міне, осында.

– Бір ауыз сөздің кісіні кейде қатты толқытатын кезі болады ғой...

– Солай, солай! Қазақта «Ауруын жасырған – өледі» деген бар. Сондықтан біз де сырқаттарымыздан тезірек сауыққымыз келсе, не нәрсе туралы да күлбілтелемей ашық айтуымыз керек.

– Партия мен турашыл Уақыттың талап етіп отырғаны да осы ғой, Таха!

– Және... – Тахаң тұра-тұр дегендей қолын жоғары көтерді. – Ашық айтуымыздың пайдасы – ауруымыздың атын біліп қана қою үшін емес, денеге дендеген дерттің дауасын іздеуге керек. Қазақ: «Ауру батпандап кіреді, мысқалдап шығады» дейді. Мысқалдап та болса, бүгіннен бастап дертімізді денемізден шығара бастаған жөн.

– Бұл ретте, Одақ көлемінде XXVII съезден кейін, ал біздің Қазақстанда соңғы бір жылда ғой. Бірақ шынымды айтайын, Таха, басқа – басқа да, тап партиямыздың Орталық Комитетінің аппаратынан сенімнен айрылғандығы үшін 18 адамның, ал Ішкі істер министрлігінің органдарынан 1200 адамның жұмыстан шығарылғанын оқығанда, мен ғана емес-ау, талай жұрт жағасын ұстаған шығар деп ойлаймын. Сонда қоғамымыздың не болып кеткені?!

– Бағанадан бері не айтып отырмын. Ел басына біреуді «еке-екелеумен», өзі де біреулерге «еке-скелетумен» келген пәленшекең мен түгеншекең; өзі қоғамдық заңның қорғаушысы болу орнына, ар-намысын ет дүкеніндегі қасапшыға, азық-түлік дүкеніндегі арамза сатушыға, мемлекет мүлкіне қол салатын сұғанаққа, саудагерге сатқан Ішкі істер органдарының қызметкерлері – сол тоқырау кезеңі туғызған томарбастар емей немене! Құдайға шүкір, ондайлар ондап саналса, жан-жүрегі таза адамдар жүздеп, мыңдап, миллиондап саналады екен. Солардың арқасы ғой, қайта құрудың енді-енді қарқын ала бастағаны.

– Расында, қазір бүкілодақтық баспасөз беттеріне қарасаңыз, ойпырм-ой, қандай қиын мәселелер жөнінде де халықтың қызу, тіпті кейде қарама-қарсы пікірлерінен басың айналып,

көзің тұнады. Соның бәрі кешегі күнгі қыжыл, ашу-ыза... және әсіресе қайтсек түзелеміз деген толғаныс. «Тарихтың қозғаушы күші – халық» деген тұжырымды сөз жүзінде емес, іс жүзінде – тап осы қайта құру кезеңінде тағы да бір танығандаймыз ба, қалай...

– «Көп қорқытады, терең батырады» деп халық тегін айтты деймісің. Әлі де болса халықтың ішінде тынып жатқан терең сырлар қаншама. Соны аша түсу керек. Айтқызу керек халыққа. Бүкілодақтық баспасөз бұл ретте батылдау қимылдап жатқаны рас, бірақ біздің республикалық баспасөз беттерінде бюрократияның мұрты шағылғанмен, қылшығы қисая қойды деу, – әй, қиын-ау! Әсіресе, «әлде қайтіп кетеді?» деген қорқасоқтық, «бір жерінен шиі шығып кетіп жүрмесін» деген жасқаншақтық, жалтақтық жұрттың көңілінде жүрген жайларды толық айтқызбай, аяқ-қолды тұсап келе жатыр. «Перестройка» дегенді шет елдер солай – «перестройка» деп алыпты ғой. Меніңше перестройканы мұндай перестраховкамен, саптыаяққа ас құйып, сабынан қарауыл қаратып жүргізуге болмайды. Ойбай-ау, перестраховка деген – бюрократияның бас сауғалар бірден-бір баспанасы ғой. Қайта құрудың тонын теріс айналдырып кигізгісі келетін бадырақ көзің – сол. Оның сірі жандылығы да – екі шоқып бір қараған сақтанғыштығында. Соның бір көрінісі – кез-келген нәрсеге күдікпен қарау, біреу батылдау сөйлеп қойса да – «осы мұны неге айтып тұр?» деп күмәндана қалу; тезірек түсініктеме беруге асығу. Жоқ! Жариялылық, жалпыға ортақ демократия бұлай болмауға тиіс. Әркім өз ойын ағынан жарыла, ақтарылып айтсын. Несі жөн, несі теріс – халық ақымақ емес – өзі танып, тауып алады. Әсіресе, ой еркіндігі керек. Қалыпқа түсіп, әбден қасаң болуға айналған ойдың кісені мен шідерін аяқ-қолынан алатын кез әлдеқашан жетті.

«Қалыпқа түскен»... демекші, ойы да, жүріс-тұрысы да, қимылы да, пиғылы да – бәрі-бәрі қалыптан шыққандай қақиып қалғандарды, әрі сонысын кемшілігім деп емес, кереметтігім деп есептейтін кешегі күнгі бір типтерді Тахаң өлердей жек көретінін бұрыннан білетінмін. Әрбір ісімен де, сөзімен де өзі онысын жасырмай көрсетіп отыратын. Сондайларға де-

ген, сондайларды тудырған құбылысқа деген ымырасыздығы шығар... 1982 жылы қадірлі Баукеңнің, – кәдімгі Бауыржан Момышұлының, қабірінің басында да, аяулы ағасының қазасына қамығып тұрып, қинала айтқан бір сөзі есімде қалып қойыпты. «Ол (Бауыржан Момышұлы... Қ.М.) қашан да тоғышарлардың икеміне көнбейтін, қиын кісі болды... – деген еді Т.Ахтанов толқып тұрып. – Иә, ол оқшау жан еді. Жұрттың мінезі мен құлқы, қимылы мен пиғылы қалыптасып алған мына заманда, қалыпқа сыймай кеткен бөлекше бір жан болатын». – Сонда Тахаң, жазушы Тахауи Ахтанов, қимас ағасымен қоштасу сөзін ғана айтпаған екен, «еменге иір біткен бұтақтай» ер Баукеңнің қайыспас, қайсар мінезін жұртқа үлгі ете тұра; ойы да, бойы да бір қалыптан шыққандайларды, сондайларды тудырған құбылысты айыптау сөзін айтқан екен. Бәрі-бәрі қазір есіме түсіп, қатты толқығандықтан, қарасұр өңі қабарып кеткен Тахаңның бетіне білдіртпей ғана ырзалықпен қарадым.

– «Ойдың кісені мен шідері...» дегеннен шығады, Таха. Қоғамдық ойдың көрінісі – әдебиет пен өнер туындылары болса, олардың да аузына қақпақ қойылып, қаламгерлердің сөздері халықтың құлағына жеткізілмеді ғой. «Арбат перзенттері», «Ақ киімдер», «Жаңадан тағайындалу» сияқты шығармалар оқырман қолына енді-енді тиіп жатыр. Бұл ретте, қазақ қаламгерлерінің ішінде жазғаны жарыққа шықпаған; шықпаса да «осыны жазуым керек» деп, дер кезінде бітіріп тастағандар бар ма өзі?

– Мен білген жерде, біздің әдебиетте «үстелімнің суырма-сында жата берсін» деп кітап жазған ешкімді естіген емеспін. Ондайлар бар болса, бұл уақытқа дейін бір шаң беріп қалмай қарап отырмас еді деп те ойлаймын.

– Әйтсе де одақтық әдебиетте «үстелімде жата берсін» деп жазғандар бар немесе «жатқызбаймын, осыны жазамын да, шығарамын да» дегендер де бар – қайта құрудан көп бұрын қоғамдық пікірді осыған дайындап әкелген – жазушылар, өнер қайраткерлері деген пікірге қалай қарайсыз?

– Қоғамдық пікірді дайындау, қалыптастыру, халықты соған ояту жолында әдебиет пен өнердің үлесі аз болмағанын ешкім

де бекерге шығара алмас деп ойлаймын. Орыс жазушыларынан: Залыгин, Астафьев, Распутин, Абрамов творчествосын қараңыз.

– Осы ретте, менің ойыма да... алпысыншы жылдардың басында дүйім жұртты дүр сілкіндірген Сіздің «Боран» романыңыз оралып отыр. Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығы тағайындалғанда осы сыйлыққа лайық деп танылған тұңғыш туынды да сол болып, халықтан бағасын алған шығармаңыз ғой, сондықтан өп-өтірік сыпайыгершілік жасамай-ақ ашығын айтайық. Отанды қорғаймын деп жүріп тұтқынға түсіп кеткеннен басқа жазығы жоқ қарапайым қойшы Қоспанның, сол Қоспанмен қаншама дос болғанмен, қаншама қимас жолдас, сырлас болғанмен – қатып қалған қасаң тәртіптің қалыбынан шыға алмай, көзі көріп тұрған әділдікке де араша түсе алмай қиналатын аудан басшысы Қасболаттың бастарындағы заманның трагедиясы – тап бүгінгі күні айтылып жатқан «тоқырау кезеңінің» трагедиясымен ұштасып жатқан жоқ па?! Шындыққа сусаған жұрттың шөлдегенде «Боранды» жата-жастана оқығандығы да содан болса керек. Сонау алпысыншы жылдары соған батылыңыз барып, қолыңызға қалам алғанда сенгеніңіз не болды? Ол кезде қайта құрудың иісі де жоқ екенін айтпай-ақ қоялық.

– Жазушының міндеті – шындықты айту. Әрине, біреулер мұны айтыла-айтыла жауыр болған ақиқат көрер. Бірақ ақиқатты қаншама қайталап айтқанмен, құны ешқашан кемігенін көрген емеспін. Тағы да қайталап айтам. Шындық болғанда да таяқ жеп қалам-ау деп қорықпастан, қоғамдық қиындықтарды, тіпті қиянаттарды күлбілтелемей ашық көрсету. Ал қоғамдық қиындықтарды, қайшылықтарды ашып көрсету қайдан шығады? – Ол қалыптасып қалған қоғамдық пікірдің стереотипін бұзудан шығады. Жазушының ең үлкен ерлігі – әрі-беріден соң осы... жұрттың санасына әбден орнығып алған стереотипті бытшыт қылу...

– Меніңше, Таха, мұның біріншісі: қоғамдық қиындықтарды, әділетсіздіктерді ашық айту – жазушының азаматтық ерлігі болса, ал екіншісі қалыптасып қалған қоғамдық пікірдің стереотипін бұзу, адамға, қоғамға, тіпті тарихи оқиғаларға

көзқарастың мүлде жаңа концепциясын ұсыну – жазушының профессионалдық (кәсіби) ерлігіне жататын секілді.

– Жазушының ең үлкен ерлігі – санадағы стереотиптерді бұзу дегенде, жаңа менің де ойымда сол тұр. Қолға қалам алған кез келген жазушы үстеліне отырғанда жұрт айтпаған, жұрт білмейтін жаңа бірдеңе айтам деп отырады. Оның үстіне ХХ съезден кейінгі сәл бір серпіліс (кейін оның бәрі қайтадан бесікке бөленіп қойылды ғой) замандасымыз туралы жаңа сөз айтатын кездің келгені секілді көрінді маған. Оған қоса, қалыпты бұзып кете алмағанмен, бұзуға тырысқандарға ылғи бүйрегім бұрып тұратын мен, баяғыдан біздің әдебиетте схемаға айналған қаһармандардың жалған әрекеттері мен жалған сезіміне майдан ашқым келді. Кәдуілгі қойшы Қоспан тағдыры; оның досы бола тұра, шын жақсы көре тұра, қол ұшын беруге қорқатын партия қызметкері Қасболат бейнесі солай туды. Бұрын бізде партия, совет қызметкері болса шетінен белсенді, шетінен мәселе шешкіш болып келетін. Адам психологиясын ашуда өтірік жазуға үйреніп кеткен жаман әдет бар еді. Қасболат бейнесі арқылы мен әдебиеттегі партия, совет қызметкерлері туралы қалыптасқан сол стереотипті бұзуға, ең алдымен ол да адам, өз уақытының перзенті екенін көрсетуге тырыстым. «Боранның» жұртқа ұнаған бір себебі сол қасиетінде болса керек.

Айта кетер бір жайт – жалпы жақсы жазушы болғысы келген адам кесек нәрселерге ғана қалам сілтеп қоймай, кейіпкер психологиясындағы оқырманға ерсі көрініп тұратын құпиялардан да қашпауы тиіс. Бұл да, әлгінде айтқандай, санадағы стереотиптерді бұзуға әсер ететін бірден-бір көмекші. А.Камюдің «Бөгде адам» романында шешесі өліп жатқан бас кейіпкер ашынасын ойлап отыратын жері бар. Сондай-ақ әйелі өліп жатқан қақсал еркектің «ертең қандай қатын тап келер екен» деп қайғырып отыратынына күмәнданбас едім. Біз осындай адам жанының құпия-қалтарыстарына терең бойлап жазудан қалып қойдық. Шет елдердегі әріптестеріміз біздің әдебиетті бет-моншағы үзіліп тұрған ұялшақ әдебиет деп ойлауында да осындай себептердің ұштығы жатыр. Ал біздің сыншыларымыз: Еламанмен ажырасып, Тәңірбергенге тиген Ақбаланың,

кейін Тәңірберген қуып жіберген соң момын Әнуарға тигені үшін кешіре алмай, қуалап жүріп ақыры «Қан мен терді» түзеттірді. Маған салса, сол варианты қазіргіден әлдеқайда күшті еді. Жағымсыз мінез-құлықтан туындаған жағдай бір басқа да, тағдыры шырғалаңға түсіп, бақытсыздықтан туған жағдай бір басқа – бұларды шатастырмау керек. Шыңғысты керемет жазушы дейміз. Оның кереметтігі неде?! Трагизмді шыңына шығарудан қорықпайтындығында! Соны қабылдауға оқырманды мәжбүр ете білуінде!

– Тағы да әлгі «стереотипті бұзу» дегеннен шығады. Соңғы «Шырағың сөнбесін» романыңыз соғыс тақырыбына жазылғанмен, осы тақырыптағы совет романдарын былай қойғанда, Ахтанов қаламынан шыққан «Қаһарлы күндерге» де мүлде ұқсамайды ғой. Мұны қалай түсіндірер едіңіз?

– Қиын сұрақ... Мұндайда өзімнен гөрі басқа біреу түсіндіргені орынды болар еді. Бірақ енді қиналсам да айтайын... Бұл бір менің қатты қиналып жазған шығармам. Қиын роман! Қиындығы, қинағаны – қан кешкендердің ішінде өзім де болған кешегі сұрапыл соғыстың сойқанды суретін беруде емес-ті. Соғыс өтті, соқты, кетті. Арада қырық жылдан астам уақыт өткенде, мен сол соғысқа «Қаһарлы күндердегідей» емес, мүлде басқаша көзбен қарап көрдім. Атыс, шабыс, қанды қырғын... қопарылыс, шабуыл. «Ура-ура!!!» емес, неге адамдар бір-бірін өлтіреді, қинайды, азаптайды... қан құсады, бірақ қайта тұрып тағы жүгіреді. Осы да Адам деген атқа лайық па? Адамға, адамзаттың табиғатына тән нәрсе ме? Екі жақтағылар да бүкіл болмыс-бітімімен өлгісі, яки біреуді өлтіргісі келіп тұрмаса да, өзінің күллі мән-мағынасына қарсы жабайы, жат әрекетке қалай қолы барады? Қысқасы, Адам және Соғыс дейтін мүлде кереғар, қабыспайтын ұғымдардың қалайша тоғысуы толғандырды мені. «Қаһарлы күндерден» мен мүлде кеттім. Соғыс тақырыбына жазылған шығармалардың ішінен кезінде тәуірінің бірі аталғанмен, қазір мен ондағы принциптерімнің көбімен өзім келіспес едім. Мұның себебі – совет әдебиетінде ондай шығармалардың көп болып кеткендігінен немесе «Қаһарлы күндердің» ескіріп қалғанынан емес, (соғыс тақырыбына

жазылған тәуір романдар қазір де аз!) – гәп, менің «соғыс» деген мағынасыз нәрсеге көзқарасымның мүлде өзгергенінде, және осы жаңа көзқараспен бұрынғы пайымдауларымды түбірімен қайта қарауда жатыр. Сөйтіп, Соғысты да, Адамды да басқа көзбен көруімде жатыр.

Осы уақытқа дейін «Шырағың сөнбесін» туралы біраз пайымдаулар жарық көрді. Мақтап та жатыр. Бірақ Островскийдің «Нажағайынан» «луч света в темном царстве» көрген Добролюбов секілді, шығарманың қан тамырын тап басқан бірдебір сын болмады десем, өтірік айтқан болмаспын. Әншейінде болмысқа «елден ерекше көзбен қараған шығармаң болса, қане, көрсетші... Біз танымай жүр ме екенбіз, білмей жүр ме екенбіз?» деп шыға келетін сыншы ағайындардың осындайда қалай «байқамай» қалатынына таңым бар. Оларға қарағанда, қаршадай ғана бала сыншы Шұға Нұрпейісованың «Простор» журналының биылғы №1 санындағы «Третье измерение» атты мақаласы байыпты талдауымен, танымының дәлдігімен әлдеқайда биік тұрғанын айтпай кетсем, обал болар еді.

– «Сендер неге бізден Белинский болуды талап етесіңдер?.. Белинскийді Белинский еткен – Пушкин. (?) Сендер әуелі Пушкин болып алыңдар да, бізден Белинский болуды сосын талап етіңдер. Сын мықты болу үшін, әдебиет мықты болу керек» дейтін даурықпа, даукес сыншылар шықты. Қызық... Мықты керек болса, қазақ әдебиетінде бір өзі біртұтас әлем Әуезов бар емес пе еді. Сол кезде неғып Әуезовпен теңдес әдеби сынның өкілі шықпады осы?!

– Гәп талантта болса керек. Демагогияның қашанда бір желеу тауып алып, соның артына жасырынғысы келетін әдеті бар. Жә! Күні кешегі тоқырау кезеңінде ол өмірдің әр саласынан-ақ айқын көрінген. Ең жаманы (өз басын ақтап қана қойған ештеңе емес) шындыққа қарсы шабуыл жасаған белсенді демагогияның дәуірлеген кезі де болды ғой. Ондайларға біреудің бүкіл творчествосын бірер бет мақаламен белінен бір сызу да, түкке тұрғысыз нәрселерді көкке көтеріп мадақтау да пәлендей ұят көрінген жоқ. Өмірдің өзге салаларында да сазайын тартпай жүрген «жүгенсіз» қылықтар – «вседозволенность» одан таяқ жеді ме? Жоқ! Қайта тайрандаған тәйтіктер тіпті ірілі-ұсақты

## Шығармалары. Екінші том

жиындардың мінберлерінен ойына не келсе, соны айтуды үдетті. Өйткені қолтығына су бүрікпесе, әй дер әже, қой дер қожа болмады оларға. Қарсы пікір айтсаң, «ақымақ» саналдың. Жөн сөз айтсаң, «қолайсыз» адам санатына кірдің. Принципті мәселе жөнінде айтып тұрғаныңда шаруасы жоқ, тоғышарлар тіпті: «Қазақ бір-бірімізді күндемесек, қазақ боламыз ба?!» деген кінәрат тағуға шейін барды. Сондай бір «көжетамыр (квасной) патриоттар» шықты сол тұста қазақтан. Оларға не деуге болады? Осы қазақтың Абай айтпаған жаманшылығы жоқ: «Көп айтса – көнді, жұрт айтса – болды, әдеті надан адамның». Ал рухани саулығымыз туралы ойланғандар көп болса, тап бүгінгі жағдайға дейін құлдырамас едік деп ойлаймын.

– Жөн сөзге, әділ сөзге құлақ аспау былай тұрсын, Таха-ау, тіпті әлеуметтік өмірде де ойына келгенін істегендер аз болды ма?! Әлеуметтік өмірдегі жаппай әділетсіздік әдеби өмірдің ауа райына да неге әсер етпесін сосын. Орыс жазушылары тіпті осындай сырқаттың салдарынан А.Твардовский басқарған «Новый мир» журналының коллективі қалай «талқандалғанын» талай айтып та, қайта-қайта жазып та жатыр. Ескі жараңызды тырнасақ та, ашық айтайық: Сіз редакторлық еткен «Жұлдыз» журналы да тоқырау кезеңінде «талқандалған» жоқ па? Гәп – тек Тахауи Ахтановта емес, бас редактордың кемшілігі болса – оны ешкім ақтап ала алмас; әңгіме бұл жерде күллі коллектив туралы болып отыр. Осы күні ауыздарын ашса аңырап қоя беретін Мұқағали Мақатаев поэзия бөлімінен, белгілі-белгілі жазушылар О.Сәрсенбаев, Д.Исабеков, Т.Токбергенов, Ғ.Жұмабаев басқа бөлімдердің меңгерушілігінен неге қуылды? Бұлардың не жазығы бар еді? Әлде Мұқағали Мақатаев бастаған кіл талантсыз бөлім меңгерушілері жиналып қалып па еді? Журналдың үш басшысы, бес бөлім меңгерушісі, екі әдеби қызметкері бірден кеткенде, Софы Сматаев екеуіміз ғана сопыып қалғанымыз әлі күнге есімнен кетпейді.

Әрине, маған да «құлындағы сақауды, құнандағы тісеуді қопарып неге қажет?» деушілер болуы мүмкін. Өздеріне жағымсыз тисе, сөйтіп жақауратып, біртумашыл болып шыға келетіндер бар. Сол уәждерін, сол пәтуалы сөздерін журнал быт-шыт болып жатқан кезде неге айтпады солар?! Басқасын

былай қойғанда, конституциялық еңбек ету заңы көрер көзге аяққа басылды ғой! «Ыңқ» деген бір пенде болсашы.

– Ой-бой, шырағым-ай! Тоқырау кезеңі деп аталған тұста қолына билік тигендер заң-паңыңа қарады ма? Әлеуметтік әділеттілік аяққа басылған соң, өтірік пен өктемдікті көріп тұрса да – көрмей, біліп тұрса да – білмей, өте шыққандар көп болған жоқ па? Әсіресе қарапайым халық қатты түңіліп кетті ғой.

Біреулерді «ішіп кетті» деп кінәлаймыз.

*«... Мы тоже дети страшных лет России –*

*Безвременье вливало водку в нас»,* – деп Высоцкий тегін айтып отырған жоқ. Ішіп кетсе, демек, ішетіндей жағдай туғаны. Соған уақыты мәжбүр еткені. Маскүнемдікті тыю үшін, алдымен оны туғызатын әлеуметтік себептердің ошағын жою керек. Партиямыз қайта құру кезеңінің ең алғашқы шараларының бірі ретінде, осы келеңсіз құбылыспен күрес ашуды қолға алып, өте дұрыс істеп отыр деп ойлаймын. «Ауруын жасырған – өледі» дедік қой, сондықтан мынау жариялылық заманында бәрі-бәрін әлі де ашық айта түсуіміз керек.

– Иә, ашық айту керек. «Қазбалай беріп қайтеміз» деген психологияға салсақ, ол – күні кешегі тоқырау кезеңінде табанға тапталған ар-ұяттың алдында кешірілмес күнә болар еді. Кінәлілер түк көрмегендей болып тымпиып кете барса, таза жүрекке түскен жаракат сыздамай бәрібір тұрмайды. Ал аумалы-төкпелі әлдебір көңілдерде: «қолыңнан келсе – қонышыңнан басып қалу керек екен ғой. Әйткен, бүйткен аналарға не істеді?! Жұрт айтты-айтты, ауыздары ауырғасын қойды» деген құлық пайда болуы әбден мүмкін.

– Мәселенің мәнінің өзі сонда. Қоғамдық өмірдің әр түрлі салаларында етек алған келеңсіз құбылыстар, әдеби атмосфераға да кең жайылған соң, оған көзді жұмып қарауға болмайды. Басқа кемшіліктің бәрі айтылып жатқанда, рухани саулығымызға түскен ақауды айтпай кету – арлылық емес. Осыған орай айта кетейін, біз кезінде Әуезовтің де, Мұқановтың да, Мүсірепов пен Мұстафиннің де шығармаларына емін-еркін пікір айта беретін едік. Осы күні қоғамдық өмірдің басқа салаларындағыдай, әдебиетте де «сынауға болмайтын аймақ»

Шығармалары. Екінші том

жасалыпты. Бір ауыз сын пікір айтсаң, «Әне, бұл сөйтіп бүйректен сирақ шығармай жүре алмайды. Ойы бұзық қой, бұзы-ық...» деп тырнақ астынан кір іздейтін пәле шықты. Кезінде Мұқағали марқұм редакцияға келген базбір ақынсымақтарға: «Өлеңің нашар екен» десе, «Сізді де білеміз ғой» деп талақтары тарс айрылатын. Сондағылары – әлгі бір кезеңдерде қай-қайсымыз сияқты Мұқағалидың да ара-тұра «высоцкий-шілеп» кететінін бетке салық еткен түрлері. Өзіңнің өлеңіңнің нашарлығы мен біреудің ұрттап-ұрттамайтындығының арасында қандай байланыс бар. Бас десең құлақ дейтін мұндайларға, сірә, дауа болмас.

– Шыныңызды айтыңызшы, бізде шындықты көркем бейнелеу тұрғысынан келгенде әртүрлі жолдарды таңдаған, шын мәнінде принципті түрде айтысып-тартысатындай әртүрлі әдеби-творчестволық бағыттар бар ма?

– Мына бағыт, ана бағыт деп ен салып таңбаламағанмен, неге әртүрлі бағыт болмасын. Бар. Бірақ өз алдына шеберліктің дербес мектебі болып айтысатындай дәрежеде емес. Олай болса – арман ғой!

– Ендеше, келісе алмай, ірі-тірі болудың басы – сол бағыттардың ара-жігі әлі айқындалмағандықтан шығар...

– Қалай болғанда да түрлі сынық-сырқаулардан сау айтыс болуы керек деп білемін.

– Сонда мынау түбірлі өзгерістер тұсында, қасиетті қайта құру кезеңінде әдеби атмосфера қайтсе түзеледі деп ойлайсыз?!

– Жалғыз-ақ жол бар. Таланттарды шеттетпеу өз алдына, тек таланттарды ғана қолдау керек. Рас, шын таланттар бас асаулау келеді; бастық кісіге басын иіп тұрар көнбіс те емес. Үнемі жаңа бірдеңені ойлап тауып алатындары тағы бар. Түбінде әдебиетті жасайтын – солар...

– Елімізде жаппай жүріп жатқан Қайта құрудың көші түзелсе, тоқырау кезеңінде таяқ жеген Әділет төрге қайта отыратын шығар. Өйткені, өткен күн енді қайтып оралмақ емес. «Жалын» журналы «Жазушы Ахтановтың жариялылық кезеңіндегі ойларын жиып әкеп беріңізші», – деп еді. Шаруам осы еді, Таха!

– А?!

*«Жалын» журналы. №4, 1988ж.*

## ӘЛДЕҚАШАН АЙТЫЛАТЫН СӨЗ ЕДІ

Творчество адамының тағдыры деген де – ешкім ештеңесін алдын ала болжап айта алмайтын, жұмбағы көп нәрсе ғой... Егер сонау жетпісінші жылдардағы «Жалын» альманахының жабық конкурсы болмаса, сол кезде Қазақстанның әр қиырында жүрген, аты-жөндері де ешкімге белгісіз біраз жігіттер бұл күнде қазақ әдебиетінің қабырғалы қаламгерлеріне айнала алар ма еді, жоқ па... оны бір Құдай білсін!

Сол жасырын атпен қатысатын жабық бәйгеде әуелі «Чика – Дабылдың баласы», сосын «Жер кіндігі» дейтін повестерімен екі рет қатарынан маңдайы жарқырап мәреден өтіп, көзге түскендердің бірі – қазақтың «әдебиет» дейтін қазыналы алтын сандығына мол олжа салып, бүгінде «Сонар», «Чика – Дабылдың баласы», «Жер кіндігі», «Арна», «Ақ тайлағым-ай», «Қияндағы күн нұры», «Құм қойнау», «Ескі қыстау», «Армандай алыс жағалау», «Жусан иісті жүрдек поезд», «Жаңбырлы жаз», «Жанқожа» секілді он бес шақты кітаптың авторы атанып, аға жасы – 60-қа келіп отырған Молдахмет Қаназов болатын. Ол әдебиетке жетпісінші жылдардың басында осылайша келген; еш қысылып-қымтырылмастан, көрер көз болса – «Міне, мен мынадай шығармаларыммен келдім!» деп емін-еркін келген; әлгі екі повесінің өзі-ақ оны аз уақыттың ішінде оқырман қауымға да, әдеби ортаға да бірден мәшһүр еткен...

Жасыратын несі бар, ол кезде өзіміз де кеудесіне нан піскен өркөкірек жастың бірі едік. «Чика – Дабылдың баласы» секілді соншалық шынайы, соншалық қарапайым, титтей де құйтырқысы жоқ, бірақ соған карамастан тұп-тұтас күйінде туа қалған мұншалық әсерлі шығарманы Алматыда, астанада қатар оқыған, кілең бір «сен тұр, мен атайын» құрбы-құрдастарымыздың бірі емес, алыс ауданда жатқан, аты-жөні де белгісіз әлдебіреудің жазғанына сене алмай, қатты таңырқағаным әлі күнге есімде.

«Қайран өркөкірек жастық-ай! Неткен астамшыл едің!?» десейші. Сөйте тұра, қатты қызыққанымды да, сонсоң: «апы-

рай, осыны неғып мен жазбағанмын?» деп іштей, жақсы мағынасында, қызғанғанымды да айтпай кетсем, оным адалдық болмас еді.

Шынын айту керек, қазақ әдебиетінің алтын қорына қосылған Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым – Қожа» повесінен кейін, балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармалардың ішінде «Чика – Дабылдың баласы» секілді сәтті туған шығарма біздің әдебиетте әлі күнге дейін сирек.

Әрине, осыдан кейін оқырман қауым: «Қаназов енді не берер екен» деп асыға күтсе, онысы әбден орынды еді. Өйткені олар ғана емес, қаламдас қатар-құрбылары да Молдекеңнің мынау алғашқы повестері ет пен терінің арасындағы әшейін бір жел емес, алысқа шабар шын жүйріктің аяқ алысының басы болғай деп, оның келесі қадамын бағып қалған еді. Молдекең көп күттірген жоқ. Жұрттың бұл үмітін де ақтап шықты. Әуелі, «Ақ тайлағым-ай»-ды, сонан кейін «Қияндағы күн нұры», «Арғы ауыл мен бергі ауылдың балалары» секілді бірінен бірі өтетін, нұрдың тамшыларындай мөп-мөлдір повестерді бірінен кейін бірін тоғытты дейсің!

Мен бұл жерде «Қияндағы күн нұры» секілді тамаша повестің әлдеқалай грузиндердің қолына түсіп, дереу сол тілге аударылғанына да; сөйтіп халықаралық «Саундже» журналының 1989 жылғы 3,4-сандарында жарияланғанына да тоқтамай-ақ қояйын. Бірақ бір нәрсе есте болу керек. Ол – өздерінің әдебиетінде де Ұлы Отан соғысы жылдарындағы колхозды ауыл өмірін бейнелеген бірқатар тәуір шығармалары бола тұра; (басқасын былай қойғанда, Лениндік сыйлықтың лауреаты Нодар Думбадзенің «Күнді көріп тұрмын» романы және оның Молдахмет повесімен өзектес «Мен, әжем, Илико және Илларион» секілді хикаяты тұрғанда), сондай шығармалары бар грузин әдебиетінің де, Грузияда шығатын әлгі халықаралық журнал «Саундженің» де қазақ жазушысы Қаназовтың повесіне тектен-тек қызықпағандығы. Мұны айтпай кету, елеусіз тастау тіпті де әділдік болмас еді. Әттең, әншейінде төске ұрып жүретін қазақ сыншылары осындайда не бағып жүретініне таңғалмасыңа болмайды!

Әйтпегенде, қазақ әдеби сыны сәл сергектік танытқанда, бар-жоқты жіті қадағалап отырған жағдайда, Молдахмет Қаназов секілді кейіпкер психологиясын тамыршыдай тап басып ұстай алатын, нәзік те шынайы суреткерлер әлдеқашан лайықты бағасын алып, әдебиет көшінің алдыңғы легінде тұрар еді. «Зердің жайын зергер біледі» демекші, сыншылар көрмегенмен, байқамағансығанмен, Молдекеңнің қаламдас қатарлары мұны бірден-ақ таныды.

Жә, өткен іске өкіне бермей-ақ қоялық! Сыншылар көрмегеннен, яки солар бағаламағаннан жақсы шығарманың құны төмендегенін естіген ешкім жоқ. Төмендемейді де! Өйткені осындай шыншыл өнер ғана – өлмейтін өнер; осындай шыншыл өнер ғана – өміршең өнер! Ал Молдахмет Қаназовтың әлгі повестеріне келсек, шындықтан бір елі де ауытқымаған, нағыз шынайы шығармалар еді.

Осы бір екі-үш повесті мен бөле-жармай, қайта-қайта қабат атауымда ерекше мән бар. Өйткені бұлардың бәрі де сонау бір соғыс жылдарындағы жыртық иін, жадау көңіл жетім балалар мен жесір әйелдердің көз жасына тұншыққан өмір суреттері. Кейбір ошақтардың оты мәңгілікке өшіп, кейбіреулері эзер аллалап аман қалған, Өмір мен Өлімнің аяусыз арпалысы. Сол арпалыста мерт болып, сынып, жаншылып, жоқ болып кеткендер мен жарық сәуле үшін жанталасып, ақырғы демдеріне шейін алысканның арқасында ғана аман қалған ұрпақтың өркен жаюы туралы хикаялар.

Бір ғажабы, «Чика – Дабылдың баласы», «Ақ тайлағым-ай», «Қияндағы күн нұры» – уақыты жағынан бір кезеңнің оқиғаларын қамтығанмен, бір-бірін мүлде қайталамайтын, бір-біріне мүлде ұқсамайтын, ерек туындылар. Солай бола тұра, «Чика...»-дағы Ертас та, «Ақ тайлағым-ай»-дағы Біләл да, «Қияндағы күн нұрын»-дағы Ералы да – тағдырлас, мұндас, замандастар. Соғыс кезі – бұл шығармаларда тек фон ғана; кейіпкерлердің әрекет етер ортасы ғана; ал ең бастысы, ол кімнің кім екені сыналар уақыт алаңы! Сондықтан болса керек, осы шығармалардың Жұмажан секілді кейбір кейіпкерлері бірінсі-біріне көшіп те жүр. Ол «Чика...»-да әкесін фашистер

## Шығармалары. Екінші том

кемтар еткенге ызалы, бірақ әйтеуір тірі әкесі қасында жүргесін еркесоктау боп көрінетін бала болса; сол еркесоктау бала – әкесі бригадир болған соң, оқу-тоқуға онша ынта қоймай жүрген бала, – «Ақ тайлағым-ай»-да өсе келе есерсоқтау, ептеп бойына қатыгездік еніп келе жатқан бозбала боп көрінеді. Бірақ әрине, болашақ өмір тізгіні ондайлардың емес, жүрегі жұмсақ, жаны ізгі Ертастардың, Білэлдардың, Ералылардың қолында екеніне автор оқиғалардың бүкіл логикасымен көзінді айқын жеткізеді. Соған қуанасың, соған риза боласың!

Риза болатын тағы бір жерің – осы шығармалардағы кейіпкерлердің қай-қайсысының да бойынан өз халқыңа тән тамаша қасиеттерді көріп қуанып отырасың. Соңғы жылдары біз «модный» терминдерге әбден құмар болып алдық. Соның бірі – осыған қатысты «ұлттық менталитет» деген сөз. Ал сол «ұлттық менталитет» дегеніңіз – ұлттың бойында ғасырлар бойы қалыптасқан, сүйекке сіңген қасиеттердің жиынтығы болып табылады. Кез келген ұлттық әдебиеттен, – егер ол шын мәнінде тәуір әдебиет болса, – ұлттың сол сарысүйек қасиеттері «мен мұңдалап» көрініп тұруға тиіс. Осы бір жақсы қасиет Молдахмет шығармаларынан да айқын сезіледі. Оған мысалды алыстан іздеудің қажеті жоқ: мәселен, «Қияндағы күн нұрын» оқи бастағаннан-ақ, өздерінің жүрегі сазып аш отырса да, үйге келген кісінің алдына барын жайып салатын қазақы жомарттық алдыңнан шыға келсе, «Ақ тайлағым-ай»-дағы Білэл мен Сәнім; «Суық көлеңкедегі» Ғимран мен Алуаш ара қатынастарынан тек бірге туған адамдар арасында ғана болатын нәзік қимастықты, қазақы бауырмалдықты айқын сезесіз... Ал ошақ отын өшірмеу, жер бетінен бір шаңырақтың да жоғалып кетпеуі үшін жанталасу дегеніңіз – Молдахмет шығармаларында біздің қазақ әйелдерінің маңдайына тағдырдың өзі қашап жазып қойған бір міндетті іс секілді. «Чика – Дабылдың баласы»-ндағы Дабылдың ошақ отын өшіріп алмау үшін, ұрпақсыз қалмау қамын ерте бастан ойластырып жүрген Тәнзила жеңешемізді былай қойғанда; бір-бір түйір балаларының шаңырақтары шайқалып кетпесе игі еді деп, шыр-пыр болып жүрген анау «Суық көлеңкедегі» Қазима

кемпірді; «Жаңбырлы жаз едідегі» – Зияштың енесін; сондай-ақ «Жесір» деген әңгімедегі Ұркияның енесі секілді кісілерді айтпағанның өзінде; бір ғана «Қияндағы күн нұры» повесіндегі: соғыста өлген жалғыз ұлдың әйелі жат біреуге тиіп кеткенде, орнында қалған жалғыз қарғатұяқ бала мен әлі есін де білмейтін титімдей қызды сүйрелеп жүріп жеткізген Қатира кемпір туралы хикаяны оқығанында еріксіз көзіңе жас үйіріледі. Неге? Бұл өзі не құдірет сонда? Кісінің көңілін астан-кестен ететін не сиқыры бар мұның? Сөйтсек... Осының бәрі – тарихтың талай-талай талмау тұстарында басынан небір сұмдықтарды өткерген халқымыздың жер бетінен жоғалып кетпеуі үшін өзінің ой көрігінде қорытып шығарған өмірлік тәжірибелерінің жиынтығы екен; соның бәрі – бірте-бірте ұлтқа тән мінез боп қалыптасқан құнды қасиеттер екен. Соны автор тап басып, ұлтыңның бойындағы ғажайып қасиеттерді өзіңе қайтадан жарқыратып ашып көрсеткенде еріксіз толқығандығыңнан екен.

Молдахмет Қаназов маған кей-кейде өз халқының осындай асыл қасиеттерін жырлау үшін келген секілді көрінеді біздің әдебиетке. Несі бар? Тамаша талап! Биік мұрат бұл! Біз Молдахмет творчествосынан оның тұрғыластарының көпшілігінде ұшыраса бермейтін жоғарыдағыдай кейіпкерлерді, ұлттық мінездерді жиі көреміз. Басқасын былай қойғанда, Қаназовтың алғашқы әңгімелерінің бірі – «Бұру жолдағы» бір ауыз сөз үшін түү жер түбіндегі төрелік берер ақсақалға барып жүгінетін Пірімбет пен Оқас; қартайған шағында туған жерінен қол үзуге мәжбүр боп, кіндік қаны тамған мекенді өліп-өшіп аңсаумен өмірін өткізіп жатқан науқас шал – анау «Жусан иісті жүрдек поезд» дейтін әңгімедегі Емберген қария – тап осындай, тап-таза қазақы характерлер. Оларды ағылшынның да, француздың да, немістің де, орыстың да – ешбір елдің де шалдарымен шатастырмайсыз. Нағыз ұлттық мінездер! Ол – ол ма, бір ғажабы, біздің Молдекеңнің адамдары түгілі, түү қияндағы ескі қыстауда туып-өскен Төрткөз итіне шейін, анау аңыз-ертегілеріндегі аң-құстарына шейін, тап-таза осы өлкенің төл перзенттері екенін жазбай танысыз. Бұл не деген

сөз? Бұл – жазушының өзі алып отырған объектісін өте жақсы білетіндігі және соны көзбен көріп, қолмен ұстатқандай етіп бере алатын шеберлігі деген сөз!

Айта берсек, әңгіме көп! Бірақ осы жазушылық шеберлік туралы әңгіме қозғалғанда талайлардың, – соның ішінде біздің Молдекеннің де әдебиетке әкелген өзіндік кейіпкерлеріне қоса, мұның тағы бір тамаша образ жасағанын және ол образдың енді қайталанбамай шебер жасалған образ екенін айтпай кету обал болар еді. Ол не дейсіздер ғой?! Ол – кәдімгі тері бәтеңкенің тірі бейнесі!!! Анау-мынау бәтеңке емес, сонау бір жоқ-жітік кезде талайлар амалсыздан аяғына қамсау қылған интернаттың Жыртық Бәтеңкесінің образы! Бұл енді, меніңше, әлем әдебиетіндегі Марк Твен, Ярослав Гашек секілді сұңғылалардың ғана қаламына ілінетін, онда да солардың сәтті сағаттарында ғана қаламдарына сирек ілінетін олжа! (Бағанадан бері айтылып жатқан әңгімелердің бәріне бірдей мысал келтіріп жатсақ, оқушыны мезі етіп алар едік; әйтсе де шеберлік туралы тап мынау әңгіме тұсында, аз да болса, үзінді келтірмесек, сөзіміз тым жалаң болып кететін түрі бар. Сәл құлақ қойыңыздар!).

...Интернат.

...Балаларға киім үлестірілген.

...Солардың бірі – біздің кейіпкерімізге де өз үлесі тиген. Бірақ...

Енді сөзді кейіпкердің өзіне берелік (Сіздер де көз алдарыңызға елестетіп отырыңыздар):

«Ертеңгісін оянсам, маған тиген шағындау қара бәтеңкенің орнында... ұлтаны әлдеқашан қақырап қалған, салтақ-салтақ екі албасты аузын ашып, кереуеттің астында мыжырайып жатыр. Жырым-жырым тілдері салақтап кеткен, өкшелері қисайып, жамбастап қалған; өздері, шамасы, менімен жасты-ау... біреуінің бір тұтам ғана бауы бар, екіншісінде ол да жоқ».

« – Мынау кімнің бәтеңкесі-әй, а?!» – деп, балалар жататын бөлмелерді түгел аралап шықтым. Тым-тырыс. Бәтеңкені бірде-бір адам танымайды».

«Жатарда қасымдағы бала:

– Әй, әнебір аждаһанды ары тартшы! Түнде адамның түсіне кіріп, шошып жүерміз, – деген.

Содан-ақ мені өзі іздеп тауып алған бұл бәтеңке «аждаһа» атанып, атымды интернатқа бір дүрілдетті-ау!

«Аждаһаның»... бұрынғы аузын ашып тұратын күні күн-ақ екен, бір күні табаны өкшеге дейін түгелдей қақырады да қалды. Таспен ұрып, орын-орнына қайта бекіткен болдым; екі-үш күннен кейін қайта ақтарылып түссін. Қайта қақтым, қайта қақырады. Ондағтырып алар ақша жоқ, интернаттың шарбағын жағалап жүріп, қарыстан астам көне шеге тауып алдым да, башпайымнан сәл ілгерірек, ұлтанның қақ ортасынан қағып, жоғары шығардым. «Мен мұңдалап» сарайып шыға келген ұшын қайырып, ұлтанға қарай қайта айдадым; ол жақтан шыққан ұшын бері айдап ем, бәтеңке аяққа ілуге жарайтындай болып, едәуір жинақталып қалды».

Ал енді, осы «едәуір жинақталып қалды» деген бәтеңкенің сиқына көз салып көрелік:

«...Әйтеуір жүргенде басы бір бөлек болып, тарп-тарп етіп жер шапаттамайды; жердегі құмды асап алып, бір бөлегін анадай жерге шашып жібереді де, бір бөлегін тап сол сәтінде қылқ еткізіп жұта салады... Содан табаның қышыр-қышыр! Кешкілік шұлығың мен бәтеңкедегі құмды далаға төгіп, бағанға сарта сұрт ұрып, жалғыздан-жалғыз «санитарлық күн» өткізіп жатқаның...».

«Бірақ «аждаһа» онысымен тынбай, мені одан да зор ұятқа қалдырды... Маржанкүлдің қасында келе жатқам... (Маржанкүл дегені – жетінші кластағы жойқын махаббатының объектісі). Қыздың оң жағына шығуым керектігі кенет ойыма сап ете қалғаны. Өйткені оң аяқтағы «аждаһаның» үлкен міні бар. Құрымағыр, тарп-тарп етіп, онысымен қоймай, құтырған бұқадай жер сүзгілеп, топырақ асап, бірсыпырасын өзінің басына, одан қалғанын сонадай жерге шашып келеді...».

Иә-ә-ә... «Адам баласы өзінің өткен дәуренімен күліп қоштасады» дейді бір данышпан. Шынында да, жыртық иін, жадау көңіл жастық шақ қаншама қиын уақытқа тап келгенмен, оның осындай да көңіл сергітер күлкіге сеп болатын тұстары аз

болмаған екен. Бұның бәрі сол бір аш-жалаңаш, қиын кезеңнің өзінен ашынбай, адамшылығын жоғалтпай шыққан бүтін бір ұрпақтың тағдыры. Біздің Молдекең соны өзінің «Жетінші кластағы жойқын махаббат» дейтін әңгімесінде еңсенді езер қасірет қылып емес; қасірет екені рас бола тұра, балалық шақтың базарлы күндерінің әлгіндей бір езу тартар оқиғасы етіп көрсеткені – өте бір ұтымды тәсіл боп шыққан.

Жалпы, атап айтарлық бір нәрсе – Молдахмет Қаназовтың жазушы ретіндегі қуатты қаруының өзі – осы бір күлкі! Осы күлкі арқылы ол өттей ащы шындықтың өзін шынына жеткізіп айта алады. Мен досымның «Қызыл дамбал» деген повесін оқығанда, өзім бұрын да қатты бағалайтын көркем шығармадағы күлкі дегеннің құдіретін тағы бір қырынан танығандай болдым. Кешегі Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы шаш ал десе, бас алған; кез келген нәрседен саясат іздеген; асыра сілтеуді – белсенділіктің, волонтаризмді – қайраткерліктің белгісіндей көрген тұстардағы қоғам өміріне төнген қауіпті тек осылайша, трагикомизм дәрежесіне жеткізіп, уытты күлкімен өлтіре шенемесе, одан басқа жолдың өзі аз секілді. «Біз кедей-кепшіктің мүддесін жоқтаймыз!» деген кеңес өкіметі, сол кедей-кепшікті бұрынғыдан да бетер тыр жалаңаш күйге түсірсе, «еңбекші бұқараның қанына боялған-мыс» делінетін оның Қызыл Туы – жалаңбұт қалуға жақындаған әйел байғұстың әбірейін жабар дамбалына айналмағанда қайтеді?! Осы трагедияны суреткер жазушы М.Қаназов қанын сорғалатып тұрып жазып шыққан. Күллі совет әдебиетінде, соның ішінде қазақ әдебиетінде де, кеңестік дәуірдің алғашқы кезеңін бейнелеген талай шығармалар бар екенін білеміз. Олардың көбісі сол кезеңнің идеологиясына сәйкес жазылғанын да білеміз. Бірақ дәуір шындығын, заман қатыгездігін осынша реалистік қуатпен, осыншалық тірі характерлер арқылы айқын көрсеткен туынды біздің әдебиетімізде де, бұрынғы кеңестік әдебиетте де сирек-ақ десек, еш артық айтқандық емес.

Не көп, Молдекенде жақсы әңгіме, хикаят көп. Кейде тіпті соның қайсысына көбірек тоқтап, қайсысын шолып өтерінді білмейсің. Бұл ала-құласы жоқ, жауапкершілік жүгін айқын

сезінген кәнігі профессионал жазушыға ғана тән жақсы қасиет. Мәселен, оның «Мөлтек әңгімелерін», сондай-ақ «Қашықта қалған елес-ті», «Армандай алыс жағалау», «Үрей», «Жаңбырлы жаз еді», «Жусан иісті жүрдек поезд» секілді әңгімелерін былай қойғанда, кез келген жазушының шығармасымен салыстыруға тұратын «Ит өлімі» дейтін мінсіз әңгімесін жеке сөз етуге әбден болар еді. Оған қазір тек уақыттың қысқалығы ғана қолбайлау болып тұр.

Бірақ уақыт қанша тар болғанымен, бұл жерде енді Қаназов творчествосына тікелей қатысы бар екі адам туралы қысқаша болса да айтпай кетуге болмас еді. Оның бірі – ақын Зейнолла Шүкіров те; екіншісі – бабасы Жанқожа батыр.

Зейнолла туралы естеліктерін автор «Сағыныштың сары жапырақтары» деп атапты. Тауып қойған деп ойлаймын. Өйткені Қаназов қайда жүрсе де айдынды Аралын, қасиетті Қазалысын, Қарақұм мен Қызылқұмды, сыландаған Сыр бойы мен өзі туып-өскен титтей ғана Бекбауыл бекетін де бір сәт есінен шығармай, әрбір жана шығармасына шабытты сол жерлерге, сол елдің адамдарына деген сағыныштан табатын жазушы. Жалпы, сағыныш деген осынау керемет қасиет Қаназов творчествосының басты лейтмотивтерінің бірі десек, еш қателеспес едік. Қараңыздар, оқыңыздар: «Екі жүз сексен жетідегі Гүлнәзия» атты әңгімедегі Гүлнәзия да, «Жусан иісті жүрдек поезддағы» Емберген қария да, «Жер кіндігіндегі» Таңат та, «Есенбісіз, таң шапағындағы» Сағын да, «Аққанаттағы» Аққанат та, тіпті осы шығармада суреттелетін күллі жануарлар мен өсімдіктерге дейін Сағыныш деген Ұлы Сезімнің табынушылары. «Сағыныштан шөптер де сарғайып тұр» дейді Молдекең осы әңгімелерінің бірінде. Әрине, шөптердің сарғайғаны сағыныштан ғана емес шығар, бірақ жазушы суреттеп отырған ситуацияда, кейіпкерлердің сол сәттегі сыртқы дүниеге психологиялық қарым-қатынасы жағдайында «шөптердің сағыныштан сарғайып тұрғандай» көрінетіні еш күмән туғызбайды.

Молдекеңнің сағыныштан сарғайып кеткен сол сары жапырақтары Зейнолла Шүкіров туралы мынау естеліктерінде, дүниеден өтіп кеткеніне көп жыл болған асыл ағасының қабірі

## Шығармалары. Екінші том

үстіне осы қазір де сау-сау саудырап төгіліп жатқандай, төгіліп жатқандай... жүрегінді қозғайды.

Ал Жанқожа бабамыз... менің ойымша, Молдахмет творчествосының ендігі алтын қазығы болса керек. Өйткені «Ел үшін өткен ерлердің, Сөз білген жанда ақы бар» деп бұрынғы жыраулар тегін айтпаған. Батыр туралы Молдекең көп жылдардан бері материал жинап келеді, зерттеулер жүргізді. «Жанқожа батыр», «Жанқожаның жанды бейнесі», «Жанқожа батырға ескерткіш орнатыла ма?», «Батырсыз ауыл қалмасын, асыра сілтеу болмасын» секілді талай мақалалар да жазды. «Жанқожа» атты драмасы, осы аттас тарихи кинохикаяты да жарық көрді. Осының бәрі – болашақ үлкен туындының сүйегі, келер күндерге кемел дайындықтың белгілері секілді. Илаһим, солай болғай! Бұл мақсат жүзеге асып жатса, Молдекең секілді жазушының қуатты қаламынан туған ондай шығарма – тек Қаназовтың ғана қуанышы емес, күллі қазақтың қуанышы боларына бек сенеміз.

Бұл сөз де, жалпы бүгін айтылып жатқан әңгімелердің бәрі де – тек мерейтой кезінде айтылар «қыздырманың қызыл сөзі» емес, ағайын! Молдахмет мырза баяғыда-ақ естуге тиіс, оның атына баяғыдан бері айтылуға тиіс сөздер болатын. Еңсесін салып, еңбек еткені болмаса, аспандағыны алып жеп, жердегіні жұлып жеп жүретін жұлмырлықпен ауылы қонсылас қонбаған Қаназовтың атақ шығару, дәреже иелену дегендермен осы уақытқа шейін шаруасы болған жоқ. Бірақ «жақсының жақсылығын айтып, нұрын тасытатын» сәт бәрібір болуы керек. «Сабақты ине сәтімен» дегендей, сол сәт бәлкім, бүгін туып тұрған шығар. Ендеше, бүгінгі күн – Молдекеңнің еңбегін ел-жұрты тани бастағанының, қадірін халқы біле бастағанының басы болғай!

*«Таң-Шолпан» журналы,  
№4, 2002 ж.*

## НАМЫСҚА ЖІГЕР ЖАНЫЛСА...

Мәңгілік жаңарып, жаңғырып жатқан өмір ғой... Ақиқаттығы атам заманда әбден дәлелденген секілді болып көрінетін кейбір ұғымдар туралы осыдан біраз жыл бұрын әрі жаңа, әрі кереғар пікірлер туындағанда, сондай ұғымдардың біріне саналып келген – стиль туралы баяғыдан бергі қалыптасқан түсінігімізге сапалық жағынан құйттай да болса бір соны штрих қосылғандай болып еді. Ол – «стиль дегеніміз – адамның өзі» деген кішкентай толықтыру-тұғын. (Мысалы, жазушының стилі дегеніміз – сол жазушының өзінің күллі шығармашылық бітім-болмысы).

Өткен жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Үрей» атты кітапты аяғына дейін оқып шыққанша, мен де шығарма авторының сөз саптауы мен оның күллі ой жүйесінің куәсі болдым да отырдым. «Стиль дегенің – жазушының өзі» – деп Бюффон қалайша дәл тауып айтқан! «Үрейдегі» әңгімелердің әрқайсысынан-ақ мен олардың авторы – Мереке Құлкеновтің өзін, иә-иә... тап өзін көргендей болдым да отырдым...

«Неге?»

Мен ежіктеп түсіндірмесем де, көзі қарақты оқырман Құлкеновтің әдебиетке қалай келгенін жақсы біледі. Ол күні кешегі тоқырау кезеңі деп аталған қиын заманның кезінде де республикалық баспасөз бетіндегі өзінің өткір проблемалық, публицистикалық материалдарымен тоғышарлыққа қарсы ашық айқасқа шыққан аздаған жас қаламгерлердің бірі болды. Басқасын былай қойғанда, бір ғана «Қазақ әдебиеті» газетінің беттеріндегі: «Пас немесе екі мың бір сомның хикаясы», «Пысық жігіт», «Арылу», «Жатақханадағы сәбилер», «Бір сабақ жіп», «Волга» мінген балалар» дейтін өзекті өртерлік туындылары сол тұста көптеген көркемсымақ шығармаларға қараған-да оқылықырағанына көпшіліктің өзі куә. Кештеу де болса мұны қазір ашық айтқанның артықтығы жоқ шығар деп ойлаймын. Қасиетті қайта құру кезеңі тұсында Қ А З І Р өзіміз

## Шығармалары. Екінші том

айтпасақ, автордың сол кезде жаны жылап отырып жазған бұл материалдарының қадір-қасиетін (сөз түсінер аздаған адам бол-маса), қолдарында билігі барлар ол тұста әдейі көрмей, елемей, ескермей өте шыққан болатын. Оны қазір күлбілтелеп қажеті жоқ!? Бірақ бір жақсысы – қарау көңіл, қиянатшыл бюрократия қаншама көрмегенсіе де, біліп отырып білмегенсіе де, қалың оқырман «Қазақ әдебиеті» газеті арқылы Мереке Құлкенов дейтін қаламгердің келгенін сол кезде-ақ білген. Және... жоғарыда айтқанымыздай, мұның өзі де жәй келген жоқ... Жасына да, жастығына да қарамастан; ешкімнен, ештеңеден де жасқанбай, Жақсылық үшін Жамандықпен жаға жырттысуға біржола бекінгем дегендей, әлгі бір... ойы – анық, сөзі – нық, позициясы – ашық материалдармен дабырлата келді де, атамзаманнан бергі мәңгілік майданға білек сыбанып, бірден кірісті де кетті...

«Үрей» атты мына кітабына енген он сегіз әңгімені оқып шыққанда да, мен оның әрқайсысынан сол баяғы Мерекені – қараулық пен харамдыққа қарсы қасқая қарап тұрып күресетін, Жақсылық үшін Жамандықтың жағасын жыртуға әрқашан әзір Құлкеновті – қайтадан көргендей болдым. Керек десеңіз, әлгі деректі материалдарындағы әлеуметтік әділеттілік үшін күрес идеясы – кейінгі мынау көркем шығармаларында кең арнаға түсіп, жүйелі концепцияға ұласқанына куә болдым. Сірә, өмірдегі кез келген құбылысқа өзінің принципті көзқарасы бар, орнықты да тұрақты ой иесі автордың әртүрлі шығармаларында да «стиль бірлігі» сақталып қалатындығының, өйткені «стиль дегеніміз – адамның өзі» екендігінің бір айғағы осындай болса керек.

Сондықтан Құлкеновтің деректі туындылары мен кейінгі көркем шығармаларында стиль бірлігі айқын көрінетіндігі туралы біздің әлгі пікірімізге де: көтермелеу үшін әншейін айтылған сөз ретінде немесе жас жігітке берілген артық баға ретінде, ия кінәлай қараудың, ия қиғаштана қараудың қисыны бола қояр ма екен?! Алда-жалда әлдебір күмән туа қалса, ондай күдікті ойдан оқырманды арылту үшін, қаламгер творчествосының өзіне жүгінгеніміз жөн болатын шығар.

Ал Құлкенов творчествосындағы мұндай ішкі сабақтастық, тіпті мынау «Үрей» атты кітабынан да бұрын, «Таңғы самал» дейтін повестер мен әңгімелер жинағынан-ақ анық көрінген болатын. Мәселен, зерделі оқырман «Жатақханадағы сәбилер» мен «Шаттық» повесінің арасында (бірі – деректі, екіншісі – көркем туынды екеніне қарамастан) әлдебір нәзік байланыстың барлығына еш күмән келтірмесе керек. Сондай-ақ мынау «Үрей» атты кітапқа енген: «Соңғы күн» дейтін әңгімеде «Пастың»; «Қоштасу» дейтін әңгімеде «Арылудың», «Жүрек», «Шарбақ» дейтін әңгімелерде «Волга» мінген балалардың; «Өрттен кейін» дейтін әңгімеде «Пысық жігіттің» алыс та болса анық жаңғырығы естілетініне кімнің күмәні бар?! Шынтуайтқа келгенде, түү тереңде жатқан мұндай сабақтастықты автордың өзі де андай бермеуі мүмкін. Өйткені творчество адамы бір рет жазған нәрсесін қайтадан жаңғыртайыншы деп әдетте ойламайды; бірақ сананың терең түкпіріне орнығып қалған ойлар кейде көркем шығарма жазып отырғанда еркіңнен тыс осылайша су бетіне қалқып шығатын кездері жиі болады. Әлгінде біз Мерекенің творчествосындағы әртүрлі туындылардың сабақтастығы туралы әңгіме қозғағанда, осындай өзектестік жайлы айтып отырмыз.

Ал Құлкенов творчествосының нақты өзегіне тоқталар болсақ, ол арлылық пен намысшылдықты жырлау; сол жолда өз бойындағы бар күш-жігері мен қыжылын сарп етуден тайынбауға үндеу, – дер едік. Өйткені Мерекенің әңгімелеріндегі ең сүйікті кейіпкерлері – арлы да намысшыл адамдар болса; ең жек көретіні де – осы екі қасиетті жоғалтқан мүскіндер. Ондайларды автор адам деп есептегісі де келмейтіні байқалады. Дәлел керек пе?! Кез келген шығармасына үңілейік... «Шаттық» повесіндегі («Таңғы самал» атты кітабы) кішкентай Шаттықтан бастап, «Үрей» атты мына кітаптағы Мәрзия кемпірге шейін осындай жандар.

Мәрзия кемпір демекші... «Жаңбырдан кейін» деп аталатын бірінші әңгіменің басты кейіпкері – осы Мәрзия кемпір. Тұрмыстағы қызы үйлі-күйлі, балалы-шағалы болып, еңсесін енді көтеріп келе жатқанда, аяқ астынан опат болған. Соған кам

көңіл. «Өліні риза етпей, тірінің берекесі кірмейді»; қайтқанына жылға жуықтаса да, қызының басы қарайтылмаған. Өмірдегі де, от басындағы да орнын білетін кемпір бұған әрі шыдайды, бері шыдайды... Өлінің басын қарайтатын күйеу баласы көрінбейді. Өз баласының да мұрнына су жетпей жүр. Сөйтіп жүргенде... қызының үйін тұрғызбағаны өз алдына, енді жылы өтпей жатып, күйеу баласы басқа біреуге үйленіп алыпты. Ал, керек болса!! Бүгінгі тілмен айтқанда, атам заманнан келе жатқан адамгершілік нормалары санасына сіңіп қалған Мәрзия кемпір үшін бұдан асқан басыну, бұдан өткен қорлық болар ма!? Мәрзия кемпір өзін адаммын деп санаса, ар-намысын аяққа таптатып қалай тірі жүрмек бұдан соң?!

Міне, Мереке Құлкенов ту егіп ұстайтын, сонымен бірге үлкен поэтикалық қуатпен жырлайтын жайттар тек осындай ар мен намыстың, адамгершіліктің сынға түсер тұсындағы биік коллизиялар. Кішкентай Шаттықтан – кемпір Мәрзияға шейін, Мерекенің сүйікті кейіпкерлері сол биіктен табыла біледі.

Ал ар мен намыс тұғырынан табаны тайғанақтағандар ше?.. Әртүрлі себептермен бұл биікті тастап кеткендер немесе бұл биіктен ерікті-еріксіз түсіп қалғандар – Құлкенов үшін принципті түрде «есімсіз адамдар». Қараңыз: адам бола тұра, құйтақандай мысық баласына қамқорлық жасау қолдарынан келмеген «Үрей» атты әңгімедегі көршілер – Шал мен Кемпір (бұл – «Жаңбырдан кейіндегі» Мәрзия емес, аты жоқ кемпір); «Қысқа қиылған бұйра шашты... орта жастағы әйел», «жас жұбайлар»; «екінші қатардағы баспалдақтың ернеуінен асыла қарап қалған әдемі келіншек»; «өзінің қашан, қай күні арақ ішпей сау жүргенін баяғыда ұмытып қалған жан», т.б. Мұндай есімсіз адамдар «Қылкөпір» атты әңгімеде де бар. Мысалы, «аққу мойын келіншек», «қара торы келіншек», «келісті кексе әйел...» Бір ғажабы, күнәға белшесінен батқан бұл үшеуіне – есімсіз әйелдерге, қарама-қарсы, аяғы ауыр болып қалса да адамгершілік тұғырынан таймаған қыздың Самал деген есімі сақталынған. Бұл тегіннен-тегін бе?! Жоқ, адамдардың есімінің болу-болмауы – творчествосының белгілі бір кезеңінде Құлкенов үшін, сөз жоқ, принципті мәселе болғанын көрсетеді.

Сонымен бірге, мұның едәуір дәрежеде символикалық мәні де бар: адам болған соң – оның аты болуы керек; ал аты (есімі) жоқ адам – адам ба өзі???

Кісінің жігерін тасқа жанып, ар мен намыс биігіне ұмтылуға үндеген осындай әңгімелерінде Мереке Құлкенов әрқашан арқаланып кетеді. Мұндайда оның ең момын, ең жуас, ең үндемес кейіпкерлері – ең «кішкентай адамдардың» өздері тұрымтайдай сілкініп, шамасына қарамай сол сәтте түлкіге түсе жаздайды. Осындай сәтті жасалған бейнелердің бірі – «Жарық беруші» әңгімесіндегі Елеусіз. Автор мұның есімін Елеусіз деп тегіннен-тегін алып отырған жоқ. Елеусізді кішкентай адамдардың жиынтық бейнесін жасау үшін әдейі алып отырғаны кәміл. Соның өзінде, мұның «кішкентай адамы – өзге жазушылардың «кішкентай адамдарынан» кәдімгідей айырмашылығы бар; бәлкім, бұлардың да өмірде жолы болмаған шығар; бәлкім, бұлардың да талантына тап келген тағдыры сол шығар; табиғат ірі талант бермесе, құдай бақдәулетін қимаса, қайтсін?! Бірақ Құлкеновтің «кішкентай адамы» – нақты ситуацияда намысын таптата қояр «кішкене адам» емес... Кішкентай болса да – шақар, жуас көрінсе де – жұмбақ, момын болса да мондыбас емес. Ал осыдан соң қаламгер натурасының кейіпкер психологиясына кейде әсер етпей қоймайтынын мойындамай көр!!! Әрине, мұның игі ықпалы да, керісінше, көркем шығармаға кеселі де болуы мүмкін. Гәп – бұл жерде ол туралы емес; тек баяғы «стиль дегеніміз – адамның өзі» деген сөздің ақиқаттығын тағы бір еске алып жатқанымыз ғой.

Жалпы, бұл жинақта жұртшылық сүйсініп оқитын жақсы әңгімелер жетерлік. Олардың әрқайсысының атын атап, түсін түстеп жату шарт емес шығар. Бірақ бәріне ортақ бір жақсы қасиет бар; ол – авторының әңгіме жанрының құпиясын кәдімгідей меңгеріп, әр деталь, әр штрихті ойната білуі. Оған жігерінді ар-намысыңа жанып-жанып жіберетінін әкеліп қоссаңыз, сөз жоқ, кім-кімді де бейтарап қалдырмайтын шығарма дүниеге келетініне еш күмәніңіз болмайтын шығар.

Бір кезде (ол тұста тіпті бала екен-ау!) елдің ең соңында

Шығармалары. Екінші том

салпақтап жүретін «Қайрат» футбол командасының жігерсіздігіне күйіп-пісіп, «Қайда біздің жігіттер намысы бар?!» – деген көлемді мақала жазған Мерекеге таңғалушы едім. Сөйтсем, өзінің болашақ көркем шығармаларында да талмай жырлайтын көкейкесті тақырыбы – ендігі жерде АР, НАМЫС және ЖІГЕР екен ғой!

Мынау «Үрей» атты кітабынан кейін, мен оның творчествосындағы тұтастықтан үлкен үміт күтіп отырмын. Өйткені...

Бір нүктеге ұра берген тамшы да күндердің күнінде қара тасты тесіп өтпек.

*«Қазақ әдебиеті»,  
22.12.1989 ж.*

## **АДАМЗАТ, ҚАЙДА БАРАСЫҢ?!<sup>1</sup>**

Қадірлі қаламдастар!

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Қазақ ПЕН-клубының ең үздік прозалық шығармаға берілетін сыйлығы «Парасат майданы» атты мына бір шағын ғана хикаяның еншісіне тиюі – авторының атына қарай емес, шын мәнінде шығарманың затына, хас өнердің қасиетіне қарай, ара-тұра болса да лайықты иесіне беріліп жататын, орнын тапқан сыйлықтардың бірі болды деп ойлаймын.

Әлбетте, бәйге атаулыға сандаған сәйгүліктердің қатысып жататынын өздеріңіз жақсы білесіздер. Соңыра солардың кейбіреуі кеуде тіресіп, кейбірі үзеңгі қағысып, тым құрыса құйрық тістесіп келіп жататын кездері көп болғанмен, түү ит арқасы қияннан жаңғыз өзі қара үзіп, қаңғып келетін хас жүйріктер өмірде аса сирек ұшырасады. Менің досым Төленнің (Төлен Әбдіқовтің) мына повесі – жұрт көптен бері аңсап жүрген, айызынды кандырарлық сондай бір сандалкер, саңлақ шығарма болды десем, артық айтты демессіздер, ағайын!

<sup>1</sup> Т.Әбдіқовке Қаз ПЕН-клубының сыйлығы тапсырылғанда сөйленген сөзі.

Иә, «Парасат майданы» атты бұл хикая оқырман қауымды дүр сілкіндірді. Соңғы жылдары күнделікті күйкі тірліктің қамын сөз еткен күйтің-күйтің әңгімелер мен салдақы саясаттан басқаға самарқау қарай бастаған жұртшылықты бұл повесть сонда несімен баурады?! Неге бәріміз жаппай риза болып, жарыса мақтап жатырмыз оны?! Кітап болып шықпай жатып-ақ, журналдық нұсқасының өзі бірден біздің ПЕН-клубтың сыйлығы мен айтулы Халықаралық сыйлықтардың бірі – Франц Кафка атындағы Еуропалық алтын медальді иеленген бұл хикаяттың құпиясы неде сонда?! Анау-мынауға елең ете қоймайтын, біреуді мақтауға дегенде тіпті сараң біздің ПЕН клубтың құрметті Президенті Ә.Нұрпейісов мырза осы повесті оқығанда неге балаша қуанды?! Ал әдебиеттің арғы-бергісін түгел ақтарып-төңкерген титан Кекілбаев соншалық неге тебіренді, неге Төлен туралы «Адамстанға саяхат» атты толғау-мақаласын жазды?!

Мұның бәрі – саналы оқырманды да, сарабдал қаламдас-тарды да «Неге?» деп еріксіз ойландырарлық сауалдар болса керек.

Сөйтсек, мұның бірқатарының жауабын да Әбіш өзі әлгі толғау-мақаласында айтып қойыпты... Тыңдар құлақ болса, тағы бір қайталап көрелік:

«Парасат майданы» – қайталап айтып беруге, тіпті жіліктеп талдап беруге келмейтін зұлмат хикая! Оны оқып отырып ойың он саққа, санаң сан саққа жүгіріп, ойланасың, тебіренесің. Ойланған сайын ойсырай құлазып, тебіренген сайын теңселе күйзелесің. Нағыз өнердегі «шок терапиясы». Өзінен-өзі адасқан адам. Өзінен-өзі алжасқан қоғам. Өзінен-өзі күйреп бара жатқан әлем. Дәрігер кім? Пациент кім? Диагнозы қайсы? Дауасы бар ма, жоқ па? Әлде бейдауаға тап болған өңкей бейбақтармыз ба?..

Күдіктене бастап, күңірене оқып, күйзеле аяқтаймыз.

Тек кітап оқып, кино көргенде ғана осындай халді бастан кешсек, Құдайға мың тәуба ғой».

Расында тек кітап оқып, кино көргенде ғана осындай халді бастан кешсек, Құдайға мың тәуба! – дер едік. Бірақ...

өкінішке қарай, өңмендеп алға ұмтылған мынау өпірем уақыт біздің санамызда неше ықылым замандардан бері Тәурат, Забыр, Інжіл, Құран секілді қасиетті кітаптар арқылы қадымнан қалыптасқан адамгершілік ұстындарын аяққа таптап, ойына келген озбырлығын істеп отырса қайтпекпіз?! Бүгінгі күнгі тіршілігіміздің қандай екенін көрсететін барометріміз – баспасөз болса, қараңыздар: беттерін ашып қалсаң, оқитының – «небір сұмдық оқиғалар тасқыны...».

«.. Өзінің анасын зорлаған немесе өлтірген...

Өзінің бәлиғаға толмаған қызын зорлаған не өлтірген.

Сәбиін өлтіріп, қоқысқа тастаған... келіншек.

Өз ұлына тұрмысқа шыққан миллионер әйел...

Адам етін жеген маньяктар...

Еркекке үйленген еркектер...» т.т.

Сонда бұл немене?! Адамзат қауымы қайда барады өзі?!

Ата-бабамыздан жеткен аңыздарға қарасақ, мал құлағы саңырау – небір кісінің жүзі күйерлік күнәһарлықтарымыз үшін, бізден бұрын да жер бетінен жеті жұрт көшкен екен. Соның ең соңғысында – инцест үшін Құдай тағаланың қарғысына ұшырап, қаһарына ілігіппіз! Сонда «Өзінің анасын зорлаған» немесе өлтірген...», яки «Өзінің бәлиғаға толмаған қызын зорлаған, не өлтірген...» бетсіздер мен мейманасы тасығандықтан ойына не келсе соны істеп, «Өзінің ұлына тұрмысқа шыққан миллионер әйелге...» ең болмаса, сол соңғы сұрапылда харап болған адамзат қауымының тағдыры түк тағылым бере алмағаны ма... Не болмаса, ар-ұяттан безіп, азғындаған қауымдардың бұдан былай да сондай халге душар болатынына ишара еткен – Содом мен Гоморра шаһарларының Құдай тағаланың қаһарымен қас пен көздің арасында жоқ етілгені – бүгінгі адамзатқа сабақ болудан қалғаны ма?!

Расында солай болса, бізге де бір тықырдың таяп қалғанының белгісі емес пе екен бұл?! Ендеше, біз де жар басына келіп, мына фәнидегі санаулы жарығымыздың соңғы сәулелерін ғана көріп тұрған жоқ па екенбіз?!

Міне, Төленнің повесі бізге, осы күні өмір сүріп жатқан күллі адамзат баласының алдына тартып отырған сауалдар осын-

дай! Ойланбай көр!!! «Сұм өмір абақты ғой саналыға», «ойлы адамға қызық жоқ бұ жалғанда» деп зарламай көр! «Ойлан, Адам!» – дейді ол бізге. Ажалыңның қайдан боларын, әрине, бір Құдай өзі білер... Әйтсе де, іштей іріп-шіріп, азғындап, тіршілік әлеміне түк қажеті жоқ немесе соған қатер төндіретін құбылыс ретінде рухани апаттан мерт болғаныңнан гөрі, әйтеуір мына тіршіліктен бір кету қажет болса, – өзекті жанға бір өлім, – ешкімге, ештеңеге залал-зияныңды тигізбей, табиғат апаты секілді бір сұрапылдың сойқанынан кетіп, ең болмаса өзіңнің арын мен ұятыңды, өзің деген болмашы бір құрмет сезіміңді жүрегіңде сақтай кеткенің жөн, – дейді тағы.

Ол үшін не істеуіміз керек? – Тек қана ізгілік жағына шығып, жақсылықты жан сала қорғауымыз керек. Жер бетіндегі күллі жамандық атаулы ойдан құрастырған Зұлымдық философиясына – мейірімділік пен қайырымдылықтан ғана тұратын Ізгілік философиясын қарсы қойып, осы мәңгілік майданда – Парасат майданында жақсылықтың, мейірбандық пен бауырмалдықтың мерейі үстем болуына қолдан келгенінше үлес қосуымыз керек. Сөйтіп, қайырымы да, мейірімі де шексіз Аллаһ Тағаладан тағы да кешірім сұрап: – Ей, Аллаһ! Саған ғана құлшылық қыламыз әрі сенен ғана жәрдем тілейміз! Адасқандар мен қаһарыңа ұшырағандардың жолымен емес, нығметіңе бөленгендердің жолымен жүргізе гөр!»... «Иһдина с сирата-\*л мұстахим, Сирата-л лазина әнғамта әлейһим, ғайри-л мағдуби әлейһим уа-ладдалин...» деп ниет етуіміз керек.

Бәлкім, сонда ғана қайырымы мен мейірімі шексіз Аллаһ Тағала аяушылық етіп, қасиетті кітаптарда айтылғандай, өз уәдесі бойынша, жер бетінде жақсылыққа сенетін және сол үшін күресетін ең соңғы пендесі қалғанша бізді харап ете қоймас!

Ал әзірге... санасы екіге жарылған Құдайдың құлдарының тағдыры таразы басында тәлтіректеп тұр. Осы бір алмағайып жағдайда парасат пен ізгілік жеңіске жетпесе, адамзаттың күйреу дәуірі басталмақ. Сондықтан да Төленнің дертті кейіпкері «танертең басқа адам болып оянасыз...» деген дәрігер сөзінен кейін, өз бойында екіге жарылған пенделіктің таза да

адал жағын аман сақтап қалу үшін, сөйтіп адамның ары мен жанын қорлайтын Зұлымдық ертең бас көтермеу үшін өз Таңдауын жасайды – өзін-өзі бүгін мерт етуге бел байлайды. Бұл әлсіздік емес, аман қалған ізгілік ұрығы арғы күндері қайта көктеуі үшін, ертеңгі оянар жамандықты бүгін құрбандыққа шалған үлкен рухани ерлік!!! Повестің соңында Мұқағали ақынның өлеңінен келтірілген үзіндідегідей: «Жауыздық біткен менімен ғана бірге өлсе,

Бүгін-ақ өліп кетер ем!» дейтіндей ерлік!!!

Ендеше, «жер бетінде жақсылыққа сенетін және сол үшін соңғы деміне дейін күресетін ақырғы пендем қалғанша ақырзаман орнамақ емес» деген Аллаһ Тағаламның уәдесі шын болса, өзіңнің мынау дертті болған сормандай кейіпкеріңнің соңғы ерлігі арқылы сен, Төлен, досым менің, адамзат басына төніп тұрған ғарасат майданы күнін де өзіңнің «Парасат майданы» повесіңмен сәл де болса әрі ысырдың, қашықтаттың! Міне, сол үшін де біз саған бүгін мың рақмет! – дейміз.

Сыйлық құтты болсын!

## «ҚЫПШАҚ АРУЫ» ОЯТҚАН ОЙ

*(М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында  
өткен: «Қазіргі қазақ прозасы. М.Мағауиннің  
«Қыпшақ аруы» хикаяты» деген жиында сөйленген сөзі)*

Бүгінгі әңгімеміздің тақырыбы болып отырған негізгі мәселеге кіріспес бұрын, мен осында отырғандардың бәрі де бұл жерге жай келмей, Мұханның «Қыпшақ аруы» хикаятын мұқият оқып шығып, әрқайсысы көңілдеріне бір-бір ой түйіп келіп отыр деп бек сенетіндігімді бірден айтып қояйын. Сондықтан аузымыздан шыққан әрбір сөздің не туралы айтылып жатқанын әрқайсың-ақ, іштей ұғып отыр деп, нық сеніммен сөйлей беруімізге болатын шығар...

Ең алдымен, Мұхтар Мағауин соңғы жылдары аса жемісті, тек жемісті ғана емес, сапалы да өте сәтті еңбек етіп келе

жатқанын баса айтқым келеді. Тек мына бүгінгі талқыланғалы отырған «Қыпшақ аруы» ғана емес, осыған дейін жарық көрген – «Одағай әңгімелер» деген ортақ атпен жарияланған топтама әңгімелері де оқырман қауымнан, әдебиетші әріптестерінен жақсы бағасын алды. Әрине, олардың ішінде даулысы да, ерекше жақсылары да, тіпті біреу мойындаса, енді біреулер мүлде мойындамайтындары да бар болуы мүмкін; бірақ солардың ешқайсы да оқырмандарды енжар қалдырған шығармалар емес екені даусыз.

Бүгін солардың біразы туралы да едәуір әңгіме айтылды. Алайда М.Мағауин шығармашылығының елеулі табыстары болатын көптеген дүниелері ауызға алынбай қалды. Мәселен, анау «Одағай әңгімелер» топтамасына енген – «Эльза жеңешем» секілді туындысы...

Әдетте, жұрт Мұхтар Мағауинді өте көп оқыған, сауатты; хәм жазғандарында ширыққан сезімнен гөрі, байсалды парасат пен пайым басым жататын жазушы деп есептейді. Хош!!! Бірақ солай тұрса да, әлгі «Одағай әңгімелерінің» ішіндегі «Эльза жеңешем» сияқты жүрек шымырлатарлық, соншалықты нәзік, соншалықты шынайы да терең лирикалық пландағы шығармасы неге ескерусіз қалуға тиіс?! Біздің әдебиетіміздің сыншылары, шынында да, білгір хәм сезімтал сыншылар болса, «Мұхтар Мағауин анадай жазушы», «Мұхтар Мағауин мынадай жазушы» деп жаттанды сөздерін соға бермей, шын риза болса – әлгі әңгімедегі Эльза сияқты жүрегі нәзік адамдардан бастап, «Шақан-шерідегі» жүйкесі тас болып қатып қалған жолбарыс аулаушыға дейінгі небір бейнелерді қара тасқа қашап жасай алатындай Мұхтар Мағауиннің кең диапазондағы суреткер екенін неге айтпайды осы?! Мұндай кең ауқымдағы шығармалар жазу үшін, шын мәнінде, үлкен талант керек екенін оқырман сонда тереңірек ұға түсер еді.

Жә, мұның бәрі біздің әдеби сынымызға айтылып жатқан өкпе-наз ғой... Дегенмен, кім қалай ойласа да, мен өз басым Мұхаңның соңғы әңгімелерін өте сүйсініп те, сүйініп те оқыдым. Өйткені ол әңгімелер – қазақ прозасындағы шағын жанрды жаңа орбиталарға шығарған, қазақ әңгімелерін жаңа

белестерге көтерген шығармалар болды. Басқасын айтпағанда, бір ғана «Құмырсқа қырғыны» атты әңгімесінің өзі оқырманға он батпан ой тастарлық туынды екені еріксіз тәнті етеді. Қалайша тәнті болмассың, егер осы бір шағын әңгімені оқып отырғанда, құмырсқалар қырғыны әлем әдебиетіндегі ұлы туындылардың бірі – Гомердің әйгілі «Илиадасындағы» Троя қырғынын еріксіз есіңе салып; олардың үстінен қарап тұрған Автор-Адам – «Илиададағы» жеңісті біресе ол жаққа, біресе бұл жаққа қарай аударып, таразы басын теңшеп отырған Олимптегі Құдайлар секілді, тас төбеден төніп тұрғанын көз алдына анық елестеткенде, біз секілді пақыр пенделердің жер бетіндегі күйбең-күйбең күйкі тірлігін, бір-бірімізге жасап жатқан жауыздығымыз бен қиянат-қысастығымызды да түү биіктен, жеті қат көктің аржағынан қадағалап көріп тұрған бір құдірет, қуатты күш бар шығар-ау, дегізіп, тәубеңе келтірсе... Міне, бұл әңгіме оқырман ойында осындай ассоциация туғызады еріксіз! Еріксіз өзіңе-өзің шошына қарайсың! Таратып айта берсек, мұның аржағында да айтылар сөз көп.

Ал, енді бүгін Мұханның жақында ғана жарық көрген, һәм жұртшылықты өзінің өзгеше бітімімен қайран қалдырған шығармасын – «Қыпшақ аруы» атты хикаятын талқылауды ұйымдастырып, өте жақсы іс жасап отыр екенсіздер. Мұны да мен өте пайдалы, һәм қажетті нәрсе деп білемін.

Дәл қазір, жақында ғана оқып шыққан осы шығармаға деген ризашылығымыз бен сүйіспеншілігіміз әлі жүрегімізде шүпілдеп толып тұрған кезде, бұл хикаят туралы шешіліп көп айтуға да немесе тоқ көңілмен аз айтуға да болады. Бірақ мәселе аз сөйлегенде де, көп сөйлегенде де тұрған жоқ; сондықтан мен өз көңілімде орныққан кейбір ой қорытындыларым жөнінде ғана өздеріңізбен ой бөліскім келіп тұр.

Біріншіден, мен бұл хикаяттың бойынан бір кезде Еуропа әдебиеті мен өнері аса үлкен мән берген бір күрделі проблема мен оны шешудің әдіс-тәсілдері сәтті тоғысканын көріп, қуанып отырғанымды ашық айтсам, артық болмас. «Ол – қандай проблема еді?» – дейсіздер ғой. Ол мына «Қыпшақ аруында» да көтеріліп отырғандай, адамгершілігі азайған.

һәм қатты азғындаған қоғамдағы творчество адамының тұлға ретіндегі қалыптасу мәселесі болатын. Бұл проблема алғаш рет ХХ ғасырдың басында, неміс тілді швейцар жазушысы Герман Гессенің әйгілі «Демиан», «Дала арланы» атты романдарында көтерілген болатын. Ғасырдың аяғына таман бұл мәселе тіпті ушыға түсті. Сөйтіп, кешегі қызыл империяның, тоталитарлық қоғамның кезінде творчество адамдарының аузы ғана емес, ой-санасы да матаулы күйге түсті.

Міне, осындай жағдайды, біздің қоғамымыздың хал-күйін мына «Қыпшақ аруындағы» Саржан мен автордың (әрі тірі, әрі нақты әдеби кейіпкер Мұхтар Мағауиннің) бейнесінен анық көруге болады.

Шынымды айтсам, ә дегенде мен көркем хикаяттың басталуына үлкен күдікпен қарағанмын. Өйткені шығарманың басында Мұхаң едәуір уақыт өзі туралы және өзінің творчествосы туралы біраз әңгімелеп барып, негізгі арнасына қарай әрең ойысады. Міне, осы баяндаулары маған басы артық линия секілді көрінген. Оның үстіне, Чеховтың: «Біздер, беллетристер, көбіне көркем шығарманың басы мен аяғында жалғандыққа жол беріп қоямыз» дейтін сөзі есімде тұрушы еді... Сол есіме тағы түсіп, «Е-е, бұл Мұханның шығармаға дендеп ене алмай отырған кезіндегі бір сәті ме екен?!» – деп ойлағам. Сөйтсем, жо-о-оқ, бұл – өте сауатты прозаик Мұхтар Мағауиннің ішкі есеппен, әдейі осылай жасап отырған әдісі екен. Әлгінде айтып отырған «Алдаспанның» да, «Көк мұнарының» да, тағы басқа да шығармаларының жыртылуы, туралып кетуі, шықпай қалуы; шықса да, үлкен қысымшылықтар көрсетілуі – осының бәрі бекер айтылмай отыр екен. Өйткені осының бәрі – қоғамның да, сол қоғамда өмір сүріп жатқан творчество адамының да соры екенін көрсету үшін қажет болған нәрсе екен. Талантты бола тұра, халтурщикке айнала жаздаған Саржан секілді хас өнер иесінің тұлға болып, дәлірек айтсақ, ұлттық өнер тұлғасы болып қалыптасуының қиыншылығын көрсету үшін, әдейі осылай жасап отыр екен!

Демек, бұл шығарма осынысымен біздің қоғамымыздың дертін дәл басқан шынайы шығарма болып шыққан.

Ал бұл процесті барынша айқын көрсету үшін, суреткер өзінің мөлдір бастауына, – осыдан мың жыл бұрынғы қыпшақ аруының бейнесіне, – оралмай, соны объекті етпей, өз міндетін орындап шыға алмас еді. Автор осыны ғажап түсінген.

Жаңа, осында жұрт айтып жатыр: «Мұхтар Мағауин – өте білімді адам; үлкен әдебиетші; әдебиет пен мәдениеттің тарихын зерттеуші... Бұл тақырыптарға бұрын да көптеген мақалалар жазған», – деп. Оның бәрі әрине, дұрыс қой! Бірақ ол дүниелерінің бәрі – көркем шығарманың предметі емес, Мұхтар бұл жерде өзіне жақсы таныс көне түркі мәдениеті мен көне түркі тарихындағы оқиғаларды, сондай-ақ өз басынан кешкен жайттардың барлығын тек мына хикаяттың жалпы фонина қажет нәрсе ретінде ғана алып отыр. Ал көркем шығарманың негізгі предметі Адам болғандықтан, кешегі тоталитарлық қоғам тұсындағы творчество адамдарының тұлға ретіндегі қалыптасуының қиындықтарын Мұхтар әлгі Саржан арқылы, содан соң әрі нақты адам, әрі әдеби кейіпкерге айналып кеткен өзі – Мағауиннің тағдыры арқылы көрсетіп отыр.

Бұл ретте, Мұхтар Мағауин оқырмандарды еріксіз ойландыруға мәжбүр ететін ситуацияны көрсетті деп ойлаймын. Сондықтан да біз ендігі жерде хас ұлттық өнер туындысын жасаймыз десек, ең алдымен, өз топырағымызға үңілу қажеттігін; сондай-ақ басымыздан не қилы жағдайларды өткізсек те, жаңағы «қыпшақ аруының» бейнесін жасап шыққан Саржан секілді, негізгі бағыттан ауытқымауымыз керектігін ескертіп те отырған секілді. Мұны шығарманың ең бір елеулі қасиеті деуіміз керек.

Енді осындай үлкен проблемалар бар да, оны жүзеге асырудың өзіндік проблемалары тағы бар. Бұл ретте де, Мұхтар біздің қазақ әдебиетінде әлі орныға қоймаған, тіпті бізге өнеге бола қоймаған жаңа бір өріс ашты деп батыл айтуымыз керек. Ол қандай өріс? – Мұхтар Мағауин «Қыпшақ аруы» атты мына шығармасында, сөзіміздің басында айтып кеткеніміздей, Еуропа әдебиетінің өзінде әлі күнге біреу мойындағанмен, біреулер мойындамайтын; кейбіреулер жақсы көргенмен, енді біреулер мүлде ұнатпайтын; бірақ оқырманды иландыра білетін, кей-

де таңғалдыратын – сюрреализм әдісіне ден қойған. Мұны біз қарапайым жайдақ тірліктен бас тартып; тек өзінің ішкі әлемі арқылы өмір сүріп, өзі қиялында жасап алған әсем әлеміне біржола еніп, соған сіңіп жоқ болып кеткен Саржан бейнесінен байқаймыз. Ал бұл әдіс – «Өнер атаулының бастау бұлағы – адам санасының терең түкпірлерінде бұғып жатқан құпия әлемді зерттеу», – деп ұғатын сюрреалистердің тұжырымдамаларымен сәйкес келетіні дау туғызбаса керек. Бұл бағытты өткен ғасырдың 20-жылдарында, жазушылардан: А.Бретон, Ф.Супо, Т.Тцара; кылқалам иелері: М.Эрнст, Ж.Миро бастап, 30-жылдары испан суретшісі Сальвадор Дали секілді бірқатар қайраткерлер жалғастырғанынан көзі қарақты оқырман хабардар болар деп ойлаймыз.

Жалпы, сюрреалистік әдістің объектісі дегеніміздің өзі – адам баласының басында болатын: өң мен түстің, бар мен жоқтың, нақты өмір мен қиялдың (елестің) арасындағы бір ғажайып хал болса, осындай бір халді Мұхаң өзінің көркем шығармасының объектісі ретінде шебер пайдаланған. Сөйтіп, дәстүр мен жаңашылдықты ұштастыру жөнінен келгенде, ол тіпті осы саладағы өзінен бұрынғылардан да биігірек сатыға көтерілген десек, артық айтқандық бола қоймас. Сондықтан мұны қазақ қаламгерінің үлкен бір жеңісі деп бағалау керек.

Енді бір ескерте кетер жайт: Мұхтар Мағауин біздің әдебиетімізде жоқ жаңа бір өріс тапты, тыңнан жол салды дей отырсақ та, осындай ұмтылыс жасаған; бірақ кезінде әдебиетімізге орнықтыра алмай кеткенмен, соған талаптанған қаламдастарымыз болғанын да айтпай кетсек, обал болар еді. Мәселен, кезінде мына «Қазақ әдебиеті» газетінің бетінде, Тұрсынжан Шапай деген ініміздің төрт-бес әңгімесі жарияланды. Таза сюрреалистік стильде жазылған әңгімелер еді. Алайда біздің әдебиет сыншыларымыз осыны мүлдем ескерусіз, мүлдем елеусіз нәрсе секілді қалдырып кетті. Өкінішті-ақ!!! Қазақ әдеби сынының қашанғы қасаңдығы ғой, қайтерсің?!

Ал енді Мұхаң нағыз хас жүйріктердің бірі екенін өздеріңіз білесіздер. Әйгілі Құлагер туралы: «Ор болып қалушы еді, шапқан жерін...» деп Ақан сері айтпақшы, шын жүйріктің

Шығармалары. Екінші том

шапқан жері, шынында да, ор болып қалатұғын болса керек; сол секілді Мұхаң, – Мұхтар Мағауин де – «Қыпшақ аруы» атты мына шығармасы арқылы қазақ прозасына сюрреалистік соқпақты ойып тұрып салып кетті, – деп айтсақ, еш артықтығы жоқ шығар.

*«Күн мен Ай» (Gunavdin) журналы,  
№4.*

## ТЕГЕУРІНДІ ТАЛАНТ

Күнделікті күйкі тірлікпен қоңырайып жүрген көңіліңді кенет шайдай ашатын бір шұғылалы сәттер болады. Сондай сәттердің бірі – «Таң-Шолпан» журналының проза бөлімінде меңгеруші болып қызмет істеп жүрген кезімде қолыма түскен «Көгілдір көйлекті келіншек» дейтін әңгімені оқып шыққан кезім еді.

Мұндай рақаттанбаспын!!!

Баспасөзде қызмет істеген қаламдастардың бәрі біледі... Редакция атаулының қай-қайсысына да келіп жататын қаптаған қолжазбалардың дені – орташа деңгейде ғана болады да, соларды оқи-оқи миың суға айналып кетпегенмен, мезі боп, ерқашты күйге түсеріңіз сөзсіз. Ал енді... ілуде бір жарқ еткен жақсы туынды оқи қалсаңыз, тау-төбе құм арасынан асықтай ғана алтын тауып алғандай, баяғыдан бергі еңбегің бекер кетпегеніне қуанасың; тіпті осындай бір ғана сәт үшін редакцияның тау-төбе «қоқысын» әлі де қопара беруге қайыл боласың. Несіпбек Дәутайұлы дейтін жігіттің «Көгілдір көйлекті келіншек» атты әлгі әңгімесін оқып шыққан соң, соншама рақаттанғанымның себебі сол еді.

«Ал сонда ол әңгіме несімен баурады?» дейсіз ғой...

...«Ақ жамылғының астында жұмсақ, жас тәні күйіп-жанып жатқан келіншек көзін есік жаққа салды. Манадан бергі құшағындағы еркегі енді жарығы көмескі шағын дәлізде, шалбарының ауымен алысып, құнжындап тұр. Сыдырғысы бұзылып қалған ба, онысы жоғары көтерілмей, анау қайта-

кайта екі қолын одан ала алмай, ылди-төмен жұлқылап, әуре» деп басталатын алғашқы сөйлемдерінен, соңғы нүктесіне дейін бір жалған сөз жоқтығымен баурады! Және... суреттеген кейіпкерлері – жанды бейнедей, көз алдында тұрып қалар көркемдік қуатымен еріксіз риза етті.

Әңгіме жанрының әлем әдебиетіндегі айтулы өкілдерінің бірі Антон Павлович Чехов: – «Менің ойымша, әңгімені жазып болған соң, оның басы мен аяғындағы бірқатар баяндауларды сызып тастау керек. Өйткені біздер, беллетристер, әсіресе осы екі тұста өтірікті көбірек қосып жібереміз» дейді екен (*И. Бунин. «Чехов туралы»*). Екінші томның аяғындағы «Оқырманға сыр»-ға қарағанда, өзге түгілі, өзін аямайтын Несіпбек те осы қағиданы берік ұстанатын секілді. Оның әңгімесінде басы артық бір ауыз сөздің жоқтығы сондықтан шығар деп ойлаймын. Олай болса, бұл енді тек қана үлкен жауапкершіліктің, һәм шынайы шеберліктің белгісі деу керек.

Осы әңгімесінен кейін-ақ, мен «Дәутайұлы» деген фамилия тұрған кез келген жарияланымды оқымай жібермейтін болдым. Несіпбек те өзінің қолынан шыққан шығармаларды күтіп отырған қалың қауым бар екенін жіті ұқты ма, «Батыр», «Айғыркісі», «Мәкеңдер, Малсекендер, заман», «Бір қияр, екі жұмыртқа, Ботабай», «Өңеш, комбинатор, алжапқыш» секілді, бірінен-бірі өткен, удай ащы, алмастай өткір әңгімелерді бұрқыратты-ай дейсің!

Бұрын-соңды аралас-құраластығым жоқ осынау қаламдас жігітті бір күні Жазушылар одағынын алдында ұшырастырғанымда, оны шын көңілмен құшақтап, ризалық сезімімді өзіне ашық айттым да (Асылы, жұрт жақсылардың жақсылығын дүниеден өтіп кеткен соң, ауыз жаппай айтып жатады. Сол сөздерін әлгі жақсымыздың көзі тірісінде, дер кезінде айтса ғой... бір-біріміздің жақсылығымызға қуана білсек қой... Мұны Құдай да құп көріп, періштелер де қосыла шаттанбас па еді!?). «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын!» дейді ғой халық.

Жә, сонымен... біраз жылдан бері ел құлағын елеңдетіп жүрген осы жазушы – Несіпбек Дәутайұлының шығармалары биыл Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылып жатыр екен. Және...

## Шығармалары. Екінші том

ұсынып отырған еңбегі – анау-мынау емес, тура екі том! Бір роман («Құдірет пен қасірет»), үш хикаят («Аккүшік», «Жол», «Ақ көгершін»), он алты әңгіме! Өзім өте жақсы көретін қаламдастың осы екі томға енген шығармаларының бірде-біреуін қалдырмай, түгелімен қайта оқып шыққанымда, оған кеткен уақытыма түк өкінбегенім өз алдына, қайыра оқығанда да қасиетін жоғалтпаған; қайта бірінші оқығанда байқамаған терең қатпарларына үңіле түсуге мәжбүр еткен мұндай туындыларға тәнті бола түскенімді айта кеткенімнің еш артықтығы бола қоймас деп ойлаймын.

Әрине, әрбіреуі туралы бір-бір мақала жазуға тұрарлық әңгімелерін былай қойғанда, хикаяттары туралы бір бөлек; ал «Құдірет пен қасірет» секілді трагедиялық романы жайлы дербес зерттеу еңбек жазса да артық болмайтын Несіпбек Дәутайұлының екі томдығы жөнінде толымды әңгіме айту – шағын мақалада мүмкін емес. Ол – алдағы уақыттың ісі. Кең отырып, кеңесер шаруа. Өйтсе де, жазушы творчествосына тән, ортақ белгілер жөнінде айтар болсақ, біріншіден, оның қай-қай шығармасы болса да, ең биік өнер туындысына қойылар көркемдік талаптардың үдесінен шыға алатындығын баса көрсету керек. Ал біз, өкінішке қарай, соңғы жылдары көркемөнер туындыларына қойылатын ондай биік критерийлерді ұмыта бастадық. «Бір шығарманың ана жері жақсы; екінші біреуінің мына жері жақсы»... деген сықылды көлгір, жалған, көңілжықпастыққа әуес болып кеттік. Сөйтіп, жақсы шығарма деген – «бес қаруы бойында» тұрған тұтас туынды екенін естен шығарып бара жатқандаймыз. Біз сөз қылып отырған Н.Дәутайұлы шығармаларының ондайлардан өзгешелігі сол – көркемдік компоненттерінің түп-түгелдігінде. Сондықтан да олар көркем шығарма атаулыға қойылар талаптардың қай-қайсысына да толық жауап бере алады.

Екіншіден, жазушы Н.Дәутайұлы – (андап қараған адамға) жай талант қана емес, тегеурінді талант. Сондықтан да болар, оның кейіпкерлерінің бойында ылғи бұрқыраған бұла күш, қанасына сыймай ақтарылған сезімдер буырқанып жатады. Дәлел керек пе?! «Батыр» деген әңгімесінен бастап.

«Құдірет пен қасірет» дейтін романына дейін қарап шығыңыз... Несіпбектің батыры («Батыр») – нағыз батыр секілді болса, қатыны да (мәселен: «Құдірет пен қасіреттегі» Қызбалтай) – нағыз қатын секілді! Батырды да, қатынды да суреттеу кезінде Несіпбек ештеңеден жалтақтамайды, өзіне тән тегеурінділікпен, керек десеңіз, тіпті ерлікпен қылқаламды майлы бояуға малып алады да, сүйкеп жібереді. Сүйкеген жерінен жанды, тірі бейнелер тізбектеліп шыға келеді. Бұл да тек шынайы суреткерлердің пешенесіне бұйырар бақыт болса керек.

Үшіншіден, Несіпбек Дәутайұлы кешегі күнді жазса да, бүгінгі күннің қитұрқы сұмдықтарын сөз етсе де біліп, тереңнен қазып, оқырманның жүрегін шымырлатып жазады. Бұл не деген сөз?! Бұл – қоғам мен адамның жанды жарасын айқын көріп отырған қаламгердің бүкіл дертті тамыршыдай тап басып, дәл біліп отырғаны деген сөз! Біздің әдебиетіміздің сыншылары: «Бүгінгі күннің кейіпкерлерін бейнелеуде жазушылар әлі кенжелеп келе жатыр»... дегенді жиі айтады. Солар Н.Дәутайұлы секілді қаламгерлердің «Өңеш, комбинатор, алжапқыш» секілді, екі көзіне мөлдіретіп жас әкелер әңгімесін; немесе «көздің құрты» – дүниені қуғандардың түбінде «бұлаңдаған қызыл түлкінің» соңында, із-тозсыз кетерін меңзейтін аллегориялық әңгіме – «Қанқызыл жалқын»-ды оқыды ма екен?! Сірә, ондайды оқи ма екен өздері?! Оқыса, осы уақытқа дейін неге үндемейді солар?!

Ал тоқырау заманының кейіпкерлеріне келер болсақ, ой баққаннан, қой баққандарды артық санаған кер заманда, Абайдан гөрі, жүз саулықтан жүз бірдеңе қозы алған қойшыны аспанға шығарған қоғамды өлтіре сынаған «Мәкеңдер, Малсекеңдер, заман» секілді әңгімені; ал сол заманның ең адал, ең таза деп жүрген адамдары – коммунистер болса, сол коммунистердің басшысы, аупарткомға бірінші хатшы боп келген Тұтқабай Бошаев секілділердің істеген істерін көзінен тізіп көрсететін; бүгінде сол ұятсыз, адамгершіліктен жұрдай адамға ауданда ескерткіш қойылып жатқанына жаны күйзеліп отырған куәгер жөніндегі «Жүрекке тиген оқ» секілді әңгімелердің қадірін кашан жеткізе айтып береді олар оқырманға?! Ал ондай-ондай

Шығармалары. Екінші том

шығармалар Н.Дәутайұлында жалғыз-жарым емес, оның бүкіл шығармашылығына тән құбылыс.

Ендеше, мұндай құбылысты лайықты бағалаған жөн болмақ.

Сыйлық деген – ананың да, мынаның да бетіне күле қарап жүріп, бір күні ебін тапқанның етегінен ұстап кете барар, тәжірибесіз жас сұлу қыздың тағдырын кешпеуі керек; тек қана өзіне лайық, ерлігі мен өрлігі сай азаматқа бұйырғаны лазым.

Илаһим, солай болар деп үміт етеміз.

*«Ана тілі»,*

*№ 36, 6-12 қыркүйек, 2012 ж.*

### **ТАСҚА ТҮСКЕН ТАҢБА**

*(Оразбек Сәрсенбаевтың «Таңбалы тас» повесі туралы  
бір ауыз сөз)*

Жастар шығармаларын оқығанда, әдебиетке соңғы жылдары бір-біріне ұқсас та, ұқсас емес те біраз туындылардың келгенін көрмеу мүмкін емес. Ұқсас болатыны – кейіпкерлерінің өмір жолы, тыныс-тіршілігі, қимыл-әрекет ортасы бірлігінен десек, ұқсамайтыны – кейіпкерлерінің мінез даралығында, ситуация өзгешелігінде, авторлардың айтар ойының әртүрлілігінде жатқан сияқты.

Кешегі сұрапыл соғыс жылдарындағы тыл өмірі, бар ауыртпалық басына түскенде адамдар характерінің өзгеруі немесе сол қиын-қыстау күндерде мезгіл сынына төтеп беріп, шынығып, шындалып шыққандар – біраз әңгіме, повестерге арқау болды. «Жазушы» баспасынан жуырда шыққан Оразбек Сәрсенбаевтың «Таңбалы тас» повесі осындай шығармалардың бірі десек, артық айтқандық емес.

...Оңаша отырған оймақтай ауыл үстіне тағы да бір әбігершілік келген. Сонау Қап тауынан тұтас бір чешен ауылы көшіп келіпті. Онсыз да аяқ-қолын бауырына тығып, жүдеу тірлік кешкен жұрт, бұларсыз да кемері лықылдап толып тұрмаған қара қазанның айналасына үймелеген мына тосын. жұмбақтау адамдарға әуелгі кезде жатырқай, жақтырмай қараған...

Повесть осы оқиғадан өрбиді де, сол бір кезеңнің суреттерін тізбектеп, көз алдына әкеледі.

Ер азаматтары майданға аттанып, шат-шадыман шақтан айрылған ауылдың бұйығы тіршілігін тәптіштеп айтып жатпаса да, автор сараң детальдармен-ақ анық елестете алған. Қауқитып сала салған аласа кепелер мен тоқал тамдар, солардың күнге бетте қоңырайып тұратын әйнегі сатпақ-сатпақ, қырық құрау терезелері, үй-ішінің күнгірттігі мен адамдар көңілінің пәстігі – бәр-бәрі жүдеу тірліктің айғағы біз деп, аңдағайлап тұрғандай. Шалғайда жатқан осы бір ауылда оқырман жұртшылық Асанбаймен, оның жаңа досы чешен Моуладимен, қарындары қампайып, қабырғалары сойдиып тұратын, ажары оңған шүберектей боп-боз, жүдеу балалармен, қисық Әбді – бригадирмен, «тәртіп орнатушы» Қожанмен т.т. кездеседі.

Бір айта кетер жай: өздері де қоңыр күймен жүріп жатқан қазақ аулының тағдыр айдап келген чешен отбасыларымен қарым-қатынасының соншалық шынайы берілгендігі. Мұнда артық, асыра айту да, орынсыз мақтан да жоқ. Адамгершілік жолымен адал көңілін ұсынған жандар ғана бар. Тап-тар үйдің бір бұрышынан орын беріп, ас-ауқатын бөліскен Есіркеген семьясы, жарты таба нанды бөліп жеген қайырымдылық, қарапайым ғана суреттеледі. «Адам күні адаммен» дегендей, осының өзінен-ақ халықтар достығы дегенді айқайлап айтпаса да, автор ізгілік, шарапат туралы ой түйе алған.

Өрбір адам өзіне-өзі сыншы бола алмайтыны сияқты (бола қалған күнде де, ол дәл бағасы деу қиын) әр халық та өзінің кім, қандай екеніне төреші бола алмаса керек. Бір-бірін бұрын білмейтін қазақтар мен чешендер арқылы, екі халықтың мінез-құлқындағы, тіршілік-харекетіндегі ортақтық пен алшақтық тым-тәуір көрсетілген. Мұны автор жалаң баяндаумен емес, кейіпкерлерінің іс-әрекеттерімен ұтымды бейнелепті.

«Таңбалы тас» повесіне соғыс жылдарындағы тыл өмірінің тақырып етіп алынуы – Сәрсенбаев үшін кейіпкерлердің ішкі дүниесіне үңілуге қажет болған сияқты. Кімнің кім екені қиын кезде сыналатыны рас болса, сондай бір өтпелі кезеңде адам

характерінің өзгеруі, бар болмысын танытуы қызықтырғандай оны. Автор бұл ретте табыссыз да емес. Бригадир Әбді, милиция Қожан, паромшы шалдың баласы қашқын Зікірдин, Жатыпатар, Шаян – беттеріндегі маскасын мезгіл сыпырып алған, шынайы характерлер. Бұлардың ішінде өмірге бейімделгіштері де (мысалға: Әбді, Қожан, Шаян), масқарасы шыққан соң морт кеткендері де (айталық: Зікірдин бейнесі) бар. Автор оларға Мүсіркеген, Ұрқияларды қарсы қоя суреттейді.

Біз әдебиетте өмір барынша шынайы, нанымды, қарапайым көрінісін тапсын дегенді жиі айтамыз. «Таңбалы таста» мұның бәрі бар. Бірақ қарапайымдылық дегеніміз қарадүрсіндікке айналып кетпесе екен. Автор өмірді қаз-қалпында көрсетпек болып, кейде тым тәптіштеп кетеді. Әсіресе, бұл Асанбай бейнесінен байқалады.

Асанбай демекші, повесті баяндаушы осы. Оқиға соның көзімен беріледі. Бір айта кетер нәрсе, осы кейіпкердің бойынан бір өзгешелік байқағандаймыз. Бұрын-сонды әдебиеттегі бірінші жақ «мен» баяндаушы адам ретінде кілең бір жіптіктей жандар болатын. Автор сол схемадан қашқанға ұқсайды. «Таңбалы тастағы» Асанбай бүкіл бітім-болмысымен жер басып жүрген кәдімгі пенде. Досқа адалдығы, өзінше мейірімі, адамгершілігі, бұған қоса қиқарлығы, сайқымазақтығы, тентектігі бар. Бір сөзбен мұны шартты түрде «жағымды кейіпкер» дейтін топқа оп-оңай қоса салу да қиын. Бірақ әлгі қиқарлығы мен қиңыр сөздерінің мезгіл тудырған себептеріне үңілсек, балалықтан ерте айырған соғыс сұрапылын еске алсақ, Асанбай жанына тереңірек бойласақ, түбі тәуір азамат боларына сенгендейміз.

«Ол тұста арамдық пен адалдық сырын таразыға салып өлшеп үйренбегенбіз. Ауыртпалық атаулының бәріне таңдана, тосырқай қарайтын албырт сезім бар, кейін бәрін ұмыттық, соның бәріне күле қарайтын болдық десек те, кеудеде тасқа түскен таңбадай іздер қалыпты ғой!», – деп өзі айтқандай, бұл сол күндердің кейде түнеріп, күйіне отырып, кейде жымия еске алатын бір хикаясы ғана.

*«Жұлдыз» журналы, 1974 ж.*

**МАҒЗОМ СҮНДЕТОВТЫҢ ПОВЕСТЕРІ МЕН  
ӘҢГІМЕЛЕРІНІҢ ҚАЙТА БАСЫЛЫМЫ ТУРАЛЫ  
БІРЕР СӨЗ**

*(жабық рецензия)*

Оқырман қауымға өзінің «Ескексіз қайық», «Күтем сені, Дидар», «Құмдағы ауыл», «Үзенгі жолдас», «Шайтан базар» секілді туындыларымен көптен таныс Мағзом Сүндетовтың бұл кітабына «Еліктің лағы» повесі мен оның есімін жалпы жұртқа жазушы ретінде алғаш танытқан бір топ әңгімесі еніпті.

Ширек ғасырдан астам уақыттан бері қазақ әдебиетінің ыстығы мен суығына бірдей араласып, біте қайнасып келе жатқан жазушының жалпы творчествосы туралы мен бұл жерде ештеңе айтпаймын. Ол менің міндетіме енбейді де. Өйткені менің қолыма берілген кітапқа М.Сүндетовтың негізгі туындылары, оның жазушы ретіндегі бет-бейнесін барынша толығырақ көрсететін, соңғы жылдардағы ізденістерінің басты-басты арналарын сараптайтын сүйекті шығармалары бұған енбегендігі өз алдына, оған қоса жазушының жетістігі мен кемістігін, өзге жұрттан несімен дараланатындығын, өзіндік позициясы мен өмірлік материалдарды игерудегі әдістерін, оның әдебиетші ретіндегі де, өмірдегі жеке бір индивид ретіндегі де кредосын айқындау үшін, бүкіл творчествосын тұтас алып қарамай болмайды. Ал, ондай мүмкіндік маған беріліп отырған жоқ. Жоғарыда айтқанымдай, менің қолыма тигені – көлемді болғанмен бір повесть пен әңгімелері ғана. Бұл – бір. Екіншіден, қандай да болмасын бір жазушының жалпы творчествосы туралы әңгімелегенде, оны өзге қаламдастарынан бөліп қарамай, солармен салыстыра отырып, жалпы қазақ әдебиетінің контекстінде қарастырған орынды болар еді. Өйткені М.Сүндетовтың де, басқа қаламгерлердің де жекелеген жетістіктері өздерінікі болғанмен, айналып-үйіріліп келгенде сол жетістіктері дегенінің өзі де (бүкіл кем-кетігімен қоса), әдебиетіміздің өсу-өркендеу барысындағы, қалыптасып,

## Шығармалары. Екінші том

канаты қатаяр процесіндегі шарқ ұра ізденуден, жана арналарды жұрт болып жабыла игеруден шеткері жатқан шетін құбылыс емес.

Сондықтан «Еліктің лағы» атты повесть пен бір топ әңгімесі енген мына нақты кітабы туралы пікіріме көшейін.

Оқырман қауым жылы қабылдаған бұдан бұрынғы шығармалары секілді, М.Сүндетовтың «Еліктің лағы» атты повесі туралы да (кезінде «Жұлдыз» журналында жарияланған соң да, жеке кітабына енген соң да) біраз пікір айтылды. Жазған-сызғаны ешқашан елеусіз қалмай келе жатқан осы бір қаламгердің творчествосын жұртшылықтың көз жазбай қадағалап оқитынын сонда бір байқағандай болып едік. Баспасөз беттерінде жарық көрген пікірлер мен рецензияларды былай қойғанда, «Еліктің лағы» – Қазақстан Жазушылар одағының жиналыстарында да, жыл қорытындыларында да жақсы баға алып, жылы лебіз естіді. Кезінде тәуір пікір айтылып, былайша қарағанда – «болары болып, бояуы сіңген» дүние туралы енді тағы да сол ойларды қайталау орынсыз секілді. Дегенмен, «еленбей қалған ескі шедеврiмiз екен» деп еңіремей-ақ, осы бір повесть туралы бірер сөз әлі де айта кетуге әбден болады ғой деп ойлаймыз. (Әрине, әдеби-көркем сын тұрғысынан емес, нақты кітап хақында ғана айтылар сөз ретінде).

Бүгінде Одақтық, республикалық әдеби басылымдар беттерінде көптен-көп сөз болып жүрген жайттың бірі – жағымды кейіпкер проблемасы. Осы күнгі озық ойлы, жан-жақты жетілген замандасымыздың бет-бейнесін жарқын бейнелейтін жақсы шығармаларды халық күтіп отырғанын партиямыз бен үкіметіміз жазушыларға талай ескерткені де белгілі. Осыған байланысты творчестволық одақтар өз тараптарынан әртүрлі шаралар да алған. Кезінде М.Сүндетовтың осы повесі – «Еліктің лағы» «Жұлдыз» журналында жарияланғанда, автордың бұл еңбегін біз партияның әлгі талаптарына жауап беруі секілді, ат салысқаны сияқты қабылдадық.

Қазақстан Жазушылар одағы қамқорлығына алған – Алматы мақта-мата комбинаты, Қарағанды металлургия комбинаты, т.б.

өндіріс орындарына талай-талай жазушылар топ-тобымен де, жеке-жеке де барып қайтып, кейбіреулері соның басы-қасында жата-жастана жазуды мақсат етіп қалып қойып жүрсе де, ол кезде сол кәсіпорындардағы бүгінгі жұмысшы қауымы хақында, олардың тіршілік-тынысы жайында дәл осындай шығарма әлі туа қойған жоқ еді. М.Сүндетов соған бірінші рет түрен салыпты – жұртшылықтың әлеуметтік заказына жауап қатыпты.

Біз кейде «жұртшылықтың әлеуметтік сұранысына жазушының үн қатуы» деген тіркеске күдікпен, күмәнмен қарайтынымыз бар. Шынтуайтына келгенде, жазушының әлеуметтік сұранысқа үн қатуына үрке қарайтындай ештеңе де жоқ; әдебиеттің арғы-бергі дәстүрінде уақыт талабына үн қатқан небір творчество иелерінің еңбегін ешқайсымыз жоққа шығарып жүрген жоқпыз ғой. Жоққа шығармайтынымыз өз алдына, күні кеше де, бүгін де соны үлгі қылып ұсынып келе жатқанымыз да бекер емес қой. Поэзияда уақыт талабына сай заман тынысын, жұртшылықтың рухын тап басып тани білген Владимир Маяковский дәстүрін былай қойғанда, орыс прозасындағы «Цементті», «Темір тасқынды» қайда қоясыз. Өзіміздің қазақ әдебиетіндегі, күні кеше арамыздан кеткен Ғ.Мұстафиннің «Миллионері» мен «Шығанағын», С.Мұқановтың «Сырдария» сын қайтесіз. Солар да уақыт талабынан, өз заманының тынысын танытуға ұмтылыстан туған жоқ па еді?!

Осы тұрғыдан келгенде, М.Сүндетовтың талабы әбден құптарлық екені сөзсіз. Оқырман қауым да, пікір білдірушілер де шығарманың осы жағына баса назар аударғанын жөн көрер едім.

Екіншіден, «Еліктің лағы» – біздің жетпісінші-сексенінші жылдардағы замандастарымыздың бейнесін ғана көрсетіп қоймай, осы жылдардағы қазақ жұмысшы қауымының қатары қалайша толығып-молығып жатқанын, олардың қалыптасу жолын барлауымен де құнды деуге әбден болады. Алматы мақтата комбинаты (немесе Абылай секілді кейіпкерлер еңбек етіп жүрген Үй құрылысы комбинаты) бұл жерде тек фон ғана; жетпісінші жылдардың ортасындағы Алматы бейнесі де, адамдардың жүріс-тұрысы, киім киісі де, хоббилары да сыртқы

## Шығармалары. Екінші том

атрибуттар дегенмен, сол ұсақ-түйек детальдардан мезгіл көрінісі, уақыт әкелген ерекшеліктер айқын көрініп жатады. Ең бастысы – автор адамдар арасындағы қарым-қатынастың өзгерістеріне жіті көз жіберіп, барынша байқағыштық танытуға тырысқаны қуантады.

Бүгінде мектеп табалдырығын аттаған мыңдаған жастардың бәрі бірдей жоғары оқу орындарына түсіп жатқан жоқ, ол – санаулылардың ғана үлесі. Ал қалғандары – облыс орталықтарындағы, өндірісті калалардағы, әрісі астанадағы қауым қатарын толықтырып жатыр. Бұлар – баяғы «Жер қазғандар»-дағы, яки «Оянған өлке» мен «Қарағанды»-дағы озбырлық пен қатыгездікке қарсы шығып, қайрат-қажыр танытуларының арқасында ғана жұмысшы қауымға келіп қосылған жастар емес. Әлгілер қазақ жұмысшы табының қалыптасу кезеңіндегі әртүрлі бастаулардың бірі болса, бүгінгі жастар да жұмысшы қатарына (өз еріктерімен болса да) әрқилы жолмен, әрқилы тағдырмен келіп жатыр. Солардың – біздің бүгінгі замандастарымыздың тіршілік-тынысы, ой-арманы, мақсат-мұраты М.Сүндетов повесінің өн бойына арқау болып, автор соған біршама барлау жасап, баянды тұжырымдар айтқан. «Еліктің лағы» бізге осынысымен қызық, осынысымен құнды.

Әрине, әдеби туынды белгілі бір проблеманы қозғауымен ғана құнды шығарма бола алмайтыны баршаға аян нәрсе. Әдебиеттің басты предметі – адамдар екені бәсенеден белгілі ғой. Біз «Еліктің лағы» – оқырманға айтары бар дүние екен дегенде, әлгіндей жайттарды қозғағаны үшін ғана айтып отырғанымыз жоқ, соған қоса Айна, оның әкесі – Қайыржан, жас жұмысшылар: Балым, Абылай, Серік, қорықшы Дәулет, оның әйелі – Рәзия секілді көңілде қалып қоятын кейіпкерлердің бейнесін жасағаны үшін айтып отырмыз; солардың қилы-қилы тағдырына М.Сүндетов бізді ортақтастыра алғаны үшін айттық.

Алайда ізі суымаған оқиғалар туралы оқырманға іле-шала шығарма ұсынудың осындай өзіндік қызықтары, артықшылықтары болғанмен, қиындығы да шашетектен. Бұл ретте, «Еліктің лағы» атты повестің өн бойында әттеген-ай

дегізер ақаулар жоқ емес. Бұл ең алдымен, сюжеттік арқаудың босандығынан көзге түседі. Біздің болашақ басты кейіпкеріміз Айнаштың негізгі тағдыры әңгіменің тізгінін өз қолына алғанша повесть біраз шұбалаңдыққа ұшырайтын секілді. Әрине, жас қыз Айнаштың өсу эволюциясын біздің көз алдымызда бірте-бірте ширатқан дұрыс; ол үшін автор барынша мотивировка жасағаны да орынды; бірақ сөйтемін деп, пәлен күн қорықшы үйіне апаруы; яки оқуға түсе алмаған соң, әлгі бір профессорға жолықтыруы немесе аяғын жарақаттап алғанда, ол жарақатының сүйек туберкулезіне айналып кету-кетпеуі, соның негізінде сүйген жігіті Әділханмен арадағы линияның шиеленісуі – ақырында, әлгі жарақаттың сүйек-туберкулезі болмай шығуы – созылыңқырап кеткен тұстарға ұқсайды. Бір тәуірі – адамдық қарым-қатынастар шынайы, кейіпкерлер психологиясы сендіреді. Үлкен әдебиетте шарттылықтар деген бола береді десек те, сол бір тұстарды ширата түскеннен автор ұтылмайтын-ақ еді.

Шығарманың бас-аяғын шашау шығармай, жып-жинақы, ып-ықшам етіп ұсынуға келгенде, М.Сүндетов повесіндегіден гөрі, әңгімелерінде шеберлік таныта білген. Әрине, әңгіме жанрының өзі де ондай-мұндай ауа жайылуды көтермейтіні көпшілікке белгілі ғой. Әйтсе де, осы қиын өнерде жазушы өзінің мүмкіндігін көп қиналмай-ақ көрсете алған секілді. Бұған «Жиен», «Қарасақал Қалқаман», «Ұста», «Жабал» сияқты шығармалары айқын дәлел бола алады. Айта берсек, жұртшылықтың Мағзом Сүндетовты танып, жазушы ретінде жақсы көре бастауы да алғаш осы әңгімелерден басталған десек, артық айтқандық болмас еді.

Төрт жағы – төрт құбыла, мұңсыз-қамсыз тіршілік кешіп жатқан жандар туралы қандай көркем шығарма жазуға болады? Ондай ойсыз-мұңсыз адам туралы жұртқа айтудың қажеті де бар ма өзі? Жаза қалсаң да, жұрттың көкірегіндегіні қозғау қиын болар... Көркем шығарма, ең алдымен, адамның жан жарасына, қайғы-мұңына ортақтасудан, жартыкеш көңілдерге сүйеу болып келгендіктен, жылағанның көз жасын сүртіп, шаршағанның қолтығынан демеуге ұмтылыстан туындаса керек. Маған Мағзом

Сүндетов әңгімелері де осындай адамгершілік қасиеттерді ардақтаудан туған секілді көрінеді. Күні кеше қайтыс болған әкесінің аруағын келеке етіп, кіп-кішкентай дәрменсіз жанды қорлағысы келген Мошан сияқтыларға жетім бала – Ержан мылтықты ала ұмтылса («Жиен» әңгімесі); төңірегіне түп-түгел зорлық жасап, астамшылық көрсетіп отырған жуан ауылға, оның басы – Бәтірен байға Қарасақал Қалқамандар қайрат-жігерін қарсы қойса («Қарасақал Қалқаман»); өмірі жетімдікпен өткен Жабал секілді сорлыны Сейсен сияқты пысықайлар адам ғұрлы көрмей жүргенде, сол Сейсеннің әлпештеп отырған жалғызы – Жабалдың сідігі боп шығып, зауалын тартып жатса («Жабал»), осының бәрі – жазушының адам жан жарасына, қайғы-мұңына ортақтасуы, өзгені де өзің секілді адам деп қарауға үндеуі демеі, не дерсің! Қалайша автормен бірге қуанып-күйінбессің, шамырқанып-ширықпассың!?

Қысқасы, бұл кітап – қалың оқырман қауымға есімі белгілі автордың өзіндік айтары бар, біраз шығармаларының басын құраған, жұрт кәдесіне жарарлық дүниесі дегіміз келеді. Мұндай пікірлер М.Сүндетовтың осы кітапқа енген туындылары алғаш жарық көргенде де, мерзімді баспасөз беттерінде де айтылған. Біздің оған қосып-аларымыз шамалы. Әйтсе де, енді мынау қайта басылымы тұсында ескерте кетер, автордың өзі де ескере жүрер жайлар да баршылық секілді. Біз соған тоқталайық.

Ф.М.Достоевский өз шығармаларының үстінен, ең болмаса, өмірінде бір рет қайта қарап, қате, орашолақ немесе анықтай, дәлденкірей түсетін тұстарына қайтадан қалам тигізе алмағандығына қатты өкініп өткенін әдебиетші қауым жақсы біледі. Солай бола тұрса да, өз шығармаларын қайта қарауға келгенде, қай-қай жазушы да салғырттығын жасыруға болар ма екен? Бұл – бір. Екіншіден, осы қайта қарау, жөндеу дегенге әдебиетшілердің арасында әртүрлі көзқарас та бар. Мұның бірі – шығарманы ширата түскеннен жаман болмайтынын жан сала дәлелдесе (оны дәлелдеудің қажеті бар ма екен өзі?), екінші көзқарас – баяғыда жарық көріп кеткен дүниенді қайта сылап-сипағаннан не табасың? – дегенге саяды. Оған қоса, іштен классик болып туған кісі секілді көрінбей-ақ, творчестволық

өсу жолындағы азын-аулақ ақауларын жүре бергені жақсы деседі. Мағзом Сүндетов пен мына кітаптың редакторы қалай қарайтынын білмеймін, мен өзім қайта басылымның қатесіз, текстологиялық жағынан бір ізді, көзге оғаш сөздер мен сөйлемдер қырналып, жөнделгенін, тіпті қолдан келсе – академиялық басылымға жуықтатылғанын қалар едім. Осы тұрғыдан келгенде, кітапқа айтар кінәраттарым да бар.

Соның ең бастысы – біздің баспалар шығарып жүрген кітаптардың қатеден (емледен дейсіз бе, лексикалық дейсіз бе, грамматикалық дейсіз бе, стилистикалық дейсіз бе) аяқ алып жүргісіздігі. Кейде баспа корректорларының қырсыздығынан кеткен сондай қателерді пайдаланып, біздің сыншыларымыз қолайына жақпаған кейбір авторларды қақ бастан ұруға жақсы дәлел тауып алып жүргеніне өзіміз талай куә болдық та, көзіміз де көрді. Мына кітапта да ондай қателер жетерлік. Қараңыз: 325-б. Сол сөзбесін ше (?). 335-б. – әйелінің Қайрекеннің (үтір қайда?), 338-б. – жұлықа (жұлқа), «көкем» дегеннен кейін үтір керегі жоқ; оның есесіне, «өзгені білмейім» дегеннен кейін үтір керек; 339-б – құшалана (құшырлана), 340-б. – келінжан сенбесе, (арасына үтір керек емес), 341-б. шеткерігі (шеткергі), Совхозымыз бай (арасына дефис, аяғына нүкте керек), Аты «Айнабұлақ» (арасына дефис керек), 345-б. сауырын басын (сөйлемнің бірынғай мүшелері үтірмен ажыратылады), 358-б. – коблажып (кобалжып), 359-б. – олардың (олардан), қатпайым (қайтпайым), 360-б. – жүдегінін (жүдегенін), 366-б. – кәмілеттік (кәмелеттік), 369-б. – Иноземцова (Иноземцева), 332-б. – мұндада (мұнда да), Айнаш саған келіп (Айнаш,); ішілінді (ішілді), 339-б – әншиінде (әншейінде), 393-б – жалына (жалыны), сәтте (сәт те), 395-б. – қараңыздары (қараңыздаршы), 397-б. – ертеңгісін бері (ертеңгіліктен бері), 408-б. орынан (орнынан), 410-б. тәбіті (тәбеті), 416-б. – қалуыш (қалушы), 431-б. – сенбегендейде (сенбегендей де), 439-б – айтады (атайды), Холмос (Холмс), 454-б.– барып бұрды (барып тұрды), 462-б. – кодарына (қолдарына), 467-б. – тұрғандары (тұрғындары), 469-б. – жағасына түзей (жағасын), 473-б. – салдарып (салдырап), 480-б. – әден сон (әлден соң), 483-б. – бүрге (бүрген),

494-б. – торауылдаған (торуылдаған), 503-б. Байтон (Бәйтен), 532-б. – зимиян (зымиян), қобарып (қобырап), т.б. толып жатыр. Осылардың алдыңғылары – қате, соңғылары – дұрыс екені дәлелдеуді қажет етпесе керек. Мұндайды автор да, редактор да жібермегені мақұл болар еді.

Қатты қадағалануға тиіс ендігі бір жайт – стилистикаға байланысты. Ұғымды ауырлататын, ойды көмескілендіретін нәрселерден арылу жөн. «Тау үстінен қарға аунаған түлкінің құйрығындай қылаңдап көрінген таң шапағынан әлгі бөлекше сүт көгілдірленіп, (317 б.) дегеннен бірдеңе ұға қою оңай деп айта алмас ем. «Бұлаң-бұлаң етіп оқтай ұшып барады» – (бұ да 317-б.) дегенді де сәтті деу қиын. Біріншіден, «бұлаң-бұлаң етіп» ұшса – оқтай ұшпағаны; оқтай ұшқаны рас болса – бұлаң-бұлаң етпегені. «Көзі... ақ жұқа свитеріне іркілді» (319-б.) Заттың сапалық анықтауышы – алдымен, түсі – сосын айтылуға тиіс. «Көзі... ақ жұқа свитерге» емес, «Көзі... жұқа, ақ свитеріне іркілді». Сондай-ақ «қоңыр еркек даусы» емес, (327-б.), «еркектің қоңыр даусы». 326-бетте «сұңғақ емен» деген тіркес бар, асылы, қазақ «сұңғақ» сөзін – жайылып өскен ағашқа емес, терек тұқымдас тік, әуелей өскен ағашқа айтса керек. Жапырағын жайып жіберіп, жалпынып өскен саялы еменге «сұңғақ» деген жараспас деймін. 390-беттегі «уыз қияда», 408-409-беттердегі «аң біткен тебіндеп жайыла» алмасы жөніндегі тіркестерді де ойланған зиян болмас; 447-беттегі «мынау саялы ат шаптырым даладай кең парк» деген тіркестегі бір ғана «парк» сөзіне төрт бірдей анықтауыш артықтық ететін-ақ шығар. 484-беттегі «Шалқалап жатып, ұзақ қалықтады» да – логикаға сыйымсыздау; кісі суда қалықтамайды – қалқиды, т.т.с.с.

Қазымыр кісі секілді ұсақ-түйекті көп қаужамай-ақ қоялық. Бірақ көңілдері сенсе, автор мен редактор «мақұл» дегендерін қағып тастағаннан тек пайда табар еді деген ойдамын. Алдажалда, творчестволық жолымдағы кем-кетігімді, балаңдығымды несіне бүркемелеп, «іштен классик боп туғандай көрінуге тырысам, оның қанша қажеті бар?!» десе, әрине, өзі біледі дағы. Біздікі жұртқа айтар ішкі сыры бар дүниенің сырты да сәулеленіп тұрса дегендік қой.

## ӘДЕПТЕН ОЗБАУ – ӘДІЛЕТТЕН АТТАП КЕТПЕУ

«Социалистік Қазақстанның» 5 февраль күнгі санындағы Ә.Тәжібаевтың мақаласы «Әдептен озбайық» деп аталыпты. Оған не жетсін!

Озбасақ, озбайық. Бірақ...

Алдымен осы Әбекең айтып отырған «әдептілік» дегеннің өзі не екенін анықтап алайықшы әуелі. Өйткені мақала авторының талап етіп отырғаны қай «әдептілік» екені – тым көмескі. Ә.Тәжібаев интервью жүргізуші И.Оразбаевты мәселені тым ашық, төтесінен қойғаны үшін, «әдептен оздың» деп айыптағысы келе ме, жоқ әлде жұрттың көкірегінде жасырын жүрген жайларды неге жария қылып, жалаңаштап тастайсың деп кінәлай ма? Олай болса, қазіргі қайта құру кезеңінде пікірімізді барынша батыл, барынша ашық айтуымыз керектігі қайда қалады. Уақыт талабының үдесінен қайтіп шығамыз?!

Бәлкім, «Интервью алсаң ал, бірақ баяғыдан келе жатқан дәстүрді бұзба. Біреу-міреудің көңіліне тиіп кететін жайларды қазбаламай жайыңа жүр», – дегісі келетін шығар. Әдептілік сол болса, «сен тимесең – мен тимен, бадырақ көз» интервьюлерге әлдеқашан тойып болған жоқпыз ба? Жалған сыпайыгершілік, жалған әдептіліктен жұрттың жүрегі айнып, әбден мезі боп болған жоқ па? Неге мынау жаңа заман әкелген жаңа лепті баяғы есік-терезесі тарс бекітулі, камашау, қапас төрт қабырғаға қайта қуып тыққымыз келеді?!

Әлде әдептілік деген – жасы үлкендер жайлы жағымсыз сөз айтпай, аузыңды бағып аман жүру ме екен... Онда «Айтпаса сөздің атасы өледі», «Әділеттен атаң да үлкен емес» деген ақиқаттар қайда қалады!?

Интервьюді біз де бірнеше рет оқып шықтық. Бірақ Иранбек Оразбаевтың сұрақтарынан мына қайта құру кезеңі, турашыл Уақыт әкелген соны леп – ашық әңгімеге шақырудан басқа, «әдептен озарлықтай» ештеңе көре алмадық. Егер сұхбат жүргізуші жауырды жаба тоқымай, әдеби атмосфераның жай-жағдайын жақсырақ ұққысы келіп, жастыққа тән мак-

символизммен ащы-ащы сауалдар қойғаны үшін «әдептен озған» атанар болса, сол үшін «ат-тон айып тартса», онда күні кешегі тоқырау кезеңіндегідей «екі елі ауызға төрт елі қақпақ» қоюды талап еткен болып шықпаймыз ба? Жоқ, біздіңше, шынайы демократия бұлай болмаса керек. Шынайы демократия – әркімнің өз пікірін ағынан жарыла, адалдықпен, қысылып-қымтырылмай, емін-еркін айтуына ерік берілуінде; өз пікірінді ашық айтқаның үшін артынан таяқ жеймін-ау деп қорықпайтындай жағдай туғызылуында, қазір сондай жағдайдың туғандығында болса керек. Сондықтан жаныңды мазалап жүрген жүрек жарды сырыңды ащы да болса ашық айту – «әдептен озғандыққа» саналмаса керек.

Иә, өмір қызық, Әбеке. Күнде өзіңіз көріп жүрген қазақ қаламгерлерінің (ақыны бар, жазушысы бар) атмосферасында сіз білмейтін пәлендей құпия жоқ болса да, «өліміздің жаманы жоқ, ал тіріміздің жамандаудан аمانы жоқ» дегенге неғып таңырқай қалғаныңызға біз таңбыз. «...Төлегенді, Жұмекенді, Мұқағалиды білемін. Біздің оқырман қауым мен әдебиетшілер тобы бұл үшеуін аса биік бағалайды», – деп даусыз шындықты айтып, жаңалық ашқандай боласыз. Интервью жүргізуші «Бұларды ешкім бағаламайды», – деп отыр ма? Жоқ, Әбеке. Гәп – «талантымызды тірісінде қадірлей білейік. Өлген соң өкініп қалмайық», деген мәселеде. «Мен айтсам, шындық былай: біз соңымыздан көрінген жас таланттың талайын қолтығынан демеп, жылы сөзімізді айтып жүрген жоқпыз ба?» – дейсіз. Рас, Сіз соңыңыздан көрінген біраз таланттар туралы жақсы, жылы сөзіңізді айттыңыз. Бірақ гәп – бір ғана Сіз туралы болып отыр ма? Сіз жүрегіңізге ауыр алатындай осы интервьюде не бар? Әңгіме жалпы әдеби атмосфера туралы болып отыр емес пе? Ал әдеби атмосфера туралы айтсақ, «жамандаудан аمانы болмай» жүргендер аз ба? «Неге атамаймыз сол антұрғандардың аттарын?» деп бейхабар бола қалуыңыз қалай? Атасак, атауға да болады. Бірақ мәселен, өзіңіз айтқандай: «Біздің оқырман қауым мен әдебиетшілер тобы аса биік бағалайтын» Мұқағалиды көзі тірісінде Жазушылар одағының мүшелігінен шығарып тастағанымыз сізге белгісіз жайт па? Яки Нөкіс пен Алматының

арасын жол қылған Төлегенді; Мәскеуде оқып қайтамын деп, келгесін өзінің бұрынғы консультанттығына да қолы жетпей қалған Жұмекенді жұрт білмей ме екен? Аңқау бола қалудың қаншалықты қажеті бар? Жә, «өліміздің жаманы жоқ...» Оны қоя тұралық. Көзі тірілердің «жамандаудан аманы жоқтығына» Сіз таңғалатындай не бар? Басқаларды былай қойғанда, прозадан КСРО Мемлекеттік сыйлығын алған «Қан мен терді» жазушылардың алдыңғы съезінің мінберінен «сойып» салған жоқ па едік? Қазақ жазушыларынан ара түсер адам табылмай, бүгінде марқұм болып кеткен Қайсын Күлиев қорғағанын жұрт ұмытып қалды деп ойлайсыз ба? Ал қазір одақтық оқырман жоғары бағалап жатқан «Сеңді» соңғы съезімізде өзіміз қалай «талқандағанымыз» да есіңізде жоқ па? Яки сол съезде аты белгілі жазушыларымыздың бірі Ә.Әлімжановтың да «жамандаудан аман қалмағаны» өтірік пе? «Жұлдыз» журналында екі беттік мақаламен Т.Ахтановтың бүкіл творчествосы белінен бір «сызылғанын» қайда қоясыз? Қазақ КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Ш.Мұртазаевтың көп жылғы еңбегі – «Қызыл жебе» трилогиясын, оның басты қаһарманы революционер Т.Рысқұловты теріске шығаруға шақ жүргендер бар екені де бекер ме? Күнде өзіміз көріп жүрген жайттар ғой. Кейінгілерді айтпағанда, осылардың «шетінен тұтқыш шығып жүрген күйелеш сыңайы барға ұқсамаған» несі қалды сонда.

Бір кезде баспасөздерімізде жақсы дәстүр бар еді. «Сэт сапар», «Жол ашар» сияқты рубрикалар бар еді. Сондай айдарлармен ағаларымыз кейінгі інілеріне ізгі тілектерін айтып, қаз тұрып кеткен соң да қанатының астына алып, қорғаштап жататын еді. Соңғы жылдары сол бір ізгі дәстүр жоғалып кетіп, әдебиетке кейінгі кезде келген жас: «...шын жанашыр ақсақал көрмедік десем – жазғырмассыз» десе; өзіңіз: «... үздіктер көріне бастаса, оларды ойдағыдай танымай, таныта алмай жатсақ, бұл кемшілігімізді жабылып түзетуіміз, бұрынғы ағалық... мейірбандық дәстүрімізді дамыта түсуіміз қажет», – деп мойындай тұра, Иранбектің бұлай деуі «ретсіз-ақ» дегеніңізді қалай түсінуге болады? Ал қамқорлық көру орнына, «Жазушы» баспасына барса, «одаққа мүше емес болсаң – «Жалынға бар» деп,

«Жалынға» барса, оның жоспары «одаққа мүше» ағаларының қолжазбасымен толып қалып, кітабын келісті етіп бір шығара алмай жүрген жастар: «тай бәйгенің талантына жазылған азынаулақ нәпақамызды... қағып әкетеді» демей не десін?! Осыларды айту «өлгенін өлідей, тірісін тірідей балағаттаған бұзақы қылық» па? Жалпы, интервьюдің қай жерінен «балағаттайтын бұзақы» сөз оқып жүрсіз? Бізге эмоция емес, факті керек – мысал келтіріңізші.

Сұхбат жүргізуші: «Қазақ поэзиясының дүниежүзілік, қала берді бүкілодақтық деңгейде әлі де қажетті дәрежеде көріне алмауының бір себебі – халқымыздың формациялық өсу эволюциясы тарихи заңдылығының бұзылуынан-ау деген де «адасқан күшік секілді ұлып жұртқа қайтқан» ой келеді кейде... Капиталистік формацияны аттап өтіп, феодалдық қоғамнан тікелей социалистік қоғамға ұшқан құстай оп-оңай көше салу, қай халыққа болмасын, арзанға түспейтін «олжа». Сананың екі-үш ғасырлық бірте-бірте шындалып өсу кезеңінен қасқағым сәтте бір-ақ секіруі – сол халықтың әлеуметтік хал-ахуалына, соның ішінде әсіресе мәдени тірлік-қалыбына, рухани дүниетанымына аз салмақ түсірмесі – екібастан...» десе, сіз ойдың жартысын ғана мысалға келтіріп, жартысын тастап кетіп: «Шындалмай өскенбіз, қас-қағымда бір-ақ секіргенбіз... Осылай ма екен? Біз социализмге оп-оңай, күрессіз, қиындықсыз өте салып па екенбіз?» – деп дау айтасыз. Біріншіден, бұл жерде әңгіме – капитализмнен аттап өтіп, феодализмнен социализмге бірден секіргеніміз жайлы болып отыр. Және ол «ұшқан құстай оп-оңай көше салу» – Уақыттық, Тарихи Уақыттық тұрғыдан айтылып отыр. Екіншіден И.Оразбаев мұның қай халыққа болмасын, арзанға түспейтін «олжа» екенін, «халықтың әлеуметтік хал-ахуалына... рухани дүниетанымына аз салмақ түсірмейтінін» жасырып отырған жоқ. Сонда келіспейтініңіз не?

«Сіз бен біз «Қаратаудың басынан көш келедіден» «Я помню чудное мгновенье» (екі аралықта қаншалықты шеберлік мектебі бар десеңізші?!) қиял жылдамдығымен ағып өттік... Соның салдарынан қазіргі қазақ өлеңінің қыр арқасына... бүкірлік пайда болды...» дегенді түбірінен ағат пікір деп есеп-

теймін», – деген тұжырымыңызбен де келісе қою қиын. Осынау екі тамаша өлеңнің арасында «қаншалықты шеберлік мектебі» калып қойғаны туралы (таза творчестволық мәселе) әңгіме болып отырғанда, екі араға «социализм тұсында көркейіп, дамып отырғанымызды мақтаныш етуіміз дұрыс қой» деген даусыз пікірді қыстырудың қаншалықты қажеті бар. Немесе, «Қаратаудың басынан көш келедіні» жамандап отырған біреу бардай-ақ, күллі қазаққа белгілі өлеңді қайта түсіндіру неге керек болды?

Ал екі тамаша өлеңнің арасындағы шеберлік мектептерінен аттап өткендіктен қазақ өлеңінің бүкір аттай бүгежектеп қалған тұсы болса, тарихи процестің үзіп-жұлқылауынан туындайтын мұндай келеңсіз құбылыстың ащы сабағы көз алдымызда өткен жоқ па?! Күні бүгінге дейін жарық көре алмай келе жатқан осы ғасырдың басындағы ақын-жазушыларды былай қойғанда, прозадан Бейімбет Майлинді, поэзиядан Сәкен Сейфуллин мен Ілияс Жансүгіровты жиырма жылдай оқымағанымыз, солардың мектептерінен дер кезінде өтпегеніміз бізге, кейінгі ұрпаққа, қаншама зиянға шықты?! Қазақ әдебиетінің өсуі қанша уақытқа тежелді. Ал, мұны адамзат баласының ақыл-ой тәжірибесіне көшірсек, шеберлік мектебінен аттап өту дегеннің қиындығы, одан келер зиянның масштабы тіпті үлкеймей ме!

Біз бұл жерде XX ғасыр туралы Иранбектің өлеңіне де, оған Ә.Тәжібаевтың түсінігіне де тоқталғымыз келмейді. Ғасыр туралы екі ақынның әрқайсысы әртүрлі толғана берсін, оған қалай толғанса да екеуі де ерікті. И.Оразбаевтың ғасыр туралы монологы «кұлағына жағымды естілсе», Қадыр Мырзалиевке де «қалайша оны ұнаттыңыз» деп кінә артуға хақымыз жоқ. «Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы» (Абай). Бірақ тап осы «Абай туралы қалай үндемей өтеміз?» – деп Әбекең айтқандай, үндемей өте алмасақ, біз де үндемей өтпейік.

«Абай дәл бүгінгі таңда өмір сүрсе өрімі жұмбақ өлеңін өзінен басқа жан оқымай, оқи қалған күнде түгіне түсінбей,.. кей бозбастың... қиянпұрыстықтан туған топас пікіріне қор болып, тағдырынан таһит жеп, өмір-жасы өксіп, бас сауғалап, баспа жағалап... кетер ме еді, кім білсін!», – дейді Иранбек.

«Айталық, Абай тірі екен, ғасыр туралы жазылған «өрімі жұмбақ», «өзінен басқа жан оқымайтын, оқыса түгіне түсінбейтін» өлеңнің авторы екен дейік. Сонда ұлы ақынымыз Абай болмай, Иранбек болады да шығады ғой. Неге олай дейміз, неге қосыла кетеміз осындай сұмдық пікірге, қымбатты Қадыр?! Абайда «өзінен басқа жан оқымайтын, оқи қалған күнде түгіне түсінбейтін» өлең бар ма? Абай қашанда Абай ғой», – дейді Ә.Тәжібаев.

Сабыр етіңіз, оқырман!

Сабыр етіңіз, қаламдас аға! Сіздің басыңыздан өтті ме, жоқ па, білмейміз. Бірақ күні кешегі «тоқырау кезеңі» деп аталған тұста қоғамымыздағы келеңсіз көріністерді ашына жазған авторлардың шығармалары (ол – өлең бе, әңгіме, повесть, роман ба?) Иранбек айтқандай, «кей бозбастың қиянпұрыстықтан туған топас пікіріне қор болып, тағдырынан таһит жеп, бас сауғалап, баспа жағалап», жылдар бойы жарық көрмей кеткені бекер ме? Осы күмәнді-ау деген кез келген өлең, әңгіме, тіпті эпизод кітапқа еніп бара жатқан жерінен баспаханада бет-бет болып жұлынғанын бекер дей аласыз ба әлде? Қазақ әдебиетінің ірілі-ұсақты осы күнгі өкілдерінің ондай шығармаларын түсінбеген, ондай шығармаларын жарыққа шығармаған адамдар, Абай тірі болса, оны тіпті жолатар ма баспаның маңына. Қазіргі жағдайда тірі жүрсе, кітабы шықпаған сол Абайдың «өрімі жұмбақ» сол өлеңін өзінен басқа кім оқыр еді сонда? Кітабын шығара алмаған Абай қолжазбамды «оқи қалғандар түгіне түсінбеді-ау» деп, «тағдырынан таһит жеп, өмір-жасы өксіп, бас сауғалап, баспа жағалап» кетпегенде қайтер еді, сосын. Кер заманда туып, келеңсіздікпен өле-өлгенше арпалысып өткен Абайды былай қойғанда, біздің заманның қиыншылықтары мен қилы-қилы кезеңдерін жасырмай, жаны ауыра жазған қаншама совет жазушыларының кітаптарын ондай адамдар еріксіз «өзінен басқа жан оқымайтын» етті? «Өрімі жұмбақ» қаншама шығарма шаң қауып жатты? Қаншама автор «тағдырынан таһит жеп», «баспа жағалап» кетпеді? Рыбаковтың «Арбат балаларын», Дудинцевтің «Ақ киімдерін», Бектің «Жаңадан тағайындалуын», т.б. көптеген шығармаларды

қазір көріп отырған жоқпыз ба? «Абай қашанда Абай ғой», – дейді Ә.Тәжібаев. Интервью жүргізген Иранбек «Абай – ақын емес» деп отыр ма?! Айтса, шындықтың қанын сорғалатып айтатын Абай күні кешегі «тоқырау кезеңі» тұсында өмір сүрсе, «қиянпұрыстықтан туған топас пікірге қор болып, тірлігінен баз кешіп кетер ме еді, кім білсін!» деп отырған жоқ па қайта Иранбек. Мұнда тұрған нендей сорақылық, нендей «сұмдықтық» бар?! Ондай пікірге Қадыр Мырзалиев неге қосылмауға тиіс. Асылы, Ә.Тәжібаев ағамыз тексті асығыстау оқып, астарын ұқпай қалған секілді. Әйтпесе, өз творчествосында да талай-талай батыл пікірлер айтқан ақын Ә.Тәжібаев бұлай демесе керек-ті; «Абай туралы жеңілтек сөйлеушілер қатарынан» И.Оразбаевты да, Қ.Мырзалиевті де, «Қазақ әдебиеті» газетін де іздемесе керек-ті.

Дуалы ауыз айтқан сөз қашанда ауыр, Әбеке! Біз сізді сондай адамдардың бірі деп санаймыз. Сондықтан басқа сөздеріңіз бір төбе де, «Қазақ әдебиеті»... үніміз, тіліміз... қасиетті... орнымыз», – дей отыра, «Оны біз желіккендер ойнағына айналдырмасқа... міндеттіміз» дегендегі «желіккендер ойнағына» деген сөзіңіз аса ауыр сөз. Әкесі баласын, ағасы інісін ұра қалғанда да, өлетіндей етіп ұрмайтын емес пе еді?!

Ал бұл жерде тіпті ашу шақыратындай ештеңе көре алмай отырмыз. Өйткені «бас кеспек бар болса да, тіл кеспек жоқ».

6.02.1988 жс.

### Реплика

## МҰНЫ ҚАЛАЙ ТҮСІНЕМІЗ?

Қазақтың шешендік, тапқырлық, нақыл сөздері жайында соңғы жиырма шақты жылдың бедерінде жүйелі зерттеу жүргізіп келе жатқан екі адам болса, бірі – Балтабай Адамбаев екеніне ешкім дауласа қоймаса керек. Сондықтан да осы салада еңбек етіп келе жатқан ғалымнан оқырман қауым

## Шығармалары. Екінші том

бұрын жарияланбаған тың материалдар күтсе және сондай материалдардың негізінде жаңа тұжырымдар мен пайымдаулар күтсе, мұны әбден заңды құбылыс деп қараған лазым.

Биылғы жылғы «Жұлдыз» журналының 3-і және 4-і сандарында «Шешендік пернелер» атты айдармен осы автор жариялаған материалдарға да біз сондай ниетпен қуана көз салған едік. Ә дегеннен пікірімізді ашып айтсақ, қарнымыз ашып қалды.

Біріншіден, бұл материалдар (Қаз дауысты Қазыбек, Жұлдыз, №4, 1985 ж.) Б.Адамбаев 1967 жылы құрастырып, алғы сөзін жазып, «Жазушы» баспасынан шығарған «Шешендік сөздер» атты кітапқа енген болатын. Арада жиырма шақты жыл өткенде сол кітапқа енген дүниелерді шып-шырғасын шығармай, журналға түгелімен қайта бастыруы бізді қайран қалдырды.

Екіншіден, таңғалмасқа болмайтын жайт – ғалымның бұл жарияламасы бірінші басылымға қарағанда ғылыми жағынан дәйексіз болып шыққан.

Сөзіміз жалаң болмас үшін, мысалға жүгінейік.

«Баймағамбет сұлтан мен Сырым батыр» атты әңгімеде (Жұлдыз №4, 194-бет) осы екеуінің құда болуы туралы әңгімеленеді. Араларында Кердері руынан шыққан атақты Намаз би де жүр. Осындағы Баймағамбет – тарихтан белгілі Айшуақ ханның баласы, Ішкі орданың сұлтан-правителі, кәдуілгі Махамбет Өтемісұлын өлтіретін Баймағамбет Айшуақов. Мұның ат жалын тартып мінуі ХІХ ғасырдың басы, кейінгі тарихы Исатай – Махамбет көтерілісімен тұстас келеді. Ал Сырым Баймағамбеттің әкесі Айшуақ хан болмай тұрғанда, әуелі Нұралы ханмен шайқасып, тақтан тайдырып; кейін Нұралы-ның баласы Есім хан болғанда, 1797 жылы Калмыково түбінде оны өлтіріп, Айшуақ хан болардың алдында Хиуаға кетіп, 1802 жылы опат болған. Сонда ол Баймағамбет Айшуақовтың баласына қыз беріп, құда болатындай қайдан замандасы болады?!

Сондай-ақ автор «Сырымның сыннан өтуі» атты әңгімеде (Жұлдыз, №4, 1985, 196-б.): «Айшуақ, Есім хандардың тұсында Сырым жаңа атағы шығып келе жатқан жігіт екен», – деп жа-

зады. Бұл екеуі де хан болмай тұрғанда, Сырымның шайқасып жүргені – Нұралы хан Әбілқайыр баласы болса; қалайша: «Айшуақ, Есім хандардың тұсында Сырым жаңа атағы шығып келе жатқан жігіт»... болады? Дұрысында, Нұралы Әбілқайыров 1749–1786 жылдары хан болған. Ол Сырым бастаған көтеріліс дүмпуімен патша қол астына қашып барып тығылып, Уфада 1790 ж. өлді. Нұралының қайтып келуінен үмітті топ осы аралықта хандыққа таласа қойған жоқ. Тек 1791 ж. ол өлген соң ғана, Ералы Әбілқайыров хан сайланып, 1794 жылға дейін тұрды. Ералы өлген соң, әуелі Айшуақ емес, Нұралы баласы Есім 1795 жылы хан болып, 1797 жылы Сырым тобының қолынан қаза тапты. (М.П.Вяткин Сырым батыр, Қаз. мемл. баспасы, 1951; Материалы по истории Казахской ССР, Т. IV.) Әкесі Нұралыны тақтан қуғанда, оның баласы Есімге Сырым ет жасап, табак тартушы болды дегенге біреу сене қояр деді ме скен?!

Бірінші басылымға қарағанда, автордың мына жарияламасының ғылыми дәйексіздігі дегенде, біз осындай жайларға назар аударғымыз келіп еді. Өйткені «Шешендік сөздер» атты кітапқа енген дүниелер, кейбір кем-кетігіне қарамастан, біршама шындыққа соғатын. Елеп-екшеленген тұстар аз емес еді. Б.Адамбаев кейін жарық көрген өзінің «Шешендік өнер» (Сырым сөздері негізінде) деп аталатын кітабында да («Жазушы», 1969 жыл). «Сырым атымен айтылып жүрген сөздерде көрінер-көзге Сырым атына жаңсақ таңылып жүрген сөздер де жоқ емес. Мысалы, «...Баймағамбет пен Сырымның құда болуы» деген аңыз құлаққа кірмейді, өйткені Баймағамбет сұлтан Сырымның тұстасы емес, Сырымның баласы Қазының замандасы, – деп өзі жазған болатын. (Б. Адамбаев Шешендік өнер, Алматы, «Жазушы», 1969, 98-бет). Енді келіп, жиырма шақты жылдан соң, бұрынғы басылымдағы кем-кетігі түзелген, толықтырылған, ғылыми дәйекті вариант ұсынудың орнына (ең болмаса дегеніміз ғой. Қ.М.), бұрынғыдан көш төмен, хронологиялық жағынан сәйкессіз, кітап болып шығып кеткен дүниенің нашар көшірмесі қайта басылуы өкінішті-ақ.

## ДҮНИЕ ДҮБІРІ – ЖАЗУШЫЛАР ЖҮРЕГІНДЕ

Дүниенің о шеті мен бұ шетіне барып қайту бір-ақ күндік шаруа болып қалған мына заманда қай халық та өз буына өзі пісіп, томаға-тұйық отырып қала алмайтыны күннен-күнге айқын бола түсуде. Бұл тек экономика мен саясатқа ғана байланысты айтылып отырған сөз емес, сонымен бірге, әлем халықтары ендігі жерді бір-бірімен рухани ықпалдастыққа түспей тұра алмайтынына қатысты да айтылып отыр.

Мамыр айының 22-сі мен 28-і аралығында Берлинде өткен ПЕН-клубқа мүше жазушылардың халықаралық конгресі де бізге осыны анық ұқтырғандай болды.

Осы арада басын ашып айта кететін бір жайт: біз әңгіме етіп отырған халықаралық ПЕН орталықтар дегеніміз не өзі?! Ол кейбір қаламдастарымыз айтып жүргендей, әлемнің әр түкпіріндегі жайттардың қауымдастықтарына қолайлы жағдай туғызу үшін құрылған бүркеншік ұйым ба? – Жоқ! ПЕН-клубтар мынау буырқанған заманда әлем халықтарын алаңдатып отырған мәселелер жөніндегі ақын-жазушылардың үнін дүниеге паш ету үшін, сондай-ақ өз елінің мұн-мұқтажын халықаралық мінберлерден жария етуге жазушыларға жағдай туғызу үшін құрылған, дүние жүзіне белгілі де беделді творчестволық ұйым. Мұны әлемнің әр түкпірінен Берлинге келген жазушылар – 141 ПЕН-клубтың мүшелері осы конгресс кезінде істерімен де, сөздерімен де тағы бір дәлелдеді.

Халықаралық ұйымның аты – халықаралық ұйым ғой. Оның бұл жолғы басқосуында да көтерілген мәселелер, қай жағынан алып қарасаңыз да аса маңызды әрі күрделі болды. Бірнеше комитет қатар жұмыс жасады. Олардың қандай түйінді мәселелерді сөз еткенін: «Қапастағы қаламгерлер», «Қуғын-сүргінге ұшыраған қаламгерлер», «Жазушылар бейбітшілік жолындағы күресте», «Әлемдегі әйел-жазушылардың жай-күйі», «Аудармашылық және лингвистикалық құқықтар», «Адам құқықтарының әртүрлі елдердегі жағдайы» деген аттарынан-ақ аңғаруға болады. Бұған қоса, жазушылар бас қосқан соң, әрине,

шығармашылық мәселелері әңгіменің басты объектісі болатыны – өзінен-өзі белгілі ғой. Оған сәл кейінірек тоқталармыз.

Әлемнің әр түкпірінен келген жазушылар – бір-бір елдің жай өкілі ғана емес, сол елдердің бейресми елшілері секілді екенін де өркениетті Еуропа ертеден мойындағандай. Неміс жеріне табанымыз тигеннен-ақ біз мұны айқын сезіндік. Бірінші күні конгресс салтанатты түрде ашылмай тұрып-ақ, Берлиннің бургомистрі Клаус Воверайт мырза қабылдап еді. Келесі күні конгрестің ресми ашылу салтанатына Германияның Президенті Хорст Келердің өзі қатынасып, сөз сөйледі. Ал мұнан соңғы күндердің бірінде мемлекет басшысы – Канцлер А.Меркель ханым конгресс делегаттарын қабылдап, Үкімет үйінде арнайы қонақасы бергенінен-ақ, қонақтарға деген құрметтің қаншалықты болғанын түсіну қиын болмас деп ойлаймыз.

Германия ПЕН-клубтың конгресінен кейін, іле-шала футболдан әлем біріншілігін өткізгелі жатқан ел емес пе?! Соған байланысты, жолға шығарда іштей: «Біздің конгреске жеткілікті дәрежеде көңіл бөліне қояр ма екен?» – деген күдігіміз болып еді. Алайда немістер өздеріне тән темірдей тәртіптіліктерін; өздерінің де, өзгелердің де уақытын қатты қадірлей білетіндіктерін; сондай-ақ қандай істі қолға алса да, адам таңғаларлықтай ыждағаттылықпен, ұқыпты да тиянақты атқаратын іскерліктерін танытты. Ежелден қалыптасқан елдік дәстүрі бар, іргелі жұрт екенін көрсетті. Сондықтан дүние жүзіндегі прогрессивті жазушылардың 157 творчестволық ұжымының басын қосып отырған, іргетасын өткен ғасырдың басында Нобель сыйлығының алғашқы лауреаттарының бірі, ағылшынның ұлы жазушысы Голсуорси қалаған Халықаралық ПЕН-клубтың жыл сайын бір рет, әлемдегі ірі мемлекеттердің бірінің астанасында өтетін дәстүрлі Конгресі қазір өздерінде өткелі жатқанына да; ал он шақты күннен кейін әлемдік доп додасы да өздерінде басталғалы тұрғанына не басшыларының, не қосшыларының абыр-сабыр боп қапылып жатқан қарбаласын байқай алмадық. Мұның бәрі олар үшін өздерінің күнделікті атқарып жүрген ісі секілді... Неміс жұртының осы

тиянақтылығы, осы тындырылымдығы біздің жиынымызға да игі ықпал етті ме, Еуропадағы ең әсем ғимараттардың бірі – бес жұлдызды «Хилтон» қонақүйінің тамаша залдарында сегіз күнге созылған конгресс жұмысы аса бір байсалдылықпен, дау-далабасыз өтті.

Осы қонақүйдің екінші қабатындағы көп залға комитеттерді алдын ала белгілеп, бөліп қойған екен. Таңертеңгі сағат 9-да комитеттер жұмыстарын қатар бастап кетті. Біздің делегация «Жазушылар бейбітшілік жолындағы күресте» деген комитет жұмысына қатысты.

Бейбітшілік – қай заманда да адам баласының көкейкесті арманы ғой. Баяу басталған байсалды әңгіменің көрігін екі адам қатты қыздырып жіберді. Оның бірі – Палестинадан келген жазушы Ханнан Авват та, екіншісі – өзіміздің ежелгі көршіміз, орыс жазушысы, Орыс ПЕН-клуб орталығының басшысы Александр Ткаченко болды.

Таяу Шығыстағы, соның ішінде әсіресе Палестинадағы жағдайды жұрт біршама біледі ғой. Әйтсе де, соны біле тұра, әлемдегі қарапайым халық былай тұрсын, қолында қалам дейтін қаруы бар жазушылардың өздері жеткілікті үн қоса алмай отырғанын Палестинаның бір кішкентай қызы шырылдап тұрып айтқанда, ешкім енжар қала алмады. Ханнан Авват тек шырылдап айтып қана қойған жоқ, әлдебір желеу тауып Израильдің озбырлық әрекеттерін ақтауға тырысқан пікірлерге орынды тойтарыс та бере білді. Бір емес, бірнеше қайтара сөз алып, өз ойларын дәлелдей түсті.

Дүниедегі күллі жаманшылық атаулының бәрі – Адам ата, Хауа ана ұрпағының бір-біріне қысастығы мен зорлығынан, үстемдікке ұмтылысынан туындайды ғой. Бүгінгі орыс қоғамында орын алып отырған ұлтшылдық туралы Ресейдің өзінен келіп отырған жазушы Александр Ткаченко мәлімдеме жасағанда, әңгіме температурасы тіпті көтеріліп кетті. Бұған дәлел ретінде, Ресейдің жоғары оқу орындарында оқып жатқан кара түсті студенттерге жасалған зорлық-зомбылықтар, тіпті кейбіреулерінің азаптап өлтірілгені, себепсізден-себепсіз қорлау әрекеттері келтірілді. Бұрынғы скинхедтерге (тақырбас-

тарға) тыйым салынбағаны өз алдына, қазір Ресейде фашистік ұрандарды жалаулатып жүрген ұйымдарға үкімет тарапынан ешқандай шара қолданылмай отырғаны туралы қынжыла әңгімеленді.

Жұрттың дүр сілкінгені соншалық, комитет төрағасы Словения жазушысы Ф.Тауфер жиынға қатысушыларды сабасына әрең түсіріп, бұл туралы Конгрестің жалпы отырысына Қарар ұсынылатынын мәлімдеуге мәжбүр болды.

Жалпы, комитеттер жұмысының жемісті болғанына менің еш күмәнім жоқ... Олардың төрағалары Конгресс делегаттарының жалпы жиылысында есеп бергеніне қарағанда және «Жоқ, олай емес! Былай...» деп ешкім оларға қарсы дау айтпағанына қарағанда да, жұмыстары нәтижелі болғанға ұқсайды.

Мәселен, «Қапастағы қаламгерлер» және «Қуғын-сүргінге ұшыраған қаламгерлер» атты комитеттердің есебінде, әлемнің әртүрлі елдерінде жапа шегіп отырған жазушылардың аты-жөндеріне дейін нақты аталып, оларға қолдау көрсету туралы нақты ұсыныстар айтылды. Әсіресе, қуғын-сүргінге ұшыраған Иран жазушылары туралы, сондай-ақ көрші ел Өзбекстанда да осындай жағдайға ұшырап отырған: Мамадали Махмудов, Мұхаммед Салих, Мұхаммед Бекжанов, Юсуф Рузимурадов, Сабыржан Якубовтар жөнінде делегаттар ашына сөйледі.

Тек жазушы ретінде ғана емес, адамдық құқықтары да аяққа басылып отырған көптеген қаламгерлердің жай-күйі сөз етіліп, жазушылары сондай күйге ұшырап отырған елдердің басшыларын әділеттілікке, елдерінің конституциясында жазылған адам құқықтарына кепілдік жасауға үндеген әлденеше Қарар қабылданды.

Ал «Қуғын-сүргінге ұшыраған қаламгерлер» атты комитет жұмысына қайта оралар болсақ, бұл Комитет әлемнің әртүрлі аймақтарында осындай жағдайға ұшыраған қаламдастарға 48 жылдан бері қол ұшын беріп келеді екен және осы жылдары жақсы тәжірибе жинақталыпты. Канадада «Айкон» деген торап ашыпты. Бұл торап қуғын-сүргінге ұшыраған жазушыларды қайда, қай елге, қай қалаға орналастыру мәселесімен айналысып, Комитет жұмысын үйлестіріп отырады екен. Осындай

тораптарды өзге аймақтардан да ашу керегін делегаттар қызу қолдады.

Әрине, комитеттер төрағаларының есебінде айтылған пікірлерде үстірттіктер де болмай қалған жоқ. Мәселен, «Әлемдегі әйел-жазушылардың жай-күйі» атты комитет төрайымы өз есебінде осы мәселені сөз ете келіп, Бішкекте Қырғызстан, Өзбекстан, Қазақстан әйел жазушыларымен кездесу өткізгенін, олардың қандай қиын жағдайда шығармашылықпен айналысып жатқандарын әңгімеледі. Сондағысы: «Орта Азиядағы «байғұс» әйел-жазушылардың жағдайы қиын екендігі – олардың интернетке қолдары әлі жетпей отырғандығында» – екен-міс.

«Орта Азиядағы әйел жазушылардың жағдайы қиын екендігі – тек қана олардың әлі күнге интернетке қолдары жетпей отырғандығында» ғана болса, дәл сондай жағдайды біздің, – «байғұс» еркек жазушылардың, – «қиын жағдайын» да қоса айту керек болар.

Біздің осы пікіріміз жұрт назарын аударды ма, келесі күні жазушылар аймақтық секцияларға бөлініп ой бөліскенде, «Азия және Орталық Азия» секциясының Александр Ткаченко мен Елизабет Нордгрэн басқарған мүшелері Қазақ ПЕН орталығының жұмысы туралы білуге ынта-ықыластарын танытты. Бұл жөнінде біз кеңірек әңгімеледік. Сәтін салғанда, Германиядағы Қазақстан Республикасының елшісі Қайрат Сарыбай Конгреске барған делегаттарға көмек көрсету үшін, елшіліктің бірінші хатшысы, Нүсіпов Болатқа тапсырма беріп, ол ағылшын, неміс, түрік тілдерін жақсы білетін қызымыз Гауһар Мұхамбетованы қасымызға қосқан болатын. Барлық сұрақтар мен жауапты осы қызымыз ағылшын, неміс тілдеріне аударып, үлкен қолғабыс етті. Қазақ ПЕН орталығының қызметі туралы, әсіресе оның өз баспасөз органы – «Таң-Шолпан» атты журналы бар екендігі; бұл басылымның екі тілде – қазақ һәм орыс тілдерінде шығатыны; әр санына жарты миллион теңге қаламақы төленетіні; сондай-ақ ПЕН-клуб мүшелерінің үздік шығармалары қомақты ақшалай сыйлықтармен марапатталып отыратындығы туралы мәліметтер тыңдаушыларға қатты әсер етті. Бәрі де ризашылық сезімдерін білдірді.

Әрине, халықаралық ПЕН-клубтың түйінді мәселелері секцияларда емес, Конгресс делегаттарының үлкен басқосуларында – пленарлық мәжілістерде сөз болғанын баса айту керек. Және мұнда тек халықаралық ПЕН-клубтың ішкі-сыртқы жағдайлары ғана емес, аса ауқымды проблемалар – бүгінгі күні әлемдегі әртүрлі елдердің жазушыларын толғандырып та, алаңдатып та отырған жайттар сөз болды. Мәселен, адам құқықтары, сөз бостандығы, жазушы еркіндігі секілді мәселелер. Мұндай орында, мұндай мінберден жалпы жұрттың жүрегіне жетер сөз айту үшін, асылы, ол сөз – өз ішінде пісіп-жетілген, он ойланып, жүз толғанған сөз болу керек. Және де... тек «аузына дуа дарыған» айтулы талант қана емес, әлем халықтарына аты-жөнің танымал тарлан болуы да керек пе екен? Әйтеуір, Конгресс делегаттарының үлкен басқосуларының бірінде Қазақ ПЕН орталығының Президенті Әбдіжәміл Нұрпейісов мінберге көтерілгенде, «Хилтонның» Балл залы шыбын ызыңы естілердей тына қалды.

Жасыратын несі бар, мынадай жиында, мынадай мінберден Әбекең не айтар екен?! – деп демімді жұтып, әр сөзін қалт жібермей тыңдадым.

– Құрметті ханымдар мен мырзалар! – деп, Әбекең сөзін күндегідей баяу бастады да, сәл кідіріп барып:

– Осынау халықаралық үлкен форумға қатысып отырған кім де болса, өзін әйтеуір осы жиынға деген құрметтің нышаны ретінде төбе көрсетіп қана қайтуға келдім дей алмасы хақ. Жоқ! Ол мұнда өзін ең алдымен өз халқының, өз елінің осындағы үнімін, соның тілімін деп білері сөзсіз, – деп содан әрі қарай күні бұрын қағазға түсіріп әкелген ойын ілгері өрістетті.

Жұрт сілтідей тынып отыр... Ұшқан шыбынның ызыңы естілердей...

Енді сөзді бұл кісінің өзіне берейік:

– Әдетте әдебиетті қуатты қаруға теңейміз. Ендеше, біз сол әдебиеттің негізгі қасиеті мен күш-құдіреті – адамзаттың бүкіл ақыл-ойы мен жүрегін жаулап та, баурап та алатын, асқақ та кіршіксіз пәкизаттығында деп білуіміз керек қой деймін. Және

қай халыққа да осынау алты әлемнің әрі рухани, әрі мәдени картасынан өз орнын тауып беретін бірден-бір күш те – сол халықтың, сол ұлттың әдебиеті болып табылады.

Иә, шынында да күні кешеге шейін дәл солай болатын. Күні кешеге шейін халық атаулының, оның сан алуан тартыс-таласқа, қуаныш пен ренішке, кесапат пен шапағатқа толы қайталанбас тағдырының бүкіл рухы да, үні де әдебиет болатын.

Амал не, осы күні біреулердің «жер бетінде саны жағынан да аз, мәні мен маңызы да түкке тұрғысыз, өзін мәдениетті ұлт ретінде титімдей де көрсете алмаған және жалпы адамзаттық ортақ мәдениетке еш үлес қоса алмаған бір ұлттар болады-мыс» деген одағайлау пікірлерін де құлағымыз шалып жүр. Бұл орайда бір ғана нәрсеге келісуге болады. Иә, біз сан жағынан көп емес екеніміз рас. Алайда әлемге Абай мен Әуезовтей данышпандарды берген өз халқымның биік те асқақ ар-намысының атынан айтарым: бұл екі алыптың екеуі де – дүниетанымы ұлан-ғайыр шексіз, шығармашылығы аса күрделі, нағыз алып тұлғалар болатын. Және бұл екеуі де ешқашан жеке адамды тұтас бір қоғамнан бөле-жара қараған емес еді.

Ал біздер, осы екі данышпанның отандастары, ол екеуінің бір-біріне соншалықты ұқсас та ортақ тағдыры туралы ойлана отырып, шынында да «өмірде қаншалықты даналық болса, соның жанында соншалықты қайғы-қасірет бірге жүретінін» іштей езіле еске аламыз. Меніңше, діни кітаптардағы осы бір сөздер – шығармашының, әсіресе мына жалған да жарық дүниеден Жаратқаннан өзге жақыны жоқ күйде жалғыздықпен, қуғын-сүргінмен өтетін және басына ешбір нокта шақ келмес асау да өркеуде тамаша талантты шығармашының қасірет-қайғыға толы ғұмырының шынайы анықтамасы сияқты көрінеді де тұрады.

Әрине, бір кезде көшпелі өмір салтын тұтынған қазақ халқының қоғамдық құрылымындағы дәйекті де тарихи жағдаяттарға байланысты қазақ әдебиетінің бұл екі алыбы ұзақ жылдар бойы бір тілдің, бір ұлттың ғана шеңберінен шыға алмай, тұйықталып қалған болатын. Сондықтан да олар әлем оқырмандарының назарынан тыс қалып, тек өз ұлтының

оқырмандарымен тілдесуден әрі аса алған жоқ. Бұл тек біздің ұлыларымыз ғана емес, өзге де халықтардың небір сөз сұңғылалары мен тұңғыық та терең ой иелері бастан өткерген жайт.

Иә, қазір заман да, адам да басқа. Қараңыздаршы! Өмір деген қазір кемерінен асып-тасып, бұрк-сарқ қайнаған қазан секілді емес пе! Қазір тіпті, ең аз ұлттар жазушыларының кітаптары да толып жатқан өзге ұлттардың тілінде мүдірмей сайрап, ұлт пен ұлтты, мемлекет пен мемлекетті, тіпті, құрлықтардың басын біріктіріп, тіл табыстыратын жанды дәнекерге айналып кеткен жоқ па?! Қазір өмір, тіршілік атаулы бұрынғыдан әлдеқайда мазмұнды да қызықты болып бара жатқанын өздеріңіз де көріп отырсыздар.

Дегенмен, сол өзіміз айтып отырған өмірдің ішкі жағына тереңдеп еніп көрейікші! Бүгінде дүни ежүзінде бір жүз алпысқа жуық мемлекет, екі мыңнан астам ұлттар мен ұлыстар, этникалық топтар бар. Кейбір лингвистердің айтуынша, жер шарының тұрғындары бір-бірімен жеті мыңнан астам тілде сөйлесіп, түсініседі екен. Толып жатқан ұлттар мен ұлыстардың, этникалық топтардың өкілдерінің басым көпшілігі көп ұлтты мемлекеттерде тұрады. Бүгінде адамзат бұрын-соңды болып көрмеген ғаламдастыру және базар экономикасы дәуіріне еніп кеткені, сөйтіп, өздерінің бір-бірінен ажырай алмайтын, ажыратуға келмейтін біртұтас әлем екенін терең түсіне бастағаны белгілі.

Адам баласының ғарышқа батыл аяқ басуы; ғылым мен техникадағы әрі жасампаз, әрі күйреткіш күш-қуаты бар ұшан-теңіз жаналықтар; алпыс екі тамыры тартылып, сүті қашқан анадай жер ананың нәрінен айрылып, сарқылуы – адамдар арасындағы, ұлттар мен мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастарды жетілдірген үстіне жетілдіре түсу қажет екенін күн өткен сайын бәріміздің алдымызға көлденең тартып-ақ келеді. Міне, сондықтан да бүгінгі ізденімпаз да жасампаз ақыл-ойдың иесі адамзат үшін бір планетада бірлесіп қатар өмір сүре білуден өткен маңызды мәселе жоқ.

Міне, осы орайда көп ұлтты мемлекеттегі ұлттық әдебиет

мәселелері туралы сөз қозғау дегеніміздің өзі де ұлттық әдебиеттің, ұлттық тілдің тағдыры туралы, әсіресе, аз ұлттар тілінің тағдыры туралы сөз қозғау, яғни, мәселе қою болып табылады. Дәл бүгін бұл мәселе кім-кімнің де ең киелі нәрсесі – өмір сүру құқы екендігі ретінде қойылуы керек. Бүкіл адамзат атаулының ешкім қол сұға алмайтын, бірдей дәрежелі бас бостандығы сияқты, құқық – әрбір ұлттық мәдениетке, ең алдымен әрбір ұлттық тілге, аз ұлттардың тіліне де тікелей қатысты болуы керек. Міне, бұл жерде біз өнерді ұлттық ерекшелік емес, көпке ортақ стандарт өлтіретінін; алуан түрлілік емес, бір-біріне тамшыдай ұқсастық өлтіретінін ұмытпауға тиістіміз. Әртүрлі халықтарды, сан алуан әлемдік мәдениетті өзара белсенді қарым-қатынас арқылы көркейте түсу дегеніміздің өзі де – осы.

Әр заманда отарлық езгінің қай түрін болса да басынан өткерген халықтардың қай-қайсысының да қасіреті мен қайғысы бір-бірінен ажырамастай ұқсас болып келеді. Қымбатты мырзалар! Өз басым Кеңес өкіметі әлгі бір «лениндік ұлт саясаты» деп аталатын мәселеде орыс патшаларының саясатынан алыс кете қоймағаны – дүние жүзіне мағлұм шығар деп білемін. Меніңше, қайта кеңес өкіметі өз дәурені жүріп тұрған шақта, өзінің бүкіл идеологиялық күш-қайратын ұдайы ұлттық тілдерге қарсы жұмсай отырып, өзінің айналасындағы ұлттарды жою саясатын адам таңғаларлық тиянақтылықпен жүргізіп отырды. Және бұл мәселеде ұлан-ғайыр «табысқа» да жетті деп білемін. Кеңес империясы өмір сүрген жетпіс жылдың ішінде бір ғана Ресейдің өзінде аз халықтың тоқсан алты тілі жойылып кетті. Ол аз болғандай, қайткенде де бұрын-соңды болып көрмеген «жаңалық» – ешбір Құдайға сенбейтін, ата-тегі беймәлім, «Кеңес адамы» деген адамды жасап шығарайық деген ұран тасталды.

Шынымды айтайын, әлгіндей аз халықтың тілі душар болған жағдайларды ойлағанда, бүкіл ғұмыры мен ақындық өрт жалынын бір заманда Гете айтып кеткен «ақындардың жеті падишасын» тәржімалауға арнаған Семен Липкиннің ерекше ерлігі есіме түседі де тұрады.

Орыстың осынау үлкен ақыны бірде Тәжікстанда жүргенде, Памир тауларында өмір сүретін «И» деген халық бар екенін, өздері бас-аяғы жүзге толар-толмас қана қалғанын, ал тілі мүлде жойылып бара жатқанын естиді. Соған көкірегі қарс айрылып, жүрегі қан жылаған ақын дереу осыған арнап өлең, сосын мақала жазған екен.

Әрине, сол сәтте сонау заңғар таулардың құзар шырдарының арасында, адамзат қауымынан алшақ қалған әлдебір аз ғана ұлттың тілінде де, тек құдіреті күшті Құдай ғана жарата алатын, әрі қайталанбас, әрі теңдесі жоқ бір ғажайып нәрсенің бар екенін ақынның ұрзада жүрегі айқын сезінгені хақ.

Иә, шынында да тіл дегеніңіз – бір ұлттың рухы мен жан дүниесінің біртұтас жиынтығы емес пе?! Әр ұлттың үрдіс-дәстүрін де, арман-мақсатын да, әдет-ғұрпын да, өнері мен бүкіл болмысын да қалыптастырып, оған нәр, корек беріп тұратын да тіл! Тек қана тіл!

Меніңше, ақын Липкиннің әлгі іс-әрекетінің ең басты ұлылығы мен оның сол бір ғажайып ерлігінің өзі де – сол заманның иедологиялық қаһарына ұшырайтынын біле тұра сондай ерлікке барғанында деп білемін.

Осы ретте, мен бүгінгі күні өз халқымның тілінің жағдайы да мүшкіл екенін айтпасыма болмайды. Міне, біз тәуелсіз ел атанғалы 15 жылдан асса да, он миллион қазақтың тілі – мемлекеттік тіл деп жарияланса да, ол әлі де Абай айтқан «баяғы жартас – бір жартас» күйінде қалып отыр. Жарықтық, ата-бабаларымыз мына бізге – келер ұрпаққа, баға жетпес қазына, нағыз ұлттық мақтаныш ретінде асыл мұра етіп, әрі шұрайлы, әрі сұлу шырайлы, тұңғиығына көз жетпес терең мағыналы қазақ тілін қалдырып кеткен. Міне, осындай алуан бояуымен құлпырып, құбылып тұратын таңғажайып тіліміздің бүгінгі қасіретті халіне жаны ашыған зиялы қауымның жанайқайына қарамастан, ол тәуелсіздік алған жаңа заманда да өз биігіне көтеріліп, өз үйінің босағасынан әрі аттай алмай отыр. Бұл жағдай қазақтың ұлттық бірлігіне де нұқсан келтіруде. Сондықтан да біз халықтардың ғаламдық диалогына әрі дербес, әрі күш-қуаты мол ұлт есебінде қатыса алар ма екенбіз, өзіміздің

Шығармалары. Екінші том

шынайы ұлттық бейнемізді көрсете алар ма екенбіз? – деген күдік әлі де басым болып тұр.

Міне, осы орайда, мен мынаны осынау жоғары мәртебелі форумның есіне сала кетсем деп едім: өткен жүзжылдықтың сексенінші жылдарында Халықаралық ПЕН-клубында алғаш рет әлем халықтары тілдерінің құқы туралы әңгіме қозғалды. Тіпті, содан бері осы мәселе жөніндегі арнаулы комиссия да жұмыс істейтін сияқты. Және бұл өзі – тілдер мәселесін халықаралық деңгейге көтеруге септігін тигізген, нағыз адамгершілікті, нағыз деғдарлы бір іс болғаны да шындық.

Міне, осы орайда, құрметті мырзалар, сіздер осы мәселеге бір-екі халықтың емес, керісінше толып жатқан әртүрлі халықтың өмірлік мақсат-мүддесін тікелей қамтитын мәселе деп қарауларыңыз керек дер едім. Ал біз, ертең өз елімізге, үйді-үйімізге қайтып бара жатып, біздің бірнеше жылдан бері дәстүрге айналған осындай келесі конгресіміз осы ғасырдың ең бір өзекті мәселесіне – планетамыздағы аз халықтың тілінің қазіргі қасіретті халіне арналатынына сеніп аттанғымыз келеді».

...Ол сөзін аяқтағанда «Хилтонның» Балл залы ду кол шапалақтап жіберді. Халықаралық ПЕН орталығының Президенті (Венадағы дипломатиялық академияның ректоры) Иржи Груша орнынан ұшып тұрып, ақ басты аға жазушының қасына жетіп барды да, ризашылықпен құшағына алып сәл тұрып, құрметінің белгісі ретінде мінберден қолтықтап түсірді.

Сол – сол-ақ екен, Азия мен Африкадан келген көптеген конгресс делегаттары ұсақ ұлттар мен саны аз халықтың тілінің қазіргі трагедиясы туралы жан-жақтан жамыраса жөнелді. Қыза-қыза келгенде, Мексикалық делегат: «Біздің еліміз – көптеген тілдер мен диалектілер отаны. Кейбір тілдер қазірдің өзінде өліп бара жатыр. Сондықтан 2008 жылғы қазан айында Халықаралық ПЕН-нің конгресін Мексикада өткізейік. Және ол конгрестегі талқыланатын басты проблема – өліп бара жатқан тілдердің тағдыры жөнінде болсын, – деген ұсыныс енгізді. Конгресс делегаттарының үлкен басқосуы бұл ұсынысты қолдайтындығын білдірді.

Апыр-ай, атам қазақ айтқыш қой, бір ретте: «Ауылдағының аузы сасық», – демеп пе еді. Орыстардың да ілгеріректегі бір шалы: «Нет пророка в своем Отечестве» – деген. Хакім Абай да солардың сөзін қостағандай боп: «Зинһар, сендерден бір сұрайын деп жүрген ісім бар. Осы, біздің қазақ...жаттың бір тәуір кісісін көрсе, «жарықтық» деп жалбырай қалып, мақтай қалып; өз елінде содан артық адам болса да, танымайтұғыны қалай?» – деп қамықпайтын ба еді, «Қырқыншы сөзінде».

Шынында, осы Әбекендердің қадірін, алқалы топқа кіргенде айбар боларлық талай-талай ағалардың қадірін ауылда жүргенде (елде, Қазақстанда, Алматыда, қасымызда қатар жүргенде) неге біле бермейміз?! Осынысымыз не?

Қайдам?! Асқар таулардың биіктігі де алыстан қарағанда ғана айқын көрінеді деседі ғой. Сірә, солай болса, солай шығар...

Сөзді сөз қозғайды. Ойды ой түртеді. «Алқалы топта айбар боларлық ағалар» деген сөз аузыма бекерден-бекер түсіп отырған жоқ. Өйткені мұндай (ризашылық дейсіз бе, мақтаныш сезім дейсіз бе, әйтеуір осындай) көңіл-күй өзге жұрттардың да басында болатын болуы керек. (Мәселен, ең салқынқанды деген еуропалықтардың... айталық, немістердің өздерінде де!)

Неге бұлай деп отырмын?

Естеріңізде болса, жоғарыда мен бұл Конгресс – ең алдымен, жазушылардың бас қосқан жиыны екенін; сондықтан мұнда әдебиет мәселелері әңгіменің басты объектісі болатынын ескертіп өткенмін. Шынында, солай болып шықты. Дәл осы Конгресс кезінде: «Таныстыруға рұқсат етіңіз!», «Әлем әдебиеті. Авторлармен өткен ұзақ түн», «Жан шошырлық әлемде де жаза беру керек», «Ақындардың шаңқай түсі», «Жанжал оты бықсыған Африкада», «О, Сіз неміс тілінде жазатын ба едіңіз!» атты әлденеше әдеби кештер ұйымдастырылды. Бұлардың әрқайсысы туралы жеке-жеке әңгіме айтуға болар еді, бірақ оқырманның алтын уақытын бекерге ысырап етпес үшін, тек айтпай кетуге болмайтын бірер жайт туралы сөз етейін.

**Біріншіден**, әдеби кештер Германияда ақылы түрде өтеді екен. Яғни, оларға кәдімгі театрлардағыдай билет сатылады екен. Мәселен, немістің Өнер академиясының мың орындық

## Шығармалары. Екінші том

үлкен залында өткен: «Әлем әдебиеті. Авторлармен өткен ұзақ түн» атты әдеби кешке арнайы билет сатылды. «Авторлармен өткен ұзақ түн» десе – дегендей-ақ, кешкі 8-ден түнгі бір-екіге дейін созылды.

**Екіншіден,** әдеби кештер біздегідей тек поэзия кештері, ақындар кештері түрінде емес, проза кештері түрінде де өте береді. Және де прозаға арналған әдеби кештер, біздегідей автормен сұхбат түрінде немесе автордың шығармашылық лабораториясымен танысу түрінде емес, таза прозалық жаңа шығармаларды оқу нысанында өтеді екен. Біздің оқырмандар түгілі, қаламдастарымызға айтсақ сенгісіз жағдай: Өнер академиясында өткен әдеби кеште, сағат 20.00-ден түнгі 1.00-ге дейін, 5 сағат бойы авторлар кесек туындыларынан үзінділер оқығанда, қыбыр еткен бір жан көрмедік. Әдетте, прозалық шығарманы адам оңаша отырып, бойға сіңіріп оқушы еді; жүздеген адам самсап отырған жерде, бәрі бір кісідей құлақ қойып, прозалық шығарма тыңдағанды бірінші рет көріп, таңғалғанымызды жасыруға болмас.

Тағы да қайталап айтайын, осындай... бес сағат бойы «діңкенді құртып», қыбыр етпестен езіліп отыратын әдеби кешке неміс оқырмандары әжептәуір ақша шығарып билет сатып алып, ықыласпен барады екен. Қазіргідей теледидардың үстемдік құрып тұрған заманында әдебиетке, соның ішінде көркем прозаға деген мұндай құштарлық бізді таңғалдырып қана қойған жоқ, сонымен бірге күндердің күнінде адам баласы кітапқа қайта оралады екен-ау деген үміт жетегіне де ілестіргендей болды.

Жә, бірді айтып, бірге кете бермейін... «Алқалы топта айбар боларлық ағалар...» деген сөзіме қайта оралар болсам, ондай ағалар тек қазақта ғана емес, өзге жұрттарда да бар екен. Және тек қазаққа ғана емес, өзге халықтарға да керек екен. Бұрынғы Кеңес Одағына кірген елдерден барған делегаттар, Совет әдебиетінің әлемге тараған туындыларын жақсы білетін қаламдастар, – Ресейден, Литвадан, Молдавиядан, Татарстаннан келген делегаттар, – араларында Әбдіжәміл Нұрпейісов секілді айтулы қаламдастарының жүргенін Берлиндегі конгресс кезінде қалай мақтаныш етсе, бедел тұтса, осы

Конгрестің ашылу салтанатына немістің әйгілі жазушысы, Нобель сыйлығының лауреаты, атақты «Қаңылтыр барабан» романының авторы Гюнтер Грасс қатынасып, сөз сөйлегенде, күллі неміс қаламгерлерінің қалайша мерейлері өскенін көрсеңіз!!! Бір ғана Гюнтер Грасс әлем жазушылары алдында неміс әдебиетінің абыройын аспанға шығарды да жіберді. Жұрт Гюнтер Грассы көріп, осындай жазушысы бар неміс әдебиетін еріксіз құрметтеуге мәжбүр болды. Міне, «алқалы топта айбар боларлық ағалардың» керек жері қайда жатыр!

Бұл – бұл ма, дәл сол күні кешкілік «Таныстыруға рұқсат етіңіз» атты әдеби кеш басталғанда, сол Гюнтер Грасс... сол «айбар боларлық аға!!!» конгреске қатысып отырған әлем жазушыларына елінің жап-жас қызын, «Берлиннің балықтары» атты алғашқы романымен-ақ оқырмандар назарын өзіне аударған Элеонора Хуммельді таныстырып, оған сәт сапар тілегенде, жас жазушының ғана емес, әйгілі қаламгердің өзінің де абырой-беделі жұрттың көз алдында аспанға шырқап кетті. Әрине, осы кеште Р.Цимлерді таныстырған Ф.Кинг; Т.Жабо мен Г.Драгоманды таныстырған Г.Конрад; О.Сайнчковский деген орыстың жас жазушысын таныстырып, сәт сапар тілеген Л.Петрушевская, т.б. бәрі де кейінгі буын өкілдеріне деген ізгі тілектерін аяған жоқ. Бірақ... біздің Қазақстанда туып, ата жұртына қайта оралған отбасында тәрбие алған, өз шығармасына сол эмигранттар өмірін арқау еткен Элеонора Хуммельді таныстырған Г.Грассың абырой биігіне ешқайсысы жеткен жоқ. «Алқалы топта айбар боларлық ағалардың» нағыз керек жері қайда екеніне, міне, қайта-қайта еріксіз оралтып отырған, осындай жайттар еді.

Қазақ: «Атың барда жер таны, желіп жүріп, асың барда ел таны, беріп жүріп...» – дейді. Сәті түсіп ел көрдік, жер көрдік. Ең бастысы, әлемнің әр түкпіріндегі әріптестерімізді не толғандырып, не алаңдататынын, о шеті мен бұ шетіне барып қайту, бір-ақ күндік болып қалған мынау дөңгеленген дүниенің немен тыныстап, неге мазасызданатынын жақынырақ, етене сезінгендей болдық.

Соның өзін мол олжа көрдік!

Халықаралық ПЕН-орталығының келесі конгресі 2007 жылы Сенегалда өтетін болды. Дәм тартса, кім біледі, оның да аужайын байқармыз...

Алматы – Амстердам – Берлин– Амстердам – Алматы

*«Ана тілі», 2006 ж.*

## ӨКІНІШТІ ӨМІР, ӨКСІКТІ ӨЛІМ...

Әлқисса бұл кітап туралы сөз қозғамас бұрын, оның басты кейіпкері Аманғали туралы әңгімелей кеткен артық болмас. Өйткені ол нақты өмір сүрген, өз тұсында да, өмірден озған соң да аты аңызға айналған тұлға. Біреулер «Е, әлгі банды Аманғали ма?!» – десе, енді біреулер заманында басынан ешкімге аттатпаған, ер намысын ешкімге таптатпаған, ұлан даланың бұлан тектес бұла өмір сүрген бір перзенті санайды оны. Сөйте тұра, «банды» дегені де, «батыр» дегені де Аманғалидың өкінішті өмірі мен өксікті өлімін қабырғалары сөгіле отырып сөз етеді, кейбіреулер жауапсыз сауалдарды алға тосады. Міне, осындай сауалдардың бәрінің жауабы – Л.Қапашевтың «Банды» Аманғали ісі» атты кітабында тұр.

Еңбек мұрағаттарда жатқан мізбақпас құжаттардың негізінде жазылған. Не туралы, кім туралы айтылса да, автор біздің алдымызға құжаттарды жайып салады немесе көзімен көргендер баяндайды.

Аманғали секілді ер көңілді, ерен өнерлі тұлғаның мұндай трагедиялық хал кешуінің негізгі себептері кітапты оқып шықсаңыз айқын көзге түседі.

**Біріншіден**, бұл қазақ арасында ежелден бар «жесір дауының» бір жалғасы іспетті. «Бесік құда болысып, баласына айттырып қойған келінін, күйі сәл тайған кезде, құдасы Қайыр Қарымбаев бергісі келмейді де, даудың басы осыдан туады».

**Екіншіден**, осы жерде А.С.Пушкиннің асқынған байы Трокуров пен кедейленген ақсүйегі Дубровский арасындағыдай әлеуметтік теңсіздік жатыр.

**Үшіншіден,** керісіп қалған құдалар қайтадан келісер ме еді, кім біледі, бірақ мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан қазақтың жол-жоралғысы, салт-дәстүрі, әдет заңдары бұл кезде бұзылып, билерден билік кетіп, дау-шарлар мен адам тағдырын шешу қолдан тағайындалған судьялардың құзырында еді.

**Төртіншіден,** сонау патша заманынан келе жатқан жымысқы саясат – езілген ұлттың бетке ұстар азаматтарын сүт бетіндегі қаймақтай қалқып алып, жоқ қылып жіберу, елдің намысы бар азаматтарының еңсесін езіп, бойын көтерткізбеудің Кеңес өкіметі тұсында әрі қарай жалғасқанының да бір көрінісі.

**Бесіншіден,** орыс өкіметі езілген ұлттар өкілдеріне ешқашан сенбегені, сол сенімсіздіктің аяғы – бас көтерген азаматтардың ағайын-туысы да бізге жау деген пиғылға әкеп тірегені баршаға аян және тарихта талай болған оқиға. Аманғалиға қоса туысы Тайырдың, бауырлары Мұқанғали мен Әндірғалидың да Кеңес өкіметі өкілдерінің қолымен өлтірілгендігі, оған қатысы бар көп адамның еш айып-анжысыз пәлен уақыт бойы түрме азабын тартуы – сорақылықтың ең жексұрын түрі.

Атыс-шабыс кезінде, Аманғалилар қолынан қаза тапқандар болған шығар, бірақ олардың бәрі – амалсыз арпалысуға, қорғануға тура келген кездердегі құрбандыққа ұшырап кеткендер.

Әйтпесе, Аманғали (немесе оның тобындағы біреулер) әдейі барып, біреуді бауыздап кетіпті деген құжат еш жерде жоқ. Керек десеніз, өзіне жаман қастық қылған Отарғали Мұқышев туралы: «Үйіне Отарғали екі барып, Хайуанды өлтіруге қия алмадым», – дер ме еді Аманғали?!

Аманғалидың «тентектік» істері болса, олардың бәрі – қазақы ескі мінезден, әдеттен туындап жатқан тентектіктер болады. «Қанға – қан, жанға – жан» деген әдет заңдары санасына сіңіп қалған Аманғали секілді адамдар ескі жесір даулары тұсында, есесі кеткен жесірінің орнына, сол елден немесе нақты кегі кеткен кісінің аулынан әлдебір қызды, яки әйелді тартып әкетуі – қазақ арасында ертеден бар нәрсе. Оны жақтырсаңыз да, жек көрсеңіз де, амалыңыз жоқ – сол кездің дәстүрі солай. Аманғали туыстарының әйелін дұшпандары тартып әкеткеннен

Шығармалары. Екінші том

кейін, сондай қастыққа қатысы бар адамдардың қызын алып кеткен кездері бар. Мұны жеке бастың өштік-қастығы дейсіз бе, әлде руаралық араздықтан туған кектесу дейсіз бе, қалай болғанда да, нақты бастан өткен жайттар. Бұлар қоғам өмірінде бұрыннан бар нәрселер болғандықтан, сол заман адамдары үшін аса сорақы іс көрінбеген. Мұндай жайттарға оқырман бүгінгі заман адамының емес, сол заман адамының көзімен қарағаны жөн болмақ.

Қысқасы, бұл бір – тірлігінде еңсесін ешкімге басқызбай, әділетсіздіктің ешқайсысына көнбей, арамдық пен қараулық атаулымен арпалысып өткен, өзегі өкінішке толы жан. Ондай тұлғаның трагедиялық халін түсініп, тағылым ала білу де кейінгі ұрпаққа үлкен ұлағат болуға тиіс. Ал ағын – ақ, қарасын қара деп, архив құжаттары арқылы қандай адам екені көрсетілгені Аманғалидың өзі үшін – оның аты бұдан былай ұрпақтар аузында құбыжық секілді аталмайтыны марқұмның көрінде тыныш жатуына жақсы болмақ.

Ақиқат айтылмаса – адам баласы ілгері баса алмайды. Көптен бері ізі көмескіленіп, күнгірт тартқан бар шындықтың бетін ашқан мұндай кітап қалай да оқырмандардың қолына тиге тиіс және лайықты бағасын алатынына анық сенемін.

*«Қазақ әдебиеті»,  
21.04.2006 ж.*

## **ҚАЙСАР АЗАМАТТЫҢ ҚАЙҒЫЛЫ ТАҒДЫРЫ**

*Мінгені Ергалидың «Шайтанқара»  
атты кітапқа жазылған алғы сөз.*

Кешегі өткен ХХ ғасыр, әсіресе, оның бірінші жартысы, қазақ халқы үшін қайғы-қасіреті де көл-көсір, қайшылығы да мол болған бір кезең ғой. Замана желі қырық құбылған сол кезеңде талай-талай тарлан азаматтардың алтын басы саудаға түсіп, әлдекімдердің еріккенде ермек етер добына айналған шақта болған.

Мен өткен жолы Ләтифолла Қапашевтің «Банды» Аманғалидың ісі» атты қолжазбасымен танысқанымда, соған тағы да көзім жете түсіп, тағдыр тәлкегіне ұшыраған Аманғали Кенжеахметұлы туралы сол еңбектің шығуына шын тілектестік білдіргенмін. Баспа ұстап отырған азаматтар да үлкен түсіністікпен қарап, сол қолжазбаны кітап етіп шығарып, есімі ел аузынан түспей келе жатқан қазақтың бір әнші, серісін қалың жұртпен қайта қауыштырған-ды.

Аты ел аузында жүргенмен, заты әлі көмескі қалып келе жатқан мұндай тұлғалар қаншама?! Солардың бірі – әйгілі «Шайтанқара» әнінің авторы Ерғали Аязбайұлы еді. Е.Аязбайұлының ел сүйсінер ерен әнші болғанын оның осы аттас әні де, сол әнді орындаушылар да, тіпті құлағы бір шалып қалған тыңдаушылар да әлі күнге куәландырып келеді. Бұл – Хамзекеңнің (кәдімгі Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, белгілі жазушы Хамза Есенжановтың) «Ақ Жайық» романында дос-дұшпаны сүйсіне сөз қылатын, айызы қана әңгіме қылатын Ерғали ғой, жарықтық! Кешегі Кеңес өкіметі жылдарында, талай жұрт талай топта шырқатқанмен, иесі аталмай келген әннің авторы! Патша заманында «барымташы, конокрад» атанып, қуғындалған; ал Кеңес өкіметін Таловка аймағында өз қолымен құрысқан; акыры сол Кеңес өкіметі екі ұлымен қоса өзін де атып жіберген, қайран Ерғали ғой бұл!

Осындай қайсар азаматтың қайғылы тағдыры туралы жазылған шығарма қайткен күнде де жұртына табысуы керек деп ойлаймын. Және соған бек сенемін.

Қаламгер бұл кітапқа өзінің «Мінгені Ерғалидың «Шайтанқара» атты зерттеу еңбегін ғана енгізіп қоймай, қайран азаматтың қадірін ел-жұрты ұға түссін деп, бұған ақын Қ.Иманғаливтің «Ерғали туралы дастаны» мен белгілі қаламгер Р.Отарбаевтың «Шайтанқара» атты әңгімесін қоса бергені де орынды болған.

Тағы бір айтулы азаматыңмен қайта қауышқаның құтты болсын, оқырман!

## ӨМІР ШЫНДЫҒЫНАН – КӨРКЕМ ШЫНДЫҚҚА

Деректі фильмдердің Свердловскіде өткен Бүкілодақтық бірінші фестивалінің даңқ-дабырасы орталық баспасөз арқылы бізге әлдеқашан-ақ жеткен болатын. Бірақ «мың рет естігеннен – бір рет көрген артық» дейтін мақалдың даналығын біз осы фестивальдың қорытындыларына арналып Алматыда өткен семинар кезінде тағы бір ұққандай болдық. Москва мен Ленинградтан, Свердловскінің өзінен, Ригадан, Минскіден, Ереваннан келген қонақтар фестивальда көрсетілген ленталарын осында ала келіп, Алматы көрермендерінің сарабына салды. Үш күн бойы Кино үйінен көрермендер үзілген жоқ. Сонда ғана бұл фестивальдың (бірінші рет өткізіліп отырғанына қарамастан) неге осынша абырой-атаққа ие болғанын ұққандай болдық.

Иә-иә... ең алдымен айтарымыз – үш күн бойы зал лық толы болды. Әншейінде, ақшасына билет сатып алып барған жерінен көңіліне ұнамаса, шығып жүре беретін жұрт, ақысыз-пұлсыз көрсетілген кинодан кете алсашы! Және қандай кинодан? Кәдімгі деректі кинодан.

Бұрын-соңды мұндайды кім естіген?

Кинематографистер: «Деректі фильм – кино атаулының ар-ұяты» десе де, біз көрген талай-талай деректі, хроникалы фильмдерден сол «ар-ұяттың» аяқ-асты болғанын көрмесек, аспандағанын көре алмай-ақ қойғанбыз. Оған дәлелді алыстан іздеудің қажеті не... көз алдыңызға күні кешегі тоқырау жылдарындағы құттықтау фильмдерді, рапорт фильмдерді, салтанатты жиын-тойларға арналған репортаж фильмдерді елестетсеңіз де жетіп жатыр. Сол фильмдер жүрегін шайып тастаған жұрт, деректі кино дегенде бетінен басатын. Енді келіп... сөйткен «деректі фильмдердің» абырой-атағы қалайша аяқ астынан аспандап шыға келді?!

Бұл сауалға, әрине, әркім әртүрлі жауап беруі мүмкін, бірақ бұлтартпас бір шындық бар: ол – мынау біздің қайта құру кезеңі әкелген жариялылықтың кино өнеріне игі ықпалы десек орынды; бүгінгі деректі фильмдер шындыққа сусаған күллі

жұрттың көкірегіндегі қордалы шер-шеменді қозғағандықтан да осындай дәрежеге жетіп отыр. Мәселен, киевтік режиссер С.Буковскийдің «Ертең мейрам», ленинградтық А.Сокуровтың «Мария», латыш режиссері Г.Франктың одақтық экрандарда біраздан бері көрсетіліп жатқан «Ең жоғарғы сот», белорус режиссері А.Рудерманның «Жариялылық пен қайта құру кезеңіндегі театр», С.Лукьянчиковтың «Жан сыздатар жара», армян режиссері А.Хачатрянның «Конд кварталы», свердловскілік Б.Кустовтың «Жасырын дауыс беру», қазақстандық В.Тюлькиннің «Өзім қорғанамын», О.Рымжанов пен Б.Мұстафиннің «Саты» (Тыныш ауылдың хроникасы) ленталары тап осындай дүниелер. Бұлардың қай-қайсысында да біздің қоғамымыздың жылдар бойы жинақталып қалған қиындықтары мен қарама-қайшылықтары сөз болады және ол проблемалар әр қырынан көрсетіледі.

«Шындық» дегеннен шығады... семинар күндерінде көрсетілген ленталардың қай-қайсысында да қаны сорғалаған шындық бірінші орында тұрды. Құдды, кинематографистеріміз өмір шындығын қаз-қалпында көрсету жөнінен бұл жолы бір-бірімен жарысқа түскендей...

Міне, свердловскілік Б.Кустовтың «Жасырын дауыс беру» атты лентасы. Қоғам өмірінің барлық салаларында жаппай демократияландыру жүріп жатқан кезде, әлеуметтік әртүрлі топқа жататын адамдардың бұл құбылысқа қалайша қарайтынын жасырмай, жасқанбай көрсете білген картина. Сондай-ақ оның жерлесі В.Кузнецовтың «Қандай ұзақ қыс еді» картинасы да – елімізде қайта құрудың қандай қиындықпен жүріп жатқанын көрсететін, сол жолда таяқ жесе де тайынбай күрескен қаһарманды төбесіне көтеріп жырлаған туынды.

Асылы, қайталап айтайық, осы фестивальдың абыройын асырып кеткен жариялылықтың арқасында жарыққа шығып, жұртшылық назарына бірінші рет ұсынылып отырған өткір тақырыптағы туындылар секілді. Әдебиет пен өнердің барлық салаларындағыдай, кинода да публицистика қазір көш басшылық міндетті өз қолына алғаны көрініп тұр. Бұған семинарда көрсетілген кез келген картина айғақ бола алады. Атап ай-

тар болсақ, Ауғанстандағы қанды қырғыннан аман қайтқандар мен ажалын содан тапқандардың ата-ана, туған-туыстарының қасірет-қайғысын бүркемелемей көрсеткен С.Лукьянчиковтың «Жан сыздатар жара»; бюрократизмге белшесінен батқан бүгінгі чиновник туралы А.Рудерманның «Қайта құру мен жариялылық кезеңіндегі театр»; сондай-ақ А.Хачатрянның «Конд кварталы»; А.Учительдің «Рок»; В.Мирзоянның «Тігінші»; Е.Галынкиннің «Ленинковтың көктегі айға қол созуы»; С.Мирошниченконың «Бір көрген түс секілді»; Б.Кустовтың «Шимұрын»; О.Рымжанов пен Б.Мұстафиннің «Саты» (Тыныш ауылдың хроникасы) ленталары; шынында, жариялылық біздің қоғам өмірінің қалыпты тірлігіне сіңіспеген жағдайда, бұл фильмдер ешқашан экранға шықпас еді. Олардың қай-қайсысының да көрерменге жол табуына жағдай туғызған біздің мынау революциялық қайта құру кезеңі болса, сондай күрделі кезеңнің шынайы революциялық рухын аспандатып отырған – осы ленталар сияқты тек шыншыл туындылар деу жөн. Өйткені жасыратын ештеңесі жоқ, қоғам өмірінің барлық салаларында жүріп жатқанына, жариялылық күнделікті тіршілігіміздің ажырамас бір бөлшегіне айналып келе жатқанына қарамастан, жоғарыда атап кеткен ленталардың кейбіреулеріне, әсіресе, әлеуметтік жүгі ауыр фильмдерге әртүрлі ведомстволар мен жекелеген адамдар тарапынан қатты қарсылық көрсетіліп, қолдарынан келсе, жаптырып тастауға дейін әрекеттенуде. Соның салдарынан, әлгі ленталардың ішінде әлі күнге дейін экранға шығуға мүмкіндік беретін рұқсат-куәлік берілмегендері де бар. Деректі фильмдердің Свердловскіде өткен тұңғыш фестивалінің ең игілікті ісі – сондай фильмдерді экранға шығармауға тырысқандардың қарау әрекеттеріне қарамастан, «Жасырын дауыс беру», «Қандай ұзақ қыс еді», «Жан сыздатар жара» сияқты ленталарды көрермендерге жеткізе білгендігі болса керек. Алматыдағы семинарда фестивальға қатысқан фильмдердің үштен біріндейі ғана көрсетілсе де (жұрт та, жюри де мойындаған жүлдегер ленталардың толық әкелінбегеніне қарамастан), көрермендер деректі фильмдердің тұңғыш фестивалі қалай өткенінен толық хабардар боларлықтай мағлұмат ала алды-ау деп ойлаймын.

Свердловскінің өзіндегідей, режиссер В.Тариктің «Әрқашан әнмен бірге» атты лентасымен басталған көрсетулер жұртты бірден баурап әкетті. Небір батыл да тапқыр, өткір де ойлы, тіпті, мұңды картиналар көрсетілді. Бірақ кімге қалай екенін қайдам, ең бірінші көрсетілген әлгі бір лента (режиссер В.Тариктің «Әрқашан әнмен бірге» фильмі), бұдан кейін неше алуан фильмдер көрсетілгеніне қарамастан, өзінің көркемдік қадір-қасиетін де, эстетикалық әсерін де жоймай, көңілімізге мықтап орнығып қалды.

Апыр-ау, бүгін кабель зауыты туралы ән шығарса, келесі жолы прибор жасау зауыты жөнінде ән шығарып жүрген әлдебір әуесқой композитор туралы картинаның көңілді алай-түлей қылатындай не қасиеті бар?! Оның (әлгі әуесқой композитордың) жалғыз-ақ әуенге жазған әндері ана жерде де, мына жерде де (кабель зауытында да, прибор жасау зауытында да) шырқалған сайын, зал толы жұрт ішек-сілесі құрығанша қақа-қулап, қыран-топан күлкіге батты да қалды. Әйтсе де, мен өзім күле алмадым. Күле алмағаным былай тұрсын, көзінен жас аққанша қиқылдаған көршімнен: «Неге күлдіңіз? Осы да күлетін жайт па?» – деп сұрағым келді. Құрметті оқырман (көрермен), сіз де кешіріңіз. Мен сол пікірімді сізге де қайталап айтқым келеді. Фильмде баяндалатын жайт – кісі күлетін нәрсе емес. Неге?! Егер басты кейіпкердің бойындағы азғантай өнер бірте-бірте шыңдала түсу орнына, біреуге құлдық ұра қызмет етуге бейімделіп кетсе, бұған тек оның өзі ғана кінәлі ме?! Өнер мен өнерпаздың хал-ахуалын осындай жағдайға дейін жеткізген қоғамдық моральдың да құлдырауы емес пе бұл?! Ал әуесқой композиторымыз болса, өзі сүйетін өнерге де, халыққа да қолымнан келгенінше қызмет істеп жүрмін деп ойлайды. Керек десеңіз, жасының ұлғаюына байланысты жұрттың бәрін жарылқап тастауға шамасы жетпей бара жатқанын сезген ол (шамасы жетсе, өндірістің саласынан сала қоймай, бас-басына бір-бір ән арнап берер еді), көңілінің тазалығы ғой – композиторлар одағына кейиді. («Қарап отырсам, – дейді ол. – Композиторлар одағының екі мың жарым мүшесі бар екен... Жеті жүзге жуығы музыкатану мамандары көрінеді. Хош, сонда қалған 1800-і не бітіріп жүр?! Әрқайсысы бір-бір ән жазғанда да, халық

## Шығармалары. Екінші том

жақсы әнге кенеліп қалмас па еді?».) Жоқ, не десеңіз – о деңіз, әуесқой композитордың таланты кем шығар, керемет ақылды да болмас; бірақ ниеті таза, баладай ақкөңіл осы бір жанды түк кінәлағың келмейді.

Мен осы фильмнің жұртты қатты риза қылғаны туралы, оның себебі жайлы (мен ғана емес, әлгі ішек-сілесі қата күлгендер де фильмнің өте сәтті жасалған дүние екенін еріксіз мойындады) көп ойландым. Сөйтсем, фильм авторларының ұтқан жері – жалғыз әуенге жазылған әнімен жұрттың бәрін қарқ кып жүрген байғұс әуесқой композиторды әжуаға айналдыруда емес екен; қайта өзінің жұртқа келеке болып жүргенін ұқпайтын байғұсқа бар адамшылық аянышын емеурінімен білдіруінде екен. (Сіздер қыран-топан күліп жатқанда автордың бірде-бір рет өзгермеген байсалды үнін есіңізге алыңызшы). Фильм аяқталғанда әуесқой композитор байғұсқа түк те күле алмайсыз ғой; қайта әлдебір аяушылық сезіміңіз оянып, көңіліңіз алай-түлей болмай ма... Міне, адамды сүю деген – өзіңдей пенденің кемшілігіне күлу емес, керісінше, сол кемшілікті өзімнің де кемістігім деп қабылдай білуде екен. Фильм осыған үндейтін секілді. Ол сонысымен де қымбат бізге. Меніңше, актуальды мәселелерге арналған талай-талай фильмдер өздері көтерген проблемалардың актуальдылығы жойылған күні өлсе – өлер; бірақ кішкентай адамның тағдырына арналған бұл фильм ұзақ жасайтын секілді.

Фестивальдың жүлдегер фильмдері туралы баспасөз беттерінде біраз жазылды, қазір де жазылып жатыр. Сондықтан оларға тоқталмай-ақ, енді осы бір мерекеге қатысып қайтқан «Қазақфильм» туындылары туралы бір ауыз сөз айта кетелік. Конкурстық программаға енген В.Тюлькиннің «Өзім қорғанамын» фильмі мен конкурстан тыс программаға кіргізілген Ю.Пискуновтың «Де Мольер мырзаның өмірі», И.Вовнянконың «Теңіз» ленталары экранға шыққанына бірталай уақыт болғанын көрермендер жақсы біледі (Олар туралы «Жаңа фильм» азды-көпті материалдар жариялады да). Ал О.Рымжанов пен Б.Мұстафиннің «Саты» (Тыныш ауылдың хроникасы) лентасымен осы семинар күндерінде таныстық.

Ақиқатын айту керек, жариялылық шіркіннің шапағаты арқасында күн сайын бір жаңалық естуге дағдыланып алған біз, соңғы кезде «ана қырдың астында өгіз туып жатыр екен» десе, танданбайтындай дәрежеге жақындап қалған екенбіз. Бірақ астанадан көп аса қашық емес – Саты дейтін тып-тыныш ауылдың ел аман, жұрт тынышта мәйегі шайқалып, халық ата-бабасының қара жұртын тастап, қаңғып, көшуге мәжбүр болып отырғанын көргенімізде, жағамызды ұстамауға болмай қалды. Нанбасаңыз, «Сатыны» (Тыныш ауылдың хроникасын) көріңіз.

«Саты» тұрғындарының ауа көшуіне себеп – шаруашылықтың рентабельділігін жойғаны көрінеді. Ал рентабельділік жойылмай қайтеді, егер шаруашылықтың жерін тартып алып, мал екеш малға шөпті екі жүз шақырымнан тасыса... Нанбасаңыз, «Саты» (Тыныш ауылдың хроникасы) картинасының кейіпкерлерінің сөзіне құлақ түріңіз.

«Деревняны тұрақты мекен-жайымызға айналдырамыз!» деп, Россияның жас-кәрісі қаңырап қалған селоларға патриоттық бастамамен кетіп жатса; өлі деревняларды қайта тірілтуді партия үлкен проблема етіп қойып отырса; осы семинарда дәл сол тақырыпқа арналған – свердловскілік С.Мирошниченконың «Бір көрген түс секілді» дейтін лентасын көріп, іштей тілеулес болып отырсақ, тап өзіміздің іргемізде сүттей ұйып отырған бір ауыл көз көрекі, өз қолымыздан адыра қалуға айналыпты. Сенермісің, ағайын, сенбеспісің?! Нанбасаңыз, «Сатыны» көріңіз.

...«Сондай нұсқау бар! Ал нұсқаудың аты – нұсқау!» – деп Кеген аудандық партия комитетінің бірінші секретары Данышпанов без-без етеді.

...«Сатыдан» Жоғарғы Советке депутат болып сайланған Алматы облыстық партия комитетінің екінші секретары интервью беруден бас тартқан.

...Жапырағын жел тонаған күзгі ағаштардың басындағы кап-қара қарғалардай шулап (фильмдегі осы бір деталь шыбыныңды шырқыратып жібереді), не істерін білмей сенделген қарындастың қайғысынан қабырғаң қайысады. Жоқ, бүгінде

Шығармалары. Екінші том

ондай жағдай болуы мүмкін емес деп сенбей отырсаңыз – «Сатыны» көріңіз.

Өттең, фильм авторлары фактінің төңірегінде қалып қоймай, Саты тағдырынан өзекті ой өрбіткенде, туынды өркештене түсер ме еді, қайтер еді?!

Не қыларсың? Бұл кемшілік – тек осы лентаға ғана емес, тіпті, фестивальда тәуір атанған ленталардың да көбіне тән десек, қателеспеген болар едік.

Біз жоғарыда: «Кинематографистеріміз бұл жолы өмір шындығын қаз-қалпында көрсету жөнінен, құлды, бір-бірімен жарысқа түскендей», – деген пікірді тегіннен-тегін айтып отырғанымыз жоқ. Қай-қайсысының туындыларында да қаны сорғалаған шындық – бірінші орында тұрғаны рас. Бірақ жарандар-ау, шындықты тек көрсетумен ғана өнер мұраты өтелмейді ғой. Көптеген фильмдерді көріп отырғанда, өмір шындығын көрсетуді мұрат еткен, бірақ көркемдік дәрежесіне көңіл аударылмаған, оны қажет деп те есептемейтін деректі фильмдердің жаңа бір түрі пайда болғандай әсерде қаласыз. Картиналардың көпшілігі алған объектілерінің, яки фактілерінің көз көріп, құлақ естімеген сонылығымен көрерменді шалқасынан түсіруге есептелген секілді. Факт қаншама керемет болғанмен, көркемдікке көңіл бөлінбеген жерде – өнер де жоқ қой!

Мені тағы бір қатты ойлантқан жайт – ленталардың деректілігіне қарамастан, ана фильмде де, мына фильмде де қолтығыңнан демеп, қысылғанда желеп-жебеп жүретін жарылқаушы, жаратқан жаббар хақты іздеу, содан медет тілеу етек алып кеткендігі. Әрі-беріден соң Айса пайғамбарды ауызға алмай сөйлеген сөзің – сөз емес, істеген ісің – іс емес секілді. (Шіркеу, крест жоқ болса – фильмнің де фильм емес, төмен қолды бірдене деп ұғылатын секілді). Ол – ол ма, бала шоқындыру, неке қию, құдайға құлшылық қылу, крест сүйіп мінәжат ету – қысқасы, діни әдет-ғұрыптар егжей-тегжейлі ғана емес, ынты-шынтымен елжірей, егіле-езіле суреттеледі. Сонда бұл не? Кешіріңіздер, кинематографист жолдастар, жұрттың бәрі саңылаусыз емес; керек жерінде, орнымен пайдаланса – бұл да қажет. Тіпті, бұдан

он, жиырма жыл бұрын болса, мұныңыз – ерлік те болар еді. Бірақ... бір емес, екі емес, он-он бес фильмде қатарынан бір детальды қайталай беру – шіркеуді имандылықтың жалғыз символы, әрі ошағы етіп көрсете беру – шеберлікке жатпайтынын былай қойғанда, сауаттылыққа да маңайлай қоймас. Өйткені өнер атаулыны өлтіретін бір нәрсе болса, ол – штамп болса керек. Осы жерде айта кетейін: одақтағы әріптестерінен қалыспағысы келгендей, біздің И.Вовнянко да өзінің «Теңіз» атты лентасын айдалада намаз оқып отырған қазақ шалын көрсетуден бастапты. Шалдың алдына тастаған жайнамазы да жоқ... Қара жерге қайта-қайта маңдайын тигізіп, тоңқаң-тоңқан етеді. Ниет дұрыс қой! Бірақ қазіргі модаға қосылудан басқа, қандай білгірлік бар осында. Дәстүрді көрсеткің келген екен – дұрыс көрсету керек емес пе...

Жә, бірді айтып, бірге көшпелік. Баспасөз бетіндегі секілді, кинода да публицистика алдыңғы шепке шығыпты. Асылы, мұндай жағдай қоғам өмірінің қауырт өзгерістерге ұшыраған тұстарында қайталанып отыратын болуы керек. Бұдан аттай 130 жыл бұрын: «Соңғы екі жылда саяси әдебиет, әсіресе, оның қоғамды сынап-мінегіш түрі... көпшіліктің назарын өзіне аударып алып, керек десеңіз, көркем әдебиетіңіздің құнын көк тиын қарабақырға алғысыз етіп тастады», – деген еді Л.Н.Толстой «Орыс сөз өнерін құрметтеушілер қоғамында» сөйлеген сөзінде.

Қазір біз қайта құру кезеңіне байланысты сондай ситуацияда тұрған сияқтымыз. Жұртшылық көркем әдебиетінді былай ысырып қойып, газет-журнал оқитын болды. Көркем фильмдерді тастап шығып жүре беретін ел, деректі фильмдер фестиваліне қатысқан ленталардан көз ала алмай, жіпсіз байланып отыр. Елдің ықыласын өзіне аударып алған деректі фильмдер енді өмір шындығын көрсетіп қана қоймай, содан көркем түйін түйеге көшсе, нұр үстіне нұр болар еді. Өйткені өнер мұратының өзі – өмір шындығынан көркем шындық тудыру ғой.

*«Жаңа фильм» журналы,  
№2, 1989 ж.*

II бөлім  
СҰХБАТ КЕЗІНДЕ  
АЙТЫЛҒАН  
СЫРЛАР





## «АДАМДАРҒА РУХАНИ ҚЫЗМЕТ ЕТУ – БАСТЫ МҰРАТ»

Әдебиет туралы әңгімені былай қойғанда, кез келген әдебиетші туралы, оның жұртшылыққа көбіне-көп айта бермейтін ішкі сырлары туралы, осы күнгі тілмен айтқанда, қаламгердің лабораториясы жайындағы сөздің өзі – таусылмайтын, ұшан-теңіз бір хикая секілді болып көрінеді маған. Жазушының жұмыс үстеліне отырғаннан бастап қиналысын (отырғаннан бастап дейміз-ау, отырғанға дейінгі, отырардың алдындағы қиналысын), оның бір үміт пен бір күдік жетелеген толқымалы көңіл-күйін, жан толқынысын, жүрек тебіренісін біреу түсінер, біреу түсінбес. Сондықтан әр гәптің басын бір шалып, тынақты бір ойға табан тіремей зырқырай бергеннен гөрі, өзімізге ұсынылған анкета сұрақтарына жауап бергенді мақұл көріп отырмын.

1.«Жазуды қалай бастадыңыз?» дегенге азды-көпті нақтырақ жауап беруге болар. Ал «Сөз өнеріне келуіңізге не себеп?» деген сауалға мен түгілі, әдебиетте азуын алдырып, тісін қақтырғандар да: «Міне, мына себептен келдім», – деп дәл айта алмаса керек. Өйткені өнерге, оның ішінде сөз өнеріне келу – шым-шытырық, күрделі процесс. Оны тек адамзаттың өзінің дүниеге перзент болып келуімен салыстыруға болар. Сәби дүниеге келгенде айқын мақсатпен келмейді ғой... алдымен, ол – шарана, сосын қызыл шақа, одан соң торлану эволюциясынан өтіп, мұнан кейін отыру, еңбектеу, жүру, айналасын байқау секілді инстинктілерден бастап, үлкендерге еліктеп әрекет ету, бірте-бірте сыртқы ортаға өзінің қатысын сезу, есі кіре бастау, үйрену, жаттығу, дағдылану дәуірлерінен өтіп барып, өзіндік беті, мінез-құлқы, ойлау жүйесі бар дербес индивидке айналатыны секілді, жазушылыққа – сөз өнеріне келген кісі де табиғат берген қабілет-қарымына қарай кейбіреу ерте, кейбіреу кеш,

көп-көп жайларды басынан кешіріп барып, өзінің миссиясын, сөз өнеріне келу себебін, келмеуі мүмкін еместігін содан кейін ғана өмірінің саналы кезеңінде ұғатын сияқты. Ал кез келген жазушының сөз өнеріне келгендегі, мақсаты айқындалған кездегі миссиясы біреу-ақ: ол – адамдарға рухани қызмет ету, адамның адамшылығын мадақтау, мәртебесін көтеру, жаманшылығы мен жәдігөйлігін аяусыз әшкерелеу.

Рас, тіпті көптеген көрнекті қаламгерлердің творчестволық лабораториялары туралы жазғандарын оқып отырғаныңда, әдебиетке оларды алып келген – әлдебір себептер (мыс: өртене сүю, өкінішке толы махаббат немесе басынан өткен ауыр оқиғалар) сияқты. Бірақ меніңше, бұлардың бәрі – сөз өнеріне келудің себебі емес, бар болғаны – алғаш жазуды неге, қалай бастағандығының себебі, нендей жайттың түрткі болғандығы ғана.

Ал «Сіз жазуды қалай бастадыңыз?» деген баяғы бірінші сұрақтың бірінші бөліміне келсек, енді бұл жөнінде айтуымызға болады.

Тұңғыш әңгімем – «Жөке атай» еді. (Кез келген әдебиетші әуелі өлеңнен бастайтыны – қалған жұрттарды қайдам, қазақ қаламгерлері үшін заң сияқты нәрсе екені аян болғандықтан, ол жағына тоқтамай отырмын).

Неге мен осы әңгімеден бастадым?!

...Біз, соғыс басталған жылдары дүниеге келген ұрпақ, есіміз кіре бастағанда көргеніміз – жесір әйел, жетім бала; жеткіншегінен, артында қалар тұяғынан айрылған қарттар болды. Біздің жетімдігіміз – өз алдына ғой; «е-е, орны бар оңалар-ау... мына біз болмасақ» деп сол қарттар күрсінгенде көкіректерінен жалын шығатындай еді. Солардың үнсіз шеккен қасіреттері мен еш пендеге көрсетпей оңашада сығып тастайтын көз жастары балалық бейкүнә жүрекке өшпестей болып басылып қалыпты. Қолға қалам алғанда бұл туралы үндемей қалу мүмкін емес еді. «Жазушы өзі жақсы білетін, жақын сезінген жайтты ғана, жазбауға болмайтын нәрсесін ғана жазуы керек» дегенді кейін естіп-білдік қой...

Екінші сұрақтың жауабы тікелей әлгі ойдан өрбиді. Өмірден

көрген жағдай да, алған әсерің де, тіпті естіген әңгімең де – осының қай-қайсысы да жазуға түрткі болуы әбден мүмкін (Рас, «арнайы берілген тапсырмамен» әңгіме жазатындар да бар шығар, бірақ өз басым ондаймен айналысып көрген емеспін. Және әлдебір ойда жүрген жоспарына сәйкес келіп қалғанда болмаса, жазушыға «арнайы тапсырмамен» жаздырған шығарманың оңа қоятынына сене алмаймын). Бұларға қоса, қоғамның озық ойлы азаматы ретінде жазушының таза ойынан, биік парасатынан туатын шығармалар да болатынын және нағыз терең, жұртшылыққа ой саларлық туындылар сондайлар екенін ешқашан естен шығармауымыз керек.

Осы жерде анкетаның алтыншы сұрағына секіріп кеткім келеді. «Шығармаларыңызға тән ортақ өзекті тақырып (мұрат) бар ма?» – делініпті. Анығында, тақырып бар да, концепция бар – екеуі екі басқа, мүлде дербес ұғымдар. Концепцияның орыс тілінде екі түрлі ұғынылатын мағынасы бар. Біріншісі – әлдебір нәрсе (қоғамның дамуы немесе адамның табиғаты) туралы көзқарасыңның, ойыңның қалыптасқан жүйесі. Екіншісі – әлдебір нәрсенің (біреудің белгілі бір нақты еңбегінің) негізгі айтар ойы. Нақты шығармаларымның айтар ойына – концепциясына келсек, әрқайсысының нақты айтары өзінде. Ал барлық шығармаларыңа ортақ өзекті тақырып не? дегенге келсек, мәселен, Бауыржан Момышұлының Ұлы Отан соғысы тақырыбына жазған шығармаларындағыдай, яки Ж.Сименонның Мэгре туралы цикл шығармаларындағыдай, бір ғана ортақ тақырып менде жоқ. Оны мақсат еткен де емеспін. Жалпы, бір жазушының бірнеше шығармасына ортақ өзекті (немесе негізгі) дейтін тақырып – тек сол жазушы үшін ғана, тек сол жазушы талантының табиғатына ғана келетін нәрсе. Жазушы біткеннің бәрінде барлық шығармасына ортақ өзекті тақырыбы болсын деген заң жоқ, ол бола да бермейді, болуы шарт та емес. Ал жазушының барлық шығармаларында да: өмірге, өзін қоршаған ортаға көзқарасының қалыптасқан жүйесі ретінде жүретін ортақ концепциясына келсек, онысыз – өмірге өзіндік көзқарасынсыз – жазушы болады деген ақылға сыймас еді.

Енді «Концепцияңыз (мұратыңыз) бар болса, оны неге таңдадыңыз?» деген әлгі сауалдың жалғасына келер болсақ, асылы, концепцияны жазушы өзі таңдамайды. Дұрысында, ол кез келген қаламгердің бойына ана сүтімен сіңген, одан кейін қоршаған ортадан алған, тәрбие мен оқу-үйренуден қалыптасқан, ақырында көптеген объективті және субъективті факторлардың нәтижесінде қоғамдық тұлға боп қайта туғанында қаламгердің екінші натурасына айналған күллі болмыс-бітімі. Дәлірек айтқанда, концепция – жазушының ес біліп, етек жиғалы көрген-түйгенінің ой қорытындысы: адам ретіндегі оның қоғамдық өмірге қатысының көрсеткіші.

Төртінші сұрақ «Өзіңізді қашаннан бері жазушы сезіне бастадыңыз?» делініпті. Әлгі айтқан «концепция» дегеннен шығады, менің концептуальды алғашқы шығармам – «Күн батып барады» атты повесть еді. Алпыс тоғызыншы жылы ол повесті жазып біткеннен бастап, өзімді жұртқа бірдеңе айта алатын адам ретінде сезіне бастадым. Бесінші сұраққа жауап ретінде айта кетейін, алғашқы сәттірек жазылған шығармам да сол-ау деп ойлаймын. Алайда әрбір жаңа шығармаға отырғанында, әрқайсысында әр түрлі мақсатың, әрқайсысына артар айрықша жүгің болады. Сондықтан олардың әрқайсысының өзіндік ерекшелігі жойылмасқа керек. «Күн батып барадыны» сәттірек дегенде, оны алғашқы сәтті шығармам-ау дегеннен ғана айтып отырмын.

Ал енді өзіме ұнамайтын шығармам қайсы және неліктен ұнамайды деген мәселеге келсек, баландықтан, шеберліктің жетіспеуінен кеткен ақауларына байланысты: «Жөке атай», «Қара кемпір», «Әйел» атты триптих әңгіменің алғашқысынан басқасы шикі көрінеді. «Қара кемпір» – «Кемпір» деген атпен жарияланып кетті; «Әйелді» өзім ұнатпай, еш жерге бастырған емеспін. Кейде сол екеуін қайта жазғым келеді, бірақ араға әжептәуір уақыт түсіп кеткен соң, суысып кеткен ағайыныңа ет-бауырың елжірей қоймайтыны секілді, соларға бүйрегі түскірің бұра да қоймайды.

Жетінші сұрақ – сын туралы екен. Сынға жазушы атаулы қалай қараса, мен де солай қараймын. Жолдастық пікір,

талқылаулар кезіндегі ой саларлық ұсыныстардың жөні бір басқа; ал сынның пәлендей жазушыға тікелей көмегі тиіпті дегенді естіген емеспін. Оның үстіне, қоғамдық пікір ретіндегі сын, әдетте, жазушының қолынан кетіп, жұртшылыққа жеткен дүниеге айтылады ғой. Ұзатылып кеткен қыздың артынан айтылған сөз – жақсысы да, жаманы да ендігі жерде сол ұзатылған қыздың өзіне құт болсын. Үйінде сұлу да сымбатты, мінезді де ақылды, кез келген оттың басына сыйып кететіндей болып өскен қыз артынан сөз ергізбес, ол жайында қиянат, ғайбат сөз айтылса, ондайдың әділетсіздігін көрер көз жұртта бар. Ал барған жеріне принципиальды ұнамайтын мінездері болса, әркімнің талғамы – әр басқа, қайтесің?!

Қалай жұмыс істейтініміз жайында. Қырыққа дейінгі, қырықтың ішіндегі күллі замандастарым сияқты, күндіз жалақы алып отырған мекеме жұмысындамын; сондықтан тек түнде ғана жазуға отырамын. Иә, өтірік айтып қоймайын, сенбі мен жексенбі күндері күндіз де жазатыным бар. Бірақ айына қанша парақ жазатынымды есептеп көрген емеспін. Жалпы, өте аз жазатын адам екеу болса, бірі – мен, біреу болса, ол да мен шығармын деп ойлаймын кейде.

Сегізінші сұраққа: кенеттен қолымнан жазу келмей қалса, «адам аяғы баспаған» қалың тоғайлардың біріндегі жалғыз үй қорықшының көмекшісі боп кетер едім. (Қорықшы болу – бала күннен бергі арманым).

Әдебиетке келген жас талапкерге не айтамыз? Қаласа да, қаламаса да, өзінен бұрынғылар өткен өткелектен ол да сөзсіз өтеді. Тек өз бетін жоғалтпай, қалыптасу дәуірінен тез қаз тұрып кетсе екен.

Қаламгер ретінде өзіме-өзім сұрақ қойсам: «Қажеке, осы сен өзің қашан қолтығыңды сөгіп, құлашыңды жазар екенсің?».

*«Сөзстан» атты жинақ,  
Алматы,  
«Жалын», 1985 ж.*

## ТУРАЛЫҚ ТУЫ ЖЫҒЫЛМАСЫН

*(«Жалын» журналының қызметкері, жазушы С.Асылбековтің белгілі қаламгерлер Т.Әбдіков, Қ.Мұханбетқалиевтермен сұхбаты)*

Совет әдебиеті қашан да, еліміздің қоғамдық, рухани өмірінің ең басты қозғаушы күштерінің бірі болып келеді. Ендеше, жаңа дәуір идеяларының біздің әдебиетіміз бен өнеріміздің тың туындыларында өзінің жарқын көрінісін табатынына күмән болмаса керек. Осыған орай журнал редакциясы «Суреткер. Талғам. Бетбұрыс» деп аталатын жаңа рубрика ашып отыр. Оның алғашқы қонақтары – жазушылар Төлен Әбдіков, Қажығали Мұханбетқалиев, Серік Асылбековтің арасында өткен жаңа жылдық сұхбат осы бір көкейкесті тақырыптың аясында өрбімек.

**С.АСЫЛБЕКОВ:**

Еліміздің өмірінде жаңа дәуір – бетбұрыс кезеңі басталды. Ол біздің социалистік құрылысымыздың экономикалық ғана емес, рухани сферасына да елеулі өзгерістер енгізуде. Алайда бетбұрыс рухы әдеби процесімізге елеулі ықпалын тигізе алмай жатқан сияқты, бұл кез келген тарихи дамудың алғашқы сатысында болатын заңдылық па, әлде біздің жазушыларымыздың жаңа талапқа психологиялық дайындығының жеткіліксіздігі ме?

**Т.ӘБДІКОВ:**

Елімізде болып жатқан бетбұрыс кезеңі жазушылар үшін, сөз жоқ, мәні зор, айрықша құбылыс. Бірақ қаламгер сол құбылысты тек сырттай бақылап, өзінің болашақ шығармаларына қажетті материал деп қана қараса, әрине, жеткіліксіз болар еді. Өйткені бетбұрыс кезеңін әркім ең алдымен өзінің рухани өмірінде өткізуге тиісті. Ал шындығында жақсы мен жаман, ақиқат пен жалған, ізгілік пен қиянат, тағы сол секілді толып жатқан эстетикалық категориялар төңірегіндегі өзінің ұғымдары мен шарттарын қайта бір қарап шықпай, «осы жасап жүрген әрекетім дұрыс па» деп бір күдіктенбей, өзіне-өзі басқа көзбен

бір қарамай, қысқасы, жан дүниесімен бір сілкінбей, адам баласы жүре алмайды. Бұл – диалектикалық заңдылық. Сондықтан жаппай жаңаша бағытқа бет алған осы бір тұста аты жоқ әлдекімдерді айыптай бергенше әркім өз ішіне үңіліп, өзінің жан сарайындағы текемет-кілемдерін қағып-сілкіп алса, теріс болмас еді.

**Қ.МҰХАНБЕТҚАЛИЕВ:**

Қазір күллі совет халқы бетбұрыс идеяларын қолдап қана қоймай, оны өз еңбектерімен жүзеге асыруға белсене кірісіп те кетті. Әрине, мұншалықты ауқымды істен қаламгерлер қауымы да сырт қалмауға тиіс еді, солай болды да. Үстіміздегі жылы өткен СССР Жазушыларының VIII съезінде қоғам өмірінің барлық саласында болып жатқан жаңғыру процесі жан-жақты сөз етілді. Соның ең бастысы – әрқайсымыздың – өзіміздің де, біздің төңірегімізде жүргендердің де бойындағы әлдеқандай бір рухани бойкүйездік, шындықты айтуға келгендегі инерттілік секілді жалпыға ортақ болып бара жатқан жат мінезден арылу туралы әңгіме болды ғой деп ойлаймын. Мұндай ашық әңгімеден соң қаламгерлер қауымы әдебиетімізге үлкен сапалық өзгерістер әкелетін шынайы да шыншыл, жаңа жарқын шығармалар туғызса керек-ті. Өйткені қоғамның әлеуметтік өміріндегі терең өзгерістер ендігі жерде тіршілігіміздің нормасына айналатындықтан оқырмандардың жазушылардан осынау бетбұрыстың масштабына сай, бүгінгі күннің көкейкесті проблемаларын қозғайтын туындылар күтуі әрі заңды, әрі орынды. Ал енді КПСС XXVIII съезінен бергі уақытта бүгінгі күннің ең актуальды мәселелерін қозғайтын, осынау бетбұрыс кезеңінің талабына сай өткір шығармалар бірінен соң бірі неғып тумай жатыр? Бұл – жазушылар қауымының жаңа кезеңге әлі де болса психологиялық дайындығының жоқтығы ма, әлде заңды құбылыс па деген мәселеге келер болсақ, қазақтың «ұшықтай сала жазылдың ба?» деген риторикалық сұрағы біраз нәрсенің басын ашып бере алатын сияқты. Бұл – бір.

Екіншіден, «әдебиет – өмірдің айнасы» болғандықтан, әуелі сол өмірге еніп жатқан бүкіл өзгеріс-жаңалықтарды байқап,

мынау бетбұрыс кезеңінің бітім-болмысын танып-түсініп, содансоң жұртқа көрсету үшін де едәуір уақыт керек емес пе? Және әдебиет – жай ғана емес, болмыстың кесек бітімін барынша жинақтап, өз фокусында шоғырландырып барып көрсететін дөнес айна іспетті. Сондықтан уақыт алға тартып отырған ауқымды проблемаларды әдебиеттің қолға алар кезі енді-енді келе жатыр десек, орынды болатын сияқты.

#### С.АСЫЛБЕКОВ:

Әлемдік цивилизацияның күллі прогресшіл қайраткерлері секілді алдыңғы қатарлы совет жазушылары да әрқашан шындықты бетке айтудан тайсақтаған емес. Өйткені әдебиет дегеніміз – кейбіреулер ойлайтындай сұлу сөздердің аттракционы емес, ол – ең алдымен халықтың ойы мен арманы, мұңы мен үміті, келер ұрпаққа қалдырар аманаты. Сондықтан да болар, соңғы жылдары қоғам өмірінің енді төзуге болмайтын кейбір негативтік жақтары батыл сынға алына бастады. Оған куә – Ш.Айтматовтың жуырда ғана жарыққа шыққан «Ажал ағашы», В.Распутиннің «Өрті», В.Астафьевтің «Қайғылы шырғалаңы». Адамға тәннің бәрі адамзатқа ортақ болғанмен, кейде әр регионның өзіндік көкейкесті проблемалары болмай ма (мен шаруашылық проблемаларын меңзеп отырған жоқпын, содан туатын қоғамдық рухани мәселелерді айтам), ендеше қазақ әдебиетінде де сондай өзекті, қабырғалы тақырыптарды көтеретін сәт туған сияқты. Өкінішке орай, біз әлі де «бас жарылса, бөрік ішінде» деген секілді келісімпаз көзқарастардан арыла алмай отырмыз десек, артық айтқандық бола қоймас. Меніңше, шындықтың бетіне тура қарай алмаған қаламгер – жазушы емес, жазуды күнкөріс құралына айналдырған кәсіпқой ғана. Жалтақ, келісімпаз шығармалардың баспа мен газет-журнал қызметкерлерінің «цензурасынан» кідіріссіз өтіп кететіні шындық, егер жазушы оңай олжаға қызығып, иілгіш, бейімделгіш болып алса, оның шығармашылық өнері де сол жерден тоқтайды. Не тек таза күнкөріс, не өнер – осы дилемманың алдында жүрегі қалтырап, тізесі дірілдемеген өнерпаз ғана шындық шырағын жағып, халық жүрегіне жол табады. Оның мысалын алыстан іздемей-ақ, өзіміздің Абай мен Махамбетті

Шығармалары. Екінші том

айтсақ, әбден жеткілікті ғой деп ойлаймын. Олардың саналы өмірі – туралық туының жығылмайтынының жарқын мысалы.

Қ.МҰХАНБЕТҚАЛИЕВ:

Шындық, шынайылық дегеннен шығады, қоғам дамуының әр түрлі кезеңіндегі қиыншылықтар мен ауыртпалықтар туралы немесе халық басынан өткен қиын кезеңдер жайында сол шындықты біз түгел айтып болдық па? Әрине, жоқ. Керек десеңіз, күні кешеге дейін ондай тақырыпқа баруға көп жұрттың жүрегі де дауаламады. Ал әрбір істің себебін білмей тұрып, оның салдары туралы сөз қозғаудың өзі қиын екенін ешкім есіне де алып жарытпапты. Сондықтан да болса керек, әдебиетімізде «жартылай шындықты» ғана айта алған, жартыкеш туындылар көбейіп кетті. Осы бір шыншылсымақ шығармалар туралы «Литературная газетаның» бетінде ұзақ уақыт пікір алысу жүргенін көзі қарақты оқырман қауым жақсы білер деп ойлаймын. Бұл туралы СССР Жазушыларының VIII съезі трибунасынан да біраз сөз айтылғаны өздеріңе аян. Ал нағыз шындық – қоғам дамуының әр түрлі кезеңіндегі қиыншылықтар мен ауыртпалықтарды айналып өтуде, айтпай кетуде ме еді? Жоқ. Нағыз шындық – сол орасан зор қиыншылықтар мен ауыртпалықтарды арқа еті – арша, борбай еті – борша боп жүріп жеңіп шыққан Ұлы елдің ересен Ерлігінде емес пе? Ұлы елдің сол ересен Ерлігі тұрғанда, кезінде болған қиыншылықтар мен ауыртпалықтарды айтпауымыздың жөні қайсы? Әрі-беріден соң, мұның өзі ұлы елдің Ұлы Жеңісінің қалай келгенін кейінгі ұрпаққа түсіндіре алмауға әкеп соқпас па еді...

Серік, жаңағы сен атаған шығармалардың қай-қайсысы да көп ұлтты совет әдебиетінің табысы деуге тұрарлық дүниелер. Неге? Ең алдымен гәп – біздің өміріміздің, тіршілік-тынысымыздың ортақтығында. Екіншіден, сол ортақ өміріміз туғызып отырған проблемалардың ортақтығында. Ал ортақ қасіретіміз бен қуанышымызды айтып берген ондай шығармаларды неге көп ұлтты совет әдебиетінің ортақ табысы демеске...

Рас, әр әдебиеттің өзінің көкейкесті проблемалары болатынын ешкім де жоққа шығармаса керек. Бірақ ұлттық әдебиет өз ұлтының проблемаларын қозғай отырып, өзге ұлт

оқырмандарын да ойына ортақтастыра алмаса, жалпыға ортақ мәселелердің биігіне көтеріле алмаса, қанатсыз болар еді.

Қанатты шығарма қайдан туады? Ол – ең алдымен, ащы да болса үлкен шындықтарды ашып айтқанда ғана туса керек. Ал ащы шындықтарды ашып айтуға келгенде көбіміз-ақ күні кешеге дейін сырғақтап, тайқып шыға бергеніміз, әңгімеміздің басында айтқанымдай-ақ, баяғы қарқынмен «жауырды жаба тоқып», бұрынғы инерттілікпен итендеп тарта бергеніміз ешкімге құпия емес. Енді уақыттың алға қойып отырған талабы да, партиямыздың бізге жүктеп отырған міндеті де – осы бір олқылықтың орнын толтыратындай шыншыл, тек қана шыншыл шығармалар беру болып отыр. Әрине, совет әдебиетінің озық туындыларында бұл шыншылдық қасиет бұрыннан да бар-ды. Керек десеңіз, СССР Жазушыларының VIII съезінде сөйлеген Борис Олейник: «...наша литература в своих лучших образцах готовила не только эмоциональные, но и философские предпосылки перелома, намеченного XXVII съездом партии», – деп өте орынды атап та өтті. Бірақ гәп енді жекелеген үздік шығармалар мен жекелеген талантты авторлар туралы ғана болмау керек, бұл кез келген жазушыға қойылар ортақ талап болуға тиіс.

Әлгіндей ащы шындықтарды ашып айтуға келгенде, жасыратыны жоқ, күні кешеге дейін біздің баспа орындарында жалтақтық етек алып келді. Қайта-қайта жөндеуден өткізе берген соң, автордың (жазушылардың) да көкірегіне әлгі қорқақ редактор қонып алды, сөйтіп, бірте-бірте «жартыкеш шындық» туды. Мұндайға көнбеген бірқатар орыс жазушыларының шығармалары баспаларда ұзақ жылдар бойы жатып қалғанын «Литературная газетаның» бетінен оқығанымызда, расында да жағамызды ұстадық емес пе?

**Т.ӘБДІКОВ:**

Қоғамдық өмірдегі қате, кемшіліктер адам бойындағы сырқат секілді, оны тез анықтап, тез емдемесе, ұлғая береді. Сондықтан кемшіліктің бетін ашып, әр затты өз атымен атап жазған жазушыға рақметтен басқа не айтуға болады? Жазушыны «осылардың бәрін неге көрдің» деп емес, «сен осыларды неге

Шығармалары. Екінші том

көрмедің, осыны дер кезінде неге айтпадың» деп кінәлағанда ғана шын творчестволық атмосфера орнайды деп ойлаймын. Ащы шындықты айту үшін талант аз, ерлік қажет. Басбұзар тентек ерлік емес, ар алдындағы жауапкершіліктен туатын әрекет – азаматтық ерлік.

**С.АСЫЛБЕКОВ:**

Талантты қолдан жасауға болмайды, бірақ оған жан-жақты көмектесуге тиіспіз. Талантқа көмектесу дегеніміз – қоғамдық ақыл-ойдың тағы бір ең қажет механизмдерінің бірін іске қосу деген сөз. Алайда осы бір даусыз ақиқаттың жүзеге асуы оңай емес-ау.

Отыздың үстіне шығып, қырыққа бет алған өзіміз қатарлы қаламдас жігіттердің аузынан ара-тұра болса да: «Шынында біз өзіміздің ағаларымызға қарағанда, нәрежіктеуіміз, әлсіздеуіміз, тіпті оларға қарағанда жалтақтау да сияқтымыз, өйткені бізге жөн сілтеп, бағыт-бағдар беріп жатқан кісі аз» дегенге саятын пікірді естіп қаламыз. Шынында осы әңгіменің жаны бар сияқты. Әрине, ең алдымен таланттың өз басы мықты болуға тиіс, оған талас жоқ. Дегенмен әдебиеттің жас күштерінің баяу жетілуінің бір ұштығы аға буын қаламгерлер мен сыншылардың өзінен кейінгі жастардың шығармашылық өнеріне деген салқындығында жатқан сияқты. Сондықтан да болар, жас әдебиетшілердің көпшілігі қазір ешкімнен қысылып, қымтырылмайды. Өйткені олар өздерін ешкімнің мақтап та, даттап та жарытпайтынын жақсы біледі. Сондықтан да әйтеуір, көштен қалмайық деген талаппен жаппай жазып жатырмыз, таласып-тармасып кітап шығарып жатырмыз.

Сонда шын дарындар қайда жүр? Тарих геройлардың сахнаға қажет кезінде өздері-ақ шығатынын айтады. Бәлкім, сол сәтті күту керек шығар? Бірақ сол бақытты, қоңыраулы сәттің алғы шарттарын дайындайтын біздер емеспіз бе?

Осы орайда, жастар журналының қызметкері ретінде, қазірдің өзінде болашағынан дәметтіре бастаған кейбір жігіттердің атын атай кеткенді жөн көремін. Олар – прозашы Рахымжан Отарбаев, Жүсіпбек Қорғасбеков, Нұрлан Қамисев, Төрегелді Байтасов, Жаңабек Шағатаевтар, негізінен

балалар өмірін жазып жүрген Нұрғали Оразов пен Сәбит Дүйсенбиевтер, ақындар – Шәкизада Әбдікәрімов, Шәмшия Жұбатова, Светқали Нұржанов, Бауыржан Жақыпов, Қайрат Әлімбаев, Ертай Ашықбаевтар, сыншылар – Тұрсынжан Шапаев, Ғалым Доскенов, Нұрлытай Үркімбаевалар. Осы арада журнал редакциясын алғашқы әңгімелерінің өзімен-ақ елең еткізген талдықорғандық мұғалім, француз тілінің маманы Шәріп Құрақбаев пен шымкенттік жұмысшы Тұрғанбек Ахметовтардың да есімдерін атай кетпеске болмайды. Мен тек жастары отызға жетпеген, жиырманың ішіндегі жігіттерді айттып отырмын. Бұлардың қайсысының шын тұлпар екенін уақыт көрсетер. Алайда осы жігіттердің болашағына сеніммен қарап, оларды үлкен өнер бәйгесіне осы бастан баптап, дер кезінде камшылағанымыз дұрыс болар еді.

**Т.ӘБДІКОВ:**

Талантқа көмектесу – талантқа қиянат жасамау деген сөз. Содан кейінгі көмек – назардан тыс қалдырмай әділ бағасын беру. Ал басқаша қолтығынан демеу мүмкін емес. Өйткені творчество деген көптеп-көлемдеуге келмейтін, өзіңмен бірге кететін, кара басыңа көрінген тума бейнет. Бәлкім, оның қызығы да, құпиясы да осында шығар.

**Қ.МҰХАНБЕТҚАЛИЕВ:**

Таланттарға, әсіресе жас таланттарға көмек жөнінде айрықша айту керек. Бұл ретте «біз жүріп өткен жолды неге олар да жүріп өтпейді. Мейлі, көрсін...» деу, менің ойымша, мүлде дұрыс емес деп білем. Біздің қатарымыз Вл.Крупин «Не служба, а служение» атты мақаласында («Л.Г.») өзінен кейінгі жастарға жоғарыдағыдай талап қойыпты. Талап қойған дұрыс, бірақ «мен көргенді сен көрмейтін нең бар?» деген принцип қаталдық деп ұғам. Қаталдық қана емес, әдебиеттің болашағына обал нәрсе бұл. Неге? Көріп жүрміз, баспасөз беттерінде қабілетті жастардың жап-жақсы шығармалары жарық көріп жатады. Бірақ әлі сол баяғы біздің жас кезіміздегідей ешкім оларды мақтап та жатқан жоқ, даттап та жатқан жоқ. Елеусіз өтіп жатыр. Көре тұра, басқаны қайдам, мен өзім: «Шыда, шыда. Біздің кезімізде де осылай болған» дей алмас едім. Вл.Крупин

## Шығармалары. Екінші том

пікірімен принципиальды келіспейтін себебім сол. Бәлкім, үндемеспін, бірақ баспасөз бетінде тап солай жазуға ешқашан қолым бармайды. Үндемеспін дегенде, жастардың қатты риза болған шығармалары туралы үндемей қалған да емеспін. «Жақсы сөз жан семіртеді» демей ме халық.

Жастар проблемасы еске түскенде біздің үлкенді-кішілі сыншыларымыз Достоевскийдің «Бейшаралар» атты тұңғыш шығармасына пікір айтқан Белинскийдің ерлігін анда-санда да болса еске ала ма екен деп, еріксіз мүдіріп қалатыным бар. Абай: «Тіл өнері дертпен тең» деп бекер айтпаған ғой.

Т.ӘБДІКОВ:

Тіл демекші, осы арада ана тілінің тағдыры жайлы бірекі ауыз айтпай кетуге болмайтын сияқты. Тіл мәселесі соңғы кезде көбірек айтылып жүр. Жел тұрмаса, шөптің басы қимылдамайды. Кейбір жерлерде қазақ мектептерінің білім беру дәрежесінің төмендеп кетуі, қазақшаға аударылған оқулықтардың тіліндегі сорақылықтар, қазақ кітаптарының сауда орындарында өтпей тұруы, тағы сол сияқты әр түрлі жайттар ана тілінің бүгінгі жағдайы туралы әңгіме қозғауға мәжбүр етіп отыр.

Рас, сонау отызыншы – қыркыншы жылдардағы ата-аналардан кеткен кемшілік біршама жөнделіп келеді. Қазіргі ата-аналардың азаматтық сауаты жоғары. Оған астанада ашылып жатқан көптеген қазақ мектептері мен балалар бақшалары дәлел. Бірақ ана тілінің қоғамдық насихаты жоқтың қасы. Радио, телевидениеден арнайы хабарлар жүргізілмейді, жүргізілсе де өте аз. Ана тілінің дамуы жайында ғылыми-педагогикалық форумдар өткізілмейді, оның қолданылу аясын кеңейту жайында шара қолданылмайды т.с.с. Ал ана тілінің құдіретін мойындау деген мәселеге келсек, ең алдымен ұлы орыс халқынан үйренетін жайттар көп. Елді, жерді, әдебиетті, өзінің ана тілін орыстың ұлы азаматтары қалай қадірлеген!..

«Әркімнің өз тіліне деген ықыласына қарап, оның тек мәдени дәрежесін ғана емес, жалпы азаматтық құнын да анықтауға болады», – дейді атақты жазушы Паустовский. Ал орыстың мәдениетінен үйрену – оның тек тілін ғана біліп қою емес.

Орыстың тілін таза біліп, надан болып қалу оп-оңай. Тілмен бірге тәрбиесін үйренген жөн.

Ана тілін дамыту үшін оны үйде де, түзде де, автобуста, егіс даласында, техника мен медицинада, қысқасы, өмірдің сан саласында пайдалануымыз керек. Бәлкім, техникалық жоғары оқу орындарында қазақ тілінде сабақ өткізіп көрген жөн шығар. Осынау ғылыми-техникалық прогресс заманында тілімізде техникалық лексиконның болмауы деген не сұмдық?

Орыс тілінен аударылған қазақ оқулықтарын қайта қарап, кемшілігін түзету қажет. «Қоғам тану» секілді адам түсінбейтін оқулықтарды мүлде жаңадан жазып шықса, теріс болмас еді.

С.АСЫЛБЕКОВ:

Дұрыс айтасыз, тілдің тағдырына тек ішкені мен жегеніне мәз тоғышарлардың ғана жаны ауырмас. Ана тілі – халықтың лүпілдеп соққан жүрегі, ақыл-ойы, талай ғасырлар бойы тірнектеп жиған тарихи байлығы, қажет десеңіз, азаматтық паспорты емес пе?

Қ.МҰХАНБЕТҚАЛИЕВ:

Енді сын мен сыншылар туралы бірер сөз қосайын. Соңғы кезде қарап отырсам, біздің сында «Не туралы жазылған?» деген сауалға орай сөз көп те, «Қалай жазылған? – деген мәселеге келгенде жалпыламалық басым екен. Осы екі сауалдың қайсысы маңыздырақ екенін сыншы ағайындар бізден артық білмесе, кем білмейтініне кәміл сенетіндіктен, бұдан артық ештеңе айтпай-ақ қойсам деймін.

Бетбұрыс кезеңінің талабына сәйкес, олар да ендігі жерде бетің бар, жүзің бар демей, бар шындықты бақырайтып көзге айтса екен деген тілегім ғана бар. Әсіресе, бастық жазушының сыналғанын, өмірі бір көрмеппіз-ау. «Менің шығармамда кінәрат жоқ», – деген солардың біреуін көрген емеспін, естігенім де жоқ. Бірақ сыншы ағайындардың оларды сынап мақала жазғанын да ешкім көрген жоқ, естіген де емес... Ойланатын жайт.

Т.ӘБДІКОВ:

Қазір өмірдің сан саласында беделіңе де, бет-жүзіңе де қарамайтын ашық пікір алысулар жүріп жатыр. Әділ сынға жас та, кәрі де, бастық та, бастық емес те ілігуде. Елімізде осындай

## Шығармалары. Екінші том

бір атмосфераның жасалғаны анық. Әдебиетшілер тек өмірден калып қоймаса болғаны.

**С.АСЫЛБЕКОВ:**

Көркем әдебиеттің қозғаушы күштерінің бірі – сын. Халқымыз «Сын түзелмей, мін түзелмейді» деп дәл тауып айтқан ғой. Қазіргі қазақ әдеби сыны жалпы алғанда аздап ілгері басқанымен, оның стереотиптік көзқарастардан әлі де арыла алмай жатқанын жасыру қиын. Шынында, біздің сынымыз шығарманың қалай жазылғанынан гөрі, не туралы жазылғанын көбірек қазбалап кетеді, осы арадан барып өнер эстетикасының пропорциясы бұзылады, «мата даңқымен бөз өтедінің» кебімен, тақырыпты саудаға салатын жазғыштар көбейеді. Ендеше, бір сөзбен айтқанда, әдебиет үшін сынның адалдығы, азулылығы, тереңдігі ауадай қажет. Нағыз азаматтық сын пайдакүнемдік пен жағымпаздық арифметикасынан жоғары тұруға тиіс.

*«Жалын»,  
№1, 1987 ж.*

## **БІЗДІҢ ЗАМАННЫҢ ҚАҒАРМАНЫ КІМ?**

*(«Қазақ әдебиетінің» сауалнамасына жауап)*

*М.Лермонтовтың «Біздің заманның геройы» секілді, біз өмір сүріп жатқан қоғамда әдебиетке қаһарман бола алатын тұлғалар бар ма? Шындығында... көркем әдебиеттің жүгін көтере алатын біздің заманның қаһармандары кімдер?*

*Қазір шығармагерлерге кім туралы, не туралы жазса да ешқандай шектеу қойылмайды. Бұған дейін айтқанымыздай, кітаптарын шығару қаржылық жағынан қиын. Кешегі қаламдары ұшқыр қаламгерлеріміз үнсіз жатқандай. Біздіңше, бір себебі – қаһарманын таба алмай жатқан секілді. Шындығында, осы біздің заманның қаһарманы кім? Бизнесмен бе, көше кезіп кеткен бала қайырышылар ма, қоқыс ақтарған қаңғыбастар ма, арын саудалаған қаракөздер ме, өз Отанынан пана таппай мұхит асқан жетімдер ме? Біз белгілі жазушыларға «Біздің заманның қаһарманы кім?» деген сауал тастадық.*

– Кеңес кезеңінде партия жазушылардың алдына жағымды кейіпкерлер жасауды міндет етіп қойды. Әсіресе, жастарға үлгі болатын қаһармандар образын жасауды бірінші кезекке қойған кездер болған. Соған сәйкес, арнайы шығармалар жазылды. Қазақ әдебиетіндегі Сәбит Мұқановтың «Ботагөзі», Ғабиден Мұстафиннің «Шығанағы», Ғабит Мүсіреповтің «Қазақ солдаты», т.б. романдар осы сөзіміздің айқын дәлелі. Қоғамдық тапсырыспен жазылған басқа шығармаларды да, мәселен, Әлия, Мәншүкке арналған поэмалар, кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге боларлық геройлар бейнесін жасау талабынан туды десек, артық айтпағанымыз. Әйтсе де, қоғамның өзгерісіне қарай, әдебиеттің даму тенденциясына байланысты оның алдына қояр мақсаты мен мұраты да өзгерістерге ұшырады.

Әдебиет – тек қана қаһарман жасаумен айналысатын өнер емес. Бүгінгі әдебиет өмірдің барлық саласын: жақсы мен жаманды, бай мен кедейді, патша мен қайыршыны, керек десеніз, көшеде қаңғырып жүрген бұралқы иттің тағдырына дейін жазуға қақылы екенін ұғынды. Соған байланысты бүгінгі күні бас қаһарман жасау мәселесі әдеби аренадан ығыстырылып, көп салалы өмірдің өз болмысын бейнелеу мұраты алға шықты. Сондықтан бүгінгі көркем әдебиеттен тек қана үлгі тұтар қаһарман іздеген кісі қатты қателеседі. Шындығында, нағыз көркем әдебиет үшін ол бірінші кезектегі міндет емес. Тек, көп міндеттің бірі ғана. Бұған мысал іздеп жатудың қажеті жоқ. Әлем әдебиетіндегі классиктердің шығармаларымен таныс адамның көзі бұған анық жетеді. Орыс әдебиетінің ірі өкілдері Достоевский мен Чеховтың шығармаларындағы қай кейіпкерді халыққа тұлға етіп көрсетуге тұрарлық қаһарман дей аламыз. Қысқасы, біздің заманның қаһарманы мынау деп көрсетерлік қаһарман жасау міндетін мойнына алған жазушы өзін-өзі сәтсіздікке байлап берген қаламгер болып шықпақ. Ал мынау көп қырлы, сан-салалы өмірде өзінің адамгершілік қасиетін сақтап қана қоймай, оны биік дәрежеде ұстай алған адамдар болса, солар жас ұрпаққа өнеге болатын кейіпкерлер.

*«Қазақ әдебиеті»,  
14.10.2005 жс.*

## «ӨЗІН-ӨЗІ ЖАРНАМАЛАЙТЫҢДАРДЫ НЕСІНЕ КІНӘЛАЙМЫЗ»

(«Парасат» журналының сұрақтарына жауаптар)

**1. Қазір жастар түгілі, орта жасқа келіп қалған азаматтарымыздың көпшілігі шығармасымен емес, өзін-өзі жарнамалау, дәріптеу, белсенділігі арқылы аты шыққан бір-жар жазушыдан өзгені біле бермейді. Осының сыры неде?**

**2. Шетелдік, әсіресе, ресейлік бестселлерлер, яғни шытырман оқиғалы, атыс-тартысты, қан төгу, жауыздық жайындағы кітаптар қаптап кетті де, дүкендерден өз әдебиетіміздің соңғы кездегі тың дүниелерін кезіктірмейтін күнге тап болдық. Сонда бұл әдебиетті насихаттау, кітап саудасы ісін ұйымдастыру ісіндегі оралымсыздығымыз ба, әлде астарында басқа мақсат жатыр ма?**

**3. Жазушылар одағы өз қызметін әдеби жыл қорытындысын шығарумен, мерейтойлар өткізумен ғана шектейтіндей. Оның әдебиетті насихаттау, кітап саудасын ұйымдастыру, жәрмеңкелер, көрмелер өткізу, баспа ісіне араласу секілді қым-қуыт тірлігі мүлде көрінбей кетті. Бұл ненің белгісі?**

Бүгінгі таңда сөз болып отырған әдебиетке қатысты әңгіменің бәрі рас... Ал енді «осының сыры неде?» – дегенге келсек, оның «сыры» да, «жыры» да әжептәуір әңгімеге арқау боларлықтай.

**Біріншіден,** нарық заманы басталғасын-ақ, «Үкімет» дейтін бұрынғы асыраушы әкесінен айрылып қалған жұртқа, «байтал түгілі, бас қайғы» болды. Күнбе-күнгі нәпақасын қалай табам деп жүрген кісіге сенің әдебиетің неменеге керек, жазушың неменеге керек!? Марксизмді жүз жерден жамандасаң да, оның «Сананы тұрмыс билейді» («Бытье определяет сознание») деген қағидасын бәрібір теріске шығара алмайсың. Сөйтіп, бұл кезең 15 жылдан астам уақытқа созылды да, өздеріңіз айтып отырғандай, «жастар түгілі, орта жасқа келіп қалған азаматтардың көпшілігі» аты-жөні бұрыннан белгілі ақсақал-

карасақал жазушылар мен өздерін-өздері жарнамалаумен айналысып жүргендерден басқаны «тани алмай» қалды.

**Екіншіден**, қазіргі жастар да, жасамыстар да (болашақта жағдай қандай болатынын кім білсін?!) соңғы ширек ғасырдай уақыттан бері кітаптан гөрі теледидарға, көркем әдебиеттен гөрі күнбе-күнгі тіршіліктеріне тікелей қатысы бар саясат майданындағы сайыстарға көбірек алаңдайтын болды. Ақпараттар ағыны дегеніңіз қазір сұмдық! Бәрін білсем, мәнісін ұқсам, мынау неге бұлай болып жатыр?– деп, әр нәрсенің астарын ұғуға басы қатып отырған жұрттың ( әрине, ойлы адамды оның бәрі ойлантуға тиіс! Бұл заңды құбылыс! – Қ.М.) жайланып отырып жан азығымен сусындауына мұршасы болмай жатқанын да түсінгеніміз жөн.

**Үшіншіден**, азғантай ғана данамен шығарылған әдеби кітаптар кімге жетеді?! Біреулерде бар, біреулерде жоқ... Елдің бәрін «Әдебиет десе ішкен асын жерге қоя салатын кітапқұмар адамдар» деп есептеуге болмайды. Ал енді сол... өзі онша кітапқұмар емес адамға (көпшілікке!) азғантай тиражбен шыққан кітабың жетпей жатса, ол сенің кім екеніңді, қандай жазушы екеніңді қайдан білсін?! Сондықтан аты-жөні әртүрлі газет-журналдардың, күмәнді басылымдардың беттерінен түспейтін; аты белгілі болғанымен, заты белгісіз кітаптарының жарнамасы анда да, мында да бұрқырап шығып жатқандарды жұрт: «Е, әдебиеттің ендігі жарық жұлдызы осылар екен ғой!» – деп ойлайды. Ол үшін оқырманды не деп кінәлауға болады?! Олардың жазығы жоқ!

Насихаттаудың, жарнамалаудың әсері өте күшті болатынына бір кішкене мысал келтіре кетейін. Биыл Берлинде өткен ПЕН-клубқа мүше жазушылардың Халықаралық конгресінде «Таныстыруға рұқсат етіңіз!» атты әдеби кеш өтті. Сол кеште Ресейден барған танымал жазушылардың бірі Н.Петрушевская орыстың Сайнчковский деген жас каламгерін Конгреске қатысушыларға таныстырды. Таныстырғанда, несін айтасыз, ауымызды ашқызып, көзімізді жұмғызды. Және кімдердің ауыздарын ашқызып, көздерін жұмғызды дейсіз ғой? Күллі әлемнің түкпір-түкпірінен келіп отырған, бір-бір елдің белгілі

Шығармалары. Екінші том

қаламгерлеріміз деп жүргендердің ауыздарын ашқызып, көздерін жұмғызды!!!

Шынымды айтсам, Н.Петрушевская ханымның санаға сіңіріп жіберген сөзінен кейін, мен өзім, оллаһи, орыс әдебиетінің аспанында жаңа бір жұлдыз пайда болған екен! – деп қатты қызыға да, қызғана да қарағам. Содан не болды? – дейсіздер ғой...

Сөз әлгі жас жазушының өзіне беріліп, Сайнчковский әлгі мақтаулы шығармасынан ұзақ үзінді оқыды. Ағылшынша, французша, испанша – үш тілде «сөйлеген» Конгрестің делегаттарын қайдам, ол жерде «ешкімге керексіз» орыс тілінде оқылған үзіндіні басқа түсінбесе де, біз түсіндік қой. Сөйтсек, таңғаларлық түгі де жоқ, орыс әдебиетінің озық үлгілерін былай қойғанда, осы күні тәуір делініп жүрген көптеген авторлардың деңгейінен де төмендеу ғана дүние. Ал енді жарнамалау дегеннің, насихаттау дегеннің нендей қуатты құрал екенін ұқтырғаны – даусыз да, дәлел-деректі қажет етпейді де.

Сондықтан өзін-өзі жарнамалап жүр, дәріптеп жүр деп, кейбір қаламдастарымызды кінәлаудың өзі кейде бекершілік пе деймін...

Тағы бір мәселеге тоқталсақ, иә, кітап жұртшылыққа жетпейді.

«Өзі ауру кісіге бір таба нан не болсын?!» демекші, ел экономикасы енді көтеріліп, рухани азыққа сусап отырған елге бір-екі мың дана не болсын?! Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Қазақ әдебиеті» газетіне берген сұхбатында да мұны баса айтты: – «Егер әр балабақша, мектеп, жоғары оқу орны, кітапхана әр жаңа кітаптан бір-бір данадан алатын болса, қазақ кітабының таралымы бір-ақ күнде көкке шырқамай ма?!» Бұл тығырықтан шығар жолдардың бірін де сол Президентіміз көрсетіп берді: – «Баспагерлердің өздері бас қосып, кітап тарату ісімен шұғылданатын орталықтандырылған бір бірлестік неге құрмасқа?! Іс көзін осылай заман талабына сай үйлестіре білсек қана, ол оңға басатын болады» («ҚӘ.», №12, 24.03.2006).

Жазушылар одағы жөнінде айтарым: «Арғымақты жаман деп, Буданды қайдан табарсың? Ағайынды жаман деп, туғанды қайдан табарсың?!» – демекші, әл-әзірге қаламгерлер қауымының камын ойлайтын осыдан басқа ешқандай қоғам-

дық ұйым көріп отырғаным жоқ. Әрине, оның жұмысына қанағаттанбаушылық, көңіл толмас жайлар бар шығар, бірақ «қоғамдық ұйым» деген атаудың астына енгізіліп жіберген мекемеден қазіргі істеп отырған істерінен артық бірдеңе дәмездің өзі қиын шаруа. Мәселен, «әдебиетті насихаттау, баспа ісіне араласу...» деген сөзге тоқталсақ, біріншіден, көркем әдебиетті насихаттау бюросы жабылғаннан бері, оған одақтың шамасы жоқ. Құр жел сөзден ештеңе және өнбейді. Ал екіншіден, «Жазушы», «Жалын» баспалары одақтың қол астынан шығып кеткелі, бұл секілді дербес мекемелер түгілі, өзінің «Қазақ әдебиеті», «Жұлдыз», «Простор» секілді төл басылымдары да қазір одақтың қарамағында емес. Заң бойынша олардың тірлігіне одақ араласа алмайды. Ендеше, құқы жоқ жерге қалайша қол сұқпақ?! «Буынсыз жерге пышақ ұрмадың» деп кінәласақ, жөн болмайтын шығар.

«Бұл ненің белгісі?» деп төтесінен қойылған сұраққа тура жауап қайтарар болсақ: бұл Жазушылар одағының кеңестік кезеңдегі статусы күрт төмендетілгеннен, – деу керек. Ал оны қойдың құмалағындай көп «қоғамдық ұйымның» бірі емес, мәртебесі өзгеше құрылым ету керек болса, оны көп болып кеңесіп көрген дұрыс шығар.

*«Парасат» журналы,  
№10, 2006 ж.*

## **ЖАЗУШЫ ҚОҒАМДА БОЛЫП ЖАТҚАН ӨЗГЕРІСТЕРГЕ ЖЕДЕЛ ҮН ҚОСУЫ – МІНДЕТТІ ЕМЕС**

*1. Сіз бұрыннан сырбаз, аз жазсаңыз да саз жазатын жазушысыз. Соңғы кездері оқырмандар жоғалтып алған сияқты?*

Ағымнан жарылып айтар болсам, осы бір «аз жазсаңыз да саз жазасыз» деген сөз бұрын маған мақтау секілді естілетін. Қазір қарап отырсам, сол – менің де, мен сияқтылардың да үлкен кемшілігі ме деп ойлаймын. Асылы, жазушы болған соң, адам барынша көп жазғанға не жетсін.

Ал енді, «оқырмандар жоғалтып алған сияқты» деген пікіріңізге келсек, біріншіден, сол «жоғалтып алған» авторды тауып, сауал салып отырғаныңызға; екіншіден, оқырмандардың «сол жазушы не істеп жүр, қайда екен?» – деп іздестіруінің өзіне тәубе деуге болады. Өйткені оқырмандары іздеген, сұрау салған жазушы – қалай да жаман жазушы болмағаны да...

Сұрағыңыздың нақты жауабына қарай ойыссақ, «жоғалып кетудің» басты себебі – мен көп жылдардан бері біздің тәуелсіздік үшін күрестің түү бастауында тұрған белгілі тарихи тұлға Сырым Датұлы туралы көлемді шығарма жазуға отыруыма байланысты екенін көзіқарақты оқырман білсе керек. Сондай сүйекті шығармаға дайындықтың белгісі ретінде, Сырым мен ол өмір сүрген кезең туралы әртүрлі баспасөз беттерінде көлемді-көлемді зерттеу мақалалар жазғанымнан да; соларға жалғас романның алғашқы тараулары «Жалын», «Таң-Шолпан» журналдарында жарияланғанынан да оқырмандар хабардар шығар. Биыл Сырымға және ол бастаған қозғалысқа қатысты тарихи материалдармен оқырмандарды таныстыра беру үшін, «Сырым Датұлы» деген жинақ құрастырып, алғы сөзі мен түсініктемелерін де өзім жазып, «Арыс» баспасынан кітап етіп шығардым. Мұның үстіне, расында, оқырмандарым жоғалтып алмасын деп, 2003 жылы «Елорда» баспасынан «Сынық терезе» атты жинағымды шығарып едім, биыл «Жазушы» баспасынан «Жалғыз жиен» деген атпен әңгімелерім мен хикаяттарым жарық көргелі жатыр. Ал ең бастысы, әрине, үлкен туындының қиын да күрделі жұмысы жалғасып жатқандығы дер едім.

*2. Шығармашылық шабытты кезді «Қансонарда бүркітші шығады аңға» дейтін данышпан Абайдың сөзімен әспеттесе болар. Сізді қазір нағыз қансонарда жүр десек, қателеспейтін шығармыз?*

«Шығармашылық шабытты кез» дегенің – қаламгер атаулының қай-қайсысының да қолына аса сирек түсетін, бақытты бір сәттер ғой. Мұны поэзиямен немесе музыкамен айналысатындарға қатысты жиірек айту орындырақ болар. Ал алыс сапарға аттануға талап қылған ауыр көш секілді, үлкен тарихи кезеңнің шынайы келбетін, сол тұстағы адамдардың

кым-қуыт тіршілігі мен өмір-салтын, қуанышы мен ренішін, күйініш-сүйінішін бейнелеуді мұрат еткен көп планды, кең панорамалы, мол жүкті, сүйекті шығарманы ешкім де бір деммен, тек бір ғана шабытпен жазып шығуы, сірә, мүмкін болмаса керек. Әрине, ара-тұра өндіре жазып кететін, адам мінезі мен характер табиғатын ашуға қажетті, бұрын таба алмай жүрген бір дәл теңеулерің мен детальдарың ойыңа оп-оңай орала кететін, аузыңа да небір шұрайлы, бейнелі сөздер өз-өзінен түсе қалатын сәттер мұнда да болып тұрады ғой, бірақ әдебиеттің проза деп аталатын ауыр жанрында еңбек етіп жүрген қаламгерлердің қай-қайсысы да мұндай үлкен жұмыс үстінде отырғанында, «қансонарда жүрген аңшыдай» қызыққа қарық болып жүрмін деп әсте айта алмаса керек. Қайта үнемі ізденіс үстінде, қиналыс үстінде жүрмін десе, ақиқатқа жақындау болар.

*3. Қоғам өмірі зиялы қауымның көз алдында өзгеріп жатыр. Қазір бұл ұлы өзгерістерді әркім өзінше пайымдайды. Егер «Қоғам. Адам. Сана» деген тұрғыда әңгіме өрбітер болсақ, Сіз бүгінгі тірлік туралы қысқаша қандай түйін жасар едіңіз? Осы орайда бүгінгі қазақ жазушыларының сана сүзгісі, қалам қарымы қоғамдық үрдістерге ілесе алып жатыр ма?*

Иә, қоғам өмірі күн сайын күрделі өзгерістерге ұшырауда. Түбегейлі өзгерістің социализмнен қайтадан капитализмге өтудің, басталғанына біраз жылдың жүзі болғаны көпшілікке сірә, мәлім. Бұл өзгерістердің бәрін әркім тапқанына, не жоғалтқанына қарай, әртүрлі пайымдауда. «Тасы өрге домалап тұрған» кәсіпкерден сұрасаңыз, енді ғана адамша тірлік етуге жағдай туғандай... Ал мемлекеттің емшегін еміп, күн көруге дағдыланып кеткендер күңкіл-сүңкілмен күйбендеп әлі жүр. Ондайларға «Әй!» деп тұрып, жарықтық ұлы Абайдың сөзімен: «Әркімді заман сүйреме, заманды қай жан билемек?!» Заманға жаман күйлемек, замана оны илемек», дегін келеді.

Ал енді, қоғамда болып жатқан осы өзгерістердің бәріне қазақ жазушыларының қалам қарымы ілесе алып жатыр ма? – деген мәселеге келсек, бұл бір таусылмайтын ұзақ әңгіме. Ұзақ болатыны ең алдымен, сұрақтың дәл осылай қойылуы

Кеңес заманынан бері келе жатқан қате үрдіс. Өйткені суреткер жазушы қоғамда болып жатқан күн сайынғы өзгерістерге жедел жауап беруге, үн катуға міндетті емес. Міндетті емес!!! Ол үшін күнделікті газет журналдар, басқа да баспасөз органдары, бұқаралық ақпарат құралдары, журналист-қаламгерлер бар. Бұл мәселе – солардың объектісі, солардың наны. Әркім өз міндетін, өз қызметін адал да, абыройлы атқаруы тиіс. Бұл ретте, ақиқатын айту керек, журналистер – аса қажетті де, құрметті мамандық иелері. Олардың кейде өз өмірлерін оққа байлап, тіршілікте болып жатқан түрлі жағдайлар туралы жұртқа тезірек ақпарат жеткізсек деген жанкешті әрекетін (мәселен, соғыс жүріп жатқан жерлерден репортаж берулерін) ешқандай жазушы атқара алмақ емес. Немесе замана сусап отырған саяси, экономикалық, әлеуметтік мәселелер туралы өзекжарды ойларды қанын сорғалатып тұрып айтқан көсемсөзшілерді алайық. Міне, қоғамның тап бүгінгі күні қажет сөзін солар айтып, солар жазуға тиіс. Ал «Кеңес өкіметі әперген кеңшілікті, еркіндік пен теңдікті қазіргі қазақ жазушылары бар дауыстарымен жырлай алып отыр ма?! Замана әкелген өзгерістерге ілесе алып отыр ма?» деп өткен ғасырдың 30-жылдарындағы күн сайынғы жиналыстарда жазушыларға кінә артылып, Одақтың пленумдары мен сол пленумдарда қазақ совет әдебиетінің іргетасын қаласқан қайраткерлердің баяндамалары мен сөйлеген сөздерінде қаншама қақсалғанымен, «асығыстықтан ақаулы болып туған» шығармалардың тағдыры қандай болғанын қазір көріп отырған жоқпыз ба?! Көркем әдебиетті идеология майданының қаруына айналдырғаннан түк өнбегенін де, өнбейтінін де содан анық көріп отырсақ та, осы бір сауал қаламгерлер алдынан қайта-қайта көлденеңдей беретіні несі? Біз әр нәрсенің аражігін ажырата білетін уақытымыз болды. Мәселен, қоғамда болып жатқан өзгерістерге әртүрлі топтар мен таптардың көзқарасын білдіретін саясаттандырылған сөз бар да, сол өзгерістерді өзінің басынан кешірген, қуанған-күйзелген, «байғұс» кейіпкер – адам бейнесі арқылы көрсететін көркем сөз бар. Мұның біріншісі – қоғам мүшелерінің қоғамдағы өзгерістерге

көзқарасының жедел көрінісі болса екіншісі, яғни көркем сөз, кейіпкер-адам өз басынан кешірген жайларды ой елегінен өткізген соң ғана айтылады. Ол үшін уақыт керек. Уақыт сабабынан өтпеген түйін, ой – көбіне үстірт болады. Ал шынайы көркем әдебиеттің ауылы үстірттікпен қоңсы қона алмаса керек. Біздің әдеби атмосферада қалыптасып отырған осындай ахуалды орыс әдебиеті 19 ғасырдың 50 жылдарының аяғында-ақ басынан өткізгеніне Л.Толстой куәлік етеді. Ол «Орыстың көркем сөзіне құмарлар қоғамына» мүшелікке қабылданғанда сөйлеген сөзінде: «общество поняло теперь... что, как ни велико значение политической литературы, отражающей в себе временные интересы общества, как ни необходима она для народного развития, есть другая литература, отражающая в себе вечные, общечеловеческие интересы, литература, доступная человеку всякого народа и всякого времени, и литература, без которой не развивался ни один народ, имеющий силу и сочность» депті. Осы соңғы айтып отырған «әдебиеті» адам тағдырын көрсетуге арналған әдебиет – қоғамда болып жатқан өзгерістерден қалыспаймын деп, ілесе шабатын әдебиет емес, қайта асығыстық пен үстіртікке төзбейтін, адам жанындағы өзгерістерді жіті зерттейтін, нағыз зерделі де бейнелі әдебиет десек, орынды болмақ және соған ұмтылғанмыз лазым.

*4. Бізде әлемдік аренаға қазақ атын шығару үшін рухы, таным-түсінігі бөлек, өзге елдің «мықтыларына» жалтақтау үрдісі қалыптасқан сыңайлы. Осы Сізге қандай ой салады? Мәселен, Паоло Коэльо қазақтар туралы «Заһир» деген шығарма жазды деп бөркімізді аспанға атып қуандық. Шыңғыс Айтматовтың бірқатар шығармаларының кейіпкерлері қазақтар деп ежелден риза болып жүреміз. Енді міне, «Көшпенділер» фильмінде Голливуд жұлдыздары ойнағанына қуанудамыз. Осы дағдыға айналып кетпей ме?*

Сауалыңыздың астарында өзек өртер ащы ойлар жатқанын байқап отырмын. Мұның түбін қазып қарасаң, тамыры тіпті тереңде жатқанын көруге болады. Есіңізде ме, ұлы Абай өзінің қарасөздерінің бірінде: «Зинһар, сендерден бір сұрайын деп жүрген ісім бар... Осы біздің қазақ... жағтың бір тәуір кісісін

## Шығармалары. Екінші том

көрсө, «жарықтық» деп жалбырай қалып, мақтай қалып, өз елінде содан артық адам болса да, танымайтұғыны қалай?»... демей ме?! Сіздің мына айтып отырғаныңыз да сол іліктес жайт.

Әйтсе де, қатар қоюға болмайтын кісі аттарын қосамжарлап жіберген екенсіз, мен сәл таратып айтайын. Бір халықтың тағдыр-талайы туралы екінші бір халықтың өкілі шығарма жазуы – әлем әдебиетінде бүгін ғана көрініп отырған құбылыс емес. Жазылған да, жазыла да береді! Оның мысалын оңдап келтіруге болады. Бірақ гәп – мұнда емес. Ауылы аралас, қойы қоралас, төскейде малы, төсекте басы қосылып жататын қазақ пен қырғыздың өмірін, тұрмыс-салтын естіп, біліп қана қоймай, күнде көзімен көріп жүрген Ш.Айтматов жазса, бұл өз алдына әңгіме де; ал енді, тек Қазақстанда болып едім, елін, жерін көріп едім деп Паоло Коэльо деген кісі жазса, бұл тіпті бөлек әңгіме. Көркем шығарма халықтың жанын, рухын, оның қайғысы мен қуанышын түсіне білуден, соған ортақтаса білуден туса ғана оқырман жүрегінен орын таппақ. Олай болмаған жағдайда, бәленше деген біреу қазақтар туралы кірпіштей кітап жазыпты деп өзіңіз айтқандай, «бөрікті аспанға атып, қуану» ақымақтық қана болмақ. Және мұндай жаман әдетті дағдыға айналдыру – ұрпағым өссін, өнеге алсын дейтін елдің адамының ісі емес.

*5.Осы орайда, Наполеон Бонапарттың бір тамаша сөзі бар екен. Белгілі қаламгер Ербол Шаймерденовтың аудармасы бойынша былайша өрнектеліпті: «Дағды дегеннің апарып соқпайтын ессіздігі жоқ: ең сорақы нәрсе – дағдының құлына айналу!».*

...Құдайға шүкір, әлгіндей жаман әдет жекелеген біреулерде ұшырасқанмен, жалпы қазақтың дағдысына айналған нәрсе емес. Керек десеніз, біздің кейбір журналдарымыздың беттерінде әлемдік авторитеттердің өздері тас-талқан етіліп сыналып жатқан жоқ па?! Демек, «Не нәрсені де ақыл тезіне салып, тексеру керек» («Все подвергать сомнению») деп ұлы ойшыл И.Кант айтқандай, кез келген нәрсені сарабал ой мен салқын ақыл таразысына тартудан біздің казак әлі күнге жаңылған жоқ деуімізге әбден болады.

*6. Қоғамдағы жеткен жетістігімізді айдай әлемге жар салып көрсетіп, жыртық-тесігімізді, кем-кетігіміздің бетін бүркемелеп қою дағдысы туралы не айтар едіңіз?*

Бұл «дағды» емес, кез келген мемлекет, кез келген ел, жұрт, қоғам ежелден жасап келе жатқан және қазір де жасап отырған қитұрқы әдіс-амал ғана. Кім жат жұртқа бейшара-байғұс болып көрінгісі келеді?! Қай қоғамда кем-кетік, жетіспестік пен кемшілік жоқ?! Ол жоқ болса, тек қиялдағы коммунизм елінде ғана жоқ, қалған қоғам атаулының бәрінде де бар! Сондықтан «мен кем-кетігімді жасырмаймын» – деп, өзіңнің «бейшара-байғұс» екенінді жалғанға жар салып жария қылғаныңмен, сені жарылқай қояр жан жоқ. Қайта сендей қорғанышы жоқ, қорғанарға өзінде дәрмен жоқ сорлыны жат жұрт талап жеп қоюға бейім. Бұндай жағдайда «бөрі арығын білдірмес, итке жүнін қампайтар» саясатын ұстамай қайтесің?! Бұл саясатты тарихтың толқымалы кезінде талай елдер ұстанған... Біздің оқып-білгеніміз бен шет-жағасын ғана көріп қалғанымыз – кешегі күйреген кеңес өкіметінің алғаш құрылған жылдары ғана. Сонда басқа-басқа, Ресей сияқты алып елдің өзі Ұлы Октябрь революциясынан кейін экономикасы күйреген, аш-жалаңаш елін шет жұрттарға дәл солай көрсетті. Титтей қол жеткен жетістіктерін айдай әлемге жар салып әйгіледі. Ал өзінің аш-жалаңаш, жыртық-тесік екенін бүркемелеп бақты. Ақыры, кемеліне келіп, шаршысына толып, Ұлы Қызыл империяға айналып, әлемдегі шешуші дауысқа ие елдердің бірі болды. Біз де тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарындағы қаншама қиын күндерді бастан кешірдік, қиналдык. Тәуба, еңсемізді көтеріп, бүгін міне біртоға тіршілік етер жағдайға жеттік қой! Енді әркім өзінше тырбанып еңбек етіп, өз болашағын өзі қамтамасыз етуге бет бұрғандай. Тіпті, тым-тәуір байлыққа қол жеткізгендер де көбейіп келе жатқан секілді.

*7. Мұның салдары бай баласы Асан мен кедей баласы Үсен арасындағы ашақтықты бұрынғыдан да күшейте түспей ме?*

Әбден мүмкін! Бірақ гәп мұнда емес... Сіз айтып отырғандай, «Бай баласы Асан» мен «Кедей баласы Үсен» қай қоғамда да болған, бола да бермек. Әңгіме басқада! Мәселен, бай бол-

## Шығармалары. Екінші том

сын, кедей болсын, сол Асаның да, Үсенің де өзіміздің балалар еді ғой... Енді кедей баласы Үсеніңді былай қойып, «бай баласы» деп жүрген Асаныңның өзін адам құрлы көрмейтін, тегі белгісіз, әлдеқайдан келген «әлдебіреулердің» балалары пайда болды біздің қоғамда. Солар Асаныңның да, Үсеніңнің де ата-бабасынан қалған жер асты, жер үсті байлықтарын мөлінен қарпып, одан түскен пайданы әлдеқайда судай ағызып жатыр. Олардың байлықтарының қасында, сенің Асаның мен Үсеніңнің арасындағы алшақтық – ауыл үйдің арасындай ғана жер. Асылы, аландасақ – біз осындай жайттарға алаңдауымыз керек шығар.

*8. Халық қазір сауатты. Не жақсы, не жаманды жақсы зерделейді. Соған қарамастан оның санасына әсер ететін саяси қайшылықты ойындар көбейіп бара жатқан сияқты. Оппозицияның бүгінгі билікке шабуылы, біртұтас блок құруы, биліктің олармен келіспеушілігі, айналып келгенде, елдің көсегесін көгертсе жарады. Әйтпесе...*

Ғафу етіңіз, біріншіден, «халық қазір сауатты» деген пікіріңізге мен өзім үлкен күмәнмен қараймын. Сауаттылығы – қаріп танитындығы ма? Әлде мектепте оқып-тоқығандығы ма?! Егер сіз айтқандай, шынымен «сауатты» болса, «не жақсы, не жаманды жақсы зерделесе», өзінің «санасына жаман әсер ететін саяси қайшылықты ойындардың» объектісіне айналар ма еді?! Ал ол – Халық, расында, қазір әртүрлі саяси партиялар мен белгілі бір мүддені көздеген топтардың ойыншығына айналып отыр. Халық атын жамылған әртүрлі партиялар мен топтардың арасындағы «қайшылықты ойындардың» көбею себебі де сол.

Содан соң... осы бір «көппартиялылық» деген ұғым туралы да халық өзі ойлануға тиіс. Әрине, демократиялық қоғам құруды мұрағат тұтқан елде әртүрлі саяси көзқарасты білдіретін партиялардың болуы заңды. Бірақ біздегі қаптаған партиялардың бәр-бәрі бір-біріне ұқсамайтын, әртүрлі саяси көзқарасты ұстанып отыр ма?! Қазіргі Қазақстанда соншама партия құрарлықтай, ара-жігі айқын, дербес саяси көзқарастағы ірі-ірі әлеуметтік топтар бар ма өзі? Халқының саны 14 миллионға әрең жететін (оның пәлен миллионы сәбилер, пәлен

миллионы кәмелетке толмаған жастар, пәлен миллионы саясаттан әлдеқашан ауылын алыс қондырған қариялар) Қазақстан сияқты елге оннан аса партия неменеге керек?! Жергілікті халқының саны 60–70 миллионнан астам, мемлекеттік билік тізгіні өз ұлтының қолында, экономикасы тұрақты өркендеу үстіндегі елдердің өзінде осынша көп партия жоқ. Ал бізде қоғамға құйттай өкпесі барлардың барлығы партия құрғысы келеді. Бұрынғы бабаларымыз «би екеу болса, дау төртеу болады» десе, ұлы Абай: «Болды да партия, ел іші жарылды. Әуремін мен тия, дау менен шарынды» – деген.

Қайталап айтайық, демократиялық қоғам құруға бет алған кезде, баяғы кеңес үкіметі кезіндегідей, қатып қалған жалғыз ғана партия болсын деп, бүгінде есі түзу еш адам айтпайды. Бірақ партия құрғанның жөні осы екен деп, оны құрдай балалатудың не қажеті бар?! Оның үстіне, солардың қай-қайсысының да бағдарламаларын оқып қарасаңыз, бір-бірінен бөгде пікір ұстанып, ауыз толтырып айтарлықтай айрықша бағытта қызмет атқармақ ниеттері бары тағы да байқалмайды. Ойы, пікірі мақсат-мұраты сәйкес болғасын, ондай партиялардың неғып күш біріктірмейтініне, сөйтіп, ортақ мақсатқа жұмыла ұмтылмайтынына еріксіз таңғаласың.

Бұл ретте әрине, оппозициялық партиялардың жөні де, орны да оқшау тұр. Әйтсе де, олар да ұзақ уақыт бір-бірінен дербес бағыт ұстағансып келіп еді. Ақыры, ортақ қарсыластарын тауып, билікке қарсы соңғы кезде біртұтас блок құрысты.

Осы жерде «ә» дегеннен әңгіменің басын ашып айта кетейік. Кез келген дені дұрыс қоғамда оппозицияның болуы заңды екені – дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома. Ол өзі өмір сүріп отырған қоғамның дұрыс жолмен дамуына игі әсер ететін ықпалды күш болуға тиіс. Халықтың белгілі бір бөлігі оны қолдағанда, осындай үмітпен қолдайды, сенім артады.

Ал енді, біздегі оппозициялық күштерге келетін болсақ, күні кешеге дейін олардың құрамы әрқилы болып келді және соған сәйкес әрқилы әрекет етті. Анық байқалған топтар: саяси реформашылдар, республиканың аты беріліп отырған ұлттың мүддесін ең жоғарғы орынға қоюды талап етушілер,

биліктің іс-әрекетіне наразылар, т.б. Солай бола тұрса да, оппозициядамыз деп жүрген осылардың өздерінің арасындағы үлкен қайшылықтар туралы айтпай кетуге болмайды. Ондай қайшылықтар олардың арасында бұрыннан да бар болатын, қазір де біртұтас блокқа біріктік дегенмен, олар жойыла қойған жоқ. Әсіресе, азаматтық қоғам құруды көксеушілер мен көптеген жылдар бойы «үстем ұлттың» езгісінен жапа шеккен жергілікті ұлттың мүддесін қалпына келтіріп қана қоймай, оны бұдан былай да бірінші орынға қою керек дейтін ұлттық-демократиялық күштердің арасындағы пікір қайшылығы әлі талай жылдарға тартыс объектісі болып қала беруі бек мүмкін. Бірақ күні бүгін олардың басын біріктіріп отырған – өздерінің айтуларына қарағанда да, іс-әрекеттерінің ыңғайына қарағанда да «билікке қарсы күрес».

Ақиқатын айту керек, осы күрес барысында орынды айтылған сөздер де, біраз реттерде биліктің «белден басуын» тежеген әрекеттер де, қоғам дамуына қолайлы ұсыныстар жасалған сәттер де аз болған жоқ. Бірақ... біздегі оппозициялық күштердің де, соларды басқарып жүрген азаматтардың да көңіл көншітпейтін жайлары аз емес.

Ең алдымен көзге ұрып тұрған нәрсе – оппозицияда болғанның жөні осы екен деп, биліктің істеген ісінің бәрінен қитұрқы әрекеттің нышанын іздейтін жаман әдеттері бар. Шынымды айтсам, мен оппозициялық күштердің баспасөзін ұзақ уақыт қадағалай оқып жүргенімде, солардың: «апырмай, биліктің мына бірі ісі оңды болған екен!» – деген жылы сөзін ешқашан естіген емеспін. Жарайды, биліктің де «құдай сүйер қылығы» аз-ақ шығар. Алайда мемлекет қалыпты өмір сүру үшін, билік қалайда қоғамға пайдалы бір істер жасауы керек қой. Әйтпесе, ТМД-ның өзге елдеріне, көршілес республикаларға қарағанда, Қазақстан бүгінгі дәрежесіне қалайша жетер еді?! Жоқ, оппозицияның сөзіне сенер болсаңыз, Қазақстанды басқарып отырған билік халық үшін дым істемейтін секілді. Жоқты «жоқ!» деп жатса, дұрыс қой! Ал енді, «барды» да жоқ дей берсе, бүгінгі қоғамда қаны сорғалаған шындықты айтып жүрген тек осылар», – деп олардың сөзіне қалайша сенуге бо-

лады?! Билік – билік қой, ал енді, оппозиционер емес, яки оларды қолдамайтын, есімі елге белгілі азаматтардың да бұлардың баспасөзінде мақұл адам деп жазылғанын, әй, көрмеген шығармыз. Қайта, бір ауыз сын айтқан сырт адамның өзін биліктің «құйыршығы» атауға бейім тұрады.

Кісіге жөн-жосықсыз күмәнмен қарау – жақсы нәрсе емес екендігі бесенеден белгілі болса да, оппозицияның серкелерінің өздері осы бір жаман ғадеттен аулақ емес. Мәселен, Болат Әбілев пен Мұхтар Тінікеев арасындағы соттасуды алайық. Шынымды айтсам, осы процесс барысында мен өзім Б.Әбілевтің жеңіп шығуына тілектес болған едім. Өйткені Парламент депутаты секілді адамды айыптау үшін, оның қолында бұлтартпас айғақ, деректер барлығына еш күмәнданбаған болатынмын. Сөйтсем... бәрі құр сөз болып шықты. Құдай-ау, Тінікеев қана емес, депутаттардың тең жартысы парамен өткен шығар. Жетпіс, сексен, тоқсан пайызы солай өткен шығар. Бірақ дәлелің қайда?! Дерегің, бұлтартпас айғағың бар ма? Жоқ болса, қоғамда өз орны бар қайраткермін деп жүрген басынмен, мына сөзді қалай айтып жүрсің?! Бүгінгі билікті тағынан тайдырып, орнына мемлекет басқаруға келетін сіздер болғанда, ендігі сенетін серкелеріміздің сиқы осындай болмақ па?! Сотта жеңіліп қалғанымен қоймай, «мұның бәрін істетіп отырған билік» деп ақталмақ болады... Немене билік оған біреуге жала жап деп пе?! Әлде, биліктің әрбір қате басқан қадамын қалт жібермей қадағалап отырғандарында, сендердің жіберген қателіктеріңді билік пайдаланбауы керек пе?!

Айналып келгенде, елдің көсегесін көгертетін, халықтың мүддесін көздейтін білікті билік және оған конструктивті оппозиция. Қаласақ та, қаламасақ та бүгінгі күннің шындығы осындай.

*9. Жазушы, өнер адамы өз шығармасы, шығармашылығы арқылы саясатқа араласады деп жатамыз. Сіз өзіңізді солай сезінесіз бе?*

Жазушы шығармасы арқылы өзі өмір сүрген кезеңнің саясатына симпатиясы мен антипатиясын ғана білдіруі мүмкін. Негізгі объектісі адам және оның тағдыр-талайы болғандықтан,

## Шығармалары. Екінші том

таза саясат ісінен шеткері тұрса керек. Ал азамат (гражданин) ретінде саяси істерге тікелей араласып жатса, оның жөні бөлек. Мен өзімді саясаткер жазушымын деп есептемеймін де, сезінбеймін де.

*10. Атын атап, түсін түстемей-ақ қояйық, бірқатар жазушы ағаларымыз өз руын дәріптеу шеңберінен шыға алмай жатады. Өз аулының батыры мен бағланын ғана әспеттеп, өзгелерден зор етіп көрсетуге құрылған мұндай саясат қайда апарып соғады?*

«Өз аулының батыры мен бағланын әспеттеп»... деп, ә дегеннен әңгімені кінә артудан бастамайық. Осы елдің ел болуы үшін ақылы мен күшін аямаған азаматтар қазақта жетерлік. Бірақ кешегі кіріптарлық дәуірде солардың аттары атаусыз, еңбегі елеусіз қалған соң, бүгінгі ұрпақ соларды жадында қайта жаңғырту үшін, біраз тер төгіп жатыр. Бірақ... соларды дәріптейміз деп, исі қазаққа есімі белгілі ерен тұлғалардан асырып жіберуге тырысса, әрине, ол кінәлауға тұрарлық, әбес іс. Әйтсе де, тап солай етіп, шектен шығып кетіп жатқандарды байқағаным жоқ. Ондайлар бола қойған күннің өзінде де, ақиқаттан аттап кеткен дәлдіріштің сөзі кімге дәрі болмақ?!

*11. Қалай ойлайсыз, қазақ жазушыларының интеллектуальдық потенциалы заман үрдісіне сай ашыла алды ма, жоқ әлде әлі де күйбең тірліктің жетегінде жүр ме?*

«Бар нәрсе – жоғалмайды, жоқтан – бар пайда болмайды». Интеллектуалдық әлеуеті бар жазушыларда ол баяғыдан бар, жоқтарында – қазір де жоқ.

*12. Сіз қазіргі заманда неден қорқасыз, неге сенбейсіз, неден сақтанасыз?*

О-о, бұл енді өте қиын сұрақ! Не көп – қорқатын нәрсе көп мына заманда. Қорқыныштың ең үлкені – жаһандану басталған мына ғасырда біз өзі ұлт болып қала алар ма екенбіз? – деген мәселе. Сенбейтінім де сол – жаһандану ұсақ ұлттар түгілі, қазақ секілді орта деңгейдегі жұрттарға да жақсылық әкелер-әкелмесі... Заман қанша құйқылжыса да, ұрпақты ұлттық тәрбие мәйегінен мақұрым калудан сақтандыру керек.

*13. Нені қалайсыз, нені сыйлайсыз, неге жақын жүресіз?*

Қазіргідей өтпелі кезеңде қолдан келгенше ел-жұртыңа қызмет еткенге не жетсін! Осы жолда қарекет етіп жүрген үлкенді-кішілі азаматтардың бәрі – сыйлауға тұрарлық деп білемін. Кез келген кісіге болсын, өзі өмір сүріп отырған қоғамға болсын, жақсылық жасағысы келіп тұратын адамдармен жақын жүргенді жақсы көремін.

*14. Хоббиіңіз?*

Жас кезде адам желікбастау болады. Оның үстіне, «өнерді үйрен де, жирен» деген бар. Әуестенбеген нәрсем аз емес десе болар. Аңшылық, балықшылық, карта, шахмат, бильярд, т.б. Жә, жарар! Асылы, адамның бір нәрсені түбегейлі қуғаны дұрыс болатынын басқа емес, мен айтсам, сенерсіңдер деп ойлаймын.

*сұхбатты жүргізген: Ғ.Есембаев,  
«Нұр-Астана» газеті.  
№31, 4.08.2005 ж.*

## **ЗАМАНҒА ЛАЙЫҚ ТІРЛІК ҚАЖЕТ**

*Тілші:*

*– Тоқырау дәуірі кетіп, жариялылық кезеңі жетті деп жар салсақ та, қазіргі қазақ әдебиетінде осыған сәйкес соны серпіліс нышанын байқау қиын. Мұның себебі неде деп ойлайсыз?*

*Қ.М.:*

Қазақ әдебиетінің бүгінгі хал-ахуалын айта бастасақ, кісінің жылағысы келеді. Неге? «Қарнымның ашқанына емес, қадірімнің қашқанына жылаймын» деген екен бір данышпан. Сол айтпақшы, әдебиетті де, әдебиетшіні де керек қылып жатқан ешкім көрінбейді бұл күнде. Ал ешкімге керекті жоқтың қайдан қадірі болсын!?

Әйтсе де, қарны тоғая қалса, күндердің бір күнінде халық рухани азықты да іздейтін болар деп үміттенеміз. Сол үмітпен көкірегінде қордаланған ойын ақ қағаз бетіне түсіріп жатқандар

Шығармалары. Екінші том

жоқ та емес. Анық жазушылар міне, осылар болса керек. Ендігі үміт тек соларда.

Ал жалпы әдеби қауым мен олардың басын қосатын шығармашылық одақтары туралы айтар болсақ, посткеңестік кезеңде бұрынғы КСРО-ға енген елдердегі жағдай қандай болса, Қазақстанда да дәл сондай жағдай десек, еш қателеспейміз деп ойлаймын. Ал ол жағдайдың қандай екенін мен айтпай-ақ өздерің көріп отырсындар ғой...

*Тілімі:*

– *Жазушының қаруы – қаламы, яки тілі. Тіліміз құрып барады деп тыныштықтан айрылғалы да біраз уақыт өтті. Ал ақырзаманның баласы орыс тілін түгесіп, ағылшын тіліне арбалуда. Олар ертең ана тілінде жазылған шығармаларды оқу үшін аудармашы іздейді. Осы тұрғыда тіл мәселесіне қатысты не айтар едіңіз?*

*Қ.М.:*

– Қазақ тілі ең болмаса өз топырағында өсіп-өркендеуі үшін, «Тіл туралы заң» басқа заңдарға қарағанда қатаңырақ сақталуы һәм орындалуы керек. Президент халықаралық кездесулерде тек қазақша сөйлегені жөн. Соны көрген өзге ірі-ірі лауазым иелері де еріксіз қазақ тіліне қайрылатын болады. Премьер-министр Үкімет мәжілістерін тек мемлекеттік тілде жүргізуі тиіс. Ал Парламенттің өзі шығарған заңды өзі ең алдымен бұлжытпай орындауға тиіс екендігі жөнінде аз айтылған жоқ. Сондықтан оған тоқталмасақ та болатын шығар. Мұның сыртында, «Тіл туралы заңға» өзгеріс енгізетін кез әлдеқашан жеткен сияқты. «Мемлекеттік тіл» тұрғанда, «ресми қатар қолданылатын тіл» туралы бапты алып тастайтын уақыттың да кезі келді. Сөйтіп, мәселенің басын ашып алсақ, тіл туралы заң екіұштылықтан арылар еді.

Ең бастысы – Қазақстанда қазақ тілін білу қажеттілікке айналуы шарт, олай етпейінше, ана тіліміздің көсегесі көгере қояды деу неғайбыл нәрсе.

*Тілімі:*

– *Бүгінде ауыл азып, азамат тозды деген тіркес «сәнге» айналды. Қоғамның бет-бейнесін айқындауда әйел-анаға қоз-*

*қарастың да үлкен мәні барын ескерсек, кешегі «Раушан – коммунист» секілді бүгінгі оның коммерсант сіңлілерін де отбасынан алшақтауға мәжбүр еткен саясаттың солақайлығы демеске амал жоқ...*

Қ.М.:

– Сары уайымды құр сапыра бергеннен ештеңе шықпайды. ХХ ғасырда басынан бірнеше катаклизмді өткізген қазақтың көрген құқайы осы ғана емес. Бірліктің шағын ұясы ретінде ауыл үстіміздегі ғасырдың соңғы жылдарында аза бастағанымен, азамат атаулының бәрі тозып кетті десек, артық айтқандық болар еді. Жаңа заманға байланысты жаңаша тірлік құрып жатқан жігіттер баршылық. Жарқырап көрініп жатқандары аз шығар, бірақ олардың қар астынан қаулай өсіп келе жатқан бәйшешектей жетілу үстінде екені күмән туғызбайды.

Өткен ғасырдағы орыс ориенталистері мен этнографтары қазақтың еркегіне қарағанда, әйелдерінің еңбексүйгіштігі жоғары, олардың отбасының үлкен ұйтқысы әрі берекесі екендігі туралы көп жазып, қандай қиыншылықты да қайыспай көтеретіндігіне таңғалған. Тепсе, темір үзердей азаматы жұмыссыз қалып, не істерге білмей торыққанда, жарына сүйеу болуға жараған әйелден айналып кетсең болмас па? Мына заманда қара базарларда қаптап жүрген қазақ әйелдері (қыздары) – әйел теңдігі дегенді желеу етіп, желбуаз белсенділіктің жетегінде кеткен ХХ ғасыр, басындағы жеңгелерімізден сапалық жағынан мүлде бөлек жандар. Бұлар сіз айтқандай, солақай саясаттың салдарынан отбасынан алшақтауға мәжбүр болғандар емес, керісінше, қоғамдағы күрт өзгерістер кезінде шаңырағының берекесі қашпауына барынша тырысып, өзінің бүкіл тіршілік-тынысын соған бағындыра білген жандар. Мұндай адамдардың тағдыры жөнінде әдебиетте жаңа сөз айтылып жатса, жұртшылық жақсы қабылдарына бек сенемін.

Тілші:

*– Кейінгі ұрпақ бойында білімге, өнерге деген құштарлық кеміп, назары базарға қарай аугандай. «Мұны заманына қарай адамы» деп түсінген жән бе, әлде уақытша ғана дағдарыс деп есептейсіз бе?*

Қ.М.:

– Жастардың тіршілік-тынысын уақыт пен қоғамдық орта айқындайды. Біздің жас кезімізде тек оқумен, біліммен ғана күлашты кең сермеуге болады деп ұқтық. Солай екені рас та еді. Ал мына заманда: қалтасында табақтай дипломы, тіпті, ғылым кандидаты деген атағы бар бола тұрып, күнін әзер көріп жүргендерді көргенінде, өйтіп оқығаныңның атасына нәлет деп айтып кеткің келеді...

*Тілші:*

– *Өзіңіз бүгінде немен айналысудасыз? Шығармашылығыңыздан хабардар ете кетсеңіз.*

Қ.М.:

– Көзі қарақты оқырман баспасөз беттерінен алғашқы тарауларымен танысқан, баяғы...

Сырым қозғалысы туралы тарихи романды жалғастырып жатырмын.

*Әңгімелескен Сәндібек Жұбаниязов  
«Алтын Орда», 5.05.2000 ж.*

## **«ПАРАСАТ» ЖУРНАЛЫНЫҢ САУАЛДАРЫНА ЖАУАП**

**Қажығали МҰХАНБЕТҚАЛИҰЛЫ:**

1. «Қазақ мемлекетінің тәуелсіздігін нығайту үшін бүгінгі таңда зиялылар қауымы ең бірінші кезекте қандай міндеттерді атқаруы керек?» деген аса маңызды мәселенің түйінін Президентіміз елдің әдебиет пен мәдениет, өнер және ғылым саласында еңбек етіп жүрген қайраткерлерімен кездесу кешінде егжей-тегжейлі баяндағандықтан, енді Елбасының сол әйгілі сөзінде айтылған жайттарға ұсақ-түйек бірденелерді қосқан болып, білгішсінудің түкке керегі жоқ қой деймін. Қайта мемлекет басшысының сол сөзінде көрсетілген қадау-қадау проблемаларды шешуге елдің есті азаматтарының, зиялылардың, бір кісінің баласындай жұмыла кірісуі ендігі жерде ең бірінші кезектегі міндет болуға керек.

2. Тәуелсіз Қазақстан жас мемлекет болғанмен, ел басқарған азаматтардың ерен еңбегі арқасында оның қауіпсіздігіне әлемдегі ең ірі бес мемлекеттен кепілдеме алуға қол жеткізілді. Еліміздің территориясын, сондай-ақ оның шекараларын халықаралық актілермен заңды түрде бекіту нәтижесінде қазір бізге сырттан төніп тұрған соғыс қаупі жоқ. Дегенмен дербес, тәуелсіз ел болуға ұмтылған елдің жарқын болашағына қатер төндіретіндей ештеңе жоқ десек, мұнымыз жұмсартып айтқанда, аңғалдық болар еді.

Басқасын былай қойғанда, тауар өндіру ісінің тұралап қалғаны, «Мынау – Қазақстан бұйымы» деп мақтанарлықтай ештеңенің шықпай жатқаны, осы заманғы озық технологиямен жарактандырылған жаңа кәсіпорындардың жоқтығы, бұрынғы ірі-ірі зауыт-фабрикалардың әлі күнге бойына қан жүгірмей, өлімші күй кешіп тұрғаны, қысқасы, осындай келеңсіз жағдайдың бәрін жас мемлекеттің болашағына қатер төндіретін факторлар демей, не деуге болады? Мұндай жағдай бұдан былай да созыла берер болса, күндердің күнінде біз, сөз жоқ, шетелдерге экономикалық кіріптар ел боламыз да шығамыз. Бұл – бір. Екіншіден, қоғамымызда қордаланып қалған әлеуметтік мәселелер де жеткілікті. Мысалы, күні бүгінге дейін зейнетақыны мезгілінде беріп тұру түбегейлі шешілді деп айту қиын. Ал жалақыларын айлар, жылдар бойы ала алмай жүргендер қаншама?! Жағдай осылай созыла берсе, жас мемлекеттің бүгін ана жерінде, ертең мына жерінде әлеуметтік толқулардың көбейіп кетуі әбден мүмкін. Бұған жұмыссыздықтың күн сайын көбейіп келе жатқаны қосылғанда, аяғын енді ғана қаз-қаз басқан Қазақстан Республикасының қауіпсіздігіне қатер төндіретіндей ешқандай қоғамдық, әлеуметтік фактор жоқ деуге әрине, болмайды.

Ендігі бір қадап айтар жайт «Қазақстан Республикасы өзіндік бет-бейнесі, бітім-болмысы, салт-дәстүрі бар ел болып қала ма, жоқ па?» деген мәселеге байланысты болуы керек. Өйткені бізге аты бар да, заты жоқ мемлекет емес, осы елге есімі берілген халықтың менталитеті сақталған Қазақстан Республикасы дейтін ұлттық мемлекет қажет. Ал бұл ұлттың

## Шығармалары. Екінші том

менталитетіне екі ғасырға жуық патша өкіметінің отаршылдық саясаты шабуыл жасаса, соңғы жетпіс жыл бойы Кеңес өкіметі де: «ана салтың ескірген, мына дәстүрің тозған» деп көсегемізді көгертпеуге тырысып-ақ бақты. Енді егемендік алып, өзге жұрт секілді біз де ешкімге ұқсамайтын бет-бейнесі, бітім-болмысы, қалыптасқан салт-дәстүрі, тарихы, мәдениеті, өзіндік ойлау жүйесі бар, біртұтас ел боламыз ба десек, тағы да жан-жақтан шабуыл күшейе түсуде. Мәселен, мемлекеттік мәртебесі бар ана тіліміздің қолданылу аясының кең қанат жаюына қолдан жасалған кедергілер көп. Ең консервативті, өзгеріске ұшырай қоюы өте қиын деп саналатын дініміздің өзінің іргесін үнгушілік күшейе түсуде. Соның кесірінен бір отбасында ата-анасы – мұсылман, ұлы – христиан, қызы – кришнаит болып отырғандар бар. Ал күнбе-күнгі тұрмыстағы үлкенге – ізет, кішіге – мейірім, ұят-иба сақтау деген секілді өте өміршең салт-дәстүрлерімізге шетелдік порнографиялық арзанқол фильмдер мен кітап-сымақтар арқылы жойқын шабуыл жасалуда. Әсіресе, таңның атысынан, түннің бір уағына дейін тынымсыз жұмыс істейтін ондаған жергілікті телеарналар ылғи бір атысшабыс, зорлық-зомбылық, кісі өлтіру (жай ғана өлтіріп қоймай, қанды судай ағызу және соған рахаттану), әйел зорлау, ашық секс, эротика деген желеумен әйел еркекті тырдай жалаңаштандыру секілді жайттарды топан судай қаптатып жіберді. Мұның бәрі – Қазақстан Республикасы секілді жас мемлекетті рухани негізінен айырып, оның халқын қайдан шығып, қайдан келгенін білмейтін мәңгүртке айналдыру үшін істеліп жатқан кесапаттар. Іштен іріту деген осы болады. Егер бұған тосқауыл қойылмаса, көп ұзамай біз жас ұрпағымыздан айрылып қаламыз. Ал мұны қалайша ел болуымызға қатер төндіретін факторлардың бірі демессіз...

3. Жоғарыдағы жайттың бәрін еліміздің ертеңіне алаң болғандықтан айтып отырғанымыз түсінікті шығар деймін. Бізді тағы бір қатты толғандыратын жайт – осынша байтақ жердің егесі ертең де біз болып қала аламыз ба деген мәселе? – Республикамызға жан-жақтан жұрт ағылып келіп-кетіп жатқанда, қазақ тезірек өсіп-өніп, кең даланы өзі толтыра алар ма

екен?! Жүз миллион халқы бар ел үшін де туу, өсіп-өну мәселесі күн тәртібінен түскен жоқ. Ал жер көлемі бойынша әлемдегі алдыңғы ондыққа кіретін қазақ қашан өз елі, өз жерінде абсолютті көпшілікке айналмақ? Ал толғанбай көріңіз!

4. Қазақ зиялыларының мүдде бірлігі әлсіздеу болып көрінсе, оның себептерін тарихтың қалтарыстарынан іздеген жөн. Өйткені елім деп еңіреген есті азаматтардың бәрі ылғи айдауда, қуғын-сүргінде күн кешті. Оларды жетілмей тұрғанда желкесінен қиып отыру жүйелі түрде жүргізіліп отырылды. Содан көздері қорқып, жүрегі шайлыққан жұрт белгілі бір идеяның төңірегінде топтаспақ түгілі, бастарының амандығын қамтамасыз ете алардай жағдайда болмады. Бұған қоса езілген елдің ұрпағын: «сенің халқың надан», «жұртыңның болашағы жоқ» деп тәрбиелеп-ақ бақты. Қазақ зиялылары арасынан өз ұлтын менсінбейтіндер шығып жүрсе, олар әлгі «тәрбиенің» жемісі. Ондайларға өкпелеудің жөні жоқ, аяу ғана керек.

5. Тап қазіргі қоғамда өмір сүріп жатқан сіз бен бізден бастап, – осы елдің басшысынан қосшысына дейін, – айдан түскеніміз жоқ. Бәріміз де күні кеше ғана социалистік қоғамның қойнынан шыққан, коммунистік рухта тәрбиеленген жандармыз. Бірақ бүгінгі тәуелсіз Қазақстанды да аяғынан тік тұрғызып жатқан сол адамдар емес пе?! Бәлкім, бұл – парадокс шығар. Әйтсе де ақиқат солай. Келешекке үмітпен қарайық.

*«Парасат»,  
№6, 1998 ж.*

## **«ӘДЕБИЕТ АЙДЫНЫ» ГАЗЕТІНІҢ САУАЛДАРЫНА ЖАУАП**

Қажығали МҰХАНБЕТҚАЛИҰЛЫ:

1. Иә, Қазақстан тәуелсіздікке Кеңес Одағы ыдыраған кезде қол жеткізді. Бұл – тарихи факті ғана. Бірақ кейбіреулер ара-тұра айтып қалып жүргендей, «ешбір қиналыссыз, оп-оңай қол жеткізді» ме? – Бұл енді ойланып барып қана жауап беруге болатын сұрақ.

Неге?!

Өйткені үстірттеу қараған адамға, расында, Қазақстан тәуелсіздікке ешбір қиналыссыз-ақ, оп-оңай жеткен секілді көрінеді. Олай деуге, сырттай қараған адамға, себеп те жетерліктей...

Біріншіден, Кеңес Одағы секілді жер шарының алтыдан бір бөлігін алып жатқан Ұлы Империя осынша оп-оңай құлап қалады деп ешкім де ойлаған жоқ.

Екіншіден, адамзат тарихында мұндай Ұлы Империялар ыдыраған («құлаған» десеңіз де өз еркіңіз!) кезде, нешеме жылдарға созылған ұзақ қантөгістер көп болған. Ал Қызыл империя күйреген кезде, қантөгіссіз болмағанмен, салыстырмалы түрде қарасақ – тіфа-тіфа, тіл-аузымыз тасқа! – Бұрынғы замандардағыға қарағанда қан аз төгілді деп ашық айтуға болады. (Бұл жерде қан тілеп отырған ешкім жоқ! Әр нәрсенің шамасы – салыстырмалы түрде қарағанда ғана айқындалатын болғандықтан айтып отырмыз мұны! Әйтпесе, Тәжікстанда, Приднестровьеде болып өткен, ал Шешенстанда күні бүгінге дейін жалғасып келе жатқан қактығыстар, ештеңемен де өлшеуге болмайтын Адам өмірінің көп қиылуы, әрине, зор қасірет екені кім-кімге де аян болса керек).

Ал Қазақстан секілді елде, тіпті тыныштық пен ұлтаралық келісім бұзылған да жоқ. Соған қарап, кейбіреулер бізге тәуелсіздік аспаннан аяғы салбырап түсе қалғандай көретін секілді.

Мұның үстіне, Қызыл Империяның иесі болған ұлттың жаңа басшысы асқан демократ болып көрінгісі келді ме, әлде аузына Құдай салды ма, Советтік Социалистік Республикалар Одағының субъектісі болып келген одақтас республикалардың басшыларына: «Сендерге Бостандық қанша керек болса, сонша алындар!» – деген сөзді өз аузымен айтып салды. «Ауыздан шыққан сөз – атылған оқпен бірдей», ол қайтып оралмайды! Одақтас Республикалар да отаршылдық езгіге енді қайтып оралған жоқ!

Міне, Тәуелсіздік, Бостандық секілді ұлы қажеттіліктерді Қазақ сияқты ешкімге зияны жоқ, момын, бауырмал, ақкөңіл

халыққа Алла Тағала өзі тарту ете салғандай көрінетіндігінің сырт себептері осындай.

Бірақ... сауалды тағы бір қайталап көрейік. Біз Тәуелсіздікке ешбір қиналыссыз-ақ, шынымен оп-оңай жеттік пе?! – Жоқ, жоқ, тағы да Жоқ!». Кімде-кім «Иә!» дер болса, ол өз халқының тарихын бетінен бір сызған адам есепті. Өйткені, дербес ел, ешкімге тәуелсіз мемлекет болып тұруымыз үшін арғы замандарда жүргізілген ұлы күрестерді былай қойғанда, Ресей империясының қолына қарағаннан бергі жерде, Қазақстан аумағында болып өткен ірілі-ұсақты үш жүзге тарта бас көтерулер мен толқуларды ұмытқанымыз болады бұл! Бұл – Сырым Датұлының, Исатай мен Махамбеттің, Кенесары мен Наурызбайдың, Жанғожаның, Есет Көтібарұлының, Иса мен Досанның, Әбдіғаппар ханның, Амангелді Иманұлы мен Кейкілердің көтерілісін; сондай-ақ күні кеше Созақ көтерілісіне, Асан көтерілісіне, Адай-Табын көтерілісіне қатынасқандардың, ең ақыры 1986-жылы Желтоқсан көтерілісіне қатынасқандардың күрестерін тәрк еткеніміз болмақ. Мұны білетін жұрт: «Қазақстан Тәуелсіздікке ешбір қиналыссыз-ақ, оп-оңай жетті!» – деп қалай айта алады?!

Мен бұл жерде тек Тәуелсіздікке «жеткеніміз» туралы ғана айтып отырмын. Ал қолымыз жеткен сол Тәуелсіздікті орнықтыру, баянды ету, келешекте ешкім оның іргесін шайқалта алмайтындай ғып бекіту – «қол жеткізуден» әлдеқайда қиын, әрі күрделі болғанына жұртшылықтың өзі куә. Сондықтан оған саналы түрде тоқтағаным жоқ. Ол – бөтен әңгіменің объектісі.

2. «1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы КСРО-ның күйреуіне алып келген тарихи мәні бар оқиға болғаны жөнінде жиі айтылады...» – дейсіз. Жоғарыда айтып өткен сөзімнен байқап отырған боларсыз: мен Желтоқсан көтерілісіне аса зор құрметпен қарайтын адамдардың бірімін. Әйтсе де, шындықтан аттап кеткен жерде, қасиетті нәрсенің де қадірі төмендеп, қыздырманың қызыл сөзі секілді, әншейін көтермелеу үшін айтыла салған әңгімеге айналып кететінін ешқашан есімнен шығармауға тырысам.

Бұл жерде де құрметпен немесе сүйіспеншілікпен айтылғанның өзінде, қасиетті нәрсенің қадірін кетіретін жалғандық қосылып кеткенін айтпай кетуге болмас... Өйткені «КСРО-ның күйреуіне алып келген тарихи мәні бар оқиға – 1986 жылғы біздің Алматыдағы Желтоқсан оқиғасы» деу – бері салғанда тым асыра бағалау да, әрісін айтсақ жалған мақтан, тарихи тұрғыдан қате тұжырым.

КСРО-ның құлауының (қазақша айтқанда) тоқсан тоғыз себебі бар. Ол туралы талдау жасауды тарихшылардың, саясаттанушылардың, әлемдік экономикалық қатынастардың білгірлерінің еншісіне қалдыра тұралық.

Ал «Желтоқсан құрбандарын еске алып отыру үшін», қандай игі шаралар жүзеге асырылуға тиіс? «Өлі риза болмай, тірі байымайтыны» туралы мәтелді жақсы біле тұра, мен қазіргі көзі тірі «желтоқсандықтарды» төбемізге көтере құрметтей алсақ, соларға моральдық, материалдық көмекті мықтап жасай алсақ, осылардың «қандыкөйлек» достары – «Желтоқсан құрбандары» риза болар еді деп ойлаймын.

3. Тәуелсіздігіміздің нығаюы дегеніміз – ұлттық рухтың нығаюы; дініміздің, ішкі діліміздің, тіліміздің нығаюы. Қаламгер ретінде, мен өз жазған-сызғандарымда осы ұлттық рухтың нығаюына септігім тисе екен деп отырмын. Ал Қазақстан азаматы ретінде – отандастарымыз, өзге ұлт өкілдері, қазақтың тілін білсе екен, жанын түсінсе екен деп, мың шақты адам еңбек ететін бір мекемеде «орыс тілділерге» қазақ тілінен сабақ беріп жүрмін. Құдайға шүкір, шәкірттерім «Мемлекеттік тілді оқып-үйрену жөніндегі» республикалық конкурстарда әлденеше рет жеңімпаз, жүлдегер атанды.

Ал Тәуелсіздігіміздің 10 жылдығы қарсаңында, бір Алланың ризашылығы үшін, ел-жұртымыздың имандылық жолына жаппай бет бұруы үшін, өзім туған ауылда мешіт тұрғызып, халық игілігіне тапсырғанымды – тіршілігімде істеген ең бір оңды ісім деп есептеймін. Бұл Тәуелсіз Қазақстанның нығаюына өз тарапымнан қосқан үлесім деп те ойлаймын.

**МЕН, 18 ҒАСЫРДА,  
СЫРЫМ ЗАМАНЫНДА ЖҮРМІН...**

*(«Ақтөбе» газетінің тілшісі А.Орынғалиевпен сұхбат)*

– Сіз шағын әңгімелеріңіз бен повестеріңіз арқылы оқырман қауымға ерте танылдығыз. Шеберлігіңізді үлкенді-кішілі жазушылардың өздері де мойындады. Алайда қазақ халқының аяулы ірі тұлғасы – Сырым Датұлы туралы бастаған романыңыз ұзаққа созылып кетті. Оқырманды осы кітаптың қашан аяқталатыны қызықтыратыны даусыз.

– Сұрақты менің творчествомның ең соңғы кезеңіне қарай бірден ауыстырып жібердіңіз. Бұл бәлкім, менің сүйекті шығармам болатын шығар. Бірақ негізінде, менің творчеством жаңағы өзіңіз айтқандай, әріректегі шағын жанрлардағы дүниелерден тұрады: әңгімелерден, повестерден. Алғашқы әңгімелерім кешегі кезеңде жазылды. Шүкір, бәрі де жақсы қабылданды, кезінде табыс әкелді, бәріне де жақсы пікірлер айтылды. Алғашқы 4 кітабым әңгімелер мен повестер. Қазір роман жазып жатыр екен, тарихи шығарма, сүйекті шығарма ғой деп, алдындағылардың бәрі қосалқы шығарма сияқты қабылданбауы керек.

Бір әңгіме жазудың өзі, бір роман жазумен бірдей. Себебі, оның да басы, аяғы, композициясы, характерлері болады; шағын, құйттай ғана алаңда барлық айтатын ойың ақтарылады. Сондықтан мен әңгімелерімді тәуір шығармалар деп есептеймін. Әрине, роман сүйекті дүние ғой. Айтып отырғандарың дұрыс. Бұл шығарманың басталғанына 10 жылдан асып кетті. Пәленбай уақыт алған тарихи материалдар! Осыған байланысты «Егемен Қазақстанға» мақалалар жазылды. Сырым көтерілісінің тарихы зерттелді. Академияда академиктердің, ғалымдардың алдында баяндама жасадым. Оның материалдары «Қазақ әдебиетінде» басылды. Аталарымыздың батырлығына қатысты басқа да материалдар жаздым. Осының бәрі уақытты ала береді. Әйтсе де бұл романға барар жолдағы, оны жазу барысындағы дайындық еді.

Сырымға байланысты тарихи материалдарды іздеп, архивтерді ақтардым. Тарихи материалдар дегенде, мұның өзі қызық. Мысалы, Сырым көтерілісі 1783 жылдан 1797 жылға дейін, 14 жылға созылса, оның әр жылында орта есеппен 9–10 мың дело болған екен. Бұл орыс архивтерінде бар. Бірақ қаншама материалдар жоқ болып кеткен. Мәселен, 10 мың делодан 2–3 мыңы ғана қалған. Мен «Қазақ әдебиетінде» осыған байланысты жаздым. Кейбір оқиғалардың басы бар да, аяғы жоқ.

– *Жоғалып кеткен бе?*

– Әдейі жоғалтып жіберген. Отарлық саясатқа байланысты өмірлік құпия мәселелерді жойып жіберген. Өткен ғасырдың аяғында Ресейдің архив құжаттарына реттеу жүргізген. Әдейі комиссия құрылып, бүкіл архив құжаттарын сұрыптаған. Сұрыптау деген желеумен бүкіл архив құжаттарының «керек емес жерлері» түгелімен өшірілген. Содан келіп, керек материалдардың басы жоқ та, аяғы бар. Бұл оқиға қалай болған екен деп, басын іздесең, жоқ. Әдейі жоқ қылып жіберген. Ал кейбіреулерін әдейі жоқ қылмағанмен, өздері үшін мән-мағынасы шамалы нәрселер ретінде құртқан. Бірақ ол жазушы ретінде саған керек. Яғни, себебі бар да, салдары жоқ. Ал кейбіреулерінің салдары жатыр да, себебін іздесең – жоқ. Осындай көптеген нәрселер қолбайлау болды. Екіншіден, мен жасырмаймын, бұрын тарихи шығарма жазбаған кісімін, тәжірибем болмады. Документке көбірек байланып қалдым. Әйтпесе, мен алған идеямнан, әуелгі көздеген мақсатымнан айныған жоқпын. Бірақ материалдарды игеру кезінде архив материалдары кісінің қолын байлап тастайды екен. Суреткердің өзінің қиялы араласпаған жерде көркем шығарма болмайды. Талай жазылған нәрселерді жаратпай, түгелдей сызып, жыртып тастаған уақыттарым болды. Осындай себептерден роман ұзаққа созылып кетті.

Дегенмен, кітаптың бірнеше тарауы жазылды. «Жалын», «Таң-Шолпан» журналдарында жарияланды. Басқа да тараулары жазылу үстінде. Қазір осы романға қадалып отырмын.

– *Қашан аяқтайсыз?*

– Оны сәті біледі. Әлі бітпеген нәрсені пәлен уақытта бітеді деп, әрине айтпаймын. Шығарманың өзі біледі ғой. Бәлкім, ол 2 том, бәлкім 1 кітаппен шектелуі. Оны кейіпкерлердің логикасы шешеді.

– *Жазушылыққа келуіңізге не себеп болды? Қазақ қаламгерлерінен кімді пір тұтасыз?*

– Әлем әдебиеті болсын, қазақ әдебиеті болсын кез келген әдебиеттің классиктері тамсандырады. Олардың әрқайсысы бір-бір сала. Тіпті, менің қасымда жүрген, талантты, қанаттас жазушы жолдастарым болса, олардың өзі бір сала. Бәлкім, олар ертең қазақ әдебиетінің классигі деп аталар, әзір аталмай жүргенмен... Сондықтан ешкімді пір тұтпағанмен, олардың әрқайсысын бір-бір сала деп қарау керек. Олардың барлығының шығармалары кейінгі ұрпақ жазушыларының алдында тұратын шың болады. Солардың иығынан тұрып қарағанда, оның әр жағындағы биіктер көрінеді. Сонда өзіңнің қай шамаға келгеніңді сезінесің. Өзіңнің мүмкіндігіңді соған қарап реттейсің.

– *Ал сіз өзіңізді қай шамада жүрген жазушымын деп есептейсіз?*

– Мен өзімді жақсы жазушымын деп қана есептеймін. Мына роман бітпей ештеңе айта алмаймын. Роман бітсе, бәлкім... Адам үміттенеді ғой. Сенің өмірлік шығармаң болуға тиіс. Әр жазушының қадау-қадау шығармасы болады. Толстойды айтса, «Война и мирді» айтады. Әуезов әңгіме болса, «Абай» эпопеясы ойға оралады. Нұрпейісовке келсек, «Қан мен тер» еске түседі. Сол сияқты нәрсе ғой.

– *Қазіргі мынау қоғамдағы өзгерістер әдебиетте неге жоқ. Ілияс, Бейімбет құсап 27–30 жылдардың суретін бірден түсіре қойған. Қайта кешегі Кеңес кезіндегі оқиғаларға жазушылар ілесіп жүрген сияқты. Менің ойымша, қазір жазушылықта тоқырау бар сияқты.*

– Сұрақ өте дұрыс. Шынында, қазіргі заманның адамдары көркем әдебиеттен өзінің замандасының бейнесін көргісі келеді. Бұл заңды нәрсе. Бірақ осы мәселелерге байыпты қарау керек.

Мысалы, көркем шығарма жазу үшін, әуелі оның материалын ішкі диірменінде айналдырып, ұнтақтап, ішінде қорыту керек. Оның бәріне уақыт керек. Қазіргі заман өзгерісін де жазушылар сол өздерінің ішкі диірменінен өткізіп жатыр ғой деп ойлаймын. Мен, өз басыма келер болсам, Сырыммен айналысып, қазіргі заманға ой бұруға уақытым болмай жатыр. Жазар едім, бірақ мен 18 ғасырдамын, Сырым заманындамын: бұл заманға қайтып келсем, онда мен өткен заманның атмосферасына көпке дейін орала алмаймын...

– Мүмкін, бұл жазушыларға қазіргі кезде ықыластың, көңіл бөлудің, ынталандырудың кемдігінен болар ма?

– Міне, осы бір үлкен қате пікір. Егер сен шын жазушы болсаң, қоғамның ынталандырғанына, ынталандырмағанына қарамауың керек. Бұл менің шын сөзім, ашығын айтып отырмын. Сен сыйлық алдың ба, алмадың ба? Сені қоғам көтерді ме, көтермеді ме? Оның бәрі ұсақ мәселелер. Оның әдебиетке түкке керегі жоқ.

– Сіздің ойыңызды түсіндім. Ендеше, бізде *Өтежан айтамындай*, *Бальзак*, *Толстой сияқты пәленбай том шығармалар жазатын жазушылар неге жоқ?*

– Ол заманмен бұл заманды салыстыруға болмайды. Әр заманның өз ерекшеліктері бар. Олар таза творчествомен отырған адамдар ғой. Біздің қоғамда ондай жағдай болған жоқ. Толстой – граф, жұмыс істемейді, басы қатып бала-шағаны қалай асыраймын демейді. Қоғамға тәуелді емес, өзінің пәленбай имениесі бар. Ол соқаның соңына шаруаның өмірін танып, өзінің шығармаларында тек соны дұрыс көрсету үшін жүрді. Ал біздің қоғамда жазушы үкіметтің жұмысын атқарып, үйге келгеннен кейін өзінің ұйқысы мен денсаулығының есебінен жұмыс істейді.

– *Қажеке, ол кезең өтті ғой. Біздің жазушылар, мына Құдайдың бергеніне қарамай, әлі де қоғамға араласуға өздері сұранып тұратын сияқты көрінеді. Мысалы, мүйізі қарағайдай көп жазушылар депутат болып кетті. Жазуды қойды. Өзіңіздің де депутаттыққа ұмтылған кезіңіз болды ма?*

– Болды ғой ол енді. Ең алдымен, жазушы – қоғам қайраткері. Сондықтан да араласқымыз келді, араласуға тиісті де сияқты болдық. Себебі, осы қайта құру заманының жүгін көтеру жазушылардың да мойнында жүрді. Оны дайындап алып келгендердің бірі – солар еді ғой. Енді сол өзі дайындап келген қоғамның өзгерістеріне жазушы әлі де араласқысы келсе, оны кінәлауға болмайды. Менің өзім де депутаттыққа ұмтылып...

– *Шығармасына обал бола ма деймін ғой...*

– Шығармаға обал бола ма, болмай ма, оған әркім әр түрлі қарайды. Мәселен, Кекілбаев сияқты үлкен жазушы ірі қоғам қайраткері дәрежесіне жетті. Биліктің үш шыңы болса, соның бір басына шықты. Жоғарғы Кеңестің төрағасы болды. Ал Кекілбаевтың жазушылығы туралы еш қорықпай айтуға болады: біздің заманымыздың ұлы жазушысы.

– *Ал енді міне, соңғы 11–12 жыл бойы шығармашылығы тоқтап қалды ғой.*

– Дұрыс қой. Көркем шығарма тоқтап қалды. Бірақ оның есесіне біздің заманымызға өте қажет өзекті мақалаларды бірінші жазатын сол. Өз заманындағы Байтұрсыновтың жасағанын Кекілбаев істеді. Қазіргі заманның өзекті мәселелерін өз публицистикасында айтты.

– *Әжептәуір ірі қызметтер атқардыңыз. Бірақ көп тұрақтамадыңыз. Оның себебі не?*

– Номенклатуралық қызметтерге қолым жетті. «Қазақ әдебиеті» газетінде істедім. Сөйте тұра, мен қызметті тастап кеттім. Егер қызмет, мансап қуған адам болсам, тістеніп айрылмас едім. Таңданғандар болды оған.

– *Партияға кірмедіңіз бе? Жалпы көзқарасыңыз қалай оларға?*

– Ешқандай партияға кірмеймін. Қазір ашық айту керек, біздің қоғамда сенімді партия жоқ. Өзінің дербес бағыты, ешкімге ұқсамайтын бағдарламасы, өзінің ұйымдық негізі және қоғамда базасы бар партия бізде жоқ.

Қазақстанның демократиялық таңдау қозғалысы бөлініп партия құруда. Менің ойымша, билік үшін күрес жүріп жатыр. Бұлардың бәрі партия емес. Олардың артында тұрған нақты

## Шығармалары. Екінші том

элеуметтік топ жоқ. Ондай партия еш уақытта да өз мақсатына жете алмайды.

– *Ақтөбенің қазіргі өмірі жайлы пікіріңіз қандай?*

– Мен басқа жағына тоқталмай-ақ қояйын, бір жағын ғана айтайын. Ең алдымен былай: шаруашылық бүгін жақсы болады, ертең төмен болады. Мұның бәрі – экономикалық көрсеткіштер; бірде жоғары, бірде төмен ауысып отырады. Бұл облыстағы халықтың жағдайына да ешқандай пікір таласым, алып-қосарым жоқ. Ол өзі – күнделікті күйбең істерді мойындарына алған облыстық, қалалық әкімшіліктердің міндеті. Ал енді руханиятқа қатысты мәселеге келетін болсам, көп нәрсе істеліп жатқан жоқ. Мен сендерге кәдімгі көрнекі құрал ретінде айтайын... Атырауға назар аударыңыз; 14 жігіттің кітабы шығарылды. Өнер, қылқалам шеберлерінің «Атыраудың нақыштары» деген көркем суретті кітабы шықты. «Махамбет» театрын қайтадан аяғынан тік тұрғызды. Газетте, телевидениеде жасап жүрген өзіңіз сияқты журналистерге, 15 адамға облыстық грант тағайындалды. Ондаған жазушылар мен өнер адамдарын көшіріп алып, жайлы пәтер берді. Құрманғазыға, Динаға ескерткіштер қойды. Немесе мына Оралға қараңыз...

– *Қажеке, сөзіңізді бөлейін...*

– Бөлменіз. Мұнда, Оралда да Евразия әдебиетшілер үйі, Ғарифолла Құрманғалиев атындағы филармония, Жұбан атындағы кітапхана үйі ашылды. Және Жұбан Молдағалиевке ескерткіш қойылды.

– *Бізде де атқарылған біраз жұмыстар бар.*

– Білмеймін. Басқасын айтпағанда, Ізтай Мәмбетов 70-ке толды. Ол қандай ақын еді. Кез келген әдебиеттің маңдайына тар келмейтін, ірі тұлға, республикадағы белгілі ақын еді. Оның досы Ғафу Қайырбеков қандай ақын болса, Ізтай содан кем болмаған. Керек болса, Ғафу «Орақ» деген өлеңін Ізтай Мәмбетовке арнаған:

*«Қайың бір сапты қара көк,*

*Болаттан соққан орақ ед»,* – деп жырлаған. Сол Ғафулардың өзі көкке көтерген Ізтай Мәмбетовтің 70 жылдығына ешкім Ақтөбеде мән берген жоқ. Қалай сонда?

– *Тым турашыл екенсіз. Коммунистік партияның қатарында болмағансыз-ау шамасы?*

– Номенклатурада жүргенімде өттім. Екі-ақ жыл партияда болдым.

– *Ауданда жұмыс істемеген секілдісіз...*

– Барған жоқпын. Ақтөбеге де сыймай кеттім. КазГУ-ді үздік бітірдім 1965 жылы. Ол кезде белгілі уақыт жұмыс істемесең, диплом бермейтін. Менің қолыма дипломымды беріп, Мәскеуге МГУ-ға аспирантураға жіберген. Сөйтсем, алдап жіберген екен. Құжаттарымды қабылдамады. Ақтөбеге келсем, шенеуніктерден көше алмай қалған екен. Келісе алмадым.

– *Мен сізді қағу көрмей, бұла болып өскен шығар деуші едім.*

– Сырт адамдар солай ойлайды. «Бөрі арығын білдірмес, сыртқа жүнін қомпайтар» деген ғой. Қаншама уақыт жұмыссыз жүрдім. Ақыр аяғында облыстық баспа басқармасына 60 сом үй сыпырушының жалақысымен шаққа орналастым. Одан ол қысқарып, жылға жуық «Коммунизм жолы» газетінде жүрдім. Содан 1969 жылы Алматыға барып, баспаға жұмысқа орналастым.

– *Қандай мінезді адамдарды ұнатасыз? Сірә, екшеп қарайсыз ғой.*

– Адам баласын екшемеймін... Маған хан баласы да, қайыршы баласы да бірдей. Барлық адаммен үйлесе беремін өз басым. Егер сол кісінің бойынан кішкене кісілік көрсем жетеді.

– *Домбыра тартып, ән саласыз ғой.*

– КазГУ-де оқып жүргенімде Нұрғиса Тілендиев басшылық жасаған құрама оркестрге қатысқаным бар. Қазанғаптың күйлерін жақсы көремін.

– *Ғабеннің – Ғабит Мүсіреповтің жолын ұстанатын сияқты көрінесіз. Бойды күту, сырбаздық, әдемі киіну дегендей. Құмар ойындарына қалай қарайсыз?*

– «Қазақ әдебиетінің» соңғы 16 бетінде қазақ жазушыларының, өнер адамдарының хоббиі туралы жазады. Менің де хоббиларым көп. Республикадағы ең әйгілі карташылармен қол көріскен адаммын. Картада преферанс – халықаралық ойын.

Шығармалары. Екінші том

Ғалым Батырханұлы Сайденов деген азамат Жамбылдың технологиялық институтының ректоры болды, ғылым докторы. Сол кісі преферанс ойыны жөнінде үш кітап жазды. «Я играю преферанс», «Преферанс»... деген.

– *Соның бәрін оқыдыңыз ба?*

– Иә. Сол кісінің өзімен ойнағанмын.

– *Ұттыңыз ба?*

– Ұттым да, ұтылдым да. Әйтеуір сол кісілермен қатар отырып ойнағанмын.

– *Біздің өңірде марқұм Ідіріс Суқашев деген ағамыз СССР-дың бас прокуроры Рудиннің өзімен ойнаған деуші еді.*

– Білемін ол кісіні. Бірақ ойнауға сәті түспеді. Аңшылық та, балықшылық та бізден қалды. Ақша салып бильярдты да атақты адамдармен ойнадық. Бәрін тастадық қой.

– *Жазушы адам барлық жағынан да басқаларға үлгі болу керек деп ойлайсыз ба?*

– Жазушы, ең алдымен, қарапайым адам болуы қажет. Егер ол өзі кекірт, нашар адам болса, одан бірдеңе шыға қояды дей алмаймын. Бәлкім, кейбір қаламгерлер сырт көзге қисық адам секілді болып көрінуі мүмкін; бірақ өзінің ішкі дүниесі таза, адал болу керек. Әйтпесе, «Өзің диуанасың, кімге пір боласың» демей ме қазақ.

– *Заман өзгерді, қоғам өзгерді, ал оқырман өзгерді ме, өсті ме?*

– Оқырман деген ол өзі әр түрлі халық қой. Олардың ішінде түк білмейтін топастан бастап данышпанға дейін бар...

Маған деңгейі төмен он мың оқырманнан гөрі, кәдімгі түсінетін 10 оқырманның оқығаны артық.

– *Жазушының өзі де оқырман ғой, таңдап оқитын. Ал өзіңіз кімдерді оқисыз? Әлде бәрін оқып тастадыңыз ба?*

– Классикалық әдебиет – түгесілмейтін бір дүние. Адам баласының осы уақытқа дейінгі жасаған ұлы мұралары деген шексіз ғой. Бір адамның ғұмыры оған жетпейді. Менің зерделеп, зерттей оқыған, түгелдеп оқыған жазушым – Тол-

стой болатын. Сосын Чеховты түгелге жуық оқыдым. Әлемдік классиктердің шығармалары 200 том бізде. Ол тек ірі-ірі шығармаларын алғанда. Сондықтан өзіңе қажеттісін ғана оқисың. Мен былай жазып жатырмын, ол қалай жазады екен деп қарайсың. Кейде өзіңді сонымен салыстырасың. Мен содан артық жазуым керек дейсің. Егер алдыңа осындай мақсат қоймасаң, онда үлкен шығарма шықпауы мүмкін.

– *Көп оқығанның жазушыға залалы жоқ па?*

– Жазушының уақытын алатыны жағынан залалы болуы мүмкін. Бірақ оқымай, жазушы болу – мына заманда мүмкін емес. Қадыр Мырза Әлиді алайық. 15 томдығы шығып жатыр. Соның бір томы – «Жазмыш» деп аталады. Қаншама кітап оқыған. Сол өмір бойы оқыған кітаптарынан жиған материалдар. Бал арасы гүлдің нектарын қалай алатын болса, Қадекең сол арадай бал жинаған. Кітап оқуда Қадыр Мырза Әлидей жүйелі жұмыс жасауға ешкім жеткен жоқ. Оның біліміне де жеткен жоқпыз.

– *Қазіргі халықаралық жағдайға, АҚШ-тың Ауғанстанға кіруіне көзқарастар әр түрлі. Мұны қайсыбіреулер мұсылман әлеміне қысым деп те қарайды. Жазушы ретінде осыған байланысты ойларыңыз.*

– Күлбілтелемей, ашығын айту керек. Қазір Америкаға әй дейтін әже, қой дейтін қожа жоқ. Бүкіл әлемдік жандармға айналды. Бір кезде Ресей солай болған. Америка қазір әлемнің жандармы.

– *АҚШ пен Израильдің іс-қимылында сабақтастық бар ма?*

– Оған сөз жоқ. Бұл – ар жағын қазып қараса, әлемдік саясат...

– *Мерейтойыңыз – 60 жылыңыз жақындап келеді екен биыл. Қандай ойларыңыз бар?*

– Жылдың аяғына қарай ғой. Мен ондайға көп мән бермеймін... Бар ойым романды аяқтасам деймін. Бір бөлмеге кілттеніп отырған жай бар.

– *Қай кездерде жазасыз?*

– Бұрын, әлгінде айттым ғой, денсаулық, ұйқының есебінен, түнде отырып жаздым. Барлық шығарма осылай туды. Қазір енді жағдай басқаша. Үйде ертеңгілік сағат 9-дан кешкі 6-ға дейін жазамын. Бөгет жоқ...

– *Әңгімеңізге рақмет. Творчестволық табыс тілейміз.*

*«Ақтөбе» газеті,*

*1.03.2002 ж.*

## **СЫРЫМ – БІР ОБЛЫСТЫҢ БАТЫРЫ ЕМЕС, ИСІ ҚАЗАҚҚА ОРТАҚ ТҮЛҒА**

Кеше ғана Ақ Жайық атырабында қасиетті Сырым бабамыздың дүркіреп тойы өтті. Осынау дүбірлі шараға сонау Алматыдан арнайы келген қонақтың бірі, Сырымтанушы, жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қажығали Мұханбетқалиұлы болатын. Біз халық кемеңгері, батыр, шешен би Сырым бабамыз туралы жазушыны әңгімеге тартқан едік.

– *Қажығали Мұханбетқалиұлы, Сырым туған топыраққа қош келісіз. Үш күнге созылған шарадан қандай әсер алдыңыз?*

– Рақмет. Мен өзім Сырымның 250 жылдығына да, 260 жылдығына да келгенмін. Баяндамалар жасағанмын. Ол кезде де ғылыми конференциялар болып, солардың бірінде сөйлегенмін. Мұндай шаралар дүниеден әлдеқашан өтіп кеткен ұлы бабаларымызға қажет болмағанмен, кейінгі ұрпаққа аса қажет. Себебі, халық тарихындағы үлкен оқиғалар, ірі-ірі сілкіністер, солардың тұсындағы қоғам қайраткерлері, бүгінгі тілмен айтқанда, сол замандағы ірі-ірі би, болыстар, батырлар істеген істерімен кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге болуға тиіс. Бұл ретте мынау 250 жылдығы өтті-ау, 260 жылдығы өтті ғой деп қанағаттанып қана қоймай, 265 жылдығын кіндік қаны тамған жері Жымпиты аулында тойлауы көңілімді қуантып отыр. Әсіресе, Сырым Датұлына арналған халықаралық ғылыми конференцияның өтуі, онда бабамыздың мәңгілік мекеніне айналған Хиуа еліне арнайы барып, бір уыс топырағын туған еліне әкелген экспедиция мүшелерінің біраз ойларды, тұшымды

пікірлерді ортаға салуы, Өзбекстанның Нүкіс қаласынан, Ресейден бір топ тарихшы ғалымдардың келуі осы шараның мәнін де, мазмұнын да аша түсті. Бұдан соң тойға жиналған қауымның Сырым шыққан төбеге тарихи белгі қойып, мұражай ашуы – бабамыздың аруағын қайта бір жаңғыртқандай әсер етті. Бұл да бірі кем дүниенің кетігін толтырған аса игілікті іс болды. Мұндай ірі-ірі тұлғалар туралы, олардың замандастары мен қандыкөйлек жолдастары туралы тарихи материалдар бір жерге жинақталып, сақталуы тиіс. Айталық, басқа бір елдерде осындай тарихи оқиғалар хатқа түсіп, қағазға сызылып, белгілі бір туристік маршруттарға айналып жатады. Мысалы, Орал қаласына келген кез келген саяхатшы «Сырым Датұлының тарихымен танысамыз, ескерткішін көреміз» деп туристік сапармен шыға қалса, осы жасалған жұмыстың бәрі кім-кімге де ұялмай, қысылып-қымтырылмай көрсетуге тұратын дүниелер. Ауқымды істер. Тек енді жергілікті тұрғындар кесененің айналасын күтіп ұстап, мұражайын ғылыми еңбектермен толықтырып, ұрпақтан ұрпаққа аман жеткізсе, нұр үстіне нұр болар еді.

– Сіз талай еңбектеріңізде «Сырымның жеке өз басына тоқталып қалмау керек» деген ойлар айтып, жазып та жүрсіз. Енді бұл тұрғыда нендей шаруаға баса көңіл бөлген дұрыс деп ойлайсыз?

– Менің айта беретінім, айбынды батырдың ағайынбауырын, жора-жолдастарын зерттеу керектігі. Осы төңіректе олардың қайсысының бейіті қайда жатыр, олар қандай жағдайда дүниеден өтті? Осы жайттың бәрін зерттеп, материалдарды көбейту қажет. Айталық, Сырымның ұрпақтары, кейінгі буын-немерелері, шөберелері – үлкен қоғамдық қызмет атқарған адамдар. Мысалы, Сырымның үлкен баласы Жүсіп тархан болған. Кезінде Мәскеуде тұрған. Немесе одан кейінгі баласы Қазы да әкесінен кейін Байбақты елін басқарған. Заманында үлкен би болған. Қоғамдық қызметтер атқарған. Ұзақ уақыт Баймағамбет Айшуақовпен араларында кикілжің болып жүрген. Осы Қазы бидің бейіті «Қазының қылысы» деген жерде жатыр. Осыдан біраз жыл бұрын көргенімде тым жақсы күйінде

тұр еді. Қазір құлап қалған. Тек құлпытасы тұр орнында. Ертен оның да жоқ болып кетуі әбден мүмкін ғой. Біз қазақтың Сырым секілді біртуар перзентін білеміз. Ал Сырымның орнында не бар, төңірегінде кімдер болды, қандай із қалды дегенде, оған қатысты деректердің бәрі де сақталу керек. Осындайда ойдан ой туады. Сырымның әкесі Датпен бірге туған Есенбайдың мешітін салған кісі болған. Есенбайдың мешітінің де орны тұр. Немесе Сырымның Жандыбай деген інісі батылдау, қайратты, тентектеу адам болған деседі. Осы Жандыбай қыстауының орнында «Жандыбай ағашы» деген жер бар. Керек болса, Мұхиттың атақты «Ақиіс» дейтін әні бар ғой, сол әндегі Ақиістің күйеуі Мұхтар да Сырымның немересі. Қазының баласы.

Міне, осылардың барлығы түгенделіп, екшеліп, әрқайсысына белгі қойылып, Сырым ұрпақтарына да арналып шаралар жасалса, онда Сырым тарихын білем деген, Сырым көтерілісіне қатысты оқиғаларға көз жүгіртем деген адам толық мағлұмат алған болар еді. Өркениетті елдерде осылай жасайды. Тек «Сырым деген батыр болған екен» деген сөзден ештеңе шықпайды.

*– Сіз 1992 жылы «Егемен Қазақстан» газетіне жариялаған мақалаңызда қаламгер Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпан стансасы» әңгімесін тілге тиек еткен едіңіз. Осы әңгімені тағы бір жаңғыртып өтсеңіз.*

– Сауалың жөн. Сырым өзі ел аузындағы аңыз-әңгімелерге қарағанда, өмірде аса ірі, сүйекті кісі болған ғой. Саптама етігінің ішіне екі-үш жасар бала тығылып ойнайды екен. Бойы екі кезден астам. Беліне байлайтын кісесінің өзі жалпақтығы қарыс жарым, ұзыны анау-мынау атқа айыл тартпа қылуға жарарлықтай болыпты деседі. Асылы, мұндай ірі кісілер бұрынырақта болыңқыраған ғой. Батырдың әлгі кісесін өзінен кейін беліне байлаған жиені, кәдімгі есімі елге белгілі ер Есней екен. Сол ерен тұлғалы Еснейдің өзі Сырымның әлгі кісе белбеуін ара-арасына алақан сиярлықтай тоғыз тесіп, әрі тартып буыныпты деседі. Есней дүниеден өткен соң, ол мұраны тұтынар артында перзент калмағандықтан, әйелі Ұлпан белдікті нағашыларына – Байбақтыларға қайта апарып бергені жөнінде Ғабекеннің «Ұлпан стансасы» әңгімесінде айтылады.

«Жиырмасыншы ғасырдың басында «Орынбор – Ташкент» темір жолы тартылып, дәл осы «Ұлпан көлінің» басына темір жол стансасы салынарын, оның да аты «Ұлпан» боларын өзі, әрине, білген жоқ» деп аяқталатын шығарма. Көрдіңіз бе, осы шығармада да Ғабең баяғы Сырым бабамыздың келісті кісі болғанын бейнелейді. Міне, осындайда ойды ой жалғайды. Менің Сырым Датұлы төңірегінде айтар ойым, жазарым әлі де көп. Өткен жылы «Парасат» журналының екінші санында шыққан мақалам түгел Сырымның ғұмырнамасына арналды. Мұны жазуыма себеп болған – сіздердің жерлестеріңіз Бақтыбай Далабаев деген азамат. Бірде Оралдан хат жазып жіберіпті редакцияға. Онда бабаның туған жылын, дүниеден өткен жылын әркім әр саққа жүгіртетінін, қайсысына тоқтарын білмей жүргендерін айтыпты. Мақаланы жазуыма осы ой түрткі болды. Тікелей ғұмырнамасына арнап жазған пікірімді әзірге ешкім жоққа шығара қойған жоқ. Бірақ әркім түрліше айтады. Бұлай істеуге болмайды. Бәріміз бір шешімге тоқтауымыз керек. Егер білгішсініп, жан-жаққа тарта берсек, одан ғылым тумайды. Арамызда Сырымның өзі жоқ. Көзі жоқ. Сондықтан бір пәтуаға келуіміз керек. Басқасын былай қойғанда, Сырым Датұлының портреті жайлы да бір тоқтамға келуіміз керектігі жөнінде үлкен мақала жазғанмын «Қазақ әдебиеті» газетіне. Біздің ешқайсымыздың қолымызда Сырым бабаның да, үш биіміздің де суреті жоқ. Ғылыми деректерге сүйеніп, байқау жариялап, Төле би, Әйтеке би, қаз дауысты Қазыбектің портреттері қолмен салынды.

Кейін «Елтұтқа» деген кітап шықты. Қарасам, канондық суреті бар Сырымымыз батырдан гөрі құндыз жағалы Иван Грозныйға көбірек ұксап кетіпті. Ал шындығында батырдың бейнесін салуға үлкен байқау жарияланған-ды. Қылқалам шебері Мұхит Қалымов бірінші жүлдені жеңіп алған. Канондық сурет – соныкі. Осы оралдық суретші Мұратбек Жоламан екінші орынға ие болды. Марқұм Мұратбектің де портреті жақсы салынып еді. Бірақ ол ұстазына жолын берді. Сондықтан, тағы да тоқтала кетейін, біз кейінгі ұрпақтың санасында Сырымның бейнесін мәңгі орнықтыру үшін, бабаның

## Шығармалары. Екінші том

бейнесін әр түрлі сомдап, жұртты шатастыра бермей, тамтұмдаған деректерді өзгертпей, бір шешімге, бір пәтуаға келгеніміз дұрыс.

– *Соңғы сұрағым, сіз баба туралы терең зерттеп, қалам тербеу жүрген жазушысыз. Қолға алған романыңыз біте келді ме? «Қонақ аз отырып, көп сынайды» зой. Елге айтар қандай өтініш, аманатыңыз бар?*

– 2004 жылы Республикалық «Арыс» баспасынан «Тұлға» деген сериямен үлкен жинақ құрастырып шығардым. Бұл жинаққа Сәбит Мұқановтан бастап, Әбілсейіт Мұқтардың, Серікжан Ысмайыловтың, Мырзатай Жолдасбековтің, тағы басқа да ғалымдардың, жазушылардың мақалаларын жинап, енгіздім. Ал енді романға келсек, мен өзі алдын ала бал ашқанды, биыл болмаса ертең бітеді-ау деген болжамды ұнатпайтын адаммын. 1992 жылы баба тойының 250 жылдығы қарсаңында «Жалын» журналының алтыншы нөміріне үлкен тарауды қолымнан жұлып алғандай етіп қоярда-қоймай басты. Одан соң Әбдіжәміл ағамыз романның тағы бір тарауын «Таң Шолпанға» сұрап алды. Бітіп тұрған екі үлкен тарау осымен оқырманға жетті. Бірақ әлі кітап болып біткен жоқ. Негізі шығарманы бітпей тұрып беру дұрыс емес екен. Сәтін салған күні ай да шалқасынан туар деген ойдамын.

...Сонымен, езгі көрген елімнің еңсесін қайтсем көтерем деп, орыс отаршылдығына қарсы тұңғыш рет бас көтеріп, он төрт жыл өмірін аттың жалы, атанның қомында өткізген Сырым Датұлының 265 жылдығын да атап өткіздік қой. Мана жоғарыда айттым, біз осымен шектеліп қалмай, әйгілі тұлғаның есімін үлкен-үлкен қаланың көшелеріне беруіміз керек. Сырым кейіннен табылған жаңалық емес. Ол біреулердің ойлап тапқаны да емес. Сырым – үш жүздің баласына таныс, тарихи тұлға. Осындай ірі тұлғаның атында не Алматыда, не Астанада көше жоқ. Біз Тәуелсіздік алдық дейміз, егеменді ел болдық дейміз. Сөйте тұра, Тәуелсіздіктің туын алғаш көтерген, алғаш қолына қару ұстап күрескен Сырым Датұлына бір көшені бермейміз. Бұл мәселені мен бір-екі рет көтердім. Бірақ ізінен қалмай қақсап жүріп сұрап алсақ, қадірі болмайды.

## Қажығали МҰХАНБЕТҚАЛИҰЛЫ

Неге біз оны қақылдап айта беруге тиіспіз? Ел басында отырған азаматтар өздері түсініп, өздері ойланулары керек қой?!

Бұдан былайғы жерде Сырым бабаның мерейтойлары тек Батыс Қазақстан облысында өтумен шектелмеу керек. Себебі Сырым – бір облыстың тұлғасы емес, исі қазаққа ортақ тұлға. Сондықтан мұндай санаулы тұлғаларды санада мәңгі жаңғырту үшін, мәңгі есте қалдыру үшін төрткүл дүниенің төрт бұрышында өткізсек те артық етпейді.

*– Қажығали аға, оқырман тұшынарлық біраз ойларды ортаға салдыңыз. Сізге үлкен рақмет айта отырып, Ақ Жайық өңірі оқырмандары атынан шығармашылық табыс, отбасыңызға амандық тілейміз.*

*Сұхбатты жүргізген*

*Мира Шүйіншәлиева,*

*Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.*

## III бөлім

# ІЗДЕНІС ІЗДЕРІ





## ҚАЗАҚТЫҢ БҰРЫНДЫҚ ХАНЫ ҚАЙДА ЖЕРЛЕНГЕН?

Егемендік алғалы ел-жұртымыз есін жиып, өзінің қайдан шығып, қайда келгеніне, сонау түпкі тамырынан бүгінгі жапырақ жайған шағына дейінгі жүріп өткен жолына зер салып қарауға қайтадан ден қоя бастағанына қуанбасқа әддің жоқ.

Қуанасың!

Қуанып қана қоймай, ендігі жерде жұртыңның жұлым-жұлым болған тарихи жадын қайтадан қалпына келтіруіне қолыңнан келгенінше септігімді тигізсем деп те ойлайсың. Шама-шарқыңша ұмытқанын есіне салғың келеді, жоғалтқанын іздесе жүретін жоқшысы болғың келеді. Туған халқыңның тарихына катысы бар әрбір деректі, әрбір материалдық мұрағатты мұқият зерттеп, олар туралы жазылған ғылыми еңбектермен барынша тереңірек таныссам дейсің. Танысқанда, ел-жұрт назарынан елеусіз, архивтердің тозаңында, тарихтың тайқазанында ұмытылып қалған немесе ұмытылуға айналып бара жатқан әлдебір дерек тапсаң, оны өзің ғана біліп қоймай, халқыңның бағзы замандардан бергі тарихын жүйелеп білгісі келетін өзге жұртқа да дереу жеткізгің келіп тұратыны бар. Өйткені тарихы тұтас хатталып, тасқа басылып, кейінгі ұрпаққа кемел дәрежесінде жетпеген біздің қазақ сияқты халықтың өткенінде не көп – үзік көп, көмескі жайлар көп. Қадау-қадау ірі тұлғалар болмаса, яки халық тарихында айтулы із қалдырған қаһармандар болмаса, (тіпті солардың да бәр-бәрінің ғұмырнамасы бүгешігесіне дейін толық жазылған деп кім айта алар екен?!), өзге қайраткерлердің, соның ішінде ел-жұртымыздың басы болған бірқатар хандарымыздың да не істеп, не қойғанынан, қайда өлгенінен, қайда жерленгенінен бейхабармыз немесе «пәленшекеннің айтуына қарағанда, солай екен..» деген секілді сілтемеден әрі аса алмай келе жатырмыз. Ал тарих – тек қана аса зор оқиғалар мен айтулы тұлғалардың қайталанбас ерен

## Қажығали МҰХАНБЕТҚАЛИҰЛЫ

ерлік істерінен ғана тұрмаса керек. Өйткені ел басқарған кезкелген хан-патшаның пешенесіне тек керемет өзгерістер жасау, ешбір замандасының есіне келмеген жаңалық енгізу бақыты жазыла бермегенін кәрі тарих жақсы біледі. Бірақ соған қарап, ел өміріне елеулі өзгеріс енгізе қоймаған ел басшысын, яки ол билік жүргізген заманды (кезеңді) өздерінің тарихынан алып тастап жатқан өркениетті ел көрдіңіз бе?!

Әрине, көрген жоқсыз. Өйткені шынжырдай шұбатылған тарих тізбегінен бір шығыршықты алып тастасаңыз, тұтастық жойылар, желі үзілер еді. Желі үзілген жерде – жадыңыз да үзіледі; жадыңыз үзілген жерден – мәңгіру басталмақ. Ел тарихына қатысты мәселеде ірілі-ұсақты жайттар болғанмен, оның «керектісі – мынау, ал мынауы – керексіз» деп лақтырып тастайтыны болмайтұғыны да сондықтан. Тарих үшін дыбысы жер жарған даңқтылар да; тәңірім таудай талап бергенмен, бармақтай бақты қимаған бейбақтар да – бәрі-бәрі керек; солардың қай-қайсысы да өмірде өз бастарын ғана күйттеген, өгей бала секілді біреулер емес, тарих көшінің бұйдасын жетектеп, басшы болған немесе сол көштің көлігін қомдап, жүгін артысқан қосшысы болса да жеткілікті.

Тірлігінде айтулы іс тындыра алмаса да, қазақ дейтін халықтың өз алдына ел болып, дербес отау тігуіне қолынан келгенінше ат салысқан сондай тұлғалардың бірі – Бұрындық хан. Құдайым оған Қазақ хандығының іргетасын қаласқан өз әкесі Керей мен оның немере туысканы Жәнібектің немесе өзінен кейінгі «қасқа жолды» салып кеткен Қасым мен «ескі жолды» салған Есімнің, не болмаса дүниенің төрт бұрышына түгел құлаш сермеді делінетін Хакназардың бақытын берген жоқ. Бір кезде күндей күркіреп, сонынан елу мың аламан ерткен күшті хан болғанмен, «қасқа жолды салып кеткен» Қасымыңның өзі – оның қарауында атты әскерді ғана басқарған қолбасыларының бірі болғанмен, тіпті жеке өз басының ерлігі де ешкімнен кем түспегенмен, өмірінің соңында оған тағдырдың дәм-тұзы ғана емес, топырақ та шет жерден бұйырса, Алланың ісіне не шара!?

Біз мынау шағын ғана материалда Бұрындықтың бүкіл өмірі

мен басынан кешкен хикаяларын тәптіштеп талдағалы отырған жоқпыз. Жоғарыда айтылған бір ауыз сөзімізге – мынау фәни дүниеден аттанарда оған (Бұрындық ханға) туған жерінің топырағы да бұйырмай, сүйегі жат жерде қалғанына байланысты ғана әңгіме қозғамақпыз.

...Бұрындық хан өмір сүрген кезеңді баян қылған сол тұстағы айтулы оқиғалар мен ірі-ірі тұлғалар туралы өзінің «Тарихи Рашиди» дейтін еңбегінде жазып кеткен Мұхаммед Хайдар Дулатиден бастап, кейінгі тарихшылардың бәрі де XVI ғасырдың бас кезінде Бұрындықтың ел ішінен қуылып, Самарқанға кеткенін, сол жақта көз жұмғанын ашық жазады. Бірақ қашан, қай жерде өлгенін; сүйегі қайда қойылғанын ешқайсысы атап көрсеткен емес. «Бұрындық қашан, қай жерде өлгені бізге анық белгілі емес, – деп жазады тарихшы Мұхаметжан Тынышпаев, – бірақ Мұхаммед Хайдардың айтуына қарағанда, ол 1503 жылдан кейін Қазақ хандығынан қуылып, Самарқанға кетеді де, жат жерде көз жұмады...» (М.Тынышпаев. Қырғыз-қазақ халқының тарихына қатысты материалдар, Ташкент, 1925, 46-б.).

«Хан тағында ұзақ уақыт отырғанмен, Бұрындық хан хандық билікті өз өмірінің ақырына дейін уысында ұстап тұра алмады. 1511 жылы күзге салым ол ел ішінен қуылып, Самарқанға, сонда тұратын қызына көшуге мәжбүр болды да, сол жақта – жат жерде өлді», – дейді Т.И.Сұлтанов. («XV-XVII ғасырларда Арал маңындағы көшпелі тайпалар», Москва, 1982, 115-б.). Дәл осындай пікірлерді М.Х.Әбусейітова да (XVI ғасырдың екінші жартысындағы Қазақ хандығы, Алматы, 1985, 42-б.), қазақ тарихын шұқшия зерттеп жүрген жазушы Қ.Салғараұлы да (Қазақтың қилы тарихы, Алматы, 1992, 156-б.) білдіреді. ҚСЭ-ның материалына қарасаңыз: «Қазақ хандығындағы... екі адамның арасындағы бақастық тартыста Қасым сұлтан жеңіп шықты да, Мұрындық 1510–11 ж. Самарқанға, Шайбани әулетінен шыққан адамдарға күйеуге берілген қыздарының қолына кетуге мәжбүр болды. М. сонда өлді», – делінеді. (ҚСЭ, 8-т., 216-б.).

Сонымен, көріп отырсыздар, басы ашық бір нәрсе – Бұрындықтың елден кетіп, «Самарқандағы қыздарының қолына

барғаны», «Сол жақта, жат жерде өлгені». Бірақ дәл қай жерде өлді, қайда жерленді? – белгісіз.

Бұл сауалдың бірінші бөлегіне жорамал-жауапты (көңілге көп түйткіл ұялатса да!) тағы да М.Тынышпаевтың әлгі аталған еңбегінен көруге болады. Г.Вамберидің «Бұхара тарихы» атты еңбегіне сүйене отырып, М.Тынышпаев былай дейді: «Темір әулетінің Шайбанимен 1505–1508 ж. соғыстарына зер салып қарап отырсаңыз, Темір әулеті жағында соғысқан «Бұрындық ханзада» туралы әлденеше рет әңгіме болады; ол 1508 жылы Шайбани Себзеварды аларда опат болыпты. Мұның бұрынғы «Қазақ ханы» Бұрындық болуы әбден мүмкін». (Жоғарыда айтылған еңбегінің 46-беті).

Әрине, бұл – жорамал. Автор «әбден мүмкін» дегенмен, жорамал әрқашанда екіұшты. Бұл пікірге кейінірек тағы бір оралып соғатын болғандықтан, енді сәл шегініс жасайық.

Хандар шежіресіне қарап отырсаңыз, Бұрындықтың 4 ұлы, 4 қызы болғаны байқалады. Шайхым, Санжар-Жаһан, Жаһанбақты, Қымсын есімді ұлдарын былай қоя тұрып, негізгі әңгімені қыздарына қарай бұрған жөн болар. Үлкен қызы – Дадым ханымды Жәнібек ханның немересі, қазақтың болашақтағы ханы – Шығай сұлтан алған. Шығай Дадым ханымнан: Әли сұлтан, Жалым сұлтан, Ибраһим сұлтан, Шағым сұлтан ( Шаһмұхаммед сұлтан) есімді 4 ұл көрген.

Дадым ханымнан кейінгі екі қызының бірі – Шайбани ханның інісі Сұлтан Махмұдқа; тағы біреуі Шайбани ханның өз ұлы Темір сұлтанға 1494 жылы ұзатылған. Кенжесі – Михр Сұлтан-ханым. Бұл қызы – Самарханда тұрған және профессор Фитраттың «Орта Азиядағы жер мәселесіне қатысы бар үш құжат» деген материалының айтуына қарағанда, күні бүгінге дейін сақталып келген ескі қағаздардағы мәлімет бойынша, Самарқандағы ең бай; әйел де болса – нағыз дәулеті шалқыған әйел болыпты.

Біз ханның ұлдарына тоқталмай, қыздарын сөз етіп отырғанымыз – негізгі тақырыбымыздан, айтпақ ойымыздан ауытқымау. Өйткені Бұрындық «Қазақ-хандығынан қуылып», Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарихи Рашидиында» айтуын-

## Шығармалары. Екінші том

ша: «Самарқанға кетеді де, жат жерде көз жұмады» ғой. Самарқанға барғанда, ол кімді арқа тұтып барды? Тарихи деректерге жүгінсек, ол жерде мұны құшағына алғалы тұрған туған-туысқаны, бауырлары, ұлдары көрінбейді. Қызының үлкені, сірә, өзін қуып жіберген Жәнібек әулетінің шаңырағына кетті. Одан кейінгі екі қызына барды ма дейін десеңіз (өйткені, ҚСЭ-да «Бұрындық... Самарқанға, Шайбани әулетінен шыққан адамдарға күйеуге берілген қыздарының қолына кетуге мәжбүр болды», – делінген ғой!), өзі хан болып тұрғанда Сырдың бойындағы қалаларға иелік ету үшін шайқасып өткені – осы Шайбани тұқымы емес пе еді. Енді келіп, елінен қуылғанда хан басымен сол ата жауының қолында отырған қыздарына бас сауғалап келуі екіталай-ақ нәрсе. Сонда сағалап келгені кім болған?! Бұл сауалдың бір-ақ жауабы болуы мүмкін, ол – әрине, кенже қызы Михр Сұлтан ханым болу керек. Бұл қызы Самарқанның өзінде тұрғанын, әйел де болса дәулеті еш еркектен кем емес, аса ауқатты адам болғанын жоғарыда айтқанбыз; ескі құжаттарда сонша байлықтың өз атына жазылғанына қарағанда, бәлкім, ері жоқ немесе күйеуі өліп қалған, басы бос, өзі би әйел болса керек. Біздіңше, Бұрындық хан осы қызын көздеп келген секілді...

Енді... бағанағы «қай жерде өлді, қайда жерленді?» – деген сауалдың екінші бөлігіне жауап іздейік.

Біз Самарқанда екі рет болдық. Мұнда қазақ тарихына қатысты мәңгілік ұмытылмайтын көптеген материалдық ескерткіштер бар екенін айта бастасақ, ол да бір таусылмайтын жыр. Самарқанның сәулетін асырып тұрған, Регистан алаңындағы үш ғажайып ғимараттың екеуі – «Тіллә қари» мен «Шердор» медресесі – біздің шалдың, Алла иманын саламат еткір, Жалаңтөс батырдың салғызып кеткен Сарайлары екенін ойлағанында, ондай мұрағаттың осы күнгі Жалаңтөс ұрпақтары өсіп-өніп жатқан жерде ұштығы да жоқ екені есіңе түсіп, ішін удай ашығаннан еңіреп тұрып жылағың келеді. Жә, бірді айтып, бірге кетеміз-ау...

Сонымен... сәулет өнерінің сол бір ғажайып туындыларын көреміз деп, осыдан біраз жыл бұрын Самарқанға бірінші рет

барғанда, ойда жоқ жерден «Бұрындықтың бейіті» дегенді көріп... өз көзімізге өзіміз сене алмағанымызды Сіздерге қалай айтып жеткізуге болар екен! Ой, Алла-ай, бір жоқты іздеп, бір жоқты табасың...» дегеннің осы болғаны ма?!

Бірақ ол сапарда біз ешкімнен ештеңе сұрап біле алмадық. Жоқ олай емес деп, біздің ойымыздағыны теріске шығарар пенде де кездесе қойған жоқ.

«Расында, сол біздің Бұрындық ханның бейіті ме екен, жоқ па?»

Іштегі бітеу жараға айнала жаздаған осы бір түйінді шешу үшін, биыл Самарқанға екінші рет сапар шегуге тура келді.

...Міне, біз ежелгі Афрасиабтың оңтүстік-шығыс беткейіне орналасқан, Орта Азия сәулет өнерінің тамаша ескерткіштерінің бірі, мемориалдық архитектуралық ансамбль – «Шаһи Зинданың» қақпасы алдына тағдыр айдап тағы да келіп тұрмыз. Қабірстанның кіреберісіндегі порталының маңдайшасына: «Осынау алып құрылысты Әмір Темір-Гураганның шөбересі, Шаһрухтың немересі, Ұлықбек-Гураганның ұлы Абдул-Әзиз хан 883 ж. салдырған» деп жазылған. Бұл Абдул-Әзизініз – Захираддиан Мұхаммед Бабырдың айтуынша («Бабырнаманы» қараңыз), әкесі Ұлықбек құда түсіп, кәдімгі моғолстан ханы Жүністің әпкесін айттырып әперетін Абдул-Әзиз ғой! (Қақпадан кірмей жатып, бұл жерде енді тарих осылайша өз-өзінен сөйлей бастайтын әдеті...).

Ішке еніп, күйдірілген кірпіштен өрілген басқыштармен жоғары өрлеген сайын, Самарқанның ми қайнатар ыстығы ұмытылып, алдыңыздан сап-салқын саз лебі есіп қоя береді. Екі жағыңыздан ентелей төніп тұрған ежелгі мазарлар... Әсемдігі бірінен-бірі өтеді, нақышының ғажаптығы соншалық – көзін бір нәрсеге тұрақтай алмай, айналаны кезіп, қыдыра жөнеледі. Сонан... осы қабірстандағы ең киелі де, ең ежелгі орын – әзреті пайғамбарымыз Мұхаммед саллалаһу Ғаләйһу уәссәлләмның немере туысы саналатын әулие Хұссам ибн Аббастың мазарына зиярат етіп барып есіңді жиып, қалған ескерткіштерге содан кейін ғана мойын бұруға мұршаң келер-ді. Онда да уақытын болса және... өзің мойын бұрғың келсе... Топ-топ болып жүрген

## Шығармалары. Екінші том

туристердің бірі болсаң, иә жолбасшыңның әңгімесін тыңдауға асығасың; иә қасыңдағы көпшілік асықтырады – келесі баратын жеріңе жету үшін жұрттан қалмауға тырысып, қалбалақтап кете барасың. (Талайлар тап осылай келіп-кеткен шығар-ау!)

Сәтін салғанда, біз бірінші рет турист ретінде емес, арнайы өзіміз келіп, Самарқанды асықпай аралағанбыз. Шаһи Зиндадағы әрбір мазардың «паспортымен» танысып, онда кімдер қойылғанына да мұқият зер салып едік. Бірақ жоғарыда айтқанымыздай, ол жолы бұл мазардың қай Бұрындықтікі екенін анықтай алмай кетіп едік, сұрастырған адамдарымыздың ешқайсысы дәл жауап бере алған жоқ-ты. Сондықтан бұл сапарда бар мақсатымыз – осы бір сауалдың жауабын іздеу болды, бар уақытымыз да осы мәселені анықтауға арналды.

Жай-жағдай сіздерге түсінікті болу үшін, қадірлі оқырмандар, әңгімені осы мазардың «паспортынан» бастағанымыз жөн болар... Өйткені, әрбір тарихи орынның төлқұжатын тәптіштеп жазып қоятын өзбек ағайындар, осы мазарға келгенде өте сарандық танытқаны – әу баста-ақ көңілімізге күдік кіргізгенді. Себебі, қабірстандағы мазарынан басқа артында еш белгі жоқ Бұрындық түгілі, Самарқанның сәулетін аспандатып тұрған Регистандағы үш ұлы ғимараттың екеуін салғызған біздің бабамыз Жалаңтөс батыр туралы, оның кім екені, қай халықтың өкілі екені жайында сол ғимараттардың кіре берісіндегі «төлқұжаттарда» түк айтылмайтыны бізге біраз нәрседен хабар бергендей-тұғын. Сондықтан орысша «Мавзолей эмира Бурундука» деп аталған мазардың «паспортында»: «Бізге жеткен аңыз-әңгімелерге қарағанда, бұл ескерткіш XIV ғасырдың 90-жылдарында Әмір Темірдің әскербасыларының бірі болған Әмір Бұрындыққа арнап тұрғызылған» дегеннен басқа дерек келтірілмегеніне әуелі таңырқасақ та, артынан мұнда бір мәніс бар екеніне көзіміз жеткендей болды. (Мұнан кейінгі жазудың бәрі – ескерткіштің сипаттамасы ғана).

Сонымен... бұл Бұрындық – қай Бұрындық деген сауалға жауап іздеп, әуелі әлгі мазардың «паспортындағы» «Әмір Темірдің әскербасыларының бірі болған Әмір Бұрындықты» ал кеп ізделік.

Әмір Темірдің ғұмырнамасы біршама толық та мұқият жазылғаны – ғылымға аян. Оның ішінде «дабиран-и хас» тары (жеке хатшылары) мен «фадилян-и асрлары» (Заманындағы зиялылары) жазып кеткен ресми де, естелік те мұралар жеткілікті. Оларды былай қойғанда, Темірдің қол астынан тыс, тіпті елі-жұрты басқа адамдар жазып кеткен материалдар да жоқ емес. Соларды: Гияс ад-дин Әлидің «Темірдің Үндістанға жорығының күнделігі» атты еңбегін; Низам ад-дин Шами мен Шереф ад-дин Әли Иездидің «Зафар-Намелерін» («Жорық кітабы» немесе «Жеңістер кітабы»); И.Шильтбергердің «Темірлан жайлы әңгімесін», Ф.Меноскийдің «Темірланын», Л.Лянглэнің «Темірдің патшалық құруы» атты еңбегін, испан елшісі Г.Клавихоның «Ұлы Әмір Темірдің тарихы» дейтін жазбаларын ақтарғанымызда, солардың бірде-бірінен ұлы әміршінің атакты әскербасыларының бірі болған «Бұрындық Әмір» дегеннің аты кездескен жоқ. Мәселен, Әмір Темірдің қасынан қалмай, жорықтарына да қатысып, ылғи күнделік жазып отырған Гияс ад-дин Әлидің әлгі еңбегінде жиі қайталанып отыратын әскербасылардың аты-жөніне қараңыз: «... оң қанатта – әмірзада Пірмұхаммед баһадүр, әмірзада Сүлейменшах баһадүр және басқа әмірлер; сол қанатта – әмірзада Сұлтан Хұсайын баһадүр, әмірзада Халил Сұлтан баһадүр, Жаһаншах баһадүр т.б. әмірлер; ертауыл жасақта – әмірзада Рүстем баһадүр, әмір Шайх Нұраддин баһадүр, әмір Шах Мәлік, Аллаудад, т.б. әмірлер. Ұлы әміршінің өзі шерудің қақ ортасындағы әскердің алдында жүріп отырады», – дейді. Керек болса, қатардағы көп әскербасылардың да көзге түсерліктерін түстеп, санап көрсетеді. Мысалы: «Темірдің қасында әмір Қожа Сайфитдин, Әмір Сүлеймен Хаш, әмір Ақ Бұға, әмір Сары Бұға, Хұдайдот Хұсайын баһадүр, Шейх Әли баһадүр, Теміртас, Барат жожа, әмір Дәуіт барлас, Омар Аттас, Махмұдалах Бұхари, Әмір Муайна Арлад, Тұман Бердібек секілді әскербасылар қызмет етті» деп тізбелеп көрсетеді. Сонда, дабысы жер жарған осынау даңқты әскер ішінде Әмір Бұрындық деген неге жоқ? Оны былай қойғанда, осылардың бірде-бірі жерленбеген қасиетті кабірстанға, текті атаның тұқымы ретінде тек өз әулеті ғана

қойылар қатарға, кәдуілгі көп әскербасының бірі Бұрындық деген (егер сондай адам бола қойғанда да) қалайша жерленген?!

Жалпы, Темірдің Бұрындық есімді айтулы әскербасы адамы болған ба өзі?

Ақиқаттан аттап кетпейік, дәл «Бұрындық» демесе де, Кастилия королінің елшісі Г.Клавихоның «Ұлы әмір Темірдің тарихы» атты жазбасында, осы елшілік адамдарын қолтықтарынан демеп, Ұлы Әміршінің алдына әкелгендердің ішінде: Хамеллак Мирасса (Шах Мәлік), Борунда Мирасса, Норадин (Шейх Нур ад-дин) Мирасса болғандығы айтылады. Шах Мәлік пен Шейх Нұраддинді тап басса да, ғалымдар «Борунда Мирассаға» келгенде, жақша ішіне алып: «Бұрындық?» деп, баттитып сұрау белгісін қойып кетеді. Бұл – «Бұрындық деген адам емес пе екен?» дегендері сықылды. Демек, бізден басқа зерттеушілер де «Бұрындық» деген әмір Темірдің әскербасы адамы болған-болмағанына көз жеткізе алмаса керек. Анығын білсе, мұндайға мұқият өзбек ағайындар мазардың маңдайшасындағы «паспортына» тәптіштеп тұрып жазып қояр еді ғой!

Сонда, бұл зираттағы Бұрындық – қай Бұрындық? – Біз осы сауалды Самарқанға екінші рет барғанымызда талай адамдарға қойдық. Небір тақылдап тұрған тілмәш жолбасшылар (гидтер) тілі күрмеліп түк айта алмағанда, өзін «Наташа» деп қана атаған бір жолбасшы қыз (фамилиясын айтпай қойды): «Әмір Бұрындық Темірдің әскербасыларының бірі болғанына неге күдіктенесіздер? – деп қарсы сұрақ қойды да, сөзін әрі жалғап: – «Герман Вамберидің Бұхара тарихына арналған еңбегінде «принц Бурундук» жайлы әлденеше рет айтылады ғой», – дегені.

Топырағы торқа болғыр, қазақ тарихшысы М. Тынышпаевтың әлгінде біз айтып өткен болжамы осылайша алдымыздан шыға келгені... «Иә, – дедік біз де, – **Темір әулетінің** Шайбанимен 1505–1508 ж. соғысы кезінде, **осы әулетке** жақтас боп соғысқандардың ішінде Бұрындық ханзада туралы айтылатыны рас. Ол Шайбани Себзеварды аларда 1508 ж. опат болған. «Бұл – қазақтың бұрынғы ханы Бұрындық болуы әбден мүмкін», – деп, біздің Тынышпаев деген тарихшымыз жазып та кеткен», – деп едік. Жолбасшымыз нығын бір кикаң еткізді де, шарасыз қалып

танытты. – Ақсақ Темірдің өзі 1405 жылдың басында дүниеден озса, оның әскербасысы болған кісі 1505–1508 жылдарға дейін қалай тірі жүрмек? Аты «Бұрындық» болғанмен, Г.Вамбери айтып отырған Бұрындық – Әмір Темірдің әскербасысы болуы мүмкін емес қой. Қайта, Темір әулеті жағында соғысса да, соғыспаса да, 1508 ж. шамасында опат болған осы Самарқандағы қызының қолына келіп тұрған қазақ ханы Бұрындық болуы шындыққа жанасыңқырамай ма?!

«Темір әулеті (тимуридтер) жағында соғысты» дегеннен шығады, Бұрындықты Әмір Темірдің әскербасыларының бірі деп, мазар «паспортына» осындай себептермен қателесіп жазып жіберген секілді көрінеді.

Оның үстіне, күллі тарихи деректердегі Бұрындық ханның елден кеткен соң, Самарқандағы қызының (кей деректерде: қыздарының!) қолына барғаны, сол жақта – жат жерде өлгені дау тудырған емес. Самарқандағы қызының аты – Михр Сұлтан-ханым екені, ол осы қаладағы атақты бай әйел болғаны және анық. Әкесі өлгенде, ондай бай әйел сәулетті мазар салғызса, бұған күмәндануға болар ма?! Тағы бір деталь... әлгінде айтқанымыздай, Бұрындық мазары осы қабірстандағы ең қасиетті орын – әулие Құссам ибн Аббастың бейітінен бірекі бейіт қана төмен, Темір Әулетінің мазарларының кейбірімен қатар, кейбірінен тіпті жоғары тұр. Бұл Бұрындық – Әмір Темір әскербасыларының бірі ғана болса, вассалы – сюзеренінен, яғни бағыныштысы – Ұлы Әміршісінің ұрпақтарынан жоғары да құрметті орынға қойылар ма еді?! Мұндай құрметті де жоғары орынға қойылса, «асылы нұрдан жаралған» делінетін Шыңғыс хан ұрпағы – өзі де бұрынғы хан, қазақ ханы Бұрындық секілді адам ғана жерленуі мүмкін.

Ең соңында мына бір жайтқа да назар аудармай кетуге мүлде болмайды. Кешегі Кенес өкіметінің тұсында, ежелгі зираттардың қайсысында кім жерленгені, қай мазар кімге арналып тұрғызылғаны көпшіліктің есінен шығып, ел өлілер түгілі, тірілерінің басын әзер түгендегені ешкімге құпия сыр емес. Елдік дәстүрін дұрыс сақтап қалды дейтін өзбектердің өзі ол тұста тарихына қатысты біраз деректерден айрылып

Шығармалары. Екінші том

қалды немесе шатастырып алғаны анық. Мәселен, осы «Шаһи Зиндадағы» Ұлықбектің замандасы, әрі серігі – әйгілі математик, әрі астроном Қазы-зада Румидікі деп жүрген қос күмбезді мазардағы қабірді ашып қарағанда, бұл жерге қойылған ешқандай да Қазы-зада Руми емес, сүйек бітісі анық монғол тектес 30–35 жас шамасындағы әйел адам боп шыққаны әмбеге аян, өтірік емес. Сол секілді... «XIV ғасырдың 93-жылдарында Әмір Темірдің әскербасыларының бірі болған Әмір Бұрындыққа арналып тұрғызылған» делініп жүрген мынау мазардағы қабірді ашып қарағанда да... бұл жерге қойылған ешқандай да бір әскербасы емес, егде тартқан ер адам... және бір әйел мен олардан кейінірек жерленген әртүрлі жастағы бір үйелменнің іші боп шыққан. Осынау факті де – бұл мазарды бұрынғы қазақ ханы Бұрындық пен оның кенже қызы Михр Сұлтанханымның және кейінірек үлкен үйелменнің ортақ қойылымына айналып кеткен орын-ау деген ойға жетелей береді. (Қазір мазар ішінде бір емес, бірнеше адам жерленгенін білдіру үшін бес-алты қоянжон төмпек тұрғызылып қойылыпты.)

Әттең-ай, әлі де зерттей түсуге уақыт та, мүмкіндік те болмады. Бірақ жан-жақты ғылыми-зерттеу жүргізетін тиісті орындар бар емес пе, анығын солар айтар деп дәтке қуат етіп қайттық.

Біздікі тек құлаққағыс ету ғой. Көрген көзде жазық жоқ емес пе, ағайын...

*«Түркістан»  
газеті.*

## **ТАҒЫ ДА ЕСЕНТЕМІР БӨКЕН БИ ТУРАЛЫ БІРЕР СӨЗ**

*«Сөз – сөзден туады, сөйлемесе қайдан туады» деген. Егер «Ана тілі» газетінің 9 қарашадағы №27 санында К.Қайырғалиева деген қарындасымыздың «Бөкен би» атты мақаласы жарық көрмегенде, біз бұл материалды жазар ма едік, жазбас па едік, бір Құдай біледі...*

*Қолға еріксіз қалам алдыртқан жайт – осы мақаладағы Бөкен би туралы айтылған кейбір пікірлердің мүлде қисынсыздығы ғана емес, сонымен бірге, ескілікті мұраларымыз бен тарихи тұлғалар туралы пікір айтқанда, осы күні әркімдердің тек өзінікін ғана жән көріп, «менің естуімше осылай» деп қасарып бұра тартып, бұл уақытқа шейін ешкім теріске шығармаған, оқырман санасында әбден орныққан пайымдаулар мен тұжырымдарды еш негізсіз, дәлел-дерексіз бұрмалауға салып, өзіне дейінгілердің де бұл мәселе жөнінде бас қатырғанымен есептеспей, жұртты шатыстырып жүргені болып отыр.*

Әрине, ақиқат – ешкімнің монополиясы емес, қолыңа тың дерек, бұрын жұртқа белгісіз болып келген құжаттар, немесе бұлтартпас бөгде бір айғақ-дәлелдер түссе, неге қалыптасқан қасаң пікірдің қабырғасын қақыратпасқа... Өкінішке қарай, әлгілердің қолында соның бірі жоқ бола тұра, онсыз да көмескі жақтары көп жайттарды одан әрмен күнгірттендіріп жүргендері кісінің қарнын ашырады.

Сондай кемшілік осы мақаладан да орын алыпты. Мәселен, ә дегеннен-ақ: «Атырау алқабында 18 ғасырда туып, 19 ғасырда дүниеден өткен от ауызды, орақ тілді билердің арасында жас жағынан үлкені – Бөкен» деп бастайды автор. Хош! Демек, 18 ғасыр – бір мың жеті жүз пәленінші, 19 ғасыр – бір мың сегіз жүз түгенінші жылдар аралығы ғой... Кейбіреулер осындай ұсақ-түйектің өзінен қателесіп жататындықтан, сондайдан кеткен ағаттық па деп едік, жоқ: «Ол (яғни Бөкен – Қ.М.) 1771 жылы туып, 1857 жылы 86 жасында дүниеден өткен», – деп шегелеп тұрып, автор мақаласын аяқтапты.

Ал енді ойланайық...

Біріншіден, осылай деп шегелеп айту үшін, оның бұлтартпас негізі болуы керек қой. Ол қайда?

Екіншіден, бұл деректерді автор неге сүйеніп айтып отыр. Кімдердің, қандай зерттеушілердің немесе кім деген шежіреші қарттың (яки қарттардың!) айтуына сүйенген? Әлде, бұрын баспасөз беттерінде жарияланған материалдарға, яки пікірі күмән тудырмайтын белгілі бір ғалымның (яки ғалымдардың!) еңбегіне арқа сүйеп отыр ма?

Өкінішке қарай, мақалада мұның біріне жауап жоқ. Еш дәлел таппайсыз. Тек айтылған да қойылған. Ал онысы дұрыс па, бұрыс па, мұнда автордың өзінің де шаруасы жоқ секілді.

Әйтсе де... Есентемір Бөкен би осылайша атүсті ғана әңгіме болып, құлақ салушылар құлықсыздық танытса – елеусіздеу ғана қоя салатын адам ба?! Әсте жоқ! Өзі ел тізгінін ұстап жүрген кезінде көрсеткен жол-жобасын, Есентемір Бөкен би айтқан билік мынадай екен дегендерді былай қойғанда, өзінің күллі бітім-болмысымен ешкімге, ешбір қазақ биіне ұқсамайтын мұндай тұтас тұлға біздің тарихымызда өте сирек ұшырасатын құбылыс десек, осылай бағалау орынды болатын секілді. Неге десеңіз, тірлігінде дүнияға, мал-мүлікке қызықпаған тура би қазақта көп болған-ақ шығар, бірақ сондай қасиеттеріне қоса, Есентемір Бөкен бидей өле-өлгенше өмірлік принципінен айнымаған; ол – ол ма, тіпті көзі жұмылғалы жатып та өзін ақиреттік сапарға аттандырушылардан бұ дүниеде өзі ұстанған жолдың ертең де, – өзін жөнелтерде де, – бұзылмауын ақтық өтініші қылып айтып кеткен мұндай адал да аскет биді қолымызға шырақ алып іздесек, таба алар ма екенбіз?! Егер Есентемір Бөкен би ескі юнан жұртында дүниеге келген адам болса, бүкіл өмірі пақыраналықпен өткен, бірақ өзі бөшкенің ішінде өмір сүріп жатып та, даналық сөз айтудан танбаған, ежелгі грек философы, Антисфеннің әйгілі шәкірті Диоген Синопский секілді, аты аңыз қылуға лайық ғажайып адам болар еді. Неге? Өйткені адам баласының ең осал жері – өзінің бойындағы пендешіліктерден аса алмау, күнделікті күйкі тірліктің қызығына басының байлаулығы болса, Есентемір Бөкен би әлгі әпенде Диоген секілді, дүнияуи нәрселердің бәріне пысқырып та қарамай, пендешілік дегеніңізді бір емес, екі мәрте жеңген ерекше жан болған. Есентемір Бөкен би туралы алғаш естіген әңгімелеріміздің өзінен-ақ бізге бұл кісінің елден ерек осы екі қасиеті қатты ұнап, қайран қалдырған еді. Бұл жерде соған қысқаша ғана тоқталып өтсек, оның артықтығы жоқ секілді.

Біріншіден, «танитын жерде – бой сыйлы, танымайтын жерде тон сыйлы» делінетін заманда, өзгелер сырт көзге сыйлы

көрінеміз деп ел ұстаған да, сөз ұстаған да пендешілікке бой алдырып, астарына арқыраған ат мініп, үстіне жарқыратып киім киіп жүргенде, Есентемір Бөкен би: «Ат үстінің желігі болады, кісінің көңілі өсіп, асып-тасып кетеді. Ондайлар өзгенің мұңын ұқпай қалуы мүмкін», – деп, аталастың да, ағайынның да арланғанына қарамастан, билікті өгіз мініп жүріп-ақ айтқан. Ғажабы – «Өгіз мініп жүрген осы жаман шал не айта қояр дейсің!?» – демей, ел-жұрты оның сөзін екі етпеген.

Екіншіден, Есентемір Бөкен би тірлігінде адамдарды байлығына, барлығына қарап емес, кісілігі мен адамшылығына қарап бағаласа, өлерінде де принципінен қайтпаған. Елінің жақсы-жайсаңын шақыртып алып: «А-ал, мен аттанғалы жатырмын. Ата-бабамның қауымы – «Сәдірде» екенін білемін ғой... бірақ онда осы елдің кіл мес қарын жуандары мен пеш көмей жалмауыздары жатыр. Олармен тірлікте ортақтығым болған жоқ еді, өлгенде де орталарында болғым келмейді. Анау «Өтейде» аштан қырылған осы елдің жетім-жесірлері мен жоқ-жітіктері көп еді, солардың ортасында жатайын, мені «Өтейге» қойыңдар! Және де... «Өтейде» жерленген аш-жалаңаштар мен жоқ-жітіктердің бәрі төбеде емес, төменде жатыр. Мен де солармен бірдей, төбеде емес, төменде жатайын. Неге деймісіңдер?! – Е, мен «Бөкен» болсам, өзіме Бөкенмін; бірақ жұрттан жоғары жататындай, Құдайға «Бөкен!» емеспін ғой», – деген.

Кім не десе, о десін, бұл енді өмірінде жамандармен ғана емес, жалпы жаманшылық атаулымен қоңсы қонбағаны былай тұрсын, ондайларды ағайыным еді, тума-туысым еді деп пендешілікпен іш тартпаған, сөйтіп, әділдіктің ақ жолынан өмірі ауытқымаған Бөкен би секілді адамның өлерінде де пенделіктен бір саты жоғары тұрып дүниеден өткенін дәлелдесе керек. Құдай-ау, қазақ топырағынан осындай бір екінші кісіні таба алар ма екенбіз, сірә!!!

Асылы, ардақты бидің алдына барып бата сұрағанда, Байбақты Сырымның өзін тәнті еткен, бәлкім, Есентемір Бөкен бидің әлгіндей елден ерек қасиеттері шығар... (Бұл мәселеге тағы бір айналып соғармыз!).

Ал енді осы Есентемір Бөкен би, – Байбақты Сырым барып батасын сұрайтын Бөкен би, – «1771 жылы туып, 1857 жылы 86 жасында дүниеден өткен» дегенге кім сенеді?! Мұның қате екендігі бесенеден белгілі болып тұр.

Біріншіден, халық аузындағы әңгімелерде де, осы уақытқа дейін жарық көрген күллі кітаптарда да, хрестоматиялық жинақтарда да, нешеме рет құрастырылған шешендік сөздер үлгілерінде де, Байбақты Сырым Датұлы барып бата сұрайтын билердің бірі – осы Есентемір Бөкен би екені айтылады. Бүгінге дейін мұны теріс деген бірде-бір зерттеуші болған емес. Бұған қоса, осы аталған дерек көздерінің бәрінде де, Тана Малайсары, Қоске билердің заманында; Шеркеш Тұрмамбет пен Есентемір Бөкен би заманында Байбақты Сырымның бала екендігі немесе жас жігіт екендігі ғана айтылады. («Шешендік сөздер», Алматы, 1992, «Бала Сырым мен билер», 134-бет; «Шалдың үш түрі бар», 137-бет; «Бөкен қарттың Сырымға берген батасы», 139-бет; «Сырымның әйелге қамқорлығы», 143-бет т.т.) Ендеше, Қазақ Совет энциклопедиясы бойынша 1712 жылы туған; Батыс Қазақстан облысының Камен ауданының тұрғыны Ү.Ыбыраев қарт қалдырған қолжазба бойынша 1750–1760 жылдар шамасында туған; Сырымның өмірі мен қоғамдық қызметін едәуір зерттеген ғалым Б.Адамбаевтың айтуы бойынша 1723 жылы туған; Сырым туралы көп жылдан бері материал жинап жүрген біздің жобамыз бойынша, ең бері салғанда 1742 жылы туған Байбақты Сырым би мына мақала авторының айтуынша «1771 жылы туған» Бөкен биден қалай бата алады?

Екіншіден, осы мақалада Шеркеш Асау бидің Есентемір Бөкен биді қонаққа шақырғаны туралы айтылады. «Бөкен Асаудан 9 жас үлкен», – дейді автор. Хош! Ал жазушы Н.Әбутәлиевтің айтқанына сенер болсақ, Асаудың «Соркөл» деген жердегі бейіті жанындағы құлпытаста: «Шеркеш руы, Қойыс тайпасы, Жиенбет бөлімі, Маңдай баласы Асау 1826 жылы 95 жасында ояп болды» деп жазылған көрінеді.

Осы жерде оқырмандарға екі жайтты ескерте кеткім келеді:

- 1) К.Қайырғалиева өз мақаласында Бөкен биді қонаққа

шақыру кезегі «Бірде... Соркөлді жайлап отырған Асау биге келеді» деп отырғаны – осы «Саркөл», Асау биі де осы Маңдай баласы Асау.

2) Н.Әбутәлиевтің «...Асау 1826 жылы 95 жасында опат болды» деп көрсеткені – кітабында қате болып («2» мен «6»-ның орны ауысып, қате теріліп), «...1862 жылы... опат болды» деп жаңсақ шығып кеткен. Талай кітаптан талай қателікті («опечатка»ны) көріп жүрміз ғой, бұл жерде баспагерлердің қатесіне бола, Н.Әбутәлиевке орынсыз шүйлікпей-ақ қоялық.

Сонымен, дұрыс вариантты ғана пайдаланып, Асау би 1826 жылы 95 жасында опат болған екен десек:  $1826 - 95 = 1731$ ; осы 1731– жыл Асау бидің туған жылы болмай ма?! Ендеше, 1731 жылы туған Шеркеш Асау би – автордың айтуынша «1771 жылы туған...» Есентемір Бөкен биден қалайша 9 жас кіші болады?! Қайта, Есентемір Бөкен би Шеркеш Асау биден 40 жас кіші болмай ма?!

Бұл жерде де қайшылық тайға таңба басқандай ап-анық көрініп тұр. Үшіншіден, Есентемір Бөкен би «...1771 жылы туып, 1857 жылы 86 жасында дүниеден өткен» деген автор пікірін қабыл алсақ, онда бұл би мына берідегі Исатай-Махамбеттердің замандасы болып шығады. Тіпті дәлірек айтсақ, Исатай, Махамбеттерден бұрын туып, кеш өлген адам боп шығады. Демек, мұндай жағдайда ол күллі қазақ қауымын дүр сілкіндірген дүрбелең жылдар оқиғасының ортасында жүрмегенмен, бұл кезде тірі болса, Байұлына қатысты істерге бір ауыз да болса пікір айтуға тиіс кісі болады. Ал ол дәуірге қатысты оқиғалар мен сол замандағы аты белгілі адамдардың көбісінің ныспысы жүздеген құжаттарда, әртүрлі қағаздарда тікелей де, жанама да хатқа түсірілген. Солардың бірде-біреуінде Есентемір Бөкен бидің есімі неге ұшыраспайды?! Көзі қарақты кісіге бұл кезде Бөкен бидің дүниеде жоқ екендігінің бір белгісі емес пе бұл!?

Төртіншіден...

Бесіншіден...

Алтыншыдан... – деп, тілге тиек етер жанама дәлелдерді тізе беруге болар еді, бірақ оның қажеті қанша? Одан да мы-

нау өмірде біз көзімізбен көріп, қолымызбен ұстамағанмен, көпшілікке еріксіз ден қойғызатын, кейде лажсыз мойындауға тура келетін, ең болмағанда «осы дұрыс-ау!» дегізетін бір тиянақ пікірлер, тұжырымды ойлар болады ғой, соларға неге тоқтамаймыз? Неге сондай пікірлерге табан тірмейміз?!

Мұндай қажеттілік, әсіресе, күллі тарихы ауызша айтылып, ауызша жеткізіліп келген қазақ сияқты елге керегірек. Едәуір уақыт белгісіз боп келген бүркеулі шындықтар ауыздан-ауызға таралып келген сондай әңгімелер арқылы ашылған кезі аз ба?! Мәселен, бір әулеттің ұрпақтан ұрпаққа құпиялап ауызша айтуымен, ақыры бізде Махамбеттің ақиреттік орны табылып, бүгінде Қарой – барша қазақтың бір киелі орнына айналған жоқ па? Беріштен – Берішті ешкім айырмайды, сөйтіп, Ағатай Беріш Махамбеттің жерленген орнын Қаратоқай Беріш Құрақ қария бізге жеткізген жоқ па?! Ал оған әкесі Бектұрған айтқан. Бектұрған қарияға оның әкесі өсиет еткен т.т.т.

Ал енді мұндай құпиясыз-ақ, күллі тарихы ауызша айтылып, ауызша жеткізіліп келген елде әулеттің, рудың, тайпаның, жүздің тарихы мен оның белгілі-белгілі адамдарының ғұмырнамасы ұрпақтан ұрпаққа тек қана көнекөз қариялар, құймақұлақ кәрілер арқылы жеткізіліп келгенін мойындар болсақ, сол атаның, сол әулеттің, сол рудың тарихын солардың өзінен шыққан өкілдерден артық кім біледі? Мұндайда, әсіресе, есімі елге әйгілі аталары бар әулеттен шыққан шежіреші қарттар сол тарихи тұлғалардың арғы-бергісін кез келген бөгде кісіден гөрі жақсырақ білсе керек. Әрине, көзі ашық, көкірегі даңғыл, бірен-саран адамдар мұндай жайттарға ерекше мән беріп, ізденіп жүретіндіктен, әлгі әулеттің кейбір өкілдерінен гөрі олардың ата-бабасының тарихын тәуірірек білуі мүмкін. Бірақ ондай адамдардың өздері де дерек көздерін әу баста әлгі әулеттің білікті кісілерінен алып, көңілдеріне тоқығаны еш дау тудырмаса керек.

Демек, қазақ қоғамының өткен дәуірлердегі ірі тұлғалары туралы сөз еткенде, азды-көпті сақталған жазбаша деректерге қоса, біз ең алдымен, сол тарихи тұлғалардың тікелей ұрпақтары атадан балаға қалдырған ауызша (яки жазбаша) шежірелерге

жүгінуіміз басты шарт болуы тиіс. Өйткені ғасырлар бойы «жеті атасын білмеген – жетесіз!»; «Жеті атасын білген ер – жеті жұрттың қамын жер» деген рухта тәрбиеленіп келген қазақ баласы, басқаны білмесе де, өзінің түп-төркінін бір кісідей-ақ білген. Өзі біліп қана қоймай, артында тұяғы болса, көзінің тірісінде соған бәрін ежіктеп тұрып үйретіп кеткен. Ендеше, біз ешқандай жазба дерек қалмаған жағдайда, тарихи тұлғалардың ғұмырнамасын анықтау үшін, оның тікелей ұрпақтарының деректеріне жүгінбеуге, солар айтқан әңгімелерді елемеуге немесе еш дәлел-дәйексіз оларды беталды жоққа шығаруға қақымыз жоқ.

Осы ретте, біз бұдан біраз уақыт бұрын «Атамекен» газетінде жарияланған Кәрім Тұрдағалиевтың «Бөкен би» дейтін материалына сіздердің назарларыңызды ерекше аударғымыз келіп отыр.

Ә дегеннен-ақ басын ашып айтайық: осы уақытқа дейін жарияланып келген материалдардың ішіндегі Бөкен би туралы егжей-тегжейлі әңгімелейтін бірден-бір дүние осы.

Ал әлгіндей қисынсыз әңгімелер қайдан шығып жүр деген мәселеге келсек, меніңше К.Қайырғалиеваның пайдаланғаны – Ә.Қосановтың «Атырау» газетінде (№123, 21.10.1995 ж.) жарияланған «Ақиқатын айтайық» деген мақаласы секілді. Өйткені дәл осындай пікірді – Бөкен би 1771 жылы туып, 1857 жылы 86 жасында қайтыс болыпты-мыс дегенді, – Ә.Қосанов әлгі материалында айтқан болатын.

Менің жеке өз басымды сонда қатты таңғалдырғаны – Байбақты Сырым бидің туған жылы туралы жоғарыда айттып кеткенімдей, әртүрлі пікірдің болуына қарамастан, оны Ә.Қосановтың 1735 жылы туған деп көрсеткені ғана емес; оның үстіне Бөкен Сырымнан 36 жас кіші, демек ол 1771 жылы туған болады деп үзілді-кесілді тұжырым жасауы еді.

Кімнің дәл қай жылы туғанын ешкім білмей-ақ қойсын. Аралары қанша жас екенін де анық білмей-ақ қоялық. Бірақ ежелдің ең күнінен ел аузында айтылып келе жатқан әңгімелерде, ертелі-кешті шыққан кітаптарда, жалпы, қолда бар дерек көздерінің бәрінде де: Байбақты Сырым биден

бата сұрап баратын – Есентемір Бөкен би емес, керісінше Есентемір Бөкен биден бата сұрап келетін – Байбақты Сырым екеніне; Шеркеш Тұрманбет би мен Есентемір Бөкен би айтысып қалып, төрелікке ханға жүгінуге бара жатқандарында, құдық басында жолығатындары – мал суарып тұрған бала Сырым болатыны несі екеніне; жат жерде жүрген Байұлының бір қызы сәлем айтып жібергенде, атқа жаңа мінген жас би Сырым соның шешуін таба алмай, ақыл салатыны – алдындағы Байұлының үлкендері: Есентемір Бөкен би мен Тана Қоске би болатыны несі екеніне, т.б. осы секілді жайттарға автордың ой жібермегені еріксіз қынжылтқан-ды. Шынына келгенде, осылардың бәрінің өз-өзінен сұранып тұрған жауабы – бұл кісілердің қайсысы үлкен, қайсысы кіші екеніне сәулесін апайқын түсіріп тұрған ақиқат айнасындай еді. «Әттең!» – дедік те қойдық. Ақыры, міне... сол жаңсақ пікір тағы бір түйткілі көп мақалаға түрткі болған сыңайлы.

Ал К.Тұрдағалиевтің материалына неге тәнті болғанымызды айтар болсақ, мұның объективті себептері көп.

Біріншіден, ол өзі де Бөкен би шыққан Есентемір руынан екен.

Екіншіден, К.Тұрдағалиев тек әшейін көп Есентемірдің бірі емес, осы әулеттен өрбігендерді «жатқызып-өргізетін», көзі ашық, көкірегі ояу Есентемір болып отыр.

Үшіншіден, мен Есентемір едім, Бөкен бимен пәленінші атадан туысатын едім деп, ағайындығын бұлдап сөйлеп отырған жоқ, атадан балаға беріліп келе жатқан әңгіме-шежірелерді нақты білетіндігін көрсетіп, дәлелмен сөйлеп отыр.

Төртіншіден, өз білетінімен ғана шектеліп қалмай, өзгерлердің пікіріне де құлақ түре жүретінін көрсетіп, кім қайда не жазғанын айтып, олардың пікірімен келіссе, келісетінін; келіспесе неге келіспейтінін орынды да орнықты дәлелдермен баяндап беріп отыр.

Соның бәрінде де ойы байсалды, пікірі тиянақты, көзқарасы нық. Оппоненттерінің қай-қайсысынан да Бөкен би турасында білігі басым екені айқын көрініп тұр.

Ендеше, Бөкен би жөніндегі әңгімелер мен аңыздарды

өз әкесі Тұрдағали мен оның немере ағасы Уандық дейтін шежіреші қарттан 1949 жылы 20 жасында естіп, қағазға түсіріп алған кісіге қалай сенбессің? Атадан – балаға айтылып келе жатқан әңгіме бойынша, осы Кәрекең (Кәрім Тұрдағалиев): «Әкем Тұрдағали мен атам Уандықтың айтуларына қарағанда, Бөкен 1696 жылы арабша Егіз жұлдызында (мамыр айы) туып, 1789 жылы 93 жасында Бикеш жұлдызында (тамыз айы) қайтыс болған екен», – деп жазса, бұған қалай күмәнданарсың?!

Күмәндана алмайтын себебің – 1875 жылы туған Уандық Елеусінұлы 1949 жылы бұл әңгімелерді 20 жастағы Кәрекеңе (Тұрдағалиевке) айтып отырса, Уандыққа бұл әңгімелерді өз әкесі Елеусін айтып кеткен. Ал 1846 жылы туып, 1895 жылы 49 жасында дүниеден өткен Елеусін бұл әңгімелерді атасы Андрейден естіген. Андрей Бесбай баласы болса – ел басқару ісін Бөкен би өз баласы Хасанға бермей, соның қолына өзі аманаттап кеткен кісі. Бөкен өлетін жылы Андрей 18 жаста екен. Биді өз қолымен арулап аттандырған кісі білмегенде, Есентемір Бөкен бидің туған-өлген жылдарын одан артық кім білмек! Ендеше, Кәрім Тұрдағалиевке үзілмей жеткен шежіреге де қандай күмән болуға тиіс?!

Әрі тарт та, бері тарт қылмай, тымық күнде дауыл тұрғызбай, дәлелді сөзге тоқтайық, ағайын! Бұл қай жағынан да, тарихи деректерге мүлде қайшы келмейтін пікір! Соны мойындасақ, Байбақты Сырым бидің өзі барып батасын сұраған берекелі қария – Есентемір Бөкен би ғұмырнамасының ең болмағанда бір бетін айқындаған болар едік.

Ал мұның аржағында, шын ынталы кісіге, бидің өмір сүрген кезеңі мен оның қоғамдық қызметіне байланысты әлі зерттеуін күтіп жатқан қаншама проблемалар тағы бар...

Күшті болсақ, білгіш болсақ, барымызды соған салайық!

*«Ана тілі» газеті,  
30 қараша, 2000 жыл.*

## «ЛЕБІЗІ БАЛДАЙ ТАТЫМДЫ...»

*Ақын Қожахмет молда Меңдіәліұлы туралы бірер сөз*

Заманында:

– «Сенің айтқан сөзіңнің

*Лебізі балдай татымды»,* – деп, ақындық өнерін Кердері Әбубәкірдің өзі аса жоғары бағалаған Қожахмет молда – біздің әдебиет тарихын зерттеуші ғалымдарымыздың назарынан тыс қалып келе жатқан тұлғалардың бірі. Сондықтан болса керек, ақын шығармашылығы туралы сөз еткен бірлі-жарым еңбектерде оны біресе жалпылама «Әлім Қожахмет...» десе (қараңыз: Кердері Әбубәкір Қазағым, Алматы., «Жазушы», 1993, 16-б.), енді бірде оны, тіпті, қазақ емес секілді қылып, «Хожа Ахмед...» деп (Қазақ Совет энциклопедиясы, 2-том. 8-б.) жазады.

Әрине, ақынның өмірбаяны дер кезінде зерттеліп хатқа түспей қалған соң, «бұл кісінің аты-жөні неге олай емес, былай жазылған» деп біреуге кінә арту жарамас. Бірақ бізде бір жаман тенденцияның орын алып келгенін де жасыруға болмайтын іс. Ол әдебиетіміздің ажарын ашқан небір талантты айтыскер ақындарымыздың өнерін сөз еткенде тек солардың өздерін ғана көкке көтеріміз де, ал олардың қарсыластарының кім екенін ылғи «ұмыт» қалдыратынымыз. Мұндай әділетсіздік мәселен, Жамбылмен айтысқан атақты ақын Құлманбетке, т.с. ұзақ уақыт жасалып келді. Дәл осы жағдай Қожахмет молданың тағдырына да қатысты.

Біз Кердері Әбубәкірдің шығармашылығын, әсіресе, оның айтыстарын сөз еткенде, алдымен Қожахмет молдамен жұмбақ айтысын ауызға аламыз да, бірақ сол жұмбақтарды жолдаған авторды – Қожахмет молданың өзін ылғи «ұмытып» кете береміз. Құдды, Әбубәкірмен айтысқан адам – нақты шығармашылық тұлға емес, айтыс біткен соң ауаға сіңіп кеткен әлдебір абстрактылы нәрсе секілді. Олай емес қой! Ендеше, «Әбубәкір молдаға, Су төгілмес жорғаға.. Қалам алып хат жазған», жыл сайын адам танымастай өзгеріп жатқан заман бейнесі мен қазақ сахарасы-

на еңдей жайылып келе жатқан орыстың отаршылдық саясатын жұмбақ еткен бұл Қожахмет молда кім?

Қожахмет (молда) Мендіәліұлының өзі Әбубәкірге:

*«Біздің Назар, Шүрен баласы,*

*Айтушы ед Сізді білгір деп.*

*Қызыл тілге бұлбұл деп,*

*Қолыңды барып алайын*

*Бұл сөзімнің мағынасын*

*Шешіп берсең бір-бірлен»*,– деп жазғанынан көрініп тұрғанындай, оның ата-тегі – Кіші жүз, Әлімұлы, Шектінің Назары. Оның ішінде жеті арыс Жақсылықтың Есентүгелі. Заманында Назардан ел қамын жеген ерлер де, жақсы мен жайсаң да көп шыққан. Бұл – «оғы қардай бораған» орыстың от қаруына төтеп бере алмай шегініс жасап, күш жимақ болған Исатай мен Махамбетке қорған болып, патшаның жандайшаптарын ел шетіне жолатпай бір қыс паналатқан іргелі ел. Ол туралы Ығылман Шөреков өзінің атақты «Исатай – Махамбет» дастанында егжей-тегжейлі баяндаған. Бір қыс қол қусырып құрмет қылғанымен қоймай, аттанарда Исатай-Махамбет сарбаздарына бір-бір ереуіл ат мінгізген, күнінде «Токсан көнекті Тәңірберген» атанған – Есентүгел Мыңжасардың Тәңірбергені секілді байлармен қоса, бұл елден ескіше оқыған, сауатты, діндар, тахуа адамдар көп шыққан. Мәселен, Мыңжасардың Сәдірбайының 6 (алты) баласының екеуі – Жұмабай мен Жәкебай екі жерде дербес мешіт салдырып, екеуі де елді иманға ұйытқан ғұлама адамдар болыпты. Қожахметтің әкесі Мендіәлі – осы Сәдірбайдың алты баласының біреуі; әлгі Жұмабай, Жәкебай хазіреттердің бірге туған бауыры (айта кетер бір жайт: Ақтөбе облыстық «Ақтөбе» газетінің 1993 жылғы маусым айындағы бір санында Абылай Камаловтың «Қожахмет молданың бейіті Қандыағашта екен» деген шағын мақаласы жарық көрген еді. Автор сол мақаласында Қожахметті «Мендібай» деген кісінің баласы көрінеді» деп жазыпты. Дұрысы – Мендіәлі. Дәлірек айтсақ, Сәдірбайдың алты баласының аттары: Қуанбай, Тұрғанбай, Жұмабай, Қожабай, Жәкебай, Мендіәлі. Бұлардың тікелей ұрпақтары қазір Ақтөбе облысының Мұғалжар аудан-

ны, Қандыағаш қаласында; Темір ауданының Шұбарқұдық поселкесінде, Байғанин ауданының Кемерши ауылында тұрып жатыр). Қожахметтің адам ретінде де, ақын ретінде де қалыптасуына оның осындай өскен ортасының үлкен ықпалы болғаны сөзсіз.

Әуелі әкесінің бауыры Жәкебай хазірет мешітінде тіл сындырған, дәріс тындаған Қожахмет мұнан соң Орынбор, Троицк қалаларында оқып, кейін Бұхарада білім алған, аталарының жолын қуып, біраз уақыт бала оқытып, молдалық еткен. Қожахметтің «Қожахмет молда» аталуы сол кезден басталса керек.

Көзі ашық, көкірегі ояу сауатты адам ретінде Қожахмет молдалықпен айналысып қана қоймай, ел ісіне де араласқан кездері болғанға ұқсайды. Ал қиянатқа көнбей, кем-кетікке араша түскен жері тіпті көп болыпты. Бірде, қазақ даласына темір жол салынып, алғашқы отарба жүре бастаған жылдарда, бір кедейлеу көршісінің жалғыз түйесін пойыз басып кетіпті. Онымен қоймай, түйесі өлгенін көзімен көріп, қайғырып тұрған мал иесіне машинист орыс терезеден басын шығарып: «Бір түйең түгілі, жүз түйе тұрса да, пойыз тоқтай алмайды, малдарыңа ие болыңдар!» деп «ақыл» айтқан ғой.

Әр жерге арыз айтып көрсе, әлгі байғұстың сөзін ешкім тындамапты. Мұны естіген Қожахмет молда пойыздың келесі келер сапары қарсаңында елді жиып, темір жолға түйедей тастарды үйгізіп қойыпты. Пойыз келеді. Үюлі тастарды көріп, машинист тоқтатады. Баяғы өркөкіректікпен айқай салмай ма?! «Бұл не қастандық? Жолға тас үйген кім?». «Біз!». «Ау, естерің дұрыс па, пойыз құласа қайтесіңдер?», «Е, өткенде бір түйе түгілі жүз түйе тұрса да, пойыз тоқтай алмайды-мыс, – депсіңдер ғой. Бұл шынымен бір қозғалса тоқтай алмайтын пәле ме екен, жоқ па?» деп тас үйгізген менмін, – депті Қожахмет. – Еш пәлесі жоқ, тоқтатам десен тоқтайды екен! Ендеше, табан жолда тұрған қазақтың малын таптап өте бер деген патшаның заңы болса – оны көрсет, болмаса түйенің ақысын төле!» – деген ғой. Жиналып тұрған елдің қаһарынан қорыққан машинист орыс түйенің қакын қалтасынан төлеп әзер құтылыпты да, оның

әріптестері мұндай бейбастақтыққа бұдан былай бармайтын болыпты деседі.

Кейінірек замандас інісі Әбубәкір (Кердері) Шоқанұлына қазақ даласын кеулеп келе жатқан Ресейдің отарлаушылық саясаты туралы жұмбақпен хат жазуға итермелеген де, бәлкім, осы – қиянатқа төзбес ақын жанының толқыныстары шығар, кім біледі? Қалай болғанда да, ана ғасырдың басында «Дала уәлаяты» газетінің 1900 жылғы №22, №23 сандарында жарияланған «Қожахмет молданың Әбубәкірге айтқан жұмбақтары» – Қожахмет молда Меңдіәліұлының баспа бетін алғаш көрген шығармасы ғана емес, сонымен бірге оның жүрегінен қайнап шыққан мұң-наласы да! Соны өзі секілді көзі ашық, түсінігі бар адаммен бөліскені, шер тарқатысқаны да! Әйтпесе, Қожахмет молда Меңдіәліұлы мен Кердері Әбубәкір бұл уақытта бір-бірін танымайтын кісілер болған. Оған Әбубәкірдің жауабындағы:

*«Талай жерде құлаққа  
Келуші еді дабысың.  
Хабарыңды білсем де,  
Жүзіңе жоқ-ты танысым», –*

деген сөздері де дәлел. Солай бола тұрса да, екеуі де сауатты, екеуі де ескіше оқыған, екеуі де молда (Әбубәкірдің де біраз уақыт молдалық еткені С.Сейсенов пен Қ.Бекниязовтардың архивтегі қолжазбаларынан анық байқалады. Қараныз: Кердері Әбубәкір: «Қазағым», 271-бет) бұл екі адам алыстан бір-бірін сырттай біліп, сыйласып жүрген сыңайлы. Соның айғағындай болып ақыры, міне, «Қожахмет молданың Әбубәкірге айтқан жұмбақтары» мен Әбубәкірдің оған қайтарған жауаптары бүгінгі ұрпақтың қолына мұра болып тиіп отыр.

Ендігі айтылар әңгіменің бір парасы – Қожахмет молда Меңдіәліұлының бұдан басқа қандай шығармалары болған, артында қалған әдеби мұралары сақталынған ба? – деген мәселе төңірегінде болған жөн. Бұл ретте, көзі көрген кісілердің айтуынша, ақынның жекелеген өлеңдері, Нұржан Наушабаевпен жұмбақ айтысы, Кіші жүздің шежіресін өлеңмен жазған қолжазбасы әркімдердің қолында жүрген көрінеді.

Шығармалары. Екінші том

Шығармаларының көпшілігін елдің есті азаматтары, солардың ішінде ақынның қызы, айтысқан жерде арқасы қозса – өзі де өлеңді суырып салатын Қаным деген апамыз күні кешеге дейін жатқа айтып жүреді екен. Биыл біз іздеп барғанымызда, ол кісі бірер жыл бұрын жасы ұлғайып барып қайтыс болғанын естіп, орны толмас өкініштен бармақ шайнағаннан басқа амал таппадық. Көңілге медеу бір жайт – Қаным апайдан қалған балаларда нағашы аталары туралы деректер қалған шығар деген үміт қана. Сонсоң елдің құймақұлақ қариялары.

Қожахмет молданың ұрпақтары туралы әңгіме қозғалғасын, оның бір ұлы (аты Қашқын), екі қызы (Қаным, Мұқыш) болғанын: ұлы Қашқын мұғалім болып жүргенде ишанның тұқымысың деп ұсталып, 1937 жылы атылғанын; қыздарының да қазір бұ дүниеде жоқ екенін ескерте кетуді жөн санадық.

Ал Қожахмет молда Меңдіәліұлының өзіне қайта оралар болсақ, әкесі Меңдіәлімен бірге туған Қожабайдың ұрпағы – Сүлейменұлы Үсен қарияның айтуынша, ақын 1913 жылы қайтыс болған.

– Мен 1913 жылы туғанмын. Әкем Сүлейменнің айтуынша, Қожахмет атамыз мен туған жылы, алпысқа сәл жетіңкіремей дүниеден өтіпті, – дейді ол.

Демек, алпысқа жетпей дүниеден озса, 1854 жылы туған деуге толық негіз бар. Сүйегі – Ел Қандыағашқа, әкесі Меңдіәлінің қасына жерленген.

Осыдан біраз уақыт бұрын әдебиетші ініміз, филология ғылымдарының кандидаты Серік Бермағанбетов «Оқырман ойында жүрсе» деген құлаққағыс материалын жариялап, Қожахмет молда Меңдіәліұлы жөнінде дерек іздестірген екен. Біз өз естіген-білгенімізді мағлұм еттік. Жұрттың алып-қосары болса, оған бек қуаныштымыз.

Халық бірлігі мен ұрпақтар жалғастығы жылы тағы да бір арысымыздың атын тірілтсек, тек нұр үстіне нұр болмақ.

*«Қазақ әдебиеті»,  
№24, 11.06.1999.*

## ҚАТЕЛІК КЕШ ТЕ БОЛСА ТҮЗЕТІЛУІ ТИІС

*Ұлттық ұғымға сай жыл мезгілдерінің, ай аттарының білместікпен жаңсақ жазылып, жаңсақ айтылып жүргені жасырын емес. Соның бірі – «көкек» пен «сәуірдің» арасындағы «текетірес». Бұдан бұрын газетімізде жазушы К.Жүністегінің аталмыш мәселені сөз еткен мақаласы жарияланған еді.*

*Бүгін жазушы Қажығали Мұханбетқалиұлының ай аттарының аталу тәркінін тың деректермен ғылыми негіздеген танымдық мақаласын жариялап отырмыз. Осы нөмірден бастап біз де «сәуірді» «көкекке» айырбастағанды жөн көрдік.*

Осы күні орысша болсын, қазақша болсын – қай тілдегі мерзімдік баспасөз беттеріне көз салсаңыз да, қаптаған астрологиялық болжам, жатқан бір сәуегейлік... Кейде еріксіз оқисың!

Соларды оқып отырып, шынымды айтсам, мен өзім бұрынсоңды құлаққа тимеген жұлдыз аттарының қайдан шыққанына (дұрысы – қайдан алынғанына) қайран қалушы едім. Мәселен, «Су құйғыш», «Ешкі мүйіз», «Егіздер», «Бикеш» деген жұлдыз аттары қайдан алынған?! Әрине, бұлар «Водолей», «Козерог», «Близнецы», «Дева» деген секілді орысша атаулардан калька жасау арқылы тілімізге зорлықпен енгізілген сөздер екенін ішім сезсе де, солардың қазақша дәл атауларын өзім анық білмеген соң, бәлкім осы айтып та, жазып та жатқандардікі дұрыс шығар деп, үндемей жүре беретінмін.

Шынын айту керек, «Осы бізде астрономиямен айналысатын қазақ мамандар бар шығар, солар қашанғы төзер дейсің; бір күні болмаса, бір күні әр жұлдыздың атын атап, түсін түстеп, соқырға таяқ ұстатқандай қылып айқындап беретін шығар» деген бір ой да бүйірімде жатушы еді. Бірақ... күні бүгінге дейін, бұл жөнінде аузын ашқан астроном қазақ мамыны көрінген емес.

Оның есесіне... біздің қаламдасымыз – жазушы Кәмел Жүністегі «Жыл он екі айдың қауышуы» жөнінде «Ана тілі» газетінде материал жариялапты. Сөйтсек, «Козерог» – «Ешкімүйіз» де, «Тауешкі» де емес, кәдімгі Қамбар шокжұлдызы;

## Шығармалары. Екінші том

«Водолей» – «Су құюшы» да, «Су құйғыш» та емес, Көнек дейтін шоқжұлдыз; «Близнецы» – «Егіздер» емес, Қосақ дейтін шоқжұлдыз; «Скорпион» – «Сарышаян» емес, Үш Арқар шоқжұлдызы; «Дева» – «Қыз» да, «Бикеш» те емес, кәдімгі Үркер екен! Ақиқаты осылай ма, жоқ па – ол жағын әлі де болса мамандар анықтай жатар; ал біз осының өзіне – соншалық түсінікті де етене, әрі жатық қазақша атаулардың қайта тірілгеніне Американы қайтадан ашқандай қуанып, мәз боп қалғанымызды жасырмай-ақ қоялық. Кәмел қаламдасымызға, бұл ретте, рақметтен басқа айтарымыз жоқ!

Алайда елдің есінен шығып, ұмыт болып бара жатқан аспан әлеміндегі кейбір шоқжұлдыздардың қазақша атауларын осылайша қайта оралта отырып, кейінгі ұрпақтың санасында соңғы жылдарда ғана әрең-әрең қайта орныға бастаған ай аттарына келгенде, автор қайырлаған кемедей неге қайқандағанына таңғалмасқа амалымыз қалмады. Мәселен, жыл он екі айдың қауышуын К.Жүністегі: қыркүйек – наурыз,

Қараша – сәуір (?)

Мамыр – қазан

Шілде – желтоқсан

Сарша (?) – қаңтар

Тамыз – үт (?), – деп кестелепті.

Осындағы алты жұптың үшеуінде қазақша ай аттарының қалыптасқан атаулары сақталынбағаны анық көрініп тұр.

Бірінші, ежелден қазақ «көкек» деп атайтын айды ол «сәуір» деп атаған (бұл шындығына келсек, тек Қ.Жүністегінің ғана қатесі емес. Оған сәл кейінірек тоқталамыз).

Екінші, «маусым» деген ай аты мүлде қолданылмай, ол «шілде»-мен алмастырылған да, ал шілде айы – «сарша» деген атпен берілген.

Бұл ретте, «сарша» деген ай аты бар ма, жоқ па – біз бұған өте күмәнді екенімізді бірден айта кетелік. Неге? Әдетте, қазақ «ана айда», «мына айда» (мәселен, «маусым айында», шілдеде немесе «шілде айында», «тамыз айында») деп жатады. Бірақ «сарша айында» деген тіркес қолданғанын естімеппіз. Рас, тамызға байланысты бірдеңе айтқан кезде: «сарша тамыздың

кезінде» деген тіркесті қолданатыны бар. Бірақ... мұндағы «сарша» – тамыздың анықтауышы ғана секілді. Яғни, тамыз айының нақ бел ортасында деген ұғымды ғана білдіретін сияқты. Ендеше, «саршаны» дербес ай аты ретінде қолдану, оның есесіне «маусымды» ай аттары қатарынан шығарып тастау дұрыс бола қояр ма екен?!

Үшінші, «ақпан» деген ай аты да мүлде қолданылмай, автор оны «үт» деп берген. Мақаланың бір жерінде: «Тамыз айы Үт – февраль айына сәйкес деп есептеледі», – деп те жазған. Стилистикалық жағынан олпы-солпылау осы бір сөйлемде «Үт» те, «Февраль» да жүр; бірақ қашан да несібесінен қағылып жүретін қазақ байғұстың өзі секілді, оның «ақпан» деген сөзі де ай аттары қатарынан тиесілі орнын ала алмай, шеттеп қалған. Жазығы не?

Осы арада амалсыз аялдап, сәл сәтке оқырмандар назарын мына бір жайтқа аударғым келіп отыр... Байқасаңыз: қашан, қай заманда, кім бастағанын бір Құдай білсін, әйтеуір бұ қазақтың данышпандарынан бастап, қолына қалам ұстағандарының барлығы дерлік осы ай аттарына келгенде ылғи білгіштік танытқысы келіп тұратын бір жаман әдет бар аңдаған кісіге. Бұл жерде ежелгі шығыстың мәдениетімен сусындаған ортағасырлық ғұламаларды «жә!» деп былай қоя тұралық. Өйткені олардың жөні басқа: айталық, тағылым алған ортасы бөлек; өз шығармаларына дәйектеме ретінде пайдаланған әдебиеттерінің көбі араб, парсы тіліндегі кітаптар; мұның үстіне, олардың кейбіреулері өз туындыларын сол тілдерде жазған ғой! Ал енді солардан кейінгі есімі елге белгілі біраз тұлғалар, азды-көпті оқыған-тоқығаны бар деген зиялылар, ескі шайырлар мен кітаби ақындар, тіпті олардан әлденеше көш кейінгі буын өкілдері де өз шығармаларында кәдімгі қазақша аты бар ай атауларын көңілдері қалай соқса, солай қолданғанын көргеніңде, мұндай «білгіштікке» бас шайқамасқа амалың жоқ. Өздеріңіз қараңыздаршы:

*«Амал, сәуір, зауза өтсе,  
Жетеді жылжып саратан»...*

*«Сүмбіле, мизан салқынын  
Көрген соң кетер зәресі»...*

*«Сәуірде көтерілер рахмат туы»...*

*«Мамыражай мизанның шуағында»...*

*«Шіркін-ай, зауза айына не жетеді,  
Біз – сәби, пойыз – бесік, тербетеді»... т.б.*

Қазақтың оқығандары мен көзі ашықтарының осындай «еркіндігінің» салдарынан, былайғы жұрт ай аттарының қазақшасы қайсысы? Қайсысы басқа тілден енген – ондайды ажыратудан мүлде қалған. Соның кесірінен болса керек, бүкіл республикамыздың мемлекеттік терминология комитетіндегі мүйізі қарағайдай ғалымдарымыздың өздері күні кеше қазақша ай аттарының эталондық нұсқасын бергенде, бұрын «апрель» деп келген айымыздың атауын қазақша «сәуір» деп енгізіп, үлкен қателікке жол берді. Көкек айын «сәуір» дегенде, мамырды – зауза, маусымды – саратан, шілдені – әсет деп... неғып әрі қарай шұбатып әкетпеген деп ойлайсың. К.Жүністегінің бірінші қатесі де – мемтерминком салған сол жалған ізбен кеткендігінде екенін ашық айтқан жөн.

Бұл «жаңалықтың» енгеніне біраз уақыт өтсе де, «Апырай, мынау қате болған екен. Мұны түзетейік-дағы» деп жатқан бір жан және көрінбейді. Беделді басылымдардан бастап, әлі аты таныла қоймаған мерзімдік баспасөздерге дейін баяғы «апрельді» – бұл айдың «көкек» деген ежелгі аты бар екеніне қарамастан, әлі күнге «сәуір» деп жазып келеді. Неге? Мемтерминком солай бекітіп бергендіктен бе?! Жоқ, әдебиетіміздегі айтулы тұлғалардың бірі «Сәуірде көтерілер рахмат туы» деп жазғандықтан ба!? Әлде, ауызекі айтудағы: «Сәуір болмай, тәуір болмас», «Сәуірде күн күркірер, Күн күркіресе – көк дүркірер» деген тіркестерге байланысты ма?! Қалай болғанда да, әлдебіреулердің (олар, тіпті, үлкен тұлғалар болған күннің өзінде де) ауызекі тілде немесе өз шығармасында қолданған сөзі, не болмаса «мемтерминком бекітіп берген шешім осы» деген сияқты дәлелдер – халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан

ұғым-түсінігінен, біздіңше, жоғары тұрмауы тиіс. Өйткені ешкім де, ештеңе де халықтан ұлы емес!

Ендеше, осы айға өзінің «көкек» деген төл атауын қайтып беретін мезгіл жетті. Өйткені «сәуір» деген қазақша ай аты жоқ, ағайын! Жо-о-оқ!!! Мұның қайдан шыққанын білгіңіз келсе, парсылар мен арабтардың зодиактық (шоқжұлдыздар атымен аталған) календарына қараңыз.

<b>Парсыша Ай аттары</b>	<b>Қазақша дыбысталуы:</b>	<b>Қазақша ай аттары:</b>
Һәмәл	Амал	Наурыз
Соур	Сәуір	Көкек
Джоуза	Зауза	Мамыр
Сәрәтан	Саратан	Маусым
Әсәд	Әсет	Шілде
Сүнболе	Сүмбіле	Тамыз
Мизан	Мизан	Қыркүйек
Акрәб	Ақырап	Қазан
Кәвс	Қауыс	Қараша
Джәди	Жедді	Желтоқсан
Делу	Дәлу	Қаңтар
Һуд	Үт	Ақпан

Осы кестеден көрініп тұрғанындай, «сәуір» де, К.Жүніс-тегінің: «Қазан айын ертеде акраб деп те атаған», «Тамыз айы Үт – февраль айына сәйкес деп есептеледі» дегендеріндегі «акраб» пен «үт» те – қазақша ай аттары емес, басқа тілден енген сөздер екендігін көзіқарақты оқырман өзі де байқап отырған болар.

Ендеше, «Біз ұлттық өнегемізді, өзіндік дүниетанымымызды қалпына келтіріп, қазақ деген халықты өзінің асқақ ойымен ХХІ ғасыр табалдырығынан әрі өткізгіміз келсе, әр құбылысқа, әрбір затқа деген өз ұғымымызды ұрпаққа сіңіре білуіміз қажет» деп үлкен патетикамен сөйлеп отырған автор да, бәріміз де сөзіміз бен ісіміздің бір-бірінен алшақ кетпеуіне тағы бір назар салайық.

Ал қателік кеш те болса түзетілуге тиіс.

*«Ана тілі», 6.04.2000 ж.*

## СЫРЫМ ДАТҰЛЫ

Иә, ер басына күн туып, етігімен су кешкен жаугершілік заман тығырыққа әкеп тіреген соң, сол бір тарихи тар кезеңде елінің есін жиғызар мүмкіндік табуды ойлаған қазақ білікті кісілері жан-жағын қарманғанда, өздерінен бұрынғы талай дүмділер араға ат сабылтып, елші жүгірткен батыстағы көршісі – орыс еліне бет бұрып еді. «Арқада қыс жайлы болса, арқар ауып несі бар» демекші, ел-жұртының шекесі шылқымай болып отырса, өзге біреуге кіріптар болып қазақ білікті кісілерін жын ұрып па?! Демек, олардың талайына тап келген кер заман соған мәжбүр еткені ғой. Әйтпесе, А.Байтұрсынов айтқандай, «хан басын қарашаға теңгеру», мәселен, Әбілқайырға жеңіл болды деп кім айта алар?!

Сонымен... «өз алдына жұрт болып тұра алатұғын болмаған соң, хандарымыз халқыменен Россияға қосылғанына» жарты ғасырдай уақыт өткенде, баяғыдан бері қанатының астына алғансып, қамқорсып отырған орыстың екі басты самұрық құсы қазақ даласына қанды шеңгелін ақырын-ақырын батыра түсті. Бұл баяғы Орынборда тұңғыш генерал-губернатор болатын құпия кеңесші И.И.Неплюевтің 1744 жылы Сенатқа бекіттіріп әкеткен «Қосалқы жоспарының» іске аса бастаған кезі еді. Ол жоспар бойынша: 1) Жайықтағы қалашықтан бастап, 2) Орынбор, 3) Ор, 4) Жаңа Үй шебі, 5) Сібір шебі арқылы қазақ даласын қарулы әскермен қоршап алып, тыпыр еткізбей ұстап отыру көзделген-тұғын.

Соған байланысты тек 1755–1772 жылдарда ғана Кіші жүз бен Орта жүз жерінде, Жайықтан Өскеменге дейін – 3,5 мың шақырым шеп бойына бекіністер салынды. Жайықтың теңізге құяр сағасынан Қара өзенге дейін Жайық казактары, Елек бекінісі мен Верхнеуральск бекіністерінде Орынбор казактары, Үй шекара шебіндегі бекіністер мен Ертіс бойындағы бекіністерде Сібір казактары тұрды және бұлардың қай-қайсысы да патшалық Ресейдің отарлау саясатын өте қатал әскери тәртіп арқылы іс жүзіне асыра бастады. Әрбір жаңадан

салынған бекініске сырттан казак-орыстарды әкеліп орналастырып, оларға жер беріп, қазақтардың мал жайылымдарын тарылтқан үстіне тарылта түсті. Ол – ол ма, бекіністерге жақын отырған казак ауылдарына әлсін-әлсін шабуыл жасап, малдарын айдап, адамдарын байлап әкетіп отырды. Шабуылдар тіпті ойдан шығарылған сылтаулар арқылы да жасалған. «..Тегі, орыс негізгі деректерінде «шекара барымтасы» дейтін шабуыл бүкіл бекініс линиясының бойында үнемі қолданылып тұрады... мұның ұйымдастырушылары – Жайықтағы казак-орыс әскерлерінің старшиналары. Бұл шабуылдардың көп болатын себебі, шабуылға қатынасқандар олжа түсіріп, ауқаттанып қалып отырады. Мұны Орынбор әкімшілігінің өзі де мойындайды... Шекара барымтасы қырғыз-қайсақ халқының қарсыласуын басудың негізгі әдісі деп қаралған» дейді осы кезеңді мұқият зерттеген М.П.Вяткин (Вяткин М.П. Сырым батыр, Алматы, 1951, 181-б). Шынында да Орынбордың әскери губернаторы Н.Н.Бахметьевтің өзі кейінірек, 1802 жылы, император І Александрге берген хабарында: «Линия бойындағы барлық бастықтардың қолдануына рұқсат етілген жазалау шарасы қазақтарды аздырып-тоздырып, талан-таражға ұшыратуы сондай, барымта деп алынған малдың мыңнан жүзі иесінің қолына тимейді. «Шекараға жете алмай өлді» деген сылтаумен, мал барымта басшысының, т.б. қолында қалып отырады, сөйтіп, осы жаман әдет арқылы өзіне дүние-мүлік жинап, байып алғандар көп» деп жазды өзіне дейінгі Орынбор губернаторларының 50 жыл ішінде істегендеріне шолу жасап. (Материалы по истории КазССР, Т.IV.193-бет.).

1783–1797 жылдары Кіші жүзде Сырым Датұлы бастаған казак халқының ұлттық езгіге, отаршылдыққа қарсы көтерілісінің шығуы, міне, осындай жайларға тікелей байланысты.

Әрине, патшалық Ресейдің отарлау саясатын барынша қатал түрде, қарудың күшімен жүзеге асырмақ болған Жайық казактарының озбырлықтарына қарсы күрес Сырымға дейін де, Сырым тұсында да Кіші жүзде ешқашан толастаған емес. Барымтаға – қарымта қашан да жасалып отырған. Бірақ

қазақтар тарапынан болған шабуылдар ылғи бытыраңқы түрде жүргізілген, бір басшыға бағынып, бір орталықта топтастырылмай келген. Мәселен, 1783 жылдың бас кезіндегі Табын руынан шыққан Тасболат пен Есболат батырлардың Гирьял бекінісіне, Тама руының билері Қадыр мен Садырдың Красногор және Ильинск бекінісіне, Тіленшінің (Бөкенбай батырдың баласы) Елек қамалына, Алтын руының батыры Айралының Верхнеурал дистанциясының Қарағай бекінісіне шабуылдары – осындай бытыраңқы күрестің көрінісі. Бірақ олардың ешқайсысы да көтерілістің көсемі, ұйымдастырушысы боп кете алмай, көп ұзамай-ақ аттан түсіп қала берген. Барлық жерде өрбіп келе жатқан қозғалысқа басшы болған, оны біріктірген, бұл қозғалыстың қанатын бұрын-соңды құлақ естіп, көз көрмеген дәрежеде кең жайдырған адам – тек қана Сырым Датұлы болды. Атап айта кету керек, бұған дейінгі қазақ халқының жаумен шайқастары (мысалы, Жоңғарлармен, Хиуа, Бұқар, Қоқан хандықтарымен соғыс) – Отан қорғау жолындағы жалпыхалықтық соғыс болса, Сырым бастаған мынау көтерілістің характері олардан мүлде бөлек екенін аңғару қиын емес. Бұл халқымыздың тарихындағы ұлттық езгіге, отаршылдыққа қарсы бағытталған ең алғашқы ұлт-азаттық көтеріліс. Сырым көтерілісіне осылай қарау орынды болмақ. Өйткені тап осы көтерілістің азатшыл рухы болмағанда, бәлкім, бұдан кейінгі Арынғазының да бас көтерулері, тіпті Исатай – Махамбет, Есет Көтібарұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістерінің де болу-болмауы неғайбыл еді. Оның үстіне, Сырым бастаған ұлт-азаттық көтерілісінің кейінгілерге ұлағатты тағы бір жері, әрі Сырымның кемеңгерлігі – бірде қолына қару алып шайқасса, енді бірде қарсыластарымен мәмілегерлікпен, саясатпен, ақылмен арбасып, 1783 жылдан 1797 жылға дейін (он төрт жылға) созылған күресте ақырында Сырым жеңбесе де – жеңілмей кеткендігінде; халқын қан сасытып қырғызбай, елінің еңсесін түсіргізбей, жұртының ар-намысы мен рухын жасытпай күресті аяқтағанында. Біздің тарихшыларымыз: «Сұлтандармен келісімге барған билер мен ру басыларының сатқындығы; көтеріліс басшыларының, атап айтқанда, Сырым

Датовтың дәйексіздігі мен солқылдақтығы халық көтерілісінің жеңілуіне себепші болды», – дейді (Қазақ ССР тарихы, Алматы, 1982, 3-т. 131-б). Бұл – қате тұжырым. Сырым бастаған ұлт-азаттық қозғалыс жеңілгендіктен тоқтаса, оның басшысы «дәйексіз, солқылдақ» болса, көтеріліс тоқтатылған (жеңілген емес, тоқтатылған – Қ.М.) 1797 жылы оған қатысқандар күнәні ауырлатып Есім ханды өлтірер ме еді? Көтеріліс жеңілгендіктен тоқтаса, мойнына ханның қанын жүктеген көтеріліс басшысы Сырым «жеңгендерден» қорықпай, 1797 жылдың тамыз айындағы Хан кеңесіне мыңнан аса жолдастарымен келер ме еді?! Хан кеңесінің мәжілісіне қатысып, сол жерде «Халықтың ауыр жағдайына және Хан кеңесінің құрылуына байланысты өзінің күресті тоқтататынын» мәлімдер ме еді (Қазақ ССР тарихы, 3-том, 130-бет). Сөйтіп, күні кеше Есім ханды өлтірген кісі енді Хан кеңесіне мүше болар ма еді?! Төрелер мен патшаның жергілікті әкімдері болғызар ма еді?!

Рас, қаншама ақылды, қаншама сұңғыла болса да, Сырым отаршылдық жүйені жеңе алған жоқ. Бірақ озбыр отаршылдардың ел намысын таптамақ болған лас аяғын уақытша болса да тартқызды емес пе?! Сонысымен елінің мойнына құлдық қамытын кигізбек болғандардың қарау әрекеттерін белгілі бір уақытқа болса да кешеуілдетті емес пе?! Демек, шамасы келмегенді істей алмадың деп жазғырғанша, шамасы келгенін тындырғанына лайықты баға бермейміз бе? Өзімізді-өзіміз тұқырта бергеннен пайда көрген жеріміз жоқ еді ғой. Сондықтан Сырымның жеке өз басына да, оның қоғамдық қызметіне де, ол басқарған халық көтерілісінің мән-маңызына да берілер бағаны, абзалы, қайта қараған дұрыс.

Қандай да бір тарихи тұлғаның қоғамдық қызметін, еліне қаншалық еңбек еткенін дұрыс түсіну үшін, әрі әділ бағалау үшін, ең алдымен, оның өмірін, ол қоғамдық қызметке араласқан кезенді, сондай-ақ оның өскен ортасын анықтап алған жөн.

Бұл ретте, Сырым Датұлының туған-өлген жылдары атап көрсетілген жазба деректер жоқ екенін айта кету керек. Әйтсе де, халықтың аңыз-әңгімелеріне, көнекөз қарттардың айтқандарына, сондай-ақ батырдың өз тұқымдарының есінде

қалған ескілікті сөздерге қарап, оларды тарихи деректермен салыстыра отырып, оның өміріне қатысты кейбір көмескі жайттардың бетін ашуға болады.

Бұл күнге дейін жұртқа анық белгілісі: Сырымның сүйегі – Кіші жүз Алшын. Алшын ішінде Байұлы. Байұлының Сұлтансиығынан, руы Байбақты. Байбақты ішінде Әйтімбеттің Шоланынан. Шолан болғанда, бұл күнінде бүкіл Байбақтының белгілі батыры болған, сол батырлық бірбеткейлігінен пайда көрмей, төрелердің қолынан жазым болған айтулы Шолан. Шоланды төрелер кескілеп өлтіріп кеткенде, төртінші баласы Дат шешесінің құрсағында қалған екен. Шешесі көп ұзамай аман-сау босанғасын, төрелермен арадағы зіл ұмыт болмас үшін, баланың атын Дат қоятыны – сол себепті. Даттың екі әйелі болған. Бәйбішесінен: Адамбай, Атантай, Жомарт туады да, он екі ағайынды Сырым, басы өзі болып, қалған 8 бауырымен тоқалдан – Дүрданадан өрбиді. Дүрдананың балалары мыналар: Сырым (шын аты – Сырлыбай), Дүйімбай, Жандыбай, Қалдыбай, Базарбай, Қорлыбай, Шегебай, Нұрлыбай, Барлыбай. Шоланның Есенбай, Түкіш, Байторы, Дат дейтін төрт баласын «төрт Шолан» дейді. Ел ішінде «сол төрт Шоланды байытқан – үш тоқал» деген сөз бар. Мұның мәнісін сұрағанымызда, Сырымның бесінші ұрпағы (неменесі), Самара облысының Кинель-Черкасск ауданы, «Красная заря» совхозының 3-бөлімшесінде тұратын, 1985 жылы 95 жасқа келген Құзжатислам қария былай деп еді: «Есенбайдың Зеріп деген тоқалы мен Даттың Дүрдана деген тоқалынан тоғызтоғыз ұлдан, Түкіштің Кенжекыз деген тоқалынан 8 ұл туған. Басқасын былай қойғанда, осы 26 ұлдың өзі – ұлан-ғайыр байлық емес пе... Үш тоқалдың Шоланды байытқаны емес пе?!»

Дат аулының жаз жайлап, қыс қыстайтын жерлері: қазіргі Орал уәлаяты, Жымпиты ауданы; оның Жетікөл, Қара ой, Сары ой, Қосағаш, Көкайыл, Бөлекқұмақ дейтін жерлері, сонсоң Жымпиты бойы (төменгі Бұлдыртыға құяр сағаға дейін). «Жетікөл» совхозының тұрғыны Исағалиев Рахымжан, Жымпиты селосының тұрғыны Ғұзжат Ғиззатов, «Жымпиты

ты» совхозындағы Аманғали Қажығалиұлы, осы совхоздың «Қызылағаш» бөлімшесінде тұратын Әжігерей қариялар батыр бабаларының ғұмырнамасы туралы білгендерін бүкпесіз ақтарып отырушы еді. Оған да бірталай уақыт болып қалыпты-ау...

Кезінде Сырым батырдың өмірі мен қоғамдық қызметін, әсіресе оның шешендік өнерін көп зерттеген ғалым Б.Адамбаев «Шешендік өнер» дейтін кітабында, оралдық Үмбет Ыбыраев карттың: «Сырым Дат баласы 1750–1760 жылдардың арасында туған...» – деген пікірін (Әдебиет және өнер институтының қолжазба қоры, 6-іс, 5-п.) және Сырымның ағасы Адамбайдың ұрпағы, кезінде Шымкент пединститутының доценті болған Әділ Ермековтың: «Әкей марқұм: «Шынтекем (Сырымды – Шынтемір дейді) 60 жасында ту тігіп, ханға қарсы аттанған екен, жетпіс тоғыз жасында Хиуада қайтыс болыпты» деп отырар еді»... деген пікірін келтіреді де, соңғы тұжырымды «тарихи деректермен толық сай келеді» деп қорытынды жасайды (Адамбаев Б. Шешендік өнер, Алматы, 1969, 52, 53, 54-бет.).

Біз зерттеушінің пікірін үзілді-кесілді жоққа шығармасақ та, бұл тұжырымның «тарихи деректермен толық сай келетініне» күмәндана қараймыз. Өйткені «ханға қарсы ту тігіп аттанғанда 60 жаста» болса, Сырым секілді кесек тұлға соған шейін «ай карап» жүрген бе?

Сонсоң.. «Жетпіс тоғыз жасында Хиуада қайтыс болғаны» рас болса, түү ит арқасы қияндағы Хиуаға орыспен соғысу үшін одақ іздеуге, көмек сұрауға (қаншама саясаткер боп кетсе де) бірі кем сексен жастағы қарт адам сапарға шыққанына кім сенеді. Сырым өзі ақылды кісі, өзі саясаткер кісі екені рас болса, сексенге жуықтап қалған шағында қаруы қайтқан қарт кісінің сөзіне сеніп Хиуа ханы самсаған сары қол әскер береді деп дәметіп бара ма? Ақылға сыя қояр уәж емес бұл.

Қазақ совет энциклопедиясына қарасаңыз (деректі қайдан алғанын өздері білсін) Сырымды тіпті 1712 жылы туып, 1802 жылы опат болған деп көрсетеді (КСЭ, 10-т., 497-б.).

Сырымның Хиуа жақта қайтқаны рас, 1802 жылы опат болған деуге де негіз жоқ емес (бұған сәл кейін тоқталамыз.

Шығармалары. Екінші том

– Қ.М.). Бірақ 1712 жылы туғаны рас болса, Б.Адамбаев мөлшерлеп айтқан – бірі кем сексен жас былай қалып, Сырым 90 жасында мәмілегерлікпен Хиуада жүріп дүниеден озған болып шығады.

Сырым батырдың қай шамада қайтқаны туралы өз пікірімізді білдірмес бұрын, қайда және қашан дүниеден озғаны туралы деректер келтіре кетелік.

Батырдың қазасы туралы аңыз-әңгімелердің бәрінде де, ол Хиуа, Үргеніш жақта жүргенінде, сол жақтың хандары улап өлтіргені айтылады. Ығылман Шөрекұлының «Исатай – Махамбет» дастанында ханның аузымен айтылатын: «Үргеніште қалған Сырымдай, Сүйегінді шетке көмермін» деген сөз тегін айтылмаған (Шөреков Ы. Исатай – Махамбет. 1941, 16-б.). Бұдан біраз жылдар бұрын Сырым бейіті қайда қалғанын сұрастырып жүргенімде, Атырау облысы, Балықшы поселкесі, Қызыләскер көшесі, №13 үйде, 10-пәтерде тұратын Жағыпаров Бақыт деген 1899 жылы туған қария: «Сырымның бейітін 1964 жылы Үргенішке барғанда көрдім. Қарақалпақстанда. Нөкістен 60-70 шақырым, Маңғыстауға қарай шығатын жол бойында...», – деп еді.

1985 жылы Күрті ауданына сол жақтан көшіп келген Абылай Елубаев қария: «Сырымның бейіті Үргеніште... Қожеліден 80 шақырым жердегі «Қайыпбаба» деген қорымда жатыр. Сырымның ғайыптан (ойда жоқта) қаза тауып, сүйегі қойылған жер кейін «Ғайыпбаба» («Қайыпбаба») аталып кеткен», – дегенді айтты.

Сөйтіп жүргенде, өткен 1991 жылдың 11–17 көкегіндегі «Дала дидары» газетінде «Сырым батырдың сүйегі табылды» деген материал шыға келсін! Авторы – ақын Өтеген Оралбаев. Оған Маңғыстаудағы белгілі шежіреші, жыршы Избасар Шыртанов былай деп хабарлаған... «Нүкістегі Қазақ ұлттық мәдениет орталығының төрағасы Құлмағамбет Қонысбаев пен журналист Мұратбай Ұлықпанов деген азаматтар Сырым батырдың сүйегі қойылған жерді анықтапты. «Тапқан – Нүкіс қаласының қасындағы Қызкеткен елді мекенінің тұрғыны, 85 жастағы Қалмахан деген қария». Сырым бейіті

«...Қарақалпақстанның «Қыпшақ» совхозындағы Гежекбаба қойылымында (қорымында) екен. Қожакөл мен Қыпшақ деген екі ауылдың ортасында. Нөкістен 60 шақырымдай жерде. Табылған жердің аты – Бестөбе...»

Иә, топырағы торқа болғыр, Сырым батырдың қайда дүние салғаны туралы әңгімені осымен доғара тұрып, қашан қайтыс болғаны туралы деректер келтірер болсақ, зерттеушілердің бәрі бірдей жүгінетін жалғыз жазбаша айғақ – 1803 жылы Қазақ жері арқылы Бұхараға сапар шеккен патшаның әскери қызметшісі поручик Я.Гавердовскийдің (және оның жолдастары Иванов пен Богдановичтің) күнделік іспетті журналы. Осы қолжазбада қазақтардың ас беруін суреттей келіп, Я.Гавердовский былай деп жазады: «... осының қаншалық шығынға ұшырататынын түсіндіру үшін, біз қазақ даласына келіп кірерден бірнеше ай бұрын қайтыс болған Сырым батырға берілген асты мысалға келтіреміз... Сырымның асы оның балалары мен туысқандарына оңайға түскен жоқ: 3 мың қой, 100 (жүз) жылқы сойылды, таратылды; 600 саба қымыз ішілді; бұған қоса, бәйгеден келген аттардың иелеріне, мергендер мен балуандарға бірнеше киіз үй, сауыт-саймандар, тағы басқа да бағалы бұйымдар үлестірілді» (Я.Гавердовский. Обзорение киргиз-кайсацкой степи, Ч. II. Рукопись начала XIX в., 95-бе). Кейін А.Левшин де, М.П.Вяткин де осы қолжазбаға сүйене отырып, өз ойларын дәлелдеуге тырысқан. Гавердовскийдің керуені қазақ даласына 1803 жылы ақпанда келіп кірген; демек, 1803 жылы оған ас беріліп жатса, Сырым (иманды болғыр!) 1802 жылы опат болған деуге толық негіз бар.

Енді... неше жасында дүниеден озған деген мәселеге келер болсақ, ел ішінен біз естіген бір әңгіме де көңіл қоярлықтай. Ол әңгіме бойынша, Сырым жастайынан ел аралап, үлкендерден ақыл-кеңес сұрап, көпшілігінен бата алған екен (мұны «Шешендік сөздер» атты кітапқа енген Сырым туралы әңгімелер де айғақтайды. Мысалы, оның Тана Малайсарыдан, Есентемір Бөкен биден, Бақай сыншыдан, Балаби шешеннен бата алуы. – Шешендік сөздер, Алматы, 1967, 46–49, 51–52-б).

«Үлкендердің сол батасы, тіпті, неше жасында өлетініне шейін айнымай келіпті, алпысқа жетер-жетпесінде дүние салыпты», – дейді қариялар.

Соны естігенде, баяғы Бөкен бидің Сырымға берген батасы еріксіз еске түседі:

*Арқаң қара нардай жауыр болсын,  
Мінезің қара жердей ауыр болсын.  
Өкпең жоқ – бауыр болсын,  
Сыртыңнан дүбір кетпесін,  
Құлағыңнан сыбыр кетпесін,  
Жасың алпысқа жетпесін, –*

деген екен. Шошып кетіп, жалт қараған Сырымға: «Мен не десем де бәрінің мән-мағынасы бар. Өзіме соны айырып бер» депті. Сырым бәрін айырып бере келіп: «Тек... жасың алпысқа жетпесін деген батаңызға түсіне алмадым» дегенде, оған ақырып: «Мен сенен Құдайдың берген жасын қызғанам ба, маған десең жүз алпысқа кел! Мен мұны айтқанда, өзім көрген алты бәлені сен көрмесін деп едім...» дегенімен, осы бір ауыр сөз оның ойында өмір бойы қалып қойғанға ұқсайды. Өлерінен бір жыл бұрын: «Япыр-ай, келер жылы алпысқа келер ме екем, әлде жұртым асымды берер ме екен...» деген сөзі содан қалыпты деседі.

Енді осы әңгімені негізге ала отырып, Сырым өмірінің хронологиясына зер салсақ, яғни 1802 жылы алпысқа жетер-жетпесінде дүниеден озды десек, 1742–1743 жылдары туған болады, онда оның ғұмырнамасы тарихи фактілердің ешқайсысына да қайшы келмейтінін көреміз. Мысалы, ел аузынан жиналған аңыздарға қарап, М.П.Вяткин: «Сырым жас басынан-ақ ақылды және адал болған. Жиырма жасында Байбақты руының биі болып, ел аралайды» десе (Вяткин М.П. Сырым батыр, 199-б), мұнда асырып айтқандық жоқ. 1760 жылы қазақ даласынан пайдалы кендер іздеуге шыққан Тимашевтің партиясына кірген башқұрттар, Нұралы ханның елшілері боп Орынборға барып келе жатқан Мәмбеталы сұлтан мен оның қасындағы қазақтың 20 биін жолда ұстап алып, бірін қалдырмай қырып тастағаны белгілі. Олар мұны 1755 жылғы Батырша Әлиев бастаған

башқұрт көтерілісі кезінде қазақ даласын пана көріп қашып келген башқұрттарды Нұралы хан сыртқа теуіп қана қоймай, орысқа ұстап беріп, зәбір-жапа көрсеткені үшін істеген болатын. Бұған ел қатты ашынып, башқұртты шаппақ болғанда Нұралы хан ішінен тынып, үндемей қалады. Оны әсіресе жастар қатты кінәлап, «халықтың кегін ала алмады, хан өкіметін аяққа басты» деп айыптайды. Осындай күнәларын жою үшін, әрі елдің дүмпуін басу үшін, 1760 жылдардың басында Нұралы хан әлгі опат болған билердің орнына ел көзіне енді-енді іліккен кілең қылқандай жастарды тағайындайды. Солардың бірі – Сырым болса керек.

Асылы, аты ауызға ілігіп, атағы елге естіле бастасымен-ақ, Сырым артына қалың қол, қарулы аламан ертіп, сол кездегі ерлердің дәстүрімен қалың қазақтың жыртысын жыртуға шыққанына дәлелдер көптеп табылады. Оның абырой-беделі, әсіресе, Пугачев көтерілісінің тұсында қатты көтерілген. Жыл өткен сайын Жайық бойын жайламақ түгілі, оның жағасына жақындаудан да қалып бара жатқан жүні жығылыңқы қазақтың жалын көкжал бөрінің желкесіндей күдірейтіп бір-ақ күнде арғы бетке – Нарынға қарай алып өткендердің бірі – осы Сырым болатын. Малына өріс таппай қиналып отырған елді 1771 жылы қалмақ түп көтеріле көшіп кеткелі қаңырап жатқан Еділ-Жайық арасындағы жалпақ қонысқа жағалай қондырып, өзі артынан ерген аламанымен Пугачевке қосылып кеткен-ді. Содан екі жылдай жортуыл күн кешіп, Пугачевтің әскерімен бірге «отыз жасында орда бұзар ұрыстарға қатынасқаны» да рас. Сол кезде көргендері мен көңіліне түйгендері кейінірек өзі орыспен соғысқанда мұның пайдасына шыққаны да анық. Қалай дегенде де, сол тұста дүниені дірдек қаққызып тұрған орыс әскерінің атақты-атақты генералдарына алдыртпай кетуі – қазақтың болашақ ұлт-азаттық көтерілісінің басшысы Сырым Датұлының жас кезінен-ақ тегін адам болмағанының айғағы іспетті. Әйтпесе, Пугачев көтерілісін аяусыз басқан, 1768–1774 жылдардағы орыс-түрік соғысы кезінде-ақ аты ауызға ілінген генерал, кейін генералиссимус болған Суворовтың өзі оны қолға түсіре алмай, сол кездегі орыс әскерлерінің қолбасшысы

граф П.Паниннің алдында кінәлі адамдай кішірейіп: «Халықты қорғау үшін және кездейсоқ оқиғаларға даяр тұру үшін, мұның үстіне батыл соққы беру мақсатымен де, Сіздің ақжарқын жүзіңіздің құзырындағы әскерлерге мынадай бұйрық бердім: реті келген бірде-бір қолайлы кезді құр жібермей, бүгіннен бастап Сырым батыр бастаған, өз беттерімен кеткен ұры-қары қырғыздарды қай жерде кез келсе де, қандайлық алысқа қууға тура келсе де, оның өзін ұстап алып, тамырына біржола балта шауып немесе сол жерде өлтіріндер дедім; оның басты жолдастарына да осыны істендер; әскери ант бойынша өздеріңнің күштеріңді де, өз бастарыңды да аямаңдар. Мұндайларға қашанда осындай тәртіп қолданып отырыңдар дедім» деп жазар ма еді...

Егер біз жоғарыда Сырымның қай жылы туғаны, неше жасында дүниеден өткені туралы мәселелерде кейбір авторлардың пікірімен келіспесек, міне, осындай жағдайларға байланысты келіспейміз. Өйткені «ханға қарсы ту тігіп аттанғанда Шын-текем (Сырымды айтады) 60 жаста екен» дегеннен гөрі, он төрт жылғы үздіксіз жортуылдан кейін (1783–1797), 60-қа жасы жуықтағанда, ұзақ күрестен кейінгі «халықтың ауыр жағдайына және Хан кеңесінің құрылуына байланысты Сырым өзінің күресті тоқтататынын мәлімдегені» (Қазақ ССР тарихы, 1982, 3-т., 130-б.) шындыққа жанасымды да, ақылға қонымдырақ. Және өмірінің әрбір он жылдық белесіндегі істері сол тұстағы жас шамасына да лайық келіп тұрған жоқ па? Әйтпесе, көтеріліс басталар алдындағы 1783 жылы Сырым 60-та екен десек, сол жылы Нұралы ханның төменгі Топайлы түбіне кеп қонып жатқан бір ауылын шауып әкеткен Орал казак-орыстарының атаманы Шагановты жекпе-жекте ат артына өңгеріп әкеліп, Хиуаға құлдыққа сатып жіберген кісі – 60 жастағы шал болып шықпай ма?! Сырымның дәл осылай өткені – тарихтан мәлім. Ел аузындағы біз естіген әңгіме бойынша, ол мұны 60 жасында емес, 40-тан енді аса берген кезінде істеген. Осы сөз қисындырақ та, сенімдірек те. Өйткені Сырым мұнымен ғана тынып қалмай, келесі 1784 жылы Таналық камалына шауып, казак-орысты тас-талқан қылғаны, камал

бастығы майор Рештейнердің өзін әлденеше адамымен байлап әкеткені мәлім. Бұл туралы А.Левшин анық жазған. Бәлкім, ол Сырым жайлы: «Он был человек с диким, беспокойным, мстительным, но сильным характером и с редкой предприимчивостью» десе, осындай істеріне қарап та айтқан шығар.

Жалпы, Сырым туралы жазған зерттеушілер ол жайлы әр түрлі пікірлер айтқан. А.Левшин әлгіндей десе, А.Рязанов: «Это была выдающаяся и талантливая личность, имеющая огромное влияние на массу казак-киргизского народа», – дейді. Ал патшаның әкімдеріне айтқызсаңыз, бірде «разбойник», бірде «вор» десе, өздеріне жаққан кезде, яки керек болған кезде: «Сіз, құрметті старшина, бұл жақтағыларға көңіліңіз түзу, қашанда ынтаңызбен қызмет істейтіндіктен тонаушылардан (Филипп) Григорьевтің малын өндіріп алып, жеткізіп беруге уәде етсеңіз екен...Өйткені сіздің басқаларға қарағандағы өзгеше мінезіңіз және бұл жақтағыларға деген ниетіңіздің дұрыстығы мұнда әбден мәлім», – дейді.

Өзгелер не десе о десін, өз жұрты Сырымды «... билегендей ер еді, Қытай менен Қырымды» дейді. Бұған ол қайтыс болған соң баласы Қазыға естірткенде айтылған:

*«...Кебеже қарын, кең құрсақ,  
Әкең сенің Сырым-ды.  
Билегендей ер еді-ау,  
Қытай менен Қырымды.  
Сол секілді жанның да,  
Аргымақ аты сүрінді...  
Аладан пәрмен келген күн,  
Алды-артына қарамай,  
Хаққа мойны бұрылды»*,

– деген сөз айқын дәлел болса керек-ті.

Іші-сыртына небір жақсылы-жаманды сөз сыя беретін кісіге айтылар «кебеже қарын, кең құрсақты» былай қойғанда, Сырым өзі ел аузындағы аңыз-әңгімелерге қарағанда, өмірде де аса ірі, сүйекті кісі болған. Саптама етігінің ішіне екі-үш жасар бала тығылып ойнайды екен. Бойы екі кезден астам; беліне байлайтын кісесінің өзі жалпақтығы қарыс жарым, ұзыны анау-мынау атқа

айыл тартпаға жарарлықтай болыпты деседі. Асылы, мұндай-мұндай ірі кісілер бұрынырақта болыңқыраған ғой, батырдың әлгі кісесін өзінен кейін беліне байлаған – жиені, кәдімгі есімі елге белгілі ер Есней екен; сол ерен тұлғалы Еснейдің өзі Сырымның әлгі кісе белбеуін ара-арасына алақан сыярлықтай тоғыз тесіп әрі тартып буыныпты деседі. Есней дүниеден өткен соң, сол мұраны тұтынар артында перзент қалмағандықтан, әйелі Ұлпан белдікті нағашыларына – Байбақтыларға қайта апарып бергені жөнінде Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпан стансасы» әңгімесін оқыған көзі қарақты қауым хабардар шығар.

Сырым тек қана батыр емес, қол бастаған көсем, сөз бастаған шешен, қандай қиын жерлерде де оза шауып бәйге алатын белгілі жүйрік болғаны байқалады. Соңғы сапарына дейін қасына ерген айтулы ердің бірі Есқара батырдан біреу: «Елінде жұрт елегендей кімін бар? Өзің қайдан жүрген жансың?» – дегенде: «...Ойлауық десең – Бұлан бар, Озаған десең – Сырым бар, ат та шап, ұр да жық десең – өзім бар, руым – Байбақты, Дәуқара батырдың баласы Есқара деген мен боламын», – деуі тегін емес. Өзі бір кісідей батыр Есқара Сырымды «батыр» да демейді, «би» деп те атамайды, «Озаған» дейді. Өйткені Сырым өз елінің еркіндігі үшін озбыр отаршыларға қарсы соғысып қана қоймай, сол соғыстарда жеке басының ерлігімен атакқа шыққандығына да тынып қалмаған; жасынан-ақ атанның белі, алмастың жүзі сыналар небір қиын істе қиялап жол таба білсе, жұрт көңілінен шығарлық шешім тауып, билік айта білсе, ержетіп кемеліне келген кезде де өзі ұстанған ішкі-сыртқы саясатқа қатысты мәселелерде өзге ешкімнің ойына келмеген шешім табумен замандастарынан мойны озық тұрған.

Мәселен, Жайық үшін жан алысып, жан беріскен қиын кезеңде хан мен оның әулеті езгі көрген халқының қамы үшін иә ернінің ебін пайдаланып, иә қолына қару алып күреске шығудың орнына өздерінің басын сауғалап, бұғып қалғанына тек Сырым ғана емес, бүкіл елдің рубасылары мен билері тегіс наразы болған. Хан мен оның туыстарын жерден алып, жерге салып жамандауға келгенде, тіпті, алдарына адам

салмағандары да бар. Мұндайға таңғалатын ештеңе де жоқ. Сөйте тұра, олардың ешқайсысы тақта отырған Нұралыны басқа ханмен ауыстыру керек дегеннен аса алмаған.

Ал Сырым болса, тек озбыр отаршылдыққа ғана қарсы күресіп қоймай, ендігі жерде патшаның қазақ даласындағы тыңшыларына әрі соның құрақ ұша қызмет қылатын жандайшаптарына айналып кеткен бұл әулеттен біржола безінеді. Безінгенде де, жұртқа ұксап Нұралыны қайткен күнде де басқа ханмен ауыстыру керек демейді; елге пайдасы жоқтығы өз алдына, өз халқына зымияндық жасауға көшкен бұл әулетті түп қопарып, биліктен біржола аластап тастауға бет бұрады. Өзі болып-толып тұрған заманда (1786 ж.) бұл ойын жүзеге асырады да.

Мұндай ой ол тұста Сырымның замандастарының көбінің басына келмеген болатын. (Кейін Нұралы ханды тақтан тайдырған кезде де «хансыз өмір сүру» идеясы миына кіріпшықпайтын біраз адамның (тіпті Сырымның тілеулес, пікірлес адамдарының біразы) бұған қарсы болу себебі де осыдан. Стереотиптік ойлау жүйесі біздің заманымызда ғана емес, адамзат қоғамы дамуының қай кезеңінде де жаңалыққа бірден орын бере қоймайтынының бір көрінісі осы емес пе!?).

Сырымның өз замандастарынан мойны озық тұрғандығының тағы бір дәлелі – тек қана ханды тақтан тайдырғандығында емес (әрине, мұның өзі де бас кететін шаруа), оған қоса, сол тақтан түсірілген ханның және хан өкіметінің орнына ел билеудің жаңа үрдісін – прогрессивті үлгісін дүниеге әкелгендігінде.

Осы жерде, күні бүгінге дейін біздің тарихшыларымыз батылы барып айта алмай келе жатқан бір шындықтың басын арши кеткен дұрыс. Ол Сырым батырдың мемлекеттік үлкен масштабта ойлай алатын басшы, реформатор болғандығы. Бұған дәлел «Халық кеңесі» деп аталатын ел билеудің жаңа формасын оның дүниеге әкелгендігі және бұл әдіс – қазақ халқының тарихында ғана емес, бақ-дәулеті кемеліне келіп тұрған сол тұстағы өркениетті елдердің өзінде де жүзеге аса қоймаған демократиялық ел басқару идеясының өмірге снуі

еді; ол идеяның керемет дамыған әлдебір елде де емес, өзі біреудің боданында отырған қазақ елінің бір пұшпағында өмірге енуі еді; соны Сырым секілді қазақтың бір шаруасының баласы үрдіске енгізгені еді.

Адамзат баласының тарихында әлем халықтарының кәжетіне жарарлық әлдебір жаңалық бола қалса, оны тек Батыстан, Европадан, өркениетті елдерден шыққан идея етіп көрсетуге тырысатын жаман әдет бар бізде. Неге? Егер хандықты монархиялық құрылыс деп есептесек, Сырым сол монархиялық (хандық) билікті де, монархты (ханды) да құлатып, елді халықтың қайнаған қалың ортасынан шыққан өз өкілдері – халық өкілдері басқарсын десе, бұл сол тұстағы Европаның да есін тандыратын жаңа идея еді. Және бұл Париждегі қалалық өзін-өзі басқару органы «Париж коммунасын» дүниеге әкелген 1789–1794 жылдардағы Ұлы француз революциясынан да төрт жыл бұрын қазақ даласында дүниеге келген ел басқару әдісі екенін ескерсек, өзі бастаған көтеріліс нәтижесінде Сырым адам баласының қоғамдық өміріне қандай үлкен жаңалық әкелгенін тереңірек ұғар едік.

Ендігі бір сөз: Сырым хандарды тақтан тайдырып, ел билігін қазақтың өз ішінен шыққан білікті кісілерге беру керек деген ойды қайдан алды?! Соңғы жылдары баспасөз беттерінде жарияланған Қожаберген жыраудың «Елім-ай» дастанында Әйтеке би айтқан Сырым идеяларының бастауы жосылып жатыр. Оқып көрейік:

*«Хан, сұлтан, төре күні өткен, – деді»  
«Қазағым өзіңді-өзің тұтас ел ғып,  
Басқарар енді уақыт жеткен, – деді...»  
«...Хандарды шеттетуді көзде, – деді»,  
«...Қазақты төре бастап көгертер деп,  
Малтаңды, би мен бектер езбе, – деді...»*

Қу тақырға шөп өсуші ме еді?! Міне, мәселе төркіні қайда?.. Сырым өз заманында елін сатқан төрелерден шынында да біржола безініп, ханды тақтан тайдырып, кара ағаштай қалың қазақты тұтас ел қылып, Кіші жүздегі үш атаның баласын өздерінен шыққан билерге басқартып, сол уақытқа дейін

сойқан салып келген казак-орыстардың шабуылын Уфа және Сіңбір әкімшілік аймағының хакімі О.Игельстромға айтып, тыйым салғызып; оның үстіне, ертеден шешілмей келе жатқан ұлы дау – Жайықтың арғы бетіне елді өткізуге рұқсат әперіп, Нұралы хан шеше алмаған мәселелердің аяғын түгел жерге тигізген.

Ал Әйтеке би жырда айтылатын өз замандастары ауызға ала қоймаған мұндай қорытындыға қалай келген?! «Хан, сұлтан, төре күні өткен...», «Қазағым, өзіңді-өзің тұтас ел ғып, басқарар енді уақыт жеткен...» десе, казактың өзін-өзі басқаруы, ендігі жерде қарадан туып-ақ өз еліне хан болу (басшы болу) идеясы – оған өзінің арғы атасы, Самарқанды 40 жыл билеген кәдуілгі кара казак (төре емес) Жалаңтөс баһадүрдің тағылымынан бері етене идея. Өзге казакқа өмірі орындалмайтын іс сияқты көрінгенмен, бұл оған табиғи һәм заңды нәрсе екені түсінікті.

Қалай болғанда да, осы идеяны казак топырағында тұңғыш рет жүзеге асырған, сөйтіп, казак тарихында бірінші рет ханды тақтан тайдырып, оның орнына өзі «қарадан туып хан болған» (бүкіл елді басқарған); ханның да, хандық өкіметтің де орнына ел басқарудың мүлдем жаңа жүйесін – «Халық кеңесі» деген демократиялық үрдісті туғызған реформатор; халқының басына түскен үлкен-үлкен екі ауыртпалықтан елін аман алып шыққан (біріншіден, отаршылардың тынымсыз шабуылын тыйдырған; екіншіден, өрісі тарылған казактың Жайықтан арғы шүйгін жайылымдарға шығуына жол ашқан), ел бастаған көсем, сөз бастаған шешен, әрі батыр, әрі мемлекеттік ауқымдағы үлкен қайраткер Сырым Датұлы – бүгінде тәуелсіздік алған егеменді казак елінің қалай мақтануға да тұрарлық тұлғалы азаматтарының бірі екені сөзсіз. Ардақты ұлдың ізі туған жерінің төсінде сайрап жатыр.

Оған Орал облысының Жымпиты ауданындағы «Сырым шыққан төбе», Атырау облысының Қызылқоға ауданының жеріндегі, Ойыл өзенінің аяқ жағына өзі салғызған, ел «Сырым бөгеті» атап кеткен бөгет куә. Консерватория оқытушысы Т.Мерғалиевте «Сырым сазы» аталатын батырдың өзінің мұра күйі де бар.

Халқының қамы үшін бүкіл өмірін күреспен өткізген Сырым Датұлының туғанына биыл 250 жыл, дүниеден өткеніне 190 жыл толды. Ол бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысына келесі жылы 210 жыл! Осындай айтулы күндерді еске алып, Қарақалпақстанда қалған батырдың бейітіне бауырлас елден ұялмайтындай ескерткіш-белгі қою да үлкен бір борыш. Ал көзі тірісінде аты берілген «Сырым шыққан төбе», «Сырым бөгетінен» кейін, арттағы ұрпақ – мына біздер киелі аруақты атаусыз қалдырсақ, оған кінәлі – заман ба, әлде мына біз жаман ба...

Кешіре гөр, топырағың торқа болғыр, батыр баба!

*«Егемен Қазақстан» газеті,  
22 ақпан, 1992 жыл.*

## АЗАТТЫҚ ТУЫН АЛҒАШ КӨТЕРГЕН

Жер бетінде найза шындары көк тіреген небір биік таулар бар... бірақ олардың ешқайсысы да өздігінен пайда бола қалмаған. Олардың бәрі де жеті қат жер астындағы ғаламат тектоникалық дүмпулердің әсерінен дүниеге келді. Сол секілді, адамзат қоғамында да атақтары айдай әлемге мәшһүр тұлғалар бар... бірақ бұлардың да бәрі өмірге оп-оңай келе салмаған. Олардың бәрі де – сол өздері өмір сүрген қоғамның тығырыққа тірелген тұстарында, ірі-ірі әлеуметтік сілкіністердің кезінде тарих сахнасына шыққан саңлақтар.

Толғағы қысқан тарих, уақыты жеткен кезде ондай тұлғалардың талайын өмірге әкелген... бұдан былай да әкеле берер деп ойлаймыз. «Тарихты танып, зерделеу керек, тарихты таразылау керек; сонда тағдырыңды, бүгінгі тұрпатыңды танысың; келешегіңді бағдарлайсың; алдағы жүрер жолыңның сілемін табасың», – деді Елбасымыз таяуда Көкше жерінде өткен хан Кененің 200 жылдық тойы үстінде. Рас сөз! Өйткені Елбасы айтқандай: «Халықтың басына түскен тауқымет қабырғасын қайыстырып, сол жолда басын бәске тігіп қасықтай

қанын аямай, шыбын жанын шүберекке түйген өр тұлғалардың тағдырын танытатын да, ұрпаққа өнеге етіп, алдына тартатын да – тарих» екені даусыз. Тағы да қайталап айтайық: толғағы қысқан тарих, уақыты жеткен кезде ондай тұлғалардың талайын өмірге әкелген; бұдан былай да әкеле берері сөзсіз. Әріге бармай-ақ, оған мысалды өзімізге белгілі тарихтың соңғы екі-үш ғасырынан-ақ көптеп табуға болады. Мәселен, ер басына күн туып, етігімен су кешкен замандарда, бауырлас башқұрт жұртынан орыс отаршылдығына қарсы 1755 жылдары бас көтерген Батырша (Абдолла Әлиев) мен кейінірек оның ісін жалғастырған Салауат Юлаев; көршілес Қап тауындағы Алды дейтін чешен аулынан шығып, күллі Дағыстан жұртын соңына ерткен Шайхы Мансұр мен оның ісін жалғастырған Қазы Магомед пен имам Шәміл; әріректегі елдерден мысал іздер болсақ, Мексиканың испандық конкистадорлардан азаттығы жолында мерт болған Мигель Идальго-и-Костиля мен Хосе-Мария Морелостар және олардың істерін жалғастырған Бенито-Пабло Хуарес; сонау солтүстік Африкадағы алжир халқының француз езгісіне қарсы күресін басқарған әйгілі Абд-аль Кадирлер – міне, осындай өр тұлғалар...

Құдайға шүкір, қасиетті қазақ топырағы да мұндай ұлағат тұтар ұлдарға кенде болған емес. Еліміздің егемендігі, жұртымыздың тәуелсіздігі жолындағы күресте – арыстанша алысып өткен ерлер бізде де баршылық. Солардың ішінде, әсіресе, орыстың озбыр отаршылдығына қарсы күрестің түү ту байлар жерінде тұрған Сырым Датұлының есімі тіптен ерекше аталуы тиіс. Ол жоғарыда аттары аталған әйгілі тұлғалармен қатар тұратын, солармен терезесі тең қайраткер екенін қадап айтар кез әлдеқашан келді.

Сырымның азамат болып, ат жалын тартып мінген заманы – Ресей патшалығының барлық жағынан бірдей күш-қуаты толысып, енді жан-жағындағы елдерге ауыз сала бастаған кезеңмен тұстас келді. Империя, әсіресе, өзінің экономикалық және әскери артықшылықтарын пайдалана отырып, бодан елдерге шенгелін батыра түсті. Сөйтіп, олардың мойнына құлдық камытын мәңгілік кигізіп, кіріптар қылын қою үшін жан-

жақтарынан әскери шептермен тас қоршауға ала бастады. Осы мақсатпен, тек 1755–1772 жылдар аралығында ғана Кіші жүз бен Орта жүз жерінде, Жайықтан – Өскеменге дейінгі 3,5 шақырым шеп бойына бекіністер салынды. Бұлардың қаншалықты жақын орналасқандығын және әскери күштің қаншалықты қуатты болғандығын байқау үшін тек Жайықтың ғана бойында 48 бекініс, 50 редут, 48 форпост, яғни 146 әскери нүкте болғанын айтсақ та жеткілікті болар. Бұларға қоса, Жайықтың теңізге құяр сағасынан Қараөзенге дейін Жайық казактары, Елек бекінісі мен Верхнеуральск бекіністерінде Орынбор казактары тұрғанын және бұлардың қай-қайсысы да патшалық Ресейдің отарлау саясатын өте қатал жүзеге асыруға көмектескенін айтсақ, жағдайдың қаншалықты қиын болғаны айқындала түспек. Ол – ол ма, әрбір жаңадан салынған бекініске сырттан казак-орыстарды көшіріп әкеліп, оларға жер бөліп беріп, казактардың мал жайылымдарын тарылтқан үстіне тарылта түсті және бекініске жақын отырған казак ауылдарына әлсін-әлсін шабуыл жасап, малдарын айдап, адамдарын байлап әкетіп отырды. Шабуылдар тіпті ойдан шығарылған сылтаулар арқылы да жасалынған. Бұл сірә, күштінің әлсізге қылар зорлығының ежелден келе жатқан әдісі болса керек. 1830 жылдары француз әскерінің Алжирге басып кіруі – осы ел басқарушысының шыбын үркітетін желпуіші қасында сөйлесіп отырған француз консулының бетіне тиіп кеткендігінен, «елімізді қорладындар» деген желеумен басталғаны сияқты, орыс отаршылдарының казактарға тиісуі де: «Малдарың жинап қойған шөбімізді шашып кетті», «Су ішкен жылқыларың Жайықтың балығын үркітіп, өзенді лайлады» деген сияқты себептерден де болған. Мұны Орынбор әкімшілігінің өзі де мойындайды. Орынбор әскери губернаторы Н.Н.Бахметьев кейінірек император І Александрға жазған хатында: «... Осы жаман әдет арқылы өзіне дүние-мүлік жинап, байып алғандар көп», – деуі, әрине тегін емес («Материалы по истории КазССР, Т. IV, 193-б).

1783–1797 жылдары Кіші жүзде Сырым Датұлы бастаған казак халқының ұлттық езгіге, отаршылдыққа қарсы күресінің шығуы, міне, осындай жағдайларға тікелей байланысты.

Жалпы, осы қозғалыс туралы сөз болғанда, бұл өзі халықтың ұлттық езгіге, отаршылдыққа қарсы күресі болса, оны неге елдің басшысы – ханның өзі басқармаған деген сұрақ еріксіз туындайды. Өте орынды сұрақ! Өзін Сырым көтерілісінің тарихын зерттеумен айналысып жүрмін деп есептейтін кез келген адам бұл сауалды айналып өтуге тиіс емес.

Бұл сұраққа нақты да дәйекті жауап беру үшін, ең алдымен, сол кездегі қазақ қоғамының өміріндегі басты-басты екі мәселенің басын ашып көрсетуіміз керек. Ол қандай мәселелер еді?!

Біріншіден, XVIII ғасырдың 80-жылдарында Қазақстанның осы батыс өлкесін жайлаған жұртшылықтың жерден таршылық көруі күннен-күнге күшейе түседі. Өйткені жылдар өткен сайын елдің малы мен басы қабат өсіп, қоныс пен өріс мәселесі ең актуальды проблемаға айналады. Мұны шешейін десе, қазақ білікті кісілерінің алдынан екі түрлі кедергі кездеседі. Оның бірі – қазақтардың ертеден қиыр жайлап, шет қонып жүрген жерлері, сонау Жайықтың оң жақ бетіндегі шүйгін жайылымдарға оларды шекара әскерлерінің жібермеуі. Екіншісі – ешқандай тыйым салынбағанына қарамастан, тіпті Жайықтың өз бойына да қазақтарды жақындатпай, жергілікті әкімшіліктің қақпайлай беруі. Шындығына келгенде, XVIII ғасырдағы патша жарлықтарының ешбірінде Жайық өзенінің сол жақ бетінде қазақтардың көшіп-қонып жүруіне заң жүзінде тыйым салынбаған. («Жайыққа 15 шақырым жақындамасын» деген жарлық XIX ғасырдың бас кезінде ғана шыққан.) Соған қарамастан, жергілікті әкімшілік зорлық жасап, қазақ ел билеушілеріне үнемі үстемдік көрсете беруі күннен-күнге елдің зығырданын қайната бастайды.

Екінші мәселе – Ресей протекциясына өздерінің ханы арқылы бодан болған ерікті ел сияқтанғанмен, Ресейдің тағы бір бодан жұрты башқұрттар мен Жайық бойындағы казак-орыстардың үздіксіз шапқыншылығынан елдің көзін аша алмауы еді.

Ел өміріндегі осындай ірі-ірі екі проблеманың шешімін таппауы, яғни айтқанда, ел басшысы Нұралы ханның бұл

мәселелерді шешіп бере алмауы – халықтың ханға деген наразылығын туғызады. Әрине, жағдай басқаша болса, халық Нұралыға өкпе артпас та еді... бірақ хан, біріншіден, Орынборға – орыс қолына ел атынан аманаттар беріп отыр. Екіншіден, орыстан қолға түскен жәсірлерді, елдің ханы ретінде, шығарып беріп отырған да сол. Үшіншіден, қазақ даласын басып өтетін орыс керуендерінің амандығын қамтамасыз етуді де мойынға алып отыр. Сонда бұл елдің басшысы орыс әкімшілігінің айтқанын екі етпейді де, өз айтқандарының бірін де орында-та алмайды. Сонда ол қандай ел басы, қандай хан? Міне, оған ел наразы болғанда, «патша өкіметінің қитұрқы саясатына сен қарсы тұра алмадың» деп емес, «бір елдің хан өкіметінің беделін түсірдің» деп наразы болатын себебі осы.

Бұлай деуге негіз де жоқ емес-ті. Нұралы ел өміріндегі шетін бір оқиғаға байланысты бұрын да осалдық көрсеткен жері бар болатын. Сонау 1760 жылдары қазақ даласынан пайдалы кендер іздеуге шыққан Тимашев дейтіннің кен барлау экспедициясына кірген башқұрттар, сол тұста ханның елшісі болып Орынборға барып, одан қайтып келе жатқан Мәмбетәлі сұлтан мен оның қасына ерген қазақтың 20 шақты рубасылары мен билерін қырып тастаған-тұғын. Соған ел қатты ашынып, тіпті, ханның өзі інісі Айшуақ сұлтан 10 мың жігіт жиып, шекараны тас-талқан етпек болғанда, Нұралы хан орыс әкімшілігімен шекісуден тайсақтап, бұғып қалған-ды. Сондақ ел Нұралыға: «Хан деген атағынды аяққа бастың!», «Бір елдің бетке ұстар адамдарын былай қойғанда, өзіңе қандас сұлтанның кегін ала алмасаң, қалайша хан боласың» – деп дуылдасқан болатын. Бұл тұста ел соны тағы да есіне түсіріп, наразылық өрши түседі.

Әрине, осындай жағдайда Нұралы өзінің хандық билігіне елеулі нұқсан келгендігін сезеді де, бұдан былай қазақ рубасыларына, билер мен ел ағаларына үміт артуын тоқтатып, биліктен айрылып қалмау үшін ендігі жерде патша әкімшілігімен бұрынғыдан да жақындаса түсуге ұмтылады.

Ал мұндай жағдайда күннен-күнге өршіп келе жатқан ел наразылығын қайткенде де біреу басқаруы керек болады да,

елдің еркі сол тұста санаттағы билердің бірі болған, әрі батыр, әрі шешен Сырымға беріледі. Сөйтіп, ғасырлар бойы халқы үшін отқа түсіп, кеудесін оққа төсеп келген хандарымыздың ендігі ұрпағы өз халқының еркіне қарсы шығып, озбыр отаршылдармен ауыз жаласады да, ел тізгіні қарадан шыққан білікті кісілердің қолына өтеді.

Бұл мүлде жаңа дәуірдің басталғаны еді!

Осы жерде бір ақиқаттың басын ашып айта кеткен дұрыс. Бұл Нұралының ғана әлсіздігі, Нұралы ханның ғана жеңілісі емес, бұл жалпы хандық биліктің, хан өкіметінің күні өткендігінің белгісі болатын. Шындығына келгенде, бұл – қазақтың үш жүзіне бірдей ортақ, ең соңғы ұлы ханы Әз-Тәуке өлген соң, алпыс-жетпіс жылдай бұрынғы инерциясымен өмір сүріп келген ұлы хандық биліктің бөлшек-бөлшек болып ыдырап, әр жүздің басына бір-бір, тіпті екі хан отырып, ел билеудің бұл үрдісі әбден азып-тозған шақ еді. Әрине, мұны сол тұста-ақ анық ұққандар болды; сонымен бірге хан өкіметін баяғыша мемлекеттігіміздің идеясы, негізі деп емексіп, емешесі үзілумен күн кешкендер де жетерлік-тұғын.

Сырымның өз замандастарының көбінен мойны озық екені, міне, осы жерден көрінеді. Ол тек озбыр отаршылдыққа қарсы күресіп қоймай, ендігі жерде патшаның қазақ даласындағы тыңшыларына, әрі соның құрақ ұша қызмет қылатын шенеуніктеріне айналып бара жатқан бұл әулеттен біржола безінеді. Безінгенде де, жұртқа ұқсап Нұралыны қайткен күнде де басқа ханмен ауыстыру керек демейді; елге пайдасы жоқтығы өз алдына, өз халқының еркіне қарсы әрекетке көшкен бұл билікті түп-түбірімен қопарып тастауға бет бұрады. Өзі болып-толып тұрған заманында (1786 жылдары) Сырым бұл ойын жүзеге асырады да.

Мұндай ой ол тұста Сырымның замандастарының көбінің басына келмеген болатын. Кейін Нұралы ханды тақтан тайдырған кезде де, «хансыз өмір сүру миларына мүлде сіңбейтін» біраз адамның, тіпті Сырымға тілеулес, онымен пікірлес адамдардың біразы, бұған қарсы болу себебі де осыдан. Стереотиптік ойлау жүйесі – біздің заманымызда ғана

## Шығармалары. Екінші том

емес, адамзат қоғамы дамуының қай кезеңінде де жаңалықты бірден қабылдай қоймайтынының бір көрінісі осы болса керек!

Сырымның өз замандастарынан мойны озық тұрғандығының тағы бір дәлелі – оның тек қана ханды тақтан тайғызғандығында емес, сонымен бірге тақтан түсірілген сол ханның да, хандық биліктің де орнына ел билеудің жаңа үрдісін дүниеге әкелгендігінде.

Осы жерде біздің тарихшыларымыздың батылы барып айта алмай жүрген бір шындықтың басын арши кеткеніміз дұрыс. Ол – Сырым Датұлының мемлекеттік үлкен масштабта ойлай алатын басшы, ірі қайраткер болғандығы. Оған дәлел – өзіне дейінгі жұрт естімеген ел билеудің жаңа формасы «Халық кеңесін» Сырымның өмірге әкелгендігі. Және бұл шындықты мойындай алар жұрт бар болса, тек қазақ халқының тарихында ғана емес, бақ-дәулеті кемеліне келіп тұрған сол тұстағы өркениетті елдердің өзінде де жүзеге аса қоймаған демократиялық ел басқару идеясының өмірге енуі еді; ол идеяның керемет дамыған әлдебір елде де емес, өзі біреудің боданында отырған қазақ елінің бір пұшпағында өмірге енуі еді және соны Сырым секілді қазақтың бір шаруасының баласы үрдіске енгізгені еді.

Адам баласының тарихында әлем халықтарының қажетіне жарарлық әлдебір жаңалықтар бола қалса, оны тек өркениетті елдерден, Еуропадан, Батыстан шыққан етіп көрсетуге тырысатын бір жаман әдет бар екені қазір баршаға аян. Ғылымда оның «еуроцентризм» деген аты да бар екені белгілі. Ал егер хандықты кішкентай монархиялық құрылыс деп есептесек, Сырым сол монархиялық (яғни хандық) билікті де, монархты (ханды) да құлатып, елді бұқараның өз ортасынан шыққан халық өкілдері басқарсын! – десе, бұл сол тұстағы Еуропаңның да есін тандырарлық жаңа идея еді. Және бұл Париждегі қалалық өзін-өзі басқару органы «Париж коммунасын» дүниеге әкелген 1789–1794 жылдардағы Ұлы француз революциясынан да төрт жыл бұрын қазақ даласында дүниеге келген ел басқару әдісі екенін ескерсек, өзі бастаған көтеріліс нәтижесінде Сырым адам баласының қоғамдық өміріне қандай үлкен жаңалық әкелгенін теренірек ұғар едік.

Ендігі бірер сөз: Сырым ханды тақтан тайдырып, ел билігін қазақ білікті кісілерінің қолына беру керек десе, мұндай ойды ол аяқ астынан тапты ма, әлде оның тарихи негіздері бар ма?! Міне, осы туралы ой бөлісейік.

Менің өз ойымша, бұл аяқ астынан пайда бола қалған идея емес.

Жалпы, ғасырлар бойы ата жолымен, дәстүр бойынша елді тек Шыңғыстың кіндігінен тараған төрелер ғана басқарып келе жатқанына наразылық – тарих қойнауында әлдеқашан пісіп-жетіліп, тек жарыққа шығар сәтін тосып жатқан секілді. Мұны халықтың өзі де мақалдап: «Бақпен озған төреден – мимен озған кара артық; сақалын сатқан кәріден – еңбегін сатқан бала артық»-деп айта бастаған болатын. Бұған XVIII ғасырдың басынан бастап, Әз-Тәуке дүниеден озған соң, біртұтас қазақ хандығының ыдырай бастауы да себеп болған сыңайы бар. Соны сезген қазақ білікті кісілерінің бірқатары ойларын ашық айта бастағанға ұқсайды. Мәселен, соңғы жылдары баспасөз беттерінде жарық көрген Қожаберген жыраудың «Елім-ай» дастанында менің де көңіліме күдік ұялатар жерлері бар болғанымен, осындағы Алшын Әйтеке би айтыпты-мыс делінетін сөздерге пәлендей күдік келтіре қою қиын-ақ. Қане, оқып көрелік:

1. *«Төреден, Әйтеке би, безін, – деді...»*
2. *«Хан-сұлтан, төре күні өткен, – деді...»*
3. *«Қазағым, өзіңді-өзің тұтас ел ғып,  
Басқарар енді уақыт жеткен, – деді...»*

Міне, мәселенің төркіні қайда жатыр? Міне, Сырым идеяларының бастау алған көздері қайда?! Ел ұстаған би, сөз бастаған шешен ретінде де, исі қазаққа әйгілі Әйтеке биді өнеге тұтып өткен Сырым оның осынау идеяларын да өзіне темірқазық еткеніне еш күмән болмаса керек. Сондықтан да Сырым өз заманында елін сатқан төрелерден шынында да біржола безініп, ханды тақтан тайдырып, қарағаштай қалың қазақты тұтас ел қылып, Кіші жүздегі үш атаның баласын өздерінен шыққан билерге басқартып (Әлімұлын Шекті Сегізбай биге; Байұлын Шеркеш Торманбет биге, Жетіруды Табын Тіленші биге тапсырып), сол уақытқа дейін сойқан салып келген казак-орыстардың

## Шығармалары. Екінші том

шапқыншылығын Уфа және Сіңбір әкімшілік аймағының наместнигі О.Игельстромға айтып, тыйым салғызып; оның үстіне, ертеден шешілмей келе жатқан ұлы дау – Жайықтың арғы бетіне елді өткізуге рұқсат әперіп, хан Нұралы шеше алмаған мәселелердің аяғын түгел жерге тигізген.

Ал әлгі жырда аттары қатар аталатын өз тұрғыластары Үйсін Төле би мен Қаз дауысты Қазыбек ауыздарына да алмайтын мұндай қауіпті идеяларға Алшын Әйтеке бидің өзі қалай келген?

Иә, Алшын Әйтеке би: «Хан, сұлтан, төре күні өткен...», «Қазағым, өзіңді-өзің тұтас ел ғып, басқарар енді уақыт жетті» десе, басқа-басқа, оның бұлай деуге толық қақы бар еді. Өйткені ендігі жерде қазақтың өзін-өзі басқару идеясы, қарадан туып-ақ хан болу (яғни ел басқару) мүмкін екендігі – оған өз әулетінің мысалынан ап-айқын нәрселер еді. Бұл оған өзінің атасы, Самарқанды қырық жыл билеген кәдуілгі қазақ (төре емес) Жалаңтөс баһадүрдің тағылымынан етене идея еді. Өзге қазаққа өмірі орындалмайтын іс сияқты болып көрінгенмен, Әйтеке үшін қара қазақтың ел басқаруы – еш оғаштығы жоқ, табиғи һәм заңды нәрсе секілді болатыны да сондықтан-ды.

Қалай болғанда да, осы идеяны қазақ топырағында тұңғыш рет жүзеге асырған, сөйтіп, қазақ тарихында бірінші рет ханды тақтан тайдырып, қарадан туған ұлдың да халықты басқара алатынын дәлелдеген; хандық биліктің орнына ел басқарудың мүлдем жаңа жүйесін – «Халық кеңесі» деген демократиялық үрдісті енгізген; бұған қоса малына өріс, жанына қоныс таппай қиналған елінің қолын Жайықтан арғы шүйгін жайылымдарға жеткізген, сөйтіп, жер мәселесін шешіп берген; отаршылдардың тынымсыз шапқыншылықтарына қарсы бірде қолына қару алып шайқасса, енді бірде қарсыластарына мәмілегерлікпен, саясатпен, ақылмен тоқтау салып, ақыры елін тыныштыққа жеткізе алған – ел бастаған көсем, сөз бастаған шешен, қол бастаған батыр, әрі мемлекеттік ауқымдағы үлкен қайраткер – Сырым Датұлы бүгінгі тәуелсіз Қазақ елінің қалай мақтануға да тұрарлық тұлғалы азаматтарының бірі екені сөзсіз.

Алайда осындай ірі тұлғаның да біздің азаматтық һәм саяси тарихымыздан алатын орны жөнінде әр кездерде әрқилы пікірлер айтылып келді. Сондықтан біз бүгін өзіміздің мынау шағын мақаламызда Сырым қозғалысының тарихын зерттеушілер туралы да бір-екі ауыз сөз айта кетуді парыз санап отырмыз.

Сонымен... Сырым қозғалысының тарихын зерттеушілер туралы айтар болсақ, ең алдымен, осы көтерілістің нағыз тарихнамасы мынау еңбектен басталады дейтіндей, әдейі арналған ғылыми-зерттеу бізде өткен ғасырдың 30–40-жылдарына дейін болмағанын ашық айтуымыз керек. Сөйте тұра, бір ғажабы – Қазақстанның өткен замандардағы тарихына қалам тартқандардың ішінде бұл көтерілістің жай-жапсарына соқпай кеткендері кемде-кем. Және олардың қай-қайсысы да (аз айтсын, көп айтсын) бұл көтеріліске үлкен мәні бар оқиға ретінде қараған.

Сондай еңбектердің бастауында – 1832 жылы Санкт-Петербургтен шыққан А.И.Левшиннің «Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей» деген еңбегі тұр. Осы еңбектің 2 томының қырық шақты беті тек қана Сырым қозғалысының тарихына арналған.

Әділін айту керек, А.И.Левшин бұл оқиғаға объективті тарихшының көзімен қарамайды; қайта кітабының «Описание» деген атынан көрініп тұрғандай-ақ, отаршылдық саясатты жүзеге асыруға көмектесіп жүрген патшаның көп шенеунігінің бірі ретінде, ол бұл көтеріліске әлгі отаршылдық саясат жолына кесе көлденең тұрған бір кеселді оқиға түрінде қарайды. Бұл еңбектің әсіресе олқы соғар тұсы деп, біз мұнда көтерілістің шығу себептеріне де, оның қозғаушы күштеріне де, сол тұстағы қазақ қоғамының жай-жағдайына да талдау жасамағанын айтар едік. Сондай-ақ, он төрт жылға созылған осынау күрестің өзегінде ірі-ірі әлеуметтік, саяси себептер жатқандығын көрсетудің орнына, ашынған халық бұқарасының жаппай бас көтеруі – оның басшысы Сырымның ғана Нұралы ханмен араз болуынан немесе оның хандық билігін күндегеннен, қызғанғаннан болды деуі немесе 1790

жылдары тағайындалған генерал-губернатор Пеутлинг елдің еркінен тыс Ералыны хан сайлағанда Сырымның патша әкімшілігімен кетісуін тағы да Ералының жеке өзімен Сырым бақталас болғандығынан солай істеді деуі – нағыз тарихшы-зерттеушінің тұжырымы емес.

Әйтсе де, А.И.Левшиннің көтеріліс қалай дамығанын суреттеуі; Уфа және Сіңбір әкімшілік аймағының наместнигі О.А.Игельстромның реформалары не себепті ел ішінде тиянақ таппағанын баяндауы; 1790 жылдардың бас кезінде патша әкімдерінің Сырымға көзқарасының түбегейлі өзгеруі неліктен болғанын түсіндіруі; сондай-ақ оның еңбегінің фактологиялық жағынан едәуір құнды жерлерінің барлығы – бұл еңбектің зерттеушілер үшін өте қажетті дүние екендігіне көзімізді жеткізе түседі. Бұған қоса, Левшиннің бұл еңбегі Сырым қозғалысының тарихнамасында кейінгі зерттеушілердің көбіне негіз болғаны – тайға таңба басқандай анық көрініп тұр.

Мәселен, Левшиннің ой сорабының ізі жосылып жатқан сондай еңбектердің бірі – 1868 жылы Санкт-Петербургте жарық көрген «Область сибирских киргизов. Материалы для географии и статистики России» дейтін М.Красовскийдің кітабы. Ресейдің географиясы мен статистикасына арналған материалдар ретінде жарық көрген Л.Мейердің «Киргизская степь Оренбургского ведомства» дейтін еңбегінде де А.И.Левшиннің әсері анық байқалады.

Бұл кітаптың екеуінде де авторлар Сырым қозғалысының фактілі де, нақтылы да жағын баяндауда Левшиннің айтқандарына ешқандай жаңа материалдар қоспай, тек соны ғана қайталап шыққан. Бірақ сол баяндалған оқиғаларға көзқарастары тұрғысынан қарасақ, М.Красовский де, Л.Мейер де А.И.Левшиннен өзгеше бағыт ұстағанын байқаймыз.

Мәселен, М.Красовский қазақтардың қоғамдық қарым-қатынастары жөніндегі өзі ұстанған концепцияға сәйкес, бұл көтерілістің шығуына себеп болған жайттардың бірі – сұлтандардың қара халыққа жасаған зорлықтары еді деген пікір білдіреді. Бұл – дұрыс тұжырым. Бірақ автор осы ойын әрі қарай дамыта алмаған. Сөйтіп, бұл зорлықтардың ендігі бір ұшы

күннен-күнге өршіп келе жатқан патша үкіметінің отаршылдық саясатымен тығыз байланысты екенін аша алмаған.

Осы байланысты аша алмағандығынан болар, ол Игельстромның реформасы Кіші жүзде «Қырғыздардың (яғни қазақтардың – Қ.М.) ұғымына жақын тәртіп орнатты» деген қате пікірге де ұрынған.

Л.Мейер болса, А.И.Левшин мен М.Красовскийге ұқсап бұл көтеріліске тек қана патшаның отаршылдық саясатының жолына кесе көлденең тұрған кеселді оқиға деп қарамай, қайта бұл күресті қазақ халқының тарихындағы ерекше маңызды бір оқиға, үлкен белес деп қарайды. Көтеріліске осы тұрғыдан қарай білгендігінің өзі – Мейердің бірқатар объективті қорытындылар жасауына мүмкіндік берген. Мәселен, ол көтеріліске басшылық еткен билер мен рубасыларының әр түрлі тектен шыққандығын және осы әр түрлі топ өкілдерінің ел билеу ісі жөніндегі кереғар көзқарастарын тап басып, дұрыс тани білген.

Жалпы, Сырым батыр қозғалысының тарихнамасы онша бай емес. Сондықтан жоғарыда көрсетілген авторлар еңбегіндегідей арнайы сөз болмаса да, бұл қозғалыс жайында жанама түрде әңгімелеп кеткен кейбір авторлар еңбегіне де тоқталсақ, өткен ғасырдың басындағы Ф.М.Лобyseвичтің «Поступательное движение в Среднюю Азию в торговом и дипломатическом отношении», А.И.Добросмысловтың «Тургайская область» дейтін тарихи очеркін, М.Терентьевтің «История завоевания Средней Азии» дейтін дүниелерін айта кетудің артықтығы жоқ.

Кеңес өкіметі тұсында бұл тақырыпты қайта көтергендердің бірі – А.П.Чулошников болды. Ол өзінің «К истории феодальных отношений в Казахстане в XVII-XVIII вв.» дейтін еңбегінде Сырым көтерілісіне де соғып өтеді. Әсіресе, 1791 жылдардағы Сырым қозғалысының бағытын дәл тапқаны көрініп тұр. Бірақ бұл еңбектің де елеулі-елеулі, көзге ұрып тұрған кемшіліктері бар. Мәселен, Сырым Датұлының көтерілісін – ірі-ірі феодалдық топтардың күресі ретінде көрсетпек болуы, бұл көтерілістің қозғаушы күші – халық бұқарасы екенін бүркемелеп тастайтыны өз алдына; екінші жағынан, орыстын отаршылдық саяса-

тына қарсы бағытталғанын мүлде естен шығарып тастағандай әсер қалдырады.

Ол – ол ма, өзі «феодалдық топтардың өзара өштесуінен туған» деп отырған бұл көтерілісті А.П.Чулошников әлгі екі топтың арасындағы «сауда қарым-қатынастары жөнінде өздерінің беделді болуы үшін күресуінің нәтижесі» деп түсіндіруі, тіпті ақылға қонбайды.

Сырым қозғалысының шын мәніндегі тарихын жасамақшы болып, ең бірінші талап қылған адам – А.П.Рязанов. Ол 1924 жылы «Советская Киргизия» журналының №10 санында әуелі «Батыр Сырым Датов» деген зерттеу мақаласын жариялады. Мұнан соң, 1926 жылы Қызылордада «Сорок лет борьбы за национальную независимость казахского народа» (1797–1838) деген еңбегін жарыққа шығарды.

Бұл еңбектердің құнды жері сол – Сырым өмірі мен қоғамдық қызметіне қатысты осы кезге дейін ғылымға белгісіз болып келген; белгілісінің өзі ғылыми айналымға түспей, талданбай, бағасы берілмей келген; Орынбордың архивіндегі көп-көп тарихи материалдар нақ осы еңбектерде бірінші рет сөз болып, халыққа жария етілді. «Эта была выдающаяся и талантливая личность, имеющая огромное влияние на массу казак-киргизского народа» деген баға да Рязановтың аузымен осы еңбектерде Сырым Датұлы секілді үлкен тұлғаның атына бірінші рет айтылды. Сонымен бірге, Сырым қозғалысы осы еңбектерде тұңғыш рет нағыз тарихшының профессионалды көзқарасымен талданып, зерттелінді.

Әйтсе де, бұл А.П.Рязанов еңбектерінде кемшілік жоқ деген сөз емес. Әсіресе, архив материалдарын пайдаланғанда түпнұсқаны оқи алмай, Орынбор шекара экспедициясының өңдеуіне түскен, кеңсе аудармаларын пайдалануы; кейде асығыстық жасап, өзі пайдаланған архив материалдарының фактісін дәлме-дәл келтірудің орнына, оның мазмұнын баяндауы; әсіресе, қазақ қоғамында қолданылып жүрген күнбе-күнгі әлеуметтік терминдердің мағынасына мән бермеуі – оның осынау елеулі еңбегінің естен шығаруға болмайтын кемшіліктеріне саналуға тиіс.

Сырым қозғалысының тарихын егжей-тегжейлі зерттеген бірден-бір адам – М.П.Вяткин.

Ол туралы тарих ғылымдарының докторы, профессор Н.В.Алексеевның «М.П.Вяткин және оның Сырым Датұлы көтерілісі туралы еңбектері» дейтін нақты зерттеуі бар болғандықтан, біз біреудің егініне түскіміз келмей отыр.

Әйтсе де, Сырым қозғалысының тарихын зерттеушілер туралы әңгімелей отырып, М.П.Вяткин туралы ең болмаса бір-екі ауыз сөз айтпасақ, аруақ аттағандай боламыз ба деп ойлаймын. Өйткені Сырым қозғалысының өзге зерттеушілері бір төбе де, М.П.Вяткин – өз алдына бір төбе. Неге?

Қандай да бір ғылыми жұмыс жүргізу үшін, оған алдын ала үлкен дайындық жасау, материал жинау керек екені өздеріңізге жақсы мәлім. Ал Вяткин болса, Қазақстан тарихына байланысты зерттеулер жүргізіп қана қоймай, осы халықтың тарихына титімдей болса да қатысы бар-ау деген дүниелерді тірнектеп жинауға, жариялауға мұрындық болған адам екені өздеріңізге аян. Соның нәтижесінде, бұрынғы СССР-дің орталықтағысынан бастап, шалғайдағысына шейінгі архивтер түгел ақтарылып, бес томдық «Материалы по истории КазССР» дейтін еңбек даярланғанын да өздеріңіз білесіздер. Соның Сырым қозғалысына арналған үлкен бір бөлігі – 1940 жылы IV том ретінде, М.П.Вяткиннің «Политический кризис и хозяйственный упадок в Малой Орде в конце XVIII-нач.XIX в.» деген алғы сөзімен жарық көрді де. Кейін 1941 жылы шыққан «Қазақ ССР тарихы жөніндегі очерктердің» 10 тарауын; 1943 жылы шыққан «Қазақ ССР тарихының» 11 тарауын да осы автор жазды. Керек десеңіз, генерал-губернатор А.А.Пеутлингтің өкілі ретінде Сырым батырға келіссөз жүргізуге барған мүфти – Мұхаметжан Хұсайыновтың күнделік журналын да СССР Ғылым академиясының баспасынан шығатын «Исторический архив» атты жинақтың 1939 жылғы 2 томына енгізген де сол. Ақыры, көп жылғы зерттеулерінің қорытындысы ретінде, СССР Ғылым академиясының баспасынан 1947 жылы «Батыр Сырым» атты монографиясы жарық көріп, қазіргі Мемлекеттік, ол кездегі – «Сталиндік» сыйлықты алғанын айтсақ, осынау бір еңбекқор

адамның Қазақстан тарих ғылымына, оның ішінде қазақтың тұңғыш ұлт-азаттық қозғалысын зерттеу ісіне қаншалық үлес қосқанын ұғуға болатын шығар деп шамалаймыз.

Әрине, М.П.Вяткиннің еңбегінде де еш кемшілік жоқ деп ешкім айта алмас. Өйткені ғылым дегеніміз – жаңарып, жаңғырып жататын үздіксіз процесс екені түсінікті. Сондықтан Вяткин еңбектерінің де ескірген тұстары, уақыт әкелген өзгерістер тұрғысынан қайта қарайтын жерлері болуы әбден мүмкін. Себебі, ол да – өз заманының перзенті.

Екінші жағынан, оның еңбегінің кейбір кемшіліктері – тек қана Вяткиннің емес, сол тұстағы тарих ғылымының, оның зерттеу әдістерінің ортақ кемшіліктері де еді деу жөн секілді көрінеді.

Енді таңғалмасқа болмайтын бір жайтты айта кетуді өзіме борыш деп санаймын. Ол – неге екенін қайдам, Сырым Датұлы бастаған халық көтерілісінің тарихын зерттеушілердің ішінде бірде-бір қазақ тарихшысының жоқтығы. Жоғарыдан өздеріңіз көріп отырсыздар, әлденеше адамның аты аталды, бірақ солардың ішінде бірде-бір қазақтың аты-жөнін кездестірдіңіздер ме? Жоқ? Неге бұлай? – Мүлде түсініксіз. Жарық көрген «Қазақ ССР тарихының» бес томдығындағы академик А.Нүсіпбеков жазған Сырым қозғалысы туралы тарауды мен әдейі айтпай отырмын. Неге?

Біріншіден, бұл еңбек – хронологиялық жағынан алғанда да соңғы жылдардың жемісі. Сондықтан ол туралы сөзімнің аяқ жағында әңгімелегеннің еш әбестігі жоқ болса керек.

Екіншіден, әрі ең басты себебі: бұл – кеңестік ресми тарихнаманың көзқарасы.

Үшіншіден, бұл еңбек автордың рухани қажетінен емес, осы бес томдықты шығарған ғылыми мекеменің қажетінен туындағаны ап-анық көрініп тұр. Түсініктірек етіп айтқанда: пәлен томдық «Қазақ ССР тарихы» жарық көруге тиіс болды; оған Сырым қозғалысы секілді ірі оқиға енбей қалуы мүмкін емес-ті, оны біреу жазуға тиіс-тұғын, тағысын-тағы басқа себептер...

Бұған қоса, ресми тарихнаманың көзқарастары ауқымынан

шыға алмай қалған бұл еңбектің үлкен де елеулі екі кемшілігі бар деп білемін.

Біріншіден, бұл еңбек Сырым қозғалысы туралы бұрынғы зерттеулерге зәредей де жаңалық қоспаған.

Екіншіден, не ғылыми жағынан, не фактологиялық жағынан сүйенер негізі, жаңа материалдары болмаса да, автор көтеріліске де, бұл қозғалыстың жетекшісіне де баға беруге келгенде, өзіне дейінгі біраз байыпты зерттеушілердің, мәселен, орыс ғалымдарының шыққан биігіне көтеріле алмаған.

Әлгінде өздеріңіз А.П.Рязановтың, М.П.Вяткиннің бұл көтерілісті және оның басшысын қалай бағалағанын естідіңіздер.

Ал «Қазақ ССР тарихының» осы оқиғаға арналған тарауының авторына құлақ түрсеңіз, ол: «Сұлтандармен келісімге барған билер мен рубасыларының сатқындығы, көтеріліс басшыларының, атап айтқанда, Сырым Датовтың дәйексіздігі мен солқылдақтығы халық көтерілісінің жеңілуіне себепші болды», – дейді.

Дәлел қайда? Дәл осындай ой қорытындысын жасауға дәйек боларлық құжаттар бар ма?

Біріншіден, мұндай дәлел-дәйектемелер авторда жоқ.

Екіншіден, көтеріліс жеңіліс тапқандықтан басылып қалған жоқ, оны күрестің басшысы – Сырымның өзі тоқтатты. Басқаны былай қойғанда, осы кітап («Қазақ ССР тарихы», 3 т., 130-б.) авторының өзі: «1797 жылдың тамыз айындағы Хан кеңесіне Сырым мыңнан аса жолдастарымен келіп, мәжіліске қатысып, сол жерде: «... халықтың ауыр жағдайына және Хан кеңесінің құрылуына байланысты өзінің күресті тоқтататынын (қайталап айтамыз: жеңілгенін емес, тоқтататынын. – Қ.М.) мәлімдеді», – деп жазып отырғанын өзі ұмытып қалғаны ма?!

Үшіншіден, көтеріліс жеңілген болса, 1785 жылдан 1790 жылға дейін үздіксіз, ал одан соң реті келгенде Сырым құрған Халық кеңесі үнемі жиналып тұрар ма еді?!

Төртіншіден, көтеріліс жеңілген болса, оның басшысы Сырым «дәйексіз», «солқылдақ» біреу болса, қырық жылға жуық ел билеген Нұралы ханды тақтан кім тайдырды?

Бесіншіден, көтеріліс мақсатына жетпеген болса, 1785 жылғы 21 қыркүйекте өткен Халық кеңесінен кейін, елдің алдында тұрған ең үлкен қиыншылық – жер мәселесі шешімін тауып, Жайықтан арғы шүйгін жайылымдарға шығуға 70 мың 300 үйге рұқсат берілер ме еді?

Алтыншыдан, көтеріліс мақсатына жетпей, жеңіліс тапса, көлденең жатқан Жайықтың күншығыс бетін жайлаған қазақ дейтін жұртыңның тынышын кетіріп, тынымсыз шапқыншылық жасаумен айналысқан озбыр отаршылдардың зорлықтары тыйылар ма еді?!

Осының бәрін көтеріліс көсемі Сырым жүзеге асырды ғой! Ханды тақтан тайдырса, оның орнына – «Халық кеңесін» орнатып берді. Елді тығырыққа әкеп тіреген ең үлкен қиыншылықтардың бірі – малға өріс, жұртқа қоныс та, екіншісі озбыр отаршылдардың құлдық қамытын халқының мойнына ілгізбеу болса, Сырым өз заманында мұның екеуін де істеді. Сонда бұл Сырымды «дәйексіз» де «солқылдақ» деп жазғырудың жөні қайсы?! Әлде автор оны: «Озбыр отаршылдық жүйені жермен-жексен қылып біржола жеңе алмадың» деп кінәлағысы келе ме? Ондай күш ол заманда қайда, Құдай-ау! Қайта «Қолынан келгені – мынау, ал мынадай істерді тындыруға мүмкіндігі болмады» деген лайықты да, ақиқат бағасын бермей ме екен тарихшы?

Мұнан шығар қорытынды: ұлттық езгіге, отаршылдыққа қарсы бағытталған бұл тұңғыш көтерілістің ресми тарихнамадағы бағасы түгелімен қайта қаралып, Қазақстанның саяси тарихындағы оның орны мүлдем жаңаша көзқарас тұрғысынан қайтадан баяндалмаса, ендігі жерде Қазақстан тарих ғылымына үлкен мін болғалы тұр.

Әдебиетіміздің ақсақалы Сәбит Мұқанов 1942 жылы шыққан «Қазақтың XVIII – XIX ғасырлардағы әдебиетінің тарихынан очерктер» дейтін кітабында Сырым есімін әдебиет тарихына неліктен кіргізіп отырғанын айта келіп: «Сырымнан ілгеріректе өткен Бұқар жырау патша үкіметінің отаршылдық саясатынан соққан ызғардың алыстағы демінен қалтыраса, Сырым батыр сол ызғардың түтеген боранына тұншықты, аязы-

нан үсіді. Бұқар жырау отаршылдық өртіне алыстан байбалам салып, оның арты неге соғарын данышпандықпен болжаса, Сырым батыр сол өртке шарпылып, оны сөндіруге жанталасты. Сырым көтерілісі Бұқар жыраудың жырында айтылатын қауіптің расқа шыққанын іс жүзінде дәлелдеді» – деп жазып еді. Ақсақал қаламгердің ел тарихындағы елеулі оқиғаларға осылайша мән беруі – кейінгі қаламгерлерге үлгі болғандай.

Осыдан жетпіс жылдай бұрын, орыстың зиялы адамдарының бірі, белгілі тарихшы Михаил Порфирьевич Вяткин: «Тарих мынаны көрсетеді. Ол – Сырымның өз халқына білдірген асқан сүйіспеншілігі; өз халқын сатқан ел басшыларымен ешқашан ымыраласпайтындығы; өз Отанының бостандығы үшін, оның мемлекеттігі нығайып, дамуы үшін жанын аямай күрескені... Қазақтар халық қамы үшін күрескен осы бір батырды ешқашан есінен шығармақ емес», – деп жазып еді. Одан бері қаншама уақыт өтті...талай нәрсе ұмыт болып, талай нәрсе ескірген шығар. Бірақ Михаил Порфирьевичтің бұл қорытындысы ескірді деуге әлі күнге ешкімнің аузы барған емес. Ескірмейді де! Өйткені бұл – ақиқат сөз еді.

Ал ақиқат ешқашан ескірмек емес!

*«Саясат» журналы,  
№2, 2003 жыл.*

## СЕМСЕРІН СЕРТКЕ СЕРМЕГЕН СЫРЫМ БАТЫР

### *1. Тарихи тұлғаларымызды тани алмай, тантырап қалмаймыз ба?*

Еліміздің тарихын осы ел үшін ерен еңбек еткен ірі-ірі тарихи тұлғалардың өмірі мен қоғамдық қызметі арқылы насихаттау, сол арқылы кейінгі ұрпақтардың санасына сіңіру – үлкен ұлағатты іс екені баршаға аян. Осыдан он жыл бұрын, тарихи сананы қалыптастыру жөніндегі мемлекеттік тұжырымдама қабылданғаннан бері, бұл іс республикада біршама жүйелі түрде жүргізіліп те келе жатыр. Халық тарихындағы айтулы оқиғалардың да, жекелеген тарихи тұлғалардың да ешқайсысы

атаусыз қалдырылған емес десек, артық айтқандық бола қоймас. Тәуба, бұлардың бәрі бүгінгі ұрпақтың ата-баба рухымен табысуына, туған елі мен жерін қасиет тұтып, қадірлей түсуіне игі ықпал етері сөзсіз.

Бірақ... осы бір ізгі ниетті ісімізде де, әдеттегідей ұсақ-түйек үстірттіктердің ылғи да кетіп жататыны өкінішті-ақ. Осыған байланысты көңілді күпті етіп жүрген бірер мәселе туралы айтпасқа болмай отыр.

Солардың бірі – тарихи тұлғалардың кескін-келбеттерін бейнелеу ісінде орын алып отырған олқылықтар. Меніңше, осы мәселе жөнінде бір тоқтамға келетін кезіміз әлдеқашан болды-ау деп ойлаймын.

Неге?

Өздеріңіз білесіздер, адамның кескін-келбетін бейнелеуге тыйым салған мұсылман дінінің әсері ме, әлде кескіндеме өнерінің бізде дамымай қалғандығынан ба (ал фотография тіпті кейініректе шықты ғой!), әйтеуір Абай заманына дейінгі тарихи тұлғалардың барлығының дерлік нақты бет-бейнесі бізге жеткен жоқ. Бірақ «солай екен-ау» деп бұл мәселені қозғамай, жылы жауып қойып жатқан тағы ешкім жоқ. Халық тарихындағы айтулы оқиғалардың аталып өткен тұстарында, сол оқиғалардың басты қаһармандары болған тарихи тұлғалардың бәрінің де сүгіреттері салынып, олар тойларымыздың қақ төрінде ілулі тұрды. Үш Ұлы биіміз, Әбілхайыр, Абылай, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай... бәрі-бәрі көз алдымызда. Солардың ішіндегі: ағылшын Дж.Кэстль қолдан салған Әбілқайырдың суретінен басқасы – там-тұмдаған тарихи деректердің, ескі жырлар мен аңыз-әңгімелердің негізінде ойдан салынған суреттер екені ешкімге құпия емес. Біз бабалар рухын сағынғанбыз.

Солардың кескін-келбетін, түр-түсін көруге, тым болмаса көзге елестетуге зар болғанбыз. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында тарихи тұлғаларымыздың әркім салған сүгіреттері ана жерде де, мына жерде де қаптап кеткеніне қуанбасақ, тіпті ренжіген ешқайсымыз жоқ. Рас, сапасы туралы ойла-

нып жатпадық, бірақ солардың қоғамдық орындарда пайда болғанына, көз алдымызда жарқырап тұрғанының өзіне риза едік.

Алайда қазір... айналадағының бәріне аузымызды ашып, аң-таң боп қарайтын кезден өттік-ау деймін. Бірінің беті сәл жалпақ, бірінің мұрны сәл қоңқақтығы болмаса, басына – дулыға, үстіне – шығыршықты торғай көз сауыт кигендердің қайсысы қай бабамыз екенін білгіміз келетін күн де, міне, жетті. Ал ажыратайық десек... олар бірінен-бірі аумайды-ау, аумайды! Кейде тіпті астына «пәленше батыр» деп жазып қойғаннан білмесең, сол батырыңның суреті басқа бір жерден көрген басқа бір батырдың суретінен айныса қане...

Бұл не сонда? Жаңылтпаш па, жұмбақ па, әлде сайқымазақ біреулердің әзілі ме? – Жоқ! Бұл біріншіден, халықтың тарихқа, тарихи тұлғалардың бейнесіне сусап отырған ықыласын пайдаланып, абырой тауып қалғысы келгендердің асығыс ісі. Екіншіден, талғамсыздық. Үшіншіден, кейбіреулері тіпті ашық халтура!

Сондықтан не істеу керек? Меніңше, Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің жанынан тарихи тұлғаларымыздың бейнесі салынған өнер туындыларын сараптамадан өткізіп барып қана қабылдайтын Комиссия құру керек сияқты. Оған маман суретшілер (суретшілер одағының мүшелері), белгілі-белгілі өнер қайраткерлері мүше болғаны ләзім.

Мен мұндай пікірді аспаннан алып отырған жоқпын. Мәселен, Сырым Датұлының 250 жылдығы қарсаңында, оның суретіне жарияланған бәйгенің тағдырын шешу үшін, сол кезде Республикалық Жастар одағының төрағасы болып отырған Иманғали Тасмағамбетов сондай комиссия құрып, пәлен адам қатысқан конкурста белгілі суретші, Көркемсурет академиясының кескіндеме кафедрасының профессоры, республикаға еңбегі сіңген өнер қайраткері Мұхит Қалимов бас бәйгені иеленгені әлі күнге есімде. Сол сурет Сырымның 250 жылдық мерейтойы кезінде барлық жерде ілулі тұрған болатын, кейін де «канондық» сурет болып қала берген.

«Қала берген»... деп отырғанымның мәнісі бар! Шынында да ел есінде қалатындай, оның үстіне профессионал суретші салған сәтті туындының бірі – сол Сырым Датұлының портреті де соңғы кезде сан-саққа жүгіртіліп жүр. Нанбасаңыздар, қараңыздар: мынау үш суреттегінің біріншісі – республикалық деңгейдегі комиссия қабылдаған М.Қалимовтың әлгі айтқан туындысы. Жұрт «Сырым Датұлы осындай адам болған екен ғой» деп, алғаш рет көздерін суарған сурет. Екіншісі – «Елтұтқа» атты кітаптағы «Датұлы Сырым» деген материалмен бірге берілген сурет («Күл Тегін» баспасы, Астана, 2001 жыл; 169-бет). Қашан, кім салғаны белгісіз. Үшіншісі – «Егемен Қазақстан» газетінің 2002 жылғы 16-шілдедегі санында «Тұғырлы (?) тұлға» деген материалмен қоса берілген сурет. (Мұны да қашан, кім салғаны белгісіз).

Енді «Егемен Қазақстандағы» әлгі материалда айтылған хабар рас болса, таяуда Орал қаласында Сырым Датұлына сайлы бір ескерткіш қойылмақ көрінеді. Сырым туралы көптен бері қалам тербеп жүрген адам ретінде, мен енді төртінші Сырым тағы қандай болар екен?– деп, қатты алаңдап отырғанымды несіне жасырайын... Маза – май ішкен кісінің жағдайындай.

Әсілі, ата-бабасының қандай болғанын көз алдына елестете алмай келген кейінгі ұрпаққа «Ол кісі мынадай болған» деп, әуелден-ақ ешкімнің суретін көрсетпей-ақ қою керек пе еді деп ойлайсың кейде. Бірақ енді... көрсеттік екен, көңілдерге орнығып қалған сол бейнені күйқылжыта берудің қажеті не?! Мәселен, өздеріңіз ойланып көріңіздерші, жақсы жасалса да, жаман жасалса да, үш Ұлы биіміздің ел көзі қаныққан бейнесін ертең тағы бір білгіш қайта салса не болмақшы?! Ұлы бабаларымыздың қайсысы Төле, қайсысы Қазыбек, қайсысы Әйтеке екенін тани алмай, тантырап қалмаймыз ба?! Сол секілді, өзге тарихи тұлғалардың да бейнелері қысқа күнде қырық құбыла бермегені абзал. Ол үшін жоғарыда айтқанымыздай, ел тарихындағы елеулі тұлғалардың бейнелері салынған өнер туындыларын әу бастан-ақ сараптап барып қабылдап алатын, республикалық деңгейдегі сындарлы сарабдал комиссия керек-ақ. Бұл – бір.

Хат кімге жазылып еді?

Екінші бір айтпағым, тарихи тұлғаларымыздың өмірі мен қоғамдық қызметі жайлы сөз қозғағанда тарихи фактілерді бұрмаламай, қалтқысыз сөйлеу жөнінде. Бұл өзі бір қарағанда, ешқандай дау-далаба туғызбайтын аксиома секілді. Бірақ «эттеген-айлар» мұнда да жеткілікті. Көп әріге бармай-ақ, мен Сырым төңірегіндегі адамдардың біреуіне ғана қатысты дәрекі қателік туралы айтсам деймін.

Әсілі, қателіктің ең жаманы – энциклопедияда кеткен қателік! Құдай ұрғанда, ондай «күнәдан» біздің «Қазақ совет энциклопедиясы» да құралақан емес екенін көзі қарақты жұрт жақсы біледі. Сондай қателіктің бірі – осы энциклопедиядағы «Сырым Датов» деген материалда кеткен еді. Енді сол қателік энциклопедиядан – энциклопедияға, тіпті «студенттер мен оқушыларға арналған», демек оқулық іспетті кітаптарға да көше бастады.

Мен энциклопедияда (ҚСЭ-де) кеткен ақаулық туралы кезінде айтқанмын да; «Не айтсақ та, біліп айтайық, ағайын» атты «Қазақ әдебиеті» газетінде қатар жарияланған екі мақаламның бірінде жазғанмын да. Бірақ одан қателік түзелмек түгілі, енді кітаптан-кітапқа көше бастаған соң, тағы да айтуға мәжбүр болып отырмын.

Бұл қателік – ҚСЭ-дегі: «... С.Д. (Сырым Датұлы.– Қ.М.) патша өкіметіне қарсы күресін тоқтатпады. Орынбордың (?) генерал-губернаторы И г е л ь с т р о м ғ а (дәл осылайша курсивпен берілген. – Қ.М.) жазған бір хатында: «Сіздер түрлі әдістермен алдап, қолға түсірген ноғай, башқұрттар сияқты бізге де бұғалық салып, езбекші екендігіңіз белгілі», – деп жазады» – деген тұжырым. (ҚСЭ, 10-т., 497-б.).

Оқырмандар «Мұның несі қате?» –деп ойлауы мүмкін.

Мен бұл жерде Игельстромның тек қана Орынбордың генерал-губернаторы емес, ішіне сол Орынбор да қоса кіретін бүкіл Уфа және Сіңбір (Симбирск) әкімшілік аймағының наместнигі екенін айтпай-ақ қояйын. Гәп онда тұрған жоқ! Мұның қате болатыны: біріншіден, Сырымның Игельстромға жазған мұндай хаты жоқ! Болған да емес, болуы мүмкін де емес! Өйткені

Игельстром мен Сырымның арасы мұндай хат жазысарлықтай ешқашан ушыққан емес. Екіншіден, ушықпақ түгілі Сырымның көптеген бастамаларының қолдау тапқан адамы – генерал-поручик Игельстромның дәл өзі. Әрине, екеуінің түпкілікті ойлары – екі бөлек. Бірақ ойға алған мақсаттарына жетер жолдағы тактикалық әдістерінде уақытша мүдде ортақтығы болғандығы айқын. Үшіншіден, Игельстром, жалпы айтқанда, қазаққа жақсы қараған адам (әрине, бұрынғы-соңды генерал-губернаторлармен салыстырғанда). Мысалы, оған дейінгі генерал-губернаторлар қазақты тұқыртып ұстап отыру үшін, башқұрттарды шекарадан бері емін-еркін өткізіп, ел шапқызып; бірақ қазақтарға қарымта жасауға жол бермей келсе, Игельстром соны айқын сезіп, патшайым II Екатеринаға да хабарлап, өзі де өлке бастығы ретінде соған тыйым салған адам. Осы уақытқа дейін қазақтарға тек зорлық-зомбылық көрсетіліп келгенін де Императрицаға ашық айтқан адам – Игельстром. Бұл сөздерімізге оқырман көңілінде күдік тұмау үшін, оның патшайымға жолдаған хаттары мен ресми қағаздарынан үзінділер келтірсек орынды болар деп ойлаймыз. Қараңыз:

**«...по прибытии моем в Оренбург нашел я для установления между киргиз-кайсаками всеобщего спокойствия султанов их Айчуака и Икуз – Алия под стражею, сына первого убиенным; в Оренбурге и по многим другим на линии местам несколько сот человек безвинных киргизцев в задержании, стонущих в железзах и употребляемых к тяжким работам, лишаящих многих из них жизни...»** (Материалы по истории Каз.ССР, Т. IV, 109-б.).

**«Вообще сказать, вся цепь, которою тогда судили установить тишину втравленного до отчаяния в злобу и мщения киргиз-кайсацкого народа, состояло в том, чтобы делать коликко возможно чаще и свирепее баранты, обеими руками держась системы покойного г. тайного советника Ивана Ивановича Неплюева, который утверждал, что нет другого способа управиться с киргиз-кайсаками, как резать их»** (Бұл да сонда, 110-б.).

«...Я, при вступлении в отправление высочайше поверенной мне должности, не мог иначе расположить поступки мои противу киргизского народа, как на таком основании, чтоб сколько возможно поспешнее привести у онаго в забвение прежде оказанные ему суровости и установить в отправлении дел с сим народом кротость, твердость и справедливость». (Бұл да сонда, 111-бет).

«...линия никогда не преграждала башкирцам путь в степь киргизскую, но еще и сама стража линейная помогала им делать киргизцам обиды...» (Бұл да сонда, 119-б.).

Осымен тоқтай тұрайық.

Мен бұл үзінділерді әдейі аудармай отырмын. Өзіне дейінгі генерал-губернаторлардың қан-жоса іздерін патшайымға ашық айтқан адам – Игельстромға дейін бұл өлкеде болған емес. Патшаға шындықты айту қаншама қиын болғанмен, соған бел байлаған бұл наместниктің қандай кісі екенін оқырман өзі көрсін деп, әдейі осылай еттім.

Ал енді осындай адамға... бұған қоса, өзі Ералының қолына түсіп қалғанда, тұтқыннан босатуға тікелей жәрдемдескен кісіге Сырым әлгіндей хат жазуы мүмкін бе? – Жоқ!

Мұндай хатты Сырым жазған... бірақ оны Игельстромға емес, Игельстромның орнына генерал-губернатор болып келген, сөйтіп баяғы И.И.Неплюевтің ескі әдісін қайта қолға алып, «бұл қазақтарды басқарудың жалғыз-ақ жолы – оларды шетінен қыра беру ғана» деген принцип ұстанған А.А.Пеутлингке жазған. Хаттың орысша мәтіні «Қазақ ССР тарихына арналған материалдардың» 4-томында басылды. Онда былай делінген:

«... Обманом желаете управлять народом ... из сего видно, что Вы нас оными хотите довести так же, как ногайцев и башкирцев: поспешить обуздать и наложить службу, а детей наших сделать солдатами и употреблять в походы и разные тягости хотите на нас возложить. Каковые все Ваши намерения мы поняли, ибо и пред сим Вы, россияне, скольких обласкивая серебром и прочим, довели в свое рабство»... (Материалы по истории КазССР, Т. IV, 138–139 б.

Шығармалары. Екінші том

Құжат №44; «Письмо батыра Срыма и казахских старшин генералу-губернатору Симбирского и Уфимского наместничества А.А.Пеутлингу ...»)

Ниеттес адам мен қастық пиғылдағы адамға айтылар сөздің айырмасы болатынын былай қойғанда, егер Игельстром осы хаттағыдай сөзді естуге лайық кісі болса, 1785–1790 жылдар арасында Орынборды билеп кетіп қалған кісіні қазақтардың өздері II Екатеринадан қолқалап отырып 1797 жылы қайтадан генерал-губернаторлыққа сұрап алмас еді ғой. Сондай адамның атына айтылған қате байламды былай қойғанда, жалпы фактологиялық жағынан қате нәрсенің ҚСЭ-ден «Атырау» энциклопедиясы. («Атырау» энциклопедиясы, Атамұра баспасы, 345-б.), одан келіп енді ардақтыларымыздың басын қосқан «Елтұтқа» секілді кітапқа («Елтұтқа», Астана, «Күл Тегін» баспасы, 2001, 169-б.) көшетін не жөні бар?! «Ештен – кеш жақсы» деген; кеш те болса, қателіктің түзетілгені мақұл-ды.

### **Бір көше тым болмаса бұйырмай ма?**

Енді... Сырым аты ауызға алынып қалған соң, айта кетер бір мәселе бар. Осыдан он жыл бұрын Сырым Датұлының 250 жылдығы Республика көлемінде тойланған кезде, ел басқарған азаматтар өздері де білетін шығар деп, естеріне салып жатудың өзін артық санаған бір шаруам еді ол. Еліміздің тәуелсіздігі жолындағы күрестің ту байлар жерінде тұрған, озбыр отаршылдыққа қарсы 1783–1797 жылдар аралығында он төрт жыл бойы талмастан күрескен Сырым бабамыздың атына сол кездегі астанамыз Алматыдан, ең болмаса, бір көшенің аты берілетін жөні бар еді; бірақ берілген жоқ! Анаған да, мынаған да белгі қоюды сұрап, күнде қиғылық салып жататын кейбір замандастарымызға ұксап қақсамай-ақ қояйық, ел басқарған азаматтардың өздері-ақ білетін шығар деуменен, мінеки, он жыл өтті! Я Алматыда, я жаңа ел ордасы Астанада Сырым Датұлын еске салатын бір белгі жоқ. Баска – баска, күллі қазаққа аты әйгілі Сырымға елордамыз Астана қаласынан бір көшенің атын қиятын кезіміз әлдесқашан келді-ау. Бныл дүниеден өткеніне

200 жыл толуы қарсаңында Орал қаласында зәулім ескерткіші ашылғалы жатқанда, Астанадан да бір қуанышты хабар жетсе, елі үшін ерен еңбек еткен ардақтымыздың аруағы, тіпті риза болар еді-ау деген ой келеді.

Әсілі, «Пәленшекендер мен түгеншекендерді өздері туған аймақтың ғана емес, Алаштың ардақтылары деуіміз керек» – деген – тілде бар да, ділде жоқ, бос сөз болып қалмағаны жөн ғой...

*«Қазақ әдебиеті»,  
№39, 27.09.2002 ж.*

### **ЖҰМБАҒЫ КӨП ӨЛІМ** **«Сырымның ғұмырнамасы»**

Қағазға түсіріліп, хатталған құжаттар қалмағандықтан, қазақ тарихындағы ірі-ірі тұлғалардың туған, өлген жылдары жайында, сондай-ақ қайда туып, қайда жерленгендігі туралы кесімді пікір айту – уақыт озған сайын, тіпті қиындай беретіні сөзсіз. Қазірдің өзінде бірқатар тарихи тұлғалардың ғұмырнамалары алуан саққа жүгіртіліп пікір қайшылығын тудырып отыр. Солардың бірі – Сырым Датұлының ғұмырнамасы десек, артық айтқандық болмас деп ойлаймын. Өйткені 1992 жылы осы бір ірі тарихи тұлғаның туғанына 250 жыл толуы Республика көлемінде тойланып өткеніне қарамастан, әлі күнге оның туған жылы туралы алыпқашпа, әрқилы пікірлер шаң беріп қалады.

Әрине, батыр Сырымның, би Сырымның 250 жылдығы 1992 жылы Республикада тойланды деген сөз – С.Датұлы үзілді-кесілді 1742 жылы, пәлен айдың пәленінші күнінде, пәлен сағат, пәлен минутта туды деген уәжіміз емес. Бірақ негізсіз де пікір емес-ті. Осындай ойды бірінші рет айтқан – біз (яғни, сол жылы 22 ақпандағы «Егемен Қазақстан» газетінде «Сырым Датұлы» деген мақала жазған Қажығали Мұханбетқалиұлы), – өз пікірімізді дәлелдеу үшін біраз қисын келтірген де едік. Қазір оның бәрін қайталап жатудың қажеті болмас. Керек еткен кісі «Егемен Қазақстанның» 1992 жылғы 22 ақпандағы санынан оқып алуына әбден болады.

Біз сонда өз ойымызды дәлелдемес бұрын, мәселенің мән-жайы оқырманға түсінікті болу үшін, ең әуелі Өзімізге дейінгі Сырым қозғалысының тарихын зерттеушілердің пікіріне тоқталғанбыз. Сондағы қорытындымызды қазір түйіндей айтсақ, Сырым тарихына қатысты пікір білдірген: А.И.Левшин де, М.Красовский мен Л.Мейер де, Ф.М.Лобысевич пен А.И.Добросмыслов та, А.П.Чулошников пен А.П.Рязанов та, тіпті Сырым қозғалысының тарихын егжей-тегжейлі зерттеген бірден-бір адам М.П.Вяткин де батырдың туған жылын дәл айта алмаған. Дәл айта алмағандықтан да: «Сырым турасындағы 1783 жылға шейінгі документті биографиялық мәліметтер өте үзінді-үзінді болып және толық емес болып келеді. Бұл мәліметтерге маңызды толықтырулар – қазақтардың Сырым атына байланысты халық аңыздары»,– деген. (М.П.Вяткин, Сырым батыр, Қаз. мемл. баспасы, Алматы. – 1951, 199-б.). Бұл – адал да, ағынан жарылып айтқан пікір екеніне оқырман күмәнданбас деп ойлаймыз.

Қазақ тарихына қатысты мәселелерге, соның ішінде Сырым қозғалысының тарихын зерттеуге ұзақ жыл өмірін арнаған ғалым осылай деп отырса, әйгілі қаламгер Сәбит Мұқанов та: «... Оның (Сырымның – Қ.М.) нақты қай жылы туғанын тарих әлі анықтаған жоқ», – дейді. (С.Мұқанов, Қазақтың XVIII–XIX ғасырлардағы әдебиетінің тарихынан очерктер., Алматы, 1942.)

Ал оқырман жұртшылық табан тірер бірден-бір дерек көзі – «Қазақ Совет энциклопедиясына» қарасаңыз, – (фактіні қайдан алғанын Өздері білсін), Сырымды 1712 жылы туып, 1802 жылы опат болды деп көрсетеді. (ҚСЭ, 10-т., 497-б.).

Сырым батырдың өмірі мен қоғамдық қызметін, әсіресе оның шешендік өнерін көп зерттеген ғалым Б.Адамбаев өзінің «Шешендік өнер» дейтін кітабында тіпті қиғаш-қиғаш пікірлер келтіреді. Біріншіден, оралдық Үмбет Ыбыраев дейтін қарттың: «Сырым Дат баласы 1750–1760 жылдардың арасында туған...» – деген пікірін тілге тиек етсе, екіншіден, Сырымның ағасы Адамбайдың ұрпағы, кезінде Шымкент пединститутының доценті болған Әділ Ермековтың: «Әкей марқұм: «Шынтекем

(Сырымды – Шынтемір дейді (???) 60 жасында ту тігіп ханға қарсы аттанған екен, жетпіс тоғыз жасында Хиуада қайтыс болыпты» деп отырар еді» деген пікірін келтіреді де, соңғы тұжырымды «тарихи деректермен толық сай келеді» деген қорытынды жасайды. (Б.Адамбаев., Шешендік өнер, Алматы, 1969, 52, 53, 54-б.).

Қысқартып айтқанда, Сырым Датұлының туған жылы туралы осындай-осындай алуан пікірлер бар. Біз қандай да бір болмасын зерттеушілердің пікірін үзілді-кесілді жоққа шығармақшы емеспіз. Бірақ «Ханға қарсы ту тігіп аттанғанда 60 жаста екен», «Жетпіс тоғыз жасында Хиуада қайтыс болған» деген тұжырыммен де; «Сырым Датұлы 1712 жылы туып, 1802 жылы опат болды» деп көрсеткен ҚСЭ-нің қорытындысымен де келісе алмаймыз. Осындай мәлімдеме жасаған авторлардың өздері де мойындағандай: «Сырым өзі ақылды кісі, өзі саясаткер кісі» екені рас болса, Б.Адамбаев версиясы бойынша: бірі кем 80 жаста, ал ҚСЭ-нің көрсетуі бойынша: 90 жаста қаруы қайтқан қарт адам жер түбіндегі Хиуаға атпен сапар шегуі де, сондай-ақ мұндай жаста саяси аренадан кетуге тиіс кісінің мемлекеттік үлкен шаруамен – мәмілегерлікпен жолға шығуы да көңілге сенім ұялата алмайды. Солай болған деп иланайын десеніз де, мәужіреген кәрі кісінің сөзіне сеніп, Хиуа ханы самсаған сары қол әскер береді деп дәмеленудің өзі – ақылды адамның ісінен гөрі, аусар адамның әрекетіне көбірек келіңкірейді.

Бұл жерде екі дерек көзінің де пікірі тоғысатын тұс – Сырымның Хиуа жақта (дәл Хиуаның өзінде емес, сол жақта! Жалпақ тілмен сілтейсалды айтылған сөзді тура мағынасында қабылдауға болмайды. – Қ.М.) қайтқаны ғана. Расында, Сырым Датұлы Хиуа жақта 1802 жылы өлді деуге де негіз жоқ емес. Бұған дәлел – 1803 жылы Қазақ жері арқылы Бұхараға сапар шеккен патшаның әскери қызметшісі, поручик Я.Гавердовскийдің (және оның жолдастары Иванов пен Богдановичтің) күнделік іспетті журналы. Осы қолжазбада казактардың ас беруін суреттей келіп, Я.Гавердовский былай деп жазады: «...осының қаншалық шығынға ұшырататынын түсіндіру үшін, біз казак

даласына келіп кірерден бұрын қайтыс болған Сырым батырға берілген асты мысалға келтіреміз... Сырымның асы оның балалары мен туысқандарына оңайға түскен жоқ: 3 мың қой, 100 жылқы сойылды, таратылды; 600 саба қымыз ішілді; бұған қоса, бәйгеден келген аттардың иелеріне, мергендер мен балуандарға бірнеше киіз үй, сауыт-саймандар, т.б. бағалы бұйымдар үлестірілді»... (Я.Гавердовский, Обзорение киргиз-кайсацкой степи, Ч. II, 95-б.). Кейін А.Левшин де, М.П.Вяткин де осы қолжазбаға сүйене отырып, өз ойларын дәлелдеуге тырысқан. (Материалы по истории Каз.ССР, Т. IV, 15-бет; А.Левшин, Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей, Алматы: – Санат, 1996., 342-б.).

Я.Гавердовскийдің керуені Қазақ даласына 1803 жылы ақпанда келіп кірген; демек, ас 1803 жылы беріліп жатса, Сырым (иманды болғыр) 1802 жылы опат болған деуге толық негіз бар.

Енді... неше жасында дүниеден озған? деген мәселеге қайта оралар болсақ, ел ішінен біз естіген бір әңгіме де құлақ қоярлықтай. Ол әңгіме бойынша Сырым жастайынан ел аралап, үлкендерден ақыл-кеңес сұрап, көпшілігінен бата алған екен. «Үлкендердің сол батасы, тіпті неше жасында өлетініне шейін айнымай келіпті, алпысқа жетер-жетпесінде дүние салыпты», – дейді қариялар.

Соны естігенде, баяғы Есентемір Бөкен бидің Сырымға берген батасы еріксіз еске түседі:

*«Арқаң қара нардай жауыр болсын,*

*Мінезің қара жердей ауыр болсын.*

*Өкпең жоқ – бауыр болсын,*

*Сыртыңнан дүбір кетпесін,*

*Құлағыңнан сыбыр кетпесін,*

*Жасың алпысқа жетпесін»* – деген ғой кәрі би.

Осы бір соңғы ауыр сөз Сырымның ойында өмір бойы өшпестей боп қалып қойғанға ұқсайды. Өлерінен бір жыл бұрын: «Япырай, келер жылы алпысқа келер ме екем, әлде жұртым асымды берер ме екен?! » деген сөзі содан қалыптымыс деседі.

Енді осы әңгімені ойша негізге ала отырып, Сырым өмірінің хронологиясына зер салсақ, яғни 1802 жылы алпысқа жетер-жетпесінде дүниеден озды десек, 1742–1743 жылдары туған болып шығады және мұндай жағдайда оның ғұмырнамасы тарихи фактілердің ешқайсысына да қайшы келмейтінін көреміз. Мысалы, ел аузынан жиналған аңыздарға қарап, М.П.Вяткин: «Сырым жас басынан-ақ ақылды және адал болған. Жиырма жасында байбақты руының биі болып, ел аралайды» десе (М.П.Вяткин, Сырым батыр, 199-б.), мұнда асырып айтқандық жоқ. 1760 жылдары Қазақ даласынан пайдалы кендер іздеуге шыққан Тимашев дейтіннің партиясына кірген башқұрттар, Нұралы ханның елшілері болып Орынборға барып келе жатқан Мәмбетәлі сұлтан мен оның қасындағы қазақтың 20 биін жолда ұстап алып, қырып тастағаны белгілі. Бұл бір – ұлы дау, ұзақ әңгіме... Бірер жылдан соң Нұралы хан әлгі опат болған билердің орнына ел ағалары етіп кілең бір қылқандай, жас жігіттерді тағайындаған.

Солардың бірі – Сырым болған. Мұнан соң, ұзақ уақыт Сырым батыр Нұралы ханның саптағы батыры, санаттағы билерінің бірі болып жүргені тағы белгілі...

Сырымды «отызында Орда бұзып, қыркында қамал алды» деседі. Отыз жастың о жақ, бұ жағында Е.Пугачев көтерілісіне қатысқаны рас. Бұл 1773–1775 жылдардың шамасы. Қырықтың қырқасына шыққанда 1783 жылдан бастап, халқынан ажырап қалған ханға да, оның үстінен қарап отырған орыстың озбыр отаршылдарына да қарсы күресті бастағаны – тағы да тарихи нақты факт. (1785 жылы Таналық қамалына шауып, казак-орысты тас-талқан қылғаны; қамал бастығы майор Рештейнердің өзін және бірнеше адамды байлап әкеткені мәлім). Бұл туралы А.Левшин анық жазған. Бәлкім, ол Сырым жайлы: «Он был человек с диким, беспокойным, мстительным, но сильным характером и с редкой предприимчивостью» десе, осындай істеріне қарап та айтқан шығар.

1783 жылдан 1797 жылға дейін созылған 14 жыл бойғы күрестің ақырында, Сырым елдің дүмпуін өзі тежеп, Хан Кеңесіне мүше болып, бірақ артынан қуғын көргендіктен

Хиуаға қарай ауып, 1802 жылы сол жақта дүниеден озса, 60 жастың шамасы екені тағы шықпай ма?!

Осы айтылғандарға сүбелі бір толықтыру соңғы жылдары жарық көрді. Ол қандай толықтыру?

Тарихтан жақсы мәлім, Сырым қозғалысын әу бастан қатты қолдаған: Тіленші Бөкенбайұлы мен Барақ Сатыпалдыұлы. Оралдағы казак әскерлерінің уәйіске кеңсесіндегілер 1785 жылдың 8 көкегінде Г.А.Потемкинге жазған рапорттарында: «...Сырымның қасында 2700, Барақтың қасында 2000, Тіленшінің қасында 1500-ге тарта ұры-қары кырғыз-қайсақтар жиналған...» деп көрсетеді. (Материалы по истории КазССР, Т. IV-том, 47-б.). Осындағы табын Барақ батыр Сатыпалдыұлы туралы ұрпақтары да, елдегі есті қариялар да: «Қанды көйлек жолдасы Сырымнан Барақ батыр бір-ақ жас кіші екен» десетін. 1993 жылы Барақ батырдың басына әсем кесене тұрғызыларда құлпытасын оқыған алматылық ғалым, экономика ғылымдарының докторы, марқұм Нұрдәулет Күзембаев, – Барақ батырдың, – 1743 жылы туғанын анықтаған. (Жасыл тулы ер Барақ, Алматы. – «Ғылым», 1994. 30-б.). Демек, біз айттып жүргендей, Сырым 1742 жылдардың шамасында туғанына бұл да бір үлкен айғақ болды.

Бұған қоса, соңғы жылдарда Сырым қозғалысын, оған қатысқан ерлердің ғұмырнамасын зерттеумен айналысып жүрген атыраулық Аманғали Әміржанов та; тарих ғылымдарының докторы Әлсейіт Мұхтар да; Қостанай әлеуметтік академиясының оқытушысы Серікжан Ысмайылов та біздің пікірімізді толық қуаттайды. Осы соңғы екі автор «Сырым бастаған қозғалыс» атты мақалаларында: «Қорыта келгенде, біздіңше, Сырым Датұлының балаларының туылған жылдарын есепке ала отырып, батыр бабамыз 1740 жылдардан кейін дүниеге келген деп түйіндейміз, **яғни бізге 1742 жылды Сырымның туған жылы деп анықтаған пікір...** (бұл пікір – бірінші рет Қажығали Мұханбетқалиұлы айтқан және дәйектер келтірген пікір еді деп авторлар айтпай кеткен! – К.М.) **шындыққа жақын деуімізге толық негіз бар**», – деп көрсетеді. (Сырым Датұлы, «Арыс», 2004, 23-б.)

Кесіп-пішіп ешкім де нақты айта алмайтын, бірақ жанама дәйектер мен деректерге сүйене отырып біршама дәлелденген осы пікірді ұстана алсақ, әркім әр саққа жүгіртуден арылып, белгілі бір орнықты көзқарасқа тоқтар едік деп ойлаймын.

\* \* \*

Екінші бір күрделі мәселе – Сырым Датұлының қайда дүниеден озғаны және қай жерге жерленгендігі туралы пікірге байланысты туындап отыр...

Шындығына келгенде, осы уақытқа дейін Сырымның қайда жерленгені туралы әртүрлі киғаш пікірлер болғанмен, қайда дүниеден озғаны туралы талас-тартыс жоқ секілді еді. Өйткені батырдың қазасы туралы аңыз-әңгімелердің бәрінде де ол Хиуа, Үргеніш жақта жүргенінде, сол жақтың хандары улап өлтіргені айтылатын. (М.П.Вяткин, Сырым батыр, Алматы, 1951, 365-б.). Ығылман Шөрекұлының «Исатай–Махамбет» дастанында ханның аузымен айтылатын: «Үргеніште қалған Сырымдай, Сүйегінді шетке көмермін» деген сөзде де (Ы.Шөреков; Исатай-Махамбет, 1941, 16-б.), Ғ.Қараштың «Сырым батыр» деген толғауындағы:

*«Патшадан келген жарлықпен,*

*Ұсталатын күн болған.*

*Бұ себепті батырым*

*Хиуа деген қалаға*

*Орыстан қашып барыпты»,* – дей келіп, сонда опат болғанын баяндағанда да қайшылық жоқ болатын. (Ғ.Қараш., Сырым батыр (толғау). //«Сырым Датұлы» атты жинақ, Алматы. – Арыс, 2004. – 151 б.). Бұл туралы біз де «Сырым Датұлы» (Егемен Қазақстан, 1992, 22 ақпан), «Азаттық туын алғаш көтерген» («Саясат» журналы, №2, 2003.) атты мақалаларымызда біраз әңгімелеген едік. Және өз пікірімізді бірқатар дәйектемелер арқылы дәлелдегендей де болғанбыз.

Айта кетерлік бір жайт – біз әлгі мақаламызда өзімізге дейін талай пікір айтқан тарихшыларға ұқсап, жалпылама түрде «Хиуа, Үргеніш жақта» қайтыс болған дей салмай,

осы жолы ертеректе өзімізге мәлімет берген Атырау облысы, Балықшы поселкесі Қызыләскер көшесі №13 үйде, 10-пәтерде тұрған Жағыпаров Бақыт деген 1899 жылы туған қарияның: **«Сырым бейітін 1964 жылы Үргенішке барғанда көрдім. Қарақалпақстанда. Нөкістен 60–70 шақырым, Маңғыстауға қарай шығатын жол бойында...»** – деген сөзін; сондай-ақ 1985 жылы Алматы облысының Күрті ауданына сол жақтан көшіп келген Абылай Елубаев деген қарияның: **«Сырым бейіті Үргеніште... Қожеліден 80 шақырым жердегі «Қайыпбаба» деген қорымда жатыр. Сырымның ғайыптан (ойда жоқта) қаза тауып, сүйегі қойылған жер кейін «Ғайыпбаба» («Қайып баба») аталып кеткен»,** – деген нақты сөздерін келтірген болатынбыз. Пікір объективті болу үшін, 1991 жылы 11–17 көкектегі «Дала дидары» газетінде «Сырым батырдың сүйегі табылды» деген Ө.Оралбаевтың (оған Маңғыстаудан хабарлаған белгілі жыршы Ізбасар Шыртанов ағамыз) материалын да қоса берген едік. Өйткені бұл материалда Сырым бейіті – «Қайыпбаба» зиратында емес, «Қарақалпақстанның «Қыпшақ» совхозындағы «Гежекбаба» қойылымында (қорымында)... делінген екен. Дәлірек айтсақ, «Қожакөл мен Қыпшақ деген екі ауылдың ортасында. Нөкістен 60 шақырымдай жерде. Табылған жердің аты – Бестөбе». Тапқан – Нөкіс қаласының қасындағы Қызкеткен елді мекенінің тұрғыны, 85 жастағы Қалмахан деген қария.

Әлқисса, әліміз келгенше әділетке жүгіне отырып жазған әлгі мақаламыздан кейін, Сырым Датұлының 250 жылдық мерейтойын Республикада өткізуге шешім қабылданып, даярлық жасалынды. Сырым батырдың портретіне бәйге жарияланды. Қазір канондық сурет ретінде қабылданып жүрген портретке – Алматы көркемсурет-театр институтының сол тұстағы кафедра меңгерушісі, профессор, белгілі маман суретші Мұхит Қалимов марқұмның шығармасына Бас бәйге берілді. Әділқазылар алқасының мүшелігіне Алматыдағы мемлекеттік жобалау институтының президенті, сәулетші Сұлтан Баймағанбетов, академик Манаш Қозыбаев, халық суретшісі Қанапия Телжанов, жазушылар Қажығали Мұханбетқалиұлы, Мереке Құлқенов,

батырдың ұрпағы Хамит Ұлықпанов (бұл күнде марқұм), сондай-ақ бірқатар шығармашылық одақтардың, Батыс Қазақстан және Маңғыстау, Атырау облыстарының өкілдері енген бұл конкурстың ұйымдастырушысы, жанашыры – сол кезде Республикалық Жастар ісі жөніндегі Мемлекеттік комитеттің төрағасы Иманғали Тасмағамбетов болатын.

Конкурс қорытындысы шығарылып болғаннан кейін, ендігі міндет – Сырым Датұлының қайда жерленгенін анықтау, бейітінің басына ескерткіш тұрғызу болды. Соған байланысты, «Халық Кеңесі» газетінің 1992 жылғы 18 маусымдағы №118 (269) санында: «Маусымның екінші онкүндігінде жазушы Қажығали Мұханбетқалиев бастаған, құрамында Қазақстан Ғылым Академиясының Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғалымдары бар ғылыми экспедиция Сырым бейітін іздеу үшін Нүкіске аттанады», – деген хабар басылды. (Халық Кеңесі, 1992, – 18.06. 1-б.). №118, (269).

Өкінішке қарай, нарық қыспағының күшейе бастаған тұсына тап келген бұл сапарымыз (ұшаққа билеттеріміз алулы болса да, жанармай жоқтығынан) жүзеге аспай қалды. Ал Атыраудан, автомобильмен жолға шығып кеткендер... Қарақалпақстанға барып қайтыпты. Ішінде қаламдас ініміз Ө.Әлімгереев, т.б. бар.

Сол жылы күзге салым, баспасөзге жазылу науқаны кезінде, Әбілмәжін Жұмабаев ағамыз екеуміздің Атырауға жолымыз түсті. «Сабақты ине сәтімен» дегендей, Өтепбергеннен сапарлары жайлы әңгіме сұраудың сәті түсті. Таспаға түсіріп әкелген екен, бәр-бәрін көрсетті. Рақмет! Бірақ таспаны түгел көріп болған соң, көңіліме түйткіл болған бір сауалды қоймай тұра алмадым.

– Ал «Ғайыпбабаға» барып қайтыпсындар... Өте орынды болған! Енді «Гежекбабаға» барған сапарларыңызды көрсетші!? – деп ем.

Өтепберген бауырым:

– Ой, Қажеке! Онда барудың не қажеті бар... Көріп те отырсыз, мұндағы кісілердің сөздерін естіп те отырсыз. Бәрі бір ау-

Шығармалары. Екінші том

ыздан: «Сырым бабамыз осында жатыр» деп отырған жоқ па? – деп, бет қаратпады.

– Дұрыс қой! Мен олай емес, былай деп отырғаным жоқ... Бірақ «Гежекбабаға» барсаңыздар, ондағылардың да дәл мыналарға ұқсап: «Сырым бабамыз осында жатыр» демесіне кепілдігің бар ма?! – дегенмін.

Өтепберген бауырым орнықты ештеңе айта алмаған. Арада аз-кем уақыт өткен соң, жаңа жылдың басында «Егемен Қазақстан» газетінің 1993 жылғы 22 қаңтардағы санында, «Сырым денесі – Ғайып бабада» деген үзілді-кесілді материалы жарқ ете қалды.

Бұлтартпайтын дәлелі болса, ең құрығанда кісіні иландырарлық жанама дәйектері болса құба-құп қой. Дау туғызбайтын нәрселерді дауға айналдырып (мәселен... «Сырымның өлген жылын шамаласақ та (оның өзіне де шәк келтірушілер көп)...» – деп, 1802 жылы опат болғаны ғылыми тұрғыдан дәлелденгеніне қарамастан, күмән-күдікті көбейтіп); екіншіден, барлық тарихи құжаттарда Сырымның Хиуа жақта қайтқаны расталса да, «...бірақ кейінгі кездегі біреулер (?)Сырым денесі (?) дүниенің бір шеті Өзбекстанда емес, осы өзі туып-өскен Жымпиты, Қаракөл мен Қарабаудың ар жақ, бер жағында және өзге емес, өзінің бәйбішесінің қолынан опат болыпты (?)» дегенді де шығарды», – деп авторы белгісіз, иесі жоқ сөзді көңірсітіп жіберді. Ол – ол ма, 1992 жыл, 22 ақпан. «Егемен Қазақстанда» Сырым жерленді-міс делінетін екі жерді де: «Ғайып баба» қорымын да, «Гежек баба» қорымын да біз нақты атағанымызға қарамастан, «Бірақ бүгінге дейінгі және соңғы кездегі көптеген (?) баспасөз материалдарында Сырым сүйегінің Өзбекстан жерінде қалғандығы айтылып жүрді», – деп бұл бір тиіп-қашты ұзынқұлақтың әңгімесі секілді, дерексіз нәрсеге айналдырғысы келгендей сыңай байқатты.

Жә, Жағыпаров Бақыт қария мен Абылай Елубаев қарттың айтқандарына қарай, Сырым бейіті «Ғайып баба» қорымында болуы мүмкін деген версияны тұңғыш рет өзім айтсам да, мен мұны Өтепберген бауырыма ұқсап, үзілді-кесілді шындық осы» деген жоқ едім. («...Бабамыздың орнын» көрдік... Бұл да болса

**көкейде жүрген күпті сұрақтың түпкілікті бір жауабы еді**», – деу үшін («Егемен Қазақстан», 22 қаңтар 1993 жыл), нақты дәлел, айғақ боларлық материалдық жәдігерліктер сияқты көп-көп нәрселер қажет екені түсінікті ғой! Қайта, Сырым жерленген қорымды да, қорым тұрған жер атын да нақты көрсеткен екінші версия маған сенімдірек секілді көрінген.

Бұған себеп те жоқ емес-ті. Өйткені бірінші аталған қорымның «Ғайып баба» аталуы туралы аңызды менің де құлағым шалып еді. Сол аңызды Ө.Әлімгереев те Әріпбай атты ақсақалдың айтуымен баяндап шыққан екен. Сәл ұзақтау болса да, мәселенің мәнісі оқырмандарға түсінікті болу үшін, сол аңызды тағы бір баяндап өтелік.

«...Хиуадан Тайсойған, Жымпиты бағытына бет түзеген Сырым, бойына тараған удан әлсіреп, осы Нөкіс бағытындағы күре жол үстінде құлаған. Оны... үлкен медресенің ишаны алдын ала сезіп, өз шәкірттеріне: «Ұзақ жолдан аруакты да айтулы адам ауырып келеді. Түстен кейін осы араға өлі денесі жетеді, соны жерлеуіміз керек, кетпендер!» – дейді. Айтқандай, артынша қос найзаның үстіне көлденең салған мәйіт жетеді. Жерлер кезде ғайыптан жеті табыт түсіпті, жеті шәкірт «мен мына табытты алып жерлеймін» деп бір-бірден бөліп алса, жетеуінде де өлік бар екен. Олар осы Шаңғы қышлағына қойылған». (Қараңыз: Ө.Әлімгереев, Сырым денесі – Ғайып бабада, Егемен Қазақстан, 1993. – 22.01.)

Осы жерде маған үлкен күмән туғызған: «ғайыптан жеті табыт түсуі», «жетеуінде де өліктің бар болуы» Өтепбергенді неғып ойландырмағаны, күдіктендірмегені қайран қалдырады. «Ғайыптан тайып келген, ел танымайтын әулие...» дегенде де, неге сол Әулиенің бір өзі емес, «жеті табытта жеті өлік»?

Көп ұзамай, осы мақалаға қарсы Ж.Мұратбаев пен Ө.Қойшиевтің «Сырым батырдың сыры» атты материалы осы газетте тағы жарияланды. (Егемен Қазақстан, 8.05. 1993. Сөйтсек әлгі Әулиенің де, жеті табыттағы жеті өліктің де жайы былай екен. Ертеректе... «Шамамен, 1500 жылдың екінші жартысының басында, қасындағы алты шәкіртімен Ғайып баба Хорезм ойпатының Қарақалпақ жеріндегі Сұлтан Уайыс бабаның ма-

зарына зиярат жасауға шығады... Жолда тосыннан дертке душар болып, жол бойындағы үлкен мешіттің қасына келгенде әлсіреп, жетеуі де құлайды. Ғайып баба, оның қасындағы алты шәкірті, сол жерде Алланың аманатын тапсырып, көз жұмады... Имам шәкірттеріне тапсырып, жетеуін жерлетеді... Гурлен ауданының «Зәріптер» колхозындағы Шаңғы қышлағында «Ғайып баба» қойымшылығы (қорымы – Қ.М.) осылай пайда болған деп көрсетеді халық аузындағы шежіре». (Егемен Қазақстан, 8.05.1993. //Ж.Мұратбаев, Ө.Қойшиев, «Сырым батырдың сыры».)

Екіншіден, «Гежек баба» қойымшылығына жерлеңдер, – депті-міс Сырым сөзінің жаны бар. Өйткені, ел аузындағы әңгімеге қарағанда, Гежек батыр – өзіміздің қазақ. Қазақ болғанда да, Алшынның бір баласы Әлім, Шекті, оның ішінде Жақайым. Жай қатардағы батырлардың да бірі емес, заманында Хиуа ханының әскербасы болған деседі. Осы Гежек батыр: «Егер Сырым орыс патшасына қарсы аттаныс бастаса, 5 мың қарулы нөкерімді бастап, жәрдемге барар ем» деп жүргенінде, дертті болып, көз жұмып кетеді... өз ажалының төркініне түсінген Сырым да өлер алдында жолдастарына қарап:

– Маған аруақты батыр Гежектің қасынан топырақ бұйырған шығар. Соның қасына жерлеңдер... – дейді. (Егемен Қазақстан 1993, 8.05. Аталған мақала.)

Қысқасы, мен Өтепберген Әлімгереев бауырыма айтқандай, «Ғайып баба» қорымы маңында тұратын қарттар қалайша «Сырым бабамыз осында жатыр» десе, «Гежек баба» қорымына жақын маңда тұратын пәленбай қарттар да «Сырым бабамыз осында жатыр» деп өздеріне тартады.

Меніңше, қалай болғанда да, Сырым Датұлының, біріншіден, Хиуа хандығы жерінде дүниеден өткені; екіншіден, жазымы – кісіден болғаны (Хиуа хандығында әлдекімнің оны улағаны); үшіншіден, сүйегі де сол жакта – осы аталған қорымдардың бірінде жатқаны анық.

Сырым тағдырын да, ол бастаған күрес тарихын да егжей-тегжейлі зерттеген әйгілі ғалым М.П.Вяткин: «...Қаратай бастаған сұлтандар соңына түсіп, Сырым сол 1797 жылы

Хиуа хандығының жеріне көшіп кетеді. Оның бұдан былайғы тағдыры не болғандығы туралы орталық архивтерде де, Чкалов архивтерінде де ешқандай мәліметтер сақталып қалмаған», – дей келіп, «Қаратай сұлтанмен шайқасқан жолының бірінде ол қаза тауыпты деген ұзынқұлақ хабар ғана болған. Бірақ халық аңыздары Сырымды сұлтандар Хиуада улатып өлтіріпті дегенді айтады», – деп қорытады ойын. (Қараңыз: М.П.Вяткин, Сырым батыр, Қаз. мемл. бас., Алматы, 1951, 364-365 б-б.).

Бұл жерде М.П.Вяткин: «Қаратай сұлтанмен шайқасқан жолының бірінде ол қаза тауыпты» деген пікірді «ұзынқұлақ» деп тегін атап отырған жоқ. Ондай пікірді А.Ф.Рязанов та атүсті айтып кеткен болатын. Бірақ айғақ боларлық еш мәлімет жоқ болғандықтан, М.П.Вяткин осылай атап отыр. Екіншіден, Есім ханның өлімін Сырымнан көретін сұлтандар, бауырларының қаны куусыз қалды демес үшін, Сырымды Қаратай өз қолымен өлтіріп, кегін алды деулері үшін, осындай аңыз таратқан. Мұндай әңгімені біз Нұралының шөбересі, Қаратайдың немересі, Бейсәлі ұлы Бақытжанның жазбаларынан да анық көріп отырмыз. Ол былай дейді: «Хан Нуралий по ложным доносам Сырыма был признан русским правительством неблагонадежным и сослан в г. Уфу., где и умер. Сын его, Ишим (Есім. – Қ.М.), избранный (?) ханом народным (?) после смерти хана Иралия (брата Нуралия), был убит приверженцами Сырыма... **Сам Сырым был убит в Хиве**, куда он бежал, **Каратаем** – братом Ишима...Являясь внуком Каратая, я подтверждаю слова покойных стариков Андижана Джубаналиева и Кенесары Отарова, так как **я знаю события**, о которых они говорили, **по семейным преданиям**» (Б.Б.Қаратаев, Обзор материалов по истории колонизации казахского края (1869–70 гг.). Ұлттық кітапхананың қолжазбалар қоры, инв. №257.)

Бұл жерде біз Бақытжан Қаратаевтың пікірін де неге аңыз деп отырмыз? Біріншіден, Сырымның Хиуада өлтірілгенін бұл да мойындайды. Бірақ сөйте тұра, атасы Қаратай сұлтанның Хиуаға қашан, не үшін, қандай себеп айтып барғанын жазбайды. Екіншіден, елдің есінде де, аңыз әңгімелерде де Сырым мен Қаратай шайқасқан скен деген әңгіме жоқ. Үшіншіден, ондай

Шығармалары. Екінші том

оқиға бола қалған жағдайда, Сырымның да, Қаратайдың да (әсіресе хандыққа таласып жүрген Қаратай сұлтанның) әрбір ізін аңдып отырған патша өкіметі оның Хиуаға кеткенін жанамалап болса да естір еді ғой. Сырымның Хиуаға ауып кеткенін біледі, қағазға түсіреді. Ал оның артынан іздеп барған; барып қана қоймай, «бір шайқаста Сырымды өлтірген» Қаратайдың ізін неғып қағазға түсірмейді?! Және Сырым секілді кісіні өлтіруге барған адам жалғыз-жарым жүрер ме еді?! Көзге түспеуі мүмкін емес жайт! Сондықтан «Сырымның өзі Хиуада Есімнің туған інісі Қаратайдың қолынан қаза тапты» дегенді біз аңыз әңгіме деп қараймыз. Бәлкім, «Хиуаға Қаратай сұлтан жіберген жансыздардың қолынан уланып өлді», – десе қисынға соғар... М.П.Вяткин: «...Халық аңыздары Сырымды сұлтандар Хиуада улатып өлтіріпті дегенді айтады», – дегенде, осыған меңзеген сияқты. «...Бірақ қандай жағдайларда қаза тапты – ол мәлімсіз» дегені күні бүгінге дейін сол күйі, жұмбақ.

Тарихта шешімі белгісіз жұмбақ аз ба?! Бұл да соның бірі дегеніміз жөн болар.

*«Парасат» журналы,  
№2, №2006 ж.*

## **ӘН КЕЙШКЕРІ АҚИІС – ӘЙГІЛІ СЫРЫМ БАТЫРДЫҢ КЕЛІНІ**

Ару Ақиіс!

Аңыз Ақиіс!

Ән «Ақиіс»...

«Алаштан ән оздырған Мұхит ағаңның» осы аттас әнін радиодан да, теледидардан да күнде естіп, тыңдап жүрген жұрт, аты аңызға, әнге айналған сол Ақиістің әйгілі Сырым батырға (дәлірек айтсақ, оның баласы – атақты Қазы биге) келін болғанын біле ме екен?! Әй, бүгінде біреу білсе де, біреулер білмейтін-ақ шығар.

Әңгіме төркіні түсінікті болу үшін, оқырманға таратыңқырап айталық...

Қазақ халқының орыс отаршыларына қарсы ең алғашқы көтерілісінің басшысы болған Сырым Датұлы – төрт әйел алған адам. Бәйбішесінен – Жүсіп; екінші әйелінен – Сүйінішәлі, Қамбар; үшінші әйелінен – Қазы; төртінші әйелінен – Насыр деген балалары болған. (Бұл деректі бізге Жүсіптің ұрпағы – Құзжатислам Мұханбетжан баласы деген, Ресейдің Куйбышев облысы. Кинель-Черкасск ауданы, «Красная заря» кеңшарының №3 бөлімшесінде тұратын кісі берді).

Сырым балаларының ішінде, тарихта ізі қалғандары – Жүсіп пен Қазы екені көзіқарақты оқырманға белгілі болса керек. Өйткені үлкен ұл – Жүсіп әкесінің жолын қуып, ел ісіне ерте араласқан, орыс отаршыларына қарсы күрес жолынан таймаған. Осы жолда әйгілі Арынғазы ханмен (бұл «Ар жақта Арынғазы дүбірлеген»... деп, Шернияз ақын көкке көтере жырлайтын Арынғазы хан) қол ұстасып, Хан патша Сарайына шақыртылғанда да; еріксіз тұтқын болып Калугаға айдалғанда да, алдияр Ханды жау ортасына жалғыз тастап кетпейміз деп, оның өмірінің соңғы кезеңіне дейін елге қайтпай 8 жылдай қасында қалған санаулы серіктерінің бірі. Кейін елге оралған соң да, орыс отаршылдарының обыр мінезін анық ұққан Жүсіп барынша қарсыласып бағып, ақыры ештеңе шығара алмаған соң Хиуаға қарай ауып кеткен...

Ал Қазы болса, ол – белгілі би. Бүкіл Байбақтының ел ағасы... Орынбор Шекаралық комиссияның құпия зерттеулері бойынша, «Орданың Батыс бөлігінің аса құрметті, һәм ықпалды қазақтарының бірі». Сондықтан патша үкіметі оны өз қызметіне жеккісі келіп, бауырына тартып-ақ баққан. Қазының ел үшін істеген игі істеріне қоса, патшадан алған сый-сияпаты, наградалары, «Войсковая старшина» секілді атақтары болатын себебі – сол.

Хош...

Осы Қазы би Сырымұлы бәйбішесі Қойсүгірқызы Бибіштен: Әбубәкір, Омар, Мұхтар, Шахай (шын аты Шаһимардан) есімді 4 ұл көрген. (Өзге әйелдері мен балаларының бұл тақырыпқа қатысы жоқ болғандықтан, әзірге сөз етпей отырмыз. – Қ.М.) Төрт ұлдың үшеуі: Әбубәкір, Омар, Мұхтар би болған адам-

дар. Әйтсе де, анығырақ айтар болсақ, әкесі Қазының орнына би сайланған Әбубәкір; сондай-ақ Орынбор Шекаралық комиссиясына қазақтар тарапынан заседательдікке сайланған Омар, шын мәнінде би болғанмен, Мұхтар – қазақ ұғымындағы «би» дегеннен гөрі, әкімдік қызмет атқарған сияқты. Олай дейтініміз, өзі «әкім» болып тұрғанда, елдің шабындық жерін ұлғайтып, сол арқылы малының да жайылысын кеңейту үшін, қар суынан жайылма тұрғызатын бөгет салғанын; ол бөгетті күні бүгінге дейін ел «Мұхтар бөгеті» деп атайтынын жерлерестері үнемі айтып отырады.

Әлқисса... негізгі тақырыбымызға қайта оралсақ, осы Мұхтар, – кәдімгі Сырым батырдың немересі, Қазы бидің белбаласы Мұхтар, – өзі әкім болып тұрған заманында Алаша Тастемір деген ауқатты кісінің әрі сұлу, әрі әнші Иіс деген өнерпаз қызын бір тойда көріп, арада аз уақыт өткен соң, айттырып қойған жері бар екеніне қарамастан «алып қашқан».

«Алып қашқан» деген сөзді тырнақшаға алып отырған себебіміз – Мұхтар Ақиісті зорлап, күштеп алып қашпаған. Өзі бір елдің әкімі, өзі көрікті де көрнекті жігіттің бірі болған соң, текті жерден шыққан Мұхтарды ұнатып қалған Иіс қыздың өзі, айттырып қойған адамына көңілі толмай жүрген толқымалы кезінде кездескен азаматқа өз еркімен «қашып кеткен».

Әнші қыз Иіс, кейін ерке келіншек атанған Ақиіс, құрбы-құрдастарының арасында отырғанда ән қолқаласа:

*– Ұйқысыз біздің Мұхаң, қаршыға ұйқы,*

*Жақсының жүрген жері – ойын-күлкі.*

*Келді де, ақ сұңқардай іліп түсті,*

*Біз едік – тауда ойнаған қызыл түлкі!»* – деп шырқайды

екен.

Иә-иә, дәл осылай шырқайды екен!!!

«Ау, бұл – атакты әнші Мұхиттың елге белгілі «Ақиіс» әнінің сөзі ғой!» – деп дау соқпай тұра тұрыңыз, оқырманым! Күні кешеге дейін біз де Сіз сияқты ойлаушы едік. Бірақ... осы «Қаршыға ұйқылы», «жүрген жері – ойын-күлкі» Мұхтар туралы айтып отырып, ер азамат Мұхиттын: – «Келді де, ақ сұңқардай іліп түсті,

Біз едік – тауда ойнаған қызыл түлкі!» – дейтұғыны несі? – деген бір сауал көңілімізден кетпеуші еді. Сөйтсек, бұл – Мұхит салдың «Ақиіс» әнінің сөзіне әлдеқалай қосылып кеткен Ақиіс әншінің өз әнінің сөзі болып шықты.

Қалайша? – дейсіз ғой.

...Осыдан бірер жыл бұрын «Алматыда Сырымның тікелей ұрпағының бірі тұрады» дегенді естіп, сол кісімен тілдесу үшін, сондай-ақ көңілімдегі кейбір көмескі жағдайларды анықтау үшін, әдейі іздеп барғанмын. Ол Мәскеудегі жоғары оқу орындарының бірінде ең алғаш оқыған қазақ қыздарының бірі, Роза Асқарова деген апай екен. Ізетті, инабатты, жасы 90 (тоқсаннан) асып бара жатқанына қарамастан басын тіп-тік әрі биік ұстайтын, текті жерден шыққан кісі екені көрініп тұрды. Сөзі орнықты адам екен, сәл-пәл баяулау тіл қататыны болмаса, әр сөзін салмақтап сөйлеп отырды.

Әңгімені Сырым әулетінің қайсысынан тарайтынынан бастап сұрағанымда:

– Ізденіп жүрсең, білетін шығарсың... Сырымның Қазы деген баласының екінші әйелі Ақыл деген әжемізден Асқар, Сауам атты екі ұл болған. Соның Асқарынан: Бөбекен, Төрежан, Қабирахман, Қайыржан, Жұмағали, Бисенғали, Смағұлдар туады. Осылардың ішіндегі Қабирахман – менің әкем. Бірақ мен Бөбекеннен туған Үмбетияр деген ағамның қолында өстім. Оқыған, интеллигент адам еді. Фамилиямды «Асқарова» деп жазғызыпты. Демек, Асқардың ұрпағымыз! – деп бір қойды.

Сонсоң едәуір отырып барып:

–...Бауырларым бұл күнде жоқ. Фазыл тіпті үйленгеннен кейін көп ұзамай, ерте қайтты. Әйелін Бисенғали ағамның Баязы деген баласы әмеңгерлік жолмен алды. Баязының Тұрсынбек деген баласынан өрбіген ұрпақтар, шүкір, бүгінде баршылық. Иә... әмеңгерлік деген дәстүрді естіген шығарсың?! – деп сұраулы жүзбен бетіме қарады.

– Естідік те, шет жағасын көзімізбен көрдік те ғой... – деп ем...

– Естісең, сол... Мәселен, Қазы бидің баласы – Мұхтар атам да бәйбішесі Қырмызыны әмеңгерлік жолымен алған. Әйтпесе,

Шығармалары. Екінші том

Жамбыл Кердерінің қызы Қашым (Қырмызы) шешеміз – Сырым бабамыздың үлкен ұлы Жүсіптің Досмағанбет дейтін жастай өлген баласының артында қалған жесірі екен.

– Сіз ол кісілерді көрдіңіз бе?! Қырмызы, – Қашым шешеніз, – қандай адам екен?

– Мен қайдан көрейін... Бірақ үлкендердің айтуына қарағанда аса көркем де, көсем бәйбіше болса керек. Ал кіші шешеміз Ақиісті есім кіріп қалған кезде, 9–10 жас шамасында көрдім.

– Иә, кәдімгі айтулы Ақиісті ме?! Бұлар Мұхит Мералыұлының әйгілі әнінің кейіпкерлері ғой... Ақиіс шешеніз қандай адам екен? Қай жылдары көрдіңіз?

– Мен 1917 жылы туғанмын. Көргенім, сол... жиырма бес – жиырма алтыншы жылдар шамасында болуы керек. Елде, Жымпитыда, іргелес көрші отырдық. Мен көргенде Ақиіс шешеміз едәуір егдеріп қалған кісі еді. Бірақ «Сырлы аяқтың сыры кетсе де, сыны кетпейді» демекші, күнінде келісті адам болғандығы анық көрініп тұратын; бойшаң, ашаң жүзді, маңдайы жазық, көзі мейірімге толы жан еді. Ауыл арасындағы кішігірім той-томалақта, шілдеханаларда, аға-жеңгелеріміз бір-біріне «Шешемнің әнін басташы! Айтшы, шешемнің әнін!» деп жата-тыны әлі күнге есімде. Сонда:

*– Ұйқысыз біздің Мұхаң, қаршыға ұйқы,*

*Жақсының жүрген жері – ойын-күлкі.*

*Келді де, ақ сұңқардай іліп түсті,*

*Біз едік – тауда ойнаған қызыл түлкі!»*– деп өлеңдетуші еді бауырларым. Қалған сөзін ұмытыппын... Ақиіс шешеміздің әні – осы екен. Басқа да жақсы әндері бар деуші еді. Бірақ ешқайсысы есімде жоқ.

– Жұрт бұл әнді Мұхиттікі дейді ғой, апа...

– Мұхиттың «Ақиісі» ме? Ол – өзінікі! Әуені де, сөзі де бөлек ән ғой ол. Ал мына мен айтып отырған (жанағы бір шумақты айтып отыр. – Қ.М.) шешемнің әнінің сөзі. Оған күмәнің болмасын! – деп Роза апа отырып алды.

Тас табандап қалғанына қарағанда, анық білетін нәрсесі болуға керек. Оның үстіне, расында да: «Біз едік – тауда

ойнаған қызыл түлкі» деп – өзін; «Келді де, ақ сұңқардай іліп түсті» деп Мұхтарды айтып отырса, мұндай сөзді еркек Мұхит емес, тек әйел; әйел болғанда да, тек Ақиіс айта алса керек. Демек, сөзі де, әуені де басқа, тағы бір ән– «Ақиістің әні» (әзірге шартты түрде осылай атай тұрайықшы!?) болғаны ғой...

Ал сал Мұхит болса, Сырымның немересі – Мұхтар Қазыұлына қатысы бар бір емес, екі ән шығарған адам. Оның көпшілікке кең тарағаны, әрине, «Ақиіс» екеніне ешкім дау айта қоймас. Арқалы әнші:

*– Ақиіс, сұлулығың атыңа сай,  
Ақша бет, қарақат көз, жазық маңдай.  
Ажарың ақ күмістей жарқырайды,*

*Артық жан сенен сұлу болсын қандай!?* – деп шырқайтын «Ақиіс» қой бұл. Кейбір жерде соңғы жолын: «Сұлулық мұнан асқан болсын қандай?!» деп те айтады. Қалай дегенде де, исі қазаққа белгілі Сырым батыр әулетінің шаңырағына келін боп түскен Ақиіс сұлуға мәңгілік ескерткіш орнатқан ғой Мұхит сал!

Ал «Мұхтардың бәйбішесі – Қашым» туралы айтқанына келер болсақ:

*– Мұхтардың бәйбішесі – Қашым еді,  
Жұлдызы көп әйелден басым еді.  
Ақиіс келгеннен соң, кеми берді,  
Кезінде тау суындай тасып еді.*

*Жылқыда ерте тұрсам күрең тай жоқ,  
Ноғайда бұрынғыдай үнді шай жоқ.  
Ақиіс келгеннен соң арта берді,*

*Ойласам Қырмызыға енді бай жоқ!* – деген сөздері – Қырмызыны кемсіту, мұқату емес, кәдуілгі қазақ арасында айтыла беретін «қайын іні» мен «жеңге» арасындағы қағытпа ғана; әзілге сүйей отырып, ендігі жердегі шындықты үлкен жеңгеге жұкалап жеткізу дегеніміз жөн шығар. Әйтпесе, Мұхиттың өзі айтып отырғандай, «Жұлдызы көп әйелден басым» болған Қашым, – Жамбыл Кердерінің сұлу қызы Қырмызы, – Досмағанбеттің артында жастай жесір қалған кезінде де жұрт

## Шығармалары. Екінші том

қызығатындай көрікті әйел болғаны аян. Ол Мұхтарға тигеннен кейін де, ауыл-аймаққа аса қадірлі келін болумен бірге, көрген адамның көзі тоярлық келбетті де келісті кісі болған. Алайда арада көп жылдар өткен соң Мұхтарға жас Ақиіс жолығып, салиқалы еркекті баурап алса, Ақиіс оны сол жастығымен («жас иістігімен!!!»), һәм өнерімен (әншілігімен) көбірек баура-раса керек. Соның өзінде де, кісілігін төмендетпеген Қырмызы бәйбіше әрқашан кенпейілділік танытып, кейінірек тіпті бала көтермей жүрген Ақиістің бауырына өзінен туған Зура деген қызын салып бергенін естігендігін айтады Роза апай.

Бір ескерте кетер жайт: 1985 жылы Ресейдің Куйбышев облысы, Кинель-Черкасск ауданында тұратын, Сырымның Жүсіп деген баласының ұрпағы Құзжатислам қарияны іздеп барғанымызда, жолбасшымыз болған жымпитылық азамат – Рамазан Ахметжанов: Мұхтардың Қырмызыдан Ахметжан, Сейдахмет деген екі баласы болғанын; соның Ахметжанынан – Қысырау; Қысыраудан: Мұхзиден, Зинекен, Есенғабиден (Екет) туғанын; өзі осы Мұхзиденнің баласы екенін айтып еді. Әңгіме арасында Мұхтардың кіші әйелі Ақиістен қанша бала бар екенін сұрайын деп отырып, қауқылдасқан көптің ішінде ұмытып кетіппін. Кейін біреулер: «Ақиістен – Баттал; одан – Уәлиахмет; Уәлиахметтен – Дәулетше, Медетше туған» дегенді айтты. Енді, міне, Роза апай: «Қырмызы өзінен туған Зура деген қызын – бала көтермей жүрген Ақиістің бауырына салған көрінеді...» деп отыр. Қайсысы дұрыс?! Бәлкім, қазақ ырымымен, бауырына бала салған соң, Ақиіс Батталды көтерді ме екен?! (Ол жағын әлде де анықтай түскен жөн болар).

Енді... сал Мұхиттың «Ақиіс» әнінде Мұхтардың бәйбішесінің аты – біресе Қашым («Мұхтардың бәйбішесі Қашым еді»), енді бірде Қырмызы («Ойласам Қырмызыға енді бай жоқ!») болатұғыны несі?! – деген сауал төнірегінде бірер сөз айта кетелік.

Бәйбішенің азан шақырып қойған аты – Қырмызы екен. Ол заманда қырмызы қызыл жібекті Хиуа мен Бұхардың саудагерлері Орынбор базарына түү Кашмирден әкеліп сататын болса керек. Сондықтан «қырмызы қызыл» жібекті – Қашымнан (Кашмирден) келген жібек, «Қашым жібек» деп атайды екен.

«Қыжым орамал» деген де – сол сөздің қазақша фонетикалық өзгеріске түскен бір түрі ғана. Қыз күнінде Қырмызыны да ата-анасы «Қашым», «Қашымжан» деп еркелеткеннен, елдің аузы соған дағдыланып кеткен көрінеді.

Сөзімізді түйіндей келе, Мұхит әндерінің орындаушыларына, қала берді Мұхит шығармашылығының күллі жанашырларына айтарымыз: ендігі жерде Мұхиттың «Ақиіс» әнінің мәтінінен «Біз едік – тауда ойнаған қызыл түлкі» деп аяқталатын бір шумағын, ән текстіне кірікпей тұрған бөгде адамның сөзі ретінде, алып тастап айтқандары жөн болатын сияқты. Өйткені бұл – Мұхиттың сөзі емес; «ақ сұңқардың шеңгеліне ілігіп кеткен, тауда ойнаған қызыл түлкінің» Өзінің – әйел адамның (Ақиістің әнінің) сөзі.

Мұхит Мералыұлы мен Мұхтар Қазыұлының 7–8 жас айырмашылығы бола тұра (Мұхтар үлкен), бұлар аралас-құралас болған адамдар екені байқалады. Оған дәлел – «Ақиіс» әні ғана емес, оған қоса «жалпақ қоян» атанған бір жұт жылы Мұхиттың туған жері «Ақбақайды» тастап, Жымпитының ашасында отырған Мұхтарға қоңсы қонғаны. Үлкен жеңгесі Қырмызыны қағытамын деп, кіші жеңгесі Ақиісті көтеріңкіреп ән шығаруы... Қыстың аяғына таман «ойыннан өрт шыға жаздап», Мұхтардың қасынан қуылып кетуге айналғанында:

*– Мұхтар би, жараса ма, мұндай үлгі*

*Жігіттің қайда қалмас, жисан мүлкі.*

*Асыл деп көп ішінде қол артқанмын,*

*Дұшпанға қылма таба, досқа күлкі... – деп бастала-*

тын, тағы бір тамаша әні «Дағанаудың» (кейбіреулер: «Деген-ау!») деп те атайды) тууы. Жоғарыда біз: «Мұхит... Сырымның немересі Мұхтар Қазыұлына қатысы бар бір емес, екі ән шығарған адам», – дегенде, осыны меңзеп отырмыз.

Әрине, Сырым әулетінің келіні – ару Ақиіске, аңыз Ақиіске арналған сал Мұхиттың осы аттас әнінің орны, сірә, бөлек қой!

*«Қазақ әдебиеті»,*

*№51, 4–15 желтоқсан, 2009 ж.*

## АРМЫСЫҢ, ЕР ҚАНАТЫ

Төрт түлікті түгел өсіріп отырса да, мал бағып, шаруа қуған қазақтың әсіресе ардақтап, кенже ұлдай көңіліне жақын тартып, «ер қанаты» деп еркелеткен түлігі – жылқы екені жұртшылыққа аян нәрсе ғой. Әйтсе де, ат туралы әңгіме бола қалса, ертеден қара кешке дейін ауыз аңқайтып тыңдауға әлі де жалықпайтын осында бір құпия сыр бар. Бәлкім, бұл Алпамыс батырға серік болған Байшұбарға, Қамбарға қандыкөйлек жолдасындай болған Қарақасқаға деген бірдің емес, мынның махаббатынан туындайтын шығар. Бәлкім, бұл – ауыр еңбек пен азапты өмір кешкен кешегі бабаларымыздың бір сәтке болса да қанат бітіп, құйындай зымырауға құштар болған қиялының жемісі шығар. Әйтеуір, қазақ баласының ат дегенде айрықша ықыласы, арқа қозар желігі қалмағаны хақ.

Ат сыры, оның қадір-қасиеті Абай аузына «Жақсы ат пен тату жолдас бір ғанибет...» деген сөз салуы да тегін емес-ау деп ойлайсың кейде. Жылқы түлігінің осыншама махаббатқа бөленуі – тек желік пен қыздырмалы қызық үшін емес, түптеп келгенде, санаңды сергітіп, жаныңды байытатын жұмбақ бір қасиеттерінде болса керек. Әйтпесе, Лев Толстойды «Холстомерден» басқа да толғандырған жайлар аз болмаған шығар. Немесе... 1900 жылы Бүкілроссиялық рекорд жасаған, арты шуға айналып, сот процесіне ұласқан «Рассвет» есімді желгіш аттың тағдыры толқытпаса, А.И.Куприн әйгілі «Изумрудын» жазбаған да болар ма еді. Бұларды былай қойғанда, Құлагер сынды жүйрікке құлай ғашық болмаса, содан бір жан тебіренерлік жай таппаса, Ілиястың осы аттас поэмасы туар ма еді?!

Иә, мұның бәрі жүйріктер туралы әңгіме ғой.

### I. Ат спорты туралы

Сөз бағдары осылай ойысқан соң айта кету керек, ат жарысы, жалпы ат спорты күні бүгін де мынау шат-шадыман тұрмысымызға батыл енген, еңбек тойымызға ұласып жататын бір игі дәстүрімізге айналып отыр.

Бұл ретте Одақ де, республикамызда да біршама табыстарға қол жеткенін қуана айтуға болады. Біздің жүйріктер тек елімізде ғана емес, шет елдерге де кеңінен мәлім. Оларды Нью-Йорк пен Париж, Стокгольм мен Гаага, Осло мен Берлин, Копенгаген мен Будапеште өткен жарыстарда талай сыншы көздер танып білген.

1965 жылы Кельнде өткен халықаралық жарыста «Анилин» есімді жүйрік алдына ат салмай келгенде, шетелдіктер оны 150 мың долларға сатып алмақшы болды. 1966 жылы «Анилин» тағы топты жарып шықты, шетелдіктер 200 мың доллар ұсынды. 1967 жылы озып келгенде 250 мың долларға бағалады. Бірақ «Анилин»\* сатылған жоқ. Сондай-ақ 1965 жылы Копенгагенде өткен 2500 метрге жарыста АҚШ-тың әйгілі «Эмигрант» есімді жүйрігін артқа тастаған орыс-желгіштері; Рим мен Токиода өткен олимпиадалардың алтын және қола жүлдегері, Луговой жылқы заводының түлегі – «Абсенттердің» атағы дүние жүзіне мәлім.

Бұлардың бәрі де арнаулы жылқы заводтарында, ұзақ уақыттар бойы талмай ізденістер жүргізудің нәтижесінде ғана қол жеткен табыстар. Тек бір әттеген-айы Қазақстанның көптеген жылқы зауыттары әлі де болса айтарлықтай нәтижеге жете алмай отыр. Алматы ипподромындағы жарыстардың жүлдегерлерін одақтық жарыстардың мәресінен кейде көрмей жүрміз.

Осы орайда мына бір жайды сөз ете кеткен жөн ғой деп ойлаймыз. Республикалық газеттердің беттерінде ат спорты туралы мақалалар жиі жарияланып тұрады. Соларда ат жарысының өте қысқа қашықтықта өтетіні, яғни тай-құнан бәйгесінің мөлшерінде жарыстырылатыны сөз болады. Жақсы, мұны да мақұл делік. Бірақ халықаралық ат жарыстары өтетін ипподромдарда мұның ережелері мен шарттары талайдан бері бір ізге түскендігін, республикадағы бәйге аттарын іріктегенде сол стандартқа бейімдеп саралайтын уақыт жеткенін мойындамасқа болмайды. Онысыз мақтап жүргеніміздің бәрі «ой, пәлен ат жүйрік еді, түген ат тұлпар еді» деген сияқты бос сөз болып қала беретінін ұғынуымыз керек. Түстік жерден

\* Дерек «Правда» газетінің 1969 жылғы 30 санынан алынды.

## Шығармалары. Екінші том

күтілетін ұзақ шабыс республиканың өзінде, ұлттық аламан бәйге ретінде дами берсін, (оған ешкімнің қарсылығы жоқ), бірақ халықаралық ипподромдардағы стандартты қашықтыққа ұшқыр, тызетпе, шығымды аталатын жүйріктерді іріктей білудің де мерзімі жеткен сияқты.

Әрине, осы аталған типтегі жүйріктердің өзі (әкеліп қосса болды) бүге-шігесіне дейін ғылыми тұрғыда зерттелген, әлемнің ірі-ірі ипподромдарында күші сыналған, рекордтық көрсеткішке ие болған аттарды басып озады деу ағаттық болар еді. Бірақ жүйрік тани білетін кәрікөз сыншылардың пікірін ескеріп, тәжірибелі сейістерді тындап, ғылыми негізде селекциялық жұмыстарды мұқият жүргізсе, тәуір нәтижеден үміттенер едік. Өйткені халқымыз ежелден-ақ ат ойындарын өмір-тіршілігінің мәнді бір бөлшегі деп қараған, ат жаратудан көп ғасырлық тәжірибе жинақтаған.

Егер әр спорттың өз ерекшелігі, өзіндік сұлулығы, талапталғамы бар десек, сол спорттың бір түрі – ат ойындары – халқымыздың ежелден-ақ сүйген өнері; оның қыры мен сыры мал бағып, шаруа қуған елдің баласына, әсіресе, етене таныс.

Жалпы, бұл мәселе төңірегінде, сондай-ақ республикада өткізіліп жүрген ат спортының түрлері жайында көңіл көншімес көп жайларды айтуға болар еді. Бірақ ондай жарыстарға қатынасатындар – «жүзден шыққан жүйріктер» ғана болғандықтан, ендігі әңгіме негізгі мәселе – республикадағы жылқы шаруашылығының жай-жапсары төңірегінде болмақ.

## 2. Арзан ет көзі

Қазақстан – Одақтың ең ірі мал шаруашылық базаларының бірі екені жалпы жұртқа мәлім. Біздің республикамыз, әсіресе, ет өндіру жөнінде елімізде алдыңғы орындардың біріне ие болып отыр.

КПСС XXIV съезінің директиваларында үстіміздегі бесжылдықта да халықтың тұтыну қажеттеріне сәйкес, ет өндіру ісінің айтарлықтай ұлғаятыны атап көрсетілген. Ал мал шаруашылығынан түсетін өнімдердің ішінде арзан ет көзі боп

табылатын – жылқы шаруашылығын өркендету, бұл орайда барынша тиімді екені дау тудырмайды.

Жылқы – неге арзан ет көзі?

Республикадағы 1 миллион 260 мыңнан астам жылқының 80 проценті (жұмысқа пайдаланылатын аттарды қоспағанда) жыл бойына арнаулы қора-жайсыз, қолға қарап тұрмай, аяқтай жайылып шығады. Ал бұл шығынды аз жұмсап-ақ жылқы түлігін көптеп өсіруге болатынын көрсетеді.

Қазақтың мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтында жинақталған бірқатар материалдарға қарағанда, шапқан шөптерінің 1 центнерінің өзіндік құны 2 сомнан 6 сомға дейінгі аралықта болатын республика шаруашылықтарының 43 процентінде жылқыны азықтандыруға жұмсалатын шығын 5 сомның мөлшерінде; ал республика шаруашылықтарының 19,5 процентінде 10 сом мөлшерінде болатыны анықталған. Міне, осының өзінен-ақ жазда ен жатқан жайылымды, қыста – тебінді пайдаланып, өте аз шығын жұмсап-ақ жылқы түлігін көптеп өсіруге болатыны байқалады.

Бір айта кетер жайт соңғы жылдарда республика бойынша етке өткізілген жылқының тірілей орташа салмағы 300 килограмнан айналып келген болса, (кейбір облыстарда 275 кг, бірқатарында 325 кг), мұның өзі шек емес екені көрініп отыр. Селекциялық жұмыстар мен технология дұрыс жолға қойылса, етке өткізілетін жылқының тірілей орташа салмағын 10 процентке (шамамен 30 кг-ға) арттыруға болады екен. Бұл жыл сайын 1,5–2 миллион сом мөлшерінде қосымша табыс келтіреді деген сөз.

Жоспарлау органдарының жобалап отырған шамасына қарағанда, 1990 жылдары республикада жылқы саны екі есеге жуық артады екен, яғни 2 миллионнан астам қылқұйрық өсіріледі. Ал оның (жылқының) жылдық рационында жайылымдық азықтанудың мөлшері 70 проценттей болады, яғни жазда – жайылымды, қыста тебінді пайдаланып, жыл бойы жайып бағу ол кезде де негізінен сақталмақ. Міне осындай жағдайда Қазақстанда қандай жылқы тұқымын өсіру тиімді? Нендей әдістерді кеңінен пайдаланған жөн? Қайткенде мал

басын аман сақтап, оның санын да, сапасын да арттыруға болады?

Алдын ала болса да айта кетелік, республикада өсірілетін жылқының дені шаруашылық қажеттеріне, әсіресе, етке өткізуге арналған. Әрине, қолда ұстап, қорада бағылатын ахалтеке, Орлов желгіші, таза қанды салт мінілетін жүйріктер тектес жылқылар да бар. Бірақ олар арнаулы заводтарда ғана өсіріледі әрі қымбат. (Бір-біреуінің бәсі шамамен бір жеңіл машинаның құнына тұрады.) Сондықтан бүгінгі күннің талабы мен болашақтағы әлгіндей перспективаны ескерсек, ойланатын жайлар аз емес сияқты.

КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д.А.Қонаев жолдас үстіміздегі жылдың март айында өткен ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің республикалық кеңесінде жасаған баяндамасында: «Етті мал шаруашылығы республиканың ет ресурсын толықтырудың маңызды қайнар көзі болуға тиіс.

Бізге қазіргі мамандандырылған шаруашылықтарды барынша нығайтқанымыз, облыстардағы озат шаруашылықтардың тәжірибесін өндіріске кеңінен енгізгеніміз, өнеркәсіптік будандастыруды дұрыс ұйымдастыру есебінен ет өндіруді арттырудың мүмкіндіктерін барынша молынан пайдаланғанымыз жөн болады», – деп атап көрсетті. Сондай-ақ Қазақстанның екінші тыңы – қой шаруашылығын дамытудың өзі үйірлі жылқы шаруашылығын және басқа да салаларды қатар өркендетуге тығыз байланысты екенін айтқан болатын.

Демек, партия алға қойып отырған міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыру үшін нендей мүмкіндіктер бар?

Бұл ретте, біріншіден, республика шаруашылықтарының жылқы өсіруде ондаған жылдар бойы жинақтаған тәжірибесі мен жаңаша ізденістер қатар жүргізіліп жатқанын айта кету орынды болады ғой деп ойлаймыз. Әйтпесе, күні бүгінге дейін, етке өткізіп жүрген жылқы тұқымының бірде-бірін зоотехникалық талаптарға жауап беретін нағыз етті жылқы тұқымы деп атау қиын. Ал басқа түліктерде (мысалы, сиыр,

қой т.б.) мұндай арнаулы етті тұқым бар. Мұның өзі сөз жоқ, ойланатын мәселе.

Екіншіден, жылқы шаруашылығының өнімділігін арттыру мақсатында оның тұқымын жақсартуға ден қою керек. Ал бұл іс Қазақстан аймағының табиғи-экономикалық жағдайында, ең алдымен, жергілікті жерге бейімделген, қазақы жылқы тұқымын жақсарту түсу негізінде жүргізілуі тиіс.

Үшіншіден, селекциялық жұмыстар мен жылқы өсіру технологиясы ғылыми негізде дұрыс жолға қойылуы керек.

Төртіншіден, өнеркәсіптік будандастыру әдісін кеңінен қолданған жөн болады.

Әрине, бұл айтылғандарға қандай дәлелдер бар деген заңды сұрақ туады. Бірінші мәселе, яғни республика шаруашылықтарының ондаған жылдар бойы жинақтаған тәжірибелері бар екені (ал, бұл негізгі факторлардың бірі) дау тудырмайды. Жылқы шаруашылығының өнімділігін арттыру мақсатында оның тұқымын жақсарту – неліктен қазақы жылқы тұқымын жетілдіре түсу негізінде жүргізілуі тиіс екеніне келер болсақ, бұл байыпты талдауды керек етеді.

...Перспектива көзімен, жылқы саны 2 миллионнан асатын сонау 1990 жылдарға қарасақ, жоғарыда айтқанымыздай, ол кезде де қысы-жазы жайып бағу әдісі, негізінен, сақталмақ екен. Мұндай жағдайда қандай жылқы тұқымын өсіру тиімді?

Халқымыздың көпғасырлық тәжірибесі мен жылқы тұқымының табиғи түрде іріктелуі (естественный отбор) негізінде, Қазақстан аймағында жергілікті жылқы «Жабы» дүниеге келген. Жылқының бұл тұқымы күй тандамайды, ауа райының катаңдығына барынша төзімді әрі жыл бойына жайып бағуға әбден қалыптасқан. Ал бұл қасиеттер республикада өсірілетін жылқы түлігіне қойылатын ең басты талаптарға толық жауап беріп отыр. Мұнымен бірге, «жабының» бұл қасиеттерінің конституциялық беріктігі соншалық, оны әртүрлі зауыттарда өсірілген жылқы тұқымымен будандастырғанда жақсы қасиеттерді бойына сіңіре отырып, өз ерекшелігін сақтап қалады. Бұл – республикадағы ең байырғы зауыттардың бірі. 1930 жылы құрылған №52 Ембі жылқы зауытының тәжірибесінде талай

## Шығармалары. Екінші том

рет сынақтан өткен, ғылыми дәлелденген. Күні бүгінге дейін, Қазақстанның жылқы өсіретін шаруашылықтарын жабы тектес жақсы айғырлармен қамтамасыз етіп отырған орындардың бірі де осы зауыт.

Енді жергілікті жылқы тұқымын зауыттарда өсірілген асыл тұқымды айғырлармен будандастыру мәселесіне келейік. Бұл жұмыс республиканың көптеген шаруашылықтарында біраз жылдардан бері жүргізіліп келеді. Оның нәтижелері қандай?

Өнеркәсіптік будандастыру (жергілікті қазақы тұқымды биелер мен зауыттарда өсірілген асыл тұқымды айғырлар) барлық жерде де жақсы көрсеткіштерге жеткізіп отыр. Малдың өнімділігі салыстырмалы түрде алғанда артқаны байқалады. Сондықтан бұл әдісті, сөз жоқ, мұнан былай да жалғастыра түсу керек. Бірақ енді будан мен буданның қанын араластырғанда (полукровный полукровная) одан алынатын төлдің генотиптік (атасының қасиетін бойға сіңіруі) және фенотиптік (ұқсап тууы, дене мүшелерінің өсу-жетілуі) орташа көрсеткіші төмендеп кеткені көрініп отыр. Шындығына келгенде, бұл тіпті өнеркәсіптік будандастыру нәтижесінде алынған төлдерден де байқалған. Өйткені арнаулы зауыттарда қолда бағылған, соған әбден қалыптасқан айғырлардан туған төл жыл бойы жайып бағу жағдайына келгенде, қанша дегенмен сыр берген-ді. Әйтсе де, бірінші жолғы өнеркәсіптік будандастыру тек қана пайдалы болған еді. Ал енді шаруашылықтар тек осы әдісті ғана пайдаланып, мал басын төл есебінен толықтырмай, үйірдегі кәрі биелердің орнын жасымен алмастырмай отыра алмайды ғой. Алмастырайын десе, будан мен буданның төлі қай жағынан қарағанда да жергілікті жылқы тұқымынан төмен болса қайтпек?!

Үстіміздегі жылдың июнь айында, Бүкілодақтық Жылқы шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтынан арнайы комиссия шығып, осы мәселелер төңірегінде біраз байқаулар жүргізген болатын. Жоғарыда айтылған жайлардың бірқатары сол тұста анықталды. Және әлгіндей қиын жағдайдан шығудың жолдары қарастырылған-ды. Сөйтсек, бірқатар шаруашылықтарда жүргізілген тәжірибелерге қарағанда, гено-типтік және

фенотиптік орташа көрсеткіші төмендеп кеткен будандарға тек жабы тектес қазақы тұқымды айғырларды салу арқылы ғана істі қайтадан оңына келтіруге болады екен. Сонда ғана жылқының жергілікті жердің жағдайына бейімделуі және конституционалдық беріктігі жақсарып, өнімділігі де артып қалпына келген. Міне, жылқы шаруашылығының өнімділігін арттыру – қазақы жылқы тұқымын жақсарта түсу негізінде жүргізілуі тиіс деп отырғанымыз да сондықтан. Мұны әлгі салиқалы комиссияның мүшелері де, ғалымдар да мойындайтын сияқты. Өйткені зауыттарда өсірілген асыл тұқымды айғырлардың қаны араласса да, негізінен жергілікті жылқының тұқымынан өсіп-өнген, жетілдірілген тағы бір жылқы тұқымы да осындай қорытындыға келуге итермелеп отыр. Ол – Көшім тұқымдас жылқы.

– Бұл тұқымдас жылқы ұзақ жылдар бойы жүргізілген селекциялық жұмыстар мен жылқы өсіру технологиясын қатаң сақтау нәтижесінде өсірілді, – дейді Қазақтың мал шаруашылығын ғылыми-зерттеу институтының бөлім меңгерушісі, Ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты М.Н.Борисов жолдас. – Алғашқы зерттеу жұмыстары №52 Ембі жылқы зауытында басталса да, бұл іс кейін, негізінен, Орал облысының зауыттарына жүктелді. Содан бері өткен қырық жылдан астам уақыт ішінде, жергілікті жердің жағдайына біршама бейімделген, өнімділігі өзінің ата-тегінен едәуір жоғары, жылқы түлігінің бір тобы қалыптасты. Оған әзірге «асыл тұқымды» деген ат тағылмаса да, Қазақстан жағдайында етті жылқының бірі сол болатын сыңайы бар.

Материалдармен таныса келе, осы айтылғандардың шындығына көзіміз жеткендей болды. Көшім тұқымдас жылқы зауыттарда өсірілетін жылқы түрлерінен мүлде бөлек әрі көптеген қасиеттерімен дараланады екен. Ал өзіндік құны жергілікті жылқымен бірдей әрі өнімділігі одан әлдеқайда жоғары. Сондықтан да болар, СССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің 1969 жылдың 22 октябріндегі 335-санды бұйрығында осы жылқы тобының негізінде дербес тұқым шығару мәселесі қойылған.

Соған байланысты жүргізілген тәжірибелерде Көшім тұқымдас жылқының тірілей салмағы құнан шыққанда-ақ енесінің салмағына жуықтап қалатыны анықталды. Ал сойып, таза етін өлшегенде, оның салмағы жергілікті жылқының сойыс салмағынан 40–50 килограмм артық шықты. Бұл Көшім тұқымдас жылқы өсірудің өзінен ғана республика жыл сайын 200 мың сом қосымша пайда табады деген сөз.

Осыған қоса мына жайларды да айта кеткен орынды болады: тәжірибе жүргізіліп келе жатқан қырық жылдай уақыттан бері Көшім тұқымдас жылқының жергілікті жерге бейімделуі, құлынының тез өсіп-жетілуі жабыдан кем түспеген. Бар болғаны биологиялық ерекшеліктері бар. Мысалы, жабы тез қонданып, қазысына көбірек май жинаса, Көшім тұқымдас жылқының оған қарағанда бұлшық еттері тезірек жетіледі, т.б.

Өкініштісі сол, осындай өнімділігі жоғары жылқы өсіруге, одан дербес тұқым шығаруға (создание самостоятельной породы) Орал облысында осы іспен тікелей айналысатын шаруашылықтар: Фурманов, Первомай, Красногор және Пятимар совхоздарының басшылары жете мән бермей отыр. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің, сондай-ақ Орал облыстық Советі атқару комитетінің бұл мәселе жөніндегі арнайы шешімдеріне қарамастан, бірнеше жылдан бері олар тұқымы жақсартылған биелерді етке және биофабрикаларға тапсырып жіберуді тоқтатпай отыр. Мысалы, тек үстіміздегі жылдың өзінде ғана Красногор совхозы 1970 жылы туған байталдарды түгелдей дерлік етке өткізген; ол – ол ма, июнь айында ірі-ірі отыз биені іріктеп алып, Томск биокомбинатына вакцинацияға берген. Қазір бұл шаруашылықта Көшім жылқысының үштен бірі ғана қалған.

Бүкілодақтық Жылқы шаруашылығын ғылыми-зерттеу институтынан келген комиссия Көшім жылқысының еттілігіне, т.б. қасиеттеріне жоғары баға берді. Сонымен бірге, жылқының осы түрін өсіретін арнаулы шаруашылықтар құру әлі де болса кеш емес деп тапты.

Сонымен, қорыта келгенде айтарымыз: басқа жерлерден әкелінген асыл тұқымды айғырлармен өнеркәсіптік будан-

дастыру ғана болмаса, будан мен буданды қосудан нәтиже шықпай отырғанда, республикада өсіруге қолайлы жылқы тұқымының негізгі түрлері – жабы мен Көшім тұқымдас жылқы болса керек.

Қазақстанның шаруашылықтарында осы екеуінен 14 мың айғыр үйірге салынып жүр. Қартаюына және басқа себептерге байланысты бұлардың 1500–2000-ы жыл сайын Элита және 1-класты жас айғырлармен алмастырылып тұруы тиіс. Әйтсе де «Казплемживобъединение» соңғы жылдары шаруашылықтарға бар болғаны 400–600 бас айғырдан артық ештеңе дайындап бере алмай отырғанын айтпасқа болмайды. Соның салдарынан шаруашылықтар үйірге салуға әлі толық жетілмеген Элита және 1-класты деген талаптарға жауап бермейтін, өздерінің резервтеріндегі жас айғырларды пайдалануға мәжбүр болып отыр. Ал бұл, сайып келгенде, республика шаруашылықтарында өсірілетін жылқы түлігінің сапасына, өнімділігіне зиянды әсер етері сөзсіз. Сондықтан да ғалымдар мен мамандардың пікірлері әрдайым ескеріліп, олардың талап-тілектері барынша толық қанағаттандырылып отырғаны жөн деп есептейміз.

Осы орайда айта кету керек, республикада мал өсірудің, оның ішінде жылқы өсірудің де технологиясы біршама зерттелген, жүйеге түсірілген. Бірақ ғылым жетістігі қағаз бетінде ғана қалса, одан келер түк пайда жоғы белгілі. КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д.А.Қонаев жолдас ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің республикалық кеңесінде жасаған баяндамасында: «Өмір ғылымның, озық тәжірибе мен практиканың баянды байланыста болуын қатаң талап етіп отыр» дегенде, осы мәселеге айрықша назар аударған еді.

Ғылым – ұшы-қиырсыз эксперименттер емес; жетістігін орынды пайдалана білсе, ол өндіргіш күшке де айнала алады. Мысалы, Бетпақдала тәжірибе станциясында 1971 жылы жүргізілген зерттеулер нені көрсетті? Табиғи жайылымдарға қоршаулар орнатып, жылқыны сонда баққанда, бұл әдіс

жылқышылардың еңбек өнімділігін 2,5–3 есе арттыруға, өнімнің өзіндік құнын айтарлықтай төмендетуге жағдай жасады. Нақ осы станцияда етке өткізілетін жылқыны тай күйінде тарттырып жіберу әдісін қолданудың өзі жоғары экономикалық көрсеткіштерге қол жеткізіп, басқа мерзімдерде (мысалы құнанында, дөненінде) піштірілген жылқыларға қарағанда 10 мың сом қосымша пайда түсірді. Бұл тек Бетпақдала тәжірибе станциясында ғана. Егер осы әдісті республиканың жүздеген шаруашылықтары кеңінен қолданған болса, онан түсетін табыс қандай боларын көз алдына елестету, әрине, қиын емес. Сондай-ақ өнеркәсіптік будандастыру әдісін қолданудан шаруашылықтар қаншама пайда тауып отыр. Мұның бәріне көз жұмып қарауға тіпті де болмайды.

Ғалымдардың мал өнімділігін арттыруға байланысты зерттеулері осылармен ғана шектеліп отыр ма? Әрине, жоқ. Бірақ шаруашылық басшылары экономикалық тиімділігі көзге ұрып тұрған әдістерді ғана қолданғаны болмаса, мал өсірудің күллі барысында қолданылуға тиісті комплексті технологияны сақтамайтын жайлары жиі ұшырасады. Мұның зияны, әсіресе, мал тұқымын жақсартумен айналысатын шаруашылықтарда айқын байқалады. Мысалы, Мұғалжар жылқы зауытының өткен бесжылдықтағы өкінішті жағдайы соның айғағындай. Қарап отырсаң, қарапайым-ақ нәрсе секілді, ал жылқының табынға дұрыс бөлінбеуінің салдары неге әкеп соқты? Жылқышылар жетіспегендіктен жылқы бір жерде шамадан тыс шоғырландырылып, малдың қоны төмендеді, ақыры шаруашылық сонан зиян шекті, рентабельділігін жойды.

Айта берсе, мал өнімділігін арттыруда технологияны дұрыс жолға қоюдың пайдасы ұшан-теңіз. Бірақ сол барлық жерде ойдағыдай сақталып отырған жоқ. Жаңа талаптарға сай жаңаша әдістермен жұмыс істеп отырған шаруашылықтар саны айтарлықтай көп емес. Оны былай қойғанда, ата-баба тәжірибесінен аса алмай отырған шаруашылықтар да баршылық. Мұның бәрі, сөз жоқ, бізді ойландыруға тиіс.

Мал шаруашылығының маңызды саласы – етті жылқы өсіру – үстіміздегі бесжылдықта республиканың ет ресурсын толық

тыратын қайнар көздердің бірі болуы керек. Егер СССР-ға жыл сайын шет ел фирмаларынан етті жылқы сатып алуға заявқалар көптеп түсіп жатқанын ескерсек, бұл істің маңызы арта түсері ақиқат. Батыс Европада жылқы етінің бағасы қой және шошқа етінен 1,5 – 2 есе жоғары. Олар бір тонна жылқы етіне бір тонна сары майдың нарқын төлейді.

Қазір еліміз экспортқа жыл сайын 25–26 мың етті жылқы шығарады, мүмкіндіктер мұнан да зор. Міне, осындай жағдайда Одақтың мал шаруашылықты ірі базаларының бірі – Қазақстан бұл іске сүбелі үлес қоса алса, бәріміздің мерейіміз.

### 3. Ауруға ем, сауға қуат...

Сабадан құйып алып, сапырып ішіп отырғанда болмаса, жайшылықта жадымызға келе қоймайтын бір нәрсе – қымыз өндіру. Бұл іс жылқы шаруашылығы назардан қақас қалған сонау елуінші жылдардан бері тіпті ұмытылып бара жатқандай еді. Көптеген жылқы зауыттары мен фермалары, сондай-ақ республикалардағы бірқатар ғылыми және жетекші орталықтар жұмысын доғарып жатқанда, бұған таңғалуға да болмайтын. Алайда КПСС Орталық Комитетінің март (1965 ж.) Пленумы мұндай шетқақпайлауды орынсыз деп тауып, жылқы шаруашылығын өркендетуге байланысты бірқатар шаралар қабылдады. Соның нәтижесінде жылқы шаруашылығы жаңа белеске көтеріліп, қазір енді тауарлы қымыз өндіру жайлы да келелі әңгіме қозғауға мүмкіндік алып отырмыз.

Жәкең жырлағандай «Ауруға ем, сауға қуат, дәрі қымыз» халқымыздың ежелден сүйсініп ішетін сусыны. Бірақ қымыз тек қана сусын ба? Әрине, жоқ. Оның емдік қасиеттерін мал баққан ел ертеден-ақ білген. Ал қазір медициналық әдебиеттерден қымыздың шипалық қасиеті жөнінде тіпті көп оқуға болады. Сөйтсек, ол өкпе ауруларына бірден-бір ем екен. Өзінің бактерияларды өлтіргіштік қасиеті өз алдына, организмге сіңуі, антибиотиктерді көп қабылдаған адамға қорған болғыштығы және бар болып шықты.

Бүкілодақтық Жылқы шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының директоры, профессор Ю.Н.Барминцев биыл Алматыда өткен бір мәжілісте, тіпті, халықаралық конгрестердің мінбесінен қымыз туралы қызықты баяндамалар тыңдағанын айтып еді. Қазір осы институттың жетекшілік етуімен Белоруссияда, Рига түбінде, Черновицк облысында, т.б. бірқатар жерлерде қымыз өндіретін арнаулы орындар ашылып жатқан көрінеді.

Басқа жерлерде жағдай осылай болып жатқанда, қымыздың отаны іспетті біздің республикамызда оны өндіру ісі қалайша жүріп жатыр?

Алдын ала болса да айта кетейік, шаруа мәз емес. Рас, анда-санда дүкендерге түсіп тұрады; азды-көпті қымызбен емдеу орындары бар, соларды жабдықтайды. Бірақ тұтас алғанда республика қымыз өндіру әлі де өз дәрежесінде емес, тұтынушылардың талап-тілегінің деңгейінен тым төмен жатыр.

Мұның себебі неде?

Иә, мұның себептерін іздестіргенімізде, кесел – ірілендірілген фермалардың жоқтығынан болып шықты. Қымыз өндіру ісін дұрыс жолға салу үшін, тауарлы фермалар ұйымдастыру керек. Ал ондай фермалар республикада саусақпен санарлық. Мысалы, Шығыс Қазақстан облысының Ұлан ауданындағы совхоздарды, Алматы облысының Жамбыл ауданындағы екі-үш совхозды, т.с.с. әр облыстан бір-екі шаруашылықты атап қана мүдіріп қаласың.

Шындығына келгенде, қымыз өндіру ісі соншалықты қиын ба, тиімсіз бе?

Рас, оңай деуге болмайды, бірақ тиімсіз еместігін бірқатар шаруашылықтардың тәжірибесі дәлелдеп отыр. Сондай-ақ Қазақ мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтында, оның жылқы шаруашылығы бөлімінде, бұл істің тиімділігі ғылыми тұрғыда расталған.

Осыдан 7–8 жыл бұрын жоғарыда аталған институтта биелерді машинамен сауу әдісі зерттелді. «Цепочка» деп аталатын арнаулы агрегат та жасалды. 1965–1966 жылдары «Ал-

маты» колхозында осы агрегатты сынау өтті. Сонда жыл сайын тұрақты сауылған 65 бие тәулігіне 3 центнердей сүт беріп отырды. Бұл қондырғы еңбек өнімділігін 2,5 есе арттыратыны, сондай-ақ сауыншының еңбегін жеңілдететіні, әсіресе, асау биелерді үйреткенде қауіпсіздігі анықталды, Қолмен сауғанда бір сауыншы күніге 20 биені қамти алса, машинамен 50 биені сауу оған шек емес екені көрінді. Қазір бұл агрегат Моңғолияда да қолданылуда.

Енді бұл істің кейбір экономикалық жағына тоқталайық.

Сауыншы көмекшісімен бірге күніге 20 биені қолмен сауса, 80 литр сүт алады. Саумалдың 1 литрі 30 тиын. Бір адамның өндіретін өнімінің бағасы (80 литр x 30 тиын: 2 адам) 12 сом.

Машинамен сауса, сауыншы көмекшісімен бірге күніге 50 биені қамтып, 200 литр сүт алады. Бір адамның өндіретін өнімінің бағасы (200 литр x 30 тиын: 2 адам) 30 сом. Екі айдан кейін құлынды енесіне салып исіндірмей-ақ саууға болады. Мұндай жағдайда көмекшінің қажеті жоқ, бір адам 60 сомның өнімін береді. Қондырғыда дербес екі сауыншы жұмыс істей алады, сонда олар елу-елуден 100 бие сауып, 120 сомның өнімін бере алады.

Бір маусым – 100 күнде сауыншы қолмен сауып 1200 сомның өнімін берсе, машинамен сауып 5700 сомның өнімін береді; сонда осындай бір қондырғыны пайдаланудың потенциалды экономикалық тиімділігі 3900 сом. Ал егер республикада осындай 100 қондырғыны пайдаланса ше? Бұл жылына 390 мың сом пайда береді деген сөз емес пе?! Тұтынушылар да қымызға қарық боп қалар еді. Сөйтсек, бар кемшілік ұйымдастыру мәселесінде екен. Әлгіндей агрегаттарды пайдалану үшін, сөйтіп қымыз өндіру ісін дұрыс жолға қою үшін – тек ірілендірілген тауарлы фермалар құрылмай отыр. Ал мұндай фермалар құрылмаған жерде бағасы 800 сом; орнатуы мен тасымалдау шығынын қосқанда 2118 сом тұратын агрегатты пайдалану өзін-өзі ақтамауы да мүмкін.

Бір ғажабы, қымыз өндірудің тиімділігін көре тұра, бие байлатуға келгенде шаруашылық басшылары әлденеден тай-

## Шығармалары. Екінші том

сақтай береді. Мысалы, бір биеден маусым – 100 күн ішінде 400 литр саумал алынады; 1 литр саумал 30 тиын дедік. Сонда бір бие сауудың өзінен 120 сом қосымша пайда түспей ме? Айталық, мұның белгілі бір проценті сауыншы мен оның көмекшісінің еңбек ақысына, т.б. шығындарға жұмсалсын. Соның өзінде жылқыдан алынатын өнімнің өзіндік құнын арзандатуға септігі тиері сөзсіз. Байқап отырсақ, көптеген шаруашылықтарда бие сауудан бас алып кашудың басты себебі, қиындығынан қорыққандықтан емес екен, шаруашылықтың басты көрсеткіші – мал басын аман сақтау мен онан алынатын төлдің санына байланысты болғандықтан, тайсақтайтын көрінеді. Өйткені құлындаған биелердің көпшілігі асау; ал асау биелердің аяғын матап сауып жатқанда, тулап, осқырынып, жығылатыны болады. Содан жарақат алып, қысыр қалады, немесе іш тастайды. Нәтижесінде мал басын аман сақтау мен келесі жылдың төл алу жоспарына кеселін тигізуі мүмкін. Олай бола қалған күнде жоғарыда отырғандардың ешқайсысы маңдайдан сипай қоймасы тағы кәміл. Ал қымыз ше? «Е, бие саумадың деп ешкім қыстап жатқан жоқ; азды-көпті бие байланды ғой, қанша қымыз өндірілгенінде кімнің шаруасы боп жатыр әрі бие сүті шаруашылықтың «сүт жоспары» деп аталатынының ішінде ажыратылмастан кетіп жатқан жоқ па?! Қысылатын не бар?»

Осылай ойлаған басшының есіне енді келіп сауын биелердің ұзап жайыла алмайтыны, құлындардың күнұзақ желі басында жататыны, сөйтіп екеуінің де қысқа күйсіз түсуі мүмкін екені оралмай ма?! Күйсіз мал қыстан қиналып шығатыны тағы белгілі.

Бұлайша ойлай берсе, сарыуайымға салынып кетуге де болады, әрине. Бірақ шындығында жағдай тап солай болуға тиіс пе? Жоқ. Бұл істе де барлығы алдын ала ескерілуі тиіс. Желі басына көлеңке боларлық далда (навес) орнатылуы, сауын биелер мен құлынға күніге берілетін қосымша азық, жем (1,5–1 кормовая единица мөлшерінде) бөлінуі керек. Әйтеуір бие сауу қажет екен деп көзді жұмып кірісуге тіпті де болмайды. Бірқатар шаруашылықтар өздерінің мүмкіндіктерін

жан-жақты есептей келіп, бұл істі батыл қолға алып отыр. Олары нәтижесіз де емес. Мысалы, Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы «Обухов» совхозының, Алматы облысы Жамбыл ауданының «Ақтерек», «Беріктас», «Дегерес» совхоздарының тәжірибелері үлгі етуге тұрарлық. Әйткенмен, бұлардың жұмысында да әлі де болса ескеретін, жетілдіре түсуді қажет ететін жайлар баршылық.

Қымыз өндіру – шаруашылықтардың өздеріне де тиімді, жалпы жұртқа да қажет іс. Тек осының нормативтері жасалып, ұсақ-түйегіне дейін зерттеліп, мұнымен тікелей шұғылданып отырған шаруашылықтардың тәжірибесі кеңінен таратылып, ғылыми негізде бір арнаға түсірілуі керек болып отыр. Тиісті орындар бүгінгі ертеңге қалдырмай, бұл істі де дұрыс жолға қояды деп сенеміз.

#### **4. Ойландыратын жайлар... Күн тәртібіндегі күрделі мәселе...**

Республикамыздағы жылқының басым бөлігі, жоғарыда біз сөз еткендей, ет пен қымыз өндіру ісіне байланысты өсіріліп отыр. Бірақ жылқы түлігінің шаруашылыққа қажеттігі мұнымен ғана шектелмейді. Ауыл шаруашылығының әртүрлі салаларында жегін көлігі, мініс көлігі ретінде жылқы әлі де көптеп пайдаланылуда. Мысалы, мал баққан шопанның атсыз күні жоқ екені кімге де болса аян.

Жылқы түлігінің жегін және мініс көлігі ретінде пайдаланылуы, оның проблемалары жөнінде кезінде «Правда» газеті орынды мәселе көтерген-ді.\* Сондықтан бұл мәселеге арнайы тоқтамай отырмыз. Әйткенмен, қай малшымен сөйлесе қалсаңыз да, жегін құралдарының, ер-тұрманның, әбзелдердің жетіспейтінін айтқанда ұялуға тура келеді. Ал жылқыны көлік ретінде пайдаланып жүрген малшылар, шопандар республикада қаншама! Бәлкім, сондай әбзелдер мен құралдар шығаратын жергілікті кәсіпорын ашқан дұрыс па? Қайткенмен, бұл да ойланатын мәселе.

\* «Правда», 1969 жыл. №30, №265.

Мал шаруашылығын, оның ішінде жылқы шаруашылығын өркендету үшін де азық қорын дайындаудың маңызы зор. Әйтсе де, жылқыға шөп дайындау деген күні бүгінге дейін шаруашылық басшыларының назар аудармай отырған мәселесі. Жылқы өсіруге қойылатын талап жоғары, ал мал бағу әдісі баяғы ата-баба тәжірибесінің деңгейінде. Ол – ол ма, кейде жылқыға көрер көзге қиянат жасалады. Мысалы, қой мен сиырға жемшөп артық жұмсалса, есеп-қисаппен айналысатын адамдардың оны жылқыға жаза салатыны бар. Немесе сүтті алайық. Қымыз – шаруашылықтардың жалпы сүт жоспарының ішінде ажыратылып көрсетілмейді. Әйтеуір, «сүт» деген атаудың желеуінде кетеді. Кейбір жерлерде жылқының еншісіне ең нашар жайылымдар ғана тиген. Міне, осындай жағдайда жылқыдан алынатын өнімнің өзіндік құны қалай арзандамақ.

Жылқы шаруашылығынан түсетін табыс, пайда-зиян қандай екенін білмек оймен Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің баға және өзіндік құнды анықтау бөлімінің меңгерушісі М.С.Тунейц жолдаспен әңгімелескеніміз бар. Сөйтсек, мұны білу мүмкін емес болып шықты. Өйткені есеп-қисап кітапшасында жылқы, үй қоянымен бірге «Барлық басқа жануарлар» (все прочие животные) деген графада орналасқан екен. Сонда бұл қалай? Қой, сиыр, шошқа, құс шаруашылықтарының экономикасы, жұмсалатын шығыны, түсер табысы – бәрі егжей-тегжейлі зерттелгенде, жылқы шаруашылығының есеп-қисабы реттелмейтін нәрсе ме екен? Қайта керісінше, жылқышылардың еңбек ақысынан басқа басы артық қаржы жұмсалынбайтын (мысалы, шөп дайындалмайды, қора-жай салынбайды) шаруашылықтың осы саласы зерттеуге тұрарлық емес пе?! Иә, жылқы шаруашылығының экономикасын байыппен талдайтын уақыт жеткен сияқты. Қазақ ССР-і Ауыл шаруашылығының экономика институты жанынан таяуда құрылған «Жылқы шаруашылығының экономикасын зерттеуші топ» бұл мәселенің басын ашып береді деп сенгіміз келеді.

*«Жұлдыз» журналы,  
1973 ж.*

## ҚАЗАҚТЫҢ АЛАМАН БӘЙГЕСІ ӘЛЕМДІК АТ СПОРТЫНЫҢ АСҚАРЫНА ШЫҚСА!

Ат десе алдындағы ішіп отырған асын тастап жүре беретін қазақ баласы емеспіз бе?! Ата заңымыздың қабылданған күнінің құрметіне Қазақстан Республикасы Президентінің Кубогі үшін үлкен ат бәйгесі болады екен деген хабар құлаққа тиісімен Көкбастауға қарай тартқанбыз.

Шынында да ғажайып мереке болды. Әсіресе ат бәйгесі!!! Құнан бәйгеде маңдайы жарқырап жалғыз келген Нұрланов Дүйсеннің Райханын, топ бәйгеде топ жарған Айқасқаны айтпағанда, ат бәйгесінің шырқау шыңы аламанда жеңісті аса тартысты жағдайда жұлып алған тағы да әлгі Нұрланов Дүйсеннің Падиша атты бедеуін қалай ғана айтпай тұра аларсың. Шын жүйріктің шабысына қалай ғана сүйсінбессің!!!

Шабыс демекші... Соңғы он-он бес жылдың бедерінде небір айтулы ат жарыстарын көріп жүріп, көңіліміз қуанатын бір жайды ерекше бөліп атау керек. Ол – ат қосқанның жөні осы екен деп, кім көрінген өзінің астындағы қылқұйрығын жарысқа салудан тыйылғаны, бәйгеге шабатын аттардың шынында да мықтап іріктеліп-сұрыпталатыны; құнан бәйгеден бастап, аламанға дейінгі бүкіл жарысқа қатысатын аттардың тек жүзден шыққан жүйрік, мыңнан шыққан тұлпарлар екендігі.

Менің ойымша, мұның басты себебі – бабаларымыздан қалған баяғы қазанаттардың тұқымынан біздің қазақ қилықилы замандарда көз жазып қалғанмен, атқұмар халықтың ұлын Құдай аяп, қазір біздің жігіттердің қолына таза қанды мініс жылқысы, алп-алп басқан арабы сәйгүліктер түскен. Жігіттер қазір солардың құлын-тайын бөбектеріндей өбектеп отыр. Сылап-сыйпап, баптап әкеп, дер кезінде бәйгеге қосып жүр. Басқасын айтпағанда, осы соңғы бәйге (Президент кубогі үшін болған жарысқа) Қарасай батырдың 400 жылдығына арналған ұлы аста бәйгеден келген Қарашеңгелдің, талай-талай топ жарған Ақмандай, Нұрақжал, Ғұн, Падиша секілді сәйгүліктердің қосылуының өзі неге тұрады?! Бұлар – қандай

ат жарыстың да сәнін келтіретін, абыройын асыратын санаулы жүйріктер екеніне ешкімнің күмәні болмаса керек. Және... бәрі де – асыл тұқымды жылқылар: таза қанды ағылшын мініс жылқысы, арабы сәйгүліктер. Бұл тұқымдас жылқылар бүгінде бір ұлттың ғана меншігі емес бүкіл адамзатқа ортақ асыл мұра болып кетті. Жылқы туралы мағлұматы бар, көзі қарақты кез келген кісі қазіргі заманда бұл жылқылармен иық тірестіріп, үзеңгі қағыса алатын қылқұйрықтың өзге тұқымы жоқ екенін, бола қалғанда да кездейсоқ, тумысынан ерекше жаратылған жалқы, дара тұлғалары ғана ұшырасуы мүмкін екенін анық біледі (оның өзі де неғайбыл нәрсе!)

Ал енді ... қолымызда ұшқан құспен жарысқан осындай сәйгүліктер бар кезде, біз ат спортынан әлемдік аренада танылатын кезіміз, өзімізді еріксіз танытатын кезіміз де келді деп ойлаймын.

Біреулер біздің бұл сөзімізді тым ұшқары айтылған қызбалық, немесе білместік деп ойлауы да ғажап емес. Сәл-пәл сабыр етіңіз!

Рас, қазіргі әлемдік ат спортында, өмірдің өзге салаларындағыдай, өркениетті елдердің, әсіресе, Еуропа елдерінің айтқаны болып, атқаны тиіп жүр. Халықаралық спорт түрлерінің барлығының (соның ішінде ат спортының да) ережелері мен шарттарын бекітетін де солар.

Бұл не деген сөз?

Бұл спортта (соның ішінде ат спортында) Еуропалық стандарт бұлжымасын деген сөз. Әрине, ертеден қалыптасып қалған ережелері, дәстүрі бар ондай спорт түрлерінен олар таяу уақытта ешкімге дес бермейді. Біз «өзімізді ат спортынан әлемдік аренада танытатын кез келді» дегенде, Еуропалық стандарттағы қысқа қашықтыққа жарыстарда, мәселен, дербилерде немесе кедергілерден қарғыта отырып шабатын стипль чездерде бәйгені жеңіп алатын кез келді деп отырғанымыз жоқ. Оған әлі ерте. Біз қазір әлемге: ат спортынан алыс қашықтықтарға жарысатын жүйріктерің бар ма? Соларды жарыстырып көрелік! – деп жар салуымыз керек.

Дәл бүгінгі таңда алысқа шабатын аттарды жарату ісін жетік білетін түркі халықтарындай (оның ішінде қазақтай халық) кемде-кем. Әр халық өзінің ежелгі спорт түрлерін әлемге әйгілеп жатқан тұста, біз өзіміздің аламан бәйгемізді әлемдік спорт қатарына қосуға тырысуымыз керек. Әлемнің әр түкпірінен жиылған жүйрік жылқылардың шын сайысын тамашалағысы келген кісі, бірер минутта жалт етіп өте шығатын дерби, стипл чез, бридерс кап джювинальдардан емес, нағыз ләззатты, айызыңды қандырар қызықты тек аламан бәйгеден ғана ала алса керек. Құмардан шығаратын мұндай тартыс американдықты да, ағылшынды да, французды да, арабты да, қазақты да тебірентпеуі, толқытпауы мүмкін емес. Шынымды айтсам, мен «Аламан бәйге» деген қазақ сөзінің әлемдік спорт терминіне айналып, әлемнің сан тілінде саңқылдап тұрғанын естуді өмір бойы армандап келе жатырмын.

Біздің ұлттық спорт комитеті, спортты басқарып отырған жоғары шенді мемлекеттік шенеуніктер, Ұлттық ат спорты федерациясы Халықаралық спорт комитеттері мен әлемдік спорт комитеттеріне ресми түрде хат түсіріп, алыс қашықтықтарға әлемдік ат жарысын өткізу туралы мәселе қоятын және оны түбегейлі шешуге жететін мезгілі болған сияқты. Егер солай етіп жатса, біздің ұлттық спорт комитетіндегі азаматтардың пікірін Азиядағы, Еуропадағы, т.б. құрылықтардағы күллі атсүйер қауым қолдайды деп ойлауға болады. Әсіресе, қырғыз, қарақалпақ, түрікмен, моңғол, араб жұрттары үлкен демеу жасайтыны күмәнсіз. Ал соншама елдерден ұсыныс түсіп, жатса, қолдау тауып жатса, Халықаралық немесе әлемдік спорт комитеттері олардың сөзін жерге тастай алмаса керек. Демек, ондай жағдайда алыс қашықтықтарға ат жарысы да қиялдағы ойдан нақты іске айналып, таяу жылдарда Аламан бәйге әлемдік аренаға жол табар еді деп ойлаймын.

Илаһим, солай болғай!!!

*«Атбегі» журналы,  
№1 (2), 2000 ж.*

## IV бөлім

# УАҚЫТҚА ҮН ҚОСҚАНДА





## Қазақстан Республикасы Үкіметінің назарына

### ЕРТЕҢ КЕШ БОЛУЫ МҮМКІН

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен биылғы жыл «Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы» болып белгіленгені көпшілік қауымды елең еткізерлік оқиға болды. Өйткені, егемендік алып, есін жиған жұрт енді шынымен ел боламын десе, ең алдымен, ұлттық тарихының бар-жоғын түгендеп, барын мұқият жиыстырып, жоғын жан-жағынан, әлемнің әр түкпірінен іздестіруге тиіс. Олай етпейінше, ескі мұрағаттар мен нақты құжаттарды қолда ұстамайынша, елдің де, сол елді ел қылуға жанын пида еткен ерлердің де тарихы ешуақытта түгенделмек емес.

Бұл ретте ежелгі тарихымызға қатысты Орхон ескерткіштерінің көшірмесін жасатуға мұрындық болып, көрші елмен халықаралық құжатқа қол қойысқан, сөйтіп күллі түркі әлемінің ұлы мұрасын көшірме түрінде болса да туған жерге жеткізуге уағдаластық жасасқан жігіттердің ісін – нағыз азаматтық деп бағалаудың еш артықтығы жоқ. Бұл – біле білген кісіге, шын мәнінде, ұлттың өмірінде сирек болатын ұлы оқиға ғой!

Ендігі міндет – осындай жақсы істерді жалғастыра беру керек. Әсіресе, «Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы» болып белгіленген биылғыдай жылы ғылыми ордалар мен республика бойынша осы істі атқару мойнына жүктелген орындардың шаруалары шаш етекпен болуы тиіс. Өйткені ар жағын айтпағанда, біздің еліміздің де, ел басқарған есті азаматтарымыздың да соңғы екі-үш ғасырдағы тарихы мен басынан өткендердің бәрі көрші елдердің, соның ішінде негізінен Ресейдің архив қоймаларында жатыр.

Ол материалдар: біріншіден, халықтың басынан өткен тарихи оқиғаларға қатысты болса; екіншіден, ірі-ірі тұлғалардың өмірі мен қоғамдық қызметіне байланысты. Оларды былай

қойғанда, қазақ зиялыларының өз қолдарымен жазылған құжаттар, тіпті кейбіреулерінің шығармаларының қолжазбасы (түпнұсқасы) да жат елде жатыр.

Ең болмағанда, сол құжаттардың көшірмелерін республикаға әкелуге күш жұмсалса, орынды болар еді. Және бұл істі ұзатпай, тезірек қолға алған дұрыс секілді. Неге? Өйткені біз бұрынғы Кеңестер Одағы деген кеңістікке кіретін елдер қазір дербес, тәуелсіз мемлекеттер болып кеттік. Рас, әзірге ТМД-ға мүше елдердің біріміз, сондықтан Ресей сияқты мемлекетпен қатынасымыз пышақкесті үзілген жоқ. Әйтсе де, ертең не бола-рын кім білген... Сондықтан біріншіден, әзірге арақатынасымыз (әсіресе қабағымыз) жақсы кезде, Үкіметтік деңгейде осы мәселені шешіп алсақ... Екіншіден, Ресей жағы келісім беріп жатса, әлгіндей архив құжаттарының көшірмесін жасатуға қанша қаржы керек болса да, біздің Үкімет дереу осы мақсатқа арнайы ақша бөлсе... сонда биылғы жыл – Президенттің Жарлығымен «...ұлтық тарих жылы» болып белгіленгені жәй сөз емес, мемлекеттік маңызы бар аса қажетті істі атқаруға Елбасы тарапынан берілген нұсқау, көрсетілген жол екені, соған ел-жұрт болып жұмыла кіріскеніміздің дәлелі болар еді. Әйтпесе...

Иә, «әйтпесенің» аржағында әңгіме көп. Ертеректе оқыған бір фактіміз төбе шашты тік тұрғызған. Сөйтсек, XIX ғасырдың аяғына таман Ресей архивтеріндегі «Қырғыз-қайсақтар жөніндегі іс қағаздар» деп аталатын құжаттар империяның Бас прокурорының кеңсесіне беріліпті де, архивті реттеуге бастық боп тағайындалған адам – сенатор Г.К.Репинскийдің өкімі бойынша отыз жыл бойы (1876–1906 жылдар аралығында) орасан көп «іс қағаздар» жыртылыпты, өртеліпті, құртылыпты. Мәселен, бас прокурор кеңсесіндегі істердің тізімінде бар құжаттардан:

1) 1797 жылға қатысты 6321 істің 885-і ғана қалған; 5436-сы жойылған!

2) 1798 жылға қатысты 5779 істің 658-і ғана бар; 5121-і жойылған.

3) 1799 жылға қатысты 4816 істің 320-сы ғана қалған; 4496-сы құртылған, жойып жіберілген!!!

*Архив құжаттары болмаса, ақиқатты немен айғақтамақпыз?*

Ал енді... мына XX ғасыр да аяқталып келеді. Ресей сияқты алып ел ғасырдың аяғында тағы да архивін қағып-сілкіп, тазартып, реттегісі келіп... оған сенатор Г.К.Репинскийдің осы заманғы бір түрін бастық қылып тағайындаса, не болмақ? Құдай жаманшылықтың бетін әрмен қылсын, талай арыстарымыздың арты ізсіз-түзсіз жоғалуы деген сол болмай ма? Оларға керек болмағанмен, бізге ауадай қажет құжаттарды қазірден бастап неге жиыстыра бермейміз. «Халық бірлігі» – әрқашан актуальды нәрсе ғой, ал соған «...ұлттық тарих жылы» дегенді Президент Н.Назарбаев тектен-тек тіркестіріп отыр деп ойлайсыз ба?

Үкіметтің және биылғы жылды осындай атпен өткізу үшін республика бойынша құрылған Мемлекеттік комиссияның назарына осы бір жайтты салғымыз келіп еді.

Әйтпесе, ертең кеш болып қалуы әбден мүмкін!

*«Қазақ әдебиеті»,  
24.04.1998 жс.*

### **«ҚАНЫНА ТАРТПАҒАННЫҢ ҚАРЫ СЫНСЫН» – ОСЫ МА?!**

Соңғы екі ғасырдан астам уақыттан бері Еуразия дейтін кеңістікте ешкім бетіне келмей жаман үйренген орыстың империялық жайын саясаты осы елдің басшысынан-кешесіне дейінгілерге «астам сөйлеу» дейтін ауруды тұқым қуалай-тындай дәрежеде дерт қылып қалдырып кеткеніне біз бүгін еріксіз куә болып отырмыз. Дерттің аты – дерт; тұқымда бар ауру төбеңмен көк тіреген алып бәйтерек болсаң да, түптің-түбінде әйтеуір бір шықпай қалмайды екен. Жақында «Известия» газетінен (4 мамыр, 1994 жыл) атышулы жазушы А.Солженицынның «Форбс» журналына берген сұхбатын оқығанда, осындай ойға амалсыз келіп тоқтадық.

Неге?

Басқа – басқа да, ең құрығанда жазушы адам өзінің табиғаты жағынан болсын, яки таңдап алған өмірлік мұратына қарай бол-

сын, қалай дегенде де, жоқ-жітіктің, жәбір-жапа шеккендердің мұңын мұндап, жоғын жоқтаушы болуы керек екендігіне қарамастан, орыстың осынау үлкен қаламгері орыстық қана мүддеден аса алмай қалғаны кәдімгідей ойландырып тастады. Ол – ол ма, «Баяғыдан бері айтылып келе жатқан «орыс озбырлығы» дегенді қайта-қайта тілге тиек етіп, бүгінгі күннің шындығымен есептеспей отырған Генри Киссинджер де, Збигнев Бжезинский де, Ричард Пайпс та, сондай-ақ американдық саясаткерлер мен публицистердің көпшілігі-ақ, ертеден құлақтарына құйып тастаған қасаң қағидалардың ауқымынан әлі шыға алмай отыр», – деп жұртты кінәлағыш А.Солженицын, ең алдымен, өзі сондай қасаң қағидалардың қоршауынан шыға алмай, отаршылық ескі ойдың ауқымында қалып қойғанын мүлде аңдамайды. Сөйтіп, таяу жылдарда ғана тәуелсіздігін жария еткен Украинаның орыстар қоныстанған 8–10 облысын таза Ресейдің территориясы деп даурығып қана қоймай, бұған қоса, «Бүкіл солтүстік және солтүстік-шығыс Қазақстан деп жүргеніміз – шынына келгенде, кәдімгі өзіміздің Оңтүстік Сібір; тұрғын халқы негізінен орыстар; бұл күнде Қазақстан оларды ұлттық, мәдени, іскерлік және тұрмыстық жағынан әбден езіп-жаншып отыр (орыстарды қоса есептегенде, осы елде тұрып жатқан қазақ еместер – Қазақстан халқының 60 процентін құрайды, бірақ бәрінің де көріп отырған күні осындай)», – деп бөседі.

Артық айтсақ, Құдай кешірсін, қырдан қашқан қиық құлақ пен ойдан қашқан ойыққұлақ басына іс түскенде Қазақ даласына қарай безгенін; әр елдің қазанбұзар тентектері де осылай қарай жер аударылғанын; орыс империясы өзіне керек жерді босатып алғысы келсе, яки айтқанына көніп, айдағанына жүрмегендерді жуасытқысы келсе – түп-тұтас халықтарды түп көтере көшіріп жіберетін өлкесі де осы жер болғанын; соғыс кезінде – эвакуация деп, соғыстан кейін – тың көтеру деп, орысты да, өңгені де осында әкеп тықпалағанын; соның салдарынан қазақтар өз атамекенінде азшылыққа ұшырағанын өзге білмесе де, талай-талай саяси курғын-сүргін көрген, сол тұста қазақ елінің дәм-тұзын татқан Солженицын білмей отыр ма?!

Әрине, бәрін біліп отыр. Бірақ ұзақ жылдар бойы «ұлы орыстық астамшылық» ауруымен ауырған ұлттың – езуші ұлттың ұлы екенін ұмыта алмай, баяғыны өкси іздеп отыр.

Шынына келгенде, осыдан 4 жылдай бұрын «Қалайша Ресейді қайтадан қаз тұрғызамыз?» – деген жазбасында А.И.Солженицын Қазақстан жері туралы осындай ойының ұштығын аңғартқан болатын.

Асылы, мұның өзі – орыстың отаршылдықты көкsep жүрген өкілдерінің баяғыдан бергі ойы еді. Ол қандай ой? – дейсіз ғой. Ол КСРО ыдыраған кезден-ақ белгілі болған, өзінен басқа он төрт одақтас республиканың он үшінен айрылса да, өмір бойы шикізат көзі болып келе жатқан, жерінің ұшы-қиыры жоқ әрі асты да, үсті де байлыққа толы – Қазақстаннан қайтсе де айрылмау идеясы еді. Алда-жалда қолдан шығып кетердей жағдай туып бара жатса, быт-шыт болып үзілген шаруашылық байланысты желеу етіп, ең алдымен, экономикалық қысым жасау; оған болмай бара жатса, іштегі 6 миллион орыс диаспорасын тілге тиек етіп, солардың ұлттық, мәдени және тұрмыстық мүдделерін қорғау деген желеумен саяси тұрғыдан тұрақсыздық жағдай жасап қою... Тіпті көнбей бара жатса, территориялық талаптарды мұнкітіп, сепаратистік пиғылдарды қоздыру... Солженицын, міне, осы соңғы екі пункттің рупоры қызметін атқаруға біржола бел шешіп кіріскен секілді.

Дұрысын айтсақ, өзіміздің де обалымыз жоқ. Оқиғалардың дәл осындай сценариймен өрбитінін мемлекет басшысынан бастап, салиқалы саясаткерлердің қай-қайсысы да дер кезінде зерттеп біліп, алдын ала қам жасау керек еді. Жақындасу ешқайда қашпайды; біз, қазақтар, орыстармен тағдырдың өзі мәңгілікке матастырып қойған елміз. Жеріміз шекаралас жатқандықтан, біз бір-бірімізден ешқашан қашып та құтыла алмаймыз. Сондықтан түптің-түбінде Ресеймен тату көрші болып тұру үшін, әу баста Балтық бойындағы үш республика секілді біз де бірден арамызды біраз алшақтатып, ашып алған дұрыс болатындай еді. 250 жылдай езгі көрген елдің ешкімнен қаймықпайтындай жұрт болып қайта қалыптасуы үшін де осындай бір үзіліс... едәуір уақыт аракашықтық сақтаған

орынды болатын еді. Әйтпесе, біз өзімізді тәуелсіз елміз деп жариялағанымызбен, тәуелсіздікті бізге бермеуге тырысатын саяси күштердің бар екендігі, сондай пиғылдардың орыс қауымында орын алып отырғандығы – сонау кезде-ақ саясаткер емес кісіге де көрініп тұрды емес пе? Соның бір көрінісі, сол пиғылдың шет-жағасы – А.Солженицынның әлгі «Қалайша Ресейді қайтадан қаз тұрғызамыз?» деген еңбегінде де бадырайып тұрды ғой. **«Сонымен, мен қазір не көріп тұрмын»,** – деп жазған жоқ па еді ол осы трактатында. – **Ең алдымен, кідіртпей де кейінге қалдырмай, анық та ашық үнмен: Балтық жағалауындағы үш республика, Қап тауындағы үш республика, Орта Азиядағы төрт республика** (назар аударыңыз: төрт! Ол төртеу: Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Тәжікстан. Мұның ішінде Қазақстан жоқ), **сосын Молдавия... егер оның өзі Румынияға бүйрек бұрса, міне, осы он бір республика – ия! – осы он бір үзілді-кесілді, ақи-тақи біржола бөлінеді, – деп жар салу керек».**

А.И.Солженицын мырза:

**«ЕНДІ ҚАЗАҚСТАН ТУРАЛЫ** – деп, сосын барып жазды осы еңбегінде. – **Орасан зор аймақты алып жатқан оның осы күнгі территориясын коммунистер қалай болса солай, ойланбастан кесе салған; жылына бір рет көшпелі елдің мал айдап өткен жері болса – Қазақстан бола берген... Ол, негізінде, оңтүстік Сібірден, оңтүстік Орал бойынан, содан соң бүгінде орыстар, сотталғандар мен жер аударылған халықтар гүл жайнатып (?), құрылыс салып құлпыртып жіберген (?) орталықтағы иесіз шөл даладан құрастырылды. (?). Сондықтан (?) бұл күнде шектен тыс далиып кеткен Қазақстанда қазақтар – халықтың жартысына жетпей тұр. Олардың шоғырланған жері, ертеден атабабаларының тұрақты мекендеген орны – оңтүстік беттегі облыстардың үлкен доғадай иіліп орналасқан тұсы; бұл – сонау қиырдағы шығыс беттен батыстағы Каспийге дейін, шынында түгел дерлік қазақтар тұрып жатқан жер. Егер осы айтылған жерді ғана (?) иемденіп, бөлініп кетеміз десе – олардың да жолдары ашық, бара берсін».**

Көрдiңiз бе, «ұлы гуманистiң» көкейiнде не жатқанын?! Демек, А.Солженицын көрсеткен жерлердi ғана иемденiп, бөлiнiп кетемiз десек, тәуелсiздiк алып кете бередi екенбiз де, ал оған көнбесек...

Мiне, мәселе осы жерде! Бiз тәуелсiздiгiмiздi жариялаған алғашқы күндерден бастап-ақ, осындай сөздердiң астарында не жатқанына назар аударуымыз керек едi. Өзiн гуманиспiн деп санайтын; өзiн Ресей империясының да, қызыл империяның да қарсыласымын деп есептейтiн; сол тұста осылай айтуға белгiлi дәрежеде моральдық құқы да болған; сондықтан орыс қауымының әртүрлi топтары сөзiне құлақ асуға даяр белгiлi адамның пiкiрiне дер кезiнде мән бермегенiмiздiң аяғы – бүгiнгi нақты жағдайларымыздан көрiнiс тауып отыр. Ол А.И.Солженицын мырза, ендi басқаша сайрай бастаған. Әлгi еңбегiнiң «Бөлiну процесi» деген тарауында: **«Сонымен, осынау он екi республиканың толық бөлiнiп кетуге еш күмәнсiз құқығы бар екенiн дереу және күлбiлтесiз жариялау керек. Егер бұлардың кейбiреуi бөлiнемiз бе, бөлiнбеймiз бе? деп екi ойлы күйде толқи бастаса, ешқандай бұлғалаққа орын қалдырмастай етiп, ендеше сiздерден бiз бөлiнемiз деп, тура айтуымыз керек...»** – десе; «Форбс» журналына берген, «Известия» жариялаған мынау интервьюiнде ол Қазақстанға территориялық талаптар қойғысы келетiн сыңайын байқатуы былай тұрсын, журналистiң: **«Сонымен, Сiз, Ресей шекарасы қай жерлермен өтедi деп ойлайсыз? Оған қандай облыстар кiруi керек?»** – деген сауалына: – **«Мен бұл туралы 1990 жылы-ақ жазғанмын. Ресей үш славян республикасының және Қазақстанның бiрiгүiн iштей ойластыруы керек (ал қалған республикаларды еркiне қоя берген жөн)»,** – деп қарап отыр. (Байқайсыз ба: мұнда да Қазақстанды қайткенде де уыстан шығармау идеясы бадырайып тұр). Ол – ол ма, **«Бiрiккенде де – бiртұтас мемлекет (?) болып бiрiгу керек (?), бұл жақында Назарбаев ұсынғандай, ұлттық деңгейден де жоғары тұрған, орасан зор бюрократтық аппараты бар, бiрақ өзi өте әлжуаз, ойдан шығарылған конфедерация дейтiнге бiрiгу болмауы тиiс»...** деп пiкiрiн нақтылай түскенiнде, көмекейiнде не тұрғаны бұрынғыдан да түсiнiктiрек болды-ау деп ойлаймыз.

Біздің қазақта: «Көн қатса, қалыбына барады» деген сөз бар. Қаншама үлкен қаламгер болса да, өзін қаншама гуманист санаса да, жеме-жемге келгенде А.Солженицын өз ұлтының отаршылдықты аңсайтын өкілдерінің ойынан шыққаны, сөйтіп, тәуелсіздікке қолдары енді-енді ілігіп жатқан елдердің арман-мұратын тәрк етуі – «қанына тартпағанның қары сынсын» деген секілді көне психологиядан арыла алмағандықтан басқа ештеңе де болмай шықты.

«Түркістан» газеті,  
17.05.1994 ж.

## ҚЫРЫМ КІМДІКІ ОСЫ?

*Қырым мәселесі соңғы уақытта жұртты қатты елеңдетіп тұрғаны белгілі. Осыған орай біз соңғы сандарымызда «Қырым үшін қырғи қабақ» №13, «Тақсіретке толы тағдыр» (№16) атты материалдар жариялаған едік. Жұмыр жердің осы бір отты ошағына қатысты ойымызды бүгін және жалғастырып отырмыз.*

Күні кешеге дейін екеуі де Кеңес одағына кірген іргелі екі ел – Ресей мен Украина бүгінде Қырым үшін қырғи қабақ болып отыр.

Ресей ресми орындары өздерінің мәлімдемелерінде Украинаға қояр ешқандай да территориялық талаптары жоқ екенін үстін-үстін қайталағанмен, Думаның депутаттары Қырымға қайта-қайта барғыштап қана қоймай, кейде жағдайды ушықтырар мәлімдемелер жасаумен айналысуы – мұндағы ахуалдың тұрақсыздануына себепкер болуда.

Мұның үстіне, Ресейдің ресми адамдарының сөзі – әншейін бір... жұртты алдарқатқан сөз ғана секілді естіледі де, ал енді орыстың атақты адамдарының аузынан шыққан әңгімеге қарасаңыз, Қырым ежелден Ресейдің жері сияқты. Мәселен, А.Солженицынның «Известияда» жарияланған интервьюіне үңілсеңіз, ол: «1919 жылы Украинаның төбесінен бір ұрып есеңгіретіп алған соң, артынан сол үшін кешірім сұрағандай болып, Ленин бұрын-сонды ешқашан Украинаның құрамына

енбеген бірнеше орыс облыстарын оған беріп жіберді... 1954 жылы Хрущев.. бұған қоса Қырымды да Украинаға берді...» – деп жазады.

Ал Украина басшыларының сөзіне құлақ түрсеңіз, «Қырым – Украинаның бөлінбес бір бөлшегі».

Сонда, Қырым – кімдікі өзі?!

Егер «жаулап алған жерім – менікі» деген тұрғыда айтылса, онда Қырым 1768–1774 ж. орыс-түрік соғысы аяқталған соң, Күшік – Қайнарлы бітімі бойынша Ресей протекторатына тәуелсіз ел болып енген, ал кейін арам саясаттың салдарынан 1783 жылы Ресей империясына толық қараған жұрт.

Бірақ бір замандарда кім-кімді жаулап алмаған? Кім-кімнің қол астында кіріптар болмаған? Бұған 1521 жылы Қырым әскерінің Мәскеуді қалай қоршап алғанын; XVII ғасырдың бірінші жартысында екі жүз мыңнан астам орыс әскері Қырым хандығында тұтқында жүргенін айтсақ та жеткілікті болатын шығар.

Гәп онда емес. Мәселе – талай тауқыметті басынан өткерген қырым татарлары Кеңес өкіметінің тұсында автономияға қол жеткізіп, 1921 жылы Қырым АССР-і құрылғанын еске салуда болып отыр. Сөйткен, Қырымды жұрты кейін тағы тутақайға ұшырайды, өз атамекеніне өзі жат болады деген кімнің ойында бар?

Жә, бұл әңгімеге тағы бір оралармыз.

Қайта құру заманының алтын күрек желі ескенде туған жерлеріне қарай тұс-тұстан қайтадан құс боп ұшқан қырым татарлары тағы да ел боламыз ба деп үміт етіп, жер бетінде Қырым Республикасы деген ел бар екенін жариялауға ат салысқан кезде, енді келіп Украинаның килігіп отырғаны мынау. Президент Л.Кравчук 19 мамырдағы баспасөз конференциясында: «Украинаның территориялық тұтастығын қорғау жолында батыл қимылдайтынын» мәлімдеп те қойды. Дұрысында, Қырымның республика болуы – Украинаның территориялық тұтастығына нұқсан келтіретін нәрсе ме?! Керек десеңіз... белгілі бір дәрежеде Украина тарих алдында қырым татарларына қарыздар ел емес пе еді!?

...Ұзақ жылдар бойы поляктардың езгісінде болып келген украин халқының азаттық жолындағы күресін бастаған Богдан Хмельницкийге қол ұшын берген кім еді? – Қырым татарлары болатын. Құдай-ау, 1654 жылдың 8 қаңтарында Переяслав радасына (кеңесіне) қатысқан орыс елшісі В.В.Бутурлиннің Алексей Михайлович патшаға жазған мәлімдемесі әлі жоғалған жоқ қой. Бар ғой! Сонда жиналған күллі халықтың алдында гетман жар салмап па еді. «Панове полковники, ясаулы, сотники и все Войско Запорожское и вси православнии христиане!.. нам нельзя жити боле без царя». Для того ныне собрали есмя раду, явную всему народу, чтобы есте себе с нами обрали государя из четырех, которого вы хотите. Первый царь есть турский, который многижды через послов своих призывал нас под свою область; второй – хан крымский; третий – король польский...; четвертый есть православный Великия России государь царь... Тут, которого хотите избирайте», – деп. (История України в документах і матеріалах, – том 3, 251–252 б-б. Немесе: «Чтоб вовек едины были», история отечества, XVII век, 468–469-беттер). Осы төрт патшалықтың ішінде Қырым ханын да таныстыра келіп, оны «басурман» дей тұра, өздерінің басына іс түскенде, «достық қолыңды бер» деп өздері шақырғанын халықтың есіне салмаушы ма еді!?

Рас, славяндық туыстығын, діндерінің бірлігін (христиан екендіктерін) тілге тиек еткен орыс патшасының қол астына Украина өз еркімен өтті. Бірақ осы жағдайдың өзін мүмкін еткен, қанды шайқастарда қол ұстасып жауға бірге шапқан орыс патшасының әскері емес, қырым ханының атты әскері екені әмбеге аян еді ғой. Қырым түбегі – ықылым замандардан бері солардың, қырым татарларының атамекені, туған ұясы емес пе еді? Баска – баска, украиндар соны ұмытуға тиіс емес еді ғой.

Иә, Қырымда қырық ұлттың өкілі жүрсе де, ол орыстың да, украинның да жері емес, бәрібір қырым татарларының мәңгілік мекені болып қала бермек.

*«Түркістан» газеті,  
31.05.1994 ж.*

## ОСЫҒАН ДА АМЕРИКАНЫҢ АҚЫЛЫ КЕРЕК ПЕ?

Қайран Қожанасыр-ай! Қадіріңіз өтті-ау... Қысылғанда ақыл сұрасақ: – «Қарның ашса – ет же!» «Шөлдесең – қымыз іш!» – деуші едіңіз. Данышпаным-ай, өзіңіз дүниеден өткесін кеңес сұрайтын кісі де қалмай, қысылсақ енді ақылды мұхиттың аржағындағы Америкадан сұрайтын болдық қой. Қайтейік...

Таяуда тағы да тығырыққа тіреліп... Жан-жағымызды қарманғанда қол ұшын берер ешкімді тағы таба алмай... Әй, неғыласың, жаман састық-ау!

– Не боп қалды? – дейсіз ғой, оқырман.

– Не болсын!? Қу нарықтың қыспағы-дағы баяғы. «Тұрғын үйлерді жекешелендіру жүріп жатқан біздің елімізде болашақта оларды жөндеу мен пайдалану жұмысының қалай шешімін табатындығы бәрімізді де ойландырып...» «Бұл орайда өз тәжірибелерін бөлісуге келген американдықтардың біздерге қол ұшын беруі құптарлық шара» болып... «Астанадағы Ғалымдар үйінде ашылып, төрт күн бойы жұмыс істеген семинар, міне, осы мәселеге арналғаны»...

Нанбасаңыз, өздерінен сұраңыздар, «АҚШ қалаларының (?) халықаралық менеджерлер қоғамдастығының (?) мамандары өткізген бұл семинарға астана мен Алматы және Талдықорған облыстары тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықтарының қызметкерлері қатысты».

– Сонда не айтылды? Жекешеленген үйлерді «Болашақта қайтіп жөндейтін болыппыз?» – дейсіздер ме?!

– Ий, басымыз істемейді ғой біздің, басымыз істемейді... Оп-оңай-ақ екен ғой! Кіл жеке пәтер иелері – өзіміз жиылып қалтамыздан ақша шығарып, ақысын мол қылып төлеп, өзіміз құрылыс бригадаларын ұйымдастырсақ (яки жалдап алсақ), жұмыс өте өнімді болатын көрінеді ғой! «Бұл іс Америкада өзін-өзі баяғыда ақтапты да», әдірем қалғыр! Тек біздің басымызға келмегені болмаса... «Мұндай тиімді тәсілді Қазақстан өз ыңғайына қарай икемдеп пайдалануына болар еді» деген ақыл айтты ғой американдықтар, әлгі семинарда.

– Е, қойыңызшы! «Жеке пәтер иелерінің өздері ақы төлеп жөндеткені... тиімді» деген «ақылды» есту үшін семинар өткізудің және анау-мынау жерде емес, Ғалымдар үйінде өткізудің; әрі жан-жақтан – астанадан, Алматы және Талдықорған облыстарынан адам шақырып, төрт күн бойы өткізудің не қажеті бар?! Қалтамда ақшам болса, үйімді кімге, қалай жөндететінімді өзім де білмеймін бе? – деп отырсыз ғой. Осыған да Американың ақылы керек пе? – деп нанбайсыз, ә?!

Нанбасаңыз, осы жайында анау-мынау емес – «Өміршең нұсқа» деген тақырыппен «Егемен Қазақстанда» (24 наурыз, 1994 ж.) жерден жеті қоян тапқандай желпілдетіп берген Бактияр Ерімбеттің хабарын оқыңыз.

Демек, бұған да Американың ақылы керек болғаны-дағы...

*«Түркістан» газеті,  
5.04.1994 ж.*

## **АҚШ КОНГРЕСІНІҢ СЕНАТЫ РЕСЕЙ ӨКТЕМДІГІНЕ ҚАРСЫ**

«Кеңес Одағына кірген бұрынғы республикаларға, Балтық жағалауындағы елдерге, орталық және Шығыс Еуропа елдеріне ықпалын жүргізу үшін Ресей Федерациясының қорқытып-үркіту, әскери күш қолдану немесе экономикалық қысымшылық жасау саясатын жүргізбек болған әрекетіне бүкіл қолдан келген шараларды қарастыра отырып қарсы тұру үшін», 1995 – қаржыландыру жылының федеральдық бюджетінің жобасына түзету енгізу туралы ұсынысты АҚШ конгресінің сенаты таяуда ешқандай дауысқа салмай-ақ бірден мақұлдаған.

Бұл ұсынысты енгізген – республикашыл-сенатор Митч Макконелл бір сөзінде: соңғы кездері Ресей экономикалық және саяси қысым жасау арқылы бұрынғы Кеңес республикаларында, сондай-ақ Орталық және Шығыс Еуропа елдерінде ықпалын баяғыша жүргізе беруге қайтадан тырысып бағуда, – деген болатын. Ол енді: «Орталық және Шығыс Еуропа елдерінің, сондай-ақ Орта Азия республикалары басшыларының кез

келгенімен жеке сөйлесе қалсаңыз да, олардың халық алдында сөйлеген сөздеріне зер салсаңыз да, Ресейдің неоимпериалистік құлқынан қатты қауіптенетіндіктері анық сезіледі», – деп қадап айтып отыр.

Неге?

«Жел тұрмаса, шөп басы қимылдамайды» демекші, АҚШ конгресі сенатының аяқ астынан абыр-сабыр бола қалуы – себепсізден-себепсіз болмаса керек. Біз үндемегенмен, Ресей мемлекетінің соңғы кездері қайтадан есін жиып алып, жан-жағындағы көршілес елдерге баяғысынша көз аларта бастағанын күллі әлем көрмей-білмей отырған жоқ. Мәселен, бұрынғы Кеңес Одағына енген елдердің территорияларында жаңадан әскери базаларын орнықтыруға тырысуы – осының бір дәлелі. Бірақ олардың бұл пиғылына Балтық жағалауындағы елдерден (мыс: Латвиядан) басқа, көршілес мемлекеттердің ешқайсысы батыл түрде тойтарыс бермегені таңғалдырады. Әлде, «үндемеген – үйдей бәледен құтылады», – деп бұғып отыр ма?! Ол бір болса, қолында қуатты қаруы бар мемлекет екенін, әлемнің қай түкпіріндегі мәселе де Ресейсіз шешілуге тиіс еместігін орыс мемлекетінің басшылары соңғы кезде әлдеқандай бір мардымсынған үнмен айтатын болып жүр. Әсіресе, бұрынғы Югославиядағы, қазіргі сербтер мен мұсылмандар арасындағы қақтығысты реттеу мәселесі жөніне келгенде, тіпті БҰҰ мен НАТО-ның шешімдерін де мойындағысы келмейтіні байқалады.

Ал енді экономикалық тұрғыда қысымшылық жасау ниетіне тоқталсақ, алысқа бармай-ақ өзіміздің Қазақстанға істеп отырған қысастығын тілге тиек етсек те жетіп жатыр. Мәселен, біздің республика үшін ең қиын нәрсе – өндірілген мұнайды тасымалдау екені белгілі. Осыны жақсы сезіп-біліп отырған Ресей «Теңіз» кенішінен өндірілетін мұнайды осы елдің оңтүстігімен Қара теңізге шығатын мұнай құбыры арқылы айдамақ болғанда, орыстар экологиялық проблемаларды сылтауратып, бұл мұнай құбырын пайдалануға шек қоюы – осының дәлелі. Дәл бүгінгі күні жұмыс істеп тұрған жалғыз мұнай құбырын өз бақылауында ұстап отырған Ресей осылайша үстемдік танытуда: оның үстіне,

осы құбырды пайдаланғанымыз үшін төленер ақыдан тыс, мұнай акциясының қомақты бір бөлегін де теп-тегін иемденгісі келетіндіктері – көз-көрекі жасап отырған зорлық емей немене?! Біз бұл жерде күн сайын іргемізден түртпектеп, қос тілділік, қос азаматтық дегенді желеу етіп, елімізді саяси тұрғыдан тұрақсыз хал кешуге итермелеп отырған күштердің кім екенін әдейі көзге шұқып көрсетіп отырғанымыз жоқ. Өйткені, жұртшылық мәселенің мән-жайын айтпасақ та, өздері-ақ ұғып-біліп отыр.

Қысқасы, әлсіз елдер үн шығармай бұғып отырғанмен, АҚШ конгресінің сенаты Ресей өктемдігіне қарсы дауыс көтермей қала алмады. Шыныдай нәзік те шыңылтыр дүние қайтадан шатынап кетпес үшін, үйлесімділікке үндейтін, тыныштықты талап ететін де біреу болуы керек қой...

*«Түркістан» газеті,  
3.05.1994 ж.*

## ЕГЕМЕНДІК – ЕЛДІКТІҢ КЕПІЛІ

Қоғамда болып жатқан түбегейлі өзгерістерге байланысты Қазақстан Компартиясын да жаңарту қажеттігі, әрине, біршама түсінікті нәрсе. Ал жаңа федерацияда республика егемендігіне қол жеткізу мәселесіне келер болсақ, бұл проблеманың күн тәртібіне өткір қойылып отырғандығының көптеген себептері бар секілді. Олардың бірқатары осы документтің кіріспесінде айтылған да. Мәселен, мына жолдарды оқылық: «Қазақстан әлі де болса еліміздің шикізат базасы күйінде қалып келеді: одақтық министрліктер мен ведомстволардың өктемдігі сақталып, тұтыну секторы мен әлеуметтік сала нашар дамытылуда; бірқатар аймақтарда экологиялық жағдай ауыр», – делінген документте.

Осындай жағдайда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті қайта құруды дамытудың нақты процестерін ой елегінен өткізуді жеделдету қажет деп санап, өз қызметінің принципті негіздерін белгілеп алуды көздегені өте дұрыс болған деп сеспеймін.

Енді Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Платформасының СОКП Орталық Комитетінің Платформасынан айырмашылығы бар ма?– деген сұрақ туындайды.

Иә, бар. Әрине, ол айырмашылық үлкен емес. Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті де, СОКП Орталық Комитеті де өз Платформасында Қоғамдық дамудың басты назарына Адамды қойғанымен, бұлардың бірі – бүкіл Одақтың мүддесін алға тартса, екіншісі – бұл мәселені ескере отырып, бірақ өз республикасының мүмкіндігі мен шамасын, яғни республиканың күш-қуатын қайткенде арттыруға болады деген мәселелерді аттап өте алмақ емес.

Екіншіден, республиканың ішкі мүдделеріне сәйкес келмейтін, кейде тіпті, қайшы тұжырымдарға Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің өзіндік көзқарасын білдіруі де – бұл Платформаның тек қана біздің Қазақстан Компартиясы ОК-нің Платформасы екенін көрсетіп тұрған жайы бар. Бұған дәлел – осы Платформаның II тарауын құрап тұрған: «Республиканың экономикалық дербестігі жолында» дейтін ой-толғамдар.

Сөзіміз жалаң болмау үшін, екі Платформадан да үзінді келтіріп, соны салғастырып көрелік.

Мысалы, СОКП Орталық Комитетінің Платформасындағы «Жаңа федерация жолында» деп аталатын тарауында: «Республикалардың экономикалық дербестігі болмайынша олардың нақты егемендігінің болуы мүмкін емес. Алайда қазіргі экономика ең жоғары деңгейде жұмыс істейтін орталықсыз күн көре алмайды. Орталықта өзімен-өзі болатын, федерацияға кіретін республикалардың, халықтардың түбегейлі мүдделерінен өзгеше мүдделер жоқ», – делініпті. Мұнда біріншіден, экономикалық дербестік жоқ жерде, республиканың нақты егемендігі де болуы мүмкін еместігі өте дұрыс айтылған.

Бірақ сөйте тұра, арасына сөз салмастан: «Әйтсе де осы заманғы экономика Орталықсыз өмір сүре де алмайды», – деу, сөйтіп, республикалар тағдырын қайтадан Орталық министрліктер мен ведомстволардың қолына беріп қою – бұл енді «саптыаяққа ас құйып, сабынан қарауыл қаратып қоямын» деумен бірдей нәрсе.

Ал «Федерацияға енген республикалар мен халықтардың түбегейлі мүдделерінен өзге Орталықтың ешқандай бір өзіндік мүддесі жоқ» дегенге келер болсақ, мұны теріске шығару үшін, солтүстіктегі ұсақ халықтардың қазіргі хал-жайына үнілмей-ақ, өзіміздің басымыздан кешкен жайды баяндасақта, жеткілікті. Мәселен, осы уақытқа дейін республикаға байланысты қандай да бір мәселені қарап шешкенде, федерацияға еніп отырған жергілікті халықтың пікірін тыңдап, оны елеспекерген Орталық ведомство немесе министрлік болды ма?!

1959–60 жылдары Ақтөбе облысындағы бір колхоздың жерін бір жазда әскерлердің алып алғанын көзім көрді. Халық шөл далаға – Оймауытқа көшіріліп тасталды.

Енді сол облыста тағы да ядролық қару сынала бастады. Сонда, Қорғаныс министрлігі, яғни Орталық – осының бәрінде де жергілікті халықпен ақылдасты деп отырсыз ба?

Бұл аз болғандай, енді соры қайнаған сол жерге түкпір-түкпірден радиоактивті қоқыстарды апарып көмгелі жатыр. Жұртта зәре жоқ. Олардың қарсылығына құлақ асқан Орталық – Қорғаныс министрлігі бар дейсіз бе? Тағы да жоқ, жоқ, жоқ!!!

Енді бұл туралы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Платформасы не айтады екен?

«Қазақстанның одан әрі даму перспективаларын біз... жаңарған федерация құрамында деп білеміз», – дей келіп, мұнда:

«Біз... Қазақстан коммунистері атынан республиканың өзін-өзі басқару мен өзін-өзі қаржыландыруға көшу процесін жеделдету, табиғат, еңбек және қаржы ресурстарын пайдаланудағы дербестікті кеңейту, ведомстволық өктемдікті жою қажеттігін батыл мәлімдейміз».

Көріп отырсыздар, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Платформасының осынау тұжырымдарын оқыған адам, бұл Платформаны – бұрынғы замандардағыдай, әшейін СОКП Орталық Комитетінің Платформасының жетегінде кеткен, соның сұрқай көшірмесі емес екенін, бұл шындығында да, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің өз ішінде қайнап, пісіп-жетілген, өзіндік Платформасы екенін мойындайтын шығар деп ойлаймын.

Заман биігінен көріну үшін, уақыт талабының үдесінен шығу үшін, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті де өз Платформасында осы заманғы ең актуальды мәселелердің жалына жармасыпты-ақ. Ал мұндай актуальды мәселелердің ең бастысы – бүгінгі таңда республика егемендігіне қол жеткізу болып отырғаны баршаға аян. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Платформасында алға тартылып отырған екі мәселенің бірі – Қазақстан Компартиясын жаңарту болса, екінші мәселе – жаңа федерацияда республика егемендігіне қол жеткізу болып отырғаны да сондықтан.

Республиканың немесе мемлекеттің егемендігі дегеніміз – сол мемлекеттің сыртқы істерде ешкімге тәуелсіздігі екендігі бір болса, екіншіден, ішкі істерінде де жоғарғы өкімет билігін оның өз қолында ұстауы. Яғни, бір сөзбен айтқанда ішкі істерінде де, сыртқы істерінде де мемлекеттің өз билігі өзінің қолында болуы. Өз елінің Бас иесі немесе Бас Егесі, өзі бола алмаған мемлекеттік өкімет егемендігі жоқ деп саналады. Кез келген дербес мемлекеттің егемендігін құрметтеу – осы заманғы халықаралық право мен халықаралық қатынастардың негізгі принципі, басты нысанасы. БҰҰ-ның Уставы мен басқа да халықаралық актілерде бұл ереже баяғыдан бері бар.

Біз болсақ, бұл мәселені енді ғана сөз етіп жатырмыз.

Расын айтар болсақ, СОКП Орталық Комитетінің Платформасында республикалар Компартияларының өз республикаларының территориясында мемлекеттік және қоғамдық өмірдің дамуына дербес саяси басшылық жасай алатындығы жөнінде де, бұл ретте олардың Орталықтан тәуелсіз болуының кепілдіктері жөнінде де нақты, анық ештеңе айтылмай кеткен болатын.

Соған қарамастан, республика Компартиясының Орталық Комитеті өз Платформасында мақсат-мүддесін ашық айтқаны және соны табанды түрде іске асырмақ ниеті бар екенін айқын жария етуі – тек қолдауға ғана лайық іс-қимыл. Өйткені егемендік – елдіктің кепілі.

*«Социалистік Қазақстан»,  
19.05.1990 жс.*

## АСТАНАДА БАСПАНА ЖАЙЫ ҚАЛАЙ?

*Нарықтың қыспағына түскелі «қайтсек тапшылық пен таршылықтан құтылар екенбіз» деп, ойы – онға, санасы санға бөлініп жүрген елдің жұқарған жүйкесін сәл нәрсенің өзі қоздырып жіберетініне талай рет куә болған жайымыз бар. Соның бірі – қарғыс атқыр, ширет (кезек) деген нәрсе. Дүкенге барсаң да – ширет, бір жаққа жол жүрерге билет алмақ болсаң да – ширет, қыл аяғы әлдебір анықтама қағаз керек болса да – ширет. Кезекке тұрмайтын кезің жоқ: ширетке тұрмай шешілген істі ешкім естімеген шығар.*

*Қысқасы, қайда барсаң да – ширет!*

*«Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көрерсің» демекші, ал енді ширеттің көкесін көргіңіз келсе, сілтеп жіберерлік жерлер де жоқ емес.*

*Сондай орындардың бірі – қалалық Тұрғын үй департаменті. Біз бүгін газет тілшісінің осы мекеме бастығы Шәріп Зәкиұлы Бекбатыровпен сұхбатын назарларыңызға ұсынып отырмыз.*

*ТІЛШІ: Алматы қалалық әкімшілігінің Тұрғын үй департаменті дербес мекенжайға көшіпті. Құтты болсын!*

*Шәріп Зәкиұлы: – Рақмет!*

*Т.: – Департамент дербес мекенжайға көшіп, керегесі кеңейсе де, есігінің алдынан ертелі-кеш ширет арылмайтыны неліктен? Штатта қызметкерлер аз ба, техникалық мүмкіндіктеріңіз шектеулі ме? Әлде, бәлкім, осының бәрі – әлдеқандай бір қызметкерлердің алдына келген адамды бюрократиялық шырғалаңға салып қоюынан шығар...*

*Ш.З.: – Алматы қалалық әкімшілігінің Тұрғын үй департаменті – астана тұрғындарының тұрмыс-тіршілігіне жағдай жасауға жауапты үлкенді-кішілі билікті орындардың ішінде ең бір мігірсіз еңбек етіп отырған мекеме десем, артық айтқандық болмас деймін. Өйткені өзіңіз де білесіз, халықта: «Үйі жоқтың күйі жоқ!» – деген сөз бар, барша мәселе – ең алдымен, баспанаға кеп тірелетіні аян. Ал пәтер мәселесімен айналысып*

отырғандықтан да, алғысты да көп еститін, қарғысты да көп тыңдайтын осы мекеме адамдары. Есікті теуіп кіретін – төзімі аздың да, арызын жоғарыға айдап жіберіп, жауабын берейік дегенде жым-жылас жоқ боп кететін жемірлердің де талайын көзімізбен көріп жүрміз. Бірақ сол көпшілікке қызмет көрсетуге тиісті әрі сол көпке тәуелді мекеме болған соң, бәріне де төзуге тура келеді, әрине...

Ал енді «есік алдынан ертелі-кеш арылмайтын ширет» мәселесіне келсек, оның да өзіндік себептері бар. Соның ең бастысы: 1992 жылға дейін тұрғын үйлерді жекешелендіру – қала ішіндегі 60 шақты мекемеде жүргізілген болса, 1992 жылдың 24 тамызынан бастап бұл іс бір ғана қалалық Тұрғын үй департаментіне жүктелгендіктен. Алғашқы кезде біраз қиналғанымызбен, қазір бұл іс те едәуір жөнделді, дұрыс жолға қойылды деуге болады. Мәселен, бұрын адамдар пәтерін жекешелендіру үшін 5–6 ай сабылып, төрт-бес мекеменің табалдырығын тоздыратын болса, қазір тек қана департаментке құжаттарын тапсырады да, 1–1,5 айдан кейін дайын қағаздарын алуға келеді. Бұл екі арада тиісті мекемелермен тек департамент қызметкерлері ғана жұмыс істейді.

Кезектегі адамның көптігінің енді бір себебі – күллі Алматының пәтерін (ал астанада қанша халық бар екені баршаға аян ғой!) бір күнде, не бір айда жекешелендіріп болу мүмкін емес екенін жұрт түсінер деп ойлаймыз. Өйткені біздің мүмкіндігіміздің де шегі бар: күніге 500–600 адам қабылдап, олардың құжаттарын тексеру, пәтерлерінің құнын есептеу – оңай шаруа емес әрі уақытты керек етері сөзсіз. Ал, штатты көбейтер болсақ, ертең жекешелендіру біткенде, олар жұмыссыз қалуы мүмкін. Қазірдің өзінде тұрғын үйдің 80 пайызын жекешелендіріп болдық, бес-алты айда біржола аяқтаймыз ба деп отырмын.

*Т.: – Енді мынадай екі сауалға жауап бере кетсеңіз... Біріншіден, егер азаматтар жекеменшік үйін сатқалы келсе немесе біреудің жеке үйін сатып алғысы келсе, не себепті оған департаменттен рұқсат сұрауы керек болып отыр? Неге арыз жазуға мәжбүр? Мұны жай ғана істің реті (формальность) осылай*

шығар дейін десек, үй кімнің иелігінен кімге көшкендігін тіркеп отыратын техникалық санақ бюросы (БТИ) бар емес пе!?

Екіншіден, соңғы кезде азаматтардың әлгіндей арызы енді шартты түрдегі «керек қағаз» болудан асып, салиқалы комиссия қарайтын объектіге айналыпты. Яғни, комиссия рұқсат етсе – сатасың (не сатып аласың); рұқсат етпесе өз меншігіңе өзіңнің билігің жоқ, сата алмайсың. Сонда бұл – адам құқын аяққа басқандық болып шықпай ма? Ал Қазақстан Республикасының Конституциясына қарасаңыз, онда былай деп жазылған:

*«Республика азаматының меншік иесі болуға хұқы бар. Меншік иесі өзіне тиесілі мүлікті өз қалауынша иеленеді, пайдаланады және оған билік етеді...».*

(5-тарау, 18-бап).

*«Азаматтарды қандай да болсын құқығы мен бостандығынан айыруға немесе оларды шектеуге ешкімнің қақысы жоқ, мұны осы Конституцияға сәйкес қана істеуге болады».*

(7-тарау, 32-бап).

*Ш.З.:* – Алматы қаласында тұрғын үйлерді сату және сатып алу кезінде департаменттен рұқсат алатыны рас. Рұқсатты департамент емес, қалалық әкімшіліктің комиссиясы береді. Комиссияның міндеті – сатуға, сатып алуға кедергі жасау емес, негізгі мақсаты – қала халқының саны тым шектен тыс көбейіп кетуіне бақылау орнату. Бұған қоса, сырттан – басқа республикалардан келіп, Қазақстанның азаматтығын алмаған адамдарға үй сатқызбау. Бұл 700–800 мыңдай ғана адамның қалыпты өмір сүруін қамтамасыз ете алатын Алматы сияқты тау қойнауындағы қаланың табиғи мүмкіндігін ескере отырып, экологиялық қиындықтар туып кетуінен сақтану шарасы да. Қазірдің өзінде астанада халық саны оның мүмкіндігінен екі есе артып кеткенін, бұған автотранспорттың да ауаны ластауын қоссаңыз, әлгіндей шектеу шараларының лажсыздан туып отырғанын түсіну қиын емес болар деп ойлаймын. Ал Алматыда тіркелімде тұрған Қазақстан азаматтары өз ақшасына қанша пәтер алам десе де қақы бар, оған комиссия да ешқандай шек қоймайды.

## Шығармалары. Екінші том

*Т.: – Ал енді, нарық экономикасының қыспағына түсіп, онсыз да көңіл-күйі пәс болып жүрген елдің еңсесін ұзын-шұбақ ширетпен езе бермей, халыққа қызмет көрсету ісін қайткенде де жақсартта түсу үшін не істеп жатырсыздар? Осы жөнінде бір-екі ауыз сөз айтсаңыз...*

*Ш.З.: – Қазіргі кезде қабырғадан қысқан қымбатшылық жайлы қынжыла айтпайтын адам жоқ. Айтқын келмейді-ақ, алайда айналадағы ахуалдан айналып өтер шама кімде бар? Міне, осы қымбатшылық, тапшылық тұрғын үй құрылысы саласын да тұралатып тастады. Соған байланысты қалада тұрғын үйлердің пайдалануға берілуі бәсеңдеді, кей жерлерде мүлде тоқтап қалды. Енді үй салудың жаңа заман тудырған әдістері: кооперативтік, үлестік, жекеменшік, т.б. түрлері көбеюге тиіс. Департаменттің жұмысы да соған сәйкес оралымдылық танытуы керек. Қазірдің өзінде, бұрыннан атқарып келе жатқан қызметімізге жаңа міндеттер қосылды. Бұл департаменттің құрамындағы бөлімдердің аттарынан да байқалып тұрған шығар. Тұрғын үй заңдары мәселесінде нақты көмек көрсететін – заң бөлімі; азаматтардың арызы мен хаттарын қарап, талқылау бөлімі; тұрғын алаңын есепке алу және бөлу бөлімі; құжаттарды реттеу бөлімі; тұрғын үйлерді айырбастау бөлімі; ақпарат бөлімі; тұрғын үйлерді жекешелендіру және тұрғын үй купондарын беру бөлімі; тұрғын үйлерді сату, сатып алу бөлімі; кооперативтік үйлердің құрылысын ұйымдастыру бөлімі, т.б. Осының бәрі қайткенде де халықтың қам-қарекетіне қолдан келгенше қызмет көрсетуге тырысатыны сөзсіз. Өзіңіз айтқандай, «жоқшылықтан жүйкесі жұқарып жүрген» елдің көңіліне демесін, қолтығына сәл де болса сүйесін болуға жарасақ, еңбегіміздің еш кетпегені.*

*ТІЛШІ: – Әңгімеңізге рақмет!*

*«Түркістан» газеті,  
29.03.1994 ж.*

## САЙЛАУ АЯҚТАЛДЫ-АУ, АЛ...

Иә, «тойдың болғанынан да, боладысы қызық» демекші, бүкіл ел болып дүрлігіп, ендігі жерде тұрақты түрде жұмыс істейтін кәсіби парламентімізді де сайлап алдық-ау. Алла оған береке берсін!

Бірақ... Орталық сайлау комиссиясының қорытындылары мен жаңадан сайланған депутаттардың тізімі баспасөз беттерінде жариялануы мұң екен, осымен бүкіл шаруа тәмамдалғандай, республикалық ресми басылымдардың көпшілігі-ақ бұл науқан туралы ләм-лим үнсіз қалды.

Неге?

Шынымен-ақ, осынша тартыспен өткен күні кешегі сайлау бізге түк ой салмады ма?

Әлде, ресми орындағылар: Бұл сайлау да – баяғы сайлаулар секілді, тағы да біздің жеңісіміздің куәсі – республикадағы ресми орындардың тұтқасын ұстап отырғандардың сайлауы болды; колдарыңнан келсе – құлағымызды кесіп ала қойыңдар, ал!» – деп, істі үн-түнсіз тындырып алған соң, тым-тырыс отыр ма!/? – Қайсысы болғанда да, онша қолайлы жай емес.

Оның үстіне, ресми баспасөз үндемей қалды екен деп, олардың қас-қабағына қарап отыратын баяғы кез тағы жоқ. Шүкір, заман басқа! Қоғамдық-әлеуметтік жағдай өзгеше! Олар үндемесе, ойындағысын ірікпей айтатын бейресми басылымдар бар, (бәлкім, осы соңғыларға керегі де – ресми басылымдардың үндемегені шығар). Қазір жұртшылық республикадағы сайлаудың қалай өткені туралы сан-саққа жүгіртілген әңгіменің бүге-шігесін солардан оқып, «қанығуда».

Бізге керегі осы ма еді сонда?!

Неге біз соның бәрін өзіміздің республикалық ресми басылымдардың бетінен оқымаймыз?

Ашық әңгімеден неге қашқалақтай береміз осы?! – Сауал көп. Жауап жоқ.

Басқасын былай қойғанда, шындықтың көзіне тура қарап, катені – кате; кемшілікті – кемшілік деп мойындауға да дәтіміз

жетпегені; «өз ақылым – ақыл-ақ, кісі ақылы шоқырақ» деп қисайып алып, қыңыратқып, өмірі ештеңені мойындағымыз келмейтіні-ақ жаман. Сайлаудың дұрыс өтуіне жауапты ресми адамдар: бұл сайлау – біздің республикамыздағы ең бір демократиялық сайлау болды; Қазақстанда көппартиялылықтың орнығып, нығайып келе жатқанын анық байқатты, т.т. деп, қанша жерден дәлелдемек болса да (әр нәрсе – салыстырмалы түрде анығырақ көрінеді ғой; бұрынғы кездегімен салыстырғанда бұлардың айтып отырғаны ақиқат болуы да әбден мүмкін!), бірақ әлемнің әр түкпірінен келген бақылаушылардың (ОБСЕ парламенттік ассамблеясы делегациясының) қорытынды пікірлерін мүлдем мойындамау; кейбіреуін тіпті дәлел-дәйексіз теріске шығару – ойлы адамға онша жарасып тұрған іс емес екені кәміл. Ең болмағанда, бұл топқа енген адамдардың қорытынды пікірлерінің дұрыс-бұрыстығын ой елегінен өткізу үшін, өзімізге – сайлаушыларға мүмкіндік жасалса екен-ау (мәселен, республикалық ресми газеттерге олардың пікірі ашық жарияланып, оны жұртшылықтың талдап-талқылауына ұсынса екен!). Өздерінен басқаша ойлайтындардың пікірін жарыққа шығаруға ресми орындардың тәуекелі тұрмады. Ол – ол ма, «Жабұлы қазан жабұлы күйінде қалады» деп ойласа керек, ресми орындар әлгі «Қорытынды пікірді» жарияламаса да, оның жаңсақтығы жөніндегі уағызды жұрттың санасына құйып-ақ бақты. Оған сенетін ашықауыздар табылды ма, жоқ па – кім білсін!? (Әрине, табылмайтын болса – айтпас еді ғой; табылатынын біліп, құлақтарына құйып отырған шығар). Бірақ «Столица» газеті өзінің 18 наурыздағы №7 санында ешкімнің бет-жүзіне де, атақ-абыройына да қарамастан, әлгі қорытынды пікірдің 10 тармақтан тұратын толық текстін жариялап жіберіп, біраз ресми адамдарды «ұятқа қалдырды»; алайда оның есесіне, беделді халықаралық бақылаушылар тобының біздегі сайлау туралы нендей пікір білдіргенін халықтың алдына ашық жайып салып, ойламаған жерден абыройлары аспандап шыға келгені, сол арқылы оқырмандарын көбейтіп кеткені анық. Мінеки, өтірік «мың Сіз-бізден», шырқыраған бір шын «шыж-быждың» артықтығы қайда жатыр.

Соны көре отырып, күні кеше ғана өзіміз ыстық-суығын ба-сымыздан кешкен сайлау додасының кейбір қырлары туралы үндемей қалу мүмкін болмады.

Сонымен...

Өтер сайлау – өтті ғой, бірақ көңілде қандай ойлар қалды?! – десек, ең алдымен, сайлау туралы Заңның өзінің арқауы әлі бос екендігі бірден ойға оралады. Өйткені көптеген маңызды мәселелердің тиянағын іздесеңіз, Кодекстен олардың жауабын таба қоюыңыз екіталай. Мәселен, әңгімені депутаттыққа кан-дидат ұсынудан бастасақ, не себепті қоғамдық ұйымдардың республикалық органдары ұсынған кандидат пен өз кандида-турасын өзі ұсынған адамдарға қойылар шарттарда еш айырма жоқ? Айталық, неге екеуі де сайлаушылардың қолдағанын рас-тайтын қол қою парақтарын (3 мың адам қол қойған қағазды) тапсыруға міндетті?

Ақиқатын айтсақ, өзін-өзі ұсынған кандидаттың оны кемінде 3 мың адам қолдайтындығын куәландырып, қол қою парағын тапсыруы дұрыс та шығар; ал, бірақ қоғамдық ұйымның респу-бликалық органы сол ұйымның еліміздегі күллі мүшелері атынан ұсынып отырған кандидатқа: «сен де 3 мың адам қолдайтынын айғақтап, қол қою парақтарын толтырып әкел» деп талап қою – жұмсартып айтқанда, Әділет министрлігінің тексеруінен, тіркеуінен өткен республикалық үлкен ұйымдарға сенімсіздік білдіру де; ал қаттырақ айтқанда – мүлде жосықсыз, ешқандай ақылға сыймайтын, әншейін біреудің жолын байлау үшін ойдан шығарылған нәрсе секілді көрінетінін жасыруға болмас.

Өздеріңіз ойлаңыздаршы: біріншіден, егер қоғамдық ұйым-дардың республикалық органы ұсынған кандидат ертең әлгі өзін-өзі ұсынған кандидат секілді, бұл да 3 мың қол жинайтын болса, ендеше оған қоғамдық ұйымның ұсынған, ұсынбағандығының не қажеті бар? Одан да, (ұсынар ма екен, ұсынбас па екен? деп алаңболғанша, оның қағаз-қаулыларының шыққанын күткенше), «ұсынбаса, теріс қарай ұсынсын!» – деп жолынан қалмай, өзін-өзі ұсынып-ақ, алаңсыз 3 мың қол жинауға кірісе бергені мақұл емес пе?! «Құда да тыныш, құдағи да тыныш». Екіншіден, өзін-өзі ұсынған кандидатқа қойылар талап, бұлардың кандидаты-

на да қойылар болса, екеуінің еш айырмасы болмаса, осынау таршылық қыстаған заманда қоғамдық ұйымдар депутаттыққа кандидат ұсыну үшін азғантай қаражаттарын желге шашып, республикалық деңгейде съезд шақырып, конференция ашып, делегаттардың жалпы құрамының көпшілік даусын санап, шала бүлінуінің, кандидаттың ұсынылуы туралы парақ-парақ хаттама жасауының не қажеті бар? Қайта, жергілікті ұйымдарына: «біздің адамдардың өзін-өзі ұсынып, дауысқа түсуін қайткенде де қамтамасыз етіңдер!» – деп тапсырма беріп қойып, тыныш жатқандары жайлы емес пе?! Үшіншіден, мұның өзі – әлгі қоғамдық ұйымның Әділет министрлігінде тіркелген – тіркелмегенін айғақтайтын құжат іздеп, тағы да қағаз даярлау секілді басы артық шаруадан да кандидаттың қолын босатуы емес пе?! Қысқасы, Кодекстегі мына жағдайға қарағанда, Сізді кандидаттыққа қоғамдық ұйымдардың ұсынғанынан гөрі, өзіңізді-өзіңіз ұсынғаныңыз әлдеқайда тыныш та, тиімдірек секілді.

Ал енді осының бәрі – кандидаттардың (қоғамдық ұйымдар ұсынғандардың да, өзін-өзі ұсынғандардың да) дауысқа тең, бірдей жағдайда түсуі үшін әдейі жасалған шара дейін десеніз, мұның да еш қисыны жоқ. Неге?! Өйткені Кодексте дауысқа түсетін кандидаттарға бірдей жағдай жасалатындығы туралы жалпы ұғым болғанмен, ол еш нақтыланбаған. Мәселен, мұнай, газ кәсіпорындарынан ұсынылған кандидаттар елді сол кәсіпорындардың тікұшағымен аралап, кездесулер өткізіп жүрсе; кандидаттыққа ұсынылған шаруашылық басшылары, кеңшар директорлары кешегі қақаған қыс, қатты борандарда алдарына К-700 тракторларын салып, астарына алды-арты бірдей істейтін УАЗ-469 машинасын мініп жүріп ел аралап, халықпен кездесе, қатардағы кандидаттардың олармен қандай әділетті, қандайлық бірдей жағдайда дауысқа түскендігі туралы байсалды әңгіме қозғауға болады?! Қайта, «қарға – қарғаның көзін шұқымайтынын» көрсетіп, жергілікті әкімшіліктер-әкімшілік ұсынған немесе әкімшілікке жақын жүрген, қолында билігі барларды қолдады десек, қолайлы жағдайды да соларға жасады десек, ақиқатқа жақындау болса керек.

Айта берсек, әңгіме көп. Әлгі Кодекстегі ережелердің нақтыланбағанына мысал іздей бастасаңыз, кез келген жерден табар едіңіз. Мәселен, Сіз мына тұжырымға қалай қарайсыз: «Осы Кодекстің талаптарын (байқап отырсыз ба: белгілі бір бабын ғана емес, тұтас «талаптарын!» – Астын сызған біз – Қ.М.) кандидат бұзған жағдайда оған ескерту жасалады, ал оларды (тағы да қараңыз: бір баптың талабын емес, «оларды» – яғни Кодекстің бірнеше талабын! – К.М.) қайталап бұзған жағдайда тиісті сайлау комиссиясы оны тіркеудің күшін жояды». (56-бап).

Сонда, сайлау ережесін бұзған кандидатты тіркелімнен шығарып тастау үшін, ол өзі Кодекстің неше талабын және қандай-қандай талаптарын бұзған болуы керек болды өзі?! Ал түсініп көріңіз! Бұл дегеніңіз – керек болса «қолайсыз» кандидатты тізімнен оп-оңай ұшырып жіберуге; ал қайткенде де аман алып қалуына тиісті кандидатты жан сала қорғау керек болса, оған да таптырмайтын әдіс емес пе?!

Заңды олай да, бұлай да түсіндіруге болатын жағдайда, әлбетте, осылай болатыны – сөз жоқ, қадірлі оқырман. Ал болары болып, бояуы сіңген соң: «Иә, енді... сайлауымыз – төрт аяғынан тең басып тұр десек, артық айтқандық болар еді. Кемшіліктер болды... Кей тұста айтарлықтай ақаулар жібергеніміз де рас», – деп мойындадық не, мойындамадық не?! Ондай сөзді өмір бойы естіп келе жатырмыз, бірақ жағдайдың жөнделгенін көрген ешкім жоқ. Сондықтан ендігі жерде мүмкіндігінше сол кемшіліктерді жібермеудің жолдарын алдын-ала қарастырғанымыз; ол үшін сайлау туралы заңымызды қайта-қайта қарап, пісіріп, пысықтап қойғанымыз жөн болар еді.

Әрине, Кодекске түзетулер мен толықтырулар енгізсек болды, сайлау проблемасы түбегейлі шешіле қалады деп ешкім де айтпайды. Өйткені Кодексіңіз қаншама демократиялық Кодекс болса да, бар билік қолында тұрғанда, баяғы тоталитарлық заманның номенклатурасы әлі күнге тұтасып отырғанда, сайлау – қайтсеңіз де бұрынғы жолымен жүре берері сөзсіз. Өзіңіз ойлап қараңызшы: қайда барсаңыз да, округтік сайлау комиссиялары қайда отыр – әкімшілікте. Оның басшысы мен

Шығармалары. Екінші том

қосшысы кімдер? – Аудан әкімшілігінің басшы-қосшылары! Айталық, округтік комиссияның төрағасы – аудан әкімінің орынбасары; мүшелері кімдер? – Сол әкімшіліктің аппаратындағы қызметкерлері. Сайлау учаскелерінде де (кеңшарлар мен олардың бөлімшелерінде де) жағдай дәл осындай! Қай-қайсысы да жоғарыдан түскен нұсқауды қалт еткізбей орындауға даяр отыр (әрі мәжбүр). Сонда біздің сайлау – қайдан нағыз демократиялық сайлау дәрежесіне көтеріле қойсын?! Ендеше, біз келесі сайлауларға дейін мұндай-мұндай «ұсақ-түйектерді» де ұмытпай, оларды ескере отырып, сайлауды бұрынғыдан басқаша өткізудің жолдарын қауым болып шарқ ұрып іздестіре бергеніміз мақұл.

Әрине, ізденіс жолы – қашанда иір-иір әрі сан тарау. Бірақ қайтесіз, тек қана... «Ізденген жетер мұратқа!».

Сонымен, сайлау аяқталды-ау, бірақ өкінішке қарай, ескі проблемалардың көбі баяғысынша қалып қойғанға ұқсайды. Олардың шешімі қашан табыларын бір Құдай білсін!

*«Түркістан» газеті,  
5.04.1994 ж.*

## **КІСІЛІК ПЕН КІШІЛІК**

Атырау өңірінде соңғы жылдарда болып жатқан түбірлі өзгерістер, соның бәріне көшбасшы боп жүрген облыстың жас әкімі туралы әңгімелерді баспасөз беттеріндегі материалдардан да, ауыл мен оңтүстік астана арасына қатынап жататын адамдардан да жиі еститінбіз.

Жақында ұлан даланың ұлы перзенттерінің бірі – Бейбарыс сұлтанның 775 жылдық мерейтойына байланысты жол түсіп, Атырауға бара қалғанымызда, не нәрсе туралы да мың мәрте естігеннен, бір рет көргеннің артықтығына тағы бір көзіміз жеткендей болады.

Атырау адам танымастай өзгеріпті! Бұрынғының... бірі жоқ. Жайықтың екі бетінде де кеңейтілген көшелер көсіліп жатыр. Жағалаудың өзі қандай әсем! Қай жағыңа қарасаң да, шаруа-

қор қожайынның ұсынақты қолынан шыққан тап-тұйнақтай тазалық, жинақылық...

Әрине, «Мәскеу де бірер жылда бой көтере қалған жоқ» деп орыстар айтатындай, асықпай аралап көрген кісіге мұнда да шаһардың шешілмей жатқан проблемалары әлі де баршылық шығар. Оған сөз бар ма?! Бірақ көп жылдар бойы қордаланып қалған әлеуметтік мәселелерді шешу – бірер күннің немесе бірер жылдың еншісі емес екені де түсінікті.

Дегенмен, бұл жерде әңгіме тек қаланың сыртқы көрінісі туралы ғана емес, ең бастысы, облыс басшысының өткен тарихымызға, оның аса құнды жәдігерлеріне деген құрметі мен ықыласында; қаланың ғана емес, сол қаланы мекен етіп жатқан жұрттың рухани өміріне – мәдениеті мен өнеріне, ділі мен дініне деген көзқарасында болып отыр. Бізді сол тәнті етті. Баяғы бір жылдарда, осы облыста Н.Оңдасынов бірінші хатшы болған кезде, «обкомның бірінші хатшысы облыстық мұражайға өз аяғымен барғанын өмірімізде бірінші рет көріп едік. Ондай білікті адам қайда?» – деп әлі күнге соның өзін аңыз қылатын атыраулықтар, енді бүгін халықтың рухани өміріндегі әлгіндей орасан зор ауқымды істерге мұрындық болып жүрген Иманғали Нұрғалиұлына, иә-иә, өздерінің жана, жас әкімдері Иманғали Тасмағамбетовке деген жылы лебіздерін жыр қылып ақтарыла айтып жатса, одан оғаштық іздеудің жөні бола қояр ма екен!

Халқымыз: «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын!» – дейді. Асылы, азаматтың елге жасаған еңбегі елеусіз қалмай, ең болмаса ара-тұра айтылып жүргенінің артықтығы жоқ-ау, сірә. Осы ретте, кісінің кісілігін танытатын мынадай бір жайтты айта кетсем деп едім.

... Атырауға барған сапарымызда, ұлттың рухани өміріне баса көңіл бөліп жүрген саусақпен санарлық аз ғана әкімдердің бірі ретінде, Иманғали Нұрғалиұлына мен де бір өтініш айтқанмын. Өзім үшін емес! Туған жерімдегі белгілі тарихи орын – Ермағанбет ишан мешітін қалпына келтіру ісіне демеушілік жасауын сұрап ем. «Жақсыда – жаттық жоқ»-тығын білдіріп, «бұл біздің облыстың жеріндегі ескерткіш

Шығармалары. Екінші том

емес қой» деп себеп іздемей, қазақ жерінің қай түкпіріндегі болса да, белгілі тарихи-мәдени орындардың бәрі-бәрінің де ел игілігіне қызмет етуі қажеттігін ғана басты мұрат деп ұғатын ұлтжанды әкім кесек мінез танытып, жақында соған көмекке азаматтық қолын созыпты.

Мен мұны туған елі мен жерінің тарихын бөліп-жармайтын үлкен жүректі азаматтың кемел ойлап, кең толғап барып тоқтаған шешімі деп ұқтым.

Иллаһим, бізде осындай үлкен ауқымда ойлайтын азаматтар көп болғай-дағы!

*«Ана тілі», 9.11.2000 ж.*

## АЗАМАТ

Мен бұл жігітті алғаш рет «орда бұзар» отыздың үстіне шыққан кезінде көргенмін. Алматы үй құрылысы комбинатының партия комитеті хатшысының орынбасары екен. Жалындаған жас жігіт туралы сол кезде-ақ жазғым келген. Неге екенін қайдам, жазбадым!

Арада жылдар өтті... «Қамал алар» қырық жасында да Мұфтолла Тойбазарұлы Дабыл баяғы алғаш көргендегімнен қылаудай өзгерген жоқ. Ортақ іс, қоғамдық жұмыс дегенде сол баяғы от болып жанатын жігерлі жігіт күйінде қала берді. Бұл кезде біз жай таныс емес, жақын жолдас, тату дос боп кеткен едік. Сол тұстағы баспасөз беттерінде «Жақсы адамдар жаныңда жүр» деген айдармен осындай азаматтар туралы талай материалдар жарияланып жатқанын көріп жүрсем де, тағы жазбадым. Себеп? Шамасы, бұл жолы: «Өзінің жолдасы; күнде бірге жүрген досы болғасын мақтап отыр» деген қаңқу сөзден қысылған болуым керек. Несін айтайын, әйтеуір осы азаматтың есімін елге таныстырудың еш сәті түспей-ақ қойғаны.

Одан бері де қаншама қыс келді, қанша жаз өтті...

Оңғақ мінез, құбылмалы құлықтың адамы болса, ендігі оның тоқсан тоғыз түрленетіндей-ақ жөні бар-ды. Бірақ Мұхаң...

бүгінде ағаның жасы – алпысқа шығып отырған біздің Мұфтолла Тойбазарұлы өзінің өмірлік принциптерінен еш айнымастан, бұл күнге сол баяғы алғаш көрген кезіміздегідей ашық жүзбен, абыройлы азамат күйінде келіп отыр.

Азамат демекші... кешегі күндері біз осынау бір қасиетті сөздің қадірін кетіріп ала жаздаған кезіміз де болған. Жақсылығы бір өзінің басынан, әрі кетсе – айналасындағы ағайын-туғанынан аспайтын әлдекімдерді де кейбіреулер: «Ой, біздің пәленшекең жақсы жігіт қой, қатардың азаматы ғой!» – десіп жататын күйге жеткен. Сондайда менің есіме Мұфтолла Тойбазарұлы және... сол секілді жігіттер түсуші еді. Сондайда шын жақсының, нағыз азаматтың өзі үшін емес, ең алдымен жұрты үшін, елі үшін шыр-пыр болатынын мына жұрт неге алдымен ауызға алмайды екен деп, ашына айғай салғым кеп кетуші еді. Өйткені біздің қазақ қашаннан азамат деп өз мүддесінен гөрі көптің, ел-жұртының мүддесін жоғары қоя білетіндерді, керек болса, сол үшін өзінің басын бәйгеге тіге алатындарды айтқан ғой. Ал біздің Мұфтолла Тойбазарұлы болса, кешегі тоталитарлық қоғамның тұсында да қақап тұрған заманның қаһарына қаймықпай, елінің болашағын, еңсесі биік ертеңгі күніміздің қамын ойлай білген сондай азаматтардың бірі еді. Ол... астанамыз Алматыдағы зауыт-фабрикалардың көбі қазақ жастарын әртүрлі желеумен жұмысқа алмай жүрген сонау бір кездерде, өзі комсомол комитетінің хатшысы болып істейтін Алматы үй құрылысы комбинатына қазақ жастарын көптеп шақырып, жұмысқа тарта білген-ді. Өзі секілді жастарды жұмысқа шақырып қана қоймай, кейін солардың қолдауымен комбинат кәсіподақ ұйымының төрағасы боп сайланған кезде де, оларды бірінші кезекте үймен, жатақханамен; ал олардың нәрестелерін яслимен, балабақшамен қамтамасыз етуге қаншама қыруар еңбек сіңірді десеңізші. Мұны түсіну үшін, мына бір жайларды айта кетсек, жағдайды жақсырақ ұғуға болатын шығар.

...Мұфтолла Тойбазарұлы әуелі цех комсомол ұйымының, сәл кейінірек комбинат комсомол комитетінің хатшысы болып істеген сонау алпысыншы жылдардың екінші жартысында

бүкіл комбинатта 800-дей адам жұмыс істесе, соның жетпіс-сексені ғана қазақ жастары екен. Ал сексенінші жылдардың екінші жартысында ол комбинат кәсіподақ ұйымының төрағасы, сәл кейінірек комбинат директорының орынбасары болып істеген кездері, – кәсіпорындағы жұмысшылар саны он есе өсіп 8 мыңға жеткенде, солардың 60 пайызы (иә, иә 60 пайызы!!!) өзіміздің қаракөз қандастарымыз болғанын, сөйтіп қазақ жастары өз елінің астанасында берік ірге теуіп, көпшілігі отау құрып, пәтер алып, үйлі-баранды болып, республика астанасында жергілікті ұлт өкілдерінің санын ғана көбейтіп қоймай, әсем Алматыны көркейтуге үлес қосқандарын қалайша мақтан етпессің! Сол жастар өздерінің жетекшілері – сол кездегі жалындаған жас жігіт Мұфтолла Тойбазарұлын әлі күнге ауыздарынан тастамай, құрметпен көкке көтере сөйлейді.

Әрине, олары тектен-тек емес. Өзің жас болсаң, жастарға тән максимализммен кеудесіне нан піскен өзіндей өңшең өрендерге бас болу – оңай шаруа деп ешкім айта қоймас! Ал Мұфтоллада оларға көшбасшы боларлық қасиеттер, шынында да, мол еді. Он жылдық мектепті үздік бітірген, әскер қатарынан оралған соң Алматы халық шаруашылығы институтына түсіп, оны да үздік тамамдаған, өзі сауатты, өзі жігерлі; өзі домбыра, сырнай тартып, ән де сала білетін өнерлі; өзі спортшы әрі мерген аңшы; қысқасы сегіз қырлы, бір сырлы жігіт – шын мәнінде, олардың лидері, бастаушысы бола білді.

Мұфтолла Тойбазарұлы қолға алған істің тоқырап тұрған орнынан жылжып жүре беретін бір ғажабы бар...


Жұмысшылардың әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық мәселелерімен шұғылданып жүрген сонау сексенінші жылдары комбинат кәсіподақ ұйымының төрағасы Мұфтолла Дабыл ертеден бірінші топта салпақтап келе жатқан қыздар волейбол командасын қолға алып, камқорлық жасауы сол екен, команда екі жылда жоғарғы топқа шығып қана қоймай, 1982 жылы КСРО чемпионы атанды.

Сол команда 1982–1992 жылдар аралығында, он жыл бойы Қазақстанның атын әлемге әйгіледі. Үш дүркін Еуропа кубогін жеңіп алды. Волейболшы қыздар Мұфтолла Тойбазарұлын

«Біздің өкіл әкеміз» дегенде, мен қызыға да, қызғана қараушы ем.

Сол бір кез қандай бақытты сәттер еді десеңізші!!!

Иә, сол бір азамат маған ылғи да туған елі мен жерінің абыройын аспандату үшін, тек соның ғана мұң-мұқтажын түгендеу үшін жаралған секілді көрінеді кейде. Өйткені жиырма жеті жыл бойы ол Алматы қаласындағы аудандық, қалалық мәслихаттардың депутаты болған кездерінде де, бірінші кезекте сол елі мен жерінің мүддесі туралы ой өрбітуден бір танған емес. Ал өзі туып-өскен Арал аймағы, апатқа ұшыраған теңіз ортасындағы кішкене ғана аралшыққа орналасқан өз ауылы – Ауан туралы сөйлегенде толқығанын көрсеңіз... Қайсыбірін айтайын, мынадай қилы заманда қиыншылыққа тап келген жерлестеріне қарлығаштың қанатымен су сепкендей қол ұшын беру ниетімен, сонау Ауандағы арасан сумен емдеу орнына өз қалтасынан қаржылай-заттай көмек ұсынғанын көргенімде, ешқашан сөзі мен ісі алшақ кетіп көрмеген осы азаматтың шын кісілік келбетіне тағы бір тәнті болғаным бар. Санамалай берсек, мұндай сәттер тіпті қаншама... Илаһим, осындай азаматтар елде көп болғай деп тілейік!



V бөлім

# ЖАНЫМНЫҢ ЖАРАСЫ





## КӨРДІҢ БЕ, ОНЫҢ КӨКЕСІН?

Сарғайған сурет... Бұдан 42 жыл бұрынғы. Сол суреттен әлі мұрты да тебіндеп үлгермеген, әскери формадағы уыздай жап-жас жігіт кісіге жылыұшырай қарайды.

Қарсы алдымда да сол кісі. Бірақ... иығы еңкіш. Басы бурыл. Тек көзіндегі нұр, өңіндегі жылылық өзгермепті.

Алдымызда пора-пора қағаз... папкалар, сарғайған документтер, газет қиындылары. Әсіресе, хаттар. Хат, хат, тағы да хат! Қазақша жазылғандары тау-төбе. Орысша жазылғандары да үйме-жүйме. Оқи бастасаңыз, көзіңізге жас келеді. Көмекейіңізге тас тығылғандай болады. Сұрайтындары – «Көрдің бе менің көкемді?».

Есіме еріксіз Сырағанның (Сырбай Мәуленовтың) «Соғыстан қайтқан солдаттар» атты өлеңі түседі. Іштей қайталаймын:

*«...Кетерде солдат жарының,  
Ішінде қалған, ана жыл.  
Көкемді айтпай танырмын,  
Деп бір сәби бала жүр.*

*Қайрылмай қалай кетесің,  
Хабарсыз қалай ол тоқтар.  
Көрдің бе, оның көкесін,  
Соғыстан қайтқан солдаттар».*

196-Қызыл Тулы Гатчинолық атқыштар дивизиясының Ақтөбе облысындағы Ардагерлер советінің председателі Шаймырза Дәржанов аға да сол «Соғыстан қайтқан солдаттардың» бірі. Мінеки, оған келген хаттардың бірінен соң бірімен танысып отырмын.

*«Ассалаумағалейкум, қадірменді ақсақал!*

*Сіз 1984 жылғы «Мәдениет және тұрмыс» журналының 2-санында елге хабарландыру-сұрау жолдаған екенсіз. Сонда бірінші жолда Құрманғалиевті іздеймін депсіз. Коңіл шіркін*

Қажығали МҰХАНБЕТҚАЛИҰЛЫ

*елең етіп, сізге осы бір қағазды жолдап отырмын. Арманда кеткен аяулы әкемді көрдіңіз бе деген үмітпен...»*

Құрманғалиев Сембай,  
Ақтөбе облысы, Грозненская көшесі, 55-үй.

*«Сәлем аға!»*

*... Сіз айтқандай батыр – менің әкем болса, арман болмас еді-ау! Не пайда, ол басқа Құрманғалиев болар деп қорқамын. Кім болса да атасы қазақ, топырағы торқа болсын да!»*

Сәлеммен С.Құрманғалиев.  
Гурьев қаласы.

*«Сәлеметсіз бе Ұлы Отан соғысының ардагері Дәржанов Ш.!» Мен Құрманғалиева Қойсын... Қайным Құрманғалиев туралы хабарыңыздың анығын білгім келеді...»*

Гурьев облысы,  
Ембі ауданы, Құлсары поселкесі.

*«Құрметті ардагер аға!»*

*...туысым Құрманғалиев 1942 жылы Отан қорғауға кетіп, сол жылы декабрь айында қара қағаз келген еді. Бірақ сол қара қағаз жазылған числомен арасында 4 күн айырма бар хат алған едім.*

*Көңіліміз әлі алаң... Майдандасыңыз сол болса, бір ауыз болса да айтсаңыз екен...»*

Қарағанды облысы,  
Қарқаралы ауданы, Первомай совхозы,  
Құрымбаев Қапият.

*«Здравствуйте, товарищ Шаймурза Даржанов! Пишем Вам из далекого города Владивостока.*

*Большое Вам спасибо, что Вы нам писали об отце Владимире Михайленко... Вот уже сорок лет не имели никаких точных данных...»*

г.Владивосток – 25,  
ул. Шкотовская 28, кв.9,  
Михайленко Вера.

*«Уважаемый Шаймурза Даржанов!*

*Наша семья очень благодарна Вам за письмо, в котором сообщили об однополчанах дорогого нам человека – отца – Сафьян Либеры Давидовича.*

*Вспоминая эти страшные годы для нас, для всей нашей родины, мы плакали и вспоминали вместе с Вами...»*

Масленникова Галина Либеровна.  
Сафьян Игорь Либерович и наша мама.  
Сафьян – Полякова Таисия Дмитриевна  
г.Саратов.

«Замандастарым! – деймін мен іштей күбірлеп. – Тағдырластарым менің! Ес біліп, етек жапқалы: әке, аға, бауырларыңды іздеумен қаншама зарыға күтіндер, сендер! Соғыс кезінде хабарсыз қалғандарыңды былай қойғанда, Жеңістен кейін олардың оралмағанына қалай төздіндер... Бір хабары шығып қалар ма деп, қаншама кітап ақтардыңдар, мемуарлар оқыдыңдар... Қаншама кинолардағы оқ пен оттың арасында жүгіріп келе жатып, жалт етіп жоқ болған солдат жүзіне тесілдіңдер. Оның бәрі – кино ғой. Күні кеше «Ұлы Отан соғысының» 22 сериялы деректі фильмі шыққанда, (деректі ғой!) экран алдынан кетпей, әлдебіреуді әкеңе; әлдебіреуді ағана, бауырыңа ұқсатқаныңды да ұмыта алармысың?! Жоқ! Әсіресе біз, әкесіз өскен ұрпақ, ештеңені де ұмытқан жоқпыз. Ұмыта алмаспыз да...»

Бұл ретте, біздің сапарымыз кейде маған мәңгілік ізденіс сапарына да ұқсап кететін. Иә, «кететін». Күні кешеге дейін солай еді... олай дейтінім, үміт – шексіз, ой – тиянақсыз, дерексіз-тұғын.

Мен де әкемді өмір бойы іздегем. Бүгін ат басы бір қараға тірелген секілді. Жә, басынан бастайыншы...

Бұдан бірер жыл бұрын мен қызмет істейтін редакцияға бұрыл басты бір кісі келді. Майдан естеліктерін жазған екен. Оқып шығуымды өтінді. Оқып шықтым. Оқып шыққан жоқпын-ау, оқи бастағам... Қолжазбаның 34-бетінде ... «Үшінші күнгі да-

мылсыз ұрыс... Донның ең соңғы өткелінде өліспей беріспеуге ант еткен жолдасым Ыбраев Мұханбетқали ерлікпен қаза тауып, «Максимнің» үні өшті. Бұл тамыз айының ортасы еді. Зауал ауған шақ. Осы жолдың авторы «Максим» пулеметіне қарай еңбектеп бара жатқанда мина жарықшағы қадалып жаракат алды...» деген сөйлемдерді оқығанда, қуаныштан ба, қорқыныштан ба, жүрегім тоқтап қала жаздады.

Түн ортасы еді. Өз көзіме өзім сенбей, жолдасымды оятып, екеулеп тағы оқыдық. Жоқ, қателеспеппін. «...Донның ең соңғы өткелінде өліспей беріспеуге ант еткен жолдасым Ыбраев Мұханбетқали ерлікпен қаза тауып...».

Мұндай хабарды қырық жылдан кейін естігенде, кісінің қандай күйде болатынын тек менің тағдырластарым ғана ұға алатын шығар. Дегенмен, айта кетейін... Қазақ: «Қуанған мен қорыққан бірдей» дейді. Сол сөздің растығына сол жолы көзім жеткендей болды. Өйткені Ыбраев Мұханбетқали – менің өмір бойы дерегін іздеп келе жатқан әкем еді... Қуанышым – осы болса, «қаза тауып...» дегенді оқығандағы қорқынышымның жайын айтпасам да түсінетін шығарсыздар.

Сол бурыл басты кісі... қолжазба авторы – мынау қарсы алдымда отырған Шаймырза Дәржанов аға. Екеуіміз ақырын әңгімелесіп отырмыз.

–...Әкеңіз Байғанин ауданының Көлтабан ауыл советінен алынған; оқытушы еді, – дейді Шәкең. – Тұзтөбеде жасақталған 196-дивизияда бірге болдық. Мен – 863-полкта, ол – 884-полкта. Қайың қара жігіт еді. Кескіні... иә, өзінде бір суреті сақталыпты ғой, білетін шығарсың. («Көкемді айтпай танырмын, деп бір сәби бала жүр...» деген Сырағанның өлең жолы санамда тағы жаңғырығып өтті. Үндегенім жоқ)... Қырық екінші жылдың 11 июлінде біздің резервтегі 7-Армияны 62-Армия деп атап, 12-июльде жаңадан құрылған Сталинград майданына берді. Келесі күні Донның кең саласына суыт жөнелтілдік. Межелі жерге, Чир және Цимла дейтін өзендердің аралығына түнде келіп орналасып, таң атқанда қарасак, майданның алғы шебінде екенбіз. Бұл 17 июль еді. Күн шығар-шықпастан жау-

Шығармалары. Екінші том

мен бетпе-бет кездесіп қалдық... (Алғашқы ұрыс күні кешегідей көз алдымда... – деп, Шәкең сол бір сұрапыл шайқасты біраз әңгімеледі). Не керек, арпалыс алты күнге созылды. Ақыры, жоғарыдан келген бұйрыққа сәйкес шегініске көштік.

Сталинград шайқасы туралы талай-талай көркем кітаптар, естеліктер, салиқалы мемуарлар да жазылды. Бірақ сол шайқасқа өзі қатысқан кісінің өз аузынан естудің жөні бөлек екен. Оның үстіне, солардың ішінде өз әкең жүрсе... тіпті сұрапыл.

Шәкеңдердің, әкемдердің, олардың қандыкөйлек жолдас-тарының ерен ерлігі туралы нақты деректер іздеп, мен кейін біраз кітап ақтардым. (Сенбегенім емес, бірақ документ жүзінде айғақталғанға да не жетсін!) Сонда қарт сарбаздың сөзінен қылаудай қия басқандық көрмедім. Оқып көріңіз:

«...17 июльде немістің 6-Армиясының алдыңғы легі мен Сталинград майданының 62-ші және 64-ші Армияларының алдыңғы легі Донның кең саласында Чир және Цимла өзендерінің аралығында бетпе-бет келді...».

«Алдыңғы лектегі отрядтардың бұл ұрыстары Сталинград түбіндегі ұлы шайқастың басталуы деп есептеледі...».

«Қорғаныс ұрыстарының алғашқы күндері аса қатерлі болды. 520 км-ге созылған шепте, майдан жаудың сан жағынан басым күшіне қарсылық көрсетті; ал ол шептердің бәрі бірдей, әскермен әлі толтырылмаған еді».

«Совет жауынгерлерінің арпалысы алты күнге созылды... Алдыңғы лектегі отрядтардың жан аямай қарсылық көрсеткенінің арқасында, Сталинград майданының негізгі қорғаныс шептеріне қарай жаудың ілгерілеу қарқыны тәулігіне 12–15 км ғана болды; ал, июльдің 12-сінен 17-сіне дейін олар тәулігіне 30 км ілгерілеп келіп еді...»

(История Второй мировой войны 1939–1945 г.г. Т.У, Воениздат., М –1975, 159–160 б-б.).

– Сталинград шайқасына қатысқаны үшін, біздің 196-шы дивизия «Қызыл Тулы» деген атқа ие болды, – дейді Шәкең сөзін сабырмен жалғастырып. – Жауынгерлерінің дені – қазақ

жігіттері еді. Көбісі – сол ұрыс даласында ерлікпен қаза тапты. Көзі тірі біздің борышымыз – солардың ерлігін енді ұрпақтарына жеткізу, шырағым. Өзің секілді әкесін.. ағасын... бауырын іздеушілер, ең болмаса, бір хабарын білгісі келіп, қырық жыл бойы сарғая күтіп жүргендер қаншама. Бұл ретте, Шұбарқұдықта (Ақтөбе облысы, Темір ауданының орталығы) тұрсам да, 196-шы дивизияның Ардагерлер советінің председателі ретінде маған хат көп келеді. Соның бәріне жауап жазуым, кейбіріне сұрау салуым, архивтерді ақтаруым керек. Кісіге құйттай қуаныш сыйласам да, марқайып қалам. Қаза тапқан қарулас дос алдында бір парызымды өтегендей сезінем. Міне, өзін қарашы... соңғы келген хаттар...

Шәкең ұсынған конверттерді ашып, тағы да таныса бастадым.

*«Құрметті Ш.Дәржанов!*

*Сіз «Мәдениет және тұрмыс» журналына жазған ардагерлер ішінде, Құрмановты менің інім бе деп ойлап, хат жолдап отырмын. Өз атым – Көлдей, фамилиям – Нұрғалиева. Біз бір әкеден үшеу едік. Үлкені мен. Менен кейінгі інім Хасен Ишанғалиев қазір қайтыс болды. Ал кенже інім Хұсайын Құрманов (Ишанғалиев болуы да мүмкін) не өлісін, не тірісін біле алмай, тірі ме деп үміттенем... Егер толық білсеңіз, Хұсайын Құрмановты мына адреске хат арқылы хабарлауыңызды сұраймын. Орал облысы, Қаратөбе ауданы, Қоскөл совхозы, Көлдей Нұрғалиева», – депті.*

– Ойбай-ау, мынау менің әкемнің батальон командирі ғой! – деген сөз аузымнан еріксіз шығып кетті. Өйткені әкемнің соңғы хатындағы адресі: 196-шы атқыштар дивизиясының 884-полкі, 3-батальон 7-рота еді... Ал әлгінде сарғайған қағаздарды ақтарып отырып, Подольск қаласындағы Қорғаныс министрлігінің архивінен алынған тізімді көргенімде, осы адрестегі 3-батальон командирі лейтенант Құрманов Хұсайын Қалиұлы деп көрсетілгенін оқығанмын. Тұсында 1942 жылдың 7 августі күні хабарсыз кеткен деген белгі де бар-ды.

## Шығармалары. Екінші том

Шәкең сабырмен езу тартып қойды:

– Иә, солай болуы керек. Бірақ тағы да бір анықтап алған дұрыс деп ойлап отырмын. Ал енді мына бір хат – әлгі журналдағы сауалыма байланысты, майдандасымның өзінен келіпті. Тірі екен. Аман қалыпты! – Жүзінен қуаныш лебі есіп қоя берді. – Оқып көр.

*«.. Отанға қиын-қыстау күн туғанда күндіз-түні бірдей от кешкен қарулас сарбаз Шәке! Сіздің сұрау салып іздегеніңізге шексіз қуанып қалдым... Мен Әмірзат Көпбаев қазір өз туған жерім Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Қызылту селосы, Амангелді атындағы қой совхозының №1 бөлімшесінде Гагарин көшесі №23 үйде тұрамын...»* – делініпті.

Бұл кісінің де аты-жөні әлгі тізімде бар-ды: 884-полктің 2-батальоны, 6-ротасында политрук, тұсында – «тірі қалған» деген белгі қойылған екен. Ол тірі қалған жолдасынан хабар алған Шәкеңнің өзі бір жасап қалыпты.

Шіркін, бауырмалдық, мейірімділік, адамға деген ілтипат, адамгершілікке деген іңкәрлік... Қанша айтсаң да көнермейтін, қара жердің өзіндей ескі де мәңгі осы ұғымдар-ақ шығар-ау адамды Адам етіп тұрған! Адамшылықтан кеткендердің қанқұйлы қара ниетіне кешегі сұрапылда қарсы тұра алған, қарсы тұрып қана қоймай, күйрете соққы берген, сөйтіп Ар туын қайтадан желбіреткен де осы қасиетті ұғымдар шығар.

Шаймырза Дәржанов та жас ұрпаққа әкелерінің осы қасиетін сіңіру үшін, олардың өмір жолын, не үшін опат болғанын жар сала жариялап жүр ғой.

Сұраңыздар, көкесінен хабарсыздар!

*«Қазақ әдебиеті»,  
4 мамыр, 1984 ж.*

## АЗА ГҮЛІ

Ұлы Отан соғысы!

9 мамыр...

Жеңіс күні!

Оңаша отырып, осы бір сөздердің мағынасына тереңірек ой жіберсеңіз, мұның астарында тілмен айтып жеткізуге болмайтын жүрекжарды ұлы қуанышпен бірге – ой, Алла-ай, қаншама қасірет-қайғы жатыр... Оны, әсіресе, біз секілділер – әкелерін соғыс жұтып, тумай жатып тас жетім болған бейбақтар, – қаттырақ сезсек керек.

Содан ба екен, жыл сайын 9 мамыр күні Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің шаттығын бірге тойлау үшін қара нөпір халық жиналған парктер мен алаңдарға біз де барғанымызбен, әрі-беріден соң жүрегімізді әлдебір аза әуені тербеп, көңілімізді мұң торлай бастайды. Сондықтан да біз бүкіл әулетімізбен бұл күні Волгоградтан әкелінген киелі топыраққа тағзым етіп (бұл топырақ Алматыдағы 28 гвардияшы-панфиловшылар паркінде), Еділ бойындағы баяғы ер Мамайдың қорғанының түбінде мәңгілікке көз жұмған әкеміз Мұханбетқали мен оның туған ағасы Нұрғали Ыбырайұлдарының рухына бас иіп, аза гүлін қоямыз.

Аза гүлі! Оны Ұлы Отан соғысында шаһид болғандардың қай-қайсысына қойсаңыз да артық болмас! Өйткені олардың бәрі де нағыз қандыкөйлек жолдастар ғой! Соғыс құрбандары!.. Мұсылмандық жөнімен басына барып бата оқыр едің, сүйектері қайда қалғаны да белгісіз... Сонсоң аза гүлін қойғаннан басқа не істерсің?!

Аза гүлі демекші.., Менің бала күнімнен көкірегімде жүрген бір арман болатын. Ол – мектепте оқып жүрген кезімде естіген: «Берлинде, Бранденбург қақпасына жақын жердегі Трептов паркінде, Ұлы Отан соғысы кезінде қаза тапқан күллі Совет жауынгерлеріне арналып ескерткіш тұрғызылыпты», – деген хабардан туындаған еді. «Шіркін-ай, сол ескерткішке барып.

## Шығармалары. Екінші том

сүйегі қай жерде қалғаны белгісіз әкеміздің де үлесі бар ұлы ерлік тұғырына тағзым етіп, ең болмаса, сол кісінің рухы риза болуы үшін бір тал гүл қояр ма едім», – деп ойлаушы едім. Өмірі орындалмайтындай көрінетін арман да аяқ астынан жүзеге асатыны болады екен...

Өткен жылы Дүние жүзі жазушыларының ПЕН конгресі Германияның астанасы Берлинде өтетін болды. Жол түсіп, мамыр айының 22-сі мен 28-і аралығында сол Конгреске қатысайын...

Біздің қазақ: «Сабақты ине сәтімен...» дейді. Сол рас екен, сәті түсіп, Берлиндегі Бранденбург қақпасына жақын орналасқан Трептов паркіндегі баяғы... бала күнгі арман болған – Совет жауынгерлеріне арналған ескерткішке әдейі барып, гүл шоғын қою бақыты ақыры бұйырды-ау! Бұл – қан майданда шаһид болған күллі жауынгерлермен бірге, өз Әкеме де, оның бауырлары – осы соғыста опат болған Нұрғали мен Кенже-ғалиға да қойылған гүл шоғы еді.

Бір парыз мойнымнан түскендей болды!

Бірақ... осы жолы мен тағы бір парызды мойныма іліп қайттым. Ол – осы парктегі тас тұғырларға аты-жөні мәңгілікке қашалып жазылған ерлердің арасындағы өз қандастарымыздың аты-жөні туралы ағайынға айтып келу, сұрау салу, көзбен көргенімді ел-жұртқа құлағдар ету еді.

...Саябақта отыз шақты тас тұғыр бар екен. Әрқайсысында 20–30 кісінің аты-жөні жазулы. Бұлар Ұлы Отан соғысының соңғы құрбандары... Жеңіс таңы атқалы тұрғанда, тыныш-бейбіт өмірдің бесігін енді тербеткелі тұрғандарында қыршын кеткен боздақтар. 1945 жылғы көкек айының 30-ы күні біздің әскерлер Рейхстагты алды. Мамырдың 2-сі күні Берлин гарнизонының қалдықтары тізе бүкті. 8 мамырда фашистік Германияның әскер басшылары біржола тізе бұгу туралы актіге қол қойды. Ал мына тас тұғырларда аты-жөні жазылғандардың кейбіреуі сол көкектің 30-нда, мамырдың 2-сінде, тіпті 7-мамырда қаза тапқанын оқығанында, көзіне еріксіз жас үйіріліп, алқымына тас тығылғандай болады.

Әскери деректерге қарасаңыз, Берлин операциясының барысында – біздің Армия, бір айтуда 304 мыңнан астам адамнан; енді біреулердің жазуына қарағанда, жарты миллионға жуық адамынан айрылыпты. Әрине, жарты миллионға жуық адамның аты-жөнін тасқа қашап шығу мүмкін емес шығар... Әйтсе де, бәрі бірдей Советтер Одағының Батыры атағын алмаған адамдар болса да, әлгі тас тұғырларға мың қаралы адамның аты-жөні қашалған. Сонда бұлар қандай ерлік жасаған, қай жерде жасаған, қандай әскери құраманың сапында болған? – сірә, оның да бәрін тәптіштеп жазуды қажет етпеген секілді. Бірақ біз аты-жөнін өмірі естімеген ерлердің өмір дерегі тұр мұнда.

Солардың ішінде біздің қазақтың да алдаспан азаматтары бар секілді. («Бар секілді» деп отырғаным – ешқайсысының ұлты жазылмаған). Қазақ аты-жөніне ұқсайтын талай жазуды оқығанмен, олардың кейбіреуі бәлкім бізге туысқан түркі тектес халықтардың өкілі шығар деп, жете көз жеткізе алмадық. Бірақ мына бір үш азаматтың аты-жөніне күдік бола қоймас деп, осы үш жауынгерді білетін, танитын, тым болмаса естіген кім бар екен? – деп еріксіз сауал салғалы отырмын.

*1.Қарынбаев С. – гвардияның аға сержанты (1917–30.04.1945).*

*2.Құдайбергенов (Атының бас әрпі де жоқ) – артиллерист (1919-1945).*

*3.Наурызбаев И.Б. – жаяу әскер (1925–1945).*

Көріп отырсыздар, жиырмаға толар-толмастан, кейбірі отызға да жетпестен опат болыпты. Өздері дүниеден өтіп кеткенмен, сол сұрапыл соғыс жылдарында шейіт болған жиырма миллионнан астам Совет жауынгерлерінің ішінен, ресми атақтары болмаса да, аты-жөндеріне тасқа қашалу абыройы бұйырған бұл жарықтықтар кімдер екен? Ағайын-туыстары бар ма екен, біле ме екен?! Таныс-білістерінен тірі жүргендер бар ма қазір? Бар болса, осы кісілер туралы бір-екі ауыз лебіз білдірсе, орынды болар еді. Соғыс біткен соң, Германияда комендант болған

Шығармалары. Екінші том

Қалмұқан Исабаев ағамыз секілді, естіген-білгенін қағазға түртіп жүретін жайсаң ағалар тіл қатсаңыздар екен!

Ол – біздің есімізде жоқ ерлерге деген құрметіміз, солардың тас тұғырына қойған аза гүліміз болар еді.

*«Қазақ әдебиеті»,  
№19, 11.05.2007 жс.*

## **ЖҮЙЕСІЗ СӨЗ ЖҮЙКЕГЕ ТИЕДІ**

Атамыз қазақ: «Дос көңілі бір атым насыбайдан қалады» – дейді; ал енді «сүйектен өтеді...» делінетін сөзбен кісінің көңілін қалдыру, жанына жара салу – ешқашан естен кетпейтін, кешірілмес күнәлардың бірі болса керек. Сондықтан да халқымыз: «Андамай сөйлеген – ауырмай өледі», «Басқа пәле – тілден», «Ойнап айтсаң да – ойлап айт», – деген қанатты сөздер қалдырған. Ол сөздердің мән-мағынасы актуальдылығын әлі күнге жойған жоқ. Кім-кім де, не айтса да жақсы ниетпен, ізгі тілекпен; адамға, қауымдастарымызға пайдасы тиетін; жұртты атыстыратын емес, табыстыратын, ортақ мақсатқа жұмылдыратын сөз айтса екен деп тілейтініміз де осыдан.

Жақында «Өркен» газетінің бетінен (№11, 19 наурыз, 1994 ж.) оқыған кісінің көңілін қалдырарлық осындай бір ағат айтылған сөзді көріп, ескі жарамның аузы ашылып кеткендей, (неғылған «ескі жара» екенін кейінірек айтармын!) жаным жаман удай ашығаны...

Бұл газет өзінің осы санындағы 3-бетте берілген «Газет тілі – халық тілі... емес пе?» – деген хабарында, нендей ой айтылғанын білдіріп, оқырмандарын қызықтыру үшін, *негізгі ойды ойып алып:*

*«Газет тілі – халық тілі... емес пе? «Қазақ әдебиеті» мен «Ана тілінде» қалыптасқан әдеби тілді қалай болса солай қолдану үрдісі бар»,* – деп бірінші бетке айқайлатып беріпті. Осы сөйлемді оқығанда, шынымды айтайын, өзім жақсы көретін екі бірдей басылымның мұнысына – «әдеби тілді қалай болса со-

лай» қолдануды қалайша үрдіске айналдырғандарына «қарным ашып», әлгі хабардың толық текстін оқып шыққанша байыз таба алмадым. Сөйтсем... бұл – «Газет тілі деген шартты атаумен өткізілген бір алқалы мәжілісте қазіргі қазақ баспасөзінің жай-күйі, оның тілі туралы жалпы әңгіме қозғай келіп, баяндамашы Ғ.Қабышев айтқан:

– «Басқа басылымдарды айтпағанда, «Қазақ әдебиеті» мен «Ана тілінің» өзінде қалыптасқан әдеби тілді қалай болса солай қолдану үрдісі бар...» – деген сөз екен. Уф! – деп демімді бір-ақ алдым.

Ағайындар-ау, «Басқа басылымдарды айтпағанда...» әлгі екі басылымның «өзінде» де әдеби тілді қалай болса солай қолдану үрдісі бар деген сөз – бұл «үрдіс» тек осы басылымдарда ғана бар деген сөз емес қой! Ойдың өңін осынша теріс айналдыруға бола ма екен!? Қайта, баяндамашы қазіргі баспасөзіміз беттерінде әдеби тіл нормасын бұзып, сөзді қалай болса солай қолдану етек алып бара жатқанын айта келіп, мұндай жағдай «басқа басылымдарды айтпағанда» әлгі екі басылымның «өзінде» де орын алып отырғанын әңгімелеп отырған жоқ па?! Ал бұл екі пікірдің арасы – аспан пен жердей алшақ екенін «Өркен» қызметкерлері ұқпай отыр ма, әлде білсе де білмеген болып, әдейі істеп отыр ма?! Бұлайша абыройлы басылымдардың жағасына жармасып, арзан абырой-атақ жинаумен ешкім де алысқа ұзамасы анық. Тек... әріптестерінің (және әріптес болғанда – қалам қуатының күшін халқы таныған, өздерінен әлдеқайда тәжірибелі де, танымал әріптестерінің) көңіліне қаяу түсіргеннен басқа не таппақ бұлар сонда?

«Көңілге қаяу түсіру» дегеннен шығады... Осындай ағат айтылған бір ауыз сөзден он алты жылдай «ауырып», өткен жылы жазылғандай болған жайым бар еді (бірақ ол туралы еш жерге жазғаным да жоқ, ешкімге айтқан да жоқ едім), мынау сол ескі жараның аузын тырнап ашып кеткендей ұзақ сыздатқаны... Сөйтсем, «Айтылмай қалған сөз – жетім» екені де, «айтпаса – сөздің атасы өлетіні де» рас екен.

...Бұдан 17 жылдай бұрын, дәлірек айтсам, 1977 жылдың

9 қыркүйегінде «Қазақ әдебиеті» газетінің бетінде филология ғылымдарының докторы Әсет Болғанбаев дейтіннің «Әр сөздің өз орны бар» деген заметкасы жарық көрді. Ғалым өзінің бұл материалында әй жоқ, шәй жоқ: «Қалың мал» атты повесте («Жұлдыз» №4, түрікмен тілінен аударған Қажығали Мұханбетқалиев): «Нартачтың аузына ақ ит кіріп, көк ит шығып жатыр» (113 және 128-беттер) деп аударыпты. Жалпы бұл «аузына ақ ит кіріп, қара ит шықты» болып айтылушы еді», – деп үзілді-кесілді пікір білдіріпті.

Жарайды, әркімнің де өз пікірін айтуға еркі бар ғой, айта берсін! Оған апшып қайтейін... Менің жаныма батқаны: «... ит біткеннің бәрі бір емес пе? Оның қарасы не, көгі не деп те қарадық», – деп кекете келіп: «Аузына сары ит кіріп, сұр ит шықты» деп те айтуға болатын шығар деп байқасақ, қайдағы бір мағынасыздық болып шықты» – деп шенегені; ақырында: «... тілдегі «өзгеріс» атаулыға абай болайық та, тілді шұбарлауға жол бермейік» дегені болды. (Аржағы тұрақты сөз тіркестері, фразеологизмдер туралы теориялық пайымдауларға ұласқан; қажет кезінде оған да тоқталармыз).

Сонда, әлгі бір «аузына ақ ит кіріп, көк ит шықты» деген сөз үшін, мен «өзгеріс» енгізуге құмар, «тіл шұбарлаушы» болып шығыппын да, Әсет Болғанбаев қазақ тілінің білгірі; «тіл шұбарлаушы» Қажығали Мұханбетқалиевпен күресуші болып шығыпты. Бұл енді көз көрекі әділетсіздік еді. Өйткені «аузына ақ ит кіріп, көк ит шықты» да, «аузына ақ ит кіріп, қара ит шықты» да ешқандай «тіл шұбарлау» емес («тіл шұбарлау» мүлде басқа мағынада!), бұлар бір сөз тіркесінің екі варианты ғана екені мектеп оқушысына да аян-тұғын. Соны біле тұра, автордың реплика жасауы; репликаның орынсыз екенін көребіле тұра, газет редакторының нөмірге жіберуі және басқа газет емес, сөз біледі деген жазушылар газетінің бетіне басылуы – қаламгер ретінде сол тұста ел-жұртқа есімім енді-енді таныла бастаған мен үшін өте ауыр болды.

Бірақ есімді тез жиып алдым. Сол жылдың бас кезінде жарық көрген «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінен»

бастап, қазақтың сөз біледі деген қаламгерлерін (әрине, классиктерімізді қоса!) түгел ақтарып, әлгі сөз тіркесінің екі варианты да қолданылатынына жеткілікті мысалдарды көзінен тізіп, Бас редакторға келсем, «Дұрыс!» дейді. «Менікі дұрыс болса, оқырман қауымда мен туралы басқаша пікір туып қалмауы үшін, қаламгерлік атыма айтылған сынның орынсыз болғанынан хабардар етіп, кішкене болса да түсініктеме беріңіздер. Әрі автор кешірім сұрасын!» – демеймін бе?» – «Құрысыншы, соны қайтесің енді... дайындаған қызметкерімізге ескерту жасармыз!» – деп бас редактор қар-р-а-ап отыр.

Құрысыншы, есіме түссе сол жара күні кешеге дейін сыздап қоя беретін. Сөйтіп жүргенде, былтыр көкек айында, арада 16 жыл өткенде «Қазақ әдебиетінің» 16 көкектегі №16 санында, баяғы Болғанбаевымның (бұл кезде ол – «Болғанбайұлы» болыпты; өзі Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты да атанған) «Сөзсандық» деген айдармен «Тіліміздегі ала-құлалықтар» атты мақаласы алдымнан шыға келсін! Оқыдым да, өз көзіме өзім сенбей біраз отырдым. «Осыны жазған, шынымен, баяғы Болғанбаев па, әлде басқа біреу ме?!» – Сол дейін десем, баяғы Болғанбаев «Әр сөздің өз орны бар» атты заметкасында: *«Тұрақты сөз тіркестері құрамы жағынан тұрақты боп келеді де, қалыптасқан дағдылы қалпын бүтіндей сақтап тұрады. Тіркескен сөздердің бірде-біреуін ешбір сөзбен алмастыруға, я болмаса өзгертуге келмейді. Сондықтан да мұндай тіркестерді тіл білімінде... фразеологиялық оралым деп атайды. Мұндай тіркесті сөздер... әрдайым өзгеріссіз қолданылады... тек осы күйінде ғана бұлжытпай қолдану шарт. Олай болса, тілдегі «өзгеріс» атаулыға абай болайық та, тілді шұбарлауға жол бермейік»* – деп ұрандаған сияқты еді.

Ал мынау Ә.Болғанбайұлы «Тіліміздегі ала-құлалықтар» дейтін мақаласында: *«Тіліміздегі мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер арасындағы алалықтар, варианттар біршама бар екендігін жоққа шығаруға болмайды. Мысалы, «Аузынан ақ ит кіріп, қара ит шықты немесе көк ит шықты». «Жылқының жылқысы бар, қазанаты бір бөлек, жігіттің жігіті бар, азаматы*

бір бөлек немесе бір басқа» деп айтады... Мұндағы айтылмақ ой – біреу. Мақсат – ортақ. Бірақ өзара салыстырсақ, бірінен-бірі басым түсіп тұрады... – деп, төрт аяғы тең жорғалық танытады. Ау, сонда баяғы: «... ит біткеннің бәрі бір емес пе?.. «Аузына сары ит кіріп, сұр ит шықты» деп те айтуға болатын шығар деп байқасақ... мағынасыздық болып шықты... – деп кекететін Ә.Болғанбаев қайда кеткен? Тіркескен сөздердің бірде-біреуін ешбір сөзбен алмастыруға, я болмаса өзгертуге келмейді... тілдегі «өзгеріс» атаулыға абай болайық та, тілді шұбарлауға жол бермейік», – деп жұртқа ұран тастағаны қайда? Енді келіп: «...Демек, тілде абсолют синонимдердің болмайтындығы тәрізді, абсолют (тепе-тең) фразеологизмдер де кездеспейді деп білу керек. Бұларға тосқауыл қоюға болмайды. Сөздіктерге алдымен дұрысын (?) (әдебиетін – ?), соңынан қосалқы вариантын көрсету керек», – деп сайрап отыр.

Сонда осынау бір қарапайым шындықты ұғу үшін, филология ғылымдарының докторына бақандай он алты жыл керек болғаны ма?! (Иә... ғылым деген де – «инемен құдық қазғандай») екені рас-ақ шығар!.. Біз өзіміз ғалым болмаған соң қайдан білейік, қарапайым мысалдарға қарап отырып ондай-ондай ақиқатты екі күннің бірінде аңдамай айта беретін болармыз-ау, сірә...).

Сөз арасында айта кетейік, автордың: «Тіл білмейтін шала қазақтар түгілі, ана тіліне жетікпіз дегендердің өздері дау шығармайтын жерден дау шығарып, бір-бірімізді түсінісе алмайтын халге жеткенімізді аңғарамыз»... – деген пікірімен де келіспеу мүмкін емес. Тек... «дау шығармайтын жерден дау шығарып» отырған кім өзі? – Міне, осыны автордың мойындай кеткені; тіпті қажет деп санаса, бір кезде өзі білместікпен бе, әлде біреулердің айдап салуымен бе, әйтеуір көңілге кірбің түсіріп, ренжіткен адамдарынан кеш те болса кешірім сұрай салғаны артық болмас еді.

«Тілдегі ала-құлалықтарды» оқып шыққан соң осындай ойға кеп тірелген мен, есіме түссе сыздап қоя беретін баяғы жарадан он алты жылдан соң айыға бастап, ақыры ұмытып кет-

кендей болып едім. Әлгі «Өркендегі» бір ауыз ағат айтылған сөз – сол ұмытылып кеткен жайды қайта еске салып, көңілді қозғап жібергені...

*«Түркістан» газеті,  
12.04.1994 ж.*

## **ҚҰДАЙДАН ҚОРЫҚПАЙ, АДАМДАРДАН ҰЯЛМАЙ...**

Бұл не деген заман болды?! Құдайдан қорықпай, адамдардан ұялмай, біздің қазақта өз халқын өзі жамандайтын, өз ұлтын өзі кемсітетін, «қағынан жеріген құлан» секілді нигилистер көбейіп барады. Ондайлар аяқтары аспаннан салбырап өздері түсе қалғандай, қазақ деген халқының сан ғасырлық тарихы бар ел екендігін де; сол елдік жолында сандаған ата-бабаларының құрбан болғандығын да білмейді, яки білгісі де келмейді. Ең жаманы – заманнан заман озып, дүние де, қоғам да өзгеріп жатқанына қарамастан, ондайлар әртүрлі ұрпақтардың буынында да бар болып шығып отыр...

Жақында, «Время» газетінің 26-көкектегі санында, өзін саясаттанушы деп есептейтін, кейінгі буын өкілі Данияр Әшімбаев дейтін жігіттің «Казахи за независимость не боролись» деген сұхбаты шықса, одан жиырма шақты күн бұрын (дәлірек айтқанда, биылғы көкек айының 6-сы күні) Оралда, орыс тілінде шығатын «Пульс города» апталығының қосымшасында, аға буын өкілі Нәжімеден Есқалиевтің «С историей надо быть честными» дейтін сұхбаты жарық көрді. (Бұл – жай қосымша емес, кәдімгі Орал қалалық «Пульс города» газетінің ішіндегі «Вестник Уральского городского маслихата» дейтін ресми қосымша!)

Сонымен... «Орал қалалық мәслихатының Хабаршысы» не дейді?!

Әлгі Д.Әшімбаев дейтін қандасымыз: – «Қазақтар тәуелсіздік үшін күрескен емес» десе, бала емес, шаға емес, өмірдің біраз ыстық-суығын көрген, кезінде ел билеген, жұртқа ақыл айтқан аға буын өкілі Нәжімеден Есқалиев мырза тіпті одан да асырып

жіберіпті: – «Революцияға дейін қазақ дейтін ұлт тіпті болған емес! – дейді ол нығыртып. – Патша тұсында бізді «қырғыздар» немесе «қырғыз-қайсақтар» деп атады». (Орысшасында: «До революции не было такой национальности – казахи. При царе нас называли киргизами или киргиз-кайсаками» делінген).

Мұнымен тынбай, газет тілшісіне:

– Менің үйімнің ауласында тұрған Лениннің бюсті есінде ме?! – дейді әлдеқандай бір мақтанышпен. – Бір кәсіпорынның қоймасында шаң басып жатқан жерінен оны маған балаларым әкеліп берген».

– Есімде болмай ше?!

– Онда не деп жазып қойғанымды білемісің?

– «Қазақ, есінде болсын, Ленин болмаса, сенің ұлтың да, мемлекетің де болмас еді», – деп жазғансыз.

– «Міне, тарихи факт осы! – дейді, 1986–91 ж. Орал обкомының бірінші секретары; 1992–93 ж. Орал облысының әкімі; 1993–94 ж. Көкшетау облысының әкімі; 1994–99 ж. Қазақстанның Өзбекстандағы, Украинадағы елшісі; ал 1999 жылдан ТМД елдері атқару комитетіндегі Қазақстанның уәкілі болған дардай кісі!!!

«Жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты»... Ал бұған не деуге болады?!

Ештеңе де!!!

Есқалиевше айтқанда, «революцияға дейін мүлде болмаған қазақ дейтін ұлттың» Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін бір түнде пайда бола қалмағанын; жалпы, ұлт дегеннің пайда болуы; қаз тұрып, қалыптасуы; өсіп-өркендеуі ғасырларға созылатын ұзақ тарихи процестердің нәтижесі екенін; ол тіпті Есқалиевтің «Ленин» дейтін шексіз билікке ие әлгі көсемінің қол қойған декретімен де орнай қалмайтынын; ал жат жұрттар таңған этноним ешбір халықтың нақты атауы бола алмайтынын, т.с.с. ежіктеп, Есқалиевке де, одан өзгелерге де түсіндіріп жатудың түкке қажеті жоқ! Ондайға сөз шығындаудың өзі артық нәрсе! Ал ғылым алды былай тұрсын, тіпті аз-маз сауаты бар жұрттың алдында ол туралы айтып жатудың өзі ұят! Бірақ қайтерсің...

Әрине, түсінігі осындай болған соң, «қазақ деген ұлт революцияға дейін болған емес!» деп отырған кісіге, ол халықтың тарихы да, тарихи тұлғалары да неменеге керек?! Керек емес, әрине! Сондықтан халық тарихындағы айтулы тұлғаларға тіл тигізу, ғайбаттау – мұндай адам үшін түкке тұрмайды. (Өз аузымен айтқан сөзін естігіңіз келе ме?! Тынданыз:

– «На месте памятника Ленину установили памятник Сырымму Датову, и даже площадь получила его имя. Честно говоря, выбор этот не совсем понятен... – деп мәймөңкелеп келеді де: – Сырым был... предводителем антиханского движения (???); в борьбе за власть над казаками (???) изгнал хана Нуралы, убил хана Есима, народ предал его анафеме (???)» – деп, газет тілшісінің алдында сайра-а-ап отыр.

Мұнан соң, оның:

– «Установка на центральной площади Уральска памятника человеку, которого народ изгнал (???), выглядит несколько странно. Исторический абсурд»...– дегеніне таңданудың тіпті жөні жоқ! (Мен Есқалиевтің сөзін қазақша келтіруге орышам жетпей отырғандықтан емес, ертен: «Мен олай деген жоқпын, былай деп едім» деп бас тартпасы үшін, әрі сөз саптасынан көкірегіндегі ойы анық сезіліп тұрсын деп, әдейі түпнұсқа күйінде беріп отырмын. – Қ.М.)

Иә-ә, «естімеген – елде көп» деген, тегі, рас сөз! Шыбын жанын шүберекке түйіп, патша үкіметінің отарлау саясатына қарсы он төрт жылдай талмастан күрескен арысымыздың қадір-қасиетін халқына қалай жеткіземіз деп аласұрып жүрсек, сол отаршылдардың сойылын соққан хан Нұралымен де, оның төңірегіндегі жандайшаптармен де ымырасыз күрескен батырды «Ол – халық лағнет айтқан адам» («Народ предал его анафеме») деуге, Есқалиев мырзаның аузы қисайып кетпей, қалай барғанына таңғалмасқа әддің жоқ!

Қашанда, «жақсының артынан сөз ереді»... дейді халық. Сырым туралы да жақсылы-жаманды сөз, әрине, бұрындары да талай айтылған. Достары да айтқан оны, дұшпандары да айтқан. Алайда оның өмірі мен қоғамдық қызметі туралы егжей-

тегжейлі зерттеулер жасап, терең ғылыми еңбек жазған, сол үшін Кеңес өкіметінің қылышынан қан тамып тұрған кезінің өзінде І дәрежелі Сталиндік сыйлық алған М.Вяткинді; 1924 жылы «Советская киргизия» журналының 10-санында «Батыр Сырым Датов» деген зерттеу мақала жазған А.Рязановты; Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында «XVII–XVIII ғ.ғ. Қазақстандағы феодалдық қатынастардың тарихына» деген еңбегінде Сырым қозғалысын да сөз еткен А.Чулошников секілді ғалымдарды былай қойғанда, патша өкіметінің өзінің шенеуніктері мен ғалымдары: А.Левшин, М.Красовский, Л.Мейер, берегіректе жанама сөз еткен Ф.Лобысевич, А.Добросмыслов, М.Терентьевтердің бірде-бірі ол туралы дәл мұндай қиянат та, ғайбат сөз айтып көрген жоқ еді. Осындай сөзді ол – әрі батыр, әрі би Сырым міне, бірінші рет өз қандасының аузынан естіп отыр...

«Сөз – сөзден туады; сөйлемесе қайдан туады?!» деген. Осы ретте, менің есіме қазір екі түрлі әңгіме еріксіз түсіп отыр.

Біріншісі, дәл осындай жағдайды көзі тірісінде басынан кешкен ұлт көсемі, қайран Ахаң (Ахмет Байтұрсынов) күйіне отырып, өзінің «Көк есектерге» деген өлеңінде ашына жазғаны.

*«Не жазып ем, Құдай-ау, мен қазаққа,  
Мұншама гып салғандай бұл азапқа?!  
Адамшылық есебіне кірісіп,  
Қолы жетсін дегенім бе азатқа?»*

*...Қинамайды абақтыға жапқаны,  
Қиын емес дарға асқаны, атқаны!  
Маған ауыр осылардың бәрінен*

*Өз аулымның иттері үріп, қапқаны!»* – деп, өзегі өргене өкініп еді.

(А.Байтұрсынов, Көк есектерге,  
Ақ жол, Алматы. – «Жалын», 1991 ж.71-б.).

Екіншісі, жас кезінде кеңестік идеологияға шәксіз сеніп, «уақыттың көленкесі» боп жүрген кезінде, тау халықтарының азаттық жолындағы күресінін көсемі – имам Шәмілді жамандап

өлең жазамын деп өмір бойы елінен, жерінен, туған халқынан кешірім сұрап, өкінумен өткен Расул Ғамзатовтың «Менің Дағыстаным» атты кітабындағы естелігі мен өлеңі-тұғын. «Менің баяғыдағы сол бір ескі өлеңім үшін дағыстандықтар қатемді кешірді ме екен; бәрінен бұрын Шәмілдің аруағы кешті ме, кешпеді ме – білмеймін; бірақ ол ісімді мен өзіме-өзім ешқашан кешірмеймін!» – деген Расул, осы ар азабынан қиналып жүрген күндерінің бірінде түс көріпті. Түсінде Шәміл айтты дейді:

*«... в боях и в пожарищах дымных  
Много крови я пролил, и мук перенес.  
Девятнадцать пылающих ран нанесли мне.  
Ты нанес мне двадцатую, молокосос!»*

(Р.Ғамзатов., «Мой Дагестан», Изд. «Молодая гвардия», 1968., 90–91-б.)».

Иә, «Табалдырықтан асқан тау жоқ, жаман ағайыннан асқан жау жоқ!» – деп жарықтық біздің Сырым батырдың өзі де шегелеп-ақ айтып кетіп еді. Дұшпан салған жарадан, жақының салған жара – жүз есе ауырырақ та ащырақ болатынын, ағайын ұмытпаса екен!!!

**P.S.** 1992 жылдың ақпан айында, мен «Егемен Қазақстан» газетіне «Сырым Датұлы» атты үлкен мақала жазып, кейін Үкіметіміз қаулы шығарып, батырдың 250 жылдық мерейтойы республика көлемінде тойланып еді. Той батырдың туған жері – Жайық бойында да тойланған. Сонда «Зенит» зауытының Мәдениет Сарайында өткен үлкен жиында: «– Қазақ халқының даңқты ұлы, қол бастаған көсем, сөз бастаған шешен Сырым Датұлының 250 жылдық мерейтойына арналған Салтанатты жиынды ашық деп жариялаймын!» деп, кіріспе сөзді бастаған – сол кездегі Батыс Қазақстан облысының әкімі, осы Нәжімеден Есқалиев еді. Президиумда, қасындағы орыннан тұрып барып, Салтанатты жиында баяндама жасаған мен, облыс әкімінің әлгі сөздерін өз құлағыммен естігенмін. Келесі күндері облыстық газетте де хабарланған. (Орал өңірі, №168, 7.10.1992. «Сырым тойы басталды».)

## Шығармалары. Екінші том

Арада 20 жыл өткенде, осынша айнитындай не күн туды? Нәжімеден Ықсанұлының сондағы лебізіне сенеміз бе, әлде мына сөзіне сенеміз бе?! Кісі ел басқарып тұрса ғана, халықтың арыстарын аспанға көтереді де, қызметтен түсіп қалса, «күл болмаса, бұл болсын!» дей ме?! Қайтеді? Не дейді?!

Біресе олай, біресе бұлай... екі сөйлеген кісіні ел не деп айыптайтынын, мен есіне салмасам да, есі бар адамның өзі-ақ білер деп ойлаймын. Асылы, әркім бетіне келер ұятты өзі біліп жуса игі ғой...

*«Жас Алаш»,  
№43, 31 мамыр, 2012 ж.*



## МАЗМҰНЫ

### I бөлім

#### Әдебиет, әдебиет...

Шағын жанрдың шалқар көкжиегі.....	5
Егер мен сыншы болсам... ..	12
Қарапайымдылық – қарадүрсіндік емес .....	17
Ортаға салар ойлар бар .....	31
Баяндамалар туралы сөз де – әдебиет туралы сөз болмақ.....	36
А.С.Пушкин прозасының аудармасы хақында.....	42
Не жазсақ та, біліп жазайық, ағайын .....	46
Не жазсақ та, біліп жазайық, ағайын (2 мақала) .....	53
Жақсы өлең өзі-ақ сөйлеп тұрады .....	59
Айтулы биік көксеңгір .....	66
Көш бағытын түзеді .....	77
Әлдеқашан айтылатын сөз еді .....	90
Намысқа жігер жанылса.....	100
Адамзат, қайда барасың?! .....	105
«Қыпшақ аруы» оятқан ой .....	109
Тегеурінді талант.....	115
Тасқа түскен таңба .....	119
М.Сүндетов повестері мен әңгімелерінің қайта басылымы тура- лы бірер сөз .....	122

Шығармалары. Екінші том	
Әдептен озбау – әділеттен аттап кетпеу .....	130
Мұны қалай түсінеміз?.....	136
Дүние дүбірі – жазушылар жүрегінде .....	139
Өкінішті өмір, өксікті өлім .....	153
Қайсар азаматтың қайғылы тағдыры .....	155
Өмір шындығы – көркем шындыққа айналса... .....	157

## II бөлім

### Сұхбат кезінде айтылған сырлар

Адамдарға рухани қызмет ету – басты мұрат .....	167
Туралық туы жығылмасын.....	172
Біздің заманның қаһармандары .....	181
Өзін-өзі жарнамалағандарды несіне кінәлаймыз?! .....	183
Жазушы қоғамда болып жатқан өзгерістерге жедел үн қосуы – міндетті емес.....	186
Заманға лайық тірлік қажет.....	198
«Парасат» журналының сауалдарына жауап.....	201
«Әдебиет айдыны» газетінің сауалдарына жауап.....	204
Мен 18 ғасырда, Сырым заманында жүрмін... .....	208
Сырым – бір облыстың батыры емес, иісі қазаққа ортақ тұлға.....	217

## III бөлім

### Ізденіс іздері

Қазақтың Бұрындық ханы қайда жерленген?.....	225
Тағы да Есентемір Бөкен би туралы бірер сөз .....	235

Лебізі балдай татымды

<i>(Ақын Қожасхмет Меңдіәліұлы туралы)</i> .....	245
Қателік кеш те болса түзетілуі тиіс .....	250
Сырым Датұлы .....	255
Азаттық туын алғаш көтерген .....	271
Семсерін сертке сермеген Сырым.....	288
Жұмбағы көп өлім (Сырымның ғұмырнамасы) .....	296
Ән кейіпкері Ақиіс – Сырым батырдың келіні .....	309
Армысың, ер қанаты .....	317
Қазақтың «Аламан бәйгесі» әлемдік ат спортының асқарына шықса .....	334

#### IV бөлім

#### Уақытқа үн қосқанда

Ертең кеш болуы мүмкін .....	339
«Қанына тартпағанның қары сынсын» – осы ма?! .....	341
Қырым кімдікі өзі?.....	346
Осыған да Американың ақылы керек пе?! .....	349
АҚШ конгресінің сенаты Ресей өктемдігіне қарсы.....	350
Егемендік – елдіктің кепілі .....	352
Астанада баспана жайы қалай?! .....	356
Сайлау аяқталды-ау, ал... ..	360
Кісілік пен кішілік... ..	365
Азамат.. ..	367

**V бөлім**

**Жанымның жарасы**

Көрдің бе, оның көкесін?! .....	373
Аза гүлі .....	380
Жүйесіз сөз жүйкеге тиеді.. .....	383
Құдайдан қорықпай, адамдардан ұялмай!.....	388

*Қосымшалар үшін*

«Қазақ энциклопедиясы»  
ЖШС-нің директоры  
Ж.Н.Тойбаева

**ҚАЖЫҒАЛИ  
МҰХАНБЕТҚАЛИҰЛЫ**

**Шығармалары**

**Екінші том**

Редакторы Н.К.Мауытов  
Корректоры Ғ.Керей  
Дизайнері Қ.Мұбарак  
Тех. редакторы П.Жұматаева

Басуға 11.08.2015 ж. қол қойылды.  
Пішімі 60x90 <sup>1</sup>/<sub>16</sub>. Офсеттік баспа. Шартты б.т. 25,0.  
Таралымы 2000+100 дана. Тапсырыс № 775.

«Қазақ энциклопедиясы» ЖШС  
Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.

ISBN 978-601-7472-85-6



9 786017 472856

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы  
«Полиграфкомбинат» ЖШС-інде басылды.  
050002, Алматы қаласы, М.Мақатаев көшесі, 41.



